ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

Ш. МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Аса көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Turk Dil Korumi» қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы

8 қараша, 2024 ж.

Материалы международной научно-теоретической конференции «Казахский литературный язык и кодификация норм: теория и практика», посвященной 100-летию выдающегося ученого, академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора, члена-корреспондента общества «Turk Dil Korumu», заслуженного деятеля науки Казахстана, лауреата Государственной премии Республики Казахстан и премии имени Шокана Уалиханова Рабиги Сыздык

8 ноября, 2024 г.

Materials of the International Scientific and Theoretical Conference “The Kazakh Literary Language and the Codification of Norms: Theory and Practice” dedicated to the 100th anniversary of the eminent scholar, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the "Turk Dil Korumu" Society, Honored Scientist of Kazakhstan, and laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan and the Shokan Ualikhanov Award, Rabiga Syzdyk.

8 november, 2024 y.

Алматы, 2024

ӘОЖ 811. 512. 122
КБЖ 81. 2Қаз-3
Қ 17

Жалпы редакциясын басқарған:
филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Түймебаев,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор М. Сарыбеков

Жауапты редакторлар:
филология ғылымдарының кандидаты Ә. Әміров
филология ғылымдарының докторы О. Жұбай

Жауапты шығарушылар:
А. Кембаева, А. Ақжігітова

Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы. – Алматы, 2024. - 322 б.

ISBN 978-601-224-533-2

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сәтқалиқызы Сыздықтың 100 жылдығына орай өткізілген «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы еніп отыр.

Кітап тіл білімімен айналысып жүрген тіл мамандарына, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 811. 512. 122
КБЖ 81. 2Қаз-3

ISBN 978-601-224-533-2 © ХТИИ баспаханасы

ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒА

Тәуелсіз кездегі ахметтанудың негізін қалыптастырған – академик Рабиға Сыздық

Ісімақова А.
Назарбаев университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

1988 жылдың қарашасында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш саяси элитасы ақталды. Ел жаппай қуанғанымен, қолымызда алаш арыстарының шығармашылық мұрасы жоқ еді. Көп ұзамай 1989 қаңтарында Рабиға Сыздықтың «Ахмет Байтұрсынов» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл кезде доктор Сәрсенбі Дәуіт бастаған жас ғалымдарды Әдебиет және өнер институты Мәскеуге жіберген еді. Ш. Сәтбаева бастаған бөлім Ахмет Байтұрсынұлының бір томдық еңбегін төте жазудан қазіргі емлеге енді ғана түсіріп жатқан еді. Қолымызға тиген Р. Сыздықтың кітапшасынан А. Байтұрсынұлы туралы тұңғыш рет мағлұмат алған едік. 1989 жылдың күзінде шыққан А. Байтұрсынұлының тұңғыш бір томдық шығармалар жинағын қолға алғанда қуанышымыз шексіз еді. Академик Р. Сыздықтың кітапшасында қазіргі ахметтанушылар ұстанатын басты қағидалар бар еді. Әдебиеттанушылар ақырын, шетін ғана көрсетіп қойған ахметтанудың негізгі ұстанымдары Р. Сыздықтың кітабында соқырға таяқ ұстатқандай анықталған болатын.

Кейін естегініміздей, Р. Сыздық совет кезінде ҚазССР ҒА жалпы жиналысында сонау 1977 жылы: «А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалаған бірегей ғалым», – деген екен. Сондықтан ғылыми орта А. Байтұрсынұлы туралы ақталған кездегі тұңғыш кітапты жазуды Р. Сыздыққа тапсырған. Дегенмен сол кезде Р. Сыздық пен Ш. Сәтбаевадан басқалар Ахаң туралы жазуға асықпады: совет заманының үрейі әлі кетпеген кез.

Р. Сыздықтың сол кітабында ұлт ұстазының өмірбаянынан бастап, алғашқы мақалалары мен баяндамаларынан бастап, бүкіл ғылыми еңбектері тұңғыш рет жүйеленіп сипатталған еді. Әліпбиден басталған ғалымның көзі тірісінде шыққан «Тіл – құралдары», «Оқу құралы» бастаған 14 тілтанулық, әдебиеттанулық еңбектері туралы тұңғыш ғылыми анықтама берілген болатын. Содан бері 35 жыл өтсе де, бұл кітапша күні бүгін қазіргі ахметтанудың негізгі тұғыры болып келеді.

Р. Сыздықтың «А. Байтұрсынұлының әр ғылыми еңбегіне берген талдауы академиялық деңгейдегі таныту» дер едім. Р. Сыздық екі айға жетер-жетпес уақытта соншама аналитика жасауға дайын болғаны күні бүгінге дейін таңғалдырады. Бұл монографияды Р. Сыздық ахметтанудың негізгі ұстанымдарын да айқындап берген. Ұлт ұстазының тілтанулық зерттеулерінің негізі, күні бүгін қандастар қолданып келе жатқан төте жазумен жасаған реформасы; түркі тілдеріне ортақ негізгі тілтанулық теория; «Ана тілі» деген пән сөзімен басталған дискурс: қазақ тіліне үйрету: әуелі тыңдалу, оқыту, жазылу: сатылы жүйені де реттеп бергені осы ретте нақтыланған. Сөз жүйесі, сөйлем жүйесі деп пән сөздерді қазақша қалыптастырып бергенін де тұңғыш рет айтқан Р. Сыздық болды. Зат есім, сын есім, етістік т. б. пән сөздерінің авторы ұлт ұстазы бір өзі екенін де осы ретте анықталған. Төте жазу қашаннан ресми орныққаны, қандастарың бұл

жазумен күні бүгін қолдануы да заманаулыған деп айқындап берген академик Р. Сыздық еді. Төте жазу негізінде ұлт ұстазы қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың санына дейін анықтағаны да осы ретте айғақталған.

Біз күні бүгін «термин» деп келе жатқан түсінікті А. Байтұрсынұлы «Пән сөзі» дегені де орынды ұтымды екенін де тұңғыш рет айтқан Р. Сыздық болды. Мәскеуден орысша оқып, еуропалық теориямен қаруланған маған бұл кітап басқаша әсер етті. Қалай осыншама тілтанулық, әдебиеттанулық теорияның, шексіз пән сөздерінің бір өзі авторы болған А. Байтұрсынұлының пән сөздерін, оның есімін айтпай пайдаланып келе жатқанымызға қайран қалдым. Р. Сыздықтың бұл кітаптағы А. Байтұрсынұлына деген ерекше ықыласы мен ғалымның совет кезі тыйым салған ғылыми дискурсын танытуға арналған құрметі ерекше еді. Мен үшін Р. Сыздықтың осы кітабы мен Ш. Сәтбаеваның бір томдыққа жазған алғы сөзі ахметтануға жол ашты. Екі ғалым да тілтану мен әдебиеттануда бұрын-соңды айтылмаған жаңалық ашты. Р. Сыздықтың Ахаң ақталған кездегі шыққан бұл кітабында қазақ тілін «ана тілі» деген ұлт ұстазының тілтанулық негізгі ұстанымдары айқындалғанымен аса құнды. Бұл кітап бізге қазіргі ахметтануға жол ашты. Байқағанымдай, Р. Сыздық Ахаңның ғылыми еңбектерімен баяғыдан таныс болғандай. Сондықтан Ахаңның тілтанулық пән сөздерін совет кезінде өзі зерттеулерінде о баста пайдаланған екен.

Абайтанушы Академик Рабиға Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» атты зерттеуінде классикалық көркем сөздің табиғаты заманауи аналитикалық деңгейде қамтылған. Зерттеуші келесі теориялық дискурста: «Абай тілін танудың қырлары, сөз – өлеңнің арқауы (образдың эстетикалық өрісі (зонасы); Етістік – көріктеу құралы), Сөз таңдау (Өлең жәнне сөз; Текст түзу; Синонимдерді таңдау; Сөз – символ); Сөз құбылту (Абай фразеологиясы. Перифраздар. Фразеологизмдерді өзгертіп қолдану); Сөз үндестіру (Дыбыстар гармониясы; Алитерация мен ассонанс; Анафора мен эпифора; Түбірлес сөздер; ішкі ұйқастар); «Қара сөздердің» тілі қалай өрілген? Абай тілінің тағылымы» атты тарауларда әдеби теориялық аналитика Ахаңша айқындаған.

Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М, Әуезов, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдоловтардың абайтанулық зерттеулерін негізге алған Р. Сыздық батырлар жырларынан бастау алатын Абайға дейінгі асыл сөз табиғатын салыстыру үшін пайдаланған. Р. Сыздық Ахаңша Абай өлеңдері мен қара сөзіндегі сөздерді тұңғыш рет әдеби-тілтанулық теориялық талдауға алған. Зерттеушінің келесі тұжырымдарының теориялық мәні ерекше болып табылады. Осы ретте де Р. Сыздықтың Ахаңның «Діндер дәуірі» қағидасымен таныс болғаны аңғарылады. «Абай мұрасы қолжазба түрінде таралып, сақталған кезде 38-сөз «Ғақлийат тасдиқат» деген атпен өзге «Сөздерден» бөлек көшіріліп келген. Мұның бір сыры болу керек. Бұл – Абай «Қара сөздерінін» ішіндегі көлемі жағынан ең үлкені, тақырыбы мен адресаттары (оқушылары) жағынан да өзге туындыларынан бөлектеу тұрғаны. Сірә, бұл шығармасын Абай қазақ балаларының мұсылманша сауатын ашатын орындарда (молдаларда, мектеп, медреселерде) ислам діні негіздерін дұрыс түсініп, білулеріне көмектесетін құрал ретінде ұсынғысы келген болар. Уәсила Абайқызының естелігі де, осы шығарманың мазмұны мен стилі де, бөлек көшірілуі де бізді осындай болжамға итермелейді. Мұнда автор дін тақырыптарына қатысты өзінің, түсінік-танымдары және жалпы мораль жайындағы ой-толғамдарын сөз етеді, иманды уағыздайтын, бірақ оны теріс түсіндіретін дін адамдарын сынай отырып, хүкім шариғатын түсіндіреді. Демек, Абайдың бұл шығармасын теологиялық әдебиеттің қазақ тіліндегі алғашқы үлгілерінің бірі деуге болады. Теология Құдай туралы ілім болса,

бұл ілімді сөз ететін әдебиет түрлерін белгілі бір дінді ұстаған халықтардың өз ана тілдерінде жасап алу қажеттігі әрдайым сезіліп отырған, өйткені ұстанып отырған діннің канондарын (заң ретінде ұсынылған ереже-қағидаларын) жақсы білген күнде ғана рухани өмірінің қажеттігін өтейтін құрал етіп пайдалануға болатыны белгілі.

Ал Абайдың 38-сөзін жазудағы мақсаты мұндай нақты практикалық, болу-болмауы жөнінде өз пікірімізді жоғарыда айттық. Дегенмен қайткен күнде де «жүрегінің куаты – перзенттеріне адам ұғлының, мінездері туралы» ойларын жазуды көздеп, ол әңгіменің негізіне «Алла тағаланы танымақты» алады, өйткені «Алланы танымақтық – дүниені тану, адам өзін тану, адамшылықты жетілдіру, Алланың бір сипаты – ғылым-білімді тану» деп бастаған автор әрі қарай «иманның хақиқатын» сөз етеді, Алла тағаланың сегіз сипатын атайды, ол сипаттарды айырып білу керек екенін айтады, сол сегіз сипаттың екеуі – ғылым мен құдіретті түсіндіреді, кеңінен сөз етеді. Одан әрі қарай ислам дінінің дұрыс түсіндірілуге тиіс канондарын «бұл заманның молдалары мен ишандары өздері дұрыс түсінбейтінін, өзгелерге дұрыс түсіндірмейтінін айтып, сондықтан олар «Хаким атына дұшпан» дей келіп, «Құдай тағаланың ниһаятсыз (шексіз, өлшеусіз) жолында жүруді өзіне шарт қылған адамның қандай қылғанда «таза мұсылман, толық адам» болатынын айтады» [1, 179-180]. Бұл талдау «Әдебиет танытқыштағы» «Діндер дәуірі» мен «Мінәжат» тараушасымен таныс болған автордың ұстанымы» дер едім.

Ең алдымен, ЫБырай мен Абай қазақ тілінде теологиялық әдебиетті дүниеге келтірудің бастамасын көрсетті, ислам діні негіздерін, мазмұнын, қағидаларын қазақша айтуға, түсіндіруге әбден болатынын танытты. Міне, 38-сөз деп аталған орны ерекше шығарманың стильдік, тілдік сыр-сипаты осындай...

«Шеберлік – көркемдік сияқты, Абайдың тіліндегі кестенің бізі, өткірдің жүзімен салынған сөз өрнектерінің бір нақышы. Міне, поэзиясы мен прозасында осындай шеберлік пен көркемдік көрсеткен ұлы Абайдың поэтикалық сөз кестесі, толғауы тоқсан қызыл тілінің өрнегі осындай» [2, 183-184]. Қазіргі Абайтануға осындай аналитикалық талдауды еңгізген академик Р. Сыздықтың бұл зерттеуі нақтылықтың үлгісі болып қала бермек.

Р. Сыздық Абайға еріксіз еліктеу туралы: «Бұл үлгі-өнегені тек Шәкәрім емес, Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы жақсы қабылдағанын және құр еліктеу түрінде емес, Абайша мазмұн мен түрді, яғни поэтикалық идея мен оның тілдік көрінісін сәйкес келтіру мақсатында қолданғанын байқаймыз. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров сияқты ақындар жан толғанысын поэзия тілімен айтуға келгенде «Сегізаяққа» жүгінеді. Абай «Сегізаяғында» өзінің философиялық, азаматтық, суреткерлік ой-толғамдарын білдірсе, Ахмет Байтұрсынов та үстіміздегі ғасырдың басында елдік, ұлттық тәуелсіздігінен айырылып, отар жұрттық күн кешіп отырған, ғылым-білімнен де құр қалған халқына

Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! –

деп, қазақ қоғамының ұлттық намысын оятпақ болады. Бұл идея Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл ақындық, ағартушылық қызметінің лейтмотиві болса, оны білдірудегі ең бір ұтымды

деп тапқаны – осы ойын айтатын өлеңін «Сегізаяқтың» үлгісімен жазу. Мұнда ақын ұстаз тұтқан Абайдың үлгісімен алғашқы екі жұпты алты тармақта айтылмақ идеяның тезисін (баяндауды) береді де соңғы екі тармақта сол тезистен шығатын түйінді, яғни антитезисті ұсынады» [2, 197-198]. Ұлт ұстазының ақындығын түсініп, жаңаша танытудың да ретін Р. Сыздықтың осылай айқындап бергенін біле жүрейік!

Қайым Мұхаммедхан бастап берген Абайдың ақындық мектебіне қатысты концепт осылай нақты аналитика арқылы дамытылған. А. Байтұрсынұлының асыл сөзін Абай дискурсына қатысты тура осылай салыстырып талдау үлгісін де тұңғыш рет іске асырған – ахметтанушы академик Рабиға Сыздық. Ахметтанудың осындай аналитикалық жолын көрсеткен академик Р. Сыздықтың бұл теориялық зерттеуі қазіргі әдебиет теориясындағы жанр, нарратология мен асыл сөздің ішкі имманенттік табиғатын нақтылап берген аналитикалық дискурстың үлгісі болып қала бермек! Асыл сөздің дыбыстан тұратын ырғағын, әуені мен оның ішкі табиғатын тура осылай Ахаңша көріп, оны түсіндіріп талдай білу тек әдеби тілтанулық теорияның еншісінде екенін академик Р. Сыздық бізге аманат етіп кетті. Қазіргі ахметтанудың негізін анықтап берген академиктің бұл зерттеулері Ахмет Байтұрсынұлы бастап берген «асыл сөз» теориясының заманауи жаңашылдығы болып қала бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.
2. Рәбиға Сыздық Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.

Рәбиға Сыздық – абайтанушы ғалым

Салқынбай А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

XX ғасырдағы ғылыми үдеріс пен XXI ғасырдағы ғылыми үдеріс арасында жер мен көктей айырма бар. XX ғасыр қазақ ғылымында азаттықты аңсаумен басталып, үреймен жалғасып, тәуелсіздік таңының атуымен аяқталды. Демек осы бір ғасырда қазақ халқы да, оның мәдениеті мен ғылымы да сан ғасырлық жағдаят пен әрекетті басынан өткізіп үлгеріпті. Бұл ғасырда Адамды Адам деп бағалаудан, қадірлеуден гөрі, оның көзқарасы мен қызметін қадірлеу жоғарырақ болды. XX ғасыр қазақ қоғамында, әсіресе, қазақ ғылымында көзқарасы үшін жазалаудан, ату мен асудан басталып, үрей билеген ғасыр болды десек қателеспейміз. Бұл үрей кеңес идеологиясынан шығып кетпей, соның илеуіне көну, төзу, өз «мендік ойын» айтудан имену, тайсақтауды туғызған-ды.

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында алашшыл әкенің отбасында дүние есігін ашып, елуінші жылдары ғылымға келген жас Рәбиға осындай кезеңге душар болыпты. Кеңес үкіметі сепкен уытты үрей басылмаған, сөз аңду мен жазу аңду басым уақытта қазақ аруы өзгелерден ерек тұлға ретінде бірден-ақ көзге түскен-ді. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, 1951 жылы осы институт аспирантурасын тәмамдаған Рәбиға Сыздықтың бастап жазған ғылыми тақырыбы – Абай. XX ғасырда қазақтың ірі тұлғаларына деген көзқарастың кеңестік идеологияның «центризмі» жасаған жасанды ғылыми

қағидаларына сәйкес келуі маңызды саналған кезең еді бұл. Абай сынды кемеңгердің Сөзін зерделеу, оны кеңес саясатының ыңғайымен бағалау да оңай болмағаны анық. Осындай саяси сұраныс пен ғылыми қажеттіліктің үдесінен қатар шығу әдебиет ғылымына да, сөз өнеріне де, тіл ғылымына да терең ойланып, мүддеге қызмет етуді талап еткен-ді.

ХХ ғасырдың елуінші жылдарында қалыптасқан тіл білімінің құрылымдық саласының формальдық бағытына сәйкестендіру үшін, Р. Сыздық «Абай «Қара сөздерінің» негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. «Тұтастық» сіңген Абай ілімінің басты тұжырымдары тиянақталған «Қара сөздеріндегі» «тіл өрнегін әңгімелеуімізге ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзі «қамшы болды», – деп жазады Р. Сыздық. М. Әуезовтің Абай «Қара сөздерінің» тіліне қатысты жазған пікіріне сілтеме жасай отырып, былайша ой түйіпті: «Әр сөзіне мән беріп жазатын Мұхаңның бұл жерде «Қара сөздердің» өзі демей, «тілі» деуінде, біздің байқауымызша, айрықша астар бар: мұндағы «тіл» деп отырғанының өзі көрсеткеннен басқа және бір сыры қазақта әдебиеттің бұрын жоқ жанрының сөйлеу мәнері (стилі) дегеннің пайда болып, оны ұлы сөз зергерінің қалай алып кеткенін меңзегенінде болар дейміз. Абайтанушы ғалым осы тұста қазақтың ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болды, оған Абай қаламының ұшы тиді деп отыр», - дей келіп, Абайдың прозалық туындысы арқылы қазақ әдеби тілінде соны әдеби үлгінің пайда болғанын тереңнен тартып, нақты тұжырым жасайды. М. Әуезовтің Абайдың «Қара сөзінің» жанры туралы ғылыми пікіріне сүйене отырып, оған өзіндік баға береді: «Қара сөздерді көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әртүрлі: көбі публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз Сократ пен Аристодимнің әңгімесі деп берілген үлгі-өсиет, 5-сөз - мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз – афоризмдер жиынтығы, 7-сөз – психологиялық тақырыпты қозғаған этюд іспетті, 43-сөз – философиялық толғаныс, 38-сөз – дін, мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратып жүрміз» деп нақты ғылыми пікір білдіреді. Абайдың «Қара сөзінің» жазылу ерекшелігі мен оның кімге арналып жазылғаны туралы айтылған Р. Сыздықтың ғылыми пайымдаулары теориялық жағынан салмақты, байламы берік, ойы тиянақты, пікірі дәйекті еді. Әр сөздің белгілі бір әлеуметтік топтарға арналып жазылғаны туралы байламдары да ойланарлық еді. «Абай «Қара сөздерін» «қойын дәптер» ретінде тек өзі үшін жазбай, басқалардың оқуы үшін де жазғанын, оның өзінде де жалпы оқырман көпшілікпен қатар, олардың белгілі бір тобына арнап жазғанын да көреміз», - деп тиянақты тұжырым жасайды ғалым. Өз заманының сұранысы мен қажеттілігіне орай, Р. Сыздық ««Қара сөздер» – Абайдың қай тақырыпты қозғаса да, түгелімен ағартушылық идеясын ұсынған, мораль мен тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғауларын баяндайтын публицистикалық шығармалары деген» деген ой айтады. Мәтін баяндауында «кездесетін модальдық реңктерді, яғни өкінуді, сүйсінуді, ызалануды т. б. ауызша сөйлеу үстінде дауыс ырғағы жеткізетінін Абайдың жақсы пайдаланғанын терең талдайды ғалым.

Р. Сыздық Абай поэзиясын теориялық тұрғыдан терең зерделеді: лексикасы мен грамматикалық құрылымын, морфологиялық сипатын, сөйлем құрылысының ерекшелігін, стилдік маңызын талдады. Сонымен бірге, Абайдың алдында да қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын зерделеуі ғылыми тұрғыдан аса маңызды деп есептейміз. Бұл дәстүр, негізінен, көркем әдебиет саласында, соның ішінде поэзия жанрында болғанын да, қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу нормасының дамыған қалыпта болғанын атап көрсетуі өз кезеңі үшін ғылыми маңызды теория болды деп бағалаймыз. Өйткені жалпыхалықтық сөйлеу

нормасының, әдеби тіл нормасының болуы – қазақ халқының этникалық тұтастығының басты көрсеткіші. Осы реттен де Р. Сыздық жасаған қағида аса маңызды.

Академик Р. Сыздық Абай тақырыбына XXI ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарды. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады. Ақын өлең жолдарындағы сөз мағыналарын талдап, көріктеу құралдарын пайдаланудағы Абай үлгісін зерделейді. Мәселен, Абайдың «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға» деген өлең жолдарындағы «шекпен», «шенді» сөздерінің поэтикалық қолданысына мән береді. Академик ғалым Абай шығармашылығындағы поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде «жүрек», «сөз», «тіл», «ой», «көңіл», «дүние», «өмір» ұғымдарын атап көрсетіп, бұл ұғымдардың адамның ішкі дүниесі мен өмірдің толғақты мәселелерін тереңнен толғауда ойшыл ақынның маңызды нысандары болғанын көрсетеді.

«Қара сөздердің тілі қалай өрілген» деген тарауда Абайдың сөйлем құраудағы ерекшеліктері, сөйлемдегі норма мәселесі кеңінен қозғалады. «Абайдың қазақ жазба тілінің прозадағы нормаларын белгілі бір жүйемен дұрыс қалыптастыруына санады түрде қызмет еткенін көрсетеді» деген тұжырымы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін де маңызды [2. 180].

Р. Сыздық Абай «Қара сөзінің» тіліндегі мынадай ерекшелікті баса көрсетеді: «толықтауыш бағыныңқы етіп ұсынылуға тиісті сөйлемнің баяндауышы ашық райда келіп, мағына жағынан сабақтас, ал тұлғалануы жағынан салалас сияқты болып және бағыныңқы компонент басыңқыдан бұрын келіп құрылған сөйлемдер. Мысалы: Ақыры ойладым; осы ойыма келген нәрселерді қағазға жазайын, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын... ». Ғалым мұндай нормаға сәйкес келмейтін сәйкестіктерді «ой екпіні түсетін сөйлем бөлігін алдымен айтып алу Абай прозасында осылай орын алғанын ескере отырып, ауызекі сөйлеудің «тәртіпсіз» тәртібі деп тануға болады деп жазады.

Абай «Қара сөздерінің» танымдық мәніне көңіл бөлген ғалым былай деп жазады: «Абай оқушы мен тыңдаушы қауымға өзі «ойыма келген нәрселер» деп жұпыны көрсеткенмен, шын мәнінде бүкіл дүниетанымдық, философиялық, тәрбиелік мазмұнды ой-толғамдарын, ақыл-насихатын «заманды түзетпек» пікірлерін қазақ «өнер алды – қызыл тіл» деп санаған «жалпақ тілмен» ақ қағазға төккенде жұртының ежелден қалыптасқан, әлеуметтік нормаға айналған дәстүрін ұстайды: ауыздан шыққан сөздің әсем әрі әсерлі болуын нысанаға алады» деп жазады.

«Абайдың сөз өрнегі» жинағындағы «Абай тілін танудың қырлары» атты тарауда Абайдай данышпанның тілін зерттеуде екі түрлі мақсат көзделуі тиіс деп есептейді: Бірі – Абайдың қазақ әдеби тілінің даму барысындағы алатын орны; екіншісі – оның тілдік–көркемдік шеберлігі, яғни, Абайдың сөз өрнегі, поэтикалық тілі деген проблема». Ия, Р. Сыздық осы мақсаттың екеуін де өз еңбектерінде шешуге үлес қосқан ірі ғалым болды.

Академик Рабиға Сыздық және халық университеті

Белботаев А.
Ш. Мұртаза атындағы халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,
А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Өмірде тәрбие алған, үлгі тұтқан ұстаздарым аз болған жоқ. Солардың ішіндегі бір шоғыры – «рухани ұстаздар» тобы. Ұстаздардың бұл тобынан сіз оқушы не студент, не аспиранттар сияқты арнайы дайындап қойған партада не үстелде отырып алып дәріс тыңдап, жазу жазбайсыз. Керісінше, онымен қоян-қолтық араласып, не кездесіп, жүздесіп жүріп, не болмаса қызметтес, сапарлас болып, т. б. жағдайларда жолығысып жүріп, ол жанның сөзінен, ісінен, қажырлы-қайратты еңбегінен, қайтпас-қайсар мінезінен, ақылынан, мейірімінен, талапшылдығынан т. б., қысқасы өзіңе ұнайтын мінез-құлық, іс-әрекеттерінің бәрін қайда жүрсеңде өзіңе үлгі-өнеге тұтасың. Мейлі ол жан бар болсын, жоқ болсын, бұл пәниде. Міне, бұл – сенің рухани ұстазың! Бұндай жандар, әдетте сенде көп болмайтындығы да анық. Сондықтанда ол жан саған аса құрметті де сыйлы.

Менің «рухани ұстаз» жайлы өз анықтамамды соншалықты тәптіштеп жазуымның басты себебі, біріншіден, ол жайлы өз түсінігімді оқырмандарыма білдіріп, ой бөліскімнің келгені де, екіншіден, сөйлеу мәнерімен, тіл тазалығын сақтай отырып, көркем де шешен сөйлейтін шеберлігімен, қазақ тіл біліміндегі тіл мәдениетіне байланысты сөйлеу мен жазу сауаттылығымен, және де өмірде көргендігі мен білгендігі бар, оқыған-тоқығаны көп осы бір ерекше жанды өзіме сондай жақын тұттым, жаңадан бастаған ғылым жолындағы үлгі тұтар жақсы жандардың біріне баладым. Кейінірек келе-келе бұл жанды тіл, тіл білімі мәселелерінде, өмірде алдыға шамшырақ сияқты ұстап, соған қарай ұмтылатын рухани ұстаздарымның біріне баладым. Бұл жан кім еді дейтін болсаңыз, ол – белгілі ғалым, қазақ тіл білімі абыздарыныңбірі болған Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық апайымыз еді. Ендігі жерде осы Рәбиға Сәтіғалиқызы апамыздың жасаған еңбектерінен бір үзік сөз айтпақпын.

1970 жылы мамыр айының 19-ы күні болып еді. Ол кезде мен Оңтүстік Қазақстан облысындағы мұғалімдер даярлайтын Шымкент педагогикалық институты, филология факультетінің соңғы курс студенті едім де, аталынып отырған уақытта астанамыз Алматыда болып жатқан тіл мәселелерін статистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған «Түркі тілдерін статистикалық және информациялық тұрғыдан зерттеу» деп аталатын бүкілодақтық семинарға келген едім. Мен үшін бұл сапар үлкен Ұлы жолдай болып еді: себебі, біріншіден, астанаға менің бірінші келуім еді; екіншіден, студент бола тұрсам да ғылым жолындағы алғашқы сапарым еді; үшіншіден, үлкен ғылым ордасында (Қазақ ССР Ғылым академиясында) тұңғыш болуым еді; төртіншіден, ғылымда сары ауыз балапандай болсам да бір кездегі Одақтың төрт бұрышынан келген ірі ғалымдардың ортасында үлкен мінбеде алғаш сөйлеуім еді.

Менің баяндамамның тақырыбы: «Сөйлемдегі сөздердің статистикалық орын тәртібі» деп аталынатын. Ол қазақ тілінде жазылған мәтін материалдары негізінде дайындалған болатын. Оны әрине, студент жылдарда ғылымға баулыған ұстаздардың ұстазы болған, сол кезде физико-математика ғылымдардың кандидаты, математика профессоры болған, кейінде филология ғылымдарының докторы Қ. Бектаевтың жетекшілігімен дайындағанмын. Семинар Қазақ ССР Ғылым академиясы Бас ғимаратының кіші конференция залында болып жатты. Президиумда ғылыми семинарды

жүргізіп үш кісі отырды. Кейін білдім, олар: тіл білімпазы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ісмет Кеңесбаев, Ленинград ғалымы - математикалық лингвистика және роман тілдерінің маманы, профессор Раймонд Генрихович Пиотровский және белгілі қазақ тіл білімінің маманы, профессор Мәулен Балақаевтар еді.

Мен асып-сасып, бар білген, жиған-тергенімді бес-алты минут шамада хабарлап үлгергенімде президиумнан:

– Сенің мына көрсеткен кестеңе қарасақ, айтқан сөздеріңе қарағанда, қазақ мәтіндеріндегі сөйлемдерде көп жағдайда сөздердің орын тәртібі тұрақты болатындығы көрінеді екен. Ал оның тұрақсыз болатын жайлары болама? – деген сұрақ болды.

Мен бұл жолы саса қоймадым. Себебі, сұрақ қойған кісінің даусының өзі қоңыр, салмақты әрі жұмсақ болуы мені сабырлылықпен жауап беруге шақырғандай еді.

– Ондай жайлар бар. Ол көбінесе өлең жолдарында, шешендік сөздерде және мақал-мәтелдерде болады. Оны тіл білімі ғылымында инверсия құбылысы деп атайды, – деп жауап бердім.

Маған басқа сұрақ болмады. Сұрақ қоюшы жауабыма қанағаттанғандықпен қарады. Кейінірек бақсам, сұрақтың иесі – бір кездері мектеп табалдырындағы оқулықтардан, кейін институтта – ғылыми еңбектері мен зерттеулерінен таныс ұстаз-ғалым Мәулен Балақаев екен. Мәулен ағаны бұл сапарда жақыннан болса да сырттан көріп, дауысын естіп кеткен болсам, қайта жолығысуымыздың арасы да көп ұзай қойған жоқ. Осы жылдың жазында жоғарыда аталған институтты бітірген соң, Оңтүстік облысының шалғайдағы бір ауданының орталау мектебінде мұғалім болып жүрген жерімнен, жоғарыдағы атын есіме алған Ұлы Ұстазым, бүгінде марқұм болған Қалдыбай Бектайұлы Бектаевтың шақыртуымен сол кездегі астанамыз Алматыдағы баяғы өзім барған Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтынан бір-ақ шықтым. Бұл – 1971 жылдың ақпан айы еді.

Тіл білімі институты – Қазақстандағы ірі қара шаңырақтардың бірінен саналатын үлкен ғылым ордасы – Қазақ ССР Ғылым академиясы Бас ғимаратының 3-қабатында орналасқан. Мұнда ұстазымның ұйымдастыруымен қазақ тілі мәтіндерін электронды-есептеуіш машиналардың (ЭЕМ-нің) көмегімен лингвостатистикалық тұрғыдан зерттейтін «Лингвостатистикалық зерттеу және автоматтандыру тобы» деп аталынатын жаңа лабараториялық топ ашылған екен. Соған мен лаборант болып орналастым. Мұндағы көп ғылыми қызметкерлері бар бір бөлменің бір шетінен маған да орын тиді. Кейін сұрастыра келе білсем, мен отырған бөлмедегі бөлім бастығы - өткендегі семинарда өзіме сұрақ қоятын тіл білімпазы Мәулен Балақаев ағамыз болып шықты. Бұл кездері Мәулен аға С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының меңгерушілік қызметінде екен де, ал мұндағысы қосымша жұмысы екен.

Сол кездері мен жұмыс істеген бөлмеде кейіннен танып білгенімдей, бүгіндері елімізге танымал болған белгілі тіл білімінің мамандары Р. Сыздықова, Р. Әміров, И. Ұйықбаев, Р. Өрекенова, Қ. Неталиева, Н. Уәлиев, З. Бейсенбаева, Р. Қожамқұлова, Ә. Мұсалдаев т. б. жұмыс істеген еді. Олардың бірі ұстаз ғалымды құрметтеп, «Мәке» десе, енді бірі – «Мәулен Балақаевич» деуші еді. Мен де маңымдағы кісілердің үлкенге деген ілтипат-ізеттеріне қарап, ол кісіні «Мәулен Аға» деп атап кеттім. Өйткені әрі үлкен, әрі сыйлы құрметті ер адамды «Аға» деп атау біздің ұлттық дәстүрімізге жат емес еді. Сондай-ақ, байқап отырғаныңыздай, мен жұмыс істеген бөлмеде Мәулен ағадан кейінгі екінші бір сөз етер жан – Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық апайымыз болды. Бұл шақта апайымыз 45-46 жас шамасында. Өзі келісті, салмақты, қараған кісісіне байыппен

қарайтын, сөйлегенде сөзі тастай болатын. Айтқанын шегелей сөйлейтін ғалым апамыз ана тілінің сөздік қорын орнымен қолданатын қара сөздің қас шебері еді.

Менің бір айтайын дегенім – сол бір жылдарда (сексенінші жылдар десек болады) кей ғылыми-зерттеу институттарында біршама уақыт ана тіліміз – қазақ тіліне, әдебиет пен өнерге байланысты оның ғылыми тұрғыдан ұлттық негізде даму бағытын айқындап, бағыттап отыратын әрі халықтың санасын біліктілік, білімдік тұрғысынан танымдық көзқарасын тәрбиелеуге бағытталған «халық университеттері» жұмыс істеді. Бұндай «халық университеті» бізде де – Қазақ ССР Ғылым академиясы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында да жұмыс істеді. Ол «Тіл тағылымы» халық университеті» деп аталынды. Оның өтілетін уақыты ана тіліне және оның зерттелінуіне қатысты тығыз бір мәселе туындағанда, не қызықты, қажетті зерттеулерді ортаға салып талқылауда, не ұлт тіліне қатысты қызықты тақырыптар туғанда (мысалы – жаңа әліппе мәселесі сияқты) екі аптада бір рет, не аға ғалымдардың ортақ шешімімен белгіленген күнге (жұмаға) қойылып отырды. Осындай басқосулардың басы-қасында белсенді әрі іскер тілші-ғалым, сондай-ақ біздің жазып отырған мақаламыздың негізгі «геройы» – профессор Р. Ғ. Сыздық әрдайым болды. Әрі ол көпшілік қауымның ұйғарымымен осы «халық университетінің» ректоры да.

Қазақ ССР Ғылым академиясы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында біршама уақыт жұмыс істеген «Тіл тағылымы» халық университеті жайында өз уақытында жазған осы жолдар иесінің бірер хабарлама-мақаласы да болды (Туған тіл – қыдырың. «Қазақстан мұғалімі», № 45-46, 15 қараша, 1991; Халық университеті. «Қазақстан мұғалімі», № 32. 9 тамыз, 1991). Осы мақалалардың бірін (33 жыл өткен соң) көпшілікке таныстыру үшін қоса жариялауды жөн көрдік.

«Халық университеттері – еңбекші халықтың әр түрлі топтарының өз бетімен ізденіп оқуына, мамандығы мен мәдени дәрежесін көтеріп отыруына көмектесетін қоғамдық оқу жүйесі. Энциклопедиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда алғашқы халық университеттері 1958-59 оқу жылында ашылыпты. Онда оның тыңдаушылары негізінен әдебиет пен өнер, театр, музыка, кино және бейнелеу өнерінің келелі мәселелерін оқып үйренген. Соған байланысты олар «мәдениет университтері» деп те аталынған.

Одан бергі кезеңде халық университеттерінің жүйесі едәуір дамып жетілді. Мәселен, КОКП Бағдарламасында (1961 ж.) халық университеттерінің жүйесін одан әрі дамыту қажеттігі атап көрсетілсе, 1968 жылғы қазан айының 8-індегі КОКП Орталық Комитетінің «Халық университеттерінің жұмысын жақсарту туралы» қаулысында бұл университеттердің мақсаты мен міндеттері белгіленді. Сөйтіп, кейінгі жылдары кеңес адамдарының рухани тілектерін өтеу үшін қоғамдық өмірдің көптеген салаларындағы еңбек адамдарын қамтыған – қоғамдық-саяси, өнегелі тәрбие, ғылыми-техникалық, экономикалық, ауыл шаруашылық, педагогикалық, медициналық білім, әскери-патриоттық тәрбие, эстетика, ғылыми атеизм, қоғамдық мамандық, физкультура және спорт, табиғатты қорғау, ұстаздық, методикалық шеберлік, радио-теледидар халық университеттері қалыптасты.

Мұндай халық университеттерінің артықшылығы мынада: біріншіден, бұлар халықтың қалың тобының рухани талабын есепке алып жұмыс істейді; екіншіден, білім мен ғылымның, өнер мен техниканың әр түрлі салаларынан жүйелі білім береді; үшіншіден, олардың барлық жұмысы қоғамдық негізде жүргізіледі; төртіншіден, бұлардың жұмысына ғалымдар мен мамандар, әдебиет пен өнер қайраткерлері, өндіріс

озаттары мен жаңашылдары, партия және кеңес қызметкерлері тікелей қатынасып, жан-жақты көмек беріп отырады.

Соңғы жылдарда қоғамдық өмірдегі оң өзгерістер мен жаңалықтарға басты қозғаушы күш болып табылған қайта құру мен жариялылықтың қазақ халқына берген бір жақсылығы – салт дәстүрлерімізбен қайта табысып ана тіліміз қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы еді. Оның бір жылдығын да халқымыз қал-қадірінше тойлады. Қазір де тілімізді жандандыру үшін әр түрлі шараларды жүзеге асырудамыз. Мәселен, республикалық «Қазақ тілі» қоғамының жанындағы «Тіл тағылымы» халық университетінің жұмыс істей бастағанына да бір жылдай уақыт болды. Университет өзінің биылғы оқу жылындағы дәрісін ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мерей тойына арнады. Оны Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынова өткізді. «Мұқағалимен мұңдасу» деп аталынған бұл дәрісте қазақ жыр әлеміне, халқымыздың рухани өміріне үлкен бетбұрыс әкелген ақын М. Мақатаев поэзиясының әдебиетімізден алатын орны, ерекшелігі сөз болды. Сондай-ақ, ақынның поэзиясы төңірегінде зерделі зерттеулер, сындарлы сын-талдаулар жазу әдебиетші, тілші ғалымдарымыздың кезек күттірмес, абыройлы міндеттері екендігі айтылды. Дәрісшінің мазмұнды ой толғамдары ақын емірінің кейбір сәттерін әңгімелеумен астасып, тыңдаушыларды айрықша әсерге бөледі.

Университет ректоры профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық бір жылғы өткізілген дәрістерді қорытындылады. Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының тыңдаушылары атынан дәрісшілерге алғыс айтты.

«Тіл тағылымы» университеті жұмыс істей бастаған уақыт ішінде тыңдаушылардың тіл жөніндегі танымын тереңдетіп, білімін кеңейткен бірқатар дәрістер оқылды. Айталық университеттің алғашқы тұсаукесер сабағын өткен жылғы шілденің 3-і күні университет ректоры Р. Сыздықова «Адам тірлігіндегі ана тілінің орны» деген тақырыпта өткізген болса, одан бергі кезде – «Тіл және заң» (академик С. З. Зиманов), «Ана тілі: лингвистикалық, әлеуметтік, философиялық қырлары (социолингвист Б. Хасанов), «Жаңа сөз, жаңғырған атаулар» (С. Шүкіров, Р. Абуов), «Қаламгердің сөз қазынасы» (жазушы М. Мағауин), «Қазақ тілінің демографиялық негізі» (демограф ғалым М. Тәтімов), «Жергілікті ерекшеліктер және әдеби тіл» (Профессор Ш. Сарыбаев), «Халық тілінің сөз қазынасы» (академик Ә. Т. Қайдаров) атты тақырыптарда жүргізген әңгіме-дәрістер жүргізді. Сондай-ақ мұнда белгілі ғалымдарымыз бен ақын-жазушыларымыз, танымал журналистеріміз де тыңдаушыларына өз ой-толғамдарын, өзекті ой, сындарлы пікірлерін айтып отырды. Мәселен, Қазақ КСР-інің депудаты, заң ғылымының докторы, академик Салық Зиманұлы Зиманов өткен жылғы (1990) қазан айында оқыған дәрісін «Тіл және заң» деп атады. Бұл тақырыптың дәл бүгінгі таңда республикамыздағы көп ұл т т ы ж ұ р т ш ы л ы қ т ы ң қай-қайсысын да бейтарап қалдырмайтын көкейтесті мәселе екендігі белгілі. Сон-дай-ақ кезінде редпубликамыздың дербестік алуы мен тіл мәселесі төңірегінде қызу пікірталастардың болғандығы көпшілікке мәлім. Мемлекетіік тіл, ресми тіл және ұлтаралық тілдердің бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар? Тіл туралы заңымыздың жүзеге асуы қалай?

Міне, осы сияқты мәселелер жөнінде депутат-ғалым өз ой-пікірлерін ортаға салды. Бір жылға толар-толмас аз ғана уақыттың ішінде тілімізде көпстеген езгерістер болды. Басқасын айтпағанның өзінде, ай аттарының халықтық нұсқасын қолдана бастақ. Қысқарған сөздердің қазақша түрі қайта жаңғырды. Бұрыннан келе жатқан терминдер мен атауларға қазақша балама іздеу жандана түсті. Сондай-ақ, күні бүгін пайда болған жаңа

ұғым, құбылыстар өзімен бірге жаңа сөз, тың тіркестер туғызды. Қысқасы, қоғам өміріндегі жаңалықтар ана тіліміздің сөздік құрамына елеулі өзгеріс енгізіп, соны серпін алып келді. Ал әрбір жаңа ұғым, жаңа сөз – қоғамдық мәні бар уақиға. Осындай жалпыхалықтық мәні бар тілдік құбылыстар жөнінде тіл мамандары дәлелді пікір айтып, тыңдаушыларға ой тастады.

«Тіл тағылымы» университетінің жұмысына қысқаша талдау жасай отырып, оның негізгі тыңдаушылары әр кезде де әдебиетшілер мен тілшілер, журналистер мен мәдениет қызметкерлері, студенттер мен зиялылар қауымы болғандығын баса айтқымыз келеді. Олардың алдында республикалық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Әбдуәли Қайдаров, профессорлар Рәбиға Сыздықова мен Шора Сарыбаев, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Сұхбат» газетінің бас редакторы. Сабыржан Шүкіров, ҚазТАГ директорының орынбасары Ризабек Әдуов т. б. жолдастар өз ойларын ортаға салып отырды.

Сөз реті келгенде айта кеткен жөн, көп тыңдаушының бірі ретінде университет жұмысының жандана түсуіне көмегі тиер деген ниетпен айтар ұсыныс-тілектерім де жоқ емес. Біріншіден, жыл бойына дәрістер Қазақ ССР Ғылым академиясы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының мәжіліс залында оқылып келеді. Шындығын айтар болсақ, кей сабақтарда не мәжіліс-жиында жиын жайының тарлығы байқалады. Ал ертеңгі күні тыңдаушы саны көбейгенде не істейміз? Сондықтан да келешекте көпшілік жиын жайын үлкейту жағын да қолға алған жөн сияқты. Екіншіден, Тіл тағылымы» халық университеті сабақтарының өтетін мерзімін тыңдарман халыхқа күнібұрын хабарлау, мазмұнын айтып насихаттау жағы да төмен сияқты. Оны қалалық басылымдардан бастапқы кезде «Алматы ақшамы» газеті, ал кейінгі кезде «Ана тілі» газеті хабарландырып жүрді. Өз кезегінде бұл басылымдарға алғыс-рахметімізді айта отырып, енді бұлардың қатарына «Қазақстан мұғалімі» газетінің де қосылғанын қалар едік. Үшіншіден, жылдық дәрістер санын көпшілік сұрауына орай 9-дан 12-15-ке дейін кебейткен жөн. Тертіншіден, соңғы айтарымыз, университетте оқылған дәрістерді әр жыл сайын «Тіл тағылымы» деген атпен жинақ етіл шығарып, оны жер-жердегі «Қазақ тілі» қоғамдары арқылы өз оқырмандарына қалауынша жеткізіп отырсақ, мемлекеттік тіл мәселесінде халық университетінің ұтары мол.

Соңғы айтарымыз, «Тіл тағылымы» халық университеті. 1991-1992 оқу жылындағы сабағын үстіміздегі жылдың қазан айынан бастайды. Алғашқы дәрістің нақты тақы- рыбы, болар күні кезінде «Ана тілі» газеіі арқылы ха- барланады. Университет тіл жанашырларын асыға күтеді. Иә, бүгінгі таңдағы халық университеттері – шын мәнінде бұқаралық білім ошағы, даналық көзі, ғылым қазынасының қайнар бұлағы. Олардың бірі – біз сөз қылған «Тіл тағылымы» халық университеті.

Қазақ ССР Ғылым академиясы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында қаншама жыл жүріп, ондағы ұлағатты ортадағы зият иелерімен араласа жүріп, олардың сөздерін тыңдау, әңгімелерін есіту, әрине, бір ғанибет екендігі рас. Қорыта айтар болсақ, осынау бір сөйлегенде сөз тамырын басып сөйлейтін шебер сөздің зергері, қазақ тіл білімі абыздарының бірі – академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық апаймен бірлесе өткізген, қызмет еткен 22 жыл мен үшін бір мектеп болды. Әрине, ол – өмір мектебі еді.

Ғибратты ғалым

Құрманәлиев К.
Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы
Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ тіл білімнің көрнекті өкілі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақтанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғасыр тойы мерекеленіп жатқан Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ғибратты ғұмырын аз-кем сөз еткенді жөн көрдік. Академик апайымыз үлкен ғалым болумен қатар, өнегелі ісімен де көпшіліктің көңілінен шығып, абыз-ана атанған аз ғана ғалымдарымыздың бірі еді…

Түреннен жол салып, әр салада толағай табысқа қол жеткізген адамдар туралы қай нәрсе де болсын «алғашқы, тұңғыш» деген тіркестер қосылып айтылып жататыны бар. Міне, Рәбиға Сәтіғалиқызының осы тұрғыдан келген-де, қазақ тілші-ғалым қыздарының арасынан шыққан тұңғыш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ғылымдағы жетістіктері үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері болған тұңғыш ғалым қызы екені белгілі. Сондай-ақ, «алғашқылар» санатына Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов туралы жазылған тұңғыш кітаптың авторы екендігін де айтып өтсек, артық болмас. Ғалымның ғылым есігін «халық жауы-ның қызы» болғандықтан кеш ашса да, жемісті жетістіктерге қол жеткізген «тұңғыштар» қата-рында танылған тұлға екені тағы да рас.

Саналы ғұмырының 60 жылын тапжылмай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы, тіл мәдениетінің бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқара жүріп, институттың беделін арттырып, қазақ тіл білімінде ғана емес, түрколо-гия саласына да танытар туындылар тарту етті. Ғылыми жұртшылық «Абай шығармаларының тілі» атты диссертациялық еңбегінде зерделенген зерттеулердің ауқымын арттырып, Абайдың поэтикалық тілін тереңдеп зерттеу нәтижесінде «Абайдың сөз өрнегі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абай және қазақтың әдеби тілі» сияқты еңбектердің салтанат құрылуына себеп болды. Осынау Абайдың шығармалары туралы жазылған том-том еңбектерін ескеріп, әрі Абай шығармаларының мұрасын жоғары деңгейде зерделегені үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері атанғанын да айтқанымыз абзал.

Сондай-ақ XV–XIX ғасырдағы ақын-жазушылар тілі, орта ғасырлық жазба ескерткіштерінің тілінің тарихи мен лексико-грамматикалық құрылымы, тарихи-лексика, лингвостилистика, текстология, тіл мәдениеті салаларына арналған зерттеулеріне қызығушылық танытқандардың ғалымның еңбек-терін ашық ақпарат көздерінен тауып алу мүмкіндігі мол екенін ғана еске салғымыз келеді. Ғалымның орфография саласындағы еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет. Орфографиялық сөздік жасауға жетекшілік етіп, оның ережелерін әзірлеудегі ерен еңбегі өз алдына бір мақалаға арқау болар дүниелер. Латынға негізделген қазақ тілі әліпбиіне көшу үдерісінде Рабиға Сыздықтың орфография ережелерін түзуде ұсынған ұстанымдарын басшылыққа алса, көптің көкейінде жүрген, орфографияның көкейтесті мәселелерінің де оң шешімін табары күмән туғызбайды.

Ғалымның ғылыми-педагог кадрлер дайындау ісіне үлес қосқанын 30-ға жуық ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындағанынан, әрі ұстазының тың идеяларының

кең тыныстап, одан әрі дамуына өзіндің үлес қосып жүрген тілі білімінің білгірлерінен байқауға болады.

Әр ғалымның ғылым есігін ашуға, оның баспалдақтарымен батыл көтерілуіне ықпал еткен адамдар болады. Өзімді де Алматы шетел тілдері педагогикалық институтында кәсіподақ ұйымын басқарып жүрген жерімнен «әкімшілік жұмыс саған қол емес, ғылыммен шұғылданғаның дұрыс» деп Қыздар мемлекеттік педагогтық институтының кафедра меңгерушісі, профессор Жәкен Молдаспанұлы Молдажаров оқытушы етіп қызметке қабылдап, көрнекті ғалым, академик Шора Сарыбаевпен таныстырмағанында, ғылымдағы осындай биіктікке көтеріле алар ма едім, ай-қайдам?! Осы сияқты Рәбиға апайдың да ғылымдағы жолын ашқан біртуар тұлға Мұхтар Әуезов туралы таңды таңға ұрып, тіл мен әдебиеттің тығыз байланысын байқаған ұлы ғұламаның кеңесімен әдеби тілдің тарихын, ақын-жазушылардың тілін зерттеуге ден қойғанын бұл дүниеден өткенше бізге айтып өткеніне баршамыз куәміз. Иә, расында Абай тілін зерттеуде жеткен толағай табысының бастауында ұлы ұстаз М. Әуезовтың әсері болғанын жалпы жұртшылыққа жеткізе кетудің де жөні бар екенін айтқым келеді. Алаш ардақтылары әлі ақталмай тұрған кез-дің өзінде А. Байтұрсыновтың шығармашылығын зерттеуді қолға алған, әрі оның негіздемелерін нық сеніммен дәлелдей алған, талантты ғалым болғанын ел білгенін дұрыс деп ойлаймын. Қазақ тіл білімін жасаған Ахмет Байтұрсынов деп, оның «Оқу-құралы» атты тұңғыш оқулық жазғанын, «Әліппе» жазу арқылы оқулықтар әзірлеудің әдістемелік негізін қалағанын және грамматикалық еңбектерінің ерекше екенін қызыл им-перияның қылшылдаған қызыл қылышынан қаймықпай, ол туралы алғашқы кітапты жазған да Рәбиға Сәтіғалиқызы екені көп айтыла бермейді. Алаш ардақтысы атанған, қазақ тіл білімі бастауында Ахмет Байтұрсынов тұрғаны туралы, оның шығармашылық еңбектері әр қырынан қарастырылып, монографиялық зерттеулер мен диссертациялық еңбектердің еселене түскені, әрине, Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері ашық айтыла бастағаны белгілі, ал Кеңестік кезеңде ғалымның Алаш ардақтыларының еңбектерін зерттеу нысанасы ретінде алғаны- көзсіз батырлық демеске амалың жоқ...

Тағы бір деректі Рабиға апайдың «халық жауының қызы» екендігіне байланысты өрбітсек. Мәселенің мәніне тереңдей түскенде, түсінгеніміз әкесі Сәтіғали Құтқожинның Алаш ардақтыларымен қарымқатынаста болуы – ғалымды осындай «атаққа» іліндірген екен. Қазір, әрине, айтуға оңай! Ол кезде «халық жауының қызы» атанған адамның жан-күйін, тағдыр-тәлкегін, қасына ешкім жақындамай, жапан далада жалғыз қалғандай сезінгені, тіпті парталас достары да бойын аулақ салып, бірге отырудан қашқақтағанын қаршадай қыздың психологиясына қалай әсер еткенін айту түгілі, ойлаудың өзі де қорқынышты.

Ғылыми жұртшылық Рәбиға апайдың ғылыми еңбектерімен таныс болғанымен, оның спортқа тым құштарлығын біле бермейтіні де рас. Шынында, көрнекті тілші-ғалымның спорттың бірнеше түрін, атап айтқанда, футболды, хоккейді жақсы көретінін, әрі снукер ойынын түн ортасына дейін тамашалайтынын талай естігенбіз. Апайдың ет-жақындарының сөзіне құлақ ассақ, жас кезінің өзінде суда жақсы жүзгенін, тіпті мылтық атудан да бір кісідей өнері бар екендігін айтады. Рәбиға Сәтіғалиқызын білетіндердің, әріптестері, шәкірттері мен туған-туыстарының айтуы-на қарағанда, ол кісі ешкімді жамандауды, сыртынан сөз айтуды білмейтін еді деседі. Осындайда, «Жақсы адам өмірде жаман адам болмайды деп санайды, өйткені жұрттың бәрін өз сияқты ойлайды» деген даналық сөзге иек артсақ, Рәбиға Сәтіғалиқызын да осындай адамдар қатарына

ойланбастан-ақ қосуға әбден болады. Қысқа қайырсақ, академиктің ғылымдағы да, қарапайым өміріндегі де ғибратты ғұмыры – көпшілікке өнеге.

«Ғалымның хаты» немесе уақытпен үндестік

Мұратова Г.
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық – түркітанушы ғалым, тіл маманы, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Түрік Тіл қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері. Ғылымның төрінде өзінің меншікті орны бар, сүбелі де салмақты еңбектері бар. Сол еңбектерді мазмұнына қарай сараласақ, әрқайсысы бір-бір ғылыми бағыттың арнасына айналып жүре берер және де бір-бір азаматқа ғылыми атақ-дәреже алып берер сүйекті дүниелер: Тіл нормасы мен тіл мәдениеті; (сөз сазы; сөздер сыры мен тіл тынысы;) қазақ әдеби тілінің тарихы мен дамуы; стиль мәселесі; «сары алтынның буынан жыры бар» Дулат ақын тілі; Ұлы Абайдың «Көңілге сәуле қондырар» сөз өрнегі; ортаазиялық әдеби тілдегі Қадырғали Жалайри орны, «Ұлттың рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынов пен ұлағатты тұлға Құдайберген Жұбанов еңбегі, әдеби тілдің сан ғасырлық тарихы тұнған Қожа Ахмет Иассауи руханияты ... болып, сала-салаға тарқатыла береді. «Атақты академиктің қазақ тілінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға, көкейлі замандастарына ой салып, жүректеріне от тастау үшін жазылған әрбір мақаласы, әр зерттеу еңбегі тұрғыластарының жүректері дауалап, бара бермейтін тың тұжырымдарға толы», – деп бағаланып келеді.

Сөз басын ғалымның ең қомақты, кейінгі зерттеулерінің бірімен сабақтастырғанды жөн көрдік. «Қазақ хандығын құрудағы тілдің мәні мен қызметі қандай рөл атқарды дегенді арнайы талдап-танудың мәні зор», – деп атап өткен болатын көрнекті ғалым Р. Сыздық. «Хандықты құрайтын тайпаларды топтастырып, біріктіріп, ұстап тұрушы фактор – тіл. Тіл – халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны», - деген ғалым пайымы ұлттық тіліміздің мәртебе-мерейімен үндесіп жатқаны сөзсіз.

Әдеби тілдің қалыптасу, өркендеу жолын академик Р. Сыздық былайша сабақтайды: «Қазақ хандығын құруда одақтасқан ірі-ірі рулардың тілі – түркі тілі, оның ішінде солтүстік-батыс тобын құрайтын қыпшақ тілі тобы болды. Сол қоғамның рухани-мәдени сұраныстарын да өтеп келе жатқан тіл әрі қарай да іргесін сөкпей, өз табиғатымен, тіл заңдылығымен дами береді. Атап айтқанда, сөз байлығы дами түсті, көркемдік, стильдік түрлері түрлене түсті, жыраулық мектеп күшейеді. Дидактикалық мақсат көздеген үгіт-насихат сөздері мен билік үкім айтқан билер сөздері де проза жанрының дами түсуіне мүмкіндік берді»...

Қазақ хандығы жасап тұрған кезеңдерде, бүгінде қазақ әдебиетінің үлгілері ретінде танылып жүрген өлең-жырлардың авторлары ретінде Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиембет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Тәтіқара ақын, Көтеш ақын, шал ақындар аталады. Олардың шығармаларында хандық

дәуірдегі қазақ әдеби тілінің сөз байлығы, XY-XYIII ғасырдағы қазақ әдебиеті, оны танытатын нұсқалар туралы деректер мол екендігі ғылыми ортаға кеңінен таныс.

Тіл білімі ғылымының көрнекті өкілі Р. Сыздық сонымен қатар, қазақ тілінің хандық құрылғанынан көп бұрын әдеби тіл ретінде қалыптасқаны туралы тұжырымды ойлар айтып, ғылыми мақалалар ұсынды. Жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулықтарда кеңінен талқыланып келеді. «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі сөздік қазынасы бай, фонетикалық жүйесі өзге түркі тілдерінен бөлініп, сараланған грамматикалық тұлға тәсілдері ерекшеленіп, орныққан өте көркем, әсерлі тіл болып осы заманға жетті». Ғалымның қазақ әдеби тілінің тарихын, XY ғасырдағы қазақ хандығының құрылуымен сабақтастыра отырып, нақты фактілермен рет-ретімен баяндаған «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты қомақты еңбегі 2014 жылы жарық көргені белгілі.

Ғалымның тілдік нормаға арналған «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) атты монографиясы қазақ тіл білімінде норма мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен тұңғыш ізденіс болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі әдеби тіліміздің қолданысында қалыптанған лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, көркемдік заңдылықтарын жүйелі көрсеткен, қазақ тілі нормаларын кодификациялауда өзіндік орны ерекше өзге де еңбектері бар екені белгілі. Ал енді осы ғылыми нысандар, ғалымның өмірдегі өз ұстанымы, өз болмыс-бітімімен үйлесе үндестік тапқанына таңырқайсың. (Диалектикалық бір шарттастық бар болады да тұрады, әйтеуір). Ғылыми лабораториясы мен қарапайым тірлігіндегі сабақтастықты, ғылымға көзқарасы мен өмір құбылысына көзқарасындағы ортақ оралымды байқағандай боласың. Өзіне де, шәкірттеріне де талап қойғыш, өмірде әр нәрсенің дұрыстығына жете мән беретін ғалым, бір қарағанда уақ-түйек болып көрінетіндей жағдайды – маңызды мәселе дәрежесінде қарастырып келеді. Сөзді дұрыс айту нормалары, сөз сазы, емле және тыныс белгілері, тіл тазалығы, сөйлеу мәдениеті мәселелеріне үнемі көңіл бөлуде яғни сауатты жазатын, *сауатты* сөйлейтін *қазақтың тілін қалыптастыру* немесе *тіліміздің сұлулығы мен сымбатын сақтап қалу* – ғалымның бір мақсаты. Жалпы, қай мағынасындағы тазалық, сауаттылық, әсемдік, мағыналы сәндік Рәбиға Сәтіғалиқызының ішкі болмысымен үндес, өмірдегі ұстанымымен (кредо) қатарласа жүретінін байқайсыз...

Ғалым ізденістері өмірдегі өз мінезімен сабақтас дедік қой. Ғылыми ізденісінің өрісті бір бағыты – Абайдың «қуаты күшті нұрлы сөздерін саралау» болып келеді. Әрине, оның бір себебі: ұлы ойшылдың рухани-мәдени әлеміне тағзым етуі, жас ұрпаққа сол биікті нұсқауы болса, екінші бір себебі – ұлы ақынның ұлттық психологиямыздағы кейбір тоғышар қылықтарға күйінгеннен туып, «қуатты ойдан бас құраған» сөздерінің әсер-күші. «Пейілі шикі, ақылы күйкі» пенделердің қылығы түңілтеді. Пенделікті кісілікке жеңдіруді – қатаң заң, қалыпты норма деп есептейтін қазақ қызының ішкі жан дүниесі Абайдың сөз өрнегімен бірге өріліп кеткендей...

Академик Р. Сыздықтың Ұлы Абайдың қазақтың әдеби тілінің дамуы барысындағы еңбегін, рөлін, өлеңдерінің көркемдік поэтикасын қарастырған «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиялық зерттеулері ұлы тұлғаның қазақ руханиятындағы, қазақ сөз өнеріндегі орнын айқындап берудегі үлкен бір жетістігі болып табылады, сондай-ақ, Абай энциклопедиясындағы мақалалары үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алады (1996).

«Сөзді құлақпен қармамай, жүрекпен тыңдай білу» (Абай) керектігін лингвостилистикалық талдау барысында да көрсетіп отырады. Кешегі Дулат

Бабатайұлынан бастап Ә. Кекілбаев, А. Сүлейменов, Ф. Оңғарсынова, Д. Исабековтердің шығармашылығына үңіле отырып, қазақ сөзінің нәрлілігіне тамсантады, сұлулығына сүйсіндіреді. «Жазушы және сөз мәдениеті» (1983), «Сөз құдіреті» (1994) еңбектерінде бүгінгі қаламгерлеріміздің сөз сырына бойлаған тереңдігі кеңінен талданады.

Тумысынан туралыққа тартып, әр нәрсенің әділетіне жығылатын қазақ зиялысы Р. Сыздықова өз отбасы мен Отанының басынан өткенді бөле-жарып қарамайды. Заманындағы зиялы азаматтардың бірі – әкесі Сәтіғали Құтқожин – құзғын-заман құрбаны болса, өмірдегі серігі, Қазақстанның халық әртісі Шахан Мусин де «тағдырдың тоңазытқышына мұздаған еді». Қазақ зиялысының бұл зұлматтан аман қалғаны – некен-саяқ қой.

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтарды жабылған жаладан ақтап алуға тәуекелге баруы – үлкен *азаматтығы* ғана емес, ардақтыларымыздың халқы үшін сіңірген еңбегін ұлықтау екені күмәнсіз. Кеш келсе де, шындық – бәрібір салтанатты. Кімге, қашан келгеніне қарамастан солай ғой! Ендеше, шындыққа шырай беру керек болса, Рәбиға Сыздық қай кезде де оны мойындатуға шамасы жеткенше әзір. Репрессияға ұшыраған аса көрнекті ғылым мен қоғам қайраткерлері, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдардың өмірі мен ғылыми еңбектері туралы Р. Сыздық алғашқы болып ғылыми зерттеулер жасағаны да белгілі. Мысалы, «Қ. Жұбанов – ғалым-азамат» (2004), «Ахмет Байтұрсынов» (1990), «Х. Досмұхамедов. Таңдамалы» (1998) сияқты еңбектерді атауға болады және де осындай игі істермен қатар олардың ғылыми мұраларын жинастырып баспаға әзірлеу жұмыстарын да қолға алған болатын.

Қожа Ахмет Иассауи хикметтері тіліне арналған монографиясы (2004), «Язык Жами ат-тауарих Жалаири» (1989), М. Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (1991) тағы басқа зерттеулерін атауға болады. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің тілі арқылы ұрпағын әдеби тілдің сан ғасырлық тарихына бойлату бір мақсаты болса, енді бірі – рухани биікті Иассауи даналығының межесімен өлшету болар, өйткені өткеннің бәрі өткінші емес, ертеңімізге ала жүрер еншіміз де болатынын тарихи пайымы мол ғалым жадынан шығармайды. Бір кезде (70-жылдары) бастаған ісін қайта қолға алғаны – Абай айтқандай – *ақылды қайраттан асыра, үстірттемей, тереңге баруы* деп ұғамыз. Ғалымның ғалымдығы істі қалай бастағанынан да, қалай аяқтағанын да көрінетінін, өз үлгісі арқылы біздер танып та жатамыз. «Қабілет-қарымың бар ма, ойыңның *шау тартып, күңгірт қалуына* әсте, жол берме!» – деген «бұйрықты» біз, шәкірттері, орындай бермейміз-ау, ал, өзі үшін ол – заң! Өмірде сергек адам, өнерде де (ғылым да өнер ғой) бойкүйездікке жаны қас. Ол қасиетіне шәкірттері мен әріптестері тағы куә.

Тақырып ұсына ма, жазғаныңды қарай ма, бәрібір, үнемі тілге (зерттеу нысанына) жаңа қырынан келуге бағыттайды. «Қашанғы бұрыннан айтылғанды шиырлай беруге болады» - деп, ғылымдағы тоқырау мен консерваторлыққа қарсы шығып, қасаңдық емес, жаңашыл динамизмге бағыттап отыратынына ол кісінің жетекшілігімен қорғалған тақырыптар арқылы көз жеткізесіз. Жаңалыққа сергек қарауы да – ғылымға деген *жанашырлығы* деп ұғамыз. Тілші-ғалым ретіндегі абырой-атаққа тек қана тынымсыз еңбекпен емес, терең пайыммен де жеткенін Рәбиға Сәтіғалиқызының әлемін танығанәрқайсымыз айта аламыз. Кей-кейде сападан гөрі санға басымдық берген қазіргі уақытта Сыздықова сияқты ғалымдардың, ғылымға қалай қызмет ету керектігін көрсетуі де – біз үшін өнеге өрісі.

Рәбиға апай өзімен өрелес интеллект иесімен де, жаңа бастаған жас талаппен де – кім-кіммен де пікірлес, мәжілістес бола алады. Қазақтың маңдай алды ғалымы, ұлтымыздың элитасы кәдімгі қарапайым қалпында ортамызды олқысынбай әрдайым қасымыздан табылатын. Біз болсақ, оның кім екенін «ұмытып», біресе еркелеп, біресе «тыңдамай» еркін кетіп, «қорықпай-ақ» қасында отырамыз... *Таудың жақындаған сайын аласарып, алыстаған сайын биіктейтіні* адам табиғатына тән құбылыс екен ғой. Көпшіл, ақжарқын апамыз кіммен достасса да, *пейілі кедей баймен, көңілі тар жомартпен*, түсінігі төмен төре мен қоңсы қона алмайтын еді... Ол кісі біреудің көңілінен шығуды мақсат та етпейді, ұнамаса орып тастайды, кесімін бір-ақ айтады, бірақ бірдеңені кек тұту – табиғатына мүлде жат болатын. Ұлтымызға ұлағат болатын тұлғалар туралы, ұлттық құндылықтарымызбен мақтана алу керектігі туралы көп жазылады ғой. Өз-өзімізді таныта алмай, өзгенікін мансұқтап кететініміз жайлы да жиі айтылып жатады.

Биылғы, 2024 жыл – көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ ғылымының мәртебелі биігі Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ұлық есімін ұлықтаған ерекше жыл болды деп айта аламыз. Кейінгі жастар, ғылым есігін «таза қолмен» ашып келе жатқан жас ғалымдар академик Р. Сыздықтың ғылыми тұлғасын одан әрі танып, өнегелі өмірі мен ғылымдағы сара жолын парасаттай білсе ғалым еңбегінің зая кетпегені... Солай боларына сенім мол! Ғалымның аты да, хаты да өлмей, бүгінмен жарасып, ертеңге жалғасып, үндестік тауып жатса, ;алымның өзі мақсат қойғанындай, оның ел алдындағы парызының орындалғаны деп білеміз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

2. Сыздықова Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-пресс, 2014. – 348 б.

Академик Рәбиға Сыздықтың Абай сөзін зерттеуі

Тымболова А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, доцент

Қазақ тіл ғылымының ірі көрнекті өкілдерінің бірі, ҚР ҰҒА академигі, Түрік тіл қоғамының корреспондент-мүшесі, ҚР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, І дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Рәбиға Сыздықтың қазақ тіл білімінде тұлға ретінде алатын орны, зерттеу бағыттары, ғалымдық қыры туралы «Ғалымға ғашық көзбенен» қаншама дүниелер жазылып жатса да көптік етпейді. Ғалым ұлы ақынның шығармашылық құдіретін ғашық көзбен тамсана талдаса, бүгінде артынан ерген қалың шәкірттері мен көпшілік оқырманы өзіне ғашық көзбен қызыға қарайды. Ғылымынан ғибрат, өмірінен өнеге алуға ұмтылады. Сондықтан ғалымның ғылым майданындағы ғаламат табыстары туралы жаза беру толастамақ емес.

Біз бұл мақаламызда академик Рәбиға Сыздықтың өзінің сөз өрнегін талдағалы отырмыз. Өйткені бейнеттің де зейнеті бар. Қазақтың ұлы ақыны Абай тілінің көркемдік бітімін, сөз қисынын айрықша күш жұмсап, терең талдаған ғалымның бүгінде өзінің де

сүбелі сөз өрнегін салғаны анық. Сондықтан мақаламызда ғалымның аса күрделі тақырып – Абайдың көркем тілін зерттеген еңбектеріндегі майдан қыл суырғандай сұңғыла ізденгіштігін, соны түренге соқпақ салып, Абайдың сөз өрнегін сарыла саралағандағы өзіндік мұраларының қолтаңбасын, ақын шығармаларының бүкіл тілдік болмысын тың әдіс-тәсілдермен жеткізе зерделегенін, яғни «Абайтануға» сіңірген еңбектерін қарастырамыз.

Поэзияны – көркем дүние – сырлы ұғым деп түсінетін ғалымның көңіл көкжиегі Абай өлеңдерін аса ыждаһаттылықпен беріле зерттеп, ақындық, суреткерлік қырын асқан талғампаздықпен талдайды. Абай тілін, оның мәдениеті мен өрнегін, байлығы мен кемелдігін, жатықтығы мен жетіктігін, бейнелілігі мен көркемділігін алсақ, ол заманда оған бұл жағынан теңдесерліктей ешбір ақын жазушы, әдеби тілдің басқа бір үлкен, тұтас ескерткіші болмағандығы анық дегенді қазақтың зиялы қауымы түгелдей дерлік айтты. Осыны жүйке жұлынымен түйсінген ғалым ғұмырының мағыналы бөлігін осы іске жұмсайды.

Жас күнінен соны тақырыптарды, яғни тілдің бейнелік сипатын, сөз құдіретін, төл тіліміздің болмысын зерттеуге баруына ғалымның ғасырлар бойы жиналған халық тілінің күллі байлығын бойына сіңіріп өскен зеректігі де сеп болса керек. Сөйтіп қазақтың әдеби тілінің құнарынан қанып ішкен, сөз жүйесін тауып тіркестірудің, құрастырудың амал-тәсілдерін жақсы білетін ғалымның өзіндік сөз кестесінің көркемдігі ұлы ақынның тілін талдауға мүмкіндік берген сияқты.

Абайтану ілімінің алғашқы деректері алдымен Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлының мақалаларынан бастау алып, бүгінде арналы ізге түскен. Әсіресе 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрыңғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», -деп аса жоғары баға берген А. Байтұрсынұлының мақаласынан кейін қазақ ғылымында ұлы ақынның мұрасын індете зерттеу басталып кетеді.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің тәлімін көрген Рәбиға Сыздық ұстазының мына сөзін еске алып отырады: «Сіздер бастауыш, баяндауыш, зат есімдерді зерттей бересіздер, зерттей бересіздер. Солардың бәрін зерттеп болған соң не істейсіздер? Тіл білімінде тек қана бастауыш пен баяндауыш емес, басқа да зерттейтін тұстары бар ғой. Басқа тақырыптарға неге көшпейсіздер?» дегенді ол кісі осылайша тұспалмен жеткізді. Содан мен тың тақырыпты іздеуім керек екен деп іздене бастадым», -дейді ғалымның өзі беріп жүрген сұхбаттарында. Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген сұңғыла суреткердің осы сөзінен кейін ғалым Р. Сыздық та Абай шығармаларының тілін зерттеуге белін бекем буады.

Әрине ғалым өзіне дейінгі зерттеулерді қопарады. Абайдың тілі туралы тұңғыш пікір айтқан орыстың көрнекті ғалымы П. М. Мелиоранскийдің, одан кейінгі ақын шығармаларының идеясын, тақырыбын, мазмұнын талдаған барлық еңбектерге зер салады. Мазмұнның формасына, яғни қаламгер тіліне үңілу содан кейін басталады.

Ұлы ақынның тілі туралы жалпы пікір айтылып жүргенмен, Абай шығармалары тілінің өзін талдап-таныту, оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де индивидуалдық ерекшеліктерін зерттеу кемшін боп тұрған тұста, ғалым ақынның тілін құрылымдық жағынан талдау арқылы қазақ әдеби тілінің белгілі бір кезеңдегі сипатын тануға болатындығын көрсетті, оның тілдегі дайын тұрған қалып-нормаларды пайдаланушылардың бірі емес, яғни образдарының тыңдығы, өлеңнің ритмикалық-

интонациялық жағынан да бұрынғы дәстүрден шығып, құбылып келуін бағамдап, сапалық жаңа түрдің іргетасын қалағандығын дәлелдеді.

Мұхтар Әуезов Абайдың ақындығы жөніндегі пікірлерінің үлкен бір түйінін 1934 жылғы «Абай ақындығының айналасы» атты еңбегінде айрықша атап өтеді. Жазушы Абайдың тілі туралы дәлелді сөзін де сол тұста айтады. Мұнда Абайдың «шағатайша» өлеңдерін, олардың тілін өзге мұраларынан бөліп қарап, шағатай әдебиеті үлгісіне, соның әсері мен тіліне Абай таза еліктеу нәтижесінде келгенін, ақынның поэзия есігін қағар шақта ізденген, бірақ үйрену орнына еліктеген әрекеті екенін айтады.

Қазақтың құлагер ақыны І. Жансүгіров те молда, қожалы ауылда өскен, дін мектептерінде оқыған Абайдың кітаби өлеңдер тілінен, шағатай тілінен әсер алуы заңды екенін көрсетеді. Міне осы екі суреткердің пікірлері Абайдың тілі жөнінде кейінгі ой айтушыларға бас ноқта болғаны үнемі айтылады. Бұл ретте Абай ең алдымен өз тұсында көріне бастаған кітаби тілді емес, қазақтың халықтық тілін мақсатты түрде жете қолданғандығын ғалым дәлелдеп береді.

Сондай-ақ ғалым қазақтың жалпы әдеби тілі, жазба әдеби тілі, қазіргі әдеби тіл дегендердің барлығы бір категория емес, қазақтың әдеби тілі Абайдан да бұрын басталған деген пікірін тұшымды дәлелдейді.

Бұны М. Әуезов те Абайды «қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі», екіншісі – «қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы» [1, 141], -деп сипаттайды. Суреткер Абай – әдеби тілді бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен классик деп білеміз деп атап көрсетеді.

Абай тілін сонау 30-жылдары Қ. Жұбанов бастап, бертініректе С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов тәрізді тіл мамандары едәуір қарастырды. Солардан кейінгі Абайдың тілін ғана емес, жалпы әдебиеттегі орнын дұрыс бағалап, тану үшін зор үлес қосқан еңбектерді саралап, Абайдың сөз қолданысындағы өз қаламына тән жеке сәттерін көрсету мен өлең құрылысына қатысты тілдік элементтерді жалпы тұжырымнан нақтылы талдауға бет бұрған бірегей ғалым Р. Сыздық деп айтуымызға болады.

Академик Р. Сыздық Абай тілін танудың қырларын талдауда өзіне тән көркемдік қолтаңбасын, яғни ақынның «шығармашылық контекстін» дербес қарастырады. Ғалым бұл арада грамматиканың өлеңдегі үлесін (И. Благой) анықтауға ұмтылып, ақын поэзиясын талдауда өзіндік жол іздейді. Сөйтіп Абай өлеңдеріндегі эксплицитті (анық) және *имплицитті (жасырын) мағыналарды ашады*. Абайдың байырғы қазақ әдеби тілінің үлгісін жақтап, сол дәстүрді әрі қарай дамытқандығын дәлелдеп береді.

Абайдың өлеңдерінде халық тіліндегі үйреншікті өрнектер де, ана тілінің рухына сай, оған ешқандай да жаттығы жоқ жаңа үлгілердің тоқайласып отыратындығын және олардың өзара бір-бірімен үндесіп кететіндігін жарқырата көрсетеді. Кандидаттық, докторлық диссертациясын Абайдың шығармаларының тілінен қорғап, ақын туралы үш үлкен монография, 30-40 шақты мақала жариялаған ғалым Абайдың тілін зерттеу арқылы қазақ әдеби тілінің бір кезеңін өркендетеді.

Бүгінде көрнекті ғалымның тіл ғылымындағы өзге еңбектерінен бөлек, «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксисі» (1970), «Абайдың сөз өрнегі» (1995), «Абай тілі сөздігі» (1968) атты зерттеулерінің өзі академик Рәбиға Сыздық

стилін талдауға негіз боларлықтай дәрежеге жетті. Ғалым «Абайдың сөз өрнегі» (1995) еңбегінде ақын шығармаларының тіл өрнегіндегі, сөз кестесіндегі сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру тәсілдерін талдайды. Абай өз шығармаларында 6 мыңдай сөз қолданған деп жазады ғалым. Бұдан ақын тілі кедей екен деуге болмайды. Өйткені, қандай үлкен жазушы болса да, өзі білген сөздерді орынды-орынсыз жұмсамайды, тақырыбына, айтпақшы ойына қатысы бар сөздерді ғана қолданады. Шындығында, Абай қазақ сөзін шығармаларында қолданылған сөздердің аясынан әлдеқайда көп білген. Бірақ оларды тегіс қолдана алмаған. Осы себептен де Абай қолданған сөздердің кейбіреулері аса жиі, кейбіреулері тіпті сирек кездесетіндігін санамалап көрсетеді. Соны көрсету мақсатында ғалым ақын тілінің жиілік сөздігін жасап, ондағы сөздердің статистикалық мәніне терең үңіледі. Мысалы, аллаға сиынған ақынды өмірді сүйген, әр нәрсеге үмітпен қараған суреткер дей келіп, оның Алла сөзін 133, Құдай 160, Тәңірі 43 рет кездеседі деп анықтап, бұл сөздерді актив қолданғандығын айғақтайды [2, 71].

Абай өлеңдерінің құрылымдық жүйесін синтаксистік тұрғыдан кешенді талдауын ғалымның табысы деп бағалауға болады. Бұл орайда ғалым алдымен өлең табиғатының қара сөз құрылымынан түбірлі айырмасын ашып көрсете отырып, өленді фразаны қарапайым синтаксис категорияларына бұтарлай салмай, өзіне тән тәсілдермен байланыстыра зерттейді. Мысалы, «Асау терек *долданып, буырқанып,* тауды *бұзып* жол салған, тасты *жарып,* арыстанның жалындай бұйра толқын, айдаһардай *бүктеліп, жүз толғанып*» деген жолдар арқылы ақынның өлеңдерінде етістік ұйқастардың көпшілігі тиянақты баяндауыштар емес, не пысықтауыш, не бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыштары болып келеді дейді. Абайдың етістіктің өзге тұлғаларын да активтендіргенін, әсіресе *да* шылауымен келген шартты рай тұлғасын («Жарқ етпес қара көңілім не қылса да»), барыс септіктегі *–у* жұрнақты тұйық етістік («Интернатта оқып жүр»), жатыс, барыс септіктеріндегі өткен шақ есімше («Қансонарда»), *-мақ* жұрнақты тұлғалардың («Тоты құс түсті көбелек») ұйқас құрауға жиі қатыстырғандығын анықтайды [3, 372]. Ғалым Абай өлеңдері құрылымының синтаксисі күрделілігі, көркемдік эффектілігі жағынан поэтикалық дәстүрден де асып түсетін, кейінгі қазақ поэзиясына бағдаршам бола алатын дәрежеде деп тұжырымдайды.

«Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» еңбегінде *–мақ, -ар* жұрнақты тұлғалар шағатай не татар тілдерінің элементі емес, қазақтың Абайға дейінгі ауызша тарап келген әдеби тіліне тән, тіпті ауыз әдеби тіліне хас норма. Сондай-ақ *тын, тұғын (баратын, баратұғын), мен, менен (тау менен тас), да, дағы (барды да, барды дағы)* сияқты қатарларды өлең шарттарына (өлшем, ырғақ, ұйқасқа) қатысты» деп тың пікір ұсынады. Сондай-ақ ақынның бір ғана *-сы* жұрнақты туынды етістікті стильдік тұрғыдан қалай поэтикалық образ тудыруда қолданғандығының өзін тәптіштеп талдайды. Абай қолданыста бар *бәлсіну, сәнсіну, керексіну* деген сөздердің орнына *бәлсу, сәнсу, керексу* деген жаңа тұлғаларды ұсынады. «Ел керексіп, сөзге емексіп, не болады мақтаның» дегенде Абай елді шын мәнінде керек етуді емес, көлгірсіп, керек еткен болғансып мақтан қуғанды айтпақ болған дейді. Ақын өлеңдерінде кездесетін *еркесу, серкесу* (Еңбегі жоқ еркесіп, бір шолақпен серкесіп), қайраттысып (қайраттысып, қамқорсып, сайманымды бүтіндеп), *жарамсақсу, салғыртсу, әсемсу, сәнсу* деген тілдік тұлғалардың барлығы Абай тіліне тән деп дәйектейді.

Абай образды тұрақты тіркестерді поэтикалық экспрессияның құралы ретінде жұмсаудың шебері екендігін санамалап қарастырады. Мұндай жаңа фразеологизмдерді

жасауда *(ұяттың күзетшісі, тентек жиын, саңырау қайғы, адам сауу, қорлыққа жығылу, көңілге ажым салу, т. б.)* Абай семантикалық өрісі әртүрлі сөздерді шебер жымдастыра қолданғандығын бағамдайды. Бұл мысалдардың осылайша жете талдануы академиктің өзіндік соны ізденістерінің жемісі. Көркем шығарманың микро және макродүниесі тұтас алынғанда ғана оның мазмұны, тілдік көрінісі, яғни поэтикалық әлемі айқын ашылатындықтан, ғалым зерттеу барысында ұтымды тың тәсілдердің барлығын қолданады.

Ақын тіліндегі көріктеу құралдары мен амалдары арқылы жасалған поэтикалық образды сөздерді, яғни металогия тәсілімен туған сөз образдарға тәнті бола отырып талдайды. «Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз, түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деп Абайдың өзі айтқандай, образдың эстетикалық өрісін талдағанда ақынның соны эпитеттерді молырақ ұсынғандығын, оқырман сезіміне әсер ететін, белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған қазақша құбылту деп атап жүрген троп түрлерінің, яғни эпитет, метафора, метонимия, перифраз, т. б. экпрессивті элементтерді тауып, жарқырата көрсетуі де ғалымның тереңдігін танытады.

Абай мұрасындағы халыққа түсініп оқуға кедергі жасайтын араб, парсы сөздеріне, көне сөздер төркінінің қатпарына үңіле отырып, түсініктеме береді. Демек, академик Р. Сыздық – ұлы ақынның тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен көне сөздердің байырғы мағыналарын ашып, олардың семантикалық өрім-өзгерістерін саралау арқылы қазақ халқының ұлттық рухани болмысында өзіндік қолтаңбасын айқындаған бірегей ғалым. Ғалымның тілдік тұлғасының көркемдік әлемі бүгінде сүбелі ғылыми еңбектер мен зерттеу мақалаларына айналды. «Абай қолданған амал-тәсілдердің ерекше эстетикалық астарын, түрленіп, құбылуын ғылым тілімен жеткізіп, әр сөздің ішкі бояуын жарқырата ашып түсіндіру оңай емес-ті. Абайды ұғыну, жаңа қырынан тану үшін оған дейінгі сан ғасыр халық кәдесіне жараған көркем әдеби дәстүрді игеру, барды бағамдау, сонан соң таразының екінші басына ұлы ақынның тапқаны мен ашқанын тартып, безбендеу қажет болды» (Момынова Б. «Ана тілі» газеті. 29 қазан, 2009). Ғалымның Абай тілін талдаған еңбектеріне бүгінде ғалым-әріптестерінің берген осындай пікірлерінің өзі бір еңбекке жүк боларлықтай жиналды.

Сонымен, Абайдай сөз иесінің шығармаларына әдеби-лингвистикалық (лингвостилистикалық) зерттеу жүргізуінен ғалымның өз қаламына тән шеберлік зертханасының шымырлығын, қолтаңбасының даралығын байқаймыз. Абай тілін танып-зерттеуге тікелей қатысты, маңызды зор мәселе – текстологиялық зерттеулер болса, ғалым бұл тұста да қыруар шаруа атқарады. Абайдың авторлық қолданысын тануға көмектесетін қаншама бұрмаланып берілген сөздерді түгендеп, олардың дұрыс нұсқасын жинақтап, талдайды.

Қорыта келгенде, есімі Қазақ ССР-інің «Құрметті Алтын Кітабына» жазылған, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты академик Рәбиға Сыздық – өзінің қажырлы еңбегі мен қабілетінің арқасында қазақ тіл білімі дамуына жаңа жол салған, бағыт берген, Абайдай дара ақынның сөз өрнегін зерттеу арқылы өзінің де сара сөз өрнегін қалыптастырған, қазақ тілінің ұлттық болмысын, ұлттұтастырушылық қызметін қалыптастыруда орасан үлес қосқан көшбасшы тілдік тұлға.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әуезов М. Абай мұрасы жайында // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. 1951. №2 (71). - 128-б.

2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі // Сыздық Р. Көп томдық шығармалар жинағы. Екінші том. -Алматы, 2014. -571б.
3. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. - Алматы, 1968. - 334б.

Қазақ тілінің абыз анасы – Рабиға Сыздықова

Доц. Др. Эсра ЯВУЗ АДЖАР
Нигде Өмер Халисдемир университеті
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті
Қазіргі түрік диалекттері мен әдебиеттері кафедрасы
Нигде/ Түркия

Рабиға Сыздықова – Қазақстанның жетілдірген ең маңызды тіл мамандарының бірі. Ол бар ғұмырын Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнетдин Мұсабаев сияқты тіл ғалымдарының дәстүрі бар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының шаңырағында өткізіп, Тюркологияның маңызды мәселелерімен айналысты.

Қазақ тілі және түркологиясы туралы отыз жылдан астам уақыт ішінде отыздан артық кітап және үш жүзден артық мақала жариялады. Қазақстанның және шет елдердің әртүрлі университеттерінде дәрістер оқыды. Ол өз елінде және шетелде көптеген конгресстерге, конференцияларға және симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады.

Сыздықованың зерттеулерінің ең маңыздысы – қазақ әдебиетінің жетекші тұлғаларының бірі болған Абай Құнанбайұлы туралы зерттеулер. Сонымен қатар оның қазақ ауыз және жазба әдебиеті шығармалары туралы грамматикалық зерттеулері, қазақ әдеби тілінің тарихы мен сөздік құрамы, тілі, емле және емле ережелері туралы зерттеулері қазақ тілінің көптеген мәселелерінің шешімін тапқан маңызды ғылыми зерттеулер болып табылады.

Саналы ғұмырын білімге арнаған белгілі тіл жанашыры Рабиға Сыздықованың қазақ тілі және түркология ғылымының маңызды мәселелерін қозғайтын отыздан астам кітабы мен үш жүзден астам мақаласы жарық көрді. Олардың барлығын бөлек қарастыру мүмкін болмағандықтан, зерттеуде тек академиялық кітаптары қарастырылды.

«Абай шығармаларының тілі» атты еңбегі 1968 жылы жарық көрді. Бұл кітапта, Абайдың өмір сүрген кезеңі және Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі туралы мәліметтерден кейін Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің сөздік құрамы берілген. Бұл шығармада Абайдың туындыларында кездесетін ескі сөздерге, қазақ тіліне енгізген түрікше, араб, парсы, орыс сөздеріне, шығармаларында қайта жаңғыртылған сөздерге, тақырып жағынан жіктелген сөздерге назар аударылады. Одан кейін Абай шығармаларында қолданылған тіл морфология жағынан да, синтаксис тұрғысынан да қарастырылады. Мұнда Абайдың поэтикалық тілінде, әсіресе, прозасында әдеттен тыс кейбір грамматикалық құрылымдар, олардың мазмұны, қолданылу себебі ашылады. 2014 жылы жарық көрген жаңа басылымда осы тақырыптардан бөлек Рабиға Сыздықованың «Абай: энциклопедия»сындағы мақалалары да қамтылған.

Оның «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты еңбегі 1970 жылы жарық көрді. Еңбекте қазақ поэзиясы мен Абай поэзиясының синтаксистік құрылымы жан-жақты қарастырылған.

«Сөздер сөйлейді: Сөздердің қолданылу тарихынан» атты еңбегі 1980 жылы жарық көрді. Шығармада батырлық пен ғашықтық дастандарында, өткен дәуір ақын-жырауларының шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін көп мағыналы немесе түсініксіз сөздердің контекстік қолданысы, шығу тегі, мағынасы ашылады.

«Жазушы және сөз мәдениеті» атты еңбегі 1983 жылы басылды. Зерттеу қазақ әдеби шығармаларындағы тілдің ұлттық заңдылықтарын енгізуге, бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясына арқау болып отырған тілдік дәстүрлерді түсіндіруге тырысады, сонымен бірге бүгінгі әдеби шығармаларда кездесетін мағына мен стиль қателері көрсетілген.

«Сөз сазы: Сөзді дұрыс айту нормалары» атты еңбегі 1983 жылы жарық көрді. Бұл зерттеуде сөздерді дұрыс айту үшін тілдің заңдылықтарын білудің қажет екендігі, оны халыққа, әсіресе жастарға үйретуде, радио, теледидар, сахна өнері және мектептердің үлкен әсері болғанын, сондықтан ұстаздар, шешендер, жүргізушілер және өнер адамдарының ана тілінің ережелерін білуінің және қажетті сөздерді дұрыс қолдана білуінің маңыздылығы егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

А. Алдашева, З. Бейсембаева, Қ. Неталиевамен бірге дайындаған «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» атты еңбегі 1987 жылы жарық көрді. Зерттеуде ауызекі әдеби тілдің сөздік қоры, грамматикалық ерекшеліктері мен көркемдік дұрыс айтылу заңдылықтары ашылып, тіл өркениетін көтеруге ықпал ететін ұсыныстар айтылды.

Оның «Ахмет Байтұрсынов» атты еңбегі 1990-жылы басылды. Зерттеуде XX. ғасырдың басында қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын жазып, әліпбидің негізін қалаушы, қоғамтанушы, ағартушы, журналист, жазушы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, қызметі, ғылыми еңбектері қарастырылады.

М. Қойгелдиевпен бірге дайындаған «Қадырғали би Қасымұлы және оның жылнамалары жинағы» атты еңбегі 1991 жылы жарық көрді. Зерттеуде «Джами ат-теварих», оның тілі, араб әртіннен Кирилл әрпіне транскрипциясы және мәдени жазба және тарихи дерек көзі ретінде Қадырғали би Қасымұлы жазған дастандар мен ғылыми зерттеулер талқыланады.

«Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)» атты еңбегі 1993 жылы жарық көрді. Шығармада қазақ әдеби тілі XV-XIX. ғасырлардағы тарих жүйелі түрде түсіндіріліп, сол кезеңдегі шығармалар, олардың авторлары және олардың мәдени-көркемдік ерекшеліктері жан-жақты таныстырылады.

Оның «Емле және тыныс белгілері» атты еңбегі 1994 жылы басылды. Зерттеуде қазақ тіліндегі дұрыс емле ережелері мысалдар арқылы жан-жақты түсіндіріледі.

Оның «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегі 1995 жылы басылды. Зерттеуде Абай тілі, шығармаларындағы сөз таңдауы, сөз түрлендірулері, сөз ойындары, оның «Қара сөздер» шығармасының тілін қалай жасағаны және Абай тілін оқыту жайы жан-жақты қарастырылады.

«Сөз құдіреті» атты еңбегі 1997 жылы жарық көрді. Зерттеуде М. Әуезов, Т. Ахтанов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, С. Бердіқұлов, М. Мағауин, О. Бөкеев, Ә. Сүлейменов, Қ. Жұмаділов, Қ. Сегізбайұлы сияқты қазақ әдебиетінің маңызды есімдерінің шығармаларында қолданылған тіл негізінде қазақ прозасы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан зерттеліп, әдеби тіл ережелерін бір қалыпқа келтіру қарастырылған.

«Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегі 2000 жылы басылды. Зерттеуде қазақ тілінің емле ережелері, тыныс белгілерінің қолданылу ережелері, тыныс белгілерінің ерекшеліктері сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Оның «Тілдік норма және оның қалыптануы» атты еңбегі 2001 жылы басылды. Зерттеуде тіл өркениеті және оның мәселелері, тіл заңдылықтары, тіл ережелерінің өлшемдері, грамматикалық ережелер, емле ережелері, сөздерді дұрыс айту, сөзді дұрыс айтудың әдебиет пен өнердегі маңызы сияқты тақырыптар қозғалады.

2001 жылы оның «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» атты еңбегі жарық көрді. Бұл зерттеуде «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксисі», «Абайдың сөз өрнегі», «Абай энциклопедиясы» атты зерттеу мақалалары орын алады.

Б. Шалабай және А. Әбіловамен бірге дайындаған «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты еңбек 2002 жылы басылды. Зерттеуде әдеби шығармалар лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады.

Оның «Ясауи Хикметтерінің тілі» атты еңбегі 2004 жылы жарық көрді. Бұл зерттеуде XII. ғасырдың жетекші тұлғаларының бірі Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметтер» шығармасының тілінің сөздік құрамы мен құрылымы, морфологиялық құрылымы, дыбыстық тәртібі мен әдеби формалары зерттеледі. Зерттеудің соңында транскрипция мәтіні, түпнұсқа көшірмесі және сөздік орын алған.

2004 жылы «Қазақ тілінің қазіргісі мен көкжиегі туралы ойлар» атты еңбегі жарық көрді. Өкінішке орай бұл кітаптың мазмұны туралы мәлімет таба алмағандықтан ақпарат бере алмаймыз.

Оның «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты еңбегі 2009 жылы басылды. Бұл зерттеуде қазақтың өткен ғасырларда жасалған бай ауыз әдебиеті туындыларындағы көне сөздер мен ақындардың тіліндегі мағынасы белгісіз сөздер немесе қазіргі кезде басқаша қолданылып келе жатқан сөздер, жаңа құрылымдарда соңғы кезде пайда болған және шет тілдерінен енген сөздер, ғылыми-теориялық критерийлер негізінде қарастырылады.

2017 жылы «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты еңбегі басылды. Бұл зерттеуде бес жүз жылдық тарихы бар, қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін құрайтын ауызша әдеби тіл туралы сөз қозғалады. Зерттеу автордың 1968 жылдан бастап жоғары оқу орындарындағы «Қазақ әдеби тілінің тарихы» курстарында оқытылатын оқу құралының кеңейтілген нұсқасы болып табылады. Автор бұл зерттеуді оқулықтағы талдаулар мен түсіндірулерді кеңейтіп, мысалдар санын көбейту арқылы жасаған. Зерттеуге Абай энциклопедиясында жарияланған мақалалар да енген.

Қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы осы және ұқсас жан-жақты ізденістерінің арқасында Сыздықова қазақ әйелдері арасында тіл білімі саласында жаңа белестерді бағындырып, 1979 жылы 6 сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Рабиға Сыздықова, Алаш Орда үкіметінің есебінде тұрғаны үшін 1937 жылы «халық жауы» атанып, тұтқындалып, атылған әкенің баласы болудың қиындығын бастан кешірді. Алайда анасы Жеміс Калуқызы мен үлкен ағасы Хамит Куткожиннің қолдауының, сондай-ақ өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында ол жұмыстан ешқашан қол үзген емес. Әрине, оның табандылығымен, қажырлылығымен атқарған еңбегі бағаланған. Кеңестік кезеңде де, Тәуелсіздік тұсында да көптеген марапаттар мен медальдармен марапатталған.

1994 жылы зейнеткерлікке шықса да, ғылыми өмірін конференциялар, түрлі газет-журналдарда жарияланған мақалаларымен жалғастырған Проф. Др. Рабиға Сыздықова 2020 жылы 4 шілдеде өмірден өтті. Ол мынау дүниеден көшіп кетсе де, оның есімі ешқашан өлмейді, шығармаларының арқасында ұрпақтан ұрпаққа көшіп, жалғаса береді. Рабиға Сыздықова Кеңес Одағы кезінде де, Тәуелсіздік тұсында да қазақ тілі және

түркология саласында үлкен қызметтер атқарды. 1950 жылдардан бері ол білім саласында да, оқуда да көп нәрсеге қол жеткізді. Бұл зерттеулердің көбін ол дәстүрі бар «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында» жұмыс істеген кезінде шығарды.

Оқу-ағарту саласында әліпби, емле мен жазу ережелері, әдеби тілдер тарихы сияқты пәндерден оқулықтар дайындады. Академиялық тұрғыда тіл тарихы, лексика, ауызекі сөйлеу тілі, сөздерді дұрыс қолдану, сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихындағы маңызды атаулар шығармаларының тіліне қатысты морфология, сөйлем тану сияқты пәндермен жұмыс жасады. Осы зерттеулердің ішіндегі ең маңыздысы – оның Абай шығармаларының тіліне қатысты зерттеулері. Әсіресе оның Абай туралы дайындаған бұл еңбектері Абайды, оның шығармаларын қазақ халқына таныту, түсіндіру жағынан өте құнды**.** Оның үстіне мұндай құнды ғалымды және оның еңбектерін түркі әлеміне танытудың маңызы зор. Бұл тұрғыда қазақ тілі мамандары мен қазақ халқына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Rabia Sızdıkova'nın kazak edebî dilinin tarihi adli eserinin türk dil tarihçiliği açisindan önemi

Doç. Dr. Metin Demirci
Türk Dili ve Edebiyatı Öğretmeni Nazim Doğruer

Bilindiği üzere Türk dili tarihi, Osman Nedim Tuna'nın tespitine binaen çivi yazılı Sümerce tabletlerdeki alıntı kelimeler şeklinde bilinen ilk örneklerine rastlanan, coğrafya olarak Moğolistan ve Çin içlerinden Avrupa'nın ortalarına, Sibirya'dan Hindistan ve Kuzey Afrika sahasına kadar yayılmış olan Türk dilinin tarihidir. Türk dili tarihi günümüzde Asya ve Avrupa kıtalarında konuşulan ve yazılan Türk yazı dilleri ve bunların ağızlarının tarihî süreçlerini kapsar[1].

Türk dillerinin konuşulduğu coğrafya; Anadolu, Azerbaycan, Kafkasya, İran, Irak, Afganistan, Batı ve Doğu Türkistan'ın büyük bölümü, güney, kuzey ve batı Sibirya ile Volga bölgesini kapsar. Geçmişte, Türk dilli dünya Karadeniz ile Hazar Denizi arasındaki bozkırları, Kırım, Balkanlar gibi yoğun yerleşim alanlarını da içine alıyordu. Türk dünyasında aşağı yukarı 20 standart dil vardır. [2]

Buran ve Alkaya (2011) Türkçenin konuşulduğu coğrafyayla ilgili: «20-90 doğu boylamları ile 33-65 kuzey enlemleri arasındadır. Bu coğrafya kuş uçuşu doğudan batıya 6-7 bin, kuzeyden güneye 3 bin kilometredir. » şeklinde bilgi vermektedir. [3]

Çeşitli kaynaklarda dil, lehçe, şive ağız gibi farklı sınıflandırmaların[4] yanında Türkiye Türkoloji'sinde artık uzak lehçe ve yakın lehçe grupları olarak tasnif edilen[5] geniş bir coğrafyaya, çok eski tarihlere kadar giden Türk dilinin kökeni ile ilgili çalışmalar ve her bir lehçe

[1] Türk Dilleri Tarihi, Erişim Linki: https://tr. wikipedia. org/wiki/T%C3%BCrk_dilleri_tarihi, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.
[2] Türk Dilinin Bugünkü Coğrafyası ve Türk Dili Konuşan Halklar, Erişim Linki: https://cdn. istanbul. edu. tr/FileHandler2. ashx?f=10_636783927034211507. pdf, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.
[3] Buran, A. ve Alkaya, E. (2011). Çağdaş Türk Yazı Dilleri I. Anadolu Üniversitesi Yayınları: Eskişehir. S. 14.
[4] Arat, R. R. (1992). Türk Lehçe ve Şiveleri Türk Milletinin Dili. Türk Dünyası El Kitabı, Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları: 121, C. II, Ankara. s. 59-68; Arat, R. R. (1953). Türk Şivelerinin Tasnifi. Türkiyat Mecmuası. Cilt: 10, 59 – 138.
[5] Buran ve Alkaya a. g. e. s. 3.

grubunda yer alan Türk yazı dillerinin ayrıntılı bir şekilde ses bilgisi, biçim bilgisi, söz dizimi ve anlam bilgisi yönünden yapılan çalışmaların yanında Türk dilinin tarihiyle ilgili yapılan çalışmalar da gerek Türk Türkologlar gerekse yabancı Türkologlar tarafından titizlikle yapılmaya devam edilmektedir.

Bu çalışmalardan en önemlisi elde edilen mevcut bilgi, bulgu ve verilerden hareketle Türk dili tarihiyle ilgili çalışmalara ve coğrafyaya hâkim Türk dili tarihi yazarlarının bin bir emek ve zahmetle ortaya koyduğu Türk dili tarihi çalışmalarıdır.

Türkiye'de de bu minval üzere Caferoğlu'nun[6], Ercilasun'un[7], Akar'ın[8] ve Üstüner'in[9] Türk dili tarihi eserleri önemli eserlerdir. Bunun dışında Türk dilinin tarihi olarak dönemlendirilmesi ve isimlendirilmesiyle ilgili yöntem, teknik, kullanılan terimlerle ilgili farklılık ve benzerlikleri ele alan Karademir'in[10], Berbercan'ın[11], Heyet'in[12], Johanson'un[13]ve Ölmez'in[14] çalışmaları da vardır.

Her bir lehçe grubunda yer alan müstakil yazı dillerinin kendi dil tarihlerini ele alan çalışmaların yanında genel anlamda Türk dilinin yaşı, tarihi, tarihi dönemlere ayrılması yani dönemlendirilmesi, bu dönemlerin isimlendirilmesi, bu dönemlerde eser veren yazar ve şairler ve de onların eserleri aynı zamanda geçmişten günümüze kadar gelen tarihi buluntular ve eserler, bunların yanında sözlü ve şifahi kültürle günümüze kadar ulaşmayı başaran anlatılar, söz varlıkları, bunların bilinmesi, bir araya getirilmesi, tasnif edilmesi, benzerlik ve farklılıkların tespiti buna dayalı olarak dilimizin tarihinin yazılması oldukça meşakkatli bir iştir. Bu meşakkatli işin üstesinden gelerek bir Türk Dili Tarihi yazın müstesna kişilerden biri de Kazak Türkolog Rabia Sızdıkova'dır. Kazakistan Türkolojisinin en önemli isimlerinden ve «Kazak dilinin bilge anası» olarak kabul edilen Rabiğa Sızdıkova ve onun Kazak Edebî Dilinin Tarihi (15-19. Asırlar) adlı 15-19. Yüzyıllar arasını kapsayan eser, özelde Kazak Türkçesi ve Türkoloji'si genelde Türk dili ve Türkoloji için önemli bir yere sahiptir. Eser, Türkiye'de yazılan Türk dili tarihi eserleriyle karşılaştırma açısından da önem arz etmektedir. Elimizde bulunan eser Almatı'da El-Şecire yayınları arasında 2014 yılında yayımlanmıştır. Eser 1993'te 320 sayfa olarak 204'te 348 sayfa olarak yayınlanmıştır.

Her bir lehçe grubunda yer alan Türk yazı dilleriyle ilgili yazılan dil tarihi kitapları genel Türk dili tarihini yazmak için önemli kaynaklar olarak değerlendirilmelidir. Aynı zamanda Türk dünyası olarak, yazılan bu Türk Dili tarihi kitaplarını yazmak kadar bu kitapların diğer Türk devletlerinde konuyla ilgilenen araştırmacılar tarafından varlığından haberdar olma daha doğrusu varlığından haberdar etmek de önemli bir çalışma olarak karşımıza çıkmaktadır. Bu aynı zamanda her bir Türkolog'un görev sorumluluğudur denilebilir. Bu görev sorumluluk bilinciyle

[6] Caferoğlu, A. (2001). Türk Dili Tarihi I-II. İstanbul: Alfa Yayınları.
[7] Ercilasun, A. B. (2004). Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Ankara: Akçağ Yayınları.
[8] Akar, A. (2006). Türk Dili Tarihi. İstanbul: Ötüken Neşriyat.
[9] Üstüner, A. (2015). Türkçenin Tarihî Gelişmesi. İstanbul: Bilge Kültür Sanat Yayınları.
[10] Karademir, F. (2016). Türk Dilinin Tarihî Dönemlerini Adlandırma Sorunu. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi, 5(2), 545-564.
[11] Berbercan, M. T. (2014). Türk Yazı Dilinin Tarihî Dönemleri ve Orta Türkçenin Yeri Meselesi. Tarih Okulu Dergisi, 17, 765-783.
[12] Heyet, C. (2008). Türk Dilinin ve Lehçelerinin Tarihî Seyri (Çeviren: Mürsel ÖZTÜRK). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
[13] Johanson, L. (2001). Türk Dünyasının Sınırları: Türk Topluluklarının Gelişmesinde Bağlayıcı ve Ayırıcı Unsurlar (Çeviren: Nurettin DEMİR). Türkbilig, 2, 168-177.
[14] Ölmez, M. (2003). Türkçenin ve Türk Dillerinin Yaşı Konusu. Toplum ve Bilim, 96, 62-74.

bu tür kaynak kitapların alanında uzman kişiler tarafından diğer Türk lehçelerine aktarılması gerekiyorsa oralarda yayımlanması Türk dili için eşsiz bir hizmet olacaktır.

Bu vesileyle yüksek lisans öğrencim Nazim Doğruer'e Kazakistan'da okuyup oradan mezun olduğu için böyle bir duygu ve düşünceyle Kazak Türkçesiyle ilgili yazılmış ama Türkiye Türkçesine aktarılmamış bir dil bilgisi kitabı üzerine çalışmasını ve Türkiye Türkçesine aktarmasını söylemiştim. Yaptığı çalışmalar neticesinde Rabia Hoca'mızın *Kazak Dilinin Edebî Tarihi* adlı eseri üzerine çalışmaya karar verdi, böylece *«Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova Ve «Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar)» Adlı Eseri Üzerine»* adlı yüksek lisans tezini[15] yazdı ve mezun oldu. Bu vesileyle Rabia Hoca'mızın dil tarihi tezde Türkiye Türkçesine aktarılmış oldu. Tezin Giriş kısmında Türkoloji, Kazak-Sovyet Türkolojisi, Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova, hayatı, Rabiğa Sızdıkova ve Türkoloji, Rabiğa Sızdıkova'nın eserlerinin kronolojik listesi, editörlüğünde çıkarılan eserler, danışmanlığında hazırlanan doktora tezleri, danışmanlığında hazırlanan yüksek lisans tezleri, hayatı ve çalışmaları hakkında yazılan bilimsel yazılar hakkında bilgilere yer verildi. Daha sonra ise Kazak Edebî dili ve tarihi hakkındaki diğer çalışmalara değinilmiş ve Sızdıkova'nın görüşleriyle diğer araştırmacıların görüşleri karşılaştırılmıştır. Tezde Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar, 2014) adlı eserde Rabia Sızdıkova'nın Kazak edebî dili ile ilgili ölçütler ve kullandığı yöntemler değerlendirilmiştir. Yine tezde *Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar, 2014)* adlı eserin aktarımı yer almıştır. Ekler bölümünde ise aktarımı yapılan kaynak eserin iç ve dış kapak görselleriyle Sızdıkova'ya ait fotoğraflar eklenmiştir.

Türklük bilimi alanında yapılan bu çalışmayla Kazak Türkoloji'si ve Türkiye Türkoloji'si arasındaki bağlara küçük de olsa bir katkı sağlamak, dilimizin araştırılmasına ömrünü adamış, yüce Türk milletine millî bir hizmet sunan sayısız Türklük bilimi araştırmacılarından Kazak Türkolog Rabia Sızdıkova'yı ve Türkoloji çalışmalarını tanıtarak bundan sonraki araştırmalarda onun ilmî çalışmalarından faydalanabilmek amaçlanmıştır.

Daha fazla okur ve araştırmacıya ulaşabilmek amacıyla tezden hareketle uluslararası bir dergide *«Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve Kazak Edebi Dilinin Tarihi Adlı Eseri»*[16] adlı bir makale, ikimiz tarafından yayımlanmıştır. Hem tezde hem makalede detaylı bir şekilde konu, ele alındığı için burada uzun uzun anlatmaktan ziyade bazı önemli hususlar Doğruer'in yukarıda ismi zikredilen tezinden ve Doğruer ve Demirci'nin makalesinden hareketle *Kazak Edebi Dilinin Tarihi* adlı eserin önemi aşağıda verilmiştir:

1. Bilindiği üzere edebî dil veya yazın dili, sözcüklere farklı anlamlar yükleyip sözcüklerin imgesel gücünden yararlanarak estetik duygular oluşturmayı ve bir edebî tarzı yansıtmayı amaçlayan, yazınsal işlevi ağırlıklı olan dildir[17]. Kazak Türkoloji'sinde, edebî dil kavramıyla ilgili Kazak Türkologların farklı görüşler ileri sürdükleri görülmektedir. Bu görüşler, edebî dilin en temel şartının yazılı dil olup olmaması konusu etrafında oluşturulmuştur. Aynı zamanda sözlü dilin de edebî dile temel teşkil edebileceğini savunan araştırmacılar da olmuştur. Kazak Türkoloji'sinde edebî dil kavramıyla ilgili görüş birliğinin olmadığı görülmektedir. Edebî dilin yazılı dil temelinde oluştuğuna dair görüşlerin ağırlıklı olduğunun görülmesine rağmen

[15] Doğruer, n. (2019). Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve "Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar)" Adlı Eseri Üzerine. Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı Basılmamış Yüksek Lisans Tezi.

[16] Doğruer, N. & Demirci, M. (2023). Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve Kazak Edebi Dilinin Tarihi Adlı Eseri. Asya Studies-Academic Social Studies / Akademik Sosyal Araştırmalar, 7(26), 125-140.

[17] Edebi dil, Erişim Linki: https://tr. wikipedia. org/wiki/Edeb%C3%AE_dil, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.

Sızdıkova'nın çalışmasında doyurucu kanıtlarla ortaya koyduğu düşünceleri, son zamanlarda Kazak Türkoloji'sinde en çok benimsenen görüşler olmuştur. Böylece Rabia sızdıkova'nın yazdığı dil tarihinde aslında ne kadar bilimsel bir yöntem kullandığı ve Kazak Türkoloji'sine katkı sağladığı görülmektedir.

2. Malum olduğu üzere bütün dünya dillerinin sözlü bir dönem geçirdiği sonradan yazı dili olarak ortaya çıktığı görülmektedir ancak bir dilin edebi dil olarak doğuşu bu sözlü dönemle mi olmuştur ya da yazı dili olması sonrasında mı edebi dil olma özelliğini kazanır düşüncesi irdelenen düşüncelerdendir. Kazak Türkoloji'sinde edebî dil kavramı dışında, farklı görüşlerin ileri sürüldüğü bir başka konu da Kazak edebî dilinin başlangıç noktasıdır. Türkolog, *Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi- 15- 19. Ğasırlar* adlı çalışmasının ilk basımını 1993'te (2. basımı 2004) yapmış ve kendi dönemlendirmesini sunmuştur. Bu çalışmasında, Kazak edebî dilinin gelişim tarihini önce iki ana döneme ayırmış ve birinci dönemi kendi içinde iki aşama olarak göstermiştir. Aynı şekilde, ikinci dönemi de kendi içinde iki aşamaya ayırmıştır. Rabia Sızdıkova'nın dil tarihindeöncelikle sözlü dilin edebî dile kaynaklık edeceği belirtilmiş ve Orhun ve Yenisey yazıtları gibi eski Türkçe, *Kodeks Kumanikus, Kitabü'l İdrak li- Lisani'l Etrak, Et-Tuhfetü'z Zekiyye fi'l- Lügati't Türkiyye, Kutadgu Bilig, Dîvânu Lügâti't –Türk, Atabetü'l Hakayık, Kısasü'l Enbiya, Gülistan, Hüsrev vü Şirin ve Muhabbetnâme* gibi orta Türkçe yadigârları söz varlığı, dil ve üslup açısından incelenmiş ve bu eserlerin Kazak edebî dilinin ana kaynakları olduğu belirtilmiştir.

3. Kitapta 15 ve 17. yy. da Kazak halkına hizmet eden dilin özellikleri ortaya konmuş ve Kazak edebî dilinin temelini oluşturan sözlü ürünlerin dilini incelemedeki güçlüklere değinilmiştir. Asankayğı ve Kaztuğan (15. yy.), Şalkıyiz ve Dospambet (16. yy.), Şoban, Jiyembet ve Marğaska (17. yy.) gibi şairlerin sözlü geleneğe dayanan şiirleri dil özellikleri ve edebî açıdan incelenerek bu sanatçılar, özgün Kazak edebî dilinin ilk temsilcileri olarak gösterilmiştir.

4. Kitapta eserlerin söz varlığı art zamanlı ve eş zamanlı incelenmiş, dil özellikleri ve sanatsal yönleri ortaya konmuştur.

5. Ebulgazi Bahadır Han'ın *Şecere-i Türkî* ve Jalayır Kadırğali Bey'in *Jami'at- Tavarih / Cami'üt Tevarih* adlı şeceresini örnek göstererek Kadırğali Bey'in *Jami'at- Tavarih*'ini söz varlığı ve dil özellikleri açısından incelemiştir. Yazar, yazılış yılının 1600-1602 yılları arası olduğunu belirttiği bu eserin eski Kazak yazı dilinde günümüze ulaşan ilk nesir örneği olduğunu belirtmektedir.

6. Söz varlığı ve bu alandaki değişimlere değinildikten sonra Arapça, Farsça ve Rusça kelimelerin Kazak Türkçesindeki durumu tartışılmıştır. Daha sonra kelime türetme yöntem ve şekilleri incelenmiştir.

7. Kazak millî edebî dilinin temellerinin atılmasında Altınsarin ve Abay'ın önemine değinilmiştir. Altınsarin'in Kazak millî yazılı dilinin gelişmesindeki rolü irdelendikten sonra Abay'ın şiir dili, üslubu, sanatsal gücü örnek parçalar üzerinden incelenmiş ve Abay'ın bu yeni edebî dilin kurucusu olduğu vurgulanmıştır.

8. Kitabın son bölümü üç alt başlığa ayrılmış ve Kazak dilinin araştırılması meselesiyle yazım ve imla konusu ele alınmıştır.

9. Sızdıkova'nın çalışmasında üzerinde durduğu diğer bir konu ise Kazak dilbilimindeki terim konusudur. Türkçe olmayan terimler için teklif etmiş olduğu terimleri bilimsel boyutlarıyla açıklamış ve kendi çalışmalarında bunları kullanmıştır.

10. Kazak Türkolog bu çalışmasıyla Kazak Türkolojisinde, kendi zamanına kadarki bazı bilimsel görüşlerin değişmesini sağlamıştır.

11. Sızdıkova, Kazak edebî dilinin başlangıcı ve dönemledirmesi konusunda yeni bir bakış açısı getirmiştir.

12. Sızdıkova, incelemesinde daha önceki bazı tasnifleri vermiş, bu tasniflerin eksik yönlerini dile getirerek kendi tasnifini sunmuştur.

13. Sızdıkova'nın halkın konuşma dilini sözlüklerin temeli olarak görmesi yine farklı bir bakış açısı olarak düşünülebilir. Türkolog, *Kodeks Kumanikus, Tercüman-ı Türkî ve Arabî, Kitab'ül İdrak Li-Lisani'l Etrâk, Et- Tuhfetü'z Zekiyye fi'il- Lügati't Türkiyye* gibi sözlüklerin konuşma dilini yansıtan eserler olarak kabul edildiği gerçeğinden hareketle bu eserlerdeki Türkçe kelimelere ve muhtevaya dikkat çekmiştir.

Авторлық ауызша әдебиеттегі тілдік фактор

Мәдібаева Қ.
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
Мұхамади Қ.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Академик Рәбиға Сыздық тіл тарихын әдебиет тарихы мәселелерімен ұштастыра зерттеді. Әдеби мұраны дәуірлік алғышарттарда, қазақ сөз өнерінің төлтума айрықшалығында танып, игерудің елеулі ғылыми бағытында Рәбиға Сыздық қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу, әдеби шығармашылықты жанрлық, көркемдік даму заңдылықтарында ғылыми жүйеде жіктеу ұстанымдарында қайсыбір мәнде қазіргі уақытта да өзектілігі сақталып отырған іргелі ғылыми проблема – авторлық ауызша әдебиет мәселесінде нақтылы байлам, болжамдар айтты. «Қазақ әдебиеті тарыхының 1 томын жазушылар Абайға дейінгі қазақ поэзиясын әдебиетке («литература» дегенге) қоспайды, оларды «халық өлеңдері» («народные песни») деп табады да, ақын-жыраулардың «өлеңшілер» («песенники») деп атайды. Бұл жерде «әдебиет» дегенге тек жазба әдебиетті жатқызу принципі тұрғанын байқау қиын емес. Ол, әрине, әдебиетшілердің өз ісі, қай терминді қалайша саралап қолданады, ол - өз ықтиярлары. Бірақ мұның ғылымның өзге салаларын шатастыратын бір жағы бар: егер XIX ғасырдың II жартысына дейін бірнеше ғасыр бойы жасап келген қазақтың көлемі жағынан мол, сипаты жағынан ерекше (өзге түркі халықтармен салыстырғанда), көркемдігі жағынан күшті әдеби дүниесі - ақын-жыраулар шығармашылығы шын мәнінде әдебиет санатына қосылмаса, оның тілі де адеби тілге жатпауға тиіс. Егер олар «халық өлеңдері» ғана болса, тілі де халық мұрасы – ауыз әдебиеті тілімен бір болуға керек. Логикалық байлам осыған саяды, бірақ бұл байламға келіспеуге тура келеді [1, 5].

Рәбиға Сыздық әдебиет ұғымын тек жазба сөзбен бекітіп тастау қазақ сөз өнерінің спецификасына келмейтіні туралы үзілді-кесілді байлам жасады. Әдебиеттің тілінің фольклор тілінен бөлек сапада болатынына жүгінді. Бұл мәнде қазақ әдебиетінің көркемдік шарттарында нақтылы дәйектер келтірді. Авторлық әдебиеттің ауызша да кең тарау ерекшелігінде қазақ сөз өнерінің батыстың теориялық қалыбына сыймайтын айрықшылықтарын ғылыми негізде қисындаудың өзектілігінде Рәбиға Сыздықтың бұл

зерттеу ұстанымы қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық тарихында (З. Қабдолов) елеулі мәнге ие.

«Бұл жұмыс біздің бірнеше жылдар бойындағы ізденістеріміздің жемісі. Осы еңбектің басты-басты нәтижелері өзге авторлармен (М. Балақаев, Е. Жанпейісов) бірлесіп жазған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты кітапта (1968 жылы шыққан) және журналдар мен жинақтарда әр кез жарияланып келген ғылыми мақалаларымызда, жұртшылық талқысына ұсынылған болатын. Нәтижесінде 1984 жылы «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)» деген атпен жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқулық ретінде жеке кітап жарық көрді. Бұл басылым осы кітаптың едеуір толықтырылған, XV-XYII ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы кеңірек баяндалған нұсқасы» [1, 4].

Академиялық, классикалық зерттеу әдіснамасы; әрбір сөз, әрбір оралымда ой түсіріп, түйіп отыратын ғылыми сұңғылалық; асықпай маңыздау міндетіндегі жанкешті жауапкершілік. Ғалым әдеби тіл тарихы бойынша күрделі ғылыми бағыттардың жөнін жүйелеуде сөз теріп, тер төкті. Сөз сырына құлағы түрік қалпынша еңбектенумен ғұмыр кешті. Академик Рәбиға Сыздықтың ана тіліміздің жасау тарихын табандылықпен зерттеу өнегесі өз алдына бір ғылыми бағыт болып қалыптасты. Әлемдік деңгейдегі филолог-зерттеуші Рәбиға Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығы – уақыт көшінде ғылыми құндылығында тұғырдан таймайтын сирек, дара еңбек.

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуінде академик Рәбиға Сыздық ауызша әдеби тілдің ғылыми негіздемесіне айырықша ден қойған. Сол ауқымда авторлық ауызша әдебиеттің туып, қалыптасу, жасау заңдылықтары да ғылыми өрісін кеңейте түсті. «Ауызша тараған авторлы әдебиет» аталымы айналымға түсе бастады. Зерттеу нысанының «ар жағына өтіп», түгесе тергеп, тексеретін дағдысымен ғалым бұл ұғымды таным-түйсігімізге қапысыз қамданып, үлкен еңбекпен сіңірді.

«Үшінші ескеретін жайт – ол авторлы әдебиеттің фольклор дүниесімен қатар өмір сүріп келген фактісі. Екеуінің сақталу, таралу амалы бірдей болғанымен, біздің ойымызша, елеулі айырмашылықтары да бар: біріншіден, авторлы әдебиетте фольклор мұрасын жеткізуге қарағанда еркіндік кемдеу сезіледі. Оның бір себебі ақын-жыраулар туындыларының дені белгілі бір оқиғаға, нақтылы жер-су, адам аттарына қатысты айтылатындығына байланысты. Жеткізуші оларды алып тастау немесе өзгерту сияқтыларға көп бара алмайды. Сонан соң, авторлы әдебиетте ортақ сәттер (дәстүрлі клишелер) фольклорға қарағанда әлдеқайда аз кездеседі. Оған қоса әр автордың өзіне тән жырлау мәнері, өзі сүйіп қолданған көркемдеуіш элементтері болуы мүмкін. Бұлардың барлығы – даралықты, авторлықты танытатын белгілер. Ал даралық тұрақтылықты көбірек қалайды. Қазақ поэзиясын ауызша жеткізушілер осыны интуитивті түрде жақсы сезінген деуге болады» [1, 78].

Рәбиға Сыздық XV-XVII ғасырлардағы әдеби тіл лексикасындағы көне сөздер туралы тұжырымдарында тілдік қабаттардың ерекшелігіне тоқталған. «Көненің көзі» архаизмдерді шартты түрде үш топқа бөліп қарастыру керектігін айтты. 1 – бұл күнде мүлде қолданылмайтын бейтаныс түрлері, екіншісі – қазірде де түсінікті, бірақ қолданыстан шығып қалған пассив элементтер, үшіншісі – қазірде де қолданылатын, бірақ өзгеше мағынаға ие болғандар. Ғалымның «көне дүниеден» де сақталып жеткен жазба мұралар бар екендігін ескеруі – классикалық ғылыми өре. «Екінші себеп (фактор) – ертедегі әдеби үлгілердің ішінара қолжазба түрінде сақталуының да орын алғандығы деп топшалаймыз. Етек алып, дәстүрге айналмағанымен, қазақ қауымында да әр алуан

мұраларды (айталық, тек өлеңдер ғана емес, шежіре мен шешендік сөздер сияқтыларды да) жазба түрінде сақтау фактісі болған. Әсіресе, XIX ғасырдың өн бойында қолжазба дәптерлер таралып келгенін сол мұралардың тілі бір дәлелдесе, осы тұста орыс зерттеушілері айтқан (жазған) сөздер екі дәлелдейді. Мысалы, өткен ғасырдың соңғы ширегінде қазақ халқының тілі, мәдениеті, этнографиясы, шаруашылығы т. б. жайында жарық көрген әдебиеттің библиографиясын жасаған ағартушы А. Алекторов қазақтарда өткен ғасырдың екінші жартысында қолжазба дәптерлердің бар болғанын білдіреді. Шалкиіз, Қазтуған өлеңдерінің өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде баспа бетіне жариялануының өзі ішінара қолжазба материалдарға сүйенгені хақ. «Шайыр», «Жақсы үгіт», «Мұрат ақынның Ғұмарқажы ұғылына айтқаны» сияқты өткен ғасырда жарық көрген жинақтарды бастырушылар тек ауызша жырланғаннан жиылған материалдарды ғана емес, әлдеқалай сақталған дәптерлерді де пайдаланған тәрізді. Өйткені текстер барлығында бірдей, бір-біріне дәлме-дәл түсіп отырады» [1, 93].

Рәбиға Сыздық қазақ әдебиеті тарихындағы аймақтық әдеби үдеріс факторларына мән беруінде әдеби танымға да олжа салады. «Бұл тұстағы қазақ әдеби тілінің айналадағы тірлік-тіршілікпен және ортамен байланыстылығын дәлелдейтін өзге де фактілер бар. Мысалы, Шалкиіз, Қазтуған жырауларда өзен-теңізге қатысты теңеулер мен метафоралар жиі кездеседі:

Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы таудай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...
Балығы көлге жылқы жаптырмас (Қазтуған)

Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым
Ортаңнан ойран салар деп... (Қазтуған)

Көк теңіздің үстінде көтеріп желкен аштырып (Шалкиіз).

Жыраулардың мықтылықты «аударылмас қара кемеге» теңеулері, «зорлығымды сұрасаң, бекіре мен жайындай» деулері теңіз жағасындағы Қырымды және Еділ мен Жайық бойларын мекендеген халықтардың тіршілік-тұрмысына байланысты екенін көрсетеді» [1, 100].

Рәбиға Сыздықтың қайталаулар мен параллельдер тек дидактикалық толғаулардағы ғана емес, жалпы XV-XVIII ғасырлардағы көркем сөз иелерінің шығармашылығына тән тәсіл екендігін атап айтуы – маңызды. Параллельдер арқылы не ұқсастық, не қарама-қарсылық идеясы ұсынылған. Өлең синтаксисіндегі ықшамдау, үнемдеу тәсілдерінің поэтикалық «жемісін» ой өзегіне тарту өнегесі назар аударады. XV-XVIII ғасырлардағы өлең құбылыстарына зер салады. «Қару-жарақ пен сауыт-сайман атауларының эпитетсіз қолданылуы – әңгіме болып отырған дәуірдің әдеби үлгілерінде кемде-кем ұшырасатын құбылыс, ал кейінгі кезеңдерде бұл қолданыс сирей бастайды. Мысалы, жоғарыда келтірілген тіркестерді XIX ғасырда жасаған Сүйінбай ақынның «Жабай» атты толғауындағы соғыс суретін берген жерлерімен салыстырсақ, екі дәуірдегі поэтикалық құралдардың арасындағы айырмашылық көзге түседі. Сүйінбайда қару атаулары эпитетсіз келтіріледі:

Найзаменен соғысқан,

Қылышпенен шабысқан [1, 105].

Авторлық ауызша әдебиеттің қадау-қадау дара белгілерін академик Рәбиға Сыздық қапысыз баяндайды. «Талданып отырған кезеңдегі поэзия ауызша айтылып, тыңдауға бейімделіп туғандықтан, тыңдаушысының назарын аудару үшін, өлең ырғағын құбылтып отыруды немесе өзге де мақсаттарды көздей келтірілетін «басы артық» одағайлар, шылаулар, есімдіктер кездеседі. Мысалы, кейде тіпті тармақтың буын санының артқанына қарамастан, *бір, мына, мынау* есімдіктері қыстырылып айтылады: Менен қалған *мынау* Еділ жұрт (Қазтуған), Соқса *бір* жілік сындырған (Шалкиіз). Басы артық *да* шылаулары да осындай жүкпен келеді: Жолың *да* болсын, ау ием! (Шалкиіз), Қалай *да* белін шешті екен! (Доспамбет). Бұлар бірде ырғақты өзгертіп (тармақтың буын санын арттырғанда), кейде ой желісін күшейтіп, экспрессия тудырады. Тек шылаулар мен есімдіктер арқылы ғана емес, жалпы өлшем бірлігін оқтын-оқтын құбылтып отыру – ауызша туған поэзияға тән сипат» [1].

Рәбиға Сыздық келтіріп отыратын сөз фактілерінен XIX ғасырдағы авторлық ауызша әдебиеттің даму бағыттарындағы дерек-дәйегіне де қанығa түсеміз. XIX ғасырда қазақ поэзиясына арқау болған тарихи оқиғалардың жырлануындағы елеулі құбылыстар – батырлар есімдері, жер-су атаулары, сөздік құрамның аумағын кеңейтуі, жалпы сөздің ығысып нақтылыққа жол беруі, тұрмыстық сөздің образ үшін, немесе дәл мағынасында қолданылу сипаттарының авторлық ауызша әдебиет поэтикасы, ол әдебиеттің рухани функциясы бағытында мәні бар. Қазақ поэзиясы енді сөзді тура мағынасында қолдана отырып та көркемдік түзудің поэтикалық тәсілдерін жаңғырта дамытты, «дәстүрлі поэтизмдерді ығыстыра бастады» [1].

Рәбиға Сыздық қайсыбір доминант ұғымға синонимдік қатар түзген сөздерге жүгініп отырады. Ол XIX ғасырдың I жартысын «алдыңғы кезеңдердегі ауызша әдеби тілді синтездеу дәуірі» деп атады. Ғалымның сантарау ой иірімдері тастай танымда тоғысады. Авторлық ауызша әдебиеттің айрықшалықтарын бір ауыз тоқтаммен ашып өтетін ғылыми алым бой көтереді. «Сондықтан да Махамбет жырау емес, ақын. Ақылшы емес, айтушы» [1, 152-б.]. Айтушы мен ақын ұғымдарының аналогиясы әдеби үдерістегі қайталанбас тарихи шығармашылық категорияны тұтас ашқандай.

Рәбиға Сыздықтың ақындар мектебінің дами бастауы және оның әдеби тіл барысындағы рөлі туралы пайымдауларында авторлық ауызша әдебиеттің төлтума сипаттары, жырау мен ақын шығармашылық тәсілдері қырланып, ашыла түсіп отырды. «Ақындарда портрет жасау активтенеді. Әрине, әзірге бұлар жеке белгілі бір адамдарды суреттеу емес, «жаман, жақсы қатынның», қыздың, жігіттің, шалдың, кедейдің, байдың, сараңның т. б. портреттері. Және олар мақтау немесе даттау мақсатымен салтанатты, көтеріңкі үнде (стильде) не сарказммен берілген дерексіз портреттен гөрі, жақсы, жаман әйелдің, сараңның, қарт адамның күнделікті өмірде байқалатын мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін суреттеу болып келеді.

... Адамның әр 5-10 жылдықтардағы өмірін суреттеп, оның туғаннан 90-дарға (кейде 100-ге) келгендегі портретін беретін дәстүрлі өлең-толғаулар жыраулarға да, ақындарға да тән. Бірақ екеуінде екі түрлі сурет беріледі. Мысалы, жыраулар әр кезеңді алып жалпы метафорамен суреттейді: отыз жасқа келгенде, дүниедей кең едің, отыз бес жасқа келгенде, қара судың бетінде соғылып аққан сең едің немесе: жетпіс деген жел екен, сексен деген сор екен, тоқсан бес деген төр екен (Бұхар). Ал, ақындар бұл тақырыпқа келгенде «жерге түседі»: оларда әр кезеңнің өзіне тән сипаты

суреттеледі: жетпісте жер таянбай тұра алмассың (жоғарғы жетпіс деген жел екенмен салыстыр)» [1, 147-б.].

Дәстүрлі образ тұрақты эпитеттер мен бір құбылысты сипаттау, суреттеуден біртіндеп дара ақындық машығымен оқшауланып, сөзтапқыштығымен көзге іліну, танылу өнерпаздық шарт. Ақпа-төкпе сұлу сөз ұдайы ауызға түсе берер ме! Не дегенде де ойы ұшқыр, айтпағанды айтатын ақындықтың әу бастағы табиғаты XIX ғасырда айқынырақ көрінуге мүмкіндік алды. Авторы сақталған сөз үлгісінің мол жетуі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дара сипаттарының бірі болды. XIX ғасырдағы қазақ сөз өнеріндегі поэтикалық жаңғыруларға авторлық ауызша әдебиет өкілдері өлшеусіз үлес қосты. Рәбиға Сыздық «сөз мағыналарының саралана түсуі немесе мағына ауыстыру процесі активтенгенін» айрықша атап өтеді.

Ғалымның түбегейлі қисындары XIX ғасырдағы авторлық ауызша әдебиеттің жасау, даму үдерісін тұтас ғылыми танымда игеруге елеулі ықпалын тигізіп келеді. «Айтыс компоненттері монологка ауысады. Ал монолог – ақынның өз айналасына, заманына, өмірге, қоғам тіршілігіне, жеке адамдардың іс-әрекеттеріне деген көзқарасын, ойын, мінездемесін көрсететін сөз түрі» [1, 216]. «Сұлуға ғашық болған лирикалық кейіпкерін «шыраққа түсіп жанған пәруанаға» балауы – осылардың баршасы қазақ поэзиясы тілінде XIX ғ. II жартысында бой көрсете бастаған белгілер» [1, 216-б.].

«Абайдың тұсында және сәл алдында қазақ халқының мәлени-рухани дүниесінде ауызша да, жазбаша да түрде тараған әр алуан әдебиет саласы барлық жағынан екі ұдай топқа бөлінді. Тақырып жағынан: азаматтық және діни әдебиет, жанр жағынан: көркем әдебиет және өзге жанрларға жататын үлгілер, тегі жағынан: төл және аударма әдебиет, тілдік негізі жағынан: қазақтың халықтың сөйлеу тіліне сүйенген және ескі түркі жазба дәстүріне иек артқан әдебиет үлгілері» [1, 277] сынды шығармашылық үдеріс ерекшеліктері өлеңдегі психологиялық қалып, дін шапағаты мазмұн «жасырған» т. б. тоқтамдарының жеке зерттеулерге арқау болар мәні баянды. Егжей, тегжейін қапысыз қамтып отырып, жан-жақты қамданып, «бес қаруын сайлап» барып қана баралу жасап, кесім сөзін айтатын дағдысы дара Рәбиға Сыздықтың тіл қолданыс өрісінде «ауызша баспа» сынды өріп жүрген тың тіркестер назар аударады. Оның әдеби мұраны тілдік тұрғыдан зерттеу еңбектері тіл білімінің ең елеулі бағыттарында, ой қозғаудағы, образ ашудағы мәнді аспектілерінде тарихи кезең, әлеуметтік-қоғамдық, рухани факторлар негізге алына отырып мазмұн түзді.

Әдеби мұраны тілдік тұлға бағытында игеру өзектілігінде академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған қазақ филологиялық мектебінде Абай шығармашылығын тілдік негізде зерттеудің мазмұнды, маңызды тәжірибиесі қалыптасты [3]. Ана тілдің нақтылы бір дәуірлердегі қалыпты тұғырларын, заманалар үдерісіндегі даму іркілістері мен басым беталыстарын пән тілінде ғылыми негіздеуде Рәбиға Сыздық өлшеусіз еңбек жасады, өшпейтін өнеге қалдырды. Қазірде өріс алған тілтанымдық терең зерттеулер шоғырында шоқтығы биік ғылыми негіз түзген, айтуында да, жазуында да бос сөз қолданып көрмеген сирек дарын академик Рәбиға Сыздықтың ғұмыр бойғы зерттеу тәжірибиесі Абай тілінің сөз өрнегі іспетті сарқылмас ұлттық қазынадан бастау алды.

«Ұлттың рухани көсемі А. Байтұрсынұлы: «Абайды қазақ баласы тегіс танып білуі керек. . Абай сөздері дүнияда калғаны - қазаққа зор бақ» [1, 301], – дегенде абайтануды белгілі бір уақытпен, бір ұрпақ ауысуымен шектемегені белгілі. Иә,

Абайтану ғылымы жалғасуда... атқарылған игілікті істер де (таным, таныту, зерттеу, сараптама-пайымдаулар) көп, атқарылары да жетерлік… Соның бірқатары қазіргі тіл білімінің антропоөзектік бағытындағы когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселесі - тілдік тұлға категориясына қатысты болып отыр» [2, 65] – дейді Абай мұрасын тілдік тұрғыдан тануды академик Р. Сыздық еңбектерімен сабақтастықта дамытудың осы заманғы ғылыми міндеттерінде ой өрбіткен тілтанушы ғалым Г. Мұратова.

Академик Рәбиға Сыздықтың Абайдың тілдік тұлғасын тұтас тілтанымдық классикалық үдерістерде, тарихи дамудың дәуірлігі, кезеңдік айрықшылықтары аясындат таныту ұстанымындағы, уақыт пен кеңістік ауданындағы сала-сала білім, кәсіби, ғылыми біліктілік; қазақ сөз өнері тарихындағы шығармашылық дара тұлға феноменінде ғылыми негіздеу мығымдығы уақыт озған сайын маңызына беріп отыр. Шашау шығармай зерттеу әдіснамасында ғалым Абайға басымдау қарайлауының түп себептерін қазіргі қазақ филологиясы әлі де көп зерттесе керек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). - Алматы: Ана тілі. 1993. - 320 б.
2. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасын зерттеу мәселелері // «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 130 б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы: Санат, 1995. - 208 б.

Академик Рабиға Сыздықтың абайтанудағы ұстанымдары

Жұбай О.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы

Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Академик Р. Сыздықтың абайтануға қатысты зерттеулерін антропоөзектік парадигмалар негізінде талдау арқылы ғалымның Абай Құнанбайұлын тілдік ортада мәдени-тілдік дәстүрдің, нормалардың қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың жазба поэзиясының негізін қалаған сөз зергері, элитарлық тілдік тұлға ретінде сипаттағанын көреміз. Абайтануда өзіндік із қалдырған ғалым – профессор Рабиға Сыздықтың кандидаттық диссертациясы (1959 ж. «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері») да, докторлық диссертациясы да (1971 ж. «Абай шығармаларының тілі») Абай ақынның шығармашылығына арналды. Рабиға Сыздықтың диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, абайтану саласына келуіне, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рабиға Сыздық сол кезді былай деп еске алады: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхаң: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттемейсіңдер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І. Кеңесбаев, М. Балақаев, басқа да тіл мамандары бар:

«Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды» [1].

Абайдың тілі бойынша үш монография – «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1968), «Абай шығармаларының тілі» (1971), «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады, «Абай» энциклопедиясында ақын шығармашылығына қатысты ғылыми-теориялық мақалалар берді. Ғалым Абай Құнанбайұлының тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен факторларды, өмір сүрген дәуір мен ортасын сипаттайды; сөз зергерінің тіліндегі лексикалық қабаттарды, көріктеу құралдарын көрсетеді; тілдік тұлғаның дискурсында көрініс тапқан құндылықтарды айқындайды, негізгі концептілерді көрсетеді, т. с. с. Тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеріп, тілдік ұжымға, жеке адамға тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды, Абай шығармаларын өз заманының кескін-келбетін, бүкіл болмысын танытумен қатар ақынның таным көкжиегінен мол ақпарат беретін дүние ретінде көрсетеді. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы профессор Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдағы дамуын сөз етті, ақынның қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын көрсетті.

Абай Құнанбайұлы 1880-1886 жылдары шығарған өлеңдерін Көкбай ақынның атынан жариялағаны мәлім. «Дала уалаятының газеті», «Серке» газеттерінің бетіндегі өлеңдерін де Көкбайдың атынан жіберген [2, 94-б.].

Абай мұрасын танытып, бағалауда Әлихан Бөкейхан, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы, Зейнелғабиден Әміре, Сұлтанмахмұт Торыайғыров, Самат Әбішұлы, Міржақып Дулатов, Ақымет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды зиялылардың еңбегі зор болды. Профессор Р. Сыздық Абайдың өлеңдері В. А. Кудашев құрастырған жинақта да болғаны, онда ақынның аты-жөні толық көрсетілмей, «А. К. » деп қана берілгені туралы тың ақпарат келтіреді. 1901 жылы П. М. Мелиоранский жинақты редакциялап: «Бұл жинақта мазмұны жөнінен, әсіресе мына дүниелер қызықты: «Жыл мезгілдері», «Бүркітші», «Өсекші», «Қыздың сипаты». Бұл шығармалардың тілі азды-көпті кітаби», – деп пікір білдіргенін айтады [3, 80-б.].

Абайтанушы Рабиға Сыздық Абайдың қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып зерттемес бұрын алдымен Абайдың тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болғанын нақтылап алу керектігін, «Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жататынын» ескертеді. Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болғаны туралы М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, І. Кеңесбаев, т. б. ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып: «Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады», – деп тұжырымдайды [4, 4-12-б.].

Профессор Рабиға Сыздық қазақ қоғамында Абаймен тұстас, іргелес өмір сүрген әдебиетті бірнеше түрге жіктейді:

1. *Халықтың ауыз әдебиеті шығармалары*. Бұлардың басым көпшілігі бұрыннан

келе жатқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қобыланды» т. б. тәрізді ірі полотнолар мен әр алуан тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер т. т. Сонымен қатар XIX ғ. өзінде, тіпті II жартысында пайда болған кейбір тарихи жырлар («Бекет батыр» т. б.) мен лиро-эпостар («Айман-Шолпан» т. б.) да осы топқа кіреді.

2. *Қазақтың тарихи көркем әдебиет үлгілерін әрі алып барған жеке ақындар шығармалары*. Бұлар идеологиясы жағынан әр алуан. Халықтық демократиялық мүдделерді жырлаған және заман қайшылықтарын сынап, халыққа бүйрегі бұрған мотивтері күшті Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай т. т. тәрізді ақындар мен феодалдық-реакцияшыл идеологияны қостаған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т. б. сияқты ақын-жыраулар.

3. *Қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз орындары:* «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогі» т. б.

4. *Қазақ ішінде жазылған кейбір ресми кеңсе қағаздары:* патша үкіметінің әкімшілік орындары мен жергілікті әкімдердің бұйрық-жарлықтары, арыздар, инструкциялар т. б.

5. *Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар:* «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ескендір», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Шахмаран», «Шәкір-Шәкірат» т. б.

6. *Ислам дінін уағыздап, оның пайғамбарлары мен әулиелерін дәріптейтін таза діни тақырыптағы шығармалар – қиссалар:* «Салсал», «Зарқұм», «Жұм-Жұма», «Кербаланың шөлінде» т. б.

7. *Ислам діні канондарының қазақша аудармалары:* «Исламның бес фарызы», «Қырық қадис».

8. *Христиан дінінің канондарын қазақша түсіндіріп уағыздайтын кітапшалар:* «Ақыл беретұғын кінеге» (1891), «Езги Иосиф» (1892), «Евангелие» (1891), «Құдайдың... үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың... өмірі» (1886) т. т.

9. *Азаматтық тақырыптарға, яғни медицина, ветеринария т. б. қатысты жазылған кітапшалар:* «Трахома деген жаман көз ауру», «Жамандату, қойдұрғы турасында», «Қышыма турасында», «Егіншінің қызмет аты жайында» т. т.

10. *Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер:* Русско- киргизский и киргизско-русский словарь. Сост. Иш-Мухамед Букин (1883), Киргизско-русский словарь (1897), Краткий русско-киргизский словарь (1893), Спутник русского человека в СреднейАзии, заключающий в себе словари (1878), Материалы к изучению киргизского наречия Н. Ильминского. Словарь (1861) т. б.

11. *Қазақ тілі грамматикасын талдаған, бірақ орыс тілінде жазылған еңбектер, оқулықтар, олардың ішіндегі қазақша мысалдар, текстер:* Н. И. Ильминский Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия (1861), А. Е. Алекторов К мудрости ступенька. Азбуки для учеников начальных русско-киргизских школ (1891), И. А. Алтынсарин «Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку» (1871), М. Бекчурин «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречием бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» (1869), Н. Лаптев «Грамматика киргиз-кайсацкого языка (1898), Н. Лаптев «Материалы по казак-киргизскому языку» (1900), П. М. Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка». I и II части (1894, 1897), Н. Н. Пантусов «Материалы по изучению киргиз-казахского наречия» (1899-1904), «Первоначальный учебник русского языка для киргизов»

(1893), М. Терентьев «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), т. б.

12. *Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалары*. Бұл әдебиеттер мазмұны мен мақсаты жағынан әр алуан болды: бірқатары қазақтың көркем әдебиет үлгілеріне жатса (ауыз әдебиеті нұсқалары, жеке ақындар өлеңдері, шығыс әдебиеті аудармалары, Ыбырайдың көркем шығармалары т. б.), бірсыпырасы оқу-ағарту мақсатымен пайда болды. Бір топ әдебиет публицистикалық жанрдың үлгісіне жатса (газеттер, көпшілікке арналған кітапшалар), енді бір тобы дінді уағыздауға (ислам дінін де, христиан дінін де) арналды. Бұлардың ішінде сөздіктер – бір алуан дүние [4, 12-16-б.].

Ғалым мазмұны мен мақсаты жағынан сан түрлі топқа бөлінгенмен, тілі жағынан оларды екі үлкен топқа жинақтауға болатынын ескертеді де бірінші топқа қазақтың жалпыхалықтық тілін негіз еткен үлгілерді (Абай, Ыбырайдан бастап, тарихи қазақ әдебиеті өкілдері – ақын-жыраулар мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз тілі, әр алуан грамматикалар, қазақ-орыс школдарына арналған оқулықтар, сөздіктердегі қазақша материалдар, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілікқолды кітапшалар, христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет) жатқызса, екінші топқа түркі халықтарының көпшілігінде бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп келе жатқан ортаазиялық түркі әдеби тілі немесе шағатай тілі (қазақ филологиясында «кітаби тіл») атанған тіл нормаларын негіз еткен, дәлірек айтсақ, негіз етуге тырысқан үлгілерді (ислам дінін уағыздайтын қиссалар, ислам діні тәртібін үйретететін аудармалар және қазақша жазылған ресми кеңсе қағаздары) жатқызады.

Академик Абайдың алдында қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын, ол неше ғасыр бойы қазақтың тума әдебиеті халықтық тіл негізінде көркем әдебиет саласында, оның ішінде поэзия жанрында қалыптасып, дамығанын айта келіп, ол Абайдың тілді тандауында шешуші рөл атқарғанын ескертеді. Ғалым қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің нормаларын негіз еткен әдеби тіл дәстүрінің басты өкілдері ретінде Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т. б. сияқты ақын-жыраларды атайды. Профессор Р. Сыздық Абай қазақ ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Жетісу ақындарын жақсы білгенін, біле отырып, тілдеріне зер салған, зер сала отырып, өзіне қажетін алғанын ескерте келіп: «Тегі, Абайдың дәл алдында қазақтың халықтық тілін көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда пайдалану жағынан осал мектеп болмаған» дегенді баса айтамыз. Солардың ішінен біз Дулатты атаймыз... «Сөздері бірі құрау, бірі жамау» деген баға алғандардың бірі бола тұрса да, Дулат ақындық шеберлігі жағынан өзіне дейінгі және замандас ақындардан әлдеқайда жоғары екені көрінеді. *Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген*. *Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртка ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған* т. т. осы сияқты образдарды Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде Дулаттан ғана кездестіреміз. *Ойдың құтысы, жырдан алқа тағу* тәрізді семантикасы алшақ сөздерді тіркестіру тәсілінің алғашқы нышандарын да Дулаттан таба аламыз. біріншіден, Дулат – территория жағынан Абайға ең жақын жерде өмір сүріп өткен ақын, екіншіден, жоғарыда айтқандай, Дулат Абайдың өзіне дейінгі ақындардың ішінде тілі жағынан өзгелерден шоқтығы биік, бір табан ілгері тұрғаны», – дейді [4].

«Тұманың тұнық суынан шәрбет балдай тамызып, тасқын судай ағызған» біртуар сөз зергері – Дулат Бабатайұлының шығармашылығы, ақындық шеберлігі турасында М.

Әуезов, Қ. Жұмалиев, Қ. Өмірәлиев, Ы. Дүйсенбаев, Х. Сүйіншәлиев, З. Ахметов, Б. Әбілқасымов, М. Мырзахметов, А. Еспембетов, М. Мағауин, С. Қасқабасов, Т. Жұртбай, Т. Кәкішев, Д. Ысқақов, С. Негимов, Т. Шапай, Б. Омарұлы, Қ. Раев, Э. Пертаева, М. Бекбосынов, Н. Қуантайұлы, т. с. с. ғалымдар да зерттеу жазып, ғылыми баяндамалар жасағаны белгілі. Бұл орайда ақынның сөз кестесін тілдік тұрғыдан арнайы сөз етіп, талдаған ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздық зерттеулерінің орны бөлек. Абай шығармашылығын жарты ғасырдан астам уақыт зерттеген ғалым сөз зергерінің «жан дүниесіне әсер етіп, жақын келер жанның» бірі емес, бірегейі ретінде «Дулаттай ой иесі, сөз иесін» атайды. Дулат пен Абайдың зары ортақ, заманы, ортасы тудырған шындық үні бір болғанын ескерте келіп, ғалым: «Тегі, Абайдың назарына Дулаттың ақындық дүниесіндегі әлеуметтік үні іліккені байқалады. Әрине, әлеуметтік үн, яғни қоғам өмірін, халық тағдырын, оның өткені мен болашағын, өз кезеңдерінің жай-күйін жырлау Бұқар, Махамбет, Мұрат, Шортанбайларда да бар. Бірақ сол үннің ащылығы мен ашықтығы, бояуының (ақындық шеберлігінің) жұқалығы мен қоюлығы, аумағы мен ауқымы барлығында бірдей болмағаны аян. Бұл орайда Дулаттың өзгелерден шоқтығы әлдеқайда биік», – деп тұжырымдайды [5].

Ғалымның 1987 жылы жарық көрген бір мақаласы жайында жазушы Оралхан Бөкей: «Көптен бері көңілімді кір басқандай рухани жүдеп, ішіңе от, сарайыңа шам жағар еш нәрсе не оқып, не есті алмай жүргенде, әсіресе өз газетіміз «Қазақ әдебиетінің» де сапасы сансырап кеткен бір бойкүйез сәтте «Қазақ әдебиетінің» июльдегі (1987 ж.) нөмірі келді. Санаторийдің емханасында жатып «не бар дейсің?» деген немқұрайлықпен көз жүгірттім, «Дулат ақын», Рабиға Сыздықованың мақаласы. Өте ұнады. Мен, міне, 20 жылдан бері «дәл осы Дулат Бабатайұлы туралы мақала жазсам» деп жүретінмін. Қалай болғанда да мен Дулатты Абайға ұстаз тұтам. Абай көп теңеулерін Дулаттан алған. Рабиға апайдың мақаласы – мейлінше сауатты әрі әділ де шыншыл жанашыр мақала. Әсіресе «Дулат сияқты ақынды тастап кетіп қазақ поэзиясын жырлау бір жеңі жоқ, не бір етегін ойып алған әдемі шапан ұсынғанмен бірдей» деген пікірі айызымды қандырды. Р. Сыздықова – нағыз ғалым, мәдениеті мен білімі жоғары адам. Өз басым ол кісіні құрмет тұтамын» – деп жазған еді [6, 13-б.].

Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеушілердің бірқатары сөз зергерін жырау ретінде сипаттаса, енді бірқатары ақын ретінде көрсетеді. Академик Р. Сыздық *жыршы, жырау, ақын* сөздеріне анықтама беріп, әрқайсысының ерекшелігін, заман талабын («... Енді өлең сөз арқылы ақыл, насихат айтатын дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі») ескертеді. Бұл орайда ғалым жазба поэзияның техникасы ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетінін негіз етіп, шығарманың шоғырларға (тирада) бөлінуін жазба әдебиеттің құрылымдық белгісі, жазба әдебиетке тән өлең құрылымы ретінде сипаттайды. Өленді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында болмағанын ескере отырып, ғалым қазақ поэзиясында мұндай құрылым Дулат Бабатайұлының шығармаларынан басталатынын айтады. Әрі оны жүйеге айналдырып, әрі қарай бекіткен Абай екенін нақты мысалдармен дәйектейді. Ғалым Дулат Бабатайұлы мен Абай Құнанбайұлының шығармалары құрылымдық жағынан ғана емес, идея, тақырып, образдардың берілуі, тәсілдері, көркемдік амалдары тұрғысынан да ұқсас екенін де көрсетеді. Яғни ғалым қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінде қалыптаса

бастағанын айта келіп: «Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға бір табан жақын келген, Еуропа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп атақты өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын... Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Дулатты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет» деген тұжырым жасайды [5].

Дулат Бабатайұлының жүректі жоғары бағалап, сыр сақтайтын тұраққа теңеуі (*Адамның жүрек – сенімді сыр сақтайтын тұрағы*), адам атын ардақтауы да (*Адам деген атақтан Садаға болып, аулақ кет*!) Абай шығармаларында сабақтастық тапқан. Сол себепті ғалым Рабиға Сыздық Абайға дейін қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі болғанын, «қазіргі жоғары үлгідегі жазба поэзияны бастаушы – ұлы Абай тақыр жерден өнер таппағанын, іргетасын Абай қалағанмен, қалау кезеңі туғанын, қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат болғанын айтады [5].

Дулат Бабатайұлының «Сары шымшық», «Қара қарға», «Бір патша», байғыз туралы мысал өлеңдері кейін Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентаев, т. с. с. ақындарға үлгі болды.

Академик Р. Сыздық Абай бір ғана *жүрек* сөзін әр алуан эпитетпен жұмсағанын, олардың ішінде *жылы жүрек, ет жүрек* деген бірен-сараны ғана тұрақты эпитетпен келсе, 14-15-і Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар (*сорлы жүрек, асау жүрек, жалын жүрек, үрпейген жүрек, кірлеген жүрек, ынталы жүрек, жаралы болған жүрек, асыл жүрек, мұз жүрек, сұм жүрек, ызалы жүрек*) екенін айтады. Ғалым Абай *жүрек* сөзін 150-ден астам рет қолданғанын, көбінесе ол қолданыстарда «жүрек» сөзі «адам, адамның ішкі дүниесі, сезімі» деген ауыспалы мағынада келгенін айтады [4, 21-б.].

Ғалым Абай шығармаларында *ой* (*қуатты ой, ескі ой, ылай ой, ұйықтаған ой, ауыр ой*), *тіл* (*ащы тіл, қайран тіл, мінсіз тіл, шыншыл тіл, буынсыз тіл, толғауы тоқсан қызыл тіл*), *сөз* (*қайран сөз, басалқа сөз, түгел сөз, жел сөз, жылы сөз, бос сөз* сияқты кәнігі қолданыстармен қатар *іші алтын, сырты күміс сөз, буулы* сөз, *қуаты күшті нұрлы сөз, жабырқаңқы сөз* деген эпитеттер) сияқты сөздердің де эпитеттерін құбылтып, образ жасағанын айтады. Сонымен қатар Абайда *көңіл (сынық көңіл, жаныр, сынып, суынып қалған көңіл, жаралы көңіл, кірлемеген көңіл, қара көңіл, шын көңіл, қайран көңіл, боямасыз ақ көңіл), өмір (алдамшы өмір, қу өмір, асау өмір, тентек өмір*), *көз (ақыл көзі, жалтаң көз, көкірек көзі)* сөздерін пайдаланып, бейнелі қолданыстар түзген.

Академик Р. Сыздық бұл тәсіл Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінің тілінде де қолданылғанын тілдік дәйектермен сипаттайды: ***Дүр-у гәуһар*** *сөзін аламға сачса... Ешітсә* ***жан құлағы*** *бірлә һәр йар... Күнәһім дәрдидін дәрмәнда болдум, Бу* ***ит нәфсім*** *білә арманда болдум...* ***ишқ, дүкәнін, құрдум****..., шауқ шарабы, көңүл көзі, жан булбулы, көңүл мүлкі, тариқат базары, хақиқат дарйиасы, ишқ бағы, татиқатны(ң) бурақы* (жүйрігі), т. с. с. Сондай-ақ бұл тәсіл Кемпірбай (***Тәуекел дариясынан*** *бетім жудым*), Жанақ (*Қыр соңыма түсіп ап* ***сұм кедейлік***), Дулат ақынның шығармаларында (*Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртка ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған* т. т.) кездесетінін айтады

Ғалым *жүрек, сөз, тіл, ой, көңіл, дүние, өмір* сияқты сөздер білдіретін ұғымдар адамның ішкі дүниесін, жалпы өмірді толғаған ойшыл ақынның философиялық нысандары болғандықтан, ақын оны сан қырынан суреттегенін айтады. Осы сөздерді поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде жиі қолданғанын, соның нәтижесінде бұл

атаулардың эстетикалық өрісі де әрі тың, әрі кең болғанын айта келіп: «Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, ол поэзияның терең (көп) мәнді, аз сөзді болуын көздейді, сондықтан сырттай әсерлі көрінетін қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Осы себептен де дәстүрлі эпитеттерге әрдайым иек арту өзінің айтпақ ойына сай келмей, көп сөзділікке апаратынын Абай жақсы сезген», – дейді [4, 23-б.].

Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Абай Құнанбайұлының дискурсында қазақтың байырғы сөздері көп қолданылғаны байқалады. Тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат еткен ақын ойы түсінікті болуы үшін қазақтың ұғымына жақын, сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді жиі қолданған. Ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеп, Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан үлесін айқындаған ғалым Р. Сыздықова: «Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шыңдалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа этапын бастайды. Бұл этап – бір жағынан, көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның – осы күнгі қазақ әдеби тілінің бастамасы, алғашқы кезеңі», – дей келіп, Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға (этапқа) көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығармағанын, керісінше, ауызекі сөйлеу тілін әрдайым негіз етіп ұстағанын, сонымен қатар жалғастылық принципін (белгілі бір кезенде жасалған образдар, теңеулер, метафоралар т. б. көркемдеу элементтері үзілмей сақталып, келесі буындарда қайталануы) сақтағанын айтады [4, 34-35-б.].

Абайтанушы Р. Сыздық ақынның эпитеттерді қолданудағы ерекшелігі туралы: «Тың образды одан сайын еселеп күшейту – Абай қаламына тән сонылық. Мысалы, «*Жапырағы қуарған ескі үмітпен* Киял қып өмір сүріп, бос жүріппін» дегенінде *ескі үміт* деген кәнігі эпитеттің үстіне *жапырағы қуарған* деген және бір эпитетті еселеп келтіріп, образдың экспрессиясын мейлінше арттырған. Бұл қатарды көбейте беруге болады. Мысалы, «*Қараңғы, саңырау қайғы* ойды жеңген – десе, *қайғы с*өзінің *қараңғы*» деген эпитетпен берілуі – тыңнан қабылданатын образ, яғни тың ассоциация, ал оған *саңырау* эпитетін үстегенде, бұл образдың беретін әсері мүлде күшейіп, бұрынғы қазақ поэзиясы жұмсамаған жаңа қолданысты көреміз. Сөйтіп, «өлең деген – әр сөздің ұнасымы», деген тезис ұсынған Абай сол ұнасымның бірін тұрақты және тұрақсыз, яғни дәстүрлі және авторлық, немесе контекстік эпитеттерді қолданудан тапқан», – дейді [4].

Ғалым ақынның өлеңдерін талдай келіп: «... Ақынның «Қақтаған ақ күмістей» деп басталатын өлеңінде сұлу қыздың портреті статикалық планда берілген, сондықтан бұл өлеңнің сұлудың сыртқы портретін беретін бөлігінде етістіктер негізінен ашық райдағы, көбінесе шақ категориясына бейтарап **-ады** қосымшалы тұлғамен келген: «Аласы аз қара көзі *нұр жайнайды*... Ақша жүз, ал қызыл бет *тіл байлайды*... Торғындай толқын ұрып *көз таңдайды*», – дей келіп, Абай ***-ар*** жұрнақты есімше тұлғасын шақ категориясына қатысы жоқ, қимыл-әрекеттің статикалық күйін білдіретін ***-а + ды*** қосымшалы етістік тұлғасының дублеті ретінде жиі пайдаланғанын айтады [4].

Сондай-ақ «Желсіз түнде жарық ай» деп басталатын өлеңіндегі етістіктер **-ып/-іп** жұрнақты көсемшемен берілгенін айта келіп, ол тұлға динамиканы: тынымсыз қозғалысты, үздіксіз іс-әрекетті, қарқынды қимылды білдіруге бейім екенін ескертеді. Ғалым сөз құдіретінің теориясын емес, табиғатын сезген ақын «сөз айта алмай бөгеліп, жүрегі дүрсіл қағып» кездескен ғашықтардың алай-түлей ішкі дүниесін, бір ысынып, бір

суынған сезімдерінің тынымсыз күйін, «өлең қағып, бос шошыған» жан қозғалысын **-ып/-іп** жұрнақты көсемшемен беру керек екенін дөп басып, түсінгенін айтады [4].

Профессор Р. Сыздықова Абай шығармаларында өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбінесе ***-мыш*** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының ***-дүр*** формантын, көпшелікте ***-лар*** жалғауын тіркеуі; *бірлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки (кім)* конструкциялы болып келуімен қатар фонетикалық ерекшеліктері, қазіргі жазу нормасымен сәйкес келмейтін тұстары бар екенін, ақын шығармаларын қайта бастырған кезде олар түрліше жазылып жүргенін айтады [4, 27-28-б.].

Бұл орайда ғалым Қ. Мұхаметхановтың Абай өлеңдерінің текстологиясына қатысты ұстаным-тұжырымын қолдап отырады. ***«Көркем мәтінді лингвистикалық*** талдау» атты еңбегінде ғалым: «Мәтіні талданып отырған шығармада көпшілік оқырманға бейтаныстау және бір сөз бар. Ол өзі – Абай шығармаларының басылымдарында да, оқулықтарда да дұрыс таңбаланбай келе жатқан сөз.

Көрмей тұрып құсамын,
Темір көзді сарайды, –

деп жазылған жолдардағы *құсамын* сөзі Абайдың жинақтарында «қапамын, қайғылымын» деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. Ал Абай текстологиясын байсалды түрде зерттеп келе жатқан ғалым – Қ. Мұхаметханов бұл сөздің дұрыс тұлғалануы (жазылуы) *күсемін* болуы керек, ол «беземін» деген ұғымды беретін сөз деп дәлелдейді. Біз де осылайша оқуды дұрыс деп санаймыз, өйткені қазақ тілінде сирек қолданылатын *күсу* етістігі бар, ол, Қ. Мұхаметханов дұрыс көрсеткендей, «бір нәрседен безу» деген мағынаны білдіреді. Бұл етістікті ақын өзге өлеңдерінде де бірнеше рет қолданған:

Жалмауыздай жалаңдап,
Ар-ұятты күсіппін.
(Ойға түстім, толғандым)
Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп (Әзім әңгімесі).

Бұл сөйлемдерде *күсу* сөзі «безу» деген ұғымда қолданылып тұр.

Міне, бұл айтылғандардың баршасы ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» деген шығармасының мәтінінде кездесетін кейбір жеке сөздерді дұрыс түсінуге, олардың сол кездегі дәл мағынасын білуге көмектесетін талдаулар», – дейді [7, 34-б.].

Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық рухтың көрінісі. Тіл арқылы ұлттық ділдің ерекшеліктері көрінеді. Сонымен қатар тіл – мәдениетті объективтендіретін, оны тасымалдайтын арнаның бірі. Осыған байланысты профессор Р. Сыздықова: «Абай – қазақтың сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілінің негізін салушы. Бұл тіл – қазіргі жазба әдеби тіліміздің бастамасы. Демек, дәлірек тұжырымдасақ, Абай тілі – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің басы», – деп жазды [4, 50-б.].

Ғалым Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа этапы (кезеңі) болуын тілдің даму үдерісіндегі бағыттар мен ұстанымдармен байланыстырады: «Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде б е к і т т і . Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл» қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл –«кітаби тілден» ажырап, ж а ң а ж а з б а деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге ж а ң а б а ғ ы т сілтеді; бұл

әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да – қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген ж а ң а т е н д е н ц и я ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады [4, 34-35-б.].

Ғалымның бұл ойы Қ. Жұбановтың «Ескіні жаңаға ұштастырып, жан бітіру үлкен шеберлікпен ғана болатын іс. Абайдан біз осы ірі шеберлікті көреміз. Абай – ақын болғанының үстіне ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын» деген пікірімен сабақтас [8, 209-б.].

Академик Рабиға Сыздық «Дулатты танып болдық па?» деген мақаласының соңында Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеп, танытуға, насихаттауға қатысты өте құнды тұжырымдар айтқан еді [5]. Дулат ақынға арналған конференция, жиындар мерейтой кезінде өтілетін кезекті іс-шара емес, «ұлттық рухымызды көтеру үшін, мәдени қазынамызды түгендеп, одан қуат алу үшін істеліп жатқан шара» болуы керектігін, сөз зергерлерінің мұрасы «бүгінгі көпшілік қауымды ұлттық рухани азықпен тойындыру, ана тіліміздің әсемдік дүниесімен таныстыру үшін қажет» екенін, тіл «адамдар арасындағы күнделікті қатынас құралы ғана емес, сол адамдарды белгілі бір халықтың өкілі етіп тәрбиелейтін, ұлттық сананы, ұлттық психологияны қалыптастыратын құрал екенін» екенін ескерткен еді. Ғалымның бұл тұжырымы әлі де маңызын жойған жоқ. Ол тұжырымды Абай Құнанбайұлына да, академик Рабиға Сыздықтың өзіне де қатысты айтуға болады. Академик Рабиға Сыздықтың абайтануға қатысты еңбектерін бүгінгі таңдағы жаңа парадигмалармен байланыстыра зерттеудің маңызы зор. Ғұламаның шығармаларын пәнаралық байланыс негізінде тіл мен әдебиетті, философия, логика, теология, психология, т. с. с. ғылым салаларымен сабақтастыра отырып, когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, функционалды лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, лингвоелтаным, т. с. с. бағытта зерттеулер жүргізу қажет.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді… //Атырау. - 2021, 16 наурыз. https://atr. kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/
2. Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - I том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 94-105-б.
3. Сыздықова Р. Абай тілінің зерттелуі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - IV том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 79-101-б.
4. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық *әдеби тілі*. - Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.
5. Сыздық Р. Дулатты танып болдық па? // Қазақ әдебиеті. - 1992, 25 желтоқсан
6. Оралхан Естеліктер, эсселер және мақалалар. - Алматы: Өнер, 2000. - 13-б.
7. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. - Алматы, 2002. - 34-б.
8. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - I том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 189-213-б.

Практикалық қазақ тілі сабағында академик Рәбиға Сыздық мұрасының маңызы

Өтелбай Г.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Жаңашыл және мәдениетті адам өмірінде сөйлеу әрекеті маңызды рөл атқарады. Сөйлемейтін адам кәсіби білім де ала алмайды, жалпыға ортақ тілдік мәдени дағдыларды да игере алмайды. Заманауи тіл мәдениетінің деңгейі қоғамда филологтерді, ғылым мен мәдениет қайраткерлерін ғана емес, білімнің гуманитарлық емес саласы өкілдерін де алаңдатып отыр. Жаңаша өмір, озық технологиялар тіл әлемінің құбылуына әсер етпей қоймайды. Тіл болмысы жаңа сипат алды десек те болады. Ол шұғыл өзгерген қоғаммен, эстетикамен, әдеппен, психологиямен байланысты. Бұрмаланып келе жатқан тілдің түрлі нормасы әрі қарай сақтануды талап етеді. БАҚ та оқырманның немесе көрерменнің тілдік құзіретіне әсер етпей қоймайды. Себебі газет, журнал, радио, телевидение – көпшілік үшін сөйлеу мәдениетінің қайнар көзі.

Сөйлеу мәдениеті туралы сөз қозғағанда, тілші-академик Рәбиға Сыздықтың: «Тіл мәдениеті» деп нені танимыз? *Мәдениет* деген сөздің семантикасында «дұрыстық», «түзулік», «тәртіптілік», «жүйелілік», «реттілік», «қисындылық», «сәйкестік» деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. ... Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті. ... Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [1, 25] деген тұжырымын басшылыққа алған жөн. Ғалымның бұл өсиеті кез келген тіл үйретуші мекеменің, әрбір тіл ұжымының ұстанымына айналса игі.

Тіл – білім кілті. Қазақстанда мемлекеттік тіл қолданысын тиімді әрі пайдалы жүргізу – күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Қазіргі уақытта елімізде қазақ тілін үйренуге ниет білдірушілердің дені – шетелдіктер мен орыс тілінде білім алған отандастарымыз. Қазақ тілін үйрену арқылы шетел азаматы халқымыздың мәдениетімен танысып, жаңа ортада сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Ал сол ортаның негізгі мүшелері Қазақстан жастары десек, қазіргі студенттердің сөз саптауы алдыңғы буын өкілдерінің сөйлеу мәнерінен өзгеше. Ол ерекшелік тіл табиғатының бұзылуымен тығыз байланысты. Тіл үйрету барысында болсын, жай-қарым қатынас сәтінде болсын жастар ортасында көп жаргон қолданудың белең алып бара жатқаны байқалады. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де жаргондардың сәнге айналуы – тіл мәдениетінің жұтаңдануынан. Олар, тіпті қазақ, орыс деп бөлінбейді. Екі тіл арасында бірдей қолданылады. Мәселен,

универ – университет
первокур, перваш – 1-курс
шпора, шпор – шпаргалка
рубежка – аралық бақылау
телик – теледидар
удостаг – жеке куәлік
общага – жатақхана т.б.

Қазақша сөйлейтін жастар арасындағы жаргон қолданысы да тілді бұрмалау мен түсініксіз қысқартудан туындағанын көреміз. Ал әр мамандыққа қатысты жаргондарды түзсек, тіліміздің табиғи кеңістігі қоқысқа толғандай жағдай аңғарылады. Жаңа және цифрлық технологиялар дәуірі адамдардың тіл үйрену мүмкіндіктерін қолжетімді әрі тез жеңілдеткенімен, қайшылыққа да ұрындырып жатқан мәлім. Оған әлеуметтік желілердегі жазбалар дәлел. Біріншіден, жазу кирилл ғана емес, латын қарпінде де жазылады, екіншіден, сол жазулардың өзінде сөздердің түрлі қысқаруға немесе бұрмалануға ұрынуы басым. Мысалы:

Го – ғой
Дид – дейді
Болат – болады
Раха – рахмет
Келшиш – келсейші
Білмим – білмеймін
Улгрмейатырм – үлгермей жатырмын т.б.

Бұл құбылыс тез және орнымен реттелмесе, уақыт өте келе қазақша сөздің түп-төркіні ұмытылып, тіл табиғатына ауыр соққы тиері сөзсіз. Көтерілген мәселенің нәтижесі бірте-бірте сауатсыздыққа әкелетінін ескеріп, мұндайдың алдын алу, үнемі түзету, қателікпен жұмыс жүргізу қаперде тұрғаны жөн. Дана халқымыз классик-жазушы Мұхтар Әуезовтің аузымен «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген. БАҚ-тан басқа қарым-қатынас құралы – интернет, смартфон жаңа буынға, жас жеткіншектерге мәдениетті, парасатты үйреткені абзал. Өкініштісі, олар аталған құралдардан теріс әрі ұлттық тәрбиемізге қайшы келетін немесе ешқандай пайда бермейтін, уақыттың сорына айналатын оқиғаларды, ойындар мен ақпараттарды оп-оңай ашып-көріп, жамандықтың тұзағына түскенін байқамай да қалады. Тәрбие және білім мекемелерінде осындай келеңсіздікке шек қойылғаны дұрыс. Ондай сәттерді пәндік және рухани білімдерге пайдалану, қолға алу – ата-аналардың, мұғалімдердің, оқытушылардың, бір сөзбен айтқанда, қоғамның парызы.

«Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» деген еңбекте тілге қызмет етуші әр маманға жеке-дара міндеттер жүктеледі: «Тәрбиешілер мен мұғалімдер – жасөспірімдерді тек тәрбиелеп, білім берушілер ғана емес, сонымен қатар тіл үйретушілер, тілдің байлығы мен әсемдігін бала бойына сіңірушілер. Ал актерлар мен әншілер – халыққа тек өнер көрсетіп, эстетикалық ләззат берушілер ғана емес, сонымен қатар ана тілінің құдіретін танытушылар. Дикторлар мен комментаторлар – радио мен теледидардан тек әр алуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйретететін ұстаздар болуға тиіс. Демек, бұл топтардың әрқайсысының төл қызметтерімен қатар, тілге қатысты міндеттерінің де әлеуметтік мәні бар екенін жеке-жеке баса айту қажет» [1, 206].

Интернеттегі келеңсіздіктер адам психологиясымен қоса оның ортамен қарым-қатынасына да кері ықпал етеді. Бұл жағдайда белгілі бір топтың немесе ортаның өзіне тән сөйлеу ережесі қалыптасады. Әдетте балалар дұрыс немесе бұрыс қылықтарды сүзгіден өткізіп, ажыратып жатпайды. Олар БАҚ-та болсын, түрлі желілерде болсын берілген сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдерді тілдік нормаға, басқаша айтсақ, ережелерге сай деп қабылдауы мүмкін. Соның салдарынан қарапайым тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті мен әдебіне мән беру сақталмай қалады. Тіпті қазіргі жастардың өздері қолданып жүрген сленгтерді әдеби тілден ажырата білуі екіталай.

Ғалымдар, педагогтер бұл құбылысты аңғарғанмен, оның алдын алу жұмыстарын талапқа сай көлемде атқара алмауы мүмкін.

Тілдік нормаға қатысты «Грамматикалық варианттар» бөлімінде бұқаралық ақпарат құралдарының әдеби тілге әсері туралы жазылады: «Әдеби-ауызекі тілдік қатарлардың, әрине, «әдеби» деп танылатын сыңарын тұрақтандыру керек, дегенмен бүгінгі танда, яғни сонғы 5-10 жылда ауызекі сөйлеу тілі элементтерін әдеби айналымға (қолданысқа) әдейі қатыстыру әрекеті байқалады. Мысалы, *кәдуіскі, кәдуілгі (кәдімгі-нің* ауызекі сөйлеудегі сыңарлары), *пошым, дей тұрғанмен* сияқты бес-он сөз баспасөз беттерінде көркем әдебиеттегі авторлық баяндауды былай қойғанда, радио мен теледидарда жиірек қолданыла бастады. Бұл құбылыс белгілі бағытқа (тенденцияға) айналса, дублет қатарын көбейтуі – даусыз, ал «басы артық» дублет сыңарларын әдеби нормадан ығыстыру әрекеті – бүгінгі тіл мәдениетінің басты шарттарының біріне кері ықпалын тигізері де анық» [1, 113].

Сөйлеу – адамның тәрбиесін, әдептілігін, мәдениетін көрсететін әрекет. Жастарды тіл мәдениетіне баулығанда жүйелілік те есепке алынғаны дұрыс. Тіл сабағы болсын, күнделікті қызметте болсын байланыс **сәлемдесуден** басталады. Студенттерге сәлемдесу үлгілері туралы айтып отыру артық емес. Себебі «Саламатсыз ба?» деп амандасып хал сұралса, дәл солай «Саламатсыз ба?» деген сұрақпен жауап берілуі жастардың ғана емес, қоғамның да «нормасына» айналып барады. Жауаптың дұрыс нұсқасы -«Саламатпыз» немесе «(Сіз де) Саламат болыңыз!» формасы. Мәселен, «Ассалаумағалейкум!» арабша сәлемдесуге «Уағалейкумассалам!» деп жауап беріледі. Демек, амандасушының сәлемін алғанда, қайтарылатын жауап қайталанбағаны маңызды. Халқымыз амандасуына қарап адамның (жігіт, қыз) отбасындағы тәрбиесіне баға берген. Осы тұрғыдан «Сәлем – сөздің анасы» деген мақалада: «Қазір бізде сәлемдесуге аса мән бермейтін ұрпақ қалыптасты. Қоғамда қалыптасып бара жатқан сәлемдесу үлгілері бір-біріне тілек тілеуден гөрі, бір-біріне жауапсыз сұрақ қойғандай әсерде қалдырады» деген пікір айтылады [2].

Жалпы, жаңа технологиялар заманында тілдік коммуникациялар қарқыны «Сәлем», «Қайырлы күн!», «Қайырлы таң!», «Қайырлы кеш», «Қайырлы түн!» т.б. амандасу формаларын айналымға шығарды. Мұндай формалар қоштасу үлгілеріне де тән: «Көріскенше», «Келесі кездескенше!» т.б. Жастарды амандасудың қазақ дәстүрінде немесе тарихындағы үлгілерінен де хабардар етіп отыру қажет. «Армысыздар!» деп сәлемдесу «арма»-ның негізінде пайда болған. Бұл туралы ҚР ҰҒА академигі Р. Сыздық пен профессор Қ.Хұсайынның редакциясымен жарық көрген «Қазақша-орысша сөздікте» былайша тәржімеленген: «**Арма**! *экспр*., уст. здравствуй! приветствую!; армысыз! здравствуйте!» [3, 73]. Ал енді «Арма!» дегенге «Бар бол!» деп жауап қататын болсақ, қысқа және тиянақты әрі сәлемдесу мәдениетіміздің деңгейін көрсетеді.

Дәстүр бойынша алғаш көрген адамдар бір-бірімен сәлемдескен соң жөн сұрасып, танысуға көшеді. Тіл сабағында да солай. Аудиториямыздың дені ұлты қазақ студенттерді құраса да, кей **есімдердің** бұрмалануы қынжылтады. «Айнура», «Бахит», «Адема», «Асель», «Каирбулат» сынды есімдер тізіле береді. Тәуелсіздік таңы атқанына отыз жылдан асса да, кеңестік кезеңдегі толтырылған құжаттағы сауатсыз тегімен жүргендер де баршылық. Мұндайда сол есімдерге қосымша жалғау мәселеге айналып жатады. Ол мәселенің алдын алу үшін алдымен жас білім алушыларға есімнің мағынасын, маңызын түсіндіруге тура келеді.

Бұл тұста алдымен «ов», «ев» қосымшаларының қазақ тілінде рөлі жоғын айта кеткен абзал. Ал **адам тегінде** кездескен күнде оларды дұрыс түрлендіру мақсатында

Рәбиға Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» еңбегіне жүгінеміз: «-ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша бастапқы түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *Аймановқа, Тәжібаевқа* дегенде *Ай-ман, Тәжі-бай* түбірлерінің соңғы буындары жуан болғандықтан, қосымша да жуан жалғанып тұр. Ал *Жүнісовке, Әйтиевке* дегендерде түбірдің соңғы буындарында жіңішке дауысты дыбыс болғандықтан (*Жү-ніс, Әй-ти*), қосымшаның да жіңішке варианты жалғанып тұр» [4, 31].

Білім алушылар аталған еңбекті **тыныс белгілерін** өз бетінше дұрыс қолдану үшін де пайдалана алады. Әсіресе, орыс тіліндегі *но, в частности, потому что, поэтому* секілді т.б. сөздерді аударғанда қазақ тілінің олармен мағыналас жалғаулықтарынан кейін үтір қойып жатады. «*Бірақ, өйткені, сондықтан, дегенмен, алайда, әйтсе де, ал* деген жалғаулықтар жеке сөйлемнің басында келсе, олардан соң үтір қойылмайды» [4, 95]. Қазіргі технология дәуірінде академик Рәбиға Сыздықтың бұл кітабының электронды нұсқасын әзірлеп пайдалану – заман талабы. Шет тілдерінде «самоучитель .. язык» деген еңбектер ілгеріден бар. Аталған анықтағыш та қазақ тілінде таза, сауатты сөйлегісі келетін кез келген адамға жол көрсетуші, білім беруші, тіл үйретуші бола алады. Еңбек «Орфография ережелері», «Пунктуация ережелері», «Тыныс белгілері» секілді үлкен тараулардан тұрады. Мемлекеттік тілді меңгеруге ниет білдірушілерге сол тараулардан «Қосымшалардың жазылуы», «Тыныс белгілердің қабаттаса қолданылуы» секілді маңызды тақырыптармен қоса «Орфографиялық сөздік» ұсынылған. Тіл мәдениетін меңгеремін деген жан осыған арқа сүйейді.

Қазақ тіліндегі **сөздер байланысын** қате қолдану құбылысы әртүрлі ұлттан тұратын аудиторияға тән. Әсіресе, орыс тіліндегі меңгеруге сүйеніп қазақша калька аудармалармен сөйлеу үрдіске айналған. Оған қарапайым мысал: *конференцияда қатыстым, баланы ұрысты, оны қорықпайды т.б.* Бұлар орыс тілінде *предложно-именное-глагольное словосочетание* немесе жай *именное-глагольное* болып бөлінеді. Ал ана тілімізде ол тек есімді-етістікті тіркес саналады, яғни қазақ тілінде предлогтың орнына септік жалғаулары қызмет ететін зат есімді етістік меңгереді. Орысшасы *участвовал в конференции* (қазақшада предлог барыс септігін алады), *ребенка ругал* (барыс септігі), *он не бойится его* (шығыс септігі). Тіл мамандарының өзін жаңылыстыратын күрделі тіркестер де бар.

Мәселен, «*учить кого, чему», «научить кого, чему», «пользоваться кем-чем»* тіркестерін қазақшаға дәл орыс тіліндегідей тәржімелейді: *«баланы жазуға үйрету», «телефонмен қолданады»*. Дұрысы – «*балаға жазуды үйрету», «телефонды қолданады».* Қос тілді сөздіктердің өзінде қазақ тіліне аудармасы орыс тілінің ықпалына түсетіні ұшырасады. Бұл жағынан да оқытушы, педагогтер құзіреттілік танытып ғылыми негізге сүйене отырып тіл үйретуге тиіс. Ол жағын Р.Сыздық та ескертеді: «Кейбір етістіктердің сөздерді меңгеруіндегі ерекшеліктері» мақаласында «Септіктердің ауысып қолданылуы Абайда кейде (әрине, өте сирек) өлең талабынан да туған тәрізді. Мысалы, бастан-аяқ мағынасы жағынан да, грамматикалық оформлениесі жағынан да синтаксистік параллельдермен жазылған «Сегіз аяқ» сияқты шығармада *Жүректі тербеп* деудің орнына *Жүректен тербеп* болып берілуі алдыңғы *алыстан сермеп* деген жолға қатысты» [5, 281]. Ғалым септіктердің меңгерілуіндегі мұндай құбылысты сөйлем мағынасын бұзарлықтай дәрежеде еместігін еске салады.

Күнделікті өмірде белсенді қолданыстағы тіркестер мен сөйлемдердің орыс тілінің ықпалынан туғанын ол тілді еркін меңгере отырып, таза қазақша сөйлейтіндердің өзі ажырата бермейді. Орысша жыл мезгілдерінің басталуы *пришла, наступила*

етістіктерімен жеткізіледі. Ал қазақ тіліндегі лексикалық нормасын сақтамайтындар оларды, әлбетте, *келді*, *басталды* етістіктерімен алмастырады. Тілші-ғалым Рәбиға Сыздық «Лексикалық варианттар» бөлімін жазғанда бұл мәселеге де тоқталып өтеді: «Сол сияқты жылдың төрт мезгілінің келгенін білдіретін синоним сөздердің әрқайсысына дәл түсетін өз жыл мезгілдері бар: қыс *түседі,* жаз *шығады,* көктем *туады,* күз *келеді. Жаз түсті, күз шықты, қыс туды* деп қолданса, ол – лексикалық нормадан ауытқу болар еді. Баспасөз беттері мен көркем әдебиетте әдеби нормадан ауытқудың сөз тандауға қатысты түрі – ең жиі кездесетіні. Бұл ретте тек синонимдер қатарын тандауда емес, жалпы жоғарыда көрсетілген варианттар қатарын тандап қолдануда үлкен ағаттықтар, білместіктер, салақтықтар кездесіп келеді» [1, 91].

Білім алушылар тарапынан көптік жалғауды ретсіз қолдану да – практикалық қазақ тілі сабақтарында кездесетін мәселелердің бірі. *Несколько лет, много городов, 5 книг* дегендердің калькаланған тәржімесі – *бірнеше жылдар, көп қалалар, 5 кітаптар*. Бұл жағдайда студенттерге грамматикалық норманың бұзылып тұрғанын үнемі ескертіп, олқылықтың алдын алған абзал. Оған дәлелдер келтіріп, сүйенетін ғылыми негіздемелер, әрине, жеткілікті: «Көптік категорияны, көптік мағынаны білдірудің де бірнеше морфологиялық амалдары (тұлғалары) бар; аффиксация амалы**: -лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер)** жалғауымен келетін тұлғасы *(балалар, кітаптар), көп, біраз, бірсыпыра, едәуір* сияқты сөздермен тіркесіп келетін а н а л и т и к а л ы қ а м а лмен берілетін тұлғасы: *көп бала, көп кітап, бірсыпыра бала, біраз кітап* (алдым)» [1, 107].

Адамның сөз мәнері, ырғағы, интонациясы да сөйлеу мәдениетінің дәрежесін көрсетеді. Бұл да – тіл мамандары өз оқушыларын оқытқанда баса назар аударатын мәселе. Академик Рәбиға Сыздық оны сөйлеу техникасы санап, сөздерді әдемі, анық дыбыстауды **сөз сазына** жатқызады: «Адамның өз даусын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына (темпоритмге), паузаға, дикцияға байланысты болады. Біздің әңгіземіздің өзегі – сөйлеу техникасы емес, сөз сазы, яғни сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады» [1, 216].

Басқа ғалымдар да сөз сазына мән береді. «III. Көркем тіл саласында: а) тілдің лексикалық және грамматикалық нормасын мұқият сақтау; ә) сөзді жалпы-халықтық мәнде, сонан соң табиғи тіркесімді бұзбай қолдану; б) асқақ һәм құбылыстарға лайық өзіндік стиль таңдау; в) көркем **тілдің әуезділігі** мен суреттілігі, мұның өзі екіге бұтарланады: 1) асқақтық; 2) жағымдылық» [6, 8] деп жазады әдебиеттанушы профессор Серік Негимов. Демек, сөз сазы мен тіл әуезділігі – бір нәрсе. Екеуі де сөзің тыңдаушыға немесе ортаға жағымды, әуезді, сазды естілуіне қызмет етеді.

Жұртқа танымал шешендер дауыс ырғағымен қоса оның анықтығы мен дәлдігіне мән беріп сөйлеген, **тіл әуезділігін** сақтаған, тіпті өз бойындағы кемшін тұстарын көрсетпеуге тырысып, сол жолда көп еңбектеніп, жаттығулар жасап отырған. Әдебиетші-ғалым Серік Негимов «Шешендік өнер» атты кітабында дәлел-айғақтармен, нақты әрі қысқа сөйлейтін, дауыс ырғағын шеберлікпен қолданатын Грекияның асқан шешені және саясат қайраткері Демосфеннің өзін қалай тәрбиелегенін былайша жеткізеді: «Демосфен тумысынан сөзі міңгірлеп, онша анық сөйлей алмайтын болған екен. Осы бір кемшілігін қажыр-қайрат жұмсағанының арқасында жойған. Аузына қиыршық тас салып сөйлеген, даусын жүгіріп жетілдіріп шыңдаған, биік құз жартастарға өрмелеу үстінде әңгіме айтқан»

[6, 11]. Қарап отырсақ, грек шешені қандай күйде, қай мезетте болсын сөзін тыңдата білуді мақсат тұтқан. Демек, бұл – әуезді, сазды сөйлеуді кез келген адамға үйретуге болады деген сөз.

Білім берудің шарты – ғылыми негізге сүйену. Әр мәселенің себебі болғандай, әр себептің де жауабы бар. Сол жағынан тіл мамандары әлеуетін аямай жұмсап, біліктілігін пайдаланып, құзіреттілік танытуды мұратқа айналдырса игі. Ол үшін ғылыми еңбектерге, дереккөздерге жүгіну орынды. Шығыс ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби: «Тіл туралы ғылым жалпы алғанда, екі бөлімнен тұрады. Оның біріншісі: бір халықта бар сөздерді есте сақтау және олардың әрқайсысының мағынасын білу. Екіншісі: сол сөздерге жетекшілік ететін заңдарды білу. Ал қай өнерде болсын заң әмбебап, оның мәнісі – жан-жақты пайымдау. Әрбір заң сол өнердің нысаны болатын барлық нәрсені немесе біраз нәрсені қарастыра отырып, қайсыбір өнерге тән көптеген дүниелерді қамтиды» деп жазады [7, 30]. Саналы азаматтарымыз осыны бала-шағасына, қоғамға кең насихаттаса, артық емес. Әртүрлі ортадан, отбасынан жоғары оқу ордасына келген жастар терең білім алумен қатар өздерін жетілдіруді мақсат етеді. Тек алға ұмтылған білім алушылар мен оларға білім беретін мекемелердің мүддесі сай келіп, өткізетін пәндер пайдаға қарай жүйеленсе болды.

Қорытындылай келе айтарымыз: жоғары оқу орындарындағы жастарға тіл тазалығы мен табиғатын сақтап, сөйлеу мәдениетін үйрету үшін арнайы курстар ашу маңызды. Студенттердің білім бағдармаларына тілдік мәдени-ағарту бағытындағы «Қазақ тілі және сөйлеу мәдениеті» пәнін енгізу – уақыт талабы. Мұндай сабақтар тұрмыстық, заңды-құқықтық, ғылыми, саяси, әлеуметтік, мемлекеттік салаларда істейтін болашақ мамандардың табысты қарым-қатынас орнату, әдепті сөйлеу дағдыларын нығайтады. Филологияға қатысы жоқ білім алушылардың бойында тілдік, коммуникациялық және жалпы-мәдени құзіреттілікті қалыптастырады. Бұл міндеттер жүзеге асса, ЖОО жай ғана маман даярлап қоймай, тілді құрметтейтін және таза сөйлеп, елге қызмет ететін жоғары білікті, мәдениетті мамандар шығарар еді. Осы мақсатты жүзеге асыруға тіл білімі саласының әлеуеті жетіп артылады: ғалымдар мен педогогтердің сүбелі еңбектері мен оларды дарытатын білікті әрі құзіретті мамандар жеткілікті.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). *Көп томдық шығармалар жинағы.* - Алматы: Ел шежіре, 2014. - 292 б.
2. https://www.muftyat.kz/kk/articles/edification/2021-03-15/35364-slem-sozdin-anasy/
3. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов/ Под ред. акад. НАН РК Р.Г.Сыздыковой, проф. К.Ш.Хусаина. - Алматы: Дайк-Пресс. 2008. - 962 с.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
5. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы // Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ел-шежіре, 2014. - 384 б.
6. Негимов С. Шығармалары. Бес томдық. Шешендік өнер. - 1-том. - Астана: Фолиант, 2018. - 400 б.
7. Аль-Фараби А. Наука о языке // Избранные трактаты. - Алматы: Гылым, 1994. - 448 с.

Рәбиға Сыздық еңбектеріндегі рухани және ұлттық құндылықтар

Енсебаева К.
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Академик Рәбиға Сыздықтың тіл, ел, ұлт, жер, діл, халық жөніндегі зерттеулері рухани құндылық өзегі бола келіп, тілтаным мен сөзтаным салаларының тарихи-этностық бейнесін анықтайды. «Қазақ тіл білімінің алдында лингвостилистика деген үлкен саланы ашу қажеттілігі тұр... көркем әдебиет стилінің тілін көпшілік қауымға тыныту арқылы ана тілімізді уағыздау, оның көркемдік-әсемдік қасиетін дарыту, тілді дұрыс және әдемі жұмсауға тәрбиелеу болмақ», – дейді Рәбиға Сыздық. Студент кезінде-ақ «Қазақ тіліндегі изафет» деген тақырып бойынша жасаған баяндамасы оның тіл біліміне икемдігінің бар екенін аңғартты. Баяндамасында келтірген мысалдарының да тәлім – тәрбиелік маңызы бар еді. Ол А. П. Чеховтың мақал болып кеткен мына сөзін алып, оған изафеттік талдау жасады; «Адамда барлығы да әдемі болуға тиіс: оның түрі де, киімі де, жаны да, ойлары да сұлу болуы керек» [1]. Осындай белсенділігімен Рәбиға Сыздық жұртшылықтың көзіне ерте түсе бастады, ғылыми қабілетімен танылды. Ғалым – әдебиетші Қайым Мұқаметқанов оның ғылыми еңбектері туралы былай дейді: «Басқа кітаптарыңызды білмеймін. Мына орфография мен пунктуация жайлы анықтағышыңыздың орны өте ерекше.

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық 1924 жылы тамыз айында Ақтөбе облысының Ойыл қалашығында дүниеге келген. Әкесі Сәтіғали Құтқожин төңкеріске дейін орысша оқыған, көзі ашық адам болған. Балаларын қазақ мектептерінде оқытқан. Почта бастығы болып тұрғанында 1937 жылы дүрбелеңде ұсталып кетіп, қайта оралмаған. Анасы Жеміс пен әкесінің Еркінғали деген тете інісі бар. Рәбиға Сыздықтың төл тіліміздің қамқоры болуына осы екі адамның шарапаты тиіпті. «Халық жауының» бала-шағасы сан зобаланды бастарынан кешсе де, өмірге деген құштарлықтарын жоғалтқан жоқ... Сенімін алға ұмтылдырды. Үздік дипломды алғыр қыз түрік, француз тілдерін жақсы білетін, халықаралық право саласынан қазақтан шыққан алғашқы ғылым кандидаты, дипломат Мақаш Сыздықовқа тұрмысқа шықты. Мақаш Сыздықов қайтыс болғанда, беске толмаған жалғыз ұлы Әсет кейін әке жолын қуып, дипломат болды, бірнеше шетелдерде дипломаттық қызмет атқарды, бес тілді меңгерген азамат Рәбиға Сыздыққа екі ұл, бір қыз немере сүйдірді.

Тағдырлас адамдар ортақ тіл табысады. «Халық жауы» атанып, «он алты жол өлең үшін он сегіз жыл қуылып» айдауда болған асыл азамат, ақын, халық артисі Шахан Мусинге Рәбиға Сыздық қол ұшын берді. Екеуі де сөзді пір тұтқан, бірін-бірі емеурінен түсінетін тұлғалар қиын шақта бірін-бірі демеп, қолдап, ұлтының сүйіспеншілігіне бөленді. Он екі жасында әкесінен айрылған, отызында қосағынан көз жазған қайсар әйел өмірлік серік тапқан соң, ғылымға айрықша ден қойды. Көпке үлгі боларлық тағылымды жол, ал оның тағдыры-советтік дәуірде туып, білім алған, ғылымға құлаш сермеген қазақ қызының өнегелі тағдыры. Жақсы әке-шешенің дұрыс тәлім-тәрбиесін көріп өскен Рәбиға Сәтіғалиқызы Темір педучилищесінде де беделді, білімді педагог Бақытжан Алтыбаевтың ұстаздық тәрбиесін көріп, қанаттанып жетіле түседі. Осы мұғалімнің білімдарлығы Рәбиға Сәтіғалиқызының ана тілінің маманы болуына ықпалын тигізеді [2]. «Жақсыдан - шарапат» дегендей, енді оның ана тілін терең білуге құштарлығы артады. Рәбиға апай

қызмет жолын Темір педучилищесін үздік бітірген соң, сол кездегі «Алға» поселкесінде бастауыш сынып мұғалімі болып орналасып, сабақ береді. Сол кездегі шәкірттері: Қобдабергенов Шымкент қорғасын заводының директоры, Сұният Нұрмұқанбетов – тарих ғылымының кандидаты, Бәкір Тәжібаев пен Істай Мәмбетов – белгілі ақындар. Соғыс уақытында ол Темір, Ақтөбе қалаларындағы мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады. Кейіннен Ақтөбедегі екі жылдық мұғалімдер институтын үздік бітіріп шығады. Алайда, Рәбиға апайды өз білімімді толықтырсам ба деген ой күн сайын мазалай береді. Соғыс аяқталып, ел бейбіт тіршілікке көшкен соң оқуға талпынады да Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің үшінші курсына студент болып қабылданады. Оқуды бітіріп шығады да осы институттың аспирантурасына қабылданады.

«Абайдың сөз өрнегі» ұлы ақынның дүниеге келгеніне 150 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген» деген мақаласында: «Абай поэзиясы қазақ өлеңінің бұрыңғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңнің, классикалық жазба түрінің бастамасы, кейінгіге жол салған үлгісі болды» деген. Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында «Әдеби мұра және оны зерттеу» деген тақырып бойынша ғылыми-теориялық конференция өткізілген. Осы конференциядағы Рәбиға Сыздықтың сөзі жұртшылыққа ұнады. Ол туралы М. О. Әуезов Рәбиға Сыздыққа мынадай мінездеме берді: «Рәбиға Сыздықтың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша риза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік – тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ой бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты» (Әдеби мұра және оны зерттеу», «Ғылым» баспасы) [3].

Ғалым алғашқы еңбектерінде Абайдың шығармащылығын толық лексика-грамматикалық «сүзгіден» өткізіп, сол арқылы оны лингво-стилистикалық тұрғыдан талдаудың бағытын көрсетеді. Оны ғалым былай түсіндіреді: «Зерттеу обьектісі мен аспектісін бұлайша таңдауымыздың себебі мынада: Абай - дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай - сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, оның сапалық жаңа типінің ірге тасын қалаушы адам. Екінші, Абай лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада - поэзия мен проза түрінде жазған адам, онын үстіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады. Сондықтан Абайдың шеберлік лабораториясына үңілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистікалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп, талдап шығу кажеттігі сезіледі. Бұл талдаудың материалдары мен нәтижелері, бір жағынан, қазіргі жазба әдеби тіліміздің XIX ғасырдың екінші жартысындағы, өзінін басталар тұсындағы «лексика-грамматикалық сипатын белгілі бір дәрежеде танып-білуге септігін тигізер болса, екінші жағынан, ұлы ақынның жазушылық шеберлігі мен өзіне тән стильдік тәсілдерін және оның қазақ әдеби тілі дамуындағы шоқтығы биік орнын танынуға арналатын «Абайдын тілі» деп аталуға тиісті әдеби-лингвистикалық зерттеу жұмысына дайындық болар деген мақсатты көздедік». Р. Сыздық Абай тілін жан-жақты зерттеді. Ол: «Қызық» сөзі Абай қолданысында жетпіс екі жерде кездеседі. Қайғыра білген өмірдің тамашасын, рахатын да сезінген, сезіне тұрып өлең тілінде қызықтың түсін түстеп, атын атап кеткен», - дейді «Абайдың сөз өрнегінде». Ғалымның пайымдауынша, Абай махаббатты да, баланың, жақсысын да, қатын-баласын да, досын да, татулықты да кемді күндегі қызык, дәурен деп таниды. Қызықтан өзге қалсаң бос, қатынын, балаң, досың бар, -

дейді. Ғалым Абай тіліндегі «қызық» сөзінің дуниедегі көргеннің бәрі қызық деген халық даналық сөзінің синонимі ретінде берілгеніне ғылыми тұрғыда талдау жасайды. Р. Сыздық Абай поэзиясының тілін талдауда үлкен еңбек етті. «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Абайдың сөз өрнегі», «Абай энциклопедиясындағы» тілге байланысты тараулары - ұлы Абайды зерделеудегі Р. Сыздықтың зертеушілік қуатының айғағы. М. Әуезов Р. Сыздық туралы: «Тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екенін аңғартты», - дейді (М. Әуезов. Әдеби мұра және оны зерттеу). Ұлы М. Әуезовтың бірде «Зат есім, сын есім, етістік деп зерттейсіңдер, олар біткен соң не істейсіңдер» - деген сөзі Р. Сыздықтың тіл тарихына үңілуіне, тілдің бүгінгі мәртебелік деңгейін зерделеуге ой салса керек.

Рәбиға Сыздық Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспиранты болып оқыған кезінде-ақ өзінің тіл білімін дәйекті зерттеуге қабілетті жан екенін көрсетті. Тіл білімінің келелі мәселелерін терең зерттеуге, түбегейлі шешуге ынтыға, құлшына кірісті. 1957 жылдан бастап он төрт жыл бойы Абай шығармаларының тілін зерттеді. Оның жазып, баспадан шығарған жиырмадан астам кітап, кітапша, жүзден аса мақаласының ішінде Абай шығармаларының тілі туралы жазған екі томдық кітабының шоқтығы биік тұрады. Оған кандидаттық және докторлық ғылыми дәрежеге алып берген де осы қомақты, ауқымды екі еңбек: «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы». Ол «Абай тілінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Абай шығармаларының тілін зерттеу оны үлкен арнаға алып келді, ғалымның «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген құнарлы еңбегі жарық көрді. Оның ғылыми табыстары осындай қомақты болып отыр, өйткені «бұлақтың басы тұнық болса, соңы мөлдір» деген халық мақалы осы сияқты бір арнадағы құнарлы іске байланысты айтылғанына ешкім таласа алмайды. Р. Сыздық Қазақ ССР Ғалым академиясының мүше – корреспонденті болып сайланады. Бұл – тіл білімі саласында қазақ әйелдері ішінен тұңғыш рет болған жағдай. Ғалымның өзіне тән бірден – бір ерекшелігі – тіл білімі мен әдебиет әлемін бір-бірімен тұтастықта, байланыста зерттеуі. Сөз құдіретін ұғынып, бағалай білетін ғалым ұлы Абайдың сөз өрнегін зерттеуді бастаған кезеңде де сөз зергерлерінің шығармаларын көкірек көзінен өткізіп, зерделеуді өзінің бір парызы санап келген. Абай тілін зерделеуге арналған «Абай шығармаларының тілі» атты монографиясы үшін ғалымға Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді. Бұл еңбекте автор қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы ұлы Абайдың қосқан зор үлесін, орнын дәлелдейді. Абай шығармалары тіліндегі лексика-морфологиялық ерекшеліктері саралай келе ақын өмір сүрген кезеңдегі қазақ әдеби тілінің де жағдайын жан-жақты қарастырған [4]. Суреткер қолданған лексикалық, грамматикалық қатпарлары әр қырынан талдап береді. Онда жаңадан жасалған, көнені жаңартқан, мүлде тың қолданыстардың себеп-салдарын анықтап, ұлы ақынның шығармашылығын даралай түсетін тұстары ерекше зерделілікпен баяндалады. Сөйтіп «Абай –қазақтың қазіргі әдеби тілінің негізін қалаушы» деген тұжырымды тілдік деректермен бекіте түседі.

Абайдың жазба әдеби тілдің негізін салудағы орнын анықтай отырып, ол өмір сүрген дәуір мен ортаның ара қатынасын, сол дәуірдегі әдеби тіл мен кітаби тіл байланысын жан-жақты талдайды. Ғалымның жоғарыда аталған «Абай өлендерінің синтаксисі» атты монографиясы жалпы өлең синтаксисіне арналған алғашқы еңбек десе де болады. Мұнда

Абай тілінің құрылым-құрылысы жан-жақты қарастырылған. Осынысымен де ол ізденушілер мен білім алушылар қолынан түспей келе жатқан бірегей еңбектер қатарында.

Р. Сыздық «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегі лингвостилистикалық зерттеу болып табылады. Зерттеуде лингвопоэтикалық танымның нысаны мен мақсат-міндеттерін саралаудан, Абай тілін танудың қырларын анықтаудан басталады. Еңбектегі «Сөз-өлеңнің арқауы» деп аталатын тарау поэтикалық сөз мәселесіне бағышталған болса, келесі тауарларда ұлы ақынның сөз құбылту шеберлігі, сөзді үндестіру құпиялары, қара сөздерінің стильдік және тілдік табиғаты айқындалады, Абай дәстүрінің сабақтастығы мәселелері баяндалады. Ұлы ақынның шығармаларының тілін сол кездегі қазақ әдеби тілінің жай-күйімен, оның негізгі нормаларымен, басты-басты үлгі үрдістерімен тығыз байланыста қарастырған. Абайдың тілдік тұлғасын жан-жақты танытатын зерттеулер. Рухани құндылықтар арнасының дүниетанымдық ұстанымдары: Даналық тәжірибеге сүйену «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінде көрініс табады. Рухани дүниетаным, мәдениеттаным, азаматтық білік пен құндылықтар әлемі дәуір, қоғам, уақыт, заман талаптарына сай қазақтың Сөз өнерін әлемдік өлшем биігіне көтереді. Сөйтіп, ғылыми талдаудың тың үлгісін, моделін ұсынады.

Рәбиға Сыздық «Абайдың сөз өрнегі», «Сөз құдіреті» және «Сөздер сөйлейді» атты үш монографиялық еңбегін баяндау стилімен тақырыбы жағынан өзіне өте ыстық кітаптар санайды. Р. Сыздық жыл сайын бір еңбек шығарып отырған. Осындай жарияланған ғылыми еңбегі жағынан алғанда, онымен басқа лингвистеріміз жарыса алмайды. »Сөздер сөйлейді» деген еңбегі ғалымның аса бір зеректікпен орындаған жұмысы болды. Онда ақын-жыраулар тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің байырғы мағыналары ашылып, олардың семантикалық өрім-өзгерістері сараланды. Еңбектің тарихи лексикология бойынша өте қажетті оқу құралының біріне айналуы сондықтан. Ғалым бұл кітапқа еңбегінің көп сіңгенін жазады. Ғалым Р. Сыздық еңбектерінің мәдени-рухани негізі – ұлттық құндылықтар өзегі. Ұлттық құндылық – этнос мүшелеріне тән, тектік-моральдық қаситеі сақталған таным мен біліктілікті аңғартатын әлеуметтік-философиялық норма. Ар-намыс, қанағат, тәубе, әдітеттілікке ден қою «Сөз құдіреті», Ұжымдық-әлеуметтік мүдені жоғары санау «Сөздер сөйлейді» еңбектерінен байқауға болады [5].

Бұл еңбекте хикметтердің Самарқант нұсқасы негізінде оның тіліне лексика-грамматикалық, текстологиялық тұрғылардан талдау жасаған. Зерттеме барысында ғалым лексикалық тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыданда Ясауи тілінің негізгі қыпшақ-оғыз әдеби тілі деген қорытындыға келеді. Қ. Ясауи – түркі поэтикасының құдіретімен ислам дінінің негіздерін жүректен жүрекке жеткізуде, сөйтіп оны түркі мәдениетінің төл мұрасына айналдыруда орасан зор еңбек сіңірген алып тұлға. Екі жүз отыз беттік қолжазбаны төрт-бес қайтара жазып, транскрипциялап, транслитерациялай отырып, аса мұқият болуды талап ететін зерттемені ыждағаттықпен орындап шыққан. Ғалым еңбектеріндегі рухани құндылықтарды зерделеу концепциялары. Рухани құндылық – халықтық тіл мен санада, дәстүрде, ділде, мәдениетте, әлеуметтік озық ойда жинақталған ұғынды қасиеттер. Адамгершілік мұраттарды қадірлеу Яауи «Хикметтер» Қадырғали Би Жылнамалардан білінеді. Тілдің қай кезеңде де негізгі қызметі адамдар арасында қатынас құралы болуымен, яғни коммуникативтік қызмет атқаруымен қатар, қоғам өмірінде мәні зор өзге де бірнеше қызмет атқаратыны белгілі [6]. Бұл еңбекте әңгіме арқауы – бүгінгі қазақ тілінің сөздік қазынасы, оның өткен кезеңдердегі және бүгінгі күй-қалпы, тарихы, қысқасы, лексика-фразеологиялық ескіліктері мен жаңалықтары. Тіл мәдениетінің ең

өзекті мәселесі – тілдік норма. Тілдік норма және оның кодификациясы жеке зерттеу нысаны болып рет қарастырылады. Тілдік нормаға анықтама беріледі, оның межебелгілері, түрлері көрсетілді: қазақ әдеби тілінің нормативтік белгілері айқындалды, қалыпқа түскен нормалар реттеліп, жинақталып, хатқа түсуі, оның теориялықпрактикалық негіздері қарастырылды. Норма негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастырылуы. Тілдің нормалануы мен ол нормалардың кодификациясы бір әрекет емес, соңғысы тіл процестеріне адамдардың араласуы, яғни тілдік нормаларды реттеу, сұрыптау, дұрысын бекіту, қалыптанғандарын хатқа тіркеу сияқты іс-әрекетті білдіреді.

Ауызша сөйлеу өнері мен ауызша әдеби тіл – ұлттық мұра, рухани құндылық нәрі, туған топырақтағы сөз өнерінің түп тамыры бола келіп, оны сақтау мен өрістеудің жаңашыл тетіктерін көздейді. Ғалым Абай өмір сүрген дәуірдегі жазба әдеби тіл мен қазіргі әдеби тілдің арасындағы сабақтастықты Абай шығармалары арқылы жан-жақты қарастырады. Ол қазақ әдеби тілінің тарихын жаңаша зерделеуге шақырады. Ғалым тарапынан айтылған «жазба тілдің қалыптасуына, пайда болуына дейін де қазақ ақын – жыраулары әдеби тілді жете білген, олардың шығармалары әдеби тілдің жоғары үлгісі болған» деген батыл пікір қазақ әдеби тілінің мәртебесін, ұлттың рухани түп қазығын ғылыми тұрғыдан көтерді. Қазақтың мәдени ғылыми тұғырында есте қалар азаматтар көптеп саналады. Солардың бірі, әрі бірегейі – Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Рәбиға Сыздық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы:Ғылым, 1961. - 351-б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, 1995
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы, 2014
4. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. - Алматы, 1994
5. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. - Алматы, 1971
6. Сыздық Р. Абай өлендерінің синтаксистік құрылысы. - Алматы, 1971

Сөз зергері – Рабиға Сыздық

Әбілов М.
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
филология ғылымдарының кандидаты

Біздің қазақ тілі өте бай тіл. Әрбір сөздің қолданылу тәсіліне қарай беретін мағынасы да әртүрлі. Әсіресе ежелгі дәуірлерден бері қолданылып келе жатқан шұрайлы сөздерден поэтикалық әуен сезіліп тұрады, сөйлегенде назым сөздерден ширатпа шумақ өлеңдердің ұйқасы көңіл төріне орнығып жатады. Профессор Р. Сыздықтың ғылыми еңбектері өскелең ұрпатардың ана тіліне деген, сөз мәдениетіне деген құштарлығын арттыра түскені анық. Оның «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы», «Сөз құдіреті», «Қ. Иасауи хикметтерінің тілі» атты ғыылми еңбектері қазақ тілін зерттеу тарихына қосылған мол үлес болды. Профессор Рабиға Сыздық қазақ халық ауыз әдебиетінде, соның ішінде батырлар жыры мен ғашықтық жырларында кездесетін, бүгінгі

таңда сирек қолданатын айырым көне сөздер уралы тұщымды пікірлер білдіріп, қазақтың ежелгі дәуірлерде қалыптасқан сөздері туралы мың ойланып, мың толғанып зерттеулер жазды. Оның жазған еңбектерінде XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларында мағынасы күңгірт тартып бара жатқан сөздер кездеседі.

Р. Сыздық «Абыз» сөзіне былайша түсінік береді: «XIX ғасырдың орта тұсында жасап өткен Дулат Бабатайұлының бір өлеңінде:

Абыз демей, не дейміз,
Шалы орнынан тұрған соң, –

дейді. Мұндағы *«абыз»* сөзі, Л. Будаговтың көрсетуі бойынша, Қазан татарлары тілінде «оқымысты, білгір, сауатты адам», тобыл наречиесінде *абзи* «аға», *абыз тотай*, одан ысқарған абыстай «апай, дін басы болған адамның әйелі, мұғалім әйел», башқұртша абсай «ана, шеше», абыз етмек, абызламақ» оқыту, ағарту, абызмақ «оқу, сауаттану (Будагов, 1, 4). Қазігі қазақ тілінде абыз-көне сөз, «көп білетін, білгір, білімді адам» және «сәуегей, көріпкел» мағыналарын білдіреді (ҚТТС, 1, 1974, 38). Соңғы мағынада жиірек қолданылатынын айтуға болады және қазақтардың абызы «алдап соғатын» сәуегей емес, ақылды, халық құрметіне ие болған әрі жасы еңкейген адам екені байқалады. Мұхтар Әуезов «Еңлік-Кебек» пьесасында дана кейіпкердің образы етіп Абызды алуы да осыны дәлелдейді... » [1].

Профессор Айман Алдешева Р. Сыздық туралы былай деп еске түсіреді: «1984-жылғы желтоқсанда Жазушылар одағы сөз мәдениетінің проблемаларына арналған конференция ұйымдастырды. Бас баяндамашылар – сөз зергері Ғабит Мүсірепов пен Рабиға Сыздық болды. Ғ. Мүсіреповтың: «Рәбиға қарындастан кейін сөз бастау қиын», – дегені де осы жиналыста айтылды.

Апай көркем мәтіннің сөз қолдану ерекшеліктеріндегі тың үдерістерді саралап, тіл мен стиль тұрғысынан талдаудың негізгі үлгілерін көрсетті. Көркем туындылардағы сөз байлығының қалай игерілгенімен қатар ұлт тілі мен ұлттық рухтың қалайша сабақтасатынын алғаш рет талдады, бұл үшін тіл байлығының барша үлгісі-жеке сөздің сан қырлы өзара мәндес, мағыналары жуық қатарларының, көнерген сөз бен аймақтық ерекшеліктердің, образды қолданыстардың уәжді мүмкіндіктерінен ажырап қалмаудың негіздерін дәлелдеді... » [2].

Р. Сыздық қазақтың сөзі «адырна» туралы былай деп жазады: « Махамбет ақынның атақты жырларының бірінде: *Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен* деген өлең жолы бар. Мұндағы *адырна* сөзі ақын мұрасының жинақтарында *«садақтың оқ тіреп ататын тарамысы»* деп түсіндірілген. Қазақ тілінің сөздігі де *адырнаның* мағынасын осылай анықтайды. Сонымен қатар мұның *адырана* варианты бар екені де көрсетілген. Қазақ кеңес энциклопедиясы адырна сөзінің мүлде басқа екінші нәрсені де білдіретіндігін береді, яғни *адырна* деп жауынгершілікте, аңшылықта қолданаңыған сыбызғы сияқты көне үрмелі музыкалық аспапты да атаған дейді (ҚСЭ,, 125). Соған қарағанда, Махамбеттің жоғарғы өлеңіндегі *адырна* сөзі садақтың кермесінен гөрі, дыбыс шығаратын аспапқа жуық келмес пе екен деген ой туады. Махамбет өлеңінен өзге қазақ мәтіндерінде *адырна* сөзі мөңіреу, аңырау сөздерімен тіркесіп келмейді.

Мысалы, Шалкиізде:

Адырнасын атқа алған,
Атқан оғын тайға алған,

Қазтуғанда:

Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті, -деп келетін өлең жолдарындағы *адырна* сөзі, сөз жоқ, «садақтың тарамысы, кермесі» деген мағынада жұмсалып тұр. Бірақ садақты мықтап тартып, оқты алысқа жіберудің поэтикалық образын садақ тарамысының қатты серпігенінен шыққан зуылы, дыбысы арқылы беру әбден сыйымды. Сондықтан *адырна* «мөңіреуі де, аңырауы да» мүмкін [3].

А. Алдашева Р. Сыздықтың қазақ орфографиясына айрықша мән беріп, оның ережелерін жасаудағы еңбегін атап көрсетеді. Оның бағыт-бағдарымен Қ. Неталиеваның, Н. Уәлидің ғылыми еңбектерінің құндылығы туралы былай деп жазады: «Сөз мәдениетінің аса маңызды аспектісі-ортологиялық құралдарды жетілдіру, сол арылы әдеби нормаларды біріздендіру екенін әрдайым назарда ұстаған Рәбиға апай «Қазақ орфографиясының негізгі ережелерін» өз қолымен әзірледі. Ұлттық кодтың басты көрсеткіші- Емле сөздігін түзуге бөлім қызметкерлерін жұмылдырды. Сөздіктің қолжазбасын дайындау кезеңінде емлесі қиын немесе орфографиялық варианттары бар тілдік бірліктерді, жарыспа нұсқаларды, дублеттерді реттеу бойынша басшылық жасап, әрдайым қадағалап отырды.

Белгілі маман, Тіл мәдениеті бөлімінің құрылған күнінен бастап қызмет еткен Қ. Неталиева «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» әзірледі. Ізденістер мен байыпты саралаудың нәтижесінде жасалған ортологиялық құралдардың негізгілері-Емле ережелері *(1983-жыл)* мен Емле сөздігінің *(1988-жыл)* құрылымы, мазмұны күні бүгінге дейін сауатты жазуға сүйеніш боларлық құралдарға деген қоғам мүшелерінің сұранысын толық қанағаттандырып келеді. «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» және «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» атты ұжымдық монографиялардың және ұстаз зор сенім артқан шәкірті-көрнекті ғалым Н. Уәлидің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінің жарық көргені де осы тұс болатын... » [2]. . А. Алдашева Р. Сыздықтың Ә. Кекілбаев, Т. Ахтанов, Ш. Мұртаза, М. Мағауин, С. Бердіқұлов, О. Бөкеев, А. Сүлейменов, Қ. Жұмаділов, К Сегізбаев, Т. Әлімқұлов шығармаларының тілі туралы сериялы мақалалар жазғанын атап көрсетеді.

Р. Сыздық «айбар» сөзі туралы: «Махамбет ақын Исатайдай қолбасшының портретін бергенде:

Құландай ащы дауыстым,

Құлжадай *айбар* мүйіздім!- дейді. Мұндағы *айбар* сөзі қазірде *айбат*, *айбын*, *ызбар* сөздеріне мағыналас деп танылады. Бәрінде де «қорқытатын, сұс көрсететін» деген мән бар. Тегі, бұл сөздер мәндес болғанымен, олардың поэтикалық образ жасаудағы салмақтары бірдей еместігі байқалады. Қырғыз тілінде *айбар* сөзі сұс көрсететін, таяныштірек ететін нәрсе мағынасында жұмсалады да, *айбат* сөзінен («қаталдық, қорқынышты түр») бірсыпыра ажырап тұрады. . », – дейді [1].

Жалпы, қазақ тілі тарихының көрнекті ғалымы Р. Сыздықтың ғылыми еңбектері қазақ тілінің мәдениетін өркендетуге, ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейтуге септігін тигізетін ғажайып еңбек деп баға беруге болады. Ғалымның еңбегі өскелең ұрпақтардың ана тіліне деген құштарлығын арттыра береді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Алматы: Арыс, 2004. - 14-б.

2. Алдашева А. Ұлт тілінің ұстыны // Қазақ әдебиеті. - 2024, 16-тамыз

Академик Рабиға Сыздықтың ғылыми еңбектерінің түркітану ғылымында алатын орны

Карибаева А.
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
филология ғылымдарының кандидаты

Ғасыр жасаған ұлы тұлға, қазақтың аяулы қызы, азаматы, қазақ тілінің жанашыры, ғалымдық хаты мен азаматтық атын алтын әріппен жазып қоятындай, бір туар азаматша ғалым, академик Рабиға Сәттіғалиқызы Сыздықованың ғылым жолындағы биік шыңы, оның артына өшпестей із қалдырған ғылыми мұрасы – оның ғылыми еңбектері мен кітаптары, монографиялары мен ғылыми ой пікірлері және ғылымдағы нақты тұжырымдары. Оның негізгі ғылыми еңбегі өткен ғасырдың 50 жылдарынан басталды десек, қателеспейтін шығармыз.

Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Тіл білімі» институтының «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы» бөлімінен басталған еді. Ғалымды мен алғаш рет 80 жылдардың соңында «Тіл мәдениеті» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген кезде көрдім. Өйткені, ол кезде ғалым ғылым докторы, профессор болатын. Кеше ғана 95 жылдық мерейтойын өткізген едік. Енді ұзақ сапарға арамыздан кеткен апамыздың 100 жылдық торқалы тойын өткізгелі отырмыз. Ол кісі көзі тірісінде: «үлкенге құрмет, кішіге іззет» көрсете білген ерекше тұлға еді. Ондай адам жүз жылда бір туатын шығар деп ойлаймын. Кезінде апайдың қолынан нәр татпаған, адам болмаған шығар. Әріптестері, шәкірттері үйіне келе қалса, құрақ ұшып жүгіріп жүріп қарсы алатын. Адамды адамдарша күтіп алып, адамдарша шығарып салатын. Сондықтан да, оның жанында өмір бойы, бірге жұмыс істеген әріптестері, бөлім қызметкерлері бірге болды.

1959 жылы «Абай қара сөздерінің морфологиялық ерекшеліктері» тақырыбында академик І. К. Кеңесбаевтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған болса, кейін «Абай шығармаларының тілі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған болатын. Осы тақырып төңірегінде көптеген ғылыми еңбектері мен ғылыми мақалалары жарық көрді. Негізгі мағыналы еңбектері: «Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш»(1959, 1996), «Қазақ пунктуациясының ережелері»(1961), «Орфографиялық сөздік»(1960, 1973), »Абай шығармаларының тілі» (1968), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984), «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» (1985), «Көркем тексті лингвистикалық талдау» (1989), «Ахмет Байтұрсынов» (1990), «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі» (1995), »Сөздер сөйлейді (1980), «Сөз сазы» (1983), «Сөз құдіреті» (1997), «Абайдың сөз өрнегі» т. б.

Академик Р. Сыздықованың жан-жақты әрі ауқымды ғылыми –зерттеу еңбектерінің негізгі арқауы:қазақ әдеби тілінің тарихы, түркітану ғылымының өзекті мәселелеріне арналды. Бір ғасыр жасаған ұлы тұлға ұзақ жылдар бойы, үзбей қалам тартып, жете зерттеген саласы қазақ әдеби тілі тарихының мәселелері еді.

Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) атты көлемді ғылыми монографиясы-ұлы ақынның тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастырған еңбек қана емес, сол кезеңдегі, синхрондық әдістегі әдеби тілдің негізгі ерекшеліктері мен басты сипаттарын айқындаған іргелі зерттеуі болатын. Осы еңбегі үшін ғалымға Қазақстан

Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді(1995).

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова – түркітанушы ғалым, тіл білімінің маманы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессоры. Сондай-ақ ол Түркияның «Dil Kurumu»лингвистикалық қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері сияқты үлкен ғылыми және мемлекеттік атақтарға ие болды.

Рабиға Сыздықова Абай шығармаларының тілін жан - жақты, бүге- шігесіне дейін қалдырмай лингвистикалық тұрғыдан, терең зерттеген ғалым. XIX ғасырда әсіресе оның II жартысына дейінгі кезеңдерде қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін Абай өз шығармаларында:өлеңдерінде де, прозасында да мол пайдаланған. Бұл жөнінде, ғалым Абай шығармаларының лексикасын генетикалық тұрғыдан талдағанда, негізінен, үш қабаттан тұратынын айтады. Өйткені олар: 1) қазақтың төл сөздері, 2) түркі тілдес халықтардың араб-парсы сөздері, 3) орыс сөздері [1].

Бұл жөнінде бірқатар зерттеушілердің айтуынша, қазақ, қырғыз тілдерінің сөздік құрамын, тілдік тегі жағынан талдағанда, төртінші қабатты –монғол сөздерін атайды [2]. Көптеген араб-парсы сөздері тәрізді, монғол сөздерінің де тектік белгісі не фонетикалық, не семантикалық жағынан төл элементтерден ажыратылмайтын дәрежеге жеткен еді.

Сондықтан, кейбір лексикологтардың айтуынша, монғол тілдерінен енді, -деп есептеп жүрген кейбір сөздер, мысалы:аян, баян, байсал, қарыз, кедер-гі, келеке, тұлға, соны сөздері Абай текстерінде бар бола тұрса да, біз оларды өз алдына лексикалық қабат, - деп түсінеміз. Өзге өлкелерге қарағанда, Абай туып-өскен жер монғолдарға жақын тұрғанымен, бұл күнде Абайдың өмір сүрген дәуірінде монғол тілінен қазақ тіліне немесе оның шығыс говорларына жүйелі түрде еніп жатқан лексикалық қабатты аңғармаймыз.

Солай етіп, Абай сөздігіндегі шығыс тілдері элементтері дегенде, араб парсы тілдерін көздейміз, көп жағдайда ол екеуін бөлек –бөлек қарамай, араб-парсы немесе шығыс тілдері деп атап жүрміз [3]. Қазақ тіліндегі араб парсы қабатының белгілі бір тобының, әсіресе тұрмыс –шаруашылыққа қатысты сөздердің қазақша баламасы, қазірде болмауы, бұлардың өте ертеден тілімізге етене сіңісіп, өзге параллельдерді тілден ығыстырғандықтарының нақты дәлелі тәрізді. Абай лексикасындағы араб парсы сөздер қабаты: дұшпан, дос, кедей, дүние, баға, пайда, жан, сауда, саудагер, базар, пұл, таразы, дертшаруа, зиян, тәрізді зат есімдер, арзан, майда, таза, зор тәрізді сын есімдер-тілімізге әбден сіңісіп, қазақтың төл сөзі болып кеткен.

Олар жалпы халықтық нормадағы сөздер, яғни қазақтың кең байтақ даласына тегіс тараған, барлық жерде бірдей мағынада қолданылып келе жатқан лексемалар. Оған дәлел ретінде, бұларды Абайға дейінгі ақын-жыраулар текстерінен де, кейбіреулері XIX ғасырда жырланғанына немесе жазылып алынғанына қарамастан, ол бастағы негізін сақтаған ауыз әдебиет үлгілерінен де молынан кездестіреміз [4]. Сондай-ақ Абайға дейінгі қазақ әдеби тіліндегі араб парсы қабатының бірсыпырасы –жалпы халықтық тілге ертеректе еніп, қалыптасып, сіңісіп кеткен. Олардың өзін жалпы екі топқа бөлуге болады: ислам дініне қатысты сөздер және дінге қатыссыз сөздер, - деп ажыратып қарастырған жөн.

XIX ғасырда, әсіресе оның II жартысына дейінгі кезеңдерде қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін Абай өз шығармаларында: өлеңдерінде де, прозасында да кеңінен қолданған. Ал түркітану саласындағы зерттеулері бір төбе. Оның

түркітанудағы негізгі қызметі бір жағынан қазақ елінің тарихын халыққа таныту болса, ал екінші жағынан, оны қазақ әдеби тілінің тарихымен байланыстыруда, бір бірімен ұштасып жатады. Солардың ішіндегі ең көлемді еңбегі, зерттеушінің Қадырғали Жалайырдың «Жами- ат-тауарих» атты еңбегін тілге тиек етеміз.

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында дүниеге келген көне қазақ тілінің ескерткіштерінің бірі Қ. Жалаиридың «Жами- ат-тауарих» еңбегі [5]. болатын. Автордың бұл монографиясында ерекше атауға болатын мәселенің бірі Тарақ таңбалы Жалайырдан шыққан Қадырғали бидің жылнамалары туралы түркі кезеңдеріндегі зерттеулерге сын көзімен қарағаны. Бұл жазба ескерткіштің лексика-граматикалық құрылысына талдау жасай отырып, ондағы оғыз - қыпшақ тілдеріне ортақ элементтерді саралай отырып, оны туыстас түркі тілдерінің деректерімен салыстыра зерттейді.

Жазба ескерткіш тіліндегі әртүрлі тілдік белгілерді талдай келіп, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қарай қалыптасқан, өзге туыстас түркі тілдерінде қайталанбайтын қазақтың сөз өрнектерін айқындайды. Олар негізінен тұрақты сөз тіркестері мен бейнелі сөз оралымдары болып келеді.

Сондай-ақ, ғалым өз зерттеулерінде жазба ескерткіштің қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын, бірақ XV-XVIII ғасырларға тән, қазақтың ақын-жырауларының тілінде жиі ұшырасатын тілдік элементтерді табады. Қадырғали Жалаиридың «Жамиғат ат-тауарих» атты еңбегінде шығарманың тілдік жағынан да, рухани мұра жағынан да, қазақ халқының байырғы дәуірінен келе жатқан таптырмас мұра екенін ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, зерделеп дәлелдейді.

Ойымызды қорыта келгенде, бір жағынан заман ағымына, қоғам өміріне қарай, қазақ тілінің тағдыры енді орыс тілімен астарласа, жанаса дамуының қажеттігін сезіне білу, оны жүзеге асыру, екінші жағынан, сол кездегі қазақтың қалың бұқарасының білім-ұғым дәрежесімен санасуы –жазба әдеби тіліміздің XIXғ. II жартысында дамудың кеңес дәуірінің ажыратылатын айырым белгілерінің бірі, - деп ойлаймыз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздық Р. Абай және қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Арыс, 2004.

2. Кәрібаева А. Ө. Түркі терминологиясы: тарихи дамуы мен қалыптасуы. -Тараз., - 2020.

3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы: Арыс», 2004.

4. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. - Алматы, -1980.

5. Сыздықова Р. Язык «Жами ат -тауарих» Жалаири. - Алматы, - 1989.

«Сөз құдіреті» және Ш.Мұртаза шығармашылығының көркемдік сипаты

Кембаева А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

Өзінің көркем шығармаларымен және журналистік шеберлігі негізіндегі публицистикалық туындыларымен оқырман назарын бұрған қазақ қаламгері Шерхан Мұртазаның шығармашылығы, сондай-ақ, әдебиет және тіл зерттеушілерінің де қарымды қаламынан таса қалмады. Жазушы шығармашылығының көркемдік сипаты мен тілдік ерекшелігі – бүгінге дейін зерттеліп келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Шерхан Мұртаза шығармаларының тілдік ерекшілігін анықтау және талдау мақсатында зерттеу

жұмыстарын жүргізген ғалым Рәбиға Сыздық өзінің «Сөз құдіреті» атты еңбегінде қаламгердің «Қызыл жебе» романы мен «Жүрекке әжім түспейді» жинағындағы әңгімелердегі қазақ тіліне тән құдіретті сипаттай отырып, жазушы тілінің «жинақы, үнемді, астарлы» екенін айтқан [1, 19]. Ғалым қаламгер тілінің басты айшығын көркемдеуіш бейнелі құралдарды жиі қолданбай-ақ, қарапайым жүйелі сөйлемдер легіне жүгініп, түпкі мәтінді оқырманға ұсынарда тілі жатық авторларға ғана тән астарлы мәтіндер арқылы беруімен түсіндіреді. Әсіресе «Қызыл жебе» романындағы автордың тақырыпқа сай фактілерді беру ретінен, оларды суреттеу әдісінен оның тілдік-экспрессивтік ерекшелігі байқалатынына назар аударады. Мәселен, зерттеуші пікірін былай дәлелдейді: ««Сығымдылық» сипат беру үшін жазушы «үнемдеу» тәсіліне көшеді. Айталық, эмоциялық-экспрессивті болып келетін айшықты эпитеттерді, жайылма анықтауыштарды көп қолданбайды. Эпитеттердің көбінесе кәнігі (дәстүрлі, тілдік) түрлері беріледі: *жоғары мәртебелі* фон Таубе, *құлаққесті* құл, *еті тірі* ер, *жазира* кеңістік, *заңғар* тау, *зеңгір* аспан, *қара* дауыл т.т. Ал анықтауыштар нақты сипаттамалар болып ұсынылады. Мысалы, адамның сыртқы келбетін суреттегенде, *боржық сары* старшын, *іркілдек сарқарын тартқан кексе* әйел, *бурыл сақал* Ахмет, Наташаның *алтын түстес әдемі шашы*, (тұтқынның біреуі) *қызыл шырайлы, қыяқ мұртты, қапсағай* қырғыз...» [1, 20]. Мұндай сипаттауда өзге қаламгерлерге тән ұзақ-сонар бейнелеу амалын немесе кейіпкер портреті мен характерін беруде әдетте қолданылатын бірыңғай суреттеу, көркемдеу тәсілдеріне жүгінуді байқамаймыз. Себебі қаламгер оқырманға ұғынықты ақпарат беру үшін сөз үнемділігі мен жинақылық тәсілін қолданған. Мұны зерттеуші Рәбиға Сыздық нақты мәтіндік мысалдармен жүйелеп түсіндіреді. Әрі қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен тілдік стиліндегі тағы бір ескеретін дүние, мұндай жинақылық пен үнемділік берілген көркем шығарманың поэтикалық мәнін арттырмаса, кеміткен жоқ. Өйткені автор сипаттаған ақпарат, кейіпкер суреті оқырманның көз алдына алуан бояуда тізіліп, нақты елестейді.

Ғалым Рәбиға Сыздық өз зерттеу жұмысында Шерхан Мұртазаның кейіпкерлерін, оқиға сюжетін, құбылыстарды әсірелеп суреттеп, көркем сөзбен мадақтаудан ада екенін ескертеді. Оны жазушының дара суреттеу мәнерімен түсіндіреді. «Күні кеше өткен шым-шытырық оқиғалар мен сан алуан психологиялық арпалыстарға толы бұл шығарма романтикалық лиризмнен гөрі бас кейіпкерлер тағдырын тілгілеп жатқан осынау қатқыл кезеңнің өзі сияқты нақты тіліп түсетін тілмен суреттеуді қалайтынын сеземіз», – дейді ғалым [1, 20]. Демек қаламгер өз оқырманының ойын сан түрлі ұйқасты құрылымдармен арбамайды, керісінше зейінін нақты шығарма тақырыбына, астарлы мәнге аударуға тырысады.

Жазушы айрықша тілдік өрнектерді аталмыш «Қызыл жебе» романындағы табиғат көріністерін адам табиғатымен байланыстыруда қолданады. Зерттеуші Рәбиға Сыздық қаламгердің табиғат құбылыстарын шығармадағы іс-әрекеттерге әсер ететін символикалық сипат ретінде параллель қолдану шеберлігін де атап өтеді: «Табиғаттың символикалық рөлі – «Қызыл жебе» романы тілінің айрықша белгісі. Қызыл жебені ұрлауға бара жатқандағы суреттелетін *жеті шоқылы Талғардың алпауыт шыңы – Жаңғырық* – Рысқұлдың алдында тұрған аса қиын, аса қатерлі шаруа – ұрлық *шыңның басын алтынмен булаған адасқақ алау* – сәттілік үміті, *Талғардың асқақтап, айбындай түскені* – барайын деп тұрған ісінің қатерін сезген кейіпкердің символдық параллелі [1, 21]. Сондай-ақ туындыгердің тілдік стилінің лирикалық үнімен сәйкес қарастырады. Әсіресе жазушының көркем шығармасындағы лиризмді табиғат пен адамды, оқиғаны қатар сөйлетуі деп танығанымыз дұрыс екенін

ескереді. «Табиғат пен адам жарасы – Шерхан Мұртаза қолтаңбасының даралық стилінің, шығармашылық мәнерінің бір белгісі, сәтті, қуатты қыры», – дейді [1, 22].

Сонымен қатар қаламгердің өз шығармашылығындағы сөз қолданыс амалын оның жеке сөздерді, сөз тіркестерін, құбылтуын шығармалардағы образдардың жасалуымен байланыста қарастырады. Шерхан Мұртаза шығармаларының тағы бір ерекшелігі – оның сирек әрі көне сөздерді көркем туындыда пайдалану арқылы қайта әдеби айналымға түсіруге ықпал етуі. Қаламгер шығармаларындағы ұлттық тіл мен ділдің көрінісі де осының айғағы. Жазушының аталмыш «Қызыл жебе» романындағы географиялық және биологиялық атаулардың тізбегі де оқырманды ұмытылған немесе тың атаулармен таныстырып отырады. Мысалы: «ұлар деген құстың (оны да жазықтықтағы қазақтар біле бермейді) *қақылықтайтынын*, барыстың сипаттама бір атауы *сұлтан-шері* болатынын, *атқұлақ* пен *гүлқайыр, сиырқұйрық* пен *шайқурай* деп өсімдік аттарын бейнелеп беретінімізді біліп, тіліміз неткен бай еді, неткен образды деп сүйсінеміз», – дейді зерттеуші [1, 22].

Зерттеуші Шерхан Мұртаза шығармаларындағы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің, күрелі экспрессоидтердің тұлғаларын бұзбай, оң қолданылуын ерекше бағалайды. Мұндай бірліктерді қолданудағы авторға тән ерекшелік – мақал-мәтелдерді мотивті қолдануы әрі атқаратын қызметі мен ашатын астарлы мәнімен мазмұндық сәйкестілігін қатар ұстануы екенін айтады. Жалпыхалықтық қазына саналатын мұндай мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді уәжсіз қолданып, олардың мәнін бұзуға жол бермеуіміз керек екенін де нық атап өтеді. Себебі кез келген қаламгердің тілді сезінетінін әрі қолдануында халықтық мүддені қатар діттейтін ақыл иесі танылатынын түсіндіреді.

Жазушының «Қызыл жебе» романындағы синтаксистік құрылымдардың көбіне ықшам сипатта болуы, яғни жай сөйлемдермен берілуі де өзіне тән тілдік ерекшелік саналады. Мұны зерттеуші роман құрылымында жиі байқайтынын нақты мысал негізінде ұсынады: «Сұрай-сұрай Мекені де табады дейді. Сол айтпақшы, Ахат пен Молдабек сұрай-сұрай Алматының абақтысын да тапты. Басқаны білмесе де, жұрт түрмені біледі екен» [1, 22]. Берілген тармақта, сондай-ақ кейіпкерлер арасындағы диалогтерде жазушы негізінен қысқа қайырып, авторлық ремаркаларды бермеуге тырысады. Яғни автор тек кейіпкерлерді сөйлетеді де, өз сөзін тек диалог ортасында немесе соңында ғана беріп отырады. «Қай кейіпкер қай сөзді айтса да, барлығының сөзі тұтасып, мағыналық-синтаксистік бір монолит құрайды», – деп ғалым Рәбиға Сыздық өз пікірін тұжырымдайды.

Ғалым Шерхан Мұртазаның «Жүрекке әмір жүрмейді» жинағындағы әңгімелердің көркем тілдік механизмінің романнан өзгеше екенін айта отырып, әңгіме жанрының тілдік-стильдік сипатының тақырып пен суреттелген оқиғадағы уақыт пен кеңістікке, идеяға, автордың мақсатына байланысты екенін түсіндіреді. Қаламгердің көбіне соғыс кезеңіндегі тіршілікті, ауыл тынысын суреттейтін әңгімелеріндегі өмір шындығын бейнелейтін кезде қолданатын тәсілі – кейіпкерлер арасындағы диалогті беруінде деп ұғады. Себебі жазушы шындық оқиғаны сол қалпында жеткізу үшін күнделікті тіршіліктегі адамдардың ауызекі сөйлеу машығын өзгертпейді. Бұл да өзіндік стильдік ерекшелік. «Сөйлеу тілінде эмоцияны білдіретін одағайлар, қаратпа сөздер жиі қолданылады»,– дейді ғалым [1, 25]. Шерхан Мұртаза сөз қолданысы арқылы кейіпкерлердің психологиялық образын жасайды. Мұнда да ауызекі тілдегі құлаққа жатық сөздерді орынды қолдану шеберлігімен кейіпкердің ойын, тілегін, қалауын жеткізуге тырысады. ««Ұзақ командировка» деген әңгімеде әке-шешесі ажырасып, әкесін көптен көрмеген баланың аузынан *жүз жыл өтті, жүз жыл бұрын еді, жүз жыл өтті ғой* деген сөздер жиі шығады. Осы бір ауыз сөзбен жазушы әкесін күтетін,

оны сағынған баланың образын жасайды. Бала әкесін ұзақ командировкада жүр деп ойлайды, ол әкесін күтеді, ол әкесін өте сағынған деген сөздерді автор айтпайды бұл сөздердің қызметін баланың қайталай беретін жоғарғы бір ауыз сөзі атқарып тұр» деген зерттеушінің пікірі, әрине, дәлелді [1, 25]. Сондай-ақ Шерхан Мұртаза өз әңгімелерінде өзге ұлт өкілдерінің сөйлеу машығын дәл беру мақсатында олардың сөздерін сол қалпы ұсынады. Мысалы Рәбиға Сыздық былай дейді: «Барысханның қырғыз атасының аузынан *«қоқи, қағылайын»* деген қырғыз сөздері шықса, орыс фотограф: *«Мен ойлаған сеники бала», «Сеники бай екеу түскен сурет бар!», «Сен өзиндики сурет әкел»* деп қазақша сөйлейді» [1, 25]. Ғалым бұл мысалдар негізінде жазушы шеберлігін дәлелдейді. Себебі, көркем туындыда болған шындық оқиғаны тап сол қалпында беру міндетті емес болса да, Шерхан Мұртаза әңгімелерін оқығанда дәл сол оқиға ішінде жүргендей әсер алатынымыздың себебін осымен ұғындырады.

Шерхан Мұртаза әңгімелерінің құрылымында айтарлықтай ерекшелік болмағанымен, ғалым қаламгердің бірнеше беттік шығармаларының өзі, мәселен новеллаларының да сюжеттік бөліктермен ұсынылғанын айтады. Оны мына мысалынан байқай аламыз: ««41 жылғы келіншек» әңгімесінің алғашқы төрт беті – Хадишаның түсі, келесі жарты бет – автордың баяндауы. «Бір нәзік сәуле» – он-ақ беттік әңгіме, соған қарамастан үш «тарауға», яғни сюжеттік бөлікке бөлінген» [1, 26]. Сондай-ақ қаламгердің өз әңгімелерінде қазақы ұлттық танымнан ажырамайтыны ескеріледі. Себебі бұл туындыларда ұлттық әдеби тіл нормасынан ауытқитын қолданыстар жоқ.

Ғалымның зерттеуінде жазушы әңгімелеріндегі жергілікті тіл ерекшеліктерінің сипаты барлық өңірдегі сөйлеу тілінің элементтерінің қолданылуымен ерекшеленетіні айтылады. ««*Қыз байға қашып кеткен, қызы төркініне түсе келіпті, алжыған басым,* Ақшай кемпірдің бүгінде *мұрнына есекқұрт түседі, Шалабай шіркін, Шалабайы түскір, Зуайда байғұс, қызталақ* (Аталық шалдың үйреншікті сөзі) тәрізді көбі қарапайым сөз болып келген қолданыстардың біразын табамыз. Кейіпкерлердің диалогтерінен тіпті ауыл адамдарының тіліне енді араласа бастаған *пастой, ровнай он шақырым, бірігат-ау* тәрізді орыс сөздері де көркем әдебиет стилінің нормасын бұзып тұрған жоқ», – деп [1, 26], автор жазушының тілдік қолданысындағы сөз бірліктерінің орынды жұмсалғанын атап өтеді. Қарапайым сюжетті арқау еткен шағын әңгіменің өзінің тілдік стилі, жазушыға тән сөз қолданысы оқырманға мол ақпарат беріп тұрғаны даусыз. Мұнда автордың қарапайым ауызекі тілдік нормаларды шебер қолдануы ұтымды сипатқа ие болған.

«Бейнелі фразеологизмдер де аса көп емес» [1, 26] деген зерттеуші өз тұжырымын дәлелді түсіндіреді. Қаламгер әңгімелерінде арнайы астарлы тұрақты тіркестерді қолданбай-ақ ойының түпкі мазмұнын жеткізе білген. Фразеологиялық тіркестердің орнына белгілі бір жағдаятта орын алатын, ауыл адамдарының аузынан шығатын тапқыр сөздерін, қазақы кәнігі образдардан алынған мәтіндерді, тіркестерді қолданады. Мысалы, ғалым: «бір аяғың – немісте, бір аяғың – кебісте» (бір аяғынан соғыста айырылып келген адамға қарата айтылған) сияқты ауыл адамдарының тапқыр сөзі, қазақтың кәнігі образынан алынған *«түр әлпеті алшы асықтың сақа тиіп құлағанындай»* (Ақшай кемпірдің сөз таласында жеңіліп қалғанын суреттегенінде), *«аш қасқыр жеп кеткен есектің қабырғасындай ырсиып-ырсиып жайрап жатты»* (ағашы қырқылған орман туралы), *«көдедей көп әйел», «кішігірім самаурындай қызылша»* тәрізді бейнелі теңеулерді әңгіме текстеріндегі «әдемі сөздердің» қатарына қосуға болар. Бұлардың ішінде тіпті аяғына «*аш ішегің, тобығыңа тоқ ішегің оралсын!», «тумай жатып әкесін жалмаған үш жалмауыз», «кітапта басың қалғыр!»* сияқты «жаңа қарғыстар» да бар», – дейді [1, 26]. Аталмыш мысалдардың артқан мәнін

тереңінен талдап қарасақ, олардың ұлттық фразеологизмдер секілді нақты бір оқиға немесе кейіпкер турасындағы мәнді дәл сипаттап бере алғанын байқаймыз. Сондықтан жазушы тілінің шеберлігі бұл тұста да зерттеуші назарына ілінгені бекер емес. Шерхан Мұртазаның мұндай тілдік, сөз қолданысындағы стильдік ерекшелігі оны басқа қазақ қаламгерлерден даралап тұрады.

Рәбиға Сыздықтың зерттеуінде жазушының баяндау стилі де әдеттегідей: «*әсіреқызыл сөзсіз, артық авторлық пайымдауларсыз, қып-қысқа, мағыналары мейлінше түсінікті сөйлемдермен келеді*. Әкесіз, тіреусіз өсіп келе жатқан Барысханның «Медетхан бауырын» көргісі келетіні де, сол Медетханнан үлкен адамгершілік, тіпті жас жігітке қажет батылдық, батырлық іздейтінін де жазушы әңгіме соңындағы «осы Медетхан емес пе екен?» деген де ой келді» деген сөйлеммен аяқтауы арқылы білдіреді. Бұдан осы туындының оқиғалы шығарма емес, философиялық-психологиялық ой-түйінмен келген, адам жанының сұранысын баяндаған әңгіме екенін көреміз. Тіл мен стилі өзінің қарапайымдылығымен, анықтығымен, шыншылдығымен мазмұн мен түрдің сәйкес келуін жүзеге асырып тұр», – деп пайымдалады [1, 26]. Мұндағы ғалым айтып отырған қаламгер шығармаларындағы тілінің ерекшелігі, сөз қолданысындағы қарапайым бірліктердің мәні, синтаксистік құрылымындағы жай сөйлемдердің жиі орын алуы, барынша оқырманға жайлы баяндауда берілетін оқиғалар сюжетінің құрылымы, құрамы және стилі Шерхан Мұртазаның авторлық ұстанымы, шығармашылық шеберлігі, өзіне ғана тән қаламгерлік ерекшелігі. Автор өзінің шығармаларында ұлттық тілдің көркем сипатымен қатар, бай табиғатын әсірелемей-ақ шебер қолдана білген. Мұны ғалым Рәбиға Сыздықтың еңбегіндегі талдауынан дәлелді мысалдар әрі параллельді теориялық пайымдар негізінде таныдық.

Ғалым зерттеу жұмысында қаламгер шығармашылығын тілдік сипатында зерттеп, өзіндік тың тұжырымдар жасағанын байқадық. Жазушының көркем шығармасы тілін зерттеу арқылы сол тілдік стильдің, қолданыстың шығарма мазмұнын ашудағы орасан қызметін, жалпы, автордың шындық өмір оқиғаларын көркем мәтінмен оқырманға ұсынуындағы ең маңызды құрал екеніне көз жеткіздік. Жазушы суреттеп отырған күллі құбылыс, оқиға, кейіпкерлердің жан-дүниелік сезімі осы тілдік бірліктер арқылы қағазға түседі, оқырманға әсер етеді, оны ойға салады. Рәбиға Сыздық Шерхан Мұртазаның шығармашылығын тілдік тұрғыда зерттей отырып, мұның «қай тілдегі көркем әдебиет болмасын, барлығына бірдей тән теориялық ақиқат», – екенін дәлелдеп берді.

Демек, Шерхан Мұртазаның шығармашылығын, шығармаларындағы тілдік ерекшелігін, ұлттық мәдениеттің тілдік көріністерін зерттеу әлі де өзекті, қазақ әдебиетімен қатар тіл білімі саласында да өзектілігін жоймады. Жазушы тілі арқылы ұлттық руханият пен мәдениеттің астарлы үнімен таныстық. Ал «тіл мен мәдениеттің өзара қатынасын қазіргі заман мәдени-ұлттық сана-сезім тұрғысынан оның тілдегі көрінісін зерттеу – басты талап» [2]. Шерхан Мұртаза – бұл өткеннің жазушысы ғана емес, сонымен бірге болашақтың тәлімгері, оның ықпалы алдағы жылдар бойы кеңейе береді. Оның есімі мәңгілікке қазақ мәдениеті мен ұлттық мақтанышының символы ретінде өмір сүреді [3, 47]. Сондықтан ғалым Рәбиға Сыздықтың Шерхан Мұртаза шығармашылығы мен оның тілдік ерекшелігін зерттеген еңбектерін тану мен талдаудың мәні зор деп есептейміз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Электронды ресурс. – URL: https://kitap.kz/book/4571/read#epubcfi(/6/8[id4]!/4/170/1:67) (қарастыру уақыты 25.10.2024).

2. Шерхан Мұртаза – заман шындығын іздеген заңғар тұлға. Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2022. - 338 б.

3. Жұбай О., Кембаева А. Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2024. - № 1. - 35–51-б.

Тіл мәдениеті және лингвостилистикадағы Рабиға Сыздықтың рөлі

Алтруева С.
Қармақшы аудандық білім бөлімі «№272 орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Рабиға Сыздық – қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, оның ғылыми мұрасы қазақ тілінің дамуы мен мәдениетін қалыптастырудағы маңызды кезеңді құрайды. Ол қазақ тілінің тарихы мен лингвостилистикасына байланысты көптеген ғылыми еңбектер жазған.

Рабиға Сыздықтың тіл мәдениеті саласындағы рөлі. Тіл мәдениеті – қоғамдағы тілдің сапасын, оның дұрыс қолданылуын, әдеби тіл нормаларын сақтау мен дамыту мәселелерін қамтитын ғылым саласы. Рабиға Сыздықтың осы бағыттағы еңбектері қазақ әдеби тілінің қалыптасу және даму процестерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ әдеби тілінің нормаларын қалыптастыру. Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің нормаларын зерттеп, олардың қалыптасу тарихын зерттеген. Ғалымның пікірінше, әдеби тілдің нормалары тек тілдің функционалдық стильдеріне ғана емес, сонымен қатар сөйлеу мәдениетіне де байланысты. Сыздықтың еңбектері арқылы әдеби тілдің әрбір деңгейінде нақты нормаларды сақтаудың маңызы мен қажеттілігі айқындалды.

Сөйлеу мәдениеті. Рабиға Сыздық сөйлеу мәдениетінің маңызды элементтерін зерттеп, қазақ тілінде дұрыс және мәнерлі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлген. Ол сөйлеу мәдениетін қоғамның тілдік деңгейін арттырудағы негізгі фактор ретінде қарастырған. Ғалымның еңбектерінде қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары мен әдістері кеңінен баяндалған.

Лингвостилистика саласындағы ғылыми еңбектері. Лингвостилистика - тілдің стильдік ерекшеліктерін, оның көркемдік құралдарын және тілдің коммуникативтік қызметін зерттейтін ғылым саласы. Рабиға Сыздық осы бағытта да айтарлықтай зерттеулер жүргізіп, қазақ тілінің лингвостилистикалық мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырған.

Қазақ тілінің стилистикалық мүмкіндіктерін зерттеу. Рабиға Сыздықтың еңбектерінде қазақ тілінің стилистикалық мүмкіндіктерін терең зерттеу орын алған. Ғалым қазақ тілінің стильдік ерекшеліктерін айқындап, олардың көркем шығармаларда қолданылуын зерттеген. Ол тілдің көркемдік құралдарын дұрыс пайдаланудың жолдарын анықтап, қазақ поэзиясы мен прозасындағы тілдік ерекшеліктерге тоқталған.

Көркем мәтіндегі тілдік құралдар. Сыздық көркем әдебиеттегі тілдік құралдарды зерттеп, олардың стильдік ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Оның еңбектерінде ақын-жазушылардың шығармаларындағы тілдің көркемдік қызметі мен оның оқырманға әсері талданады. Осы зерттеулері арқылы Рабиға Сыздық қазақ тілінің байлығы мен оның көркемдік әлеуетін жоғары бағалады.

Тіл мәдениеті мен лингвостилистикадағы Рабиға Сыздықтың ғылыми мұрасының мәні. Рабиға Сыздықтың тіл мәдениеті мен лингвостилистика саласындағы еңбектері қазақ тілінің дамуына үлкен ықпал етті. Оның зерттеулері арқылы әдеби тілдің нормалары мен сөйлеу мәдениетінің талаптары нақты анықталды.

Ғылыми мұрасының қазіргі қазақ тіліне әсері. Ғалымның зерттеулері қазіргі қазақ тілінің дамуына, оның дұрыс және мәдени түрде қолданылуына үлкен үлес қосты. Оның еңбектері тілдің тазалығын сақтау, оны болашақ ұрпаққа дұрыс жеткізу жолында маңызды рөл атқарды. Сыздықтың ғылыми мұрасы қазіргі тіл мәдениетін зерттеушілер үшін де, тіл үйренушілер үшін де құнды материал болып табылады.

Жастарды тәрбиелеудегі рөлі. Рабиға Сыздықтың еңбектері арқылы жастарды тіл мәдениетін сақтауға және ана тілін дұрыс қолдануға тәрбиелеу мүмкіндігі арта түсті. Оның еңбектері мектеп оқулықтарында, жоғарғы оқу орындарының бағдарламаларында кеңінен қолданылып, тілдің дұрыс қолданылуын насихаттауға бағытталған [4;89]

Қорытындылай келе Рабиға Сыздық – қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғасы, оның тіл мәдениеті және лингвостилистика саласындағы еңбектері қазақ тілінің дамуына үлкен ықпал етті. Ғалым қазақ әдеби тілінің нормаларын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту және тілдің стилистикалық ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазақ тілінің байлығын, оның көркемдік әлеуетін ашып көрсетті. Оның ғылыми мұрасы қазіргі қазақ тілінің мәдениетін дамытуға, болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды зерттеулер қатарынан табылады. Рабиға Сыздықтың еңбектері арқылы қазақ тілі мен мәдениетінің дамуы жаңа деңгейге көтерілді, бұл оның ғылымдағы жетекші рөлін дәлелдейді. Ғалымның ғылыми мұрасы болашақта да қазақ тілінің дамуына бағыт-бағдар бола бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қалиев Б. Қазақ тіл біліміндегі Рабиға Сыздықтың рөлі. Алматы: Арыс, 2008.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 2002.
3. Мұқанов М. Қазақ тілінің стильдік жүйесі. Алматы: Рауан, 1999.
4. Айтбаева Ш. Тіл мәдениеті және сөйлеу мәдениеті. Алматы: Дәуір, 2010.

Ғылым қанатындағы ғұмыр

Шаншарова Ш.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы,
№66 «Мырзашөл» ЖББМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тіл ғылымының тарихын дәл Рәбиға Сыздықовадай зерттеп, қазақтың жазу-сызу мәдениетін Орхон-Енисей жазуларынан бастап күні бүгінге дейінгі кезеңдерге бөліп, тілдік норма мен сөз сазына дейін талдаған ғалым жоқ. Сол себепті де Рәбиға Сәтіғалиқызын ғалымдар «қазақ тіл ғылымының анасы» деп атап кетті. Адамды даналыққа жеткізетін білім болса, талмай білім алып, ғылымның түбіне түсіп зерттеу, күллі ғұмырын ғылымға арнау - зор қажырлық пен қайсарлықты талап етеді. Көзі ашық, көкірегі сәулелі ата-анадан туып, әкесі нақақтан атылып кеткенде алапес болған адамдай қоғамнан қағажу көрген кіп-кішкентай қайсар қызды, намысы талай қиындықтан алып шықты. Әу баста: «Бәсе, халық жауының қызы мұны істей алушы ма еді?» - деген сөзді

естімеу үшін намысқа тырысқанымен, тілге, ұлтқа, ұлттың тарихына, ұлт зиялыларына деген шексіз махаббаты, 16 жасынан бастап, 96 жасқа дейін қолынан қаламын тастатпады. Бұл бәлкім ғалым апамыздың төртінші атасы, Исатай, Махамбет батырлардың жанында ел қорғаған Сәменбет батыр атасынан берілген мінез болуы да мүмкін. Атасы орыс отарлауынан халықты қорғауға тырысса, шөбересі орыс тілінің экспанциясынан қазақ тілін қорғауға, қорғап қана қоймай, әуелгі тұнық қалпын сақтап қалуға барын салды.

Арман – адам баласының дамуына шабыт беретін ұлы сезім десек, ғалым апамыздың бала күннен арманы Алматыда оқып, ғылым іздену болыпты. 1945 жылы Абай Құнанбаев атамыздың 100 жылдық мерейтойына шақырылып, М. Әуезовтің өз аузынан Абай жайлы 1 сағаттық баяндама тыңдауы, ғұмыр бойына жетер ғаламат сезім сыйлайды. Ал тамыз конференциясында мектеп оқулықтарын дәйекті сынап, ғылыми дәлелдермен мектеп тапсырмаларының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай еместігін батыл айтуы, Ахмеди Ысқақовтың ҚазПИ-ге оқуға шақыруына түрткі болады.

Рәбиға Сәтіғалиқызының тіл ғылымына келуіне бірден-бір себепкер адам – М. Әуезов. Әуезов дәрістерінің көркем де бай тілі, ұлттық бояуының қанықтығы, ғылымилығы мен тарихи шындығы – жас ғалымды ғылымға ғашық етеді. Әуелі Абай тілінің ерекшеліктерін зерттеуден бастаған ғылыми жолы, қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы жайлы анықтағышты құрастыруына ұласады. Одан әрі түсіндірме сөздіктері мен этимологиялық зерттеулері, қазақ әдеби тілінің тарихы, әсемдігі, әуезділігі мен қолдану нормалары т. с. с. құнды еңбектері бірінен кейін бірі жарық көрді. Ғалым, әдебиетші Қайым Мұқаметқанов бастаған ақын-жазушылар Рәбиға апамыздың орфография мен пунктуация жайлы анықтағышын қолдарынан тастамай, «сіз біздің ұстазымызсыз» деп мойындауы да, тек мықты ғалымға ғана берілер баға.

Абайдың сөз өрнегін зерттегенде ғалым ақындықтың жай өнер емес, көркем өнер екендігіне баса назар аударады. «Өлең көркемөнер туындысы болғандықтан әр сөз ерекше таңдалып алынып, көріктеу құралдары арқылы эстетикалық өріс алады» деген ғылыми анықтама береді [1, 6]. Осы анықтамасын сан түрлі тақырыптарға арқау етіп: символ, фразеологизм, перифраз, сөз үндестіру, дыбыстар гармониясы, аллитерация мен ассонанс, анафора мен эпифора, өлеңнің синтаксистік құрылысының ерекшеліктері, инверсия, -ар/-ер жұрнақты тұлға, - мақ аффиксті тұлға, морфологиялық тұлға, мәтін теориясы сынды Абай өлеңдері мен қара сөздеріне ауқымды тілдік талдаулар жасайды.

«Сөздер сөйлейді» түсіндірме сөздігінде ғалым архаизмге айналып, мағынасы күңгірт тартқан, әуелгі шығу тарихы (этимологиясы) ұмыт болған жыр мен дастандарда, мақал-мәтел, ақын-жыраулардың поэзиясында келтірілген тұрақты сөз тіркестері мен сөздердің түпкі мағынасын ашып, оқырманға тың мәліметтер беріп, дәлелді ғылыми уәж айтады. Көнерген сөздерді (архаизмдерді) «ескіліктер» деп алып, олардың танымы мен теориялық негіздерін зерттейді. Лексикалық бірліктердің көнеру, ескіру уәждері мен кездері, кездесетін орындары, түсініктілік дәрежелері, ескіліктерді зерттеудің қиындықтары, тілдегі жаңалықтардың теориялық негіздері мен заңдылықтары, неологиялардың әдеби тіл нормасына ену әлеуеті және қалыптану (кодификация) процесі сынды көптеген тақырыптарды зерттейді.

Қазақ тілтану ғылымында өзін ғалымдарға мойындатқан алғашқы ғалым әйел ретінде Рәбиға апайымыз жиі айтылады. Бірақ ол кісінің жүрекжұтқан батылдығы жиі айтыла бермейді. Ер адамдар сыбырлап, ас үйде ғана айтатын «Алаш зиялыларын ақтап алу жайлы» әңгімені алғаш, 1977 жылы мінберде Рәбиға Сәтіғалиқызы ашық айтқан болатын. Ахмет Байтұрсыновтың тіл ғылымына қосқан үлесіне ел алдында ерекше баға

беріп, рухани ұстазы болған ғалымға деген құрметін айқын көрсеткен. Ол КГБ-ның тексерістерінен қорықпай, басын қатерге тіге жүріп, Байтұрсынов негізін қалаған «тілтану» ғылымын жанкештілікпен зерттеп, ұлтына сый ретінде қайтарған қайсар ғалым.

Рәбиға Сыздықова терең зерттеген тағы бір сала – Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілі. Ғалым Ясауи хикметтерінің литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, шығарма авторларын айқындап, лексика-фразеологиялық, грамматикалық және көркемдік сипатын зерттеп, ғылыми талдау жасаған. Зерттеу монографиясында Ясауи қолжазбаларының Самарқанд (Залеман) нұсқасы, хикметтердің авторлары жайында кіріспе жазып, алғашқы тарауды қолжазба мәтіннің фонетикалық жүйесі, фонологиялық заңдылықтары мен емлесіне арнайды. Кейінгі тарауларда хикметтер тілінің лексикасы, хикметтер лексикасының араб және парсы тілдік қабаты, фразеологизмдері, морфологиялық сипаттамалары, хикметтегі сөз таптары қызметі, септеу категориялары, етістік, сөз жасам сынды бөлімдерге бөліп, әрқайсысына грамматикалық талдау жасайды. «Хикметтер тілінің көркемдік сипаты» аталатын тарауда әдебиет теориясы заңдылықтарына сүйене отырып, хикметтердегі фразеологизмдер мен көркем-бейнелеуіш құралдардың қызметін, өлең құрылысын талдайды. Ары қарай қолжазбаның транскрипциясын жасап, мәтіннің өлең жолдарына келтірілген нұсқасы мен түпнұсқасын береді. Күніге жазбаша бір-бірімізге хаттар жіберіп, сан алуан мәтіндермен жұмыс жасап отырған қазіргі заманда, сауатсыз жазатын адамдар саны өте көп. Үлкені болсын, кішісі болсын емле, пунктуация, орфография, орфоэпия заңдылықтарын белден басып, қалай болса солай жазып, тілді бұзып сөйлеп жүр. Сондай «тілдік қатесі мол» адамдарға Рәбиға апамыздың «Қазақ тілінің анықтағышы» кітабын бір оқып шығуға кеңес берер едім. Аталмыш еңбекте ана тілімізде қатесіз (дұрыс) жазу, сөйлегенде тіл заңдылығына сай дыбыстау, анық, қатесіз сөйлеу ережелері берілген. Тыныс белгілерді дұрыс қою, емле, тілдік нормаларды дұрыс қолдану заңдылығы жазылған.

Осындай ірі тұлға, айтулы ғалым бола тұра Р. Сыздық қазақ прозасы мен поэзиясындағы бұрынғы, кейінгі барлық ақын-жазушыларды түгел оқитын. Әсіресе жас қаламгерлердің шығармашылық беталыстарына үнемі жоғары баға беріп, мақтап, шабыттандырып, жылы лебіз білдіріп отырған. Өзін зор, өзгені қор санайтын «ұлылар армиясы» сәт санап өсіп жатқа заманда, академик басымен жас тілшілерге жылы ілтипат білдіргені, жас қаламгерлердің тіл ғылымына деген махаббаты оянуына түрткі болғаны сөзсіз.

Жалпы ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та ыждағаттылық пен әйелге тән ықтияттылық, жинақылық, ұғынықтылық, ғылыми бірізділік тұнып тұр. Жаны мен қоса тән сұлулығына да ерекше мән беріп, үйінің өзін библиографиялық картотекадай шашау шығармай ұқыпты да таза ұстайтын қолы дәмді отана, өгей балаларына өз баласынан артық мейірім төккен нағыз ана. Оның қарапайым өмірдегі әйелдік міндеті мен адамгершілік қасиеттерінің өзі бір кітапқа жүк болуға жетерлік үлгі. Аспиранты О. Жұбаеваның жолдасына көлігін сыйлай салуы, үйіне келген әр ғалымға сыйлық үлестіруі, қонақжайлылығы мен қазақы дархандығы, қолы ашық жомрттығы, қызғаныш пен көреалмаушылықтан ада таза шықтай мөлдір болмысы халық жадында мәңгі сақталмақ!

Пайдаланған еңбектер:

1. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. - 580 б.

Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ әдеби тілі тарихына қосқан жаңалықтары мен негізгі ұстанымдары

Тимурова А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Әдеби тіл ұғымы – әлі күнге дейін тұрақтанбаған, әртүрлі пікірде қалыптасқан ұғым. Оған себеп ғалымдардың әртүрлі болжам-топшысы. Көп ғалым «әдеби тіл» ұғымын еуропа, орыс ғылымындағыдай зерттеп, анықтама береді. Сол себептен де, осы уақытқа дейін «әдеби тіл» ұғымы жазба тіл ұғымымен байланыстырылып келді. Р. Сыздық бұл пікірлерге қосылмайды. Әдеби тіл деп – тек жазумен шектелетін болсақ, қазақ халқының сонау сан ғасырлық ауызша тараған мұраларының бәрі есепке алынбайды, сонда олар әдеби тілге жатпаса қайда қалады деп, әдеби тіл ұғымына – халықтың жалпы мұрасының барлығы кіріктірілетін әдебиеті, оның тілдік ерекшеліктері кіруі қажет деп есептеп, тіл біліміне «ауызша әдеби тіл» деген терминді енгізеді.

Р. Сыздық «әдеби тіл – халықтық не ұлттық мәдениеттің белгілі бір көрінісі, ол әрбір халықтың өзі жасап отырған дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық, саяси-шаруашылық өмірімен тікелей байланысты» деп есептеп, «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде әдеби тілдің даму тарихын екі кезеңге бөліп қарастырады: 1) Қазақ халқының ұлттық кезеңге дейінгі әдеби тілі; 2) Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан кезеңдегі әдеби тілі. Р. Сыздық қазақ әдеби тілін дәуірлеуде тек осы екі кезеңді қарастырса да, оған дейінгі дәуірлерді естен шығармады. Олар қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңдеріне кірмесе де, негізгі осы кезеңдерді қалыптастыратын алғышарттары, қайнар көздері болғанын көрсетеді. Сонау көне ескерткіштер тілі, қазақтың ауыз әдебиеті, Ортағасырлық түркі ескерткіштер тілі – осы әдеби тіліміздің алтын бастауы болғанын анық айтады. Енді елеулі жаңалықтарына тоқталсақ: мән-а, сән-а тұлғалары. Ясауи хикметтерінің тілі еңбегіндегі «-а қаратпа формантымен» келген жіктеу есімдіктерін талдап көрсетеді. Хикметтерде мән-а, сән-а тұлғалары өте көп ұшырасады. Әсіресе, өлең жолдарының соңында жиі келеді. Мысалы, андын соңра дәрйа болұб таштұм мән-а; көб халайық айтадұр үшбү кіші бимәрмән дүр/ мән талибымны тапмадым мән зармән деп айт сән-а, т. б. Зерттеуші ғалымдар хикметтер тіліне аударма жасағанда бұл формантты жіктеу есімдігін «міне» сілтеу есімдігіне айналдырып жіберген. Мысалы үшін, «Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым, міне... », «Мен «Дәптер сәни» сөзін аштым, міне» Р. Сыздық бұл аударманы құптамайды, сілтеу есімдігіне айналдырып жіберу дұрыс емес деп есептейді. Бұл -а элементі есімдікке жалғасып, оны одан әрі күшейту, көңіл аударту қызметінде қолданыс тауып тұрғандығын көрсетеді. Еңбекте -а формантын парсыша қаратпа септік деп те танушылық көзқарастар жөнінде пікірлерді айта келіп, бұл тұжырымдардың да тұшымды екенін сөз етеді.

Ясауи «хикметтері» тілінің қаңқасы. Ясауи хикметтер тілінің негізі, яғни сүйегі қай тілге жақын, қай тілге жатады деген сұрақтар ғалымдар арасында түйткілді мәселеге айналған. Академик Р. Сыздық хикметтер тілін зерттей келе, бұл қолжазбадан морфологиялық тұлғаларда, оның ішінде есімше, көсемше, етіс категорияларында қыпшақтық тұлғалар басымдылық танытқанын және үстеулерінің де негізгі бөлігі қыпшақтық сөздер екенін анықтаған. Және жалпы фонетика-морфологиясының қалпы жағынан арнайы бір ғана түркі тіліне жатпайды, алайда түп негізі, сүйегі қыпшақтық деп, оның ішінде j- тобына жататын тіл деп Ә. Нәжіп топшысын қуаттайды.

Абайдың әдеби тілге енгізген жаңа сөздері мен сөз жасау тәсілдері. «Абай шығармаларының тілі» еңбегінде Абайдың жаңа сөздер жасауын мынадай үш салаға бөліп қарастырған: а) жұрнақ арқылы; ә) мағына жаңғыру арқылы; б) субстантивтену арқылы. Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан елеулі үлесін Р. Сыздық анықтап, өз еңбегінде дәлдікпен, нақтылықпен бергенін көре аламыз. Мысалы, -лық/-лік жұрнағы арқылы *құмарлық, тоқтаулылық, байлаулылық, арлылық* сөздері жасалып, бұрынғы мағынасы емес, оның орнына бұл сөздердің абстракт мағынасы жасалғанын, «сұрау» сөзі – ескі немесе негізгі мағынасы: *бір нәрсеге жауап алу үшін сұрау, сұрақ қою* болса, Абай жасаған жаңа мағынасы: *заң-сот ісіне қатысты белгілі бір процесстің атауы, мысалы, сұрау алу* екенін көрсетеді. Тіпті, кейбір зерттеушілердің Абайдың жаңа сөздері деп берген кейбір сөздерін сыни талдап, өзінің дәлелімен қате екенін көрсеткен.

Ғалымның «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» атты еңбегі – әдеби тіліміздің тарихы үшін аса маңызы бар құнды еңбек. Бұл еңбекте тарихи алып тұлға жалайыр тайпасынан шыққан Жалайыридың «Жами’ат-тауарих» атты еңбегінің тілі талданады. Бұл ортағасырлық еңбекті негізінен зерттеген татар ғалымдары екенін көрсетіп, алайда татар ғалымдары ескерткіштің тілін өз тілдеріне бұрып алғандығын көрсетеді. Қазақ ғылымында бұл ескерткішті зерттеп-тану Ш. Уәлиханов еңбектерінен басталатынын, кейін келе М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Е. Масанов, К. Жүнісбаев, Т. Қордабаевтармен жалғасқанын айта келіп, әр ғалымның зерттеуіне өз пікірін қосады. Татар ғалымы М. Усмановтың пікірінше «Тауарих» тілінің негізгі арқауы – татар тілі. Шоқан Уәлихановта «нағыз джағатайша» деп берілген. Яғни, өз кезеңіндегі қазақ тіліне өте жақын екендігі айтылған. М. Әуезов зерттеулерінде бұл тілдің нақты қай тілге жататыны айтылмаса да, қазақтың жазба ескерткіштерінің бірі деп аталынып, тілі, жазылуы Орта Азия қаламгерлерінен өзгерек екені айтылған. Р. Сыздық М. Әуезовтің бұл пікірін шағатай дәстүрінен өзгеше, *ескі қазақ әдебиеті үлгісінде жазылған* деген сөз деп ашып айтады. Ә. Жүнісбаев, Т. Қордабаев қазақ әдеби тілі үлгісінде жазылған деген пікір айтады. Бірақ академиктің негізгі ұстанымы Ә. Марғұлан зерттеуімен байланыстырылады. Яғни, қазақ-шағатай тілі. Р. Сыздық шежіренің тілдік жағынан толық зерттеген қазақтан шыққан бірден-бір ғалым. Бұл уақытқа дейін татар зерттеушісі З. Хисамиева да тілдік жағынан талдап, лексикасы мен грамматикасы жағынан өз татар тіліне жуықтатқан болатын. Алайда, татар тіліне ғана тән ерекшеліктері деп көрсеткен белгілері қазақ тіліне де тән екендігін көруімізге болады. Мысалы, есімшенің *-мыш* емес *-ған* тұлғасының жұмсалуы, сөз соңында *-ғ, -г* дыбыстарының элизияға ұшырауы (*сарығ, еліг* сөздеріндегі), сөз ортасындағы *ғ* дыбысының орнын *у* дыбысы алмастыруы (*алпағут* емес *алпауыт* деп қолданыла бастау), шығыс септіктің *-дын* емес бүгінгідей *-дан* деп берілуі. Лексикасы мен фразеологиясын, фонетикалық ерекшеліктерін, тілдік қабаттарын, грамматикалық сипатын танып, стильдік тармағын айқындап, ескерткіштің жазылуы қазақтың ескі жазба әдеби тілі екендігін көрсетеді. Ал қазақтың ескі жазба әдеби тілінің негізі – шағатай тіліне негізделетіндігі, және бұл тіл ескі татар жазба әдеби тіліне өте жақын екендігі көрсетіледі.

Бүгінгі әдеби тіліміздің қалыптасуына қаншама дәуірлер кетті. Сол себепті, әдеби тілдің қалыптасуын тек бір жақты қарастыру жаңсақ тұжырым. Әр сөздің пайда болуында, жұмсалуында өзіндік мағына бар. Сөз мағынасы да бір орында қатып тұрмақ емес. Заман барысында өзгереді, өзге реңкті мәнге ұшырайды. Ол мағынаны ажыратып-анықтауда Р. Сыздықтың өлшеусіз үлесі мен еңбегін көруімізге болады. Әдеби тіл тарихының зерттелуіне, оның бастауын анықтауда және өзегін ашуда зор үлес қосқан Р. Сыздықтың

еңбектері – тіл ғылымы үшін ғана емес, тіл мамандары үшін ғана емес, «тілім – діңгегім» дейтін барша қазақ баласы үшін таптырмас құрал.

Р. Сыздықтың әдеби тіл тарихы және түркітану мәселелері туралы зерттеулері

Сулейман С., Туғанбай Г., Тұрсумбекова А.
Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
филология факультетінің студенттері
Ғылыми жетекші Мажитаева Ш.

Әдеби тіл – кез келген халықтың мәдениеті мен рухани өмірінің ажырамас бөлігі. Оның қалыптасуы ұзақ тарихи процестердің нәтижесі болып табылады және ол белгілі бір кезеңдерде халықтың даму деңгейін көрсетеді. Әдеби тіл тарихы – халықтың мәдени дамуының айнасы іспетті. Әдеби тіл белгілі бір тарихи кезеңдерде дамып, халықтың рухани өмірін байытады және мәдениетінің негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Қазақ әдеби тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең бай және көркем тілдердің бірі. Оның тарихы ұзақ дәуірлерге жалғасып, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арқылы дамып отырды.

Рабиға Сыздықтың айтуы бойынша, қазақ халқының этнос ретінде қалыптасқанына дейінгі оны құраған ру-тайпалардың және одан кейінгі қазақ қауымының өмір сүру барысындағы ауызекі сөйлеу тілінің барлық қаттауын және олардың әр кезеңіндегі нақты күй қалпын дәл көрсету қиынға соғады. Зерттеушілердің ізденістеріне қарағанда, қыпшақтардың нағыз дәуірлеп тұрған кезі XII-XIV ғасырларда хатқа түскен «Кодекс Куманикус», «Терджуман турки уа араби», «Китаб ал-идрак ли-лисан, ал-атрак», тағы басқа сияқты сөздіктер сол дәуірлердегі сөйлеу тілінің ескерткіштері болып саналады. Р. Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде Қыпшақтардың ауызекі сөйлеу тілінің заттық көрінісі мен грамматикалық, фонетикалық сипатын Махмуд Қашқари сөздігін де атап өтеді. Осы орайда, халықтық ауызекі сөйлеу тілінде де деректі, дерексіз ұғымдардың беретін бай лексикалық қоры болғанын білуге болады. Қазақтың халықтық ауызша сөз өнері де әр түрлі жанрға бөлінген өте бай үлгілерден көрінеді. Зерттеушілер қазақ эпосының көне замандардан, орхон жазуларынан бұрын сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бастап туғандығын айтады. Бұл пікірді Ә. Марғұлан. Ә. Қоңыратбаев сияқты ғалымдар басты назарға ала отырып айтады. Ә. Қоңыратбаевтың «Эпос және оның айтушылары» атты еңбегінен келелі пікірлерін назарға алуды жөн көрдік. «Түркі, монғол тайпаларының ертегі мен эпосының түп тегі сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманынан басталып, X-XVIII ғасырларға дейін үздіксіз дамуда болған» Қазақ тілі тарихы үшін ноғайлы жырларының, яғни бұрынғы Дешті Қыпшақ ұлысына кірген тайпаларға-бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ XIV-XVI ғасырлардағы тарихи оқиғаларға байланысты туған жырларымен мен аңыз, әңгімелер тілінің орны ерекше. Ол жырлар Шоқан Уәлихановтың тануынша, «Едіге», «Ер Көкше», «Орақ», «Шора батыр» жырлары және қырғыз халқының ұлы ескерткіші «Манас жыры», Асан қайғы, Әз Жәнібек туралы әңгімелер. Өзегі өте ертеден келе жатқан «Қозы-Көрпеш-Баян Сұлудан» өзге кейінгі дәуірлерде, XVII-XIX ғасырларда туып, жырлаған «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты

лирикалық эпостарда қазақ көркем сөзінің үлгісі болып, әдеби тілге зор үлес қосқаны анық. XII-XVI ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері Орта Азия мен Қазақстандағы Еділ бойындағы, Қырым түбіндегі түркі тілдес халықтарға ортақ мұра екендігі анықталып отыр. Ол ескерткіштер: «Қысас ул-анбия», Абу Хаййанның «Китаб ал- идрақ ли-лисан ал-атрак» атты шығармалары болған.

Қашқари сөздігінде келтірілген әдеби үлгілердің тіл және жанр жағынан қазіргі тілдерге ұластығын нақты деректерді талдап көрсету-бүгінгі түркологтердің, оның ішінде қазақ тілі мамандарының алдағы міндеті. Ал әзірге М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» атты еңбегі қазіргі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра екенін айту керек. Осылайша тұжырымдай келе, әрбір түркі әдеби тіліне қатысын, яғни көзі болып саналуын, әдеби тілдік белгілердің ұластығын т. б. нақты фактылермен анықтау қажет болады. Егер қазіргі қазақ әдеби тілінің лексика қазынасының 14-15 процентгейін араб, парсы сөздері, әсіресе дерексіз ұғым атаулары құрайтын болса, оның пайда болу себептерін қазақтың араб, иран халықтарымен тікелей қарым-қатынас жасау нәтижесінен немесе өзбек, татар жазба әдеби тілдерінің әсерінен іздемей, Яссауи хикметтері сияқты халық ішіне сан ғасыр бойы кең таралып келген әдеби мұралардың тілдік дәстүрінен іздеу керек болады. Бұл-қазақтың ауызша да, жазба да әдеби тілдерінің қайнар көздерімен жалғастығын танытатын белгі.

Рабиға Сыздық XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілі үлгілернің тілін құрылымдық қабаттарға қарай толық сипаттау мүмкін еместігін айтады. Әсіресе олардың фонетикалық қалпын беруге мүлдем қарсы пікір білдіреді. Оған бұл үлгілердің қағазға түспей, ауызша сақталып, бізге ауызша жеткендігін кінәлі деп санайды. Осы дәірдегі әдебиет тілінің құрылымдық бөліктерінің көп өзгеріске ұшырайтыны осы лексика саласы болды. Сондықтан, тіл тарихын білу үшін, тілдік талдаулар үшін тіл элементтерін өз қалпында оқу шарт екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар ғалым осы дәуірдегі ең маңызды деген «Сөздік қазынаның нормалану дәрежесі» туралы тақырыпты қамтып өтті. Талдап отырған кезеңдегі қазақ поэзиясының сөз еткен негізгі тақырыптары жақсылық, жамандық, кісілік жөнінде ақыл, насихат, үлгі айтуға арналған дидактика мен қауымның әлеуметтік, саяси ахуалын баяндау, ел қорғау, жауға аттануды сөз ету болғандықтан, осы салаларға қатысты өзіне тән сөздер көзге түседі. Олардың ішінде бірқатары белгілі мағынада тұрақталып, нормаға айналғаны көрінеді. Мысалға алар болсақ, әлеуметтік топтарға қатысты хан, сұлтан, құл, бай, төре, аға, шора сөздері көбінесе титулды білдіретін элементтер болып келеді. Бұл тұста тек қару-жарақ қана емес, сауыт-сайман аттары да нормалана түсті. Мысалы, сауыт дегеннен гөрі көбе сөзі жиі кездеседі: Күлікке тастай болып тимесе, Үстіме көбе сайлап кимен-ді... (Шалкиіз). Ғалым еңбегінде он бесінші және он жетінші ғасырлардағы әдеби тілдің лексикасындағы көне сөздерге де тоқаталып өтеді. Сөз етіп отырған дәуірлердегі әдеби үлгілердің тілінде көне сөздердің сақталуына бірнеше жағдай себеп болғандығын айтады.

Біріншісі, көркем туындының поэзия түрінде болғандығы. Ұйқас, өлшем тәрізді өлең шарттары көп кезде текстi өзгерте беруге жібермейді.

Екінші себеп, ертедегі әдеби үлгілердің ішінара қолжазба түрінде сақталуының да орын алғандығы деп топшылаған.

«XVIII ғасырда қазақ әдеби тілінің поэзия бағыты кең өріс алды. Бұл, бір жағынан, әріден келе жатқан жыраулық дәстүрдің одан әрі дамып, жаңа қырларынан көріне бастаған кезеңі болса, екінші жағынан, ақындар мектебінің күш ала бастаған шағы болды» – делінген Ә. Дербісәлиннің «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» атты кітабында. Бұл кезеңдердегі көркем поэзия уәкілдерінің көпшілігінің негізгі тақырыбы-ел қорғау, батырлықты дәріптеу болды. Сондықтан өткен ғасырлардан келе жатқан жауынгершілік тақырыбы әрі қарай ұласады, осы мотивке тән көркем образдар мен лексика топтары сұрыпталып, сақталып, шыңдала түседі. Қысқаша айтқанда, осының барлығы әдебиетке әлеуметтік тақырыпты әкелсе, өз орайында бұл құбылыс әдеби тілге де әсерін тигізді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың жазба әдеби тілінің дамуы мен өзгерістерге ұшырауына қазақ даласындағы саяси қозғалыстар мен ұлт-азаттық көтерілістер де өзінің әсерін тигізбей қоймады. Бұл жөнінде Мажитаева Шара өзінің «XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі» атты еңбегінде былай дейді: «XX ғасыр басы Қазақстанда азаттық жолындағы күрестің, саяси және әлеуметтік қозғалыстың дамыған кезі болып саналады. Сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттап, халық санасын оятуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде ұлттық баспахана мен ұлттық баспасөз ашу қажеттігін түсінген М. Сералин, Ш. Бөкеев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды қазақтың көрнекті зиялылары ана тілінде баспасөз ашып, оқулықтар жазып шығару жұмысын қолға алды». Көріп отырғанымыздай, қазақ зиялылары халықтың көзін ашу мақсатында қазақша төл баспасөз ашу идеясын қолға алып, ақыр соңында 1905 жылы қазақ тілінде тұңғыш толыққанды басылымдар дүниеге келе бастады. Бұларға: «Серке», «Қазақ газеті», «Мұғалім», «Сары Арқа», «Абай» сияқты тағы да басқа басылымдар жатады. Осылайша XX ғасырдағы қазақ жазба әдеби тілінің дамуы бірте-бірте жандана түсті. Ал, осы шақтарда қазақ жазуын жетілдіруде Ахмет Байтұрсынұлы елеулі еңбек сіңірді. Ол 1910 жылдардан бастап араб жазуының таза күйінде қазақ тілі үшін қолайсыз екендігін сөз етіп, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. А. Байтұрсыновтың құрастырған алфавитіне орыс ғалымдары «Байтурсуновский алфавит» деп атаса, ал Е. Д. Поливанов бұл алфавиттің енді түзетуді қажет етпейтіндігін, тарихи тұрғыда кемелденген, жетілген ұлттық графика екендігін айтып, жоғары бағалаған. Осы тұста жазудың қазақ халқы үшін ең құнды дүние екендігін А. Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» атты еңбегінде былай деп түсіндіреді: «Осы күні адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан уақытпен сөйлесуге болмайды, жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі, сондықтан сөйлеу білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу керек. Бұл жаңалық осы ғасырдағы ең өзекті жаңалықтың бірі болды. Қазақ әдеби тілінің тарихының дамуына жазба тілдің де қосатын үлесі ең маңызды екенін ғалымның осы сөздерінен аңғаруға болады. Бұл көтерілген мәселе түркі халықтарының арасында да қызу талқыға түскен.

Қорытындылай келе, мынадай байламға тоқталамыз. Әдеби тілдің тарихы мен түркітану мәселелері – түркі халықтарының мәдениеті мен тілінің дамуын зерттеудегі маңызды аспектілер. Әдеби тілдің қалыптасуы халықтың рухани өмірінің айнасы болса, түркітану ғылымы бұл процесті терең зерттеп, оның мәнін ашуға тырысады. Бүгінгі таңда түркі тілдері мен мәдениетін сақтау және дамыту маңызды болып отыр, сондықтан осы бағыттағы зерттеулер өзектілігін жоғалтпайды және одан әрі жалғасуы тиіс. Қазіргі таңда түркітану ғылымы тек тілдік мәселелерді ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын да зерттейді. Бұл ғылымның маңызы артып келеді, себебі түркі халықтарының біртұтас мәдениеті мен тарихын зерттеу, олардың қазіргі кезеңдегі тілдік және мәдени интеграциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Түркітану саласындағы зерттеулердің нәтижелері түркі тілдерінің өзара байланысын, олардың тарихи дамуын және ортақ құндылықтарын көрсетеді. Осы арқылы түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті одан әрі зерттеліп, жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бар.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Зоонимы и фитонимы в контексте лексических параллелей в казахском и татарском языках

Юсупова А.
доктор филол. наук, профессор кафедры общего языкознания и тюркологии, ведущий научный сотрудник НОЦ стратегических исследований в области родных языков и культур, Институт филологии и межкультурной коммуникации, Казанский (Приволжский) федеральный университет (КФУ). Российская Федерация
Окасова М.
магистрант 2 курса Института филологии и межкультурной коммуникации, Высшая школа национальной культуры и образования им. Г. Тукая, Казанский (Приволжский) федеральный университет (КФУ). Российская Федерация

Названия животного мира, растений и других живых существ формируют насыщенный раздел лексического состава в любом языке. Лексический раздел, связанный с миром животных, может быть обозначен терминами зоонимы, анималионимы или анимализмы (хотя в некоторых научных кругах считается, что термин «зооним» слишком узко ограничивает понятие). А лексический раздел, связанный с растениями обозначен термином фитонимы. В родственных языках часто встречаются названия животных или же растении которые отличаются. Данное явление относится к лексическим параллелям. Казахский и татарский языки входят в пласт тюркских языков. Тюркские языки отражают богатое лингвистическое наследие и историю тюркских народов. Изучение лексических параллелей между различными тюркскими языками является ключевым для понимания их общих корней и взаимосвязей. Лексика является центральной частью языка, именующей, формирующей и передающей знания о каких-либо объектах, явлениях, в нашем случае зоонимов и фитонимов. Лексические параллели – это слова или словосочетания в двух языках, которые похожи внешне (в произношении или написании), но могут иметь одинаковое, частично совпадающее или совершенно разное значение. Также лексемами-параллелями понимаются пары слов, имеющие одинаковое либо очень близкое значение.

Лексика флоры относится к числу наиболее изученных в татарском языкознании. Она собрана и проанализирована учёным-просветителем К. Насыри в начале XX века в работе «Гөлзар вә чәмәнзар» («Гульзар и чаманзар», 1903). В этом труде автор даёт описание лекарственных растений, приводит название каждого растения на татарском языке, дает перевод на арабский, латинский, русский языки, характеризует его лечебные свойства.

Этимологический анализ названий отдельных растений представлен в работе Р. Г. Ахметьянова (1980). А. Г. Шайхулов в статье «Мотивирующие основы в названиях растений» (1988) на материале татарского и башкирского языков классифицирует названия растений по мотивирующим признакам. В книге Г. Г. Саберовой «Названия растений в татарском литературном языке» (1996) рассматриваются наименования в основном травянистых растений, определяются основные принципы номинации фитонимов, способы образования и их генетические пласты. Монография Т. Х.

Хайрутдиновой «Народные названия растений в татарском языке» (2004) посвящена системному исследованию народных названий растений. Автор приводит данные из старотатарских памятников (в том числе и из исследуемых нами словарей), из древнетюркской письменности и из родственных языков. В монографии освещены принципы номинаций фитонимов, выявлены случаи расширения и сужения семантики слов, ареалы их распространения и состав словообразовательных средств, участвовавших в образовании того или иного названия растения. В казахском языкознании можно выделить труды К. Айтазина (1973), Ш. Жанабилова (1982), Б. К. Калиева (1988), Ж. М. Омашевой (2016, 2017). Ж. М. Омашева изучала этимологические, мотивационно-словообразовательные и лингвокультурные аспекты фитонимов в казахском языке в сравнении с русскими лексическими единицами. Лексическую и словообразовательную структуру казахской фитонимии исследовал Б. К. Калиев. К. Айтазин описал названия рыб в казахском языке и привёл их лексические параллели в других тюркских языках а также в диалектах. Очень интересна работа Т. В. Линко исследовавшая клички животных в казахском и русском языках.

Рассмотрим некоторые зоонимы и фитонимы в контексте лексических параллелей казахского и татарского языков. Одна из самых больших тематических групп – группа «Растения». Словарный состав этой группы в данных языках в основном одинаков. Это названия цветов, деревьев, злаковых и бобовых культур, лекарственных растений и пряностей. Но в то же время в языках встречаются лексические параллели, которые являются уникальной, присущей только одному из языков.

Казахское слово **раушан –** роза. Раушан – ирано-персидское слово. На иранском языке «рэушан» – 1) светлый, сияющий, архитектурный; 2) ясный, чистый [7, с. 552]. На татарском роза – **гөлчәчәк.** Гөлчәчәк – 1) роза; 2) вообще красивые цветы, цветущие растения [9, с. 726]. В казахском языке **шашақ** используется нескольких значениях, 1) бахрома, кисточка (для украшения чего-либо); 2) пушистая верхняя часть растения (шашақ жару – цвести); 3) зоо. шашақ қанаттылар кистеперые (пресноводные рыбы) [4, с. 368].

Казахское слово **түймедақ –** ромашка. Түймедақ – 1) ромашка (лекарственное, эфирно-маслянистое, ядовитое однолетнее растение) [3, с. 800]. В специальной медицинской литературе, а также в материалах научно- популярной литературы встречается несколько названии для ромашки. Например, **дәрілік түймедақ** (буквально лекарственный пуговичник), **қазтабан** (букв. гусиная лапка) [11, с. 106]. В справочнике «Лечебные свойства растений Казахстана» второеназвание данное для ромашки қазтабан является лишним [8, с. 46]. Так как оно означает другое растение – «лапчатка», а первое оригинальное название **түймедақ**, полностью соответствует внешнему виду растения. В примере **қазтабан**, можно отметить что, главным образом номинование растения специализируется на характеристике или чертой внешнего вида человека. Вариант **түймедақ** также связан с человеком, так как корень названия происходит таким образом түйме (пуговица) +дақ, лексема пуговица связана с одеждой человека. Возможно, такие термины возникли в древние эпохи, когда люди в окружающей их среде ориентировались с помощью частей своего тела [9, с. 71]. Например на татарском кузгалак – щавель, состоит из двух корней, первый корень которого кузы обозначает «ягненок», а второй галак - «ухо» [13, с. 278]. При названии предметов, явлений, и многих других окружающих человека вещей, человек прежде всего отталкивается от себя, это трактуется

антропоцентричностью. На татарском ромашка – **ак чәчәк**. Бабүнә чәчәк (бабушкин цветок); ак чәчәк – 1) ромашка (травянистое растение с крыловидными листьями, желтыми в середине, белыми лепестками) [10, с. 278]. Стоит отметить, что ак чәчәк также используется среди татарского населения в качестве общего названия растения. Языковед Н. В. Бурганова собрала обширный материал татарских народных названий растений, проведя опрос среди татарского населения в различных регионах. Автор отмечает, что народная ботаническая терминология связана с конкретными растениями, в основном имеющими отношение к повседневной и культурной жизни народа. Это часто наблюдается у диких травянистых растений, которые чаще всего известны людям под общим названиям, таким как вышеуказанном варианте ак чәчәк. Проанализировав данные лексемы можно понять, что название далось, прежде всего из-за внешнего вида растении. Такое явление называется номинацией. Номинация – это закрепление за словом понятия, отражающего определенные признаки предметов. В процессе номинации определяется одно или же несколько отличительных признаков объекта номинации, и в большинстве случаев в основу его названия может лечь любая особенность объекта, которая выходит на первый план и характеризует данный объект. Очень интересно, то что признаки, выделенные для номинации, отличаются у разных народов, и могут не совпадать, даже у родственных языках. Это объясняется особенностью познавательной деятельности и мышления народа. Так как слово хранит в себе культурную память народа.

Лексика овощей и фруктов в тюркских языках имеет многовековую историю формирования и развития. Она была предметом изучения в составе лексики флоры, фитонимов, лексики земледелия, терминологии технических и зерновых культур, садово-огороднической лексики, профессиональных слов плодоовощеводства.

Қарлыған – на казахском используется в значении крыжовник, а на татарском **карлыган** – смородина. Смородина на казахском – **қарақат.** Вариант **қарақат** в татарском языке встречается в различных говорах среднего диалекта.

Литературное слово **нарат** «сосна» в казахском языке **қарагай. Карагай** в значении «сосна» характерно для татарских говоров, распространённых на территории Приуралья, Сибири и в Астраханской области. Ак дәкән (крыжовник) хотя и не употребляется в татарском языке, в турецком является активной лексемой. Компонент diken означает «терновник», «шип» [12, с. 54].

Поскольку животные имели огромное значение в жизни татарского и казахского населения, эта тематика в языках представлена очень широко.

Остановимся на некоторых названиях насекомых, которые предствляют особый интерес.

На казахском языке слово **маса** переводится на русский язык как «комар»**.** В татарском языке данное слово имеет следующие эквиваленты: **озынборын, черки** (мошка, комар). По Древнетюркскому словарю комар – **ÇIBIN** [2, с. 760]. Вариант чыбын/шыбын сохранен в казахском и татарском в другом значений, как – муха. А татарский вариант черки, тоже используется на казахском как шіркей, в значений – мошкара. В татарском варианте, мы также можем видеть антропоцентричность при номинации насекомого, озын (длинный) + борын (нос).

На казахском языке слово стрекоза переводится как **инелік**. На татарском – **энә карагы**. На данном примере можно отметить словообразование стрекозы на казахском, ине (игла) + аффикс -лік, и то что корень у обоих языках имеет значение игла, ине – эне.

Таким образом, можно заметить что представление о данном насекомом является одинаковым у обоих народов, так как номинация для названия стрекозы обосновывалось исходя от внешнего вида схожим на иглу.

Домашние животные. На казахском **қой** – овца, парнокопытное млекопитающее из рода баранов, семейства полорогих. А на татарском овца – **сарык**. В древнетюркском словаре – **QOJ** овца [2, с. 760]. На казахском языке лексема сарық тоже используется, но не в значении как овца, а как название определенной породы овец. На казахском лексема **сарық** имеет несколько вариантов использования, 1) название породы овец; 2) моча собаки, волка; 3) прилагательное желтый, бледный; 4) мед. артрит; 5) сарығын басу – снимать усталость, отдохнуть [5, с. 752].

К. Мусаев отмечает, что в названиях овец отдельную, особую зону образуют поволжские тюркские языки, в которых приведенное выше общетюркское слово **куй** в современном языке вытесняется другим словом: тат. **сарык,** башк. **һарык**, чув. **сурах**. В первых двух языках как синоним существует и общетюркское название, с тем только различием, что оно несколько сузило свое значение и обозначает курдючную овцу, а не овцу вообще, это, в свою очередь, свидетельствует, по-видимому, о том, что первоначально тюрки разводили курдючных овец [6, с. 25].

Еще один очень интересный вариант лексической параллели который может вызвать путаницу в языках перевод слов – собака и мясо. На казахском собака – **ит**, на татарском – **эт**. Эти лексемы имееют антонимический характер в значениях, так как из-за фонетического отличия произношения казахского и татарского языков на казахском мясо – ет, на татарском – ит. Это один из самых широко распростроненных и известных примеров межъязыковой омонимии в тюркских языках.

Исследования в тюркском языкознании охватывают терминологию животноводства и растениеводства в различных тюркских языках. В заключении данной статьи можно отметить, что лексические параллели в казахском и татарском языках в области животного мира и растительности представляют собой важный аспект для понимания не только лексической системы этих языков, но и их историко-культурных связей. Анализ сопоставительных данных показал, что, несмотря на различия в фонетическом и морфологическом строе, существует значительное количество общих лексем, что свидетельствует о влиянии как исторических контактов, так и общих культурных традиций.

Обобщая результаты исследования, можно выделить несколько ключевых моментов. Во-первых, наличие схожих лексических единиц подчеркивает языковое родство и взаимовлияние двух народов. Во-вторых, параллели в наименованиях животных и растений которые есть в одном языке но используется как не всеобщее название о порода или же вид растения или животного, отражают общие экологические условия и жизненный опыт, что подтверждает важность естественнонаучных факторов в формировании лексики. Таким образом, зоонимы и фитонимы являются важными элементами, отражающими не только языковую, но и культурную специфику казахского и татарского народов. Результаты исследования могут быть полезны как для лексикографии, так и для межкультурной коммуникации, подчеркивая значимость сохранения языкового и культурного разнообразия.

Литература:

1. Арутюнова Н. Д. Номинация и текст // Языковая номинация (Виды наименований); отв. ред. Б. А. Серебренников, А. А. Уфимцева. – М.: Наука, 1977. – С. 304-357.
2. Древнетюркский словарь / под ред. Д. М. Насилова, И. В. Кормушина и др. ; Т. А. Боровкова, Л. В. Дмитриева, А. А. Зырин, И. В. Кормушин и др. 2-е изд., пересмотр. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 760 с.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - 14-том. - Алматы, 2011. - 800 б.
4. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь. 1997. - 368 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. - 12-том. - Алматы, 2011. - 752 б.
6. Мусаев К. М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении – М., 1975. – 357 с.
7. Т. Жанұзақ Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 552 б.
8. Омашева Ж. Названия лекарственных травянистых растений в русском и казахском языках: мотивационно-словообразовательный и лингвокультурный аспекты: дисс... . канд. филол. наук: 10. 02. 20. – Урал, 2017. - 219 с.
9. Саберова Г. Г. Названия растений в татарском литературном языке. - Казань: Фикер, 1996. 130 с.
10. Татарско-русский словарь: Т. 1. (А-Л). - Казань: Магариф, 2007. - 726 с.
11. Ушбаев К. У. Лечебные свойства растений Казахстана. Алматы, 1994. 214 с.
12. Хайрутдинова Т. Х. Народные названия растений в татарском языке. / Т. Х. Хайрутдинова. – Казань: Фикер, 2004. – 223 с.
13. Юсупова А. Ш. Тематическая группа «плоды и овощи» в двуязычных словарях татарского языка // Ученые записки таврического национального университета имени В. И. Вернадского/Серия «Филология. Социальные коммуникации» Том 26 (65). № 2. с. 276-282.
14. Юсупова А. Ш., Туэрсюньтаи Г. Лексико-семантическая группа «животный мир» в словарях татарского языка XIX века // Филологические науки. Вопросы теории и практики. В 2-х ч. Ч. II. – Тамбов: Грамота, 2014. – № 3 (33). – С. 211 -213.
15. Юсупова А. Ш. Трансформация названий животных в речи татар, проживающих в КНР // В. В. Радлов и духовная культура тюркских народов Сборник трудов I Международной Интернет-Конференции (г. Казань, 21 марта 2012 г.). – Казань: Альянс, 2012. – С. 227-231.

Қазақ және түрік тілдеріндегі колоративтік лексикаға лингвомәдени бағдар

Есбосынов Е., Коспаганбетова Н., Сатбай Г.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Түр-түс пен рең атаулары–халықтың мәдени құндылығын танытатын негізгі факторлардың бірі. Түр-түс немесе рең атауларында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-жорамалдар мен символдық және сакральдық атаулар тілдің лексикалық қорын байытып, әрлендіре түсетін элементтер қатарынан орын алады. Бұлар әдеби жанрлардың жаңаша тілдік материалдармен толыға түсуіне ықпал етеді, тілдік қолданысқа әр беріп әдеби иірімі мен өңін ұштай түседі. Түр-түс пен рең концептісі түркі мәдениеті мен әдебиетінде, тілінде ерекше орынға ие. Себебі түс пен реңге байланысты атаулар өте бұрынғы, ескі дәуірлерге барып аяқ тірейді. Сол ерте заманнан бастап бүгінгі уақыт интервалын алғанда философиялық және лексикалық астарының тарихи, әлеуметтік, мәдени, саяси үдеріске орай біршама өзгеріске ұшырағанын көре аламыз. Осы бағыттағы ғылыми ізденістер мен еңбектер түркі елдерінің түкпір-түкпірінде қолға алынып жарияланып жатқанын байқауға болады. Аталмыш зерттеулер мазмұндық ерекшелігіне орай әртүрлі ғылым саласын қамтып отырғаны да анық.

2012 ж. монографияға қарағанда Түркиядағы түркі тілдеріндегі колоративтік лексика зерттеулері соңғы уақыттарда ғана жүйелі зерттеу нысанына айналған. Зерттпеушінің пайымдауынша «... түркі тілдеріндегі колоративті лекскика жалпытүркілік мәдениет аспектісінде қолға алынатын және кең көлемде ғылыми тұрғыда сараланатын тақырып болып табылады. Түркиядағы колоративтік лексикаға байланысты зерттеулерге қарасақ, осы бағытта атқарылатын істердің аса мол екендігін көре аламыз».

Монография мазмұнында көрсетілгеніндей еңбек негізгі 5 бөлімнен құралған. 1-ші бөлім ақ, қызыл (лексикалық варианты *ал*), ала, боз, көк, қара, сары, жасыл түстерін жалпытүркілік лексикалық қор негізінде жүйелеп, түркілік этмимологиясына талдау жасаған. Одан әрі «Антропонимия мен топоноимияда (түркі ру тайпа, клан, отбасында) түс атаулары», «VI-XI ғасыр түркі елдеріндегі топонимия атауларында колоративті лексика», «Өсімдік және жан-жануар атауларында түс атаулары, «Әлеуметтік өмірдегі қолданылатын колоративтік лексика», «Діни наным-сенімдерде түс атаулары», «Түр-түс пен рең атауларының шынайы өмірдегі көрінісі» сияқты өзекті тақырыптарды қамтыған [1, 8].

Түр-түс, рең және реңк сөзінің мағыналас екендігін Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен де көре аламыз*; Түс* – әртүрлі алуан бояу; *Рең* - келбет, өң, шырай, рай; *Реңк* - түр, түс, келбет, әр, өң [2, 835-690].

А. Н. Кононов «*қара»* сөзінің 20-ға жуық сын есім тұлғасындағы вариантты кездеседі» дей келе, «олар *салқын, суық, тығыз, қорқыныш, аса көп, беймазалық, қауіпті, кедергі, күрделі, жалғыздық* сияқты сөздермен төркіндес болады немесе ілесе қолданады», деп жалғастырады. *Қара* сөзінің мағыналық варианттарын қаперге ала отырып мынадай сын есімдік топтарға бөлгендігін айтады: 1) қатыгездік; 2) қылмыс пен дөрекілік; 3) (қандай да бір істің) басты бағыты, приоритет; 4) мейірімділік, қасиет немесе киелілік; 5) (қандай да бір істің) оңай атқарылуы; 6) жабырқау мен аза тұту. Осымен қатар «қара» сөзі көзге немесе әйел сұлулығына қатысты айтылса әсемдік пен ажарлылықты білдіреді: *қаракөз, қара* шаш. Сонымен қатар «қара» сөзі табиғи түс пен табиғи көріністі де

білдіреді: жердің түр-түсі, қайта түлеу мен жаңғырудың белгісі» деп атап өткен (аударма біздікі) [3, 79-161].

Абай тілі сөздігіндегі иллюстриациялық мәтіндерде мынадай деректер бар: Түр: *түс, пішін, кескін, келбет*. Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын, Қамшат бөрік, *ақ* тамақ, *қара* қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең, мұндай түрін? [4, 630]. Абай еңбектерінде кездесетін *қара* лексемасына мысал: Жарқ етпес *қара* көңлім не қылса да, Аспанда ай менен күн шағылса да. Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ, Саған жер менен артық табылса да [4, 375]. Мұндай деректерді жекелеген ғылыми мақала мысалында да көре аламыз: «Ұлы жазушы М. Әуезұлының «Абай жолы» роман-эпопеясында келтірілген мына бір дерек кісі өлгенде тігілетін түрлі-түсті тудың қайтыс болған адамның жасынан, әлеуметтік дәрежесінен хабардар ететінін байқатады: «... Байдалы сүйекті орналастырып болысымен, сол өлік үстіне тіккен ақ үйдің он жақ белдеуіне өз қолымен әкеп қара тікті. Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. Қара дегені — ұзын найзаның басына тіккен ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өз тұқымының туларын тігер еді. *Ақ* тулы, *көк* тулы, *ала* тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінетін. Ал қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Ол жөндерге келгенде Байдалы ескіге жүйрік Сүйіндікпен ғана араласты. Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, кәрі кісі өлсе ақ болатынын айтып келді де, «Бөжейдің орта жасты кісінің қаралы туы — бір жағы ақ, бір жағы қызыл болу керек» дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту — қара дегені осы еді, яғни, киіз үйдің сыртына найзаға байланған ақ, қара, қызыл түсті тулар — өлімнің, қазаның символы болған» [5, 14].

Қ*ара* лексемасымен жасалған этнос-ру атауы арасында *қара қыпшақ, қара бодын, қарашайлар, қарағаштар, қарайым, қарахан әулеті, қарақалпақ, қарақас, қара қойлы* (karakoyunlu) бар екендігі белгілі. Бұлардың арасында назарға іліне бермейтін *қарапапах* ұлысын атап өткен жөн: Иран Ислам Республикасының батыс өңірін мекендейтін түркі тілдес халық. 1992 ж. жиынтық саны 50 мыңдай адам. *Қарапапахтар* Ресей–Иран соғысынан кейін Кавказдан Иранға көшіп келгендер ұрпағы. Антропологиялық жағынан еуропеидтік нәсілдің кіші азиялық түріне жатады. Қарапапахтар тервакюн, сарал, араплы, жанахмеди, чахарлы, улачлы секілді жеке тайпаларға бөлінеді. Ислам дінінің шиит тармағын ұстанады. Қарапапахтарың тұрмыс–тіршілігі мен салт–дәстүрі, ауыз әдебиеті мен музыкасы, мәдениеті мен өнері, наным–сенімім мен менталитеті қашқайлармен бірдей [6, 408]. *Қара* лексемасына байланысты орыс тіліндегі түсініктемелерді «Қобыланды батыр» дастанының аударма нұсқасынан байқауға болады: «*Карабай* – название степной птицы. *Каракипчак* – родо-пременное объединение, которое входило в племенной союз кипчаков. *Караспан* – одна из гор хребта Каратау. *Каратау* – горный хребет отрог Заилийского Алатау в Южном Казахстане; в фольклоре символ величия, считалсы священным из-за находившихсы там «святых могил». *Караша* – 1) название эпической горы; 2) старинное названия октября. *Карашаш* – ханым – героиня народных легенд и преданий, связванных с именем острослова Жиренше шешена; его жена, спасающая мужа от нападок ханов своей мудростью» [7, 439].

Қара сөзі көшпенділер тіршілігіндегі қиын кезең, дала табиғатының қолайсыз құбылыстарын бейнелеумен қатар қауіп-қатер, қайғы мен қасыреттің де символы: «Көк жөзін қапелімде *қара* бұлт басып, қап-қара боп түнеріп, жерге бауырын төсеп, жөңкіп көшіп жатыр екен. Жел де дәл Темірқазықтан шығып алған. Қаптай соққан қара дауыл бүкіл әлемді былғалап, бірді бірге соғып, ойран қып жатқандай жердің топырағын

суырып, шаңдатып, ышқына үли сөйлейді (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер)». Сонымен қатар *қара* эпитеті түр-түсті белгілемейтін жағдайларда жағымды, мағыналы ассоциацияларға ие болады: *қара сөз, қара шаңырақ, қара күш* т. б [8, 82-85].

Қазақ тіліндегі *қара сөз* бен *қара өлең* түркі тілдері әдеби жанрлары мен типологиясы арасында өзіндік ерекшелікке ие. *Қара сөз:* Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, Өзім де басқа шауып, төске өрледім, Қазаққа *қара сөзге* дес бермедім [4, 375]. *Қара сөз:* Қара сөзден адам тек ұғым алады делік. Ұғымның өзі керекті орнына қарай екі түрлі болады. 1. Ес ұғымы, яғни еске керек ұғым; 2. Іс ұғымы, яғни іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, задын, сырын, сипатын, мүдетін, мұратын танимыз. Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалацй пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді: бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады [9, 89]. *Қара өлең:* Ежелгі қазақ өлең түрлерінің бірі. Қара өлең туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, татар, башқұрт поэзиясында да бар. Қара өлең он бір буынды, үш түрлі ырғақты; басқы бунағы үш буынды («Алаң дос бірін бірі алдамайды»), төрт буынды («Жақсылықтың жоқ, сәулем ерте кеші»), соңғы бунағы үш буында яғни («Шықшы тауға, қарашы кең далаға»), қара өленнің ұйқас схемасы: а, а, б, а түрінде, яғни алдыңғы екі жол мен төртінші жолдың ұйқасы бірдей болады («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Арқалық батыр», І. Жансүгіровтың «Күйшісі» және т. б.). Қара өлең жаңа дәуірде идеялық мазмұнмен де, көркемдік сапамен де байи түсуде, тың ішкі интонациялармен толысуда [5, 408]. *Қара сөз жұмбақтардан* үлгі: «Байламды сөз»: Бір кісі екеуді кездестіріп: –Па шіркін, ерлі–зайыптылардың жүрісін–ай!–деді. Әйел жынысты адам: –Біз ерлі–зайыпты емеспіз. Мына ер адамның шешесі – менің шешемнің келіні. Аржағын өзің талда. –Кездескен екеу қандай туыстық қатынаста болады? Шешуі: бөлелер [10, 362].

Қазақ және түрік тілінде бір-біріне-біріне қарама-қарсы мәнді түстердің арасында *ақ* пен *қара* ерекше орынға ие. Екі түс барлық түркі халықтарының наным-сенімдері мен ауыз әдебиетінде, фольклорында кездесіп ахроматты, хроматты түстердің тізбегін құрайды.

Ақ пен *қара* ұлттық мәдени өзгешелік, әсіресе қарама-қарсы сипатталған түс символикасында аса айқын көрініс табады. Мысалы, көп мағыналы *ақ* эпитеті әртүрлі мәнмәтіндерде тазалық пен пәктік, мінсіз сезімдер, сұлулық, адалдық пен әділдік, сонымен қатар сүттен жасалған ұлттық тағамдардың молшылығына сәйкес ассоциацияларды тудырады. Мәселен *ақ* эпитетенің жиі қолданылуы ақын-жыраулар поэзиясында да кездеседі: ақ мамығын таранған, аппақ мәрмәр інжіні (Асан Қайғы); ақ желкен, ақ қағаз, ақ ала тау, ақ ала жылқы, ақ киік (Шалкиіз), ағала орлам қонған жұр (Қазтуған), ақ білегін жастанып, ағарып атқан таңды деп, Ақжайық, ақ балта, ақ найза, «ақ шымылдық» (Доспамбет); ақ табан ару торы ат (Ер Шобан) [8, 82].

Түр-түс пен рең атауларына қатысты кейбір мақалаларда А. Т. Қайдаров, А. Т. Өмірбеков және З. Т. Ахтамбердиева зерттеулеріне сілтеме жасалған: «... ақ түс пен қара түсті қоспағанда табиғаттағы барлық тұстер *таза* емес, қосынды. Далалық фауна ерекшелігін қаперге алсақ, *негізгі түс* пен *негізгі түс, реңк баламаларын* айта кеткен жөн. Ол реңк пен түс баламалары 7 немесе 10-нан аспайды. Осы реңк пен түс баламалары бір-бірімен қосылып барып басқа түстің қалыптасуына жол ашады (аударма біздікі) [11, 1454]. Түркілердің наным-сенімдерінде *көк* түсі ерекше маңызға ие. Мұны Ә. Марғұланның еңбектеріне сілтеме жасаған мақаладан көре аламыз: «*Көк* түсі - тыныштық пен бірліктің,

өмір мен тіршіліктің символы ретінде қарастыралады. *Көк* түсінің мағыналық баламасы «жаратушы, Тәңір». Ол ғарыш пен кеңістіктің, мәңгілік галактиканың символы. Көк түсі – көнетүркілік космоним. Түркі тілдерінде сакральдық мағынаға ие». Ә. Марғұлан қазақ тіліндегі түр-түс пен реңк атауларының мағыналық астарын ашып көрсете келе; көк түс – көктің, аспанның, тазалықтың белгісі; қызыл – жалын мен оттың белгісі, дей келе, әрбір ұлт пен ұлыстың түр-түске қатысты өзіндік пайымдауы мен түсінігі бар, деп қорытындылайды [12, 61].

Көк түсіне байланысты қолданыс Абайда да кездеседі: Рең: *көрік, өң.* Батар күнге шымылдық – *көк* бұлт кең, Толқынды *қызыл* торғын өртпенен тең. Өткен дәурен секілді нұры жайнап, Арттағы мұнараға береді рең (Абай тілі сөздігі, 510 б.). Бұдан басқа; Түс: *түс, келбет, өң, ажар.* Түсі кету: өсімдіктің *сарғаюы*, қуаруы. *Жасыл* шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. Қайыршы шал – кемпірдей *түсі* кетіп, Жапырағынан айрылған ағаш, қурай (Абай тілі сөздігі, 632 б.). Жекелеген шығармаларда көк түсінің тура мағынада қолданған нұсқасын да көруге болады:

Сенің көзің *көк* те емес, *қар*а да емес –
Қой көзді деп атайды мұндайларды.
Ол көздердің оты да ғажап емес,
бірақ маған сол жанар нұрдай мәңгі [13, 30].

Қызыл – ең алдымен қан мен от, жалынмен байланысты ұғымды білдіреді. Бұл түстің символикалық мәні әркелкі және бір-бірімен қарама-қарсы келуі де мүмкін. Қызыл – қуаныш пен сұлулық, махаббат пен белсенді өмірді білдіруімен қатар дұшпандық пен соғыс, кек сияқты мәнге де ие. Қызыл түс – негізгі геральдикалық реңк. Жалау мен байрақта ереуіл, төңкеріс пен күрестің символы. Карфаген мен спартандықтар соғыс жағдайы кезінде қызыл түсті форма киген. Көне Қытайда ереуілге қатысушылар өздерін «қызылмыз, қызыл әскерміз, қызыл найзамыз, қызыл қаспыз – қасымыз қызыл (красные бровья)» деп атаған. Қызыл түс сонымен қатар билік пен ұлылықтың да белгісі болған (аударма біздікі) [14, 47].

Қ*ызыл* түсінің қазіргі қазақ әдебиетінде белсенді қолданысқа ие екендігін көре аламыз. М. Мақатаевтың «Балқытушы» өлеңінен үзінді:

Қызыл науамен,
Қызыл от ағып барады.
Қызыл адам жүр
Қып-қызыл өңі, жанары.
Қызыл ұшқындар ысқырып қызыл жыландай,
Қызыл қаһарын *қызыл* адамға жабады [15, 127].

Осы өлеңдегі *қызыл* реңін жекелеген ақын-жазушылар басқа тілдегі ұқсас баламасымен салыстыра зерттеген: «... ұсақ-түйек тіршіліктен соң Рубцов, Есенин, Тютчевтен бастап, ұстазым Юрий Кузнецовтың өлеңдерін шолып, қайта бір қарап отырғанмын. Со кезде Юрий Кузнецовтың жастау кезінде жазған бір өлеңін оқып отырып, өте таныс бір поэтикалық көрініске тап болдым. Ол көз алдыма қазақтың со бір көрініс секілді суретін, яғни, өлең жолын әкелетін сияқты көрінді. Ә деген кезде есіме түсіре алмай отырдым. Бір кезде есіме түсе қалғаны. Сөйтсем, ондай көрініс, Мұқағали өлеңінде бар екен. Бірақ, Мұқағали о көрініске кең де, жан-жақты әр мен мән берген. Әйтсе де, екеуінде аз да болса үйлесім мен үндесу бар. Объект бір, ситуация басқа. Куә болыңыздар. Мүмкін, достарым, әсіресе, ақын-жазушы, сыншы әріптестерім өздерің де оған кеңдеу

тоқталарсыңдар. Ол көзге ұрып-ақ тұр. Ойды ой қозғайды, сөзді сөз тудырады деген осы. Сонымен, Юрий Кузнецов «Видение» деген өлеңінің алғашқы шумағында;

Воет мартен - зто воет сирена.
Красные раки ползут.
Красни раки ползут из мартена...
Как оказался я тут? –

дей келіп, «Красные раки ползут из мартена, // Я их бросаю назад» - дейді. Тамаша, поэтикалық көрініс емес пе? Ал, енді, соны, Мұқағали қалай құлпыртып жіберген. Олар бір бірінің осы өлеңдерін оқымағандарына көзім жетеді… Мұқағалидың бұ жердегі мықтылығы *қызыл* сөзін сан рет қайталау арқылы, со сурет-көрініске күшейтпелі рай беріп, бояуды қанықтыра түсіп, суретті жанды да күшті қозғалысқа келтірген. Ал, Кузнецовта ол жоқ. Ол «Красни ракимен» қысқа қайырады, оны ары қарата Мұқағалидай дамытпаған. Мұқағалида *қызыл жалын жылан*, ал, Кузнецовта рак. Бұл гиперболалық айырмашылық. Міне, достарым, әдеби, поэтикалық-поэзиялық процессте мұндай да жағдай болады « (Аманхан Әлімұлы: https://massaget.kz/mangilik_el/jelidegi_angime/43313).

Жалпытүркілік лексикадағы *қара, сары* және *қызыл* сөзі жеке бір этностың аталуына ұйтқы болған: *Қызылбастар* – Иран Ислам Республикасында тұратын түркі тілдес халық. 1992 ж. саны 240 мың адам. Қазақ батырлық жырында айтылатын түркі тілдес *қызылбас* ұлысы қызыл бас киім киюіне байланысты аталған. Қызылбастар Иран, Сирия тағы басқа Кіші Азия елдеріндегі көшпелі түркі тайпаларының бірлестігін құрған. Сөйтіп 15-ші ғасырдың ортасына таман аталған түркі тайпаларының әскери әрі діни туыстығына айналған Сефеви әулетінің басты тірегі болған. 1503 ж. батыс Иранда билік жүргізген Сефеви әулетінен шыққан қызылбас билеушілері бүкіл парсы мемлекетін өзіне қаратып, астананы Тебризден Исфаханға көшірген [6, 445]. *Сары ұйғыр* – Қытайдың Ганьсу провинциясының Минхуа ауданын мекендейтін түркі тектес халық. Қытайша атауы *юйгу*, өздкерінше атауы *сарыг югур*. Далалы жерлердегі *ойлыға* деп, таулы жердегілері *тағлыг* деп аталады. Жалпы саны 11 мың. Қытайға үдере көшкен түркілердің ұрпақтары. Көп ғасыр бойы бөгде тілдік ортада тіршілік еткен сары ұйғырлар тілінде көне түркі тілінің белгілері көбірек сақталған [6, 548]. Сары ұйғырлардың тілі мен әдебиеті, тұрмыс-тіршілігі туралы толығырақ мәліметті 2015 ж. Астанада шыққан ұжымдық монографиядан көре аламыз [16, 348-655].

Түрік тіліндегі *қызыл* лексемасы *ал* және *қырмызы* сөзімен ілесе қолданатыны белгілі. Профессор Решат Генч пен Абдулкадир Инанның еңбегіне сілтеме жасай отырып жазылған «Türk İnanışlari İle Millî Geleneklerinde Renkler (Түркілердің наным-сенім мен ұлттық салт-дәстүрлерінде колоративтік лексика)» атты мақалада түр-түсті білдіретін *ал (қызыл, қырмызы)* лексемасы мынадай мәліметпен жабдықталған: «Түркілердің ең ескі наным-сенімдері төңірегінде қарастырылатын «Al Ruhu» немесе «Al Ateş» атты от Тәңрісінің немесе от жебеушісінің атаулары «от рухына» байланысты. Сондықтан көне түркі дәуірінен келе жатқан *Al Bayrak – ал байрақ* лексемасы мен Al Ateş – *ал атеш* наным-сенімі өз алдына жеке культтік жүйеде зерттелуі мүмкін. Осыған орай Абдулкадир Инан мынадай ескертпе жасаған: «Қазақ-қырғыз *байрақ, ту* сөзінің орнына *Yalav* (жалау) лексемасын қолданады. Лексеманың түп төркіні alav = alev (от, жалын) ретінде екендігі белгілі. Соған қарап Al Ruhu лексемасымен *ал* яғни *қызыл* сөзімен (түсінің) өзара байланысын дәлелдей аламыз. Сол дәуір түркі әулиелерінің пайымдауынша *рух* яки *аруақ ақ, қара, сары, қоңырқай* түсте болады екен. *Албасты* сөзімен қатар *Қарабас* сөзінің ілесе

жүруі де кездейсоқ емес. Түр-түсті білдіретін *ал* лексемасын рухты білдіретін түстің атына сәйкестігін де қаперге алуымыз қажет. Шаманизм шарттары бойынша «рухтардың аса құрметті статусына орай» әрбір рухты түр-түспен атау орын алған. Шамандар рухтарға арнап жалау тіккен (*жалау* алтай тілінде Yalama = Yalav формасында). *Ал* (қызыл түс) рухының желеп-жебеушісі атына тігілген жалау *от, жалын* түсін бере алатын түс атауымен айтылғандығын ескеруіміз қажет. Соған қарағанда түркілердің *Albayrak* пен *Al Ruhu* атауының этимологиясын көне дәуірлерге дейін шегере аламыз» (аударма біздікі) [17, 1083]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі 562 бетте *қырмызы* сөзінің ақықтамасы: *қырмызы* – ашық қызыл түс. Колоративтер атауларды орта ғасыр жазба ескерткіштерінен кездестіруге болады: Заттың түр түсін білдіретін сапалық түбір сын есімдер: *ақ, көк, сары, қызыл, жасыл* [18, 147].

Қазіргі түркі елдеріндегі колоративтік лексика жекелеген өзгешеліктерге қарамай өзінің түп-төркіні – *көне түркі,* орта ғасыр дәуірі жасалым жолдары мен әдеби –тілдік нормаларын сақтап қалған. Мұні қазіргі түрік тілі мен қазақ тіліндегі, жалпы түркілік географиялық ареалдан осы күнге дейін жеткен жер-су мен өзен-су атауларынан көре аламыз. Бұл өз кезегінде түркі сөзжасам жүйесінің тарихи-хронологикалық жағынан алғанда беріктігі мен тілдік-фольклорлық және әдеби дәстүр тұрғысында мығым екендігін көрсетеді. Жалпы, түске байланысты зерттеулер лингвистикамен қоса, әдебиет және мәдениетаралық байланыс концептісі шеңберінде де қаралуы мүмкін. Себебі, «Колоративті лексика — қазақ тіл білімінде ерекше назарға ілінген мәселелердің бірі. Ғалымдар түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану деген бір саланың негізін қалап, тың зерттеулер жүргізіп жатыр. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк түрік, Ақ Орда, Көк Орда, мәдениетімізбен байланысты кісі өлсе, үй сыртынан ту тігу, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау — бәрі-бәрі түр-түспен байланысты болып келеді. Тіпті, тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, өз мұңын, жағдайын, қуанышын жіптің түр-түсімен жеткізіп отырған. «Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп — керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген» (Б. Р. Хасенов, А. С. Әділова: https://articlekz. com/kk/article/16266).

Түр-түс символдары мен концептілерін зерттеуде тарихи топонимика өзара ұқсастық пен ерекшеліктерге мол деректер қатарында. Ал түркі елдерінің ақын-жазушылар еңбектерінен колоратив символдарын салыстыра саралау – қашанда құнды және қызықты тақырыптар арасында қала бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1 Elvin Yıldırım. T. C. İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Tarih Anabilim Dalı Yüksek Lisans Tezi. *Türk Kültüründe Renkler ve İfade Ettikleri Anlamlar*. Proje Nu:15609. İstanbul -2012.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. ҚР Мәдениет ақпарат министрлігі, Тіл комитеті. Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-пресс – 2008. -835 б.

3 Кононов А. Н. *Семантика цветообозначений в тюркских языках*. Академия Наук СССР. Тюркологический сборник. Главная редакция восточной литературы. Издетельства «Наука». Москва – 1978. стр. 79.

4 Абай тілі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған ф. ғ. д. А. Ысқақов. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институты. Қазақ ССР «Ғылым» баспасы. Алматы – 1968 -630 б.

5 Хасенов Б. Р. Бименде А. А. Сатбаева А. Б. *Символ – тілдік-танымдық код*. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 4 (72) 2013 ж. желтоқсан. 14 б.

6 Халықаралық Түркістан Энциклопедиясы**.** Қазақ Энциклопедиясының Бас редакциясы. Алматы – 2000. 445 б.

7 Кидайш-Покровская Н. В., Нурмагамбетова О. А. Кобыланды Батыр. *Казахский героический эпос*. Академия Наук СССР. Академия Наук Казахской ССР. Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова. Издательства «Наука». Москва – 1975, стр. 439.

8 Керимова С. М. *Мәдениетаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері*. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы – 2019. 82, 85 б.

9 Байтұрсынов А**.** *Әдебиет танытқыш*. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра – 2003. -208 б.

10 Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 64: Жұмбақтар. Астана: Фолиант, 2010. -432 б.

11 European Researcher, 2013, Vol (50), № 5-3, *Color Semantics in the Kazakh Language: Linguo-Cultural Aspect*. Shara Mazhitaeva, Zhanar Kaskataeva, Nadezhda Khan. 1454 б.

12 Елибаева К. Ж. *Символика и семантика цвета в казахской культуре*. Вестник МГУКИ. 2012. 4 (48) июль–август. 61 б.

13 Оңғарсынова Ф. *Мен саған ғашық емес ем*. Өлеңдер. «Жазушы», Алматы – 2009. 250 б.

14 Немыкин В. В. *Символика цвета*. Архитектура, градостроительство, дизайн, изобразительное искусство: вопросы теории и истории. ВЕСТНИК АлтГТУ им. И. И. Ползунова №1-2 2010. стр. 47.

15 Мақатаев М. *Шығармаларының толық жинағы*. III том. «Жалын баспасы». – Алматы. -320 б.

16 Түркі тілдері. Ұжымдық монография. *Сары ұйғыр әдеби тілі*. Б. Р. Оспанова. Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы. РМКҚ–Астана, 2015, 348-355 б.

17 Reşat, Genç. *Türk İnanışlari İle Millî Geleneklerinde Renkler*. Erdem Atatürk Kültür Merkezi Dergisi. Aydın özel sayısı. III. cilt: 9. sayı: 27. 01. 01. 1997, -1083 б.

18 Есбосынов, Е. З. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайиан еңбегі бойынша, XIV ғ.). «Ер-Дәулет». Астана – 2006, -147 б.

19 https://massaget. kz/mangilik_el/jelidegi_angime/43313

20 https://articlekz. com/kk/article/16266

Аударматану терминдерінің зерттелу жайы

Қожаева М.
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, филология ғылымдарының кандидаты

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың лингвистикалық теориясы. Бұл сала – қазақ тілтанымы үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де осыған тікелей байланысты. Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А. М. Алдашева докторлық диссертациясында «…қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес», – деп атап өткен [1, 3]. Алайда Қазақстан тіл білімінде аударма теориясының қалыптасуына Ө. Айтбайұлы, А. Алдашева, Б. Хасанов, Р. З. Загидуллин, Н. Ж. Шаймерденова және т. б. ғалымдардың еңбектері үлес қосады.

Тіл білімінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та, сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар, аударматану саласындағы терминологиялық жүйенің тілдік, соның ішінде лексикалық ерекшеліктерін айқындау, аталған терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен сипаты сияқты тілдік фактілерге талдау жасау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы қазақ терминографиясының қалыптасуы мен даму кезеңдеріне талдау жасай келе: «Біздің пайымдауымызша, терминографияның дербестенуіне мынадай факторлардың тікелей әсері болған. Біріншіден, ғылым салаларының қарқынды түрде дами бастауына байланысты терминологиялық сөздіктерге әр саланың ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп беру мүмкіндігі жүктелді. Екіншіден, терминтанудың тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасуы терминографияның да лексикографиядан біртіндеп іргесін ажырата бастауына себепші болды. Үшіншіден, жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің өзіндік ерекшеліктері, мақсаттары олардың жеке қарастырылуына мүмкіндік туғызады» деген пікір айтады [2, 11-12]. Шынында, терминдердің сөздік анықтамалары әр түрлі лексикографиялық еңбектерде әр қилы болатыны күмән келтірмейді. Бірақ осы заңды құбылыс, олардың қарым-қатынас сипаты жайындағы мәселе лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттеуді қажет етеді.

Соңғы кезде осы мәселе төңірегіндегі ғылыми мақалаларда терминологиялық сөздіктердің құрылымдық, мазмұндық және т. б. ерекшеліктері зерттеліп жүр: «Сөздік өзінің құрылымындағы көлемі, мазмұны, мақсаты, түрі (аударма, түсіндірме, анықтама, т. б.), терминдерінің орналасу реті (алфавиттік немесе тақырыптық), қамтылған терминдерінің ғылым саласы, сөздік мақаласы, сөзтізбесі, алфавиттік көрсеткіші, қорытындысы, пайдаланылған әдебиеттері сияқты т. б. бөліктерінің біртұтас жиынтығы арқылы ғана сөздік ретінде құрастырылып, қолданыс таба алады» [3, 52]. Жалпы

лексикографиялық еңбектер келесі әлеуметтік қызметтерді атқарады: ақпараттық, коммуникативтік және нормативтік (тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі бірегейлігін жетілдіруді қамтамасыз етеді). Ал, тіл білімінде сөздіктер төменгі белгілер бойынша жіктеледі: мазмұны бойынша (түсіндірме және энциклопедиялық); лексиканың сөздіктерде іріктеліп берілуі бойынша (тезаурустар, терминологиялық, диалектологиялық сөздіктер және т. б.); сөздерді сипаттау тәсілі бойынша (орфографиялық, орфоэпиялық, этимологиялық, этнолингвистикалық, сөзжасамдық, синонимдер, антонимдер, омонимдер, паронимдер, жиілік сөздіктер және т. б.).

Терминологиялық сөздіктер ақпараттық, коммуникативтік және нормативтік қызметтерді атқаратын, тілдік бірліктерді іріктеу мен көлемі жағынан экстенсивті (мүмкіндігінше тілдің барлық бірліктерін қамтитын) емес селективті сөздіктер (сөздіктің көлемі мен қолданысына байланысты сөздердің іріктеліп берілуі) түріне жатады. Зерттеуші М. Малбақов терминге «Термин – білімнің белгілі бір саласының ұғымдық тезаурусында белгіленген орны мен осы тезаурустағы орынның сипаттамасы ретіндегі дефициясы бар лексикалық бірлік болып саналады» деген анықтама береді [4, 128]. Терминге «Тіл білімі сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Термин – арнайы ұғымдарды, түсініктер жиынтығын дәл беру, нақты белгілеу үшін жасалған арнайы сөздер немесе сөз тіркестері. Термин ерекшеліктеріне мыналар жатады: жүйелілік, дефициясының болуы, бірмағыналылық бағыты, мәнерліліктің болмауы, стильдік бейтараптық» [5, 380]. Келтірілген екі анықтамада да терминнің негізгі белгілерінің бірі – дефициясының болуы. Осы орайда аударматану терминдері лексикографиялық еңбектерде тіркеліп, дефициясы қалыптасты деуге болмайды. Бұл қазіргі қазақ тіл білімінің қай саласының болмасын өзекті де күрделі мәселесінің бірі болып табылады. Сондықтан ең алдымен түсіндірме сөздіктерде дефицияның берілу принциптері мен құрылымын анықтап алған жөн деп санаймыз.

Сөздердің мағынасын түсіндіру сипаты сөздіктерде қабылданған анықтамалар жүйесімен тығыз байланысты. Тіл білімінің түсіндірме сөздіктерінде, әдетте, сөздің мағынасы басқа сөздермен байланысы арқылы түсіндірілетін филологиялық анықтамалар қабылданған. Бұлар өз ішінде сипаттамалы, синонимдік және уәжді болып жіктеледі. Сөздердің сипаттамалы анықтамаларында сол сөзді тудырушы сөздің сипаттамалы анықтамасы қолданылады. Мысалы, 10 томдық түсіндірме сөздікте мына сөздерге келесі сипаттамалы анықтамалар келтіріледі: аудармалық – «аудару арқылы жазылған, аударылған»; аударма – «бір тілден екінші тілге аударылған шығарма»; баламала – «теңеу, бірдей деп қарау»; балама – «екінші бір заттың, атаудың орнына жүретін, соған тең, сай келетін нәрсе, атау» және т. б. Туынды сөздер мен түбір сөздердің анықтамаларын салыстыру барысында байқалатыны – мұндай сипаттамалы анықтамалар мағыналық қайталым элементтеріне жол беріп, сөздіктерге қажет емес артық ақпаратты қамтиды. Ал синонимдік анықтамалар туынды сөздер мен түбір сөздердің арасындағы семантикалық байланысты мүлдем көрсете алмайды. Сондықтан туынды сөздердің анықтамаларын түзуде синонимдерді қолданудың тілдік сипаты айқын болмайды. Мысалы, бастапқы – «әуелгі, алғашқы»; әуелгі – «бастапқы, алғашқы»; алғашқы – «бастапқы, әуелгі» және т. б.

Яғни, туынды сөздердің, оның ішінде туынды терминдердің семантикалық ерекшеліктерін айқындауға, олардың сөздіктерде түсіндірілуіне уәжді тәсілдің ғана мүмкіндігі мол. Осы орайда ғалым И. С. Улухановтың «Словообразовательная семантика в русском языке и принципы ее описания» атты ғылыми еңбегін атап, мынадай дәлелдемесін келтіре кетуімізге болады: «…уәжі келтірілмеген уәжді сөздердің

анықтамаларын барабар (адекватты) деп санауға болмайды» [6, 126]. Егер сөздің мағыналық құрылымын барлық ақпаратты беретін құрылым ретінде қабылдайтын болсақ, онда туынды сөздер семантикасының негізгі ерекшелігі олардың сілтемелі өзгешелігінде. Бұл жайында ғалым Е. С. Кубрякова туынды сөздердің семантикалық ерекшелігіне төмендегідей лингвистикалық тұжырымдамасын береді: «…туынды сөздің ең басты айырмашылық белгісі – мағыналық құрылымның екі жақты референттілік қасиетінде: ақиқат дүниеге референттілігі (әрбір туынды сөздің дербес лексикалық мағынасының болуы) және басқа сөздерге референттілігі (туынды сөздер мағынасының басқа түбірлес құрылымдардың мағынасынан туындайтындығы)» [7, 90]. Автордың тұжырымдамасына келісе отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: түбір сөздер тек ақиқат дүниеге ғана референтті болса, туынды сөздер ақиқат дүниеге де, басқа сөздерге де референтті болып келеді. Мысалы, аудармашы туынды сөзінің мағынасы мынадай сөздік дефиниция арқылы түсіндіріледі: аудармашы – «бір тілден екінші тілге аударумен шұғылданатын адам». Яғни, бұл анықтамадағы уәжді сөз – аудару сөзі. Сондықтан туындының референциясы бастапқы сөз референциясының білім аясын тануды қажет етеді. Мәселен, «Ол – аудармашы» деген пайымдау мағыналық тұрғысынан «Ол бір тілдегі шығарманы екінші тілге аударып беруші адам» деген сөйлем мағынасымен тепе-тең болып келеді. Мұнда белгілі бір мағынаны түсіндірудегі тәсілдердің айырмашылығына қарамастан, олардың мағыналық тепе-теңдігі туынды мен сөз тудырушы негіз арасындағы өзара байланыс қатынасынан туындап тұр. Осының нәтижесінде тұтас формалық аудармашы дараланған құрылым мағынасын көрсетеді. Сондықтан да туынды сөздердің екі жақты референттілік қасиеті аталмыш тілдік бірліктер семантикасын сипаттаудың негізгі принциптерінің айқындалуына әсер ететін ең маңызды құбылыс болып табылады. Сондай-ақ туынды сөздер семантикасын зерттеу түбірлес сөздік бірліктер арасындағы жүйелілік байланыстарды аңғаруға, сонымен қатар сөйлеу қызметінің тетігінде тіл сөздігін меңгеру мен аталымның жаңа түрлерін жасау сияқты күрделі мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді.

Енді біз тақырыпқа сәйкес аударматану саласының терминдік қатарларының ең басты ерекшеліктері туралы сөз етсек, онда ең алдымен 10 томдық түсіндірме сөздікте берілген аудар сөзінің сөзжасамдық тізбегін келтіргенді жөн деп санаймыз. Мысалы, аудар, аударғыш, аударғышта, аударма, аудармай, аудармалық, аудармашылық, аударт, аударту, аудару, аударушы, аударушылық, аударыл, аударылу, аударыс, аударысу. Бұл мысалдардың ішінен төмендегілері ғана терминдік мағынаға ие: аударма, аудармалық, аудармашылық, аударушы, аударушылық.

Ал аударматану саласында аудар сөзінен туындаған монолексемдік және полилексемдік күйінде қалыптасқан терминдер үлесі біршама. Мысалы, монолексемді терминдер: аударма, аудармашы, аударылушылық, аударматану, аудармашылық; полилексемді терминдер: аударма тілі, аударма тәсілі, аударма теориясы, аударма процесі, аудармашылық трансформация, аударма бірлігі, аударма процесінің бірлігі, аударма лингвистикасы, аударма нормасы, аудармашылық тіл нормасы, аударманың баламалығы, аударма баламалығының нормасы, аудармадағы мәтіндер, авторлық аударма, екі жақты аударма, балама аударма, қостілді аударма, еркін аударма, жазбаша аударма, кеңесіп жасалған аударма, келтірінді аударма, көркем аударма, лингвистикалық аударма теориясы, машиналық аударма, сөзбе-сөз аударма. Ғалым А. Вежбицкаяның анықтамасы бойынша, жалпы сөздіктерде сөздің мағынасы «концепт-максимум және концепт-минимум негізінде беріледі» [8, 25]. Осыған сәйкес энциклопедиялық сөздіктерде сөздің

мағынасы концепт-максимумге сәйкес келсе, сөздің концепт-минимумы түсіндірме сөздіктерде көрініс табады. Мысалы, энциклопедиялық сөздікте берілген аударма термині мағынасының концепт-максимумы: «бір тілде айтылған не жазылған мәтіннің екінші тіл арқылы жеткізілуі, әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударманың пайда болуы көне дәуірмен, тілдің шығуымен байланыстырылады. Қарым-қатынастың құралы ретінде әр түрлі тіл пайда болғанда, бір тілде сөйлейтіндердің екінші тілде сөйлейтіндермен түсінісу, қатысу қажеттілігінен аударма пайда болған. Аударманың бірнеше түрі бар; 1) ауызша аудару…; 2) жазбаша аудару…; 3) машинамен (компьютермен) аудару…; 4) көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған, басқа тілдегі түпнұсқа негізінде жазылған көркем туынды. Аударма жасаушы адам кем дегенде екі халықтың тілін білуі қажет. Онсыз аударма сапасы ойдағыдай шықпайды, түпнұсқаның ұлттық сипаты, өзіндік өзгешеліктері сақталмайды. Аудармада сөз қолдану, ойдың мағынасын жеткізу, көркемдігін жоғалтпау, маңызын төмендетпеу сияқты талаптар толық сақталуы шарт» (анықтаманың қысқартылған түрі). Аударма термині мағынасының концепт-минимумы: «бір тілден екінші тілге аударылған шығарма». Аталмыш лексеманың терминдік дефициясына назар аударатын болсақ, ол адам қызметінің нәтижесі ретіндегі интеллектуалды ақпаратты қамтиды: басқа тілдің түпнұсқа мәтіні мазмұнынан екінші бір тілде коммуникативтік құндылығы бірдей мәтін жасау жолымен берілетін тілдік делдалдықтың бір түрі. Яғни, терминдік дефиниция, негізінен, концептуалдық мағынаның қисынды, когнитивті мазмұнын білдіреді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Алдашева А. М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ терминографиясының жай-күйі туралы //Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2004.
3. Құрманбайұлы Ш., Әбдірәсілов Е. Терминологиялық сөздіктерде терминдерді беру тәсілдері//Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2004.
4. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы, 2002. – 128 б.
5. Тіл білімі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Сүлейменова Э. Д. – Алматы: Ғылым, 1998. – 541 б.
6. Улуханов И. С. Словообразовательная семантика в русском языке и принципы ее описания. – М.: 1977. – 126 с.
7. Кубрякова Е. С. Семантика производного слова//Аспекты семантических исследований. – М.: Наука, 1980. – 90 с.
8. Wirzbicka A. Lexocography and conceptual analysis. Ann Arbor, 1985.

Монгольские параллели терминологической лексики сенокошения якутского языка (на материале электронной версии «Большого толкового словаря якутского языка»)

Борисова Ю.
Институт гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера СО РАН, г. Якутск

Сенокошение является одним из традиционных занятий народа саха, от процесса заготовки сена в летний период зависит выживание крупного рогатого скота в зимний период. Раньше до внедрения механизации в сельскохозяйственный труд, подготовка к сенокосу и сам ручной сенокос занимал весь летний хозяйственный цикл. К лексическим единицам данной отрасли относятся обозначения отдельных этапов, орудий и участников процесса сенокошения. «Большой толковый словарь якутского языка», состоящий из 80 000 слов, охватывает лексику и фразеологию современного якутского литературного языка, распространенные диалектизмы, народную лексику, изобразительные слова разговорного языка, а также специфический фольклорный фонд (устаревшие слова и выражения, формульные элементы и др.). Как показывает извлеченный материал из электронной версии «Большого толкового словаря якутского» [https://igi. ysn. ru/btsja/index. php?lang=ru] монгольских параллелей лексики сенокошения якутского языка представлено немалое количество. Электронная версия «Большого толкового словаря якутского языка» (далее по тексту - Словарь) позволяет в автоматическом режиме совершать поиск и анализ материалов всех 15 томов, упрощает доступ к материалу словаря.

В настоящее время в якутском языкознании имеется значительный опыт исследования монгольских параллелей. Известный диалектолог, д. филол. н. С. А. Иванов при изучении монголизмов в диалектной лексике якутского языка констатирует тот факт, что монголизмы настолько прочно вошли в плоть и кровь якутского языка, что их неисконность для всех носителей данного языка не замечается, воспринимаются они как исконно якутские или собственно якутские слова [Иванов 1991: 59]. Проф. В. И. Рассадин в лексико-семантическую группу «Сенокошение» монгольского происхождения включил следующие имена существительные: *бугул* ‘копна, куча, стог’, *хадыһа*, *ходуһа* ‘покос’, *хотуур*, *хатыыр* ‘коса-горбуша’, а также глагол *хадый-*, *ходуй-* ‘косить траву’ [Рассадин 1980: 69]. Он же отмечает, что в отношении монгольского влияния якутский язык является наиболее изученным среди всех тюркских языков [Рассадин 2008: 225]. А. Е. Шамаева в диссертационном исследовании «Монгольские параллели диалектной лексики якутского языка» констатирует, что «термин ‘монголизмы’ предполагает заимствованные слова из монгольского языка (языков)» [Шамаева 2012: 29], потому мы в настоящей статье ограничиваемся определением ‘монгольские параллели’.

Так, методом сплошной выборки из Словаря нами отобраны следующие единицы терминологической лексики сенокошения якутского языка, имеющие монгольские параллели:

бугул ‘Охсуллубут от обургу гына үрүт-үрдүгэр чөмөхтүү мунньуллубута. *Сложенное в кучу в виде конуса сено; копна*’, в Словаре указано что данное слово заимствовано от монгольского *бухул*, *бухал*. Так, в «Большом академическом монгольско-русском словаре» *бухал* означает ‘копна; стог’ [БАМРС I т.: 438]. В «Этимологическом

словаре якутского языка» также указано, что слово *бугул* считается заимствованием из монгольских языков: *бухул, бухаль, бухал,* и дается сравнение с тюрк., тат. *богыл* ‘стог’; алт. диал. *богул* ‘куча, копна’ [ЭСЯЯ: 153]. Э. К. Пекарский в «Словаре якутского языка» сравнивает *бугул* с татарским и монгольским *стог* [Пекарский I т.: 534 стлб]. В Словаре в качестве составного слова также дано толкование терминологическому словосочетанию *бугул түгэҕин харбааччы* ‘от кэбиһиитигэр бугул оннугар хаалбыт оту хомуйааччы. *Человек, который во время стогования сена подбирает граблями остатки от копен; подгребальщик*’.

күрүө ‘1. Сүөһү, сылгы киирбэтин диэн, уһун сиэрдийэ мастаах бүтэй тутуу (икки миэтэрэ кэриҥэ үрдүктээх мас тоһоҕолору кэккэлэһиннэри утарыта анньаллар, сигэлииллэр уонна онно кыбыта уһун сиэрдийэни ууруллар). *Изгородь (вокруг стога, покоса, пашни и т. п.*) ’; ‘4. Үллэһиккэ тиксэр өлүү ходуһа (ортотунан үс сүүс-түөрт сүүс бугул кэлэр сирэ). *Надельный пай покосных угодий, который давал в среднем триста-четыреста якутских копен, приблизительно девятьсот-тысяча двести пудов сена*’. В Словаре дается сравнение с письменно-монгольским *күрийэ* ‘забор, ограда’. Также в Словаре перечислены виды *күрүө*: *боотулу күрүө* ‘сиргэ утарыта уонна кириэстии саайыллыбыт икки мас тоһоҕолорго уһун сиэрдийэ ууруллар бүтэйэ. *Ограда из кольев, вбитых в землю крест-накрест, на которые кладутся поперечины*’, *сылбах күрүө* ‘сиргэ таах сытар араас маһы хомуйан оҥоһуллубут күрүө. *Изгородь из валежника*’, *тыын күрүө* ‘огдообо дьахталларга уонна дьадаҥы дьоҥҥо тиксэр, мөлтөх үүнүүлээх, кыра кээмэйдээх оттуур өлүү ходуһа. *Очень маленький сенокосный участок с низкой урожайностью, отводимый вдовам и беднякам*’, *укаас күрүө* ‘ыстаарысталарга уонна быыбарданар дуоһунастаах дьоҥҥо сулууспаларын иһин бэриллэр оттуур ходуһа сир (оҕото суох киһи өллөҕүнэ, кини сириттэн бэриллэр). *Сенокосный участок, который отводился старостам и другим выборным должностным лицам за службу (передается из земель, оставшихся после смерти бездетного человека)* ’, *үүт күрүө* ‘сиэрдийэ угуллар анал дьөлөҕөстөөх баҕаналаах күрүө. *Изгородь на столбах с отверстиями для жердьев*’, *хары күрүө* ‘баайдарга уонна аҕа уһун тойотторугар өлүү сирдэрин таһынан эбии бэриллэр оттуур ходуһа сир (нэһилиэктэриттэн өр тэйэ сылдьыбыт уонна түһээни, тардыыны кыайан төлөөбөт дьадаҥы дьон сирдэриттэн бэриллэрэ). *Сверхнадельный сенокосный участок, которым пользовались богачи и родоначальники*’.

кэнчээри ‘Ото охсуллубут сиргэ иккистээн үүммүт саҥа от. *Отава*’. Данное слово сравнивается с монгольским *хэнз* ‘вторая трава (вырастающая к осени после покоса), родившийся осенью’ и с тюркским *генч* ‘молодой’. В таком же значении зафиксировано в «Большом академическом монгольско-русском словаре»: *хэнз* ‘вторая трава (вырастающая к осени после покоса), отава; *хэнз ногоо* отава; *хэнз цэцэг* поздние цветы’ [БАМРС IV т.: 219].

сэрии ‘Туох эмэ эркин эбэтэр тэлгэх курдук кэккэлэччи анньыллыбыт эбэтэр ууруллубут мастара. *Плахи, доски, которые кладутся или выставляются ровным рядом (напр., на сани при возке сена)* ’. Этому слову сравнивается монголькое *сэрээ* ‘вилка; острога, трезубец’. Которое в первом значении зафиксировано в БАМРС как *сэрээ(н)* ‘1) вилка; *сэрээ гулзайлгах* искривить вилку; 2) острога, гарпун, трезубец, копьё с зубцами; *загас харвах сэрээ* острога; *сэрээ таяг* трезубец’.

ходуһа ‘Оттуур, оттонор сир. *Покос, сенокосное угодье, покосный луг*’. Ср. бур. хадаса ‘покос’.

ходуу ‘Күһүн муус турбутун кэннэ уу отун охсуу, оттоohун; муус үрдүнэн оттоммут от, уу ото. *Косьба травы на корню по льду поздней осенью; скошенная по льду поздней осенью трава*’. Ср. монг. хаду ‘косить’.

хотуур ‘Ортотунан тутаахтаах уһун укка олордуллубут дугалыы быһыылаах, сытыы биилээх оту охсорго туттуллар тимир тэрил. *Коса*’. **Хотуур ортото** ‘Сайын от охсор кэм ортото. *Середина косовицы, сенокоса*’. **Хотуур суола** ‘Отчут хотуурунан оту охсон, тэлэн барбыт суола. *Прокос*’. **Хотуур түспэтэх (сирэ)** ‘Ото хаһан да охсуллубатах, оттонуллубатах (сир). *Местность, на которой никогда не косили траву*’. **Хотуур тэһиинэ** ‘Хотуур тууратын төрдүнэн бөҕөргөтөн тартарыллыбыт синньигэс соҕус тимир. *Тонкая металлическая пластина, приваренная к лезвию и тонкой части косы для дополнительной опоры*’. **Хотуур хаалыыта** ‘От охсор кэм бүтүүтэ. *Конец косовицы, сенокоса*’. Ср. тув. *кадыыр*, монг. *хадуур*, бур. *хажуур* ‘коса’, бур. *хадуур* ‘серп’. В «Большом академическом монгольско-русском словаре» *хадуур* зафиксирован как ‘коса, серп’.

Исследование лексики, связанной с сенокошением в языке народа саха, демонстрирует не только богатство и разнообразие языковых единиц, но и их глубокую связь с культурными традициями и образом жизни. Процесс заготовки сена, являющийся жизненно важным для обеспечения продовольственной безопасности крупного рогатого скота в зимний период, находит отражение в специфической терминологии, которая передает не только технические аспекты, но и культурные значения.

Анализ лексических единиц, имеющих монгольские корни, подчеркивает исторические связи между народами и взаимовлияние языков. Заимствованные слова не только обогащают якутский язык, но и служат свидетельством культурного обмена, происходившего на протяжении веков.

Таким образом, работа подтверждает важность сохранения и изучения традиционной лексики, которая является неотъемлемой частью идентичности народа саха. В условиях современности, когда механизация меняет традиционные практики, необходимо уделять внимание сохранению этих знаний и их передачи будущим поколениям.

Литература:

1. Большой академический монгольско-русский словарь: в 4-х т. /под ред. А. Лувсандэндэва и Ц. Цэдэндамба. - М.: Академия, 2001. - Т. I. - 536 с. ; Т. IV. - 532 с. (БАМРС)

2. Иванов С. А. Монголизмы в диалектной лексике якутского языка // Якутский язык: семантика, фразеология: Сборник научных трудов. – Якутск: ЯНЦ СО АН СССР, 1990. – С. 58-69.

3. Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. 2-е изд-е. Ленинград: Изд-во АН СССР, 1959. Т. I. - 1278 стлб. Т. II. - 2010 стлб. Т. III. - 3858 стлб.

4. Попов Г. В. Этимологический словарь якутского языка. – Новосибирск: Наука, 2003. – 180 с. (Ч. I: А-Дь). (ЭСЯЯ)

5. Рассадин В. И. Монголо-бурятские заимствования в сибирских тюркских языках. – М.: Издательство «Наука», 1980. – 115 с.

6. Рассадин В. И. Очерки по истории сложения тюрко-монгольской языковой общности. Часть II. Монгольское влияние на лексику тюркских языков. – Элиста: Изд-во Калм. ун-та, 2008. – 243 с.

7. Шамаева А. Е. Монгольские параллели диалектной лексики якутского языка /Дисс. …канд. филол. н. Якутск, 2012. – 270 с.

8. Электронная версия «Большого толкового словаря якутского языка» https://igi. ysn. ru/btsja/index. php?lang=ru

Қараханид кезеңіндегі «Түрік сөздігі»: субстантивация және адъективация

Ақжігітова А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

XI-XII ғасырлардағы орта түркі ескерткіштерде етістіктің ірі сөз табы ретінде ерекшеленіп, тіл білімі ғалымдарының назарын аударғаны бәрімізге айқын. Оның себебі сол кездің өзінде етістіктің семантикалық және функционалдық қызметі, етістіктің шақ, рай, етіс, жақ категориялары мен ерекше түрлері белсенді қолданыста болды. Ғалым еңбегінде түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау әдісімен түсіндіріп, араб тілін жетік білгендіктен, араб тілінің заңдылықтарына салып, келелі зерттеу жүргізеді. М. Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде зерттеу еңбегін сегіз кітапқа жіктегенін, тек қолданылатын сөздер тізбегін назарға алғанын айтады. Түрік (түркі) тілінің заңдылықтарымен араб тілінің ұстанымдарын қатар қоя отырып, түрік тілінде род категориясы жоқ екенін алғаш жазады. Сондай-ақ, өзі жіктеген әр кітабында «есімдер»мен «етістіктер» деп бөліп қарастырады. Осы тұстан ғалымның тілдегі етістіктердің рөлін, маңызын, ауқымдылығын аңғарып, терең зерттеу жүргізгеніне көз жеткіземіз. Сондықтан орта ғасырдың көрнекті өкілі, лингвист ғалым М.Қашқаридің «Сөздігінде» етістіктердің жақтары, шақтары т.б. категориялары ғылыми түрде көрініс табуы заңды.

М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі дүние жүзі ғалымдарының назарын ертеден-ақ аударған. Атап айтқанда, неміс ғалымы К.Броккельман алғашқылардың бірі болып аталмыш еңбекті зерттеуде үлкен үлес қосса, түрік ғалымы Бесім Аталай түрік тіліндегі ғылыми аудармасын жасап, зерттеушілердің негізгі аударма ретінде ден қоятын бірден бір басылым нұсқасы ретінде танылды. Ал қазақ тілінде А.Егеубаев, Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов аударып, М.Қашқаридің басқа да еңбектерін халыққа ұсынғаны белгілі.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегін әртүрлі аспектіде зерттеушілер қатары көп. Ал тілдік тұрғыдан зерттеушілер қатарына В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, Т.А. Боровков, А.Н. Кононов, М.Ш. Шералиев, А.М. Демирчизаде, Т.М. Гарипов, В.И. Асланов, Ш. Шукуров, Х.Г. Нигматов, Ә.И. Фазылов т.б. ғалымдар, қазақ тіл білімінде Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрысжанов, М. Томанов, А.Б. Салқынбай, Б.Д. Шағырова, М.Ә.Жүнісова еңбектерін атауға болады.

М.Қашқари түркі тіліндегі етістіктің өзіндік ерекшеліктеріне, белгілі түр-тұлғасына зер салып, алғаш сөз қозғаған. Соның ішінде етістіктің болымды, болымсыздығы, салт және сабақтылығы туралы кеңінен сөз еткен. Сондай-ақ, шақ категориясының жасалуы мен мезгілдік қатынасы, райы да ғалым сөздігінен айқын көрінеді. «Сөздікте» келтірілген етістіктердің басым көпшілігі жедел өткен шақтың жұрнақтары арқылы берілген. Мысалы, «Сәлім етістіктер кітабында» (ауд. «Екі әріптілер бөлімі») «tapdы – тапды: табынды, қызмет етті; тапды: тапты» немесе «шapdы – шапды: шапты, жүзді, ұрды, сылады» деген жедел өткен шақтың формасын көруге болады [1, 98]. М.Қашқаридің айтуы бойынша, кейбір тайпа, руларда -дуқ/-туқ жұрнақтары жақтық, көптік тұлғамен

байланыссыз өткен шақтық тұлғаны білдірген. Ал келер шақтың басты көрсеткіші ретінде -р жұрнағы аталады. Ал етістіктің осы шағы мен нақ осы шағы туралы көп мәлімет берілмеген. Бірақ айта кететін мәселе, сол тұста шақтық қолданыс сирек болғандықтан, ғалым «шақ» терминін пайдаланбаған. Етістіктің шақ категориясы туралы мәліметтің толық болмауы сондықтан болса керек.

Мақаламыздың тақырыбына арқау болған етістіктің ерекше түрі болып саналатын есімшелер туралы «Түрік сөздігінде» азды-көпті ақпарат берілген. Бірақ көсемше формаларына қатысты пікір жоқтың қасы. Ғалым есімше туралы сөз қозғағанда, оның осы бапта және өзге баптардың барлығында білдіретін мағынасына қарай бес түрге бөлінетінін айтады. Автор «шақ» терминін қолданбағандықтан, «бап» деп қолданғанын да айта кету керек. Өткен шақтық есімшенің «істің ұзаққа созылатын, дүркінділік мән» беретін сипатын, істің тындырылғанын білдіретін сипатын, келер шақтық есімшенің іс-әрекеттің мақсатты, ниетті түрде орындалатынын айтқан. М.Қашқари атаған өткен шақ есімшесі қазіргі қазақ тілінде -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары ретінде қолданылады. Еңбекте «Kүlgen er: Күлген ер» деген мысалмен беріледі [2, 75]. Осы тұста ғалым М.Томанов -ған жұрнағын этимологиялық жағынан құранды екенін айтады. Ғалымның айтуынша, жұрнақтың алғашқы компоненті -ға – қимыл есім тұлғасы екенін, ал -н ежелгі дәуірде өткен шақты білдірген қосымша екенін айтады [3, 59].

Сөздікте қолданылатын өткен шақ есімшесінің бір түрі -мыш, -міс жұрнақтары арқылы жасалады. Ол болжам немесе баяндау мәнін береді. Сөздікте «Qurmыш ja: Құрмыш иа – құрулы садақ» деген мысал келеді [4, 235]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде бұл қосымша жоғалып кетпегенімен, сирек қолданысқа ие. Бұл турасында М.Томанов: «Қазақ тілін –мыш формантына тән барлық мән-мағына –ған формантына ауысқан кезде –мыш реликт есебінде қазіргідей позицияда қалып қойған деп қарауға әбден дәлел бар. Қалай болғанда да, қазақ тіліндегі –мыш тұлғасының осы қолданысы бір жағынан көне түркілік қолданыспен, екінші жағынан қазіргі чуваш тіліндегі қолданыспен тығыз ұштасып жатады. –мыш біздің қазіргі тілімізде жеке сөздер құрамында ғана сақталған: тұрмыс, жазмыш, озмыш, болмыс, тарамыс тәрізді сөздер құрамындағы осы тұлға. -мыш тұлғасы өзінің бұрынғы мағынасында қазіргі оңтүстік-батыс тілдерінде ғана сақталған», - деп пікір білдіреді [3, 125]. М.Қашқаридің еңбегі арқылы сол дәуірде -ған мен -мыш тұлғаларының арасында белгілі бір дәрежеде айырмашылық болғаны байқалады.

М.Қашқари сөздігінде есімше түрі көп кездеседі. Өзбек ғалымы С.Муталлибов есімше формаларының алты түрін жіктеп көрсеткен:

«1. =ған, =кан, =ган, =кан: бу эр атіні озітган – он всегда опережал в скачках его коня;

2. =гу, =ку, =ағу, =агу: кэлгу – приходящий, тот который придет;

3. =р, =ур,=ур, =ар, =ар: білер – значащий;

4. =міш, =міш: барміш – пришедший;

5. =увчі, =дачі: тургувчі – тот, кто встанет;

6. =дуқ: болмадуқ нәңа севінмән – не радуйтесь тому, чего не нашли» [5, 46].

Ал орыс ғалымы А.М. Щербак көнетүркі және ортағасырлық ескерткіштерде кездесетін есімшелерге мына формаларды жатқызады: «дүк,-дік,-мыш,-міш,-ғма,-течы,-ір,-ур,-ар,-ажак,-ежек,-асы,-есі,-калак,-келек,-кур,-кыр,-ык,-ік,-ым,-ум,-как,-кек-,-қын,-кін,-қыш,-кіш,-мақ,-мек,-қан,-кен т.б» [6, 166].

М.Қашқари мұрасын тілдік тұрғыдан зерттеген ғалым Б.Шағырова еңбекте кездесетін есімшелердің мынадай формаларын көрсетеді:

«1. =ған, =ген, =қан, =кен: айытған – сұрайтұғын, йоғұрқан – қабылған, жөрмелген, иүгүрген – жүгірген;

2. =ғу, =гу, =ку, =ағу: йорығу – жүретін, иенігу – туатын, жеңілдейтін, тұтұрғу – тұтататын;

3. =р, =үр/=ур, =ер /=ар: пушмасар – зерікпеген, евмесер – саспаған;

4. =мыш/=міш: болмыш – болған, пітміш – біткен, қашмыш – қашқан;

5. =дачі/=тачы, =ғчы/=ғчі, =ғлы/=ғлі: бардашы – барушы, турдашы – тұрушы, күрғушы – құрушы, сувғаруғшы – суарушы;

6. =дуқ» [7, 17].

Байқап отырғанымыздай, көне түркілік ескерткіштерде де, ортағысырға тән ескерткіштерде де есімше формалары қазіргі тіл біліміндегі есімшелермен салыстырғанда анағұрлым көп. Дегенмен, -ғу, -ку, -ағу, -дачы, -тачы, -ғчы, -ғчі, -ғлы, -глі қосымшаларын М.Қашқари мәсдар етістіктер қатарына қосады. Сондықтан есімшілердің ең өнімді деген қосымшаларына «Сөздіктен» мысал ала отырып, кесте арқылы беруді жөн көрдік.

1-кесте. Ескерткіштегі есімшелердің берілуі

Есімшенің өнімді қосымшалары	Мысалдың транслитерациясы	Мысалдың аудармасы
-ған, -ген, -қан, -кен	«Ерді ашын татурған Иавлақ иағыг қатарған Бойнын тұтып қаздырған Басты өлүм ағарту	Ер еді асын татырған, Зұлым жауды қайтарған, Мойнын тұтып қайырған, Өлім басты аударып...» [2, 323].
-р, -үр, -ур, -ер, -ар	«Сенден қашар сұндылаш Менде тынар қарғылаш Татлыг өтер сандуваш, Еркек тіші ұшрашұр	Сенден қашар сұндылаш Менде тынар қарлығаш Бұлбұл сайрар тартымды, Еркек, әйел ұшырасар!» [4, 245].
-мыш, -міш	«Озақы білге анша аймыш	Өткен даналар солай айтқан» [1, 118].
-дуқ, -тук/-туқ	«Қадаш теміш қаймадұқ, Қадзын теміш қаймыш.	Қарындас десе қарамадық, Қайын десе қарадық» [1, 179].

«Сөздікті» зерттеу барысында байқағанымыздай, -ған/-ген формасы аса белсенді қолданылмаған. Дегенмен, кей тұста оның өткен шақтағы іс-әрекет қызметін байқауға

болады. Дәлел ретінде, бірінші кестеге үңілсек, бұл жұрнақ сол тұста, қимыл атауын, заттың сапалық сипатын да білдірген. Сондықтан -ған формасы зат есімге анықтауыштық мағынада жиі жұмсалады, ал себеп-салдарлық, субъект-объектілік мағынада жұмсалуы сирек. М.Қашқари оғыздар мен қыпшақтар бұл қосымшаның ғ,г,к дыбыстарын түсіріп айтатынын ескертеді. Ал есімшенің -р жұрнағы кей жағдайда осы шақтың, кей жағдайда келер шақтың қызметін атқарғанын аңғаруға болады. Бұл туралы М.Қашқари: «Бірінші жақтан barығman: барырман – барармын болады» деп көрсетеді де, оғыз және түрік қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталады [1, 76]. Сондай-ақ «Сөздікте» -ғай, -гей, -қай, -кей жұрнақтары келер шақ тұлғасында жұмсалған. Бұл тұлғалар қазіргі қазақ тілінде белсенді қолданыста болмаса да, әлі күнге дейін сақталған. Ескерткіш тілінде «Ol ja qurғaj: Ол иа құрғай – Ол садақ құрады; Ol sut sarқaj: Ол сүт сағқай – Ол сүт сауады» деген сияқты бірнеше мысалдарды көруге болады [1,78].

Есімше формалары – сын есімдерден кейін жиі заттанатын категориялардың бірі. Оның себебі, есімше формаларының өн бойында етістікке тән сипаттың барлығы ұшырасқанымен, түп тамыры етістіктен пайда болмаған деген пікірлерді де кездестіреміз. Оған дәлел – А.А.Потебняның «Не нужно себе представлять причастия непременно словом от глагольным: оно не происходит от глагола, а появляется вместе с ним» деген пікірі [8, 95]. Одан бөлек, П.М. Мелиоранский де өз зерттеулерінде есімшелерді жеке сөз табы ретінде қарастырғанын айта кету керек [9]. Сондықтан есімше формаларының заттық, сындық сипатта қолданылуы ертеден-ақ көрініс бере бастаған. Дәлел ретінде, көнетүркі жазба ескерткіштері Орхон-Енисей тас жазуларында қолданылған -мыс, -міш формасы арқылы тілімізде әлі күнге дейін *болмыс, қылмыс, тарамыс, жазмыш* сынды заттанған тілдік бірліктер кездеседі. Сондай-ақ, есімшелер адъективация құбылысына да етене жақын. Себебі тілдегі сын есімдердің көп бөлігі есімше формаларының сындық мәнді иеленіп, тілде тұрақталуынан пайда болған. Енді субстантивация және адъективация құбылыстарына қысқаша тоқталып кетейік.

Заттану немесе субстантивация – басқа сөз таптарының зат есімдер тобына ауысуын білдіретін құбылыс. Заттану конверсиялық процестің бір түріне жатады. Қазіргі қазақ тіл білімінде барлық сөз табы заттану құбылысына ұшырайды деуге болады. Себебі зат есімдердің тілдегі қызметі, лексикалық аясы өте кең болғандықтан, басқа да сөз таптары функционалды, семантикалық, коммуникативті аспектіде заттық мәнді иеленіп отырады. Сондықтан тілдегі заттану құбылысының зерттеу аясы – кең әрі күрделі мәселе.

Адъективация – басқа сөз таптарының сын есімдер тобына ауысуын білдіретін құбылыс. «Қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де сын есімнің өз алдына бөлек, дербес лексика-грамматикалық категория болып қалыптасуында адъективация процесінің атқарған рөлі орасан зор. Себебі негізгі өзегі болып саналатын «негізгі» не «байырғы» сын есім деп аталатын сөздердің барлығы да о баста басқа сөз таптарының ауысып, атрибутивтік мәнде қалыптасқан сөздер болып саналады» [10, 98]. Тілдік талдауларға сүйенсек, басқа сөз таптарының сын есімге айналуы ескі кезеңдерде басталған. Сол кезеңдерден бастап сын есімдер де адъективация құбылысының нәтижесінде басқа сөз таптарынан ауысып келген сөздермен толыққан.

Ғалым Б.Д. Шағырова «Сөздіктегі -ған формасы зат есімге анықтауыштық мағынада жиі жұмсалады, себеп-салдарлық, субъект-объектілік қызметте жұмсалуы сирек» дейді де «-мыш, -міш атрибуттық позицияда объектілік-субъектілік мағынадағы сөздерге анықтауыштық қызмет атқарады. Субстантивтік қызметте жиі жұмсалады» деп пікір білдіреді [7, 96]. Ал ғалым М. Томанов өз еңбегінде есімшелер мен көсемшелердің

етістік мәнді де, есім мәнді де қабылдайтынын айта келе, былай дейді: «Қимыл есімдерінің кейбір түрлері қолданылу процесінде субстантивтер мен адъективтерге айналып кетті, біразы вербализацияға ұшырады. Вербализацияға ұшырағандар біздің бүгінгі тілімізде есімше деп ұғынылатын топтар; -ғалы тәрізді бірен-саран тұлғалар ғана көсемшеге айналды. Ал субстантив пен турур (тұр етістігінің есімше тұлғасы) етістігінің тіркесі жаңа дәуірде осы процеске ұшыраса, жатыс жалғаулы қимыл есімдерінің вербализациясы біздің заманымызда қалыптасқан құбылыс: жеңудеміз, жетудеміз т.б.» [3, 65].

М.Қашқаридің сөздігінде заттанған есімше формалары сирек кездеседі. Дегенмен, сөздікте «Ол іккі тауар сатышған алышғанлар ол – Ол екеуі тауар алысып-сатысқандар ол». Бұл жерде алысып-сатысқандар етістіктері қосарланып, заттық мәнде жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Ескерткіш тілінде есімшенің -ған, -ген формалары XI ғасырда қимыл атауын білдірумен қатар заттық, сапалық сипатты білдіретін атрибуттық қызмет атқарған. Осы ерекшілікті байқаған ғалым М.Қашқари есімшені етістіктен бөлек беріп, «істелген істер аса көп, үзіліссіз болып жатқандығын білдіретін айрықша сөздер» деп атайды [1, 481].

Алдымен, есімшенің -ған формасы мен оның фонетикалық варианттарының заттануына қатысты «Сөздіктен» бірнеше мысал келтіруді жөн көрдік:

Ілтіп тарығ қодзмады
Сышған тақы сықырқан.
Кізлеп нелүк күтерсен
Емді аны қысырқан –

Қоймады тары тасынып,
Тышқан менен саршұнақ
Сақтарсың несін жасырып
Енді оны қызғанғын [1, 495].

Бұл мысалдан сышған, сықырқан секілді екі сөздің есімше формасы арқылы жасалып, заттық мәнге түбейгейлі ауысқанын байқаймыз. Сышқан сөзі қазіргі таңда тышқан деп қолданылса, сықырқан сөзі қазақ тілінде сақталмай, саршұнақ ретінде пайдаланылатынын көруге болады. Сондай-ақ, еңбектен «Тавұшқан өгүз – Табұшқан өзені. Үш шахарына ағатын бір өзеннің аты» деген өзен атауын, «Таркен» – Шаш шахарының атын кездестіруге болады [1, 496].. Заттану құбылысының аясы кең болғандықтан, тілдегі топонимдік, антропонимдік, эргонимдік т.б. атаулар мен түрлі деңгейдегі аталым жасауға белсене араласады. Ал қазіргі топырақ сөзі еңбекте «Топұрған» деп беріледі де, оған «шаңдақ, борпылдақ. Топұрған иер – борпылдақ жер» деген анықтама келтіреді [1, 496]. Ал келесі өлең жолдарында былай делінеді:

Құш иафұзы сағзыған,
Иығаш иафұзы азған,
Иер иафұзы қазған,
Бұдұн иафұзы барсған:

Құс жаманы – сауысқан,
Ағаш жаманы – азған,
Жер жаманы – қазған,
Ел жаманы – барсған [1, 497].

Бұл жерде де сауысқан, азған, қазған, барсған есімше формалы сөздерінің заттық мәнде жұмсалғанын көреміз. Бұл жерде автордың айтуынша, сауысқан – құс атауы болса, азған – ақ, сары гүлі бар, алқаға ұқсайтын, жағуға жарамсыз өсімдік атауы. Ал жердің нашары қазған – ойлы, қырлы батпақты жер болса, барсған – құлқы бұзық, жаман, қызғаншақ, сараң адамдар [1, 497]..

Сонымен қатар, заттанған тілдің аталымдарға сөздікте кездесетін құмған – құман, тұрқұн – тұрғын, шалқан – шалқан (жайылған жара), қал қан – қалқан, теркен – теркен (құлшылық етуші, қызмет етуші) сөздерін кездестіреміз. Одан бөлек, еңбекте:

Оғлұм өгүт алғыл біліксізлік кетер,
Талқан кімің болса, оған сірне қатар –

Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,
Кімнің талқаны болса, оған сірне қатар

деген жыр жолдары бар [1, 498].. Бұл жерден де талқан сөзінің заттық мәнде жұмсалғанын көреміз.

«Сөздікте» -мыш, -міш тұлғасының заттық мәнде де жұмсалғанын байқауға болады. Мәселен, «Тылын түгмішні тышын иазмас – Тілмен түйінген тіспен жазылмас» деген мысалдан «түгмішні» сөзінің заттанып тұрғанын байқаймыз. Бұл тұлғаның заттану құбылысына араласатынын басқа ғалымдар да сөз еткен. Бұл туралы М. Томанов: «Қазіргі тіліміздегі кейбір есімше тұлғаларының қызмет аясының өте кең болуы тілдің тарихи даму барысында болған осындай процеспен байланысып жатады» десе [3, 98], А.Есенқұлов «Орхон-енисей жазбаларында етістік жасайтын -мыс, -міс, -мыш, -міш жұрнақтары тарихы жағынан алғанда жалпы зат есімге тән жұрнақ. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде ол зат есім жасайтын жұрнақ ретінде осы күнге дейін сақталған көне жұрнақтардың қалдығы. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер (жазмыш, тұрмыш, тарамыс, болмыс т.б.) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде, негізінен бір мағынада қолданылады. Ескерткіштерде –мыш жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздер етістік және есімшенің өткен шағын жасайды» деген пікір білдіреді [11, 209-210].

Жоғарыда айтқанымыздай, есімшелер адъективация құбылысына да бейім. Ол туралы ғалым Ж. Сарбалаев «Есімше формаларының қимыл есімдері тәрізді жиі адъективациялануының тілдік себептері жоқ емес. Себебі есімше формалары қимыл есім тұлғаларынан тек жағынан да, синтаксистік қолданыс жағынан да тығыз ұштасып, өзара байланысып жатады» дейді [10, 169]. Есімшелердің бұл қасиетін XI ғасырдағы ескерткіш мәтіндерінен де анық байқауға болады. Мәселен, «Сөздікте» ған,ген есімше формаларының сындық мәнде жұмсалғанын мына мысалдар арқылы көруге болады: «Бұ ыт ол кішіге шапытған – Бұл кісіге шабатын ит ол». Бұл сөйлемде иттің сипаты есімше формасы арқылы берілген. Келесі сөйлемдерде де: «Оғұл мені евге қомытған ол – Маған үйді сағындыратын ұл ол», «Бұ кіші ол сөз батырған – бұл сөз жасыратын адам ол» деп берілген есімше формалары анықтауыштық мәнді иеленген [2, 65].

Қазіргі таңда есімше формасы деп танылмаса да, тарихи тұрғыдан бір кездегі есімше формалары адъективациялану арқылы сын есімдер қатарын толықтырғанын да айта кету керек. Мысалы, -қыр/-кір, -ашақ/-ешек, -аған/-еген, -қыш/-кіш қосымшалары арқылы жасалған сын есімдердің түп төркіні тарихи есімшелерден бастау алады. Осыған байланысты ғалым Ж.Сарбалаев есімшелердің адъективациялануын мерзім жағынан «тілдің көне дәуірінде адъективацияланған есімше формалары» және «тілдің әбден кемеліне келген, сөздердің қолданылу сферасы кеңейтіп, грамматикалық жүйесі берік

қалыптасқан кезде адъективацияланған есімше формалары» деп екіге бөліп қарастырады [10, 171]. Төмендегі кестеде М.Қашқаридің талданып отырған «Сөздігіндегі» адъективтенген есімшелердің бірер формасына мысал келтірдік.

2-кесте. Есімше тұлғаларының адъективтенген формалары

Есімше тұлғалары	Адъективтенген форма
-ған/-ген, -қан/-кен, -ұғ/-үг	*Үсытған құиаш қапсады,* *Ұмұншлұғ адзаш иаисады,* *Ертіш сувын кешседі,* *Бұдұн анын үркүшүр –* *Ысытатын аптап қапсырды,* *Үміт артқан адаш жауықты,* *Ертіс суын кешпекші,* *Содан халық сескенді* [2, 334].
-дуқ	*Қардұны ийнжү сақынмаң* *Тұзғұны манжұ сезінмең* *Бұлмадұқ неңге севінмең* *Білгелер аны иерер –* *Қабыршақты інжу санама,* *Тұз-дәмді ақы сезінбе.* *Болмаған жайға сүйінбе,* *Білгелер одан жерінер* (оны жаратпас) [1, 422].
-мыш/-міш	*Көңлүм ішін өртеді,* *Пітміш башыг қартады,* *Кешміш үдзүк іртеді,* *Түн күн кешүп іртелүр –* *Көңілім ішті өртеді,* *Тырнады бітken жараны,* *Өткен күнді (уақытты) іздеді,* *Күн-түн кешіп сұрады* [3, 341].

Бұл кестеден байқағанымыздай, есімшенің үш түрлі формасы сындық мәнде басқа есімше формаларына қарағанда жиірек қолданылған. Асты сызылған сындық мәндегі есімше формалары «Қандай?» деген сұраққа жауап береді де вербалдық мәнінен алшақтайды. Сондай-ақ есімшелердің -ағаn/-еген формасы да сындық мән білдіруге атсалысқан. Оған «Сөздіктегі» мына мысалдар дәлел болады: «Ол ебке бараған ол – ол үйге барғыш», «Ол кіші бізге келеген ол – ол кісі бізге келгіш» [3, 334]. Ғалым Ж.Сарбалаев өз еңбегінде белгілі түркологтардың пікірлерін негізге ала отырып, «Бұл тұлғаның қазақ тілінің кейбір оқулықтарында «етістіктен сын есім тудыратын» өнімсіз қосымша деп қарастырылуы, әншейін, шартты нәрсе. Ал негізінде бұл форманың адъективацияланған есімше тұлғасы ретінде қарастырылғаны мақұл» деген тоқтамға келеді [10, 170].

Есімшенің заттануға да, адъективтенуге де бейім тұратын формаларына -мыш, -міш тұлғасын жатқызамыз. Аталмыш тұлға екі жақты белгіге ие: предикаттық және

атрибуттық. Бұл жұрнақтың екі түрлі мәнде жұмсала алатынын М.Қашқари өз еңбегінде мысалдармен дәлелдеген. Мәселен, есімдердің алдында келсе, анықтауыш болатыны, ал өткен шақ мәнінде жұмсалса, баяндауыш қызметін атқаратынын мысалдар арқылы көруге болады. Мысалы, баяндауыш қызметінде «Озақы білге анша аймыш – Өткен даналар солай айтқан» деп өткен шақ мәнін білдірсе, «Пітміш башығ қартады (біткен жараны тырнады), кешміш үдзүк іртеді (өткен уақытты іздеді)» деген сөйлемде есім сөздің алдында келіп, анықтауыштық мәнде жұмсалған [3, 115]. Сондай-ақ еңбекте осындай анықтауыштық мәнде жұмсалған есімшелердің бірнеше мысалын кездестіруге болады:

Седзреміш олғұн қойақ (Піскен қонақ сиреді),
Сармамыш сүттен қайақ (Сүттен қаймақ сүзілді)»;
«Алм Қалмыш табар адзынның (Басқанікі – қалған мал)
Кірсе қара орұнқа (Кірсең қара орынға) [2, 267].

Бұл тұлғалардың заттануы мен сындануына қатысты ғалым Ж.Сарбалаев: «Қимыл есім тұлғаларын жасаған қосымшалардың тағы бір тобы субстантивация, прономинализация, абъективация процестеріне ұшырап, аталған сөз таптарында сөз жасағыш тұлғалар болып қалыптасты. Мысалы, қазақ тліндегі баспақ, ілмек, оймақ, батпақ, қақпақ, жалпақ, имек, құймақ тәрізді есім сөздердің құрамындағы –мақ тұлғасы адъективтенген немесе субстантивтенген қимыл есім тұлғасы болып табылады» деп пікір білдіреді [10, 156].

Көне және орта түркі жазба ескерткіштерін ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан қарастырған зерттеулерді, қазіргі қазақ тілі теориясын басшылыққа ала отырып қорытындыласақ, мақалада М.Қашқари еңбектеріндегі есімшелердің тұлғаларына қатысты жазылған ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, есімшелердің қандай формалары кездесетінін анықтадық. Сондай-ақ М.Қашқиридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі өнімді есімше формаларына жеке тоқталып, еңбектен нақты мысалдар келтірдік. Сонымен қатар, есімшелердің заттық және сындық сипатта жұмсалуын мақаламызда алғаш рет сөз еттік. Атап айтқанда, есімшенің -ған/ген, -мыш/-міш, -р/-үр/-ур/-ер/-ар, -дуқ, -тук/-туқ формаларының заттық мәнде жұмсалуын сөздіктен нақты мысалдар арқылы дәлелдедік. Есімшелердің -ған/ген, -мыш/-міш, -дуқ формалары арқылы адъективтенген тұлғаларына да мысал келтіре отырып, талдау жасадық. «Сөздіктегі» есімшелерді және оның заттанған, адъективтенген тұлғалары туралы қорыта келе айтарымыз, есімшенің заттануы мен сындану процесі ерте ғасырлардан басталған. Біздің мақаламыздың зерттеу нысаны болған «Түрік сөздігінде» бұл сөздер әбден кемеліне жетпесе де, контекстік сипатта көрініс тапқан. Сонымен қатар, сол заманда-ақ есімшелердің бірнеше формалық түрлері белсенді қолданыста болған және де XI ғасыр саңлағы М.Қашқари есімшелердің есім сөздерден бөлек екенін ажыратқан.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. 2-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 528 б.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы [Мәтін] / М. Томанов . – 2-бас. ., толықт.. – Алматы : Мектеп, 1988. – 264 б.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том /Аударған А.Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 600 б.

5. Муталлибов С. «Дивану лугат-ит-турк» М.Кашгарского (Перевод, комментарии, исследования) Автореф.дисс.канд., Ташкент, 1967, 75 с.
6. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов. М. -Л., 1962.
7. Шағырова Б.Д. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориясы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2004. – 143 б.
8. Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. - Харьков, 1888.
9. Мелиоранский И.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. 1984
10. Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсиялық тәсіл және адъективация. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 224 б.
11. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескертшкіштеріндегі қосымшалар.Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы, 1976. – 239 б.

Башҡорт халыҡ әкиәттәрендә батырҙар образының сағылышы

Буляков М.
Республика халыҡ ижады үҙәге
Өфө, Башҡортостан Республикаһы, РФ

Башҡорт халыҡ ижадының төп жанрҙарының береһе *әкиәт*. Уларҙың барлыҡҡа килеүе кешелек дәүеренең иң бороңғо осорҙарына ҡайтып ҡала. Шулай булһа ла, фәндә әле булһа әкиәттәрҙең аныҡ ҡына билдәләмәһе юҡ. Әкиәт тип, ғәҙәттә, уйҙырмаға нигеҙләнгән тылсымлы һәм мажаралы йөкмәткеле, йә булмаһа көнкүреш характерындағы хикәйәгә әйтәләр. Әкиәт – ул халыҡтың уй-хыялы, емеше. Фантастик уйҙырмаға ҡоролоу һәм тормошта булмағанды һөйләү – әкиәттәрҙең мөһим һыҙаты [6. 224 б.]. Башҡорт халыҡ әкиәтендә егеттәрҙең сос, ҡыйыу булыуы, атай-инәйен, тыуған ерен яратыуы, халҡы, теле, ере өсөн көрәшеүе, ир ҡорона инеү ваҡыты, уның көслө, тел оҫтаһы, аҡыллы һәм уҡымышлы сәсән булыуы, бала саҡтан уҡ йәтим ҡалып тормошта юғалып ҡалмауы, йолаларға тоғро булған, һәләтле, оҫта ҡуллы, һөйгән йәренең йәки ҡатынының яратҡан пары, ысын ир-егеттең образы итеп һүрәтләнә. Беҙ үҙебеҙҙең мәҡәләлә әкиәттәрҙә һүрәтләнгән батырҙар тураһында миҫалдарға таянып, йәш быуында төп геройҙарҙың образдары аша тәрбиәләү алымдарын асыҡланыҡ.

Әкиәт тормошо – хыял донъяһы. Ә ул халыҡтың көнкүрешендә ел еткермәҫ ҡуш ҡанатлы толпарына атланған баһадир, һелтәгән дә, йәшен йәшнәтмәле алмас ҡылысын болғап, өсәр башлы, алтышар, туғыҙар башлы аждаһалар, ғифрит дейеүҙәр менән алыша; билдән бөкрәйгән ҡортҡалар, таяҡҡа ҡалған аҡһаҡалдар, алтыныңа алыштырғыһыҙ аҡыл бирә; әҙәмсә һөйләшер йәнлектәр ҙә уларҙан ҡалышмай; тереһыу бөркһәң, үлгән уның илаһи ҡөҙрәтенән терелә [5. 17]. Хәҙер фән һәм техник үҫешендә, донъя йәменән бигрәк, көн итеү ғәменә нығраҡ бирелеп, иҫәп-хисап буйынса йәшәүгә күнегеп киткән кеше шуға ла әкиәтте ололар өсөн әһәмиәтен юғалтҡан, бары балаларҙың ғына эстетик зауығына хуш килә торған ижади күренеш тип белә. Ә борон әкиәт ауыр хеҙмәттән һуң күңел йыуатыу, ваҡыт үткәреү сараһы булған. Әкиәт аша тыңлаусыларға халыҡтың әхлаҡи, эстетик тәжрибәһе күндерелгән. Д. К. Зеленин, Н. Ф. Катанов, С. И. Руденко кеүек белгестәрҙең әйтеүенсә, XIX быуат аҙағында, XX быуат баштарында балыҡсылар, һунарсылар, көтөүселәр араһында кистәрҙе әкиәт менән оҙатыу ғәҙәти хәл булған. Бөйөк Ватан һуғышы осоронда бала сағын кисергән беҙҙең быуын өсөн кис һайын, эркелешеп, әкиәт

тыңларға йөрөү, әкиәт һөйләгән әбейҙәргә, ҡул-ҡамыт иткән булып, онотолоп китеп әкиәт донъяһына сумыу ғәҙәти хәл ине [5. 17 б.]. Ауылда бала-саҡ йылдарында үҫмерҙәрем менән йыйылышып, өйҙән-өйгә әбей-бабайҙар йәшәгән йорттарға инеп, ололарға булышып, эш бөткәс бергәләшеп сәй эсеп ултырған саҡта, шулай уҡ инәйемдең, ҡарт инәйемдең әкиәттәр һөйләүҙәре үҙе минең сабый күңелемдә юйылмаҫлыҡ бер хәтирә булып иҫтә ҡалған. Һаман да уларҙың һөйләүҙәре ҡолаҡ осонда һәм ошо әкитәттәге геройҙарға оҡшаш булып ауыл егеттәре менән хыялланып, уйнап йөрөгән саҡтар күҙ алдымда, тип иҫкә алды Башҡортостан Республикаһы Учалы районында фольклор экспедицияһында булған саҡта Кәрим ауылынан Сабит Бүләков. Ҡыҫҡаһы, борон әкиәтте бер ҙә юҡ–бар һөйләү, йә балаларҙың мауыҡтырыу сараһы тип кенә баһаламағандар. Был донъяның хыял түгелен, уның асылын аңлаған ололар шундай әкиәттә хуш күңел күрһәтмәгәс, табандары ерҙә, күргәндәре реаль ысынбарлыҡ булыуына ҡармаҫтан, хыял ҡанаттарын талпындырырға ғына торған бала-сағаға, йәш-елкенсәккә ни һан! Улар ғөмүмән әкиәтһеҙ йәшәй алмаған [5. 18 б.]. Халыҡ борон-борондан яҡты киләсәк хаҡында хыялланған, һәр төрлө яуыз көстәргә: аждаһаларға, дейеү-пәрейҙәргә ҡаршы торорлоҡ ир-егеттәргә, ҙур өмөт менән баҡҡан. Ана шул халыҡ тыуҙырған, милләтебеҙҙең егеттәрен илһөйәрлек рухында тәрбиәләү башҡорт халыҡ әкиәттәрендә герой-батырҙар образы аша яҡтыртыла ла инде.

Ир-егеттәргә арналған батырҙар тураһында әкиәттәр башҡорт халыҡ ижадында айырым урын алып тора. («Урал батыр» [2. 17 б.], «Алпамыша батыр» [2. 30 б.], «Йөргәк батыр» [2. 184 б.], «Юлбат» [2. 267 б.], «Етегән батыр» [2. 240 б.], «Тимерхан» [2. 198 б.] һ. б.) үҙенә башҡа бер серле донъяға алып керә: бында иҫ киткес ғәйрәтле батырҙар, кеше ашаусы аждаһалар, дейеү пәрейҙәре, яуыз батшалар менән көрәшәләр, уларҙы ҡырып, тураҡлап, һуңғы сиктә үҙҙәре батша булып ултыралар, илдә именлек, ғәҙеллек урынлаштыралар. Ошондай әкиәттәрҙе инәй-кәртнәйҙәрҙән, атай-олатайҙарҙан ишетеп үҫкән ир-азаматтар әкиәт геройҙары кеүек хыялланып, һоҡланып, мөғжизәгә, тылсымға ышанып, батыр булып үҫәләр. («Ҡырҡатар батыр» [2. 221 б], «Бер туған ике батыр» [5. 85 б.], «Урал иле» [4. 312 б.] һ. б.) әкиәттәр йәш быуынды илһөйәрлек рухында тәрбиәләү, тыуған яғыңды, телеңде яратыу, ырыуҙаштарыңды хөрмәт итеү, атай-әсәйеңә ғүмерлеккә бурыслы булыу, йолаларыңды һаҡлау, яҡындарыңды тиң күреп, ауылдаштарыңа иғтибар бүлеп, бөйөк башҡорт иленә хеҙмәт итеү идеологияһы ярылып ята.

Башҡорт халыҡ ижадында әкиәт батыры оло маҡсаттар өсөн тыуа. Уның тыумышы ла, бала сағы ла һис ғәҙәттәгесә түгел, - серле, мөғжизәле. «Мең башлы аждаһаны еңгән егет» [2. 149 б.] әкиәтендә батыр, мәҫәлән, *«Был бала тыуғанда уҡ сабатаһын кейеп, сәкмәнен нығытып бәйләп, өҫтөнә бар кейемен кейеп торҙо, ти ә икенсе көндө инде шар һуғырға сығып китте лә шунда уҡ берәү менән һуғышып керҙе, ти».* «Аҡъял батыр» [4. 6 б.] әкиәтенән, мәҫәлән, *«Бала көнләп түгел, сәғәтләп үҫкән. Күп тә үтмәй Аҡъял батыр тинһә тимер өҙөрлөк, тулҡындарҙа йөҙөрлөк ҡыйыу егет булып киткән, һунарға ла йөрөп, ҡош һәм йәнлектәр аулай башлаған»* - тип яҙылһа «Алтындуға батыр» [2. 249-267 б.] әкиәтенән ошондай миҫал килтерегә була: *«Алтындуға батыр бик шәп үҫкән. Ул бәләкәс сағынан уҡ бик көслө, бик сос булған. Хатта бала ғына сағында уҡ ололарға көсө етә ине, ти».* Йыл үҫәһен бер айҙа, хатта бер көндә үҫкән был батырҙар үҫмер сағында уҡ үҙенең иҫ киткес ғәйрәтле булыуын күрһәтә, мәҫәлән, *«Етегән айлап, йыллап түгел, ә сәғәтләп үҫә, ти. Ул үҙенең был тиҙ үҫеүе, матурлығы, көслөлөгө менән кешеләрҙе ғәжәпкә ҡалдыра. Көс яғынан Етегән менән бер кем дә тиңләшә алмай» (*«Етегән батыр» [2. 240-246 б.]).

Әкиәттәге геройҙарға донъя тар, уға үҙенә тиң батырҙар кәрәк. Улар бер ҡасан да майҙанда үҙҙәренән көсһөҙ егетте һайламаған, тик уннан да сослораҡ ир-егет менән көс һынашыр булғандар. Мәҫәлән *«Һунаҡ үҫеп еткәс, үҙенә иш таба алмайынса, көсөн һынау өсөн ситкә сығып киткән, ти»* [2. 40-42 б.], шулай уҡ икенсе миҫал, *«Ете туған һәр береһе бер атҡа атлана ла, сығып китәләр былар, - тип»* [2. 240-246]. Әкиәттәрҙә ир-егеттәрҙең яңы әҙләнеүҙәр, көтөлмәгән осрашыуҙар, башҡалар үтәй алмаған бөйөк эштәр көтә. Төп геройҙарҙың маҡсаты ерҙә дошмандар менән алышып, алпамыштай батырҙарҙы тар-мар итеп илдә тыныслыҡ, тәртип булдырыу. Ҡыҫҡаһы, башҡорт халыҡ әкиәттәрендә ир-егеттәрҙең, серле-мөғжизәле тыуыуы, уның ғәҙәттән тыш бала сағы, үҫмер ваҡыттары, илгә әфәт килтергән яуыз заттарға ҡаршы сығыуы, улар менән яңғыҙы йән аямай һуғышып, илдә тыныслыҡ, ғәҙеллек, һәм тигеҙлек урынлаштырыуы батырҙар тураһындағы әкиәттәрҙе билдәләүсе төп һыҙаттарҙан һанала.

Башҡорт халыҡ ижадында егеттәрҙе ысын батырҙар итеп тәрбиәләй торған әкиәттәр бихисап күп, мәҫәлән, «Әхмәт батыр менән Ҡасим батыр», «Алтаев», «Булат батыр», «Яңғыҙаҡ батыр» һ. б. . Әкиәттәр үҫеп килгән малайҙарҙы Илебеҙҙең ысын ҡыйыу улдары булып үҫер өсөн бала-сағаға һабаҡ булып тора. Уҡыусыға әкиәт батырҙары кешенең фантазияһына ҡарап күҙ алдына килеп баҫа. Миҫал итеп килтерелгән «Алпбатыр» әкиәтендә, герой тураһында шулай тип яҙыла: *«Егет бик килбәтле, үҙе бик мөхәббәт, ҙур кәүҙәле икән. Бармаҡтары беләктә, ти. Беләктәре бүрәнәләй, аяҡтары кәмәләй, яурыны яландай киң, кәүҙәһе имәндәй ныҡ, ти» [2. 29 б.]* Бында беҙ геройҙың, ҙур, көслө, дошмандарға билен бирмәҫ ир-азаматы, Урал тауҙарын һаҡларлыҡ бәһлеүәндә алпамыш ил һаҡсыһын күҙ алдына килтерәбеҙ. Батырҙарыбыҙҙың ҡыйыулығын, үҙ аҫаба ерендә, артҡа бер аҙым да сигенмәй, ныҡ баҫып тороуҙарын һәм дошмандарға ҡаршы көрәшкән геройҙарыбыҙ тураһында киләһе башҡорт әкиәттәрендә миҫал итеп килтерә алабыҙ : *1) «Бер батырға ҡаршы бер кем дә сыҡмай. Ҡуркалар. Алпамша батыр: - таҫтамалды биреҙеҙ, үҙем сығамын, -ти» [2. 32 б.]; 2) «Батырҙар соҡорҙан, тауҙан, елдән, һыуҙан ҡурҡмайҙар, батыр ҡаршыһында ҡурҡыныс бер нәмә лә юҡ, батыр үлемдән ҡурҡмаҫ булыр!» [2. 68 б.]; 3) «Дейеү пәрейҙәре ҡара болот шикелле эркелеп килә, ти бер заман. Умыс, быларҙы күргәс, үҙенең егермелəп һалдатын ала ла ... ., дейеү пәрейҙәренә ҡаршы китә» [1. 93 б.]; 4) «Быжырмәргән үгеҙҙе әйләндереп-тулғандырып йөрөтә-йөрөтә лә ун ете таяҡҡа күтәреп тә бәрә. Үгеҙ шунда уҡ аяғын һуҙа» [1. 124 б.]; 5) «Малай, атын һикертеп, күпер аҫтынан килеп сыға ла, дейеү менән алыша башлай. Батыр егет шунда дейеүҙең биш башын биш яҡҡа сабып төшөрә» [5. 85 б.] Миҫал итеп* һанап киткән әкиәттәрҙә көслө, ҡыйыу, үлемдән ҡурмаған батыр егеттәр күҙ алдына килеп баҫа. Был геройҙарҙа ғаилә тәрбиәһенең дә, бергәләп уйнап үҫкән замандаштарының ыңғай йоғонтоһо ҙур роль уйнағаны беҙгә аныҡ.

Халыҡ әкиәттәрендә батырҙарҙың һуғыш ҡоралдары менән дә яуға һәм һунарға барыуы, толпар атҡа ултырып йәйләүҙән алыҫ ерҙәргә сабып китеүе тураһында бик күп миҫалдар килетерергә була, шуларҙың бер-нисәһе: *«Атаһы Быжырмәргәнгә уҡ юнып биргән, малай шул уғы менән ҡош атып йөрөгән. Быжырмәргәндең уҡсы булып даны киткән, ти» [1. 122 б.], «...өсөһөнә лә уҡ менән ян яһап бирәм, һауаға сорғотһондар» [1. 125 б.], «Болан тиреһенән тегелгән тунын кейеп, бер батман уғын йөкмәп, осоп төшөп торған йөндө лә ҡырҡа алған үткер йылтыр ҡылысын тағып, донъя күргә тип, сығып та киткән» [2. 61 б.], «Ҡамыр батыр ата-әсәһе, туғаны менән хушлашҡан да, теге суҡмарын, ҡылысын тағып, атҡа атланып сығып киткән» [2. 109 б.] һ. б.*

Әкиәттәрҙә батыр егеттәр көс менән генә түгел тел оҫталығы менән дә айырылғандар, мәҫәлән, *«Ерәнсә бик үткер телле сәсән. Аҡыллы батыр булған» [3. 38 б.], «Элгәре Ерәнсе сәсән тигән кеше йәшәгән. Ул бик яуапкәр, шул хәтлем сумарт, булған» [3. 40].* Зирәктәр, аҡыл эйәләре, аҡыллы кәңәштәр тураһында әкиәттәр рәтендә төп герой сифаттарында Ерәнсә сәсән сығыш яһаған тотош бер әкиәттәр циклы бар [3. 20 б.] Сәсән батырҙар тураһында әкиәттәр, ир-егеттәрбеҙҙең борон-борондан үткер һүҙле, аҡыллы, кешегә әйткән һүҙен үлсәп әйтеүсе, уҡымышлы икәнен иҫбатлай. Миҫал итеп киләһе әкиәттәрҙән үрнәк килтерәйек: *«Көрәшһәм, көсөм әрәм, атһам мылтығымдың яһауы әрәм» [1. 195 б.]; «Батшаға мин кәрәк икән, батша үҙе килһен» [1 б. 150 б.];»Эй, бай, хәҙер икебеҙ ҙә һыуға сумайыҡ. Кемдә кем һыу аҫтында оҙағраҡ тора ала, алтын шуға булыр» [3. 323 б.] һ. б.*

Егеттең уңғанлығы, тырышлығы, еренә еткереп эшләүе атайҙың тәрбиәһенән килә, мәҫәлән, *«Сәфәр шул тиклем умған егет булып сыға, ауылдағы ҡыҙҙар Сәфәрҙе телдән төшөрмәй маҡтайҙар» [1. 144 б.], «Егеттең ал да гөл булып тороуы тураһында хәбәр ауылдан ауылға, илдән илгә таралып, батшаға һаман да йән тыныслығы бирмәй» [1. 189-190 б.], «Ниндәй генә эш булһа ла, малай бик тиҙ, бик һәйбәт эшләй» [2. 31].* Башҡорттарҙың борон-борондан, ырыу-ырыу менән ер эшен эшләү, мал-тыуарҙы ҡарау, ғаиләлә үҫкән малайҙарҙы бала-саҡтан уҡ, атайҙың эшкә һөйөү тәрбиәләп үҫтереүе менән бәйле. Егеттәрҙең атай-инәйҙәре эште яратып үҫтереү менән бер рәттә уның һәләтле батыр булып тәрбиәләнеүенә әкиәттәрҙә асыҡ сағыла. *«Уның тауышы яғымлы, ғалимлығы шул тиклем көслө булған. Төрлө уйын ҡоралдарында көй уйнап ебәрһә, ҡарттар тағы ла илағандар. Ҡурай уйнаһа ла илағандар. Уның һөнәре – оҫталығы шул тиклем ҙур булған» [2. 50-51 б.], «Малай киндерҙән оҙон итеп сыбыртҡыны ишкән дә, икенсе көн иртә менән урманға сығып киткән» [4. 28 б.], «Яннһары күп итеп тоҙаҡ яһай ҙа яланға сығып китә» [1. 185 б.], «Яңғыҙаҡ бик тырыш булып сыҡҡан, бик ҙур ғалим булып киткән» [2. 50 б.], «Үтәғол егет булып етә. Ул кесе йәштән алып, атаһы менән һунарға йөрөп, оҫта һунарсы булып үҫә» [5. 98 б.] һ. б.*

Ҡайбер халыҡ әкиәттәрендә геройҙарҙың бала саҡтан уҡ йәтим тороп ҡалыуҙары ла һүрәтләнә. Мәҫәлән, *«Ишслотан әбей бабайҙың үлеү ҡайғыһынан аяҡҡа баҫа алмай, Умысға ни бары өс йәш тигәндә үлеп китә» [1. 89 б.], «Аҡъял батыр ун алты, ун ете йәшкә еткәндә, бының ата-әсәһе үлеп киткән» [2. 61 б.], «Малай өйҙән өйгә йөрөп тамағын туйҙырған» [1. 179 б.], «Яннһары ун дүрт йәшенә етеп, ҡул араһына керә башлаған саҡта ғына икеһе бер төптән үлгән дә киткәндәр» [1. 185 б.] һ. б.* Миҫал итеп килтергән әкиәттәрҙә, батыр булып киткән ир-егеттәрҙең тормошта йәшәү өсөн көрәшеүе, кеше араһында уларҙың юғалып ҡалмауы, атай-инәйһеҙ булыуға ҡарамаҫтан сабый саҡтан уҡ батыр йөрәкле булып үҫеүе үҙе егеттәрҙең көслө сифатына эйә. Бергә уйнап үҫкән малайҙар янында ыңғай герой булараҡ формалаша.

Мөхәббәт хистәре һәм ғаилә конституцияһы тураһында әкиәттәрҙә егеттәрҙең һылыу ҡыҙҙарға ғашиҡ булыуы *«Егет ҡыҙҙың кейемдәрен бирә, балдаҡты кейҙерә лә ни өсөн килгәнен һөйләп бирә» [1. 107 б.], «Барын һылыу, Барын һылыу, йөрәгемде алһын һылыу» [2. 30 б.] һ. б.* Шулай уҡ ҡыҙҙарҙың батырҙарға күҙҙәре төшөүе *Мәҫәлән, «Атамандың еткән ҡыҙы Сәйфелмөлөккә ғашиҡ була» [1. 108 б.], «һине һағыныуҙан һарғайып үлермен инде. . » [1. 181 б.], «Красата көндән-көн һарғая. Кибә, бахырҡайым, шул егет тип үлә инде, - тип ҡайғыралар» [1. 183 б «Батшаның кесе ҡыҙы бик ныҡ ғашиҡ була ла ҡуя икән. Бер-ике көн эсендә һарғайып, кибеп бөтә был» [2. 51 б.], «Урал тауҙар борма-борма, бормалары һайын айырма. Бөтә батырҙарҙан көслө булған һөйгән*

батырымдан айырма» [2. 78 б.] әкиәттәрҙә бик йыш осрай. Бер-береңде яратыу хис тойғоһоноң көсө геройҙарҙың эш ҡылыҡтарын, тыуған ҡаршылыҡтарҙы үтеүҙәрен күрһәтеү аша бирелә. Мөхәббәт өсөн батырҙар утҡа ташлана, дейеүҙәргә, батшаларға ҡаршы яуға сыға, азатлыҡ өсөн көрәшә, бәхетле ғаилә ҡорор өсөн ҡан ҡоя, һөйгән йәрен эҙләп таба, балалар үҫтерә. *«Егет ҡыҙҙы алып ҡайтып..., донъя көтә башлағандар, ти « [1. 131 б.], «Һонтай егеттең һылыу ҡатын алып, бик яҡшы тороп ятыуы хаҡында хәбәр хатта батшаға барып етә» [1. 188].* Мөхәббәт әкиәттә лә реаль тормошта ла оло көскә эйә. Ғаилә ишле булғанда ғына, инәй-атайының тәрбиәһен алып үҫкән саҡта ғына балаларҙың алдағы тормошоноң ҡарашы ныҡлы, терәкле һәм бәхетле буласаҡ тип әйтергә була.

Туғанлыҡ темаһы ла халыҡ әкиәттәрендә ҙур роль уйнай. Батырҙың тыуған яғын, ғаиләһен һағыныу, бер туған ағайын эҙләп китеү, туғаны өсөн йәнен бирергә әҙер булыуы сюжеттары осрай. *«Улай булғас, ағайымды эҙләп китәм» [2. 41 б.], «Минең атам менән әсәм бар бит, шуларҙы ныҡ һағындым, өйгә ҡайтып килергә ине» [2. 46 б.], «Ағайымды күрмәйенсә китмәйем» [2. 100 б.], «Был батыр, башына ҡараһам да, төҫөнә ҡараһам да, миңә оҡшай... Бына ағайың мин булам!» [5. 76 б.], «... Атаһына яңы кейемдәр кейҙереп, өс көн, өс төн ҡунаҡ иткән. Һуңынан атаһы менән әсәһен үҙенә йәшәргә алған» [1. 166 б.], «Өс ағай-эне һынау арҡаһында, дөйәләрен табып алып, әле булһа ла береһе икенсеһе йөплән, кәңәш төңәш итеп, татыу ғүмер һөрәләр, ти» [3. 102 б.] h. б.* Шулай уҡ ир-егеттәргә бәйле әкиәттәрҙә башҡорт халҡының йолалары, ғөрөф-ғәҙәттәре лә сағыла, мәҫәлән, *« Был уҡ –һаҙаҡ менән балта миңә олтайыңдан ҡалған. Уларҙы мин һиңә тапшырам» [2. 29 б.], «Әгәр мин һораған ҡалымға риза булһаң, ҡыҙымды һиңә бирәм» [2. 43 б.], «Мәжлестә батырҙар дыу килеп көрәшәләр, ти» [2. 46-47 б.], «Бер көндө был батша йыйын йыя. Бик күп батыр көрәшселәр тирә яҡтан килеп тулалар» [2. 48 б.], «Минең иптәштәрем бар. Иптәштәр ҡайтҡас, бергәләшеп ашарбыҙ» [2. 64 б.], «Беҙҙә ҡунаҡтар һорап ашамайҙар, һалып биргәнде көтәләр» [2. 67 б.] h. б.* Әкиәт батырҙары көс, аҡыл, батырлыҡ, матурлыҡ менән генә түгел моңло йырлауы һәм милли музыка ҡоралында уйнай белеүҙәре менән дә айырылып тора. *«Яр башына ултырып, һағышлы ғына көй һыҙғырып, күлдең матурлығына һоҡланып ултырғанда» [1. 153 б.], « Ҡурай моңонан ләззәт табып ҡайғыһын баҫҡан, ти» [3. 77 б.], «Егеттең шатлығы эсенә һыймаған. Шунда ул тау итәгенә ултырған да ҡурайҙы уйнап ебәргән» [3. 109 б.] h. б.*

Шундай ҙур ҡаһарманлығы менән әкиәт батырҙары эпос геройҙарын хәтерләтәләр. Ысынлап та Аҡъял батыр, Ҡамыр батыр, Оморҙаҡ батыр, Ҡараса батыр һәм башҡа әкиәт батырҙары - береһе лә үҙенең физик көсө-ғәйрәте, рухи сафлығы, алдына алған маҡсатына ирешеүе юлында ныҡышмалылығы менән һис тә ҡобайырҙағы Урал батырҙан йәки Һәүбән батырҙан ҡатыш түгел [2. 5 б.] Әкиәт батырҙары ғәҙәттә һыуһыҙ интеккән батшалыҡты (ҡала йәки ауыл халҡын) аждаһа, дейеү, иргәйел ҡоллоғонан ҡотҡаралар, дошман яуын тар-мар итәләр, яуыз батшаның (хандың) хәтәр йомоштарын үтәйҙәр, юғалған, урланған ҡатын-ҡыҙҙарҙы, мал-тыуарҙарҙы, тормош өсөн бик кәрәк булған нәмәне (мәҫәлән дарыу, эш, бәхет, үҙенә тиң батыр, яраҡлы ат) юллап табалар. Әммә әкиәт батыры ниндәй маҡсат менән ата йортонан сығып китмәһен, - ахыр сиктә әкиәт батырының үҙенә тейешле ҡыҙҙы табыуы, бәхетле ғаилә ҡороуы менән бер төрлә (традицион) тамамлана [2. 5-6 б.]

Ысынбарлыҡ менән әкиәт араһы – ер менән күк араһы. Әммә был арауыҡ бушлыҡ түгел. Батырҙар әкиәтен ысынбарлыҡ менән халыҡтың яҡты идеалдары, бәхетле тормош тураһындағы хыялдары, өмөттәре тоташтыра. Күк көмбәҙендә йондоҙҙар Ҡояш яҡтыһына

нурланған төçлө, әкиәт батырҙары Ерҙә йәшәгән халыҡтың быуындан быуынға ҙурая килгән эстетик идеалынан яҡтылыҡ алып, хыял күгендә балҡыйҙар [2. 16 б.]

Ир-егеттәрҙе башҡорт халыҡ әкиәттәре аша тәрбиәләү – халҡыбыҙҙың киләсәгенә ҙур өмөттәр бағлау. Сөнки башҡорт әкиәттәрендә беҙ егеттәребеҙҙе ысын батырҙар итеп, илһөйәрлек тойғоһон үçтереп, геройҙарҙың ҡылған изге эштәре һәм ҡаһарманлыҡтары аша йәш быуынды халҡыбыҙға хеҙмәт итеү һәм бөйөк Урал батыр вариҫтары юлын дауам итеүсе итеп тәрбиәләйбеҙ.

Шулай итеп, башҡорт халыҡ әкиәттәрендә, геройҙар аша, ысын ир-егеттең образын күҙ алдына килтерәбеҙ: ҡыйыу, уңған, изге эштәр ҡылыусы, халҡы һәм азатлыҡ, теле һәм ере өсөн көрәшеүсе, йолаларын һаҡлап быуындан-быуынға тапшырып килеүсе.

Халыҡ ижадының бөтә жанрҙарында ла батырҙарҙы тәрбиәләү юлдары бихисап күп. Ғаиләләрҙә, уҡыу һәм тәрбиә системаһында башҡорт халыҡ әкиәттәре аша тәрбиәләү, кластан тыш сараларҙа халыҡ ижады элементтарын ҡулланыу һәм ошо алымдар менән саралар үткәреү – ысын батырҙарҙы, йәш быуынды халҡына хеҙмәт итерлек шәхес итеп үçтереү. Йәш быуынды рухлы әкиәттәр аша тәрбиәләү беҙҙең төп бурыс.

Әҙәбиәт:

1. Башҡорт халыҡ әкиәттәре. Өфө: Башҡортостан китап нәшриәте, 1984 й. - 224 б.
2. Йәшәгән ти батырҙар. Башҡорт халыҡ әкиәттәре. - Өфө: Башҡортостан китап нәшриәте, 1990. -539 б.
3. Башҡорт халыҡ ижады. Әкиәттәр. Дүртенсе китап. Өфө. Башҡортостан китап нәшриәте, 1981. - 400 б.
4. Әкиәттәр: 3-4 синыфтарҙа кластан тыш уҡыу өсөн. Төҙ. Т. Х. Аслаев, С. В. Атнағолова. – Өфө: Башҡортостан «Китап» нәшриәте, 1996. - һүрәттәре менән 320 б.
5. Сөләймәнов Ә. М. Башҡорт балаларының ҡарһүҙе (әкиәттәр). – Өфө, Китап, 2008. 244 б.
6. Галин Салауат. Башҡорт халҡының ауыҙ-тел ижады – Өфө, Китап, 2004. - 392 б.
7. Башкирский народный эпос. Всутп. Статья А. С. Мирбадлаевой. М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1977. 519 с. С ил. («Эпос народов СССР»).
8. Урал-батыр (эпос) / Записан М. Бурангуловым от Г. Аргынбаева и Х. Альмухаметова в 1910 году. – Уфа, 2014. – 196 с.

Қазақ әдеби тілінің тарихы және түркітану мәселелері

Тажиметова Н.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, «№3 Хамза атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдеби тілінің тарихын көптеген зерттеушілер XV ғасырдан бері қарай басталады десе Р. Сыздықова, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Ғ. Айдаров, С. Исаев, Ә. Н. Нұрмаханова, Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбаев сынды біраз ғалымдар түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеттің тарихы Орхон-Енисей жазбаларынан да көне, өте ерте дәуірлерде бастау алғанын айтады. Түркі тілдерін зерттеу орта ғасырда Еуропада қолға алынса, одан

да ерте кезеңдерде көне қытай жазбаларында түркі тілі мен мәдениеті жайлы деректер кездескені қазір шығыстанушылар тарапынан жиі айтылып жүр. Еуропа түркітану ғылымында түркі тілдері мен Еуразия халықтары жайлы алғаш ғылыми еңбек жазған швед офицері Филлипп-Иоганн-Табберг Страленберг болатын. Ол 1709 жылы Полтава түбіндегі орыс-швед соғысында қолға түсіп, Тобыл өлкесінде 12 жыл айдауда жүреді. Осы кезде ол ең алғаш рет Енисей бойынан рун қарпімен тасқа қашап жазылған жазуларды көріп, финн-угор тілдері мен түркі тілдері арасында генеологиялық туыстық жайлы сөз қозғайды. Түркітануға деген зор қызығушылығы 1730 жылы «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі» («Das Nord – und Ustliche Theil von Europa und Asia») және Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» еңбектерін жазуға түрткі болады. Осы зерттеулердің себебінен түркітану ғылымында «Орал-Алтай теориясы» деген ғылыми тұжырымдама саласы құрылды.

Руна жазуынан кейінгі әдеби жанрлар мен фольклор туындылары көбінесе араб-парсы тілдерінде жазылған. Сол замандардағы «араб – ғылымның, парсы – әдебиеттің тілі» деген тәмсіл, талай мәрте дәлелденді де. Ислам діні әлемге жайылған алғашқы ғасырларда, ғалымдар араб тілінде сан мыңдаған діни және ғылыми еңбектер жазды. Қазақ даласынан шыққан жүздеген Фарабилер мен Исфиджабилердің құнды еңбектері араб тілінде жазылды. Уақыт өте келе тарих сахнасына Низами Гәнжәуи, Әмір Хұсрау Деһлеуи секілді шайырлардың парсы тіліндегі көркем шығармалары шыға бастады. Түркі елдері исламды қабылдаған әуелгі ғасырларда араб-парсы тілдерінде жазғанымен, Х-шы ғасырдың екінші жартысынан бастап Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Иассауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды түркі ақын-жазушылары өз туындыларын түркі тілінде жазды. Олар түркі тілінің араб-парсы тілдерінің тасасында қалып, бұл тілде ешқандай кітап жазылмағандығына налып, алғашқылардың бірі болып түркі тілінде ескерткіш еңбектер жазғандықтарын оқырмандарға ескертіп отырған. Қожа Ахмет Иассауидің: «Қостамайды ғалымдар, біз сөйлейтін түркіні. . » - деп жырлауы да осы пікірді дәлелдей түседі. /9, 253-б/

Түркі тілі одан әрі қараһандықтар тұсында оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдері элементтерін өзіне мол сіңіргенін Бұрхануддин Рабғұзидің «Пайғамбарлар тарихы», Махмұт Кердеридің «Жұмақтардың ашық жолы», Исламның «Мүритке көмекші» атты еңбектерінен көре аламыз. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап қарлұқ сөздері ығысып, оғыз, қыпшақ диалектілері белсенді қолданысқа түсе бастайды. Осы жылдары Алтын Орда орталығы Сарай қаласы мен мәмлүккыпшақтар билік құрған Каир қаласында кеңсе құжаттарынан бастап, көркем туындылардың бәрінде қыпшақ диалектісі қолданды. Қыпшақ-оғыз диалектісінде жазылған әдеби жәдігерлер ретінде бүгін Харезмидің «Махаббатнамасы» мен Сәйф Сараидың «Гүлістан бит-түркиін» көрсете аламыз. Ал XV ғасырда «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» («Екі тіл туралы пікір») дейтін еңбек жазып, түркі тілінің парсы, араб тілдерінен еш кем түспейтіндігіне ғылыми тұжырым жасаған Әлішер Науаи (1441-1501 жж.), түркі тілінде жазатын шайырлар қатарының көбеюіне зор ықпал етті.

IX-X ғасырларда оғыз, қыпшақ, қарлұқ диалектілері негізінде қалыптасқан әдеби түркі тілі, дами келе ғылым тіліне айналды. Түркі тілінің әдебиет пен ғылымда қатар қолданылуы, Орта Азияда (Хорасан, Мәуреннахр, Дешті-Қыпшақ) араб, парсы тілдерінің қолданыс аясын тарылтып, біртіндеп ығыстырып шығарды. Ортағасырларда түркі елдері екі түрлі жазба тілде хат алысты. Біріншісі – Мәурәннәһір және Дешті-Қыпшақ даласында

кеңінен қолданылған «Шағатай» (түркі әдеби тілі) болса, екіншісі – Кіші Азияда Осман империясының билікке келуімен пайда болған «Османлы» ресми тілі.

Екі тілді де қолданушылар бір-бірлерін тәржімасыз түсініп, аудармашысыз сөйлесе алды. «Шағатай тілі» – XV ғасырдың ортасынан XX ғасырдың басына дейін Орта Азия халықтары қолданған әдеби түркі тілі.

Шағатай тілін XIX ғасырдың II жартысынан бастап А. Н. Кононов, Ф. Э. Корш, А. Н. Смайлович, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, Н. И. Ильминский, К. Брокельман сынды ресей ғалымдары зерттей бастады. Ал Кеңестік идеологияны қатаң ұстанған Г. Ф. Благова бастаған кей ғалымдар, XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап «Шағатай тілі – ескі өзбек тілі» деген пікірді жиі жариялап отырған. Пантюркистік (түркішілдік) бағыттағы түркі тілдес халықтардың бас көтеруінен қорыққан түркітанушы офицерлер, түркі ұлысына ортақ шағатай тілін осылайша өзбек елінің қанжығасына байлай салған. Әрі түркі халықтарының жетістіктерін жоққа шығара отырып, тарихи жадыдан біржола айыруды көздеген коммунистік режимнің жымысқы саясаты болды. Мұстафа Шоқайдың «Түркістан автономиясы», Абдурауф Фитраттың «Шағатай гурунгы» секілді түркішілдік идеяға бағытталған ұстанымдары, күллі түркі дүниесін оятып жібереді деп қорықты. Басы осылай басталған қорқыныш, бірте-бірте кеңестік шовинизмге ұласып, 1950 жылдардың соңына қарай қазақ мектептерінің түгел жабылуына ұласты. Автобуста бір-бірімен қазақша сөйлескен ана мен бала шовинистерден таяқ жеп, алаш зиялыларының есімдері ас үйде сыбырлап қана айтылды. Батырлар мен байлар дәріптелген фольклор туындыларын ауызша орындауға тиым салынып, бұрын жарық көрген тарихи кітаптар түгел дерлік тәркіленіп, туралды. Жыр-дастандардағы елдің байлығын, бірлігін, жомарттығын, даналығын дәріптейтін тұстары өзгертіліп, тарихи кейіпкерлер көркем әдеби кейіпкерлерге айналып шыға келді.

Десес де, М. Әуезов Абай есімін ақтап алу арқылы, оның шығармаларының тілі мен мазмұнын, ары қарай көне түркі жазба әдебиетінің негізін салған ақын-жазушылардың шығармаларын зерттеуге рұқсат алады. Бұл жолды Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов сынды ғалымдар жалғастырады. Аталмыш ғалымдар өз ғылыми зерттеулерінде тікелей болмаса да жанама түрінде «шағатай тілі», «көнеқыпшақ тілі» жайлы мәліметтер келтіріп, қазақ тілінің көне қыпшақ тілінің жалғыз мұрагері екендігін дәлелдей алды. Н. Сауранбаевтың 1954 жылы Кембридж қаласында өткен шығыстанушылардың халықаралық конгресінде «Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері» деген баяндама жасауы, С. Аманжоловтың 1959 жылы жарық көрген «Тіл тарихы мен диалектология мәселелері» атты еңбегі – қазақ тілінің тарихы бойынша жазылған құнды зерттеу болды. Одан әрі І. Кеңесбаев пен М. Балақаев жазған қазақ әдеби тілінің тарихына арналған еңбектері, Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев сынды ғалымдардың әдебиет тарихына тереңірек қалам сілтеуіне мұрындық болды.

Кейінгі буын Ә. Нұрмағанбетов, Ғ. Қалиев, Т. Айдаровтар лексикалық материалдарды түрлі топтарға бөліп, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне тоқталса, Ғ. Айдаров, А. Махмұдов, Б. Бафин, С. Исаев, Т. Арынов, А. Есенғұлов, Қ. Өмірәлиев, Ә. Ибатов, Ә. Құрышжанов, Т. Қордабаев, Е. Жұбанов сынды ғалымдар әдеби тіл тарихын түрлі бағыттарда зерттеді. Аталмыш ғалымдар қазақ ақын-жырауларының шығармаларындағы көркем-бейнелеуіш құралдардан бастап, поэтикалық амал-тәсілдерін, поэзияға әкелген жаңалықтары мен өзгешеліктерін, мазмұндық теориясын талдады. Әдебиеттегі «түркітану» мәселелері әлі де жас ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліп,

тілімізге жаппай еніп жатқан заманауи жаңа сөздерге тосқауыл болар түркі сөздерін қайта жаңғырту, тілдік қолданысқа қайта қосу – жастар алдында тұрған ұлы міндет.

Тілдерді синхронды/диахронды зерттеу және тарихи лексикология

Берекебайқызы Г.
В. Г Белинский атындағы орта мектеп,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Тіл білімі екі үлкен бағыт бойынша дамиды: синхронды және диахронды зерттеу. Тілдің синхронды күйін зерттеу – қазіргі тілдік жүйенің қалпын, оның грамматикасы мен лексикалық қорын сипаттауға бағытталған. Диахронды зерттеу болса, тілдің тарихи эволюциясын, уақыт өте қалай өзгергенін талдайды. Әсіресе тарихи лексикология – тілдің сөздік құрамының тарихи өзгерісін қарастыратын маңызды сала.

Синхронды лингвистика – тілдің белгілі бір уақыт кезеңіндегі статикалық күйін зерттейді. Синхронды зерттеу тілдің құрылымы мен ережелерін талдай отырып, оның фонетикасын, грамматикасын және лексикасын толыққанды түсінуге көмектеседі. Бұл зерттеудің маңызды ерекшелігі – тарихи аспектілерді елемей, тілдің қазіргі жағдайын басым түрде қарастыруы.

Синхронды зерттеудің негізгі бағыттары:

1. Фонология және фонетика: Белгілі бір тілдің қазіргі дыбыстық жүйесін зерттеу. Мысалы, қазақ тіліндегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың рөлі
2. Грамматика: Қазіргі тілдегі грамматикалық құрылымдар мен олардың қолданылу заңдылықтары
3. Лексика және семантика: Тілдегі сөздік қорды зерттеу, оның мағыналық ерекшеліктерін анықтау. Мысалы, қазақ тіліндегі «адам», «жол», «сөз» деген сөздердің қазіргі мағыналарын зерттеу және оларды қолданудың грамматикалық заңдылықтарын анықтау – синхронды зерттеудің бір бөлігі болып табылады.

Диахронды зерттеу тілдің тарихи өзгерістерін зерттеуге бағытталған. Тілдің дамуы, тарихи эволюциясы түрлі әлеуметтік, мәдени және географиялық факторларға байланысты. Диахронды зерттеу арқылы ғалымдар белгілі бір тілдік құбылыстың қайдан шыққанын, қалай өзгергенін анықтайды.

Диахронды зерттеудің негізгі бағыттары:

1. Этимология: сөздердің шығу тарихын зерттеу. Мысалы, қазақ тіліндегі «бұйда» сөзінің көне түркі тілінен бастау алуы
2. Тілдің грамматикалық өзгерістері: Уақыт өте келе тілде грамматикалық құрылымдардың өзгеруі. Мысалы, қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясының өзгеруі
3. Лексикалық өзгерістер: Тілдің лексикалық құрамына жаңа сөздердің қосылуы немесе ескірген сөздердің шығып қалуы.

Мысал ретінде, көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне дейінгі өзгерістерді қарастырайық. «Таң» сөзі көне түркі тілінде «күннің шығуы» мағынасында қолданылған болса, қазіргі қазақ тілінде де сол мағына сақталған, бірақ уақыт өте кейбір басқа мағыналары да дамыған. Тарихи лексикология: тілдің сөздік құрамының эволюциясы Тарихи лексикология тілдің лексикалық қорын диахронды тұрғыдан зерттейді. Ол тілдің тарихи кезеңдеріндегі сөздердің қолданылу өзгерістерін, мағыналық ауысуларын, басқа тілдерден енген кірме сөздерді зерттейді.

Тарихи лексикологияның басты міндеттері:

1. Сөздердің этимологиялық шығу тегін анықтау: Мысалы, қазақ тіліндегі «кітап» сөзі араб тілінен енген.

2. Кірме сөздер және олардың бейімделуі: Қазақ тіліне парсы, араб, орыс тілдерінен кірген сөздердің фонетикалық және грамматикалық бейімделуі.

3. Мағыналық өзгерістерді қадағалау: Сөздердің бастапқы мағынасынан өзгеріп, жаңа мағыналық реңктер алу процесін зерттеу. Мысалы, «қол» сөзінің алғашқы мағынасы адам денесінің мүшесі ретінде қолданылса, қазір ол «жәрдем», «көмек» деген мағыналарға да ие.

Қазіргі қазақ тілінде көптеген сөздер тарихи тұрғыдан өзгерістерге ұшырады. Мысалы, «жолдас» сөзі бастапқыда «серік» деген мағынада қолданылса, қазіргі заманда ол «дос» мағынасында да жиі қолданылады. Тарихи лексикология мұндай өзгерістерді зерттей отырып, тілдің мәдени және тарихи контекстерін де ашып көрсетеді.

Синхронды және диахронды зерттеудің үйлесімділігі
Тілді толық түсіну үшін синхронды және диахронды зерттеу әдістерін үйлесімді түрде қолдану қажет. Тілдің қазіргі жағдайын зерттеу оның тарихи дамуын түсінумен толықтырылса, тілдің даму заңдылықтары айқын көрінеді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорын зерттеу барысында көптеген сөздердің тарихи өзгерістерін ескермеу тілдің толық картинасын көрсетпейді. Қазіргі тілдегі көптеген сөздер тарихи кезеңдерде өзгеріске ұшырап, мағыналық ауысуларға түскен. Сондықтан тілдің тарихи өзгерістерін білу тілдің қазіргі қалпын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Синхронды және диахронды зерттеу тәсілдері тіл білімінің негізгі бағыттары болып табылады. Синхронды зерттеу тілдің қазіргі жағдайын сипаттаса, диахронды зерттеу оның тарихи дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи лексикология – осы диахронды зерттеудің маңызды саласы, ол тілдің сөздік құрамының эволюциясын зерттейді. Тіл білімінде бұл екі бағытты бір-бірімен үйлесімді пайдалану тілдің құрылымы мен даму заңдылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Төл туындыға айналған «Қырық мысал»

Наметова Э.
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылындағы орта мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» төңірегіндегі авторлық бағдарламам менің ұстаздық іс-тәжірибемдегі басты кредом болып табылады. Осы бағытта жұмыс істеу барысында мысал жанрының орта мектепте қазақ білім беруіне қосатын өзіндік үлесі барлығын ешбір филолог ұстаз жоққа шығара алмасы анық.

2023 жылы бүкіл ел көлемінде алаш ағартушысы Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдық мерейтойын атап өту барысында көптеген келелі істер қолға алынды. Тәжірибелі педагог ретінде ғұламаның артында қалдырған мұрасының бір парасы болып табылатын «Қырық мысал» шын мәнісінде педагогикалық мәдени жәдігерлер санатында келер ұрпаққа үлгі-өнеге болатын ерекше шығарма екендігі ойға оралады. Мен үшін мектепте, білім беру процессінде «Ахметтану» саласының игі бастамасы болып табылатын өзімнің авторлық бағдарламамды «Қырық мысал» арқылы өмірге әкеліп, озық педагог ретінде біршама ұлт жадысындағы А. Байтұрсынұлы қаламынан шыққан ұлтқа үлгі мысалдарды

алашқа қайта таныту, оның ішінде өскелең ұрпақ санасына құю мақсатындағы ұстаздық сара жолымды өмірге әкеле алғандығым педагогтік табысым болып саналады. Аталған ізденіске толы жыл ішінде республикамыздың барлық білім ордаларында өткен ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстым, түрлі деңгейдегі баспасөз беттерінде өзімнің ұстаздық ізденісім бойынша жарияланған мақалаларым бір төбе десем артық айтпаймын.

Республика баспаларынан жиі-жиі жарық көрген А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» ауыл һәм қала мектептерінің оқу-тәрбие жұмыстарында қазақ елінің болашағының тірегі болып табылатын жас бүлдіршіндердің ұлттық санасының қалыптасуы мен жаңаруына өзінің зор ықпалын, игі әсерін тигізері, мәдени кодқа айналары сөзсіз. Менің авторлық бағдарламада сөз етіліп, жөн-жосығы көрсетілген жасампаз жұмыстар бүгінгі өскелең ұрпаққа көнеден тамыр тартып, А. Байтұрсынұлы қаламынан шыққан мысалдар қазақ дүниетанымына ыңғайланып, дәл қазіргі қазақ қоғамында сапалы да, саналы білім алып жатқан шәкірттерге адамгершілік - эстетикалық тәрбие беруде, олардың білім көкжиегін жан-жақты дамыта отырып, осы аңыстағы мәдени-тарихи бағыттағы оқыту ісінде жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосуда десек ақиқаттың ауылынан еш алшақ кетпейміз дегім келеді.

Менің осы орайда айтпағым, қазақи тәрбие беру ісінің ұраншысы һәм ұлттық оқу-ағарту ісінің көшбасшысы ретінде қазақтың ұлттық санасында таңбаланған Ахмет Байтұрсынұлының артында қалдырған мол мұрасы мен тәлім-тәрбиелік тағылымын, біз, мектепте білім беріп жүрген ұстаздар үнемі жіті назарда ұстап, өз тарапымыздан оны әр қырынан таныту жолында сәтті педагогикалық ізденістер жасай отырып, қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдарын түрлі қисында іздестіруге тиіспіз. Ұзақ жылғы педогикалық іс-тәжірибем негізінде айтпақ болған нәрсем, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» ұрпақ тәрбиесінде қазақи тағлымды шәкірт бойына сіңіруде әл-Фараби мен Исауиден бастау алған төл ұлттық педагогикамыздың шарапатының ары қарай қарыштай, өз жалғасын таба беретіндігі айқын да, мақсатты ұлттың мәңгілік мұратының бір парасы екендігі даусыз дүние. Міне, осы себепті мен Ахмет Байтұрсынов артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған ұлт ұстазы болып табылғандықтан, тек оның өшпес педагогикалық өнегесінің бір тармағы болып табылатын «Қырық мысалды» өзімнің авторлық бағдарламама өзек етуімді зор мәртебе санаймын.

«Қырық мысал» өткен ғасыр басындағы халқын ояту, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» шақыру мақсатындағы ұлт ұстазының көркем аудармадағы өз тарапынан қосқан аудармашылық үлесі болып табылады. Бұл орайда ұлт ұстазы аударма ісінде хакім Абай салған соқпақты өзінің талант-талайына орай одан ары жалғастырды. Иә, Ахмет Байтұрсынұлы көне грек ғұламалары Сократ, Аристотель, Платон еңбектерімен таныс болып қана қойған жоқ, орыс тіліне аударылған көне грек әдебиетімен де жете таныс болды. Көне грек әдебиетімен де жете таныс орыс әдебиетінің өкілдері Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Щедрин т. б. шығармаларымен жете таныс болуы негізде мысал жанрындағы туындыларды терең танып, ұйқыдағы қазақ халқының «жақсы», «жаман» мінезін ашуда, санасын ояту бағытында Эзоптан тамыр тартқан мысалдарды қазақ тіліне аударып, аударма ісіне тыңнан жол салды.

Біз, мектепте білім беріп жүрген ұстаздар шоғыры өткен тарихтан тамыр тартқан, осы орайда атап айтатын болсақ, ХХ ғасырдың бес кезінде орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісіндегі ЫБырай Алтынсариннен бастау алған жолды өз тарапымыздан жалғастырып, кейінгі әдеби һәм мәдени дамуға өз игі ықпалымызды тигізген дәстүрге айналдыра білуіміз керек. Осы орайда тарихқа көз жүгіртетін болсақ, А.

Байтұрсынов алғаш рет 1909 жылы өзінің «Қырық мысал» атты аударма еңбегін жинақ етіп, ұлт назарына ұсынды. Ұлт ұстазы орыс әдебиетінде өзіндік орны бар И. А. Крылов өз шығармашылығында біздің эрамызға дейінгі VI ғасырдағы грек мысалшысы Эзоп, I ғасырда өмір сүрген Рим мысалшысы Федр, XYII ғасырда өмір сүрген француз мысалшысы Лафонтен мысалдарының сюжетін пайдаланды.

Қанша жерден кеңестік дәуір ұлт ұстазының атын қазақ жадысынан өшірмек болса да, онысынан түк шықпады. Сол себепті қазақ мектебі тәуелсіздік алған жылдары Ахмет Байтұрсынұлының артында қалдырған өлшеусіз мұрасын педагогикалық зерттеу нысанына айналдырды. Өз басым зерттеуші-ұстаз ретінде осы Ахмет Байтұрсынұлының артында қалдырған мұрасын педагогикалық зерттеуге өз үлесімді қосып, дербес авторлық бағдарламамды өмірге әкеле алғандығымды зор мақтаныш тұтамын.

Біз тәуелсіздік жылдары еліміздің білім беру процесіне озық ойлы педагог ретінде біліміміз бен біліктілігімізді сарқа жұмсау арқасында қилы бағыттағы арторлық бағдарламаларымызды өмірге әкеле отыра, егемен елдің білімі мен ғылымының һәм дарынды оқушылардың оңы мен солын тануға педагогикалық жаңаша зерделеулерімізді ұсына білдік. Өзім тарапымнан өмірге келген авторлық бағдарламам соның нақты нәтижесі болып саналады.

Ахмет Байтұрсыновтың терминологиялық бастамалары

Ақыжан Н., Ахметова А., Әбілқайыр А., Өмірзақ А.
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
филология факультетінің студенттері
Ғылыми жетекші Мажитаева Ш.

Қазақ лингвистикасының, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасып дамуын сөз еткенде, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым, ағартушы педагог, ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының есімін айрықша атауға тиіспіз. Қазіргі қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануындағы күнделікті қолданыста жүрген терминдердің басым көпшілігін Ахаң алғаш ойлап тауып, қолданысқа енгізгенін бірі білсе, бірі білмес. Ал кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес.

Патша өкіметінің кертартпа саясытының қазақ зиялыларын «ұлтшылдар», «кеңес өкіметін құлатуға ұмтылғандар» деп айыптап, жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқаннан бергі 80-жылдардың аяғына дейін аты аталмай, еңбектері бағаланбағандардың қатарына «ұлт ұстазы» да енген еді. Тек 1923 жылы 4 ақпанда «Ақ жол» газетінде жарияланған М. Әуезовтың мақалысында ғана Ахмет Байтұрсыновтың қыруар еңбектері сөз етіле бастады. Кейіннен С. Сейфуллиннің, М. Дулатовтың, Т. Шонановтың, Е. Омаровтың, С. Садуақасовтың мақалаларында ғалымның өмірі, қызметі, тіл зерттеудегі еңбектері көрініс тапты. Ал Ахаңның еңбегін арнайы жинақтап, оны алғаш қазақ қоғамына таныстырған ғалым Р. Сыздықова.

Ахметтануға ерекше ат салысып жүрген ғалым терминолог Ө. Айтбаев өз мақаласында: «А. Байтұрсынов жасаған тіл білімі терминологиялық лексикасы мен әдебиеттану ғылымының терминдері күні бүгінге дейін рухани мұхтаждығымды өтеп отыр. Бүгінгі үздіксіз өрістеп отырған терминологиялық процесте бұл әлі күнге теңдесі

жоқ үлгі болып есептеледі. Біздің ендігі мақсатымыз – Ахмет Байтұрсыновтың көрсетіп кеткен үлгісін жаңа заман талабын ескере отырып, саналы түрде тиімді пайдалану».

Ғалым жасаған терминдер – білім-ғылым саласының «бұйымдары «, демек, бұлар үшін ғалым нақты заттардың аттарын ала алмайды (бірен-саранның ала қалса, мағына ауыстыру амалын қолданады), оларға не жаңаданжасалған тұлғаларды ұсынады, не мағынасы ауысқан төл сөздерді алады, бірен-саранын калька жолымен я болмаса өзге тілдерден алады.

А. Байтұрсынов лингивтикалық терминдерді жасауда негізгі екі принципті ұстанды: бірі - ана тілдің бар мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану, екіншісі- өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен әдеби тілдің дамуына керекті, жаңа ұғымды белгілеу үшін қажетті атау сөздерді алудан қашпау. Ол «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде жарияланған мақалаларында, «Оқу құралы», «Тіл-құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы» деген еңбектерінде тілімізде бұрыннан бар сөздерді белгілі ғылыми ұғымды білдіретін атау ретінде қолданады. Мәселен, *әріп, емле, дыбыс, ноқат, үтір, буын, әліппе, дәйекші, дауысты дыбыс, сөз, сөйлем, жұрнақ, қатаң (ұяң) дыбыстар, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, есімше, демеу, жалғау, одағай, атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес, рай, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, демеулік, заманхат,* т. б. сияқты лингвистикалық терминдердің, *айшық, тармақ, шумақ, бунақ, буын, бейнелеу, кейіптеу, бернелеу,* секілді әдебиеттану ғылымының, *әдіс, әдісқой, жалпылау әдісі, жалқылау әдісі, сауаттау әдісі* сияқты қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін жасаған терминдер [1, 158].

Термин жасау үшін жаңадан сөз (тұлға) жасауға немесе төл сөздің мағынасын ауыстыруға қолайлы нәрсе – сол тілдің, бұл жерде қазақ тілінің, өз сөздік қоры, ана тілінен пайда болған сөздер (жасандысы да, мағынасы ауыстырылғандары да) сол халықтың жұртшылығына әлдеқайда түсініктірек болады; ұғымдар парадигмасын көрсетуге біркелкі тұлғалық жүйені (*әсерлеу, меңзеу, жорғақ «рифма», ырғақ «ритм»* сияқты сөздерді) пайдалануға ана тілі сөздерінің түбірлері қолайлырақ келеді. Міне, Ахаңның терминология саласында «қазақылыққа» бой ұруының тағы бір себебі осында деп білеміз.

Егер бүгінгі «Қазақ тіл білімі» деген сала үлкен ғылымның бір тармағы деп танылатын болса, осы саланың алғашқы танеымдары, терминдері, танылуы мектеп оқушыларынан, оның ішінде А. Байтұрсынұлы дүниеге әкелген «Тіл – құралдардан» басталады. Ал белгілі бір халықтың тілі мен әдебиетін зерттеу нағыз ұлттық сипаттағы ғылым салалары екендігі аян. Демек, Ахмет Байтұрсынұлының осы екі салаға қатысты терминдерді ұсынуда қазақ тілінің өз қазынасына иек артиу тағы бір уәжі осы ұлттық сипатқа келіп тіреледі дейміз [4, 254].

Р. Сыздық кейбір ахметтанушылардың термин мәселесіне келгенде өздері бірінші рет сөз қозғағалы отырғандай жазатындарына қатты ренжитіндігін де айтқан: «Тіпті одан әріректегі шындыққа баратын болсақ, «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы» деп, ол ақталмай тұрып 1970 жылдарындағы Тіл білімі институтының ғылыми конференциясында айтқан пікіріміздің бір дәлелі ретінде қазақ тіл білімінің Ахаң қаламынан туған қыруар терминдерді атаған болатынбыз. Өкінішке орай, Ахаңның терминология саласындағы қызмет жайында қалам тартып жүргендердің көбі бірінші рет өздері баяндап отырғандай, алғашқы айтылған пікірлерді ешбір атаусыз өте шығады, әрине, қазақ тілінің ең қажет, негізгі-негізгі, әсіресе, мектеп оқулықтарындағы күні бүгінге дейінгі қолданылып келе жатқан терминдердің Байтұрсынұлының екендігі

тұңғыш таныған мен емеспін. Бұл жайт оның «халық жауы» саналып жүрген күннің өзінде-ақ баршамызға, әсіресе, ілгергі, орта буын тіл мамандарына белгілі болатын. Сондықтан дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома көрініп, аталған соң ресми түрде ең алғашқы айтылып-жазылған нәрсенің мәні оншалық көрінбеген болар. Әрине, өкпе-реніш жоқ, әйтеуір, шындық айтылса болар. Бірақ ғылым шындықпен қатар әділдікті керек етеді ғой».

Ахаңның тіл білімі саласына қатысты терминдерді жіктесек:

- фонетикаға қатысты 108 термин;
- лексикологияға қатысты 11 термин;
- морфологияға қатысты 109 термин;
- синтаксиске қатысты 64 термин;
- жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин.

Әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 57 -сі осы күнге дейін қолданылып жүр. Ал 271-і қазір қолданылмайды. Оның белгілі бір сөз өнері құбылысына берілген атау, терминдері сол құбылыстардың адам, қоғам өмірінің рухани әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (керісінше емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан.

Пәндік атаулардың (терминдердің) семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалғандығын, бірді-екілі араб сөздерін қолданғаны болмаса, негізінен тілімізде бұрыннан бар сөздердің мән-мағынасын жаңартып (жұрнақ, ноқат, шырай, одағай), тілімізде бұрыннан бар сөздерде жұрнақ жалғау арқылы (көсем+ше, ата+у, сызық+ша, тыңдау+шы), төл сөздерімізді тіркестіріп (қос ноқат, қымқырулы толық дауысты, мендік жақ, дыбыстың таңбасы) қолданғандығын көреміз. Оларда қазіргі кезде терминге қойылатын қысқалық, дәлдік, жүйелік, бір мағыналылық деген талаптарға толық жауап бермегенмен, ол пәндік атаулардың шет ел тілдерінен ада болуы, калькалаудың жоқтығы-тіл тазалығын сақтаудың, тілді көшірмешілдіктен сақтандырудың айғағы.

Тілімізде термин жасаудағы ұстанған негізгі принциптері жөнінде А. Байтұрсыновтың 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтың I Түркологиялық сьезде жасаған баяндамасында анық айтылған: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды; басқа түркілер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерің жат сөздер жұтып жіберу дәрежеге жеткен [2, 15]. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілімен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, шетел сөздерін амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды». Ғалымның термин жасауда қазақ тілінің ішкі байлығын молынан пайдаланғандығы бірден байқалады. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар.

Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы - терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті. Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А. Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасауы. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған авторлық терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде. Ахмет Байтұрсынұлының терминологиялық еңбектері қазақ тілін ғылыми, мәдени және әдеби тұрғыдан дамытуға зор үлес қосты. Оның жасаған терминдері бүгінде қазақ тілінің негізгі лексикалық қорына еніп кетті.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Мажитаева Ш. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. - Қарағанды, 2004.
2. Жалмаханов Ш. Ахметтану бастамалары. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы, 2009.

Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің сөзжасамға қатысы мәселесінің зерттелуіне қысқаша шолу

Карымбаева С.
«Өрлеу» БАҰО» АҚ Жамбыл облысы бойынша Кәсіби даму институты,
«Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының меңгерушісі,
филология магистрі

Қазақ тілі өте бай тілдердің біріне жатады. Тілдің бай лексикасы үнемі толығып, дамып отырған. Тілдің лексикасының үздіксіз дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін, сөзжасам арқылы жаңа сөздер жасалады. Қазіргі қазақ тіл білімінде сөзжасам саласының соңғы жылдар көлемінде біршама жақсы зерттелуіне байланысты сөзжасамның негізгі теориялық мәселелері анықталып, жеке сала ретінде қалыптасты. Дегенмен, сөзжасамның көптеген мәселелері тереңірек зерттеуді қажет етеді. Солардың бірі- етістіктің сөзжасамдық қабілеті мәселесі болып табылады.

Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік бірліктер бар екені белгілі. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық бірліктердің бірі – түбір сөздер. Түбір сөз тілде түрлі қырынан қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі тұлғалардың бірі ретінде әлі де толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол – сөзжасамдағы негізгі тұлға. Түбір сөздің сөзжасам жүйесіндегі өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөзжасаушы тұлғалардың бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам үрдісіндегі түбірдің негізі тұлға болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің

лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Бұл тікелей тілдегі сөз таптарына байланысты.

Сөз таптарының да сөзжасамға қатысу қабілеті әртүрлі. Зерттеу еңбектеріне жасалған шолу зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам ісіне басқа сөз таптарынан әлдеқайда белсенді қатысатынын дәлелдеді. Зат есімнен етістіктің, сын есімнің жасалуы, керісінше етістіктен зат есімнің жасалуы, сын есімнен етістіктің, зат есімнің жасалуы ертеден-ақ байқалып, барлық оқулықтарда, сөзжасамдық зерттеулерде дәлелденіп жүрген мәселе. Бұл келтірілген деректер сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігінің түрлі екенін көрсетеді. Сөз таптарының сөзжасамға қатысы – бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөз өз ішінде ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады.

Қазақ тіл білімінде етістіктің сөзжасамдық тәсілдер арқылы жаңа туынды мағына беретін жағдайы морфология саласында қарастырылған екен, оның жаңа атау туғызу мүмкіндіктері сөзжасамдық ұя деңгейінде де аз зерттелмеген. Оның үстіне етістік негізді туынды сөздер жасауға сөзжасамның синтетикалық тәсілі аса белсенді екенін тілдік деректер дәлелдеп жүр [1]. Туынды сөздердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы туралы XI ғасырдағы Махмут Қашқари зерттеулерінде кездеседі екен. Ол түбір сөздерде өзгерістер аз болатынын, бұл өзгерістер түбірдегі кейбір дыбыстардың алмасып айтылуы мен түсіп қалуы сияқты болып келетінін жазған. Одан кейін түркологтар А. Я. Самойлович, В. А. Гордлевский, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, Н. П. Дыренкова, Н. А. Баскаков, А. К. Боровков, М. В. Насилов, В. В. Решетов, И. А. Батманов сияқты т. б. ғалымдар зерттеулерінде алғашқы деректер берілген. Оның үстіне әр кезеңде шыққан түркі тілдеріндегі грамматикаларда сөзжасамның тәсілдеріне қатысты ғылыми ойлар кездесіп қалады. Бұл зерттеу еңбектерде сөзжасам саласы жеке сала ретінде танылмағанымен, сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер мен олардың тұлғалық құрамы жайлы айтылған.

Қазақ тіл білімінде етістік туралы ғылыми теориялық тұжырымдама жасаған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Т. Сауранбаев, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, И. Оралбаева, С. Исаев, Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, Б. Қасым т. б. ғалымдар болатын. Ғалымдар зерттеулерінде, негізінен, етістіктің синтетикалық тәсіл негізінде туынды сөз жасау процесі сөз болғанымен, оның сөзжасамдық ерекшелігі туралы толық мәлімет берілмеген.

Мұнда авторлар етістіктің күрделі сөзжасам жүйесі бар сөз табы екенін айта отырып, оның туынды сөздерге өте бай, етістік өз құрамын тілдің тарихи дамуы бойында толықтырып отырғанын атап көрсеткен. Етістіктің сөзжасам жүйесінде түрлі тәсілдер арқылы жасалатынын анықтап берген. Олар:

- синтетикалық;
- аналитикалық;
- семантикалық тәсілдер.

Етістіктің сөзжасамы туралы ғалым Н. Оралбаева еңбегінде былай деп жазады: «Етістік сөзжасамында барлық сөз табы негіз болып, сөзжасамдық бірлік қызметін атқарады. Олардан зат есім сөздерді, сын есімдерді, сан есімдерді, үстеуді, етістікті, одағайды атауға болады. Тіліміздегі барлық негізгі сөз таптары етістік жасауға негіз болады» [2. 168].

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің негізгі тәсілдері бір жағынан сақтала отырып, екінші жағынан дами күрделеніп отырады. Тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам тұлғалары, яғни сөздер жұрнақтар да жатады. Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік бірліктер бар. Сөз жасау әрекеті тілде бар бірліктің негізінде ғана атқарыла алады. Тілдік бірліктерге сүйенбей, жоқтан ешбір сөз жасалмайды. Зерттеу еңбектеріне назар аудара отырып, сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігі әртүрлі екенін байқадық. Өйткені сөз таптарының сөзжасамға қатысы – бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөз өз ішіндегі ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, етістіктің сөзжасамға қатысын анықтауға арналған алғашқы пікірлер сөзжасамның синтетикалық тәсіліне, атап айтқанда сөзжасамдық ұялар мәселесіне байланысты екені белгілі болды.

Сөзжасамдық ұя туралы алғашқы ғылыми пікірлер «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген монографияда айтылған [3]. Бұл зерттеуде сөзжасамдық ұяға алғаш рет ғылыми анықтама берілген: «Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің сөзжасамға қатысу қабілетінің күштілігі сөзжасамдық ұядан анық көрінеді. Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады». Бұдан әрі бір ғана «бас» сөзінен туындаған 89 сөзжасамдық ұя талданып, сөзжасамдық ұяға енетін 143 туынды сөз көрсетілген. Сөзжасамдық ұя туралы К. Құрманәлиев өзінің ғылыми зерттеуінде былай деп жазады: «Әр сөзжасамдық ұяның өз туынды сөздері болғандықтан, әр сөзжасамдық ұя өзінше бір күрделі құбылыс болып танылады» [4]. Бұл етістіктің сөзжасамдық ұяларын анықтау қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі екендігіне дәлел болады.

Етістікті сөзжасамдық ұя арқылы жасалған атаулардың саны да, сапасы да әр алуан болып келеді, Негізгі етістік арқылы етістіктер де, есім сөздер де жасала алады. Бір ғана етістік түбірі арқылы әртүрлі морфологиялық сападағы туынды сөздер жасала алатыны ғалымдардың зерттеу еңбектерінде айтылып та жүр. Бұған етістіктен басқа сөз таптарының жасалуына арналған ғалымдардың еңбектерін дәлел ретінде атауға болады, оларда « Етістіктен белгілі бір сөз табын жасайтын өнімді жұрнақтар « және «Етістіктен белгілі бір сөз табын жасайтын өнімсіз жұрнақтар» (үстеу мен сан есім, т. б. қоспағанда) деп көрсететін тармақшалар кездеседі емес пе? Аталған еңбектерде етістікті сөзжасамдық ұяға енетін сөзжасамдық тізбектердің мағыналық құрылымы мен морфологиялық сипаты айқындалған. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің уәжделу дәрежесі нақты тілдік деректер негізінде талданған. Кейде етістікті сөзжасамдық ұяда неше сөзжасамдық тіркес пен туынды сөз болатыны нақты көрсетіліп, олардың мағыналық құрылымы берілген. Тіпті етістікті сөзжасамдық ұяның ішіндегі туынды сөздердің сөзжасамдық жұбы мен сөзжасамдық сатыларының парадигматикалық және синтагматикалық сипаттары талданып, олардың араларындағы мағыналық уәжділіктің айқындылығы, мағыналық құрылымының түбір сөз мағынасына негізделетіні көрсетілген.

Етіс тұлғасын А. Б. Салқынбай сөзжасамдық тұлға ретінде зерттеген. Ол етісті анықтау үшін, ең алдымен, етістіктің грамматикалық категориясы бола ала ма, әлде бола алмай ма соны анықтауға ұмтылады да, одан әрі оның бірнеше шарттарын ұсынады [5].

Ғалым М. Оразов «етістіктің жұрнақтары арасында көп қолданылатыны, мағына жағынан бай түрінің бірі етіс жұрнақтары» деп атап көрсеткен [6, 100]. Мағына жағынан бай болуының өзі оның сөзжасамдық мағынасымен байланысты. Бұл етіс тұлғаларының сөзжасамдық мағынасы бар екенін дәлелдеген деген қорытынды жасауға жетелейді.

Дегенмен бұл қысқа ғана жасалған шолу етістіктің сөзжасамға қатысы мәселесінің өз шешімін тапқанын көрсетпейді. Біз тек сөзжасамның синтетикалық тәсілі негізінде жасалған еңбектерге ғана назар аудардық. Қорыта айтқанда, біз шағын мақаламызда етістіктен жасалған туынды сөздерді зерттеген еңбектердің бәрін толық анықтап, талдадық дей алмаймыз. Бірақ ғалымдардың зерттеулеріне сүйену арқылы олардың тек морфологиялық сипатын ғана емес, ең бастысы мағыналық құрылымы мен ондағы уәжділіктің деңгейін, дәрежесін айқындауға аналған еңбектердің жоқ еместігін байқадық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. - Алматы, 2002.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. - Алматы, 1989.
4. Құрманәлиев К. Сөзжасамдық ұя. - Алматы, 1998.
5. Салқынбай А. Қимыл есімі және оның сөзжасамдық семантикасы. -Алматы, 1996.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы, 1991.

Алаш ардақтылары – ұлт мақтанышы

Саметова Э., Жорабекова Ж.
«Көкмардан жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ХХ ғасырдың басында зиялы тұлғалар қазақтың тілі мен мәдениеті Кеңес одағы саясатының салдарынан бұғауланып, тұншығып жатқанын сезген болатын. Сондықтан да олар жан-жақтан идеялары үндес адамдарды жинап, бір ортаға жинала бастады. Қазақ баласы ұлт ретінде дербес әрекет етсе, көптеген жаңашылдықты қабылдай алатын, өз қолы аузына жететіндей қауқары бар екенін ұқты. Алаш арыстарының қазақ халқы үшін жасаған, жанын пида еткен ерліктері мен еңбектерін санап жеткізу мүмкін емес. Репрессия Алашорда қайраткерлерін бірінен соң бірін түрмеге тоғытып, азаппен жандарын қиды. Мұстафа Шоқай Түркия арқылы Еуропаға эмиграция жасап, қалған ғұмырын шет мемлекеттерде өткізуге мәжбүр болды. «Бас-басына би болған» қазақтарды бір тудың астына жинау арманымен Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы т.б. тұлғалар «халық жауы» ретінде атылып кете барды. Ресейдің отарлау саясаты жазалау шараларынан бастап, түрлі құйтұрқы заңдар арқылы қазақтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге дейін барып, ұлттық мемлекеттілік институтының кез келген көрінісін жоюға тырысты. Алаштықтардың көзін жойғанымен, артынан қаншама еңбегі мен шығармасы қалды? Біз келешек ұрпаққа сол туындыларды оқыту арқылы ұлттық рухты санасында қалыптастыруымыз өте қажет.

Кезінде Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай қуатты, күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген болатын. Осы тарихи үндестік Қазақ елі мен қоғамның жарқын болашағына негіз болатыны сөзсіз. Қазақ елінің жер бетінен мүлде құрып кету қауіпі төніп тұрды. Дәл сол уақытта қазақты аман сақтап қалу мақсатымен «Алаш» қайраткерлері жағдайды өз қолдарына алады. Олар Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы бастаған ауқатты жанұялардан шыққан, жоғары білімді адамдар еді. Олар 70-ке жуық Жалпықазақ съезін өткізіп, өте маңызды мәселелерді

талқылаған. Осындай шаралардан кейін, Әлихан Бөкейхановтың бастауымен, 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен II бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайында Алаш автономиясы жарияланады.

Алаштанушы Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш орда» атты деректі фильмде өз ойын былай жеткізеді: «Біз бүгін Алаш мұрасы қазаққа не берді дегенді айтатын болсақ, Қазақстан дәл бүгінгі өзінің даму деңгейінде, сол Алаш қайраткерлері бізге қалдырған мұраларына қарыздар. Сондықтан Алаш қайраткерлерінің алдына қойған мақсаттары, идеялары еліміз тәуелсіздік алған кезде жүзеге асты. Сондықтан, ғасыр басында дүниеге келген бұл идеялар, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанға да қызмет етіп отыр деп нық сеніммен айта аламын».

Міржақып Дулатұлы – қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері, либералды-демократияшыл зиялылардың бірі. Ол қазақ халқының ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолында өз бойындағы бар қасиетін,ақыл ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнаған алаш қайраткері.

Міржақып Дулатұлы намысшыл өз ұлтын шексіз сүйген адам.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! –

деп, Міржақып ағамыздың ел үшін жанын беруге дайын екенін жалынды сөзнен байқауға болады.

Әлихан Бөкейхан – «Алаш» партиясының негізін қалаушы қайраткерлердің бірегейі. Ол алғаш рет демократиялық жолмен екінші съезде сайлауға түсіп, қазақ автономиясын жариялады, халық кеңесін сайлады. Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлиханның қазақ халқына жасаған еңбектері орасан. Әлихан білімін Ресейдің Санкт-Петербург қаласында шыңдап, экономика факультетін аяқтап келеді. Экономист Әлихан өз білімін саяси үлкен істерге бағыттайды. Омбы қаласында мықты көсем, саясаткер атанады. Атақты Қарқаралы петициясын ұйымдастырған да дәл осы Әлихан Бөкейханов еді. Тұңғыш Қазақ Республикасының төрағасы (президенті) сайланды.

Әлихан Бөкейхан патша өкіметі құлап, Ақпан төңкерісі жеңгеннен кейін: «Біздің ұранымыз – демократиялық республика» – деп ашық айтып, парламеттік демократиялық дамудың үлкен нәтиже беретініне сеніммен қараған болатын. Сондай-ақ Әлихан Бөкейханның жас қайраткерлерге «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» деген ғибратты сөзінің қаншалықты құнды болғанын тәуелсіздік алғаннан кейін терең түсініп отырмыз.

XX ғасырдың басында жазба әдебиетіміздің өкілдеріне Алаш қозғалысы қатты әсер етті. Тіпті кітап, баспасөз саласы дәл осы тұста қарыштап дамып, жазба әдебиеттің дамуына негіз болды. Алаш қайраткерлерінің бастамасымен ашылған «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті сынды баспалар көркем проза, драма, әдеби сын үлгілерін қалыптастырды. Міржақыптың «Оян, қазағы!», Ахаңның «Масасы» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілдік ұрандарды күшейтті. Проза саласында М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» атты тұңғыш романды алып келсе, поэзия жанрында сыршылдығымен ерекшеленген М.Жұмабаев «Орал тауы», «Қазақ тілі», «Түркістан», «Түркістан», «Сүй, жан сәулем» туындыларын

дүниеге келтірді. Дарынды лингвист А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», «Тіл – құрал» атты ғылыми зерттеулерінде қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйеледі.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет. Алаш зиялыларының тіл төңірегіндегі еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы тілдің төтенше маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Ұлттың бойында сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған алаштың арда азаматтарының ел тағдырына қатысты жазып қалдырған сүбелі мұрасы, жас ұрпақтың санасын жаңғыртуға таптырмайтын құрал.

Алаш арыстарының көзқарастары мен ұстанымдары – қазақ даласындағы ғұламалардың – Әл-Фараби, Баласағұн, Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылардың ой-тұжырымдарының қазақ қоғамының жаңа кезеңіндегі заңды жалғасы. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму ерекшеліктері мен тәжірибесін, салт-дәстүрі және ұлттық болмысын жетілдіре, басқа өркениетті елдердің өмір өнегесімен байыта түсуді ұсынды.

Заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақтың «оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі», өзі өмір сүрген қоғамның көкейтесті әлеуметтік-саяси мәселелерін биік деңгейде қозғап, адамды рухани қалыптастырудағы оқу-білімнің құдіретін терең түсінген ұлы ағартушы реформатор Ахмет Байтұрсынұлының мұрасынсыз бүгінгі білім-ғылым жүйесін көз алдымызға елестету мүмкін емес – деген еді. А.Байтұрсынұлының басшылығымен Академиялық орталықта қазақ тілінің ғылыми терминдерін саралау; қазақ тілді мектептердің бірінші және екінші буындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын жасау және аудару; қазақ тіліне саяси және саяси-ағартушылық әдебиеттерді аудару кезек күттірмейтін өзекті мәселелер деп санаған. Тағы бір мәселе қазақ әліпбиін алдымен 1929 жылы латыншаға, артынан 1940 жылы кириллицаға көшірудің рухани жүгі қандай ауыр болса, бүгінгі заманда да сол жағдайдың қайталануы, ұлт көшбасшыларының бастамасын әлем халықтарына қайта мойындата отырып, қазақ халқының рухани санасын қайта жаңғырту.

ХХ ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамындағы басты ағымдарының бірі – автономиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі – мемлекеттік тіл саясаты еді. Ахмет Байтұрсынұлы «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді», – десе, Ғ.Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың

баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді», – деген. Х.Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды», – деген.

1924 жылы Орынборда маусымның 12-сінде Қазақ (қырғыз) білімпаздарының тұңғыш съезі шақырылды. Осы съезде 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалған қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертілген, ресми түрде қабылданған алфавиттің мәні жөнінде, дыбыс әдісімен оқыту ісі жөніндегі мәселелер талқыланды. 1927 жылы жазу (графика) мәселесіне арналған конференцияда А.Байтұрсынұлы: «Түрік жұртының 90%-ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жазылған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті –сауаттылық, оның жүзіндегі өнер-білім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер т.т.). Хат мәдениеті бар халыққа бір әрпін тастап, екінші әріпті ала қою оңай нәрсе емес», – деді.

А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған ғалым. А.Байтұрсынұлы қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынборда шығарылса, кейін 7 рет қайта басылады.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғы шарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсіре ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Академик Мәмбет Қойгелді «Тарих – күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, діңгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын», – дейді.

Алаш зиялыларының қай-қайсысын қарастырсақ та, армандаған ойлары бір арнада тоғысып жататынын байқадық. Соның бірі Ғұмар Қараш ақын. Оның «Келер ме екен?» өлеңінде ұлт үшін өз жанын қиюға дайын алаш азаматтарының қадірін білуге шақырып, оны түсіндіруді өзіне парыз санаған.

Ақ орда алаш көріп келер ме екен,
Жамырап келіп еніп кірер ме екен?
Сарғайып сағындырып қолға түскен
Асылдың қадір бұлын білер ме екен? –

дей отырып, тіпті, олардың әрбір ісін жоғары бағалап, сөзіне иланууды уағыздайды. Мұның өзі ақын тұлғасының қашан да ұлт мүддесімен үндесіп жатқанын, өмірлік мақсаты болғанын айғақтай түседі.

Қорыта айтқанда, Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасыр уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз – Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да

қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш кайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал. Алаш идеясы – ел идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан ұлт идеологиясының темірқазығы болып қала бермек.

Ыбырай Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары

Сембина А.
Ш. Смаханұлы атындағы №44 орта мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Халқымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғұлама ағартушы, жаңа үлгідегі демократ тәлімгері, ғалым-этнограф әрі публицист жазушы Ыбырай Алтынсариннің артында қалдырған мұралары мол. 1857 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған жеті жылдық мектепті үздік бітіргеннен кейін Ыбырай алдымен өз атасы Балғожа бидің қарамағында біраз уақыт писарь болып істейді де, кейіннен Орынбор облыстық басқармасында тілмаш болы қызметте орналасады. Бірақ осы қызметтер жас Ыбырайды онша қанағаттандырмайды. Сондықтан да ол көп ұзамай әкімдік жұмысты тастап, мұғалімдік, тәлімгерлік іспен айналысады. Осыдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ағартушылық-педагогикалық қызмет оның тыныс-тіршілігінің негізгі арқауы, басты өзегі болып өтеді.

Өткен ғасырдың орта шенінде қазақ даласында жаңа мектеп ашу ісі қиынның қиыны еді. Мектеп үйі, оқытушы, оқу құралдары т. б нәрселер көшпелі қазақ санасына оншама орныкпаған ұғымдар болатын. Бұл айтылғандарға қоса осындай игілікті іске қожа, молда, бай, болыс, патша әкімдері, т. б барынша салқын қарады. Оқу білімнің мән-мәнісін түсінуге халық санасындағы ескі стереотиптер де кесел болмай қойған жоқ. Бірақ осы айтылғандардың бәрі Алтынсариннің таудай талабына бөгет бола алмады. Осы мақсатпен ол қысы-жазы ел-елді аралап, халықты өнер-білімге шақырып қана қоймай, мектеп ашу үшін қаражат жинайды. Бұқара халық Ыбырайдың игілікті талабын ықыласпен қарсы алып, біраз қаражат жинап береді. Көп ұзамай көптен күткен мектеп үйі де салына бастайды [1, 40].

1864 жылы қаңтардың сегізінде қазақ баласы үшін осындай мектептің есігі айқара ашылады. Бұған Торғай өңіріндегі көп ел жиналып, мұның құрметіне той өткізіледі. Тойға келген қазақтың 14 баласы мектепке қабылданады да, интернатта жатып оқитын болды. Мұндағы тәлім-тәрбие ісіне Ыбырайдың өзі тікелей басшылық етті. Өзінің осы ісі жайлы Қазан университетінің прфессоры Н. И. Ильминскийге 1864 жылдың қаңтарында төмендегідей хат жазып, онда былай дейді: «Осы жылғы қаңтардың 8-і күні менің күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар... . Қазақтар метепке балаларын беруге ынталы екендігін көрсетіп отыр, оларға ең алдымен мемлекеттің заңын үйрет деп өтініш жасап жүр, сондағы ойлары кейін олардан закүншіктер, демек өсекшілер шықсын деген ғой. Міне, олардың көздегені осы. Мен әзірге оларға бұл жөнінде ешнәрсе деген жоқпын... Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын!» - деп, өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскеннен зор қуанышпен хабарлайды.

Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты өте қызықты, түсінікті етіп өткізуші еді. Мәселен, молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде әзер хат таныса, Ыбырайдан оқыған балалар небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болады... «Шәкірттерім азадап орысша сөйлей бастаған кезде мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Оған менің заң жағынан хақым бар. Қысқасы, бұл шәкірттерім төрт жыл ішінде, мектепті бітіргенге дейін, әжептеуір сөйлеп, ол-пұлды бітіп қалар деген үмітім зор», – дейді. Ы. Алтынсарин өз замандастары Шоқан, Абай сияқты Ресей өңірінің түпкір-түпкірлеріне жеткен сол кездегі алдыңғы қатарлы озық идеяларымен шамасынша сусындайды. Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлері мен оның творчестволық қызметінің кез келген сапасымен өзектесіп жатады. Ол бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, оларға дүнияуи ғылымдарын үйретуге, төл оқу құралдарын жазып шығаруға, мектеп үшін жақсы ұстаз-мұғалімдер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-методикалық басшылық жасауға арнады. Өзінің ғылыми-публицистикалық, жазушылық творчествосын қазақ халқының өмірінде XIXғ өрістеген қоғамдық, саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Сөйтіп өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағындырып, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырды, теріс пікірлерден, ескң әдет-ғұрып, соқыр сезімдерден, ұрлық, зомбылық, жатап ішер жалқаулық сияқты жаман қылық, жат мінездерден бойын аулақ ұстауға шақырады [2, 112].

Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда екі бірдей кертартпа күшпен алысты. Оның бірі қазақ даласында ислам дініне негізделген татарша оқу болса, екіншісі патша үкіметінің отарлау саясатына негізделген қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын оқытуды көздеген миссионерлік саясат еді. Ы. Алтынсарин өзінің орыс достарына жазған бір хатында: «Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Біздің елімізде молда дегендер өте көп жайылып барады. Оларды қазақ арасынан қуып шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ, өйткені, молданың абыройына тілі тиген кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ кәпір болып көрінеді». «Мәселенің мәнді жері – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу- қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін, бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ бағыттан қашпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар, зор күш болар еді» - деп, өзінің шынайы ағартушылық идеяларын орыс-қазақ мектептерін ашу және шәкірттерді өз ана тілінде оқыту арқылы іске асыруды армандады. Өзінің ағартушылық, тәлімгерлік ісінде Ыбырай талай қиыншылықтарға кездесті. Оның орыс-қазақ мектептерін ашып, дүнияуи пәндерді енгізіп мәдениет атаулыны насихаттағанын көре алмай өшіккен қожа-молдалар ел ішінде оны «шоқынған кәпір» деп өсек таратса, енді біреулер 1884 жылы Ішкі істер министрлігі мен Орынбор генерал-губернаторында «үкіметке қарсы ой бар, социалист» деп арыз жазып қаралауға дейін барды [3, 135].

Алтынсарин болса өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірлерден шама-шарқынша қорғап бақты. Осы кездері патша үкіметі отарлаған ұлт аймақтарындағы бұратана халықтарды шоқындыру арқылы ана тілінен, ұстаған дінінен бездіріп, орыстандыру саясатын жүргізген еді. Алтынсарин патша әкімдері қуаттап отырған орыстандыру саясатын дұрыс түйсініп, бұдан бойын аулақ ұстауды ойлайды. Ыбырайдың осы ойы Н. И. Илминскийге 1882 жылы 12 қыркүйекте жазған хатынан

аңғарылады. «Халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп... мұсылман дінінің негізгі рухына сай, дінді оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екенін ескеріп, Мұхамбет шариғатын үйрететін оқу құралын құрастыруға кірістім... Бұл арада тағы бір әскерге кетуге қажет нәрсе-мұндай оқу құралды, менің ойлағанымдай, орыс әрпімен жазу мүлде мүмкін емес; өйткені, мұндай дін кітабы, шариғат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, мұсылманша болмаған соң қазақ арасында сенімді болмас еді, әртүрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді» -дейді. Бұл жерде Ыбырай өзінің ағартушылық идеясын іске асыруда қолында үлкен билігі бар, саяси жағынан патша үкіметінің ресми өкілі Ильминскийдің сырын сезе тұра, дипломатиялық жолмен өз ойын іске асырудың жолын қарастырады.

Соңғы кездерге дейін, Алтынсарин мұрасын зерттеушілер арасында «Ыбырай орыс альфавитінің қазақ тілінде негізін салушы» деген жаңсақ пікір уағыздалып келді. Осыған орай әзірше ескерілмей жүрген кейбір деректер келтірейік. Мәселен, Батыс Сібір генерал-губернаторының 1876 жылы Ішкі істер министіріне жазған жолдамасында « Торғай облысының халық мектебінің инспекторы Алтынсарин өзі орыс алфавитін қолданып жазып, қазақтардың халық өлеңінің тексін маған әкеп тапсырды. Біз орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауымыз керек... Бұл жұмыс Ильминскийге тапсырылды делінген. Бұдан біз қазақтар үшін орыс алфавитін алғаш жасаушы Ыбырай емес, керісінше Ильминский болғанын, ал оны кей жағдайда қолданған Ыбырай екені аңғарылады. Шынын да Ильминский ресми қатаң талап етуімен Ы. Алтынсарин өз кітаптарын орыс алфавиті негізінде жазуға мәжбүр болған.

Бұған ескі оқуға қарағанда орыс оқуының прогрессивті мәні де себепші болған еді. Ильминскийдің орыс алфавиті Ыбырайдың атымен насихаттауда көздеген мақсаты, біріншіден, ғасырлар бойы ислам діні жайлаған қазақ даласына оқыған зиялы азаматының атымен ұсыну қолайлы болса, екіншіден, орыстандыру саясатын іске асыруда біреудің қолымен от көсеу оңайырақ еді. Ильминский өзінің миссионерлік жүйесінің түрлі жолмен таратуды мықтап ойластырған. Мәселен, бұл істе өз шәкірттерін де пайдаланды. Сондайлардың бірі Орск мұғалімдер мектебінің меңгерушісі А. Бессонов еді. Бұл жөнінде тәлімгер-ағартушы былай деп жазды: «Бақсам, ол мұғалімдер мектебінің 3-ші және 4-ші кластарында, оқушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл және оның парыздарын уағыздай бастапты. Тіпті ол өз шәкірттерін залым деу сияқты сөздерге дейін және оларды кластан желкелеп шығаруға дейін барыпты»... Мұнымен – тек мұғалімдер мектебінің келешегін ғана емес, онымен қабат жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой... Орыс-қазақ мектебі арқылы білім алуға мәңгі зиян келтіретін бір масқара жанжал көтеріліп кетуі мүмкін».

Осы уақиғадан соң Ы. Алтынсарин төтенше бұйрық жазып, мұғалімдер мектебінде христиандық діни сабақ жүргізу мүлдем тоқтатылсын, ал орыс-қазақ мектептерінде дін сабағы оқытылатын уақытта, қазақ балалары жекеленсін деп мұғалімдерге қатты ескертеді. Ал Красноуфимск қаласында ашқан ауылшаруашылық мектебінде оқып жатқан қазақ оқушыларының наразылығын естіп ызаланған Ыбырай өзінің досы В. В. Катаринскийге 1889 жылы 10 мамырда тағы бір наразылық, яғни қазақ оқушыларының наразылығы, Краснофимскіден ауылшаруашылық мектебінде туып отыр. Мұның себебі. Мұсылман дәстүрін мүлде елемеу, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс балаларымен бірге ғибрат еткізу деседі. Мұның бәрі ұнамсыз нәрсе ғой. . Сондықтан, әзірше іс насырға шаппай тұрғанда сонда барып, оқушыларға түсіндіріп,

наразылықты жойғым келеді. Ал, егер қажет болған жағдайда директордың өзімен де сөйлескім келеді», -деп хат жазды.

Осы факторлардың бәрі Ыбырайдың патша әкімдерінің отарлау, орыстандыру саясатына іштей наразы болғанымен, ашық күресуге шамасы келмейтінін сезіп, халықты ол апттан сақтану үшін дипломатиялық саясат ұстауға мәжбүр болғанын дәлелдей түседі. 1861 жылы Столыпин реформасынан кейін, Россиядағы жерсіз басыбайлы шаруаларды Еділ бойына, қазақ даласына көшіріп, оларға егін салуға қолайлы шұрайлы жерлерді алып беру туралы заң шыққан болатын. Бұл заң орыс шаруаларына қолайлы болғанымен, кең даланы ен жайлап көшіп-қонып жүрген дала тұрғындарына қысым жасау, малдың өрісін, жайлы қонысын тартып алу еді. Міне, осы қысымды көзімен көрген Ыбырай «Орынбор листогі» газетінде (1880 жылы 4 сәуір) Орынбор губерниялық халық ағарту ісінің басқарушысы В. В. Катаринскийге өз пікірін былайша білдіреді: «Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттар туралы мақала жазып жібердім. Осы мақалада қазақ еліне орыс сәпендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды оқығанда және естігенде салаң суға кетеді». Бұдан оның патшаның отарлау саясатының жергілікті халықтың жерін, суын, өрісін тартылып, тілін, дінін өшіретініне ашық наразылық білдіргенін жақсы байқаймыз. Сондықтан да қазақ балалары үшін әр болыс сайын мектеп ашуды үкімет орындары алдына талай рет қойған және бұл мектептердің миссионерлік бағыттан тысқары болуын талап еткен Ыбырай Орынбор генерал-губернаторы Проценко тарапынан қуғынға ұшырайды. Тіпті Ыбырай ашқан мектептерді жауып, оны инспекторлық қызметтен босатып, сотқа беруді ұйғаруы да тектен тегін емес. Оқу-ағарту ісін ұйымдастыруда үнемі патша әкімдерінің кедергілеріне ұшыраған Ыбырай өзінің Н. И. Ильминскийге 1881 жылғы қазанның төртінде жазған хатында тағы да былай дейді: « Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық; әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтын есіңе түскенде күйінесің. Бұл жағынан алып қарағанда, кейде, жылы сөзге ынтызар жетім бала сияқтымыз. Қандай қиыншылықтарға кездессек те, біз әйтеуір өз ойымызды орындап келеміз» [5, 52].

Алтынсариннің ағартушылық ой-пікірінің біртіндеп іске асуына оның Торғай облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалуы 1879 және бұл қызметте өмірінің соңғы минутына дейін үздіксіз он жыл табандылықпен еңбек етуі көп пайдасын тигізді. Инспекторлық қызметте кіріскеннен-ақ Алтынсарин дүнияуи мектептер ашуды қолға алдЫ. Алдымен ол облыстың уездік қалаларында орталық училищелер ашуды ойластырады. Содан кейін Елек, Николаевск (Қостанай), Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашып, олардың бәрінде де кітапханалар ұйымдастыруға зор мән берді. «... Торғай облысы мектептерінің бәрінде де, - деп жазды ол – мұғалімдер мен оқушылар үшін кітапханалар ұйымдастырмақпын. Оған 700 сом жинадым. Бұлардың кітаптарымен мұғалімдер, оқушылар ғана емес, кітап оқи алатын сауатты адамдардың бәрі де пайдаланатын болады». Кейіннен ол генерал-губернаторға «Болыстың қазақ мектептері туралы арнайы записка» жазды. Мұнда тек қазақ даласының ғана емес, Ресей жұртының жартылай көшпелі аймақтарының өмір тіршілігіне бейім, жазда көшіп, қыста бір жерде орнықты отыратын мектептің жаңа түрін ұсынып, халық ағарту жүйесіне өзінше тың ой білдіреді. Алтынсарин қазақ шәкірттерінің танымтүйсігіне лайықты оқу-методикалық құралдарын жазу мәселесімен де шұғылданды. Ол орыс-қазақ

училищелерінде К. Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесін», Л. Н. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б. Ф. Бунаковтың «Әліппесі мен оқу құралын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсын» оқу құралдары ретінде ұсынды. Орыс педагогтарының үлгісімен Ыбырайдың өзі екі оқу құралын бастырып шығарды. Бұл кітаптарды дайындауға Ы. Алтынсарин көп уақытын бөліп, өлшеусіз еңбек сіңірді. «Хрестоматияға» Ыбырай біріншіден, қазақ халқының ауыз әдебиеті асыл үлгілерін, балаларға арнап жазған дидактикалық нақыл әңгімелері мен мысал өлеңдерін аударып енгізді. Алтынсариннің Хрестоматиясы төрт бөлімнен тұрады: бірінші бөлім- өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелерден, ертегілерден, екінші бөлім- ересектер туралы әңгімелерден, үшінші бөлім- төл әдебиет нұсқаларынан, ал төртінші бөлім- мақал-мәтелдерден құралған. Хрестоматияның алғы сөзінде автор: «Ең алғашқы рет туып отырған еңбек болғандықтан бұл хрестоматияның, мүмкін кейбір кемшіліктері болар, бірақ ол, дегенмен, ізсіз жоғалып кетпес, ең алғашқы рет оқытылайын деп отырған кітап ретінде көздеген мақсатқа дәп келер деген сеніммен өзімді-өзім жұбатып отырмын» -деп жазды. Ыбырай өз хрестоматиясында жаратылыстану, география, тарих туралы, аздап химиядан, физикадан, техникадан түсінік бергісі келетінін, сөйтіп білімді жан-жақты алып топтап беруді көздейтінін айтады. Ғылым негіздерін балаларға қызықты, түсінікті етуп беруге Ы. Алтынсарин ерекше көңіл бөліп, орыс тілі, ана тілі, арифметика, табиғаттану сабақтаына, сөзді бір тілден екінші тілге аударуға ерекше назар аударды. Мәселен, арифметиканы қазақ тіліне оқытып, мысалдарды балалардың күнделікті өміріне жақын фактілер келтіре оқытуды, біртіндеп жеңілден ауырға қарай жылжуды талап етті. Өзінің А. А. Мозохин, Ф. Д. Соколов, Ғ. Ғалымбаев, т. б мұғалімдерге жазған хаттарында балаларға тиянақты білім беру, оны өмірмен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру мәселері жайында көптеген ақыл-кеңестер береді. Ы. Алтынсариннің орыстың алдыңғы қатарлы методист-педагогтарының оқу әдістерін батыл да шебер қолдану нәтижесінде оның тәжірбиесі де артып, белгілі дидактикалық жүйесінің қалыптасқанын байқау мүмкін емес [6, 63].

Ыбырай енгізген оқу-ағарту ісіндегі енді бір жаңалық қазақ жастарына кәсіптік мамандық беру мәселесінің ғылыми негізін жасау болып табылады. Ол қазақ халқының экономикалық дамуына қажетті мамандар әзірлену ісіне ерекше мән берді; қол-өнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға едәуір күш жұмсады. Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды. Қайтыс боларының алдында Қостанайда ашылғалы отырған ауылшаруашылық училищесіне өзінің барлық жерін беретіні туралы өсиет қалдырды. Қазақ қыздарына дүнияуи білім беру ісіне жол ашқан да Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқы өмірінде орасан зор маңызы бар жаңа тарихи уақиға еді. Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищелерін ашуды өтінді. Оның нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Қарабұтақта (1890), Ақтөбеде (1896) қыздар училищелері ашылды.

Отызыншы жылдардың ортасына дейін Алтынсарин мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу түгіл, оның кім екенін жөнді ажырата алмай жүргенімізде украин халқының белгілі шығыстанушысы академик А. Е. Крымский (1871-1942) (соғыс зардабынан қоныс аударған ғалым 1942 жылдың басында Қостанайда қайтыс болған). «Қазақ түріктерінің әдебиеті» дейтін көлемді мақаласында ағартушы педагог жөнінде былайша әділ түйін айтқан еді: «Через учителей и учеников хрестоматия Алтынсарина и вне школы получило

самое широкое распространение и сильно послужило к возбуждению национального духа у казахского народа».

Алтынсарин мұрасы бізде тек соңғы 40 жылдан бермен қарай әр түрлі қырынан зерттеліп келеді. Оның әлеуметтік, әдебиеттік, этнографиялық, этикалық, философиялық көзқарастары жөнінде бірнеше диссертациялар қорғалып, жекелеген монографиялар жазылды. Бұларда ағартушының сан қилы творчествосы әр тарапта сөз болады. Бұл жерде Е. Бекмахановтың, Д. Қабдиевтің, Б. Қазыхановаңың, Ә. Дербісалиннің, Б. Сүлейменовтың, Қ. Бейсембиевтің, О. Сегізбаевтің еңбектерін атап өтуіміз қажет. Бір әттегенайы, осыншама зерттеу жүргізілсе де, әлі күнге дейін ағартушы-педагогтің философиялық көзқарасын жан-жақты талдаған монографиялар болмай келеді. Жоғарыда аты аталған зерттеушілердің қай-қайсысы да: «Ыбырай мұрасынан материалистік сарынды байқау қиын емес, оның идеалистік туындылары да жеткілікті», - деп келетін жалпылама, жалаң пайымдаулардан асып кете алмай жүр. Бұл жағдай бізге Ыбырайтанудың осынау осал жағын зерттеп, қазғылай беруге меңзейді.

Алтынсарин түсінігінде білім дегеніміз айналадағы ақиқатты тану. «Табиғи ақыл-, деп жазды Ы. Алтынсарин, ол бізді қоршаған айналаны ғана қамтуға қабілетті, ал оны дамытып, біздің көрмегенімізді де білуге мүмкіндік беретін дүниелік білім ғана». Сондай-ақ Алтынсарин «Лұқпан «әкім» деген әңгімесінде де адамның дүние танымы жөнінде кейбір қызықты жәйттарды келтіреді. Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, сонан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып, мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға сонда ерік беріңіз». Оның ойынша дүниені тануда адамның ақыл-ой парасатымен қатар түсініктері де, әсіресе көру түйсігі қатысуы тиіс. Осы аңыз-әңгіменің бірінші бөлігінде рационалистік философияның элементтері, ал екінші бөлігінде сенсуализм елес береді. Әрине бұл зінділерден оның тиянақты философиялық жүйесін аңғару қиын. Ал қоғамдық құбылыстарды түсіндіруде Ыбырай басқа да ойшылдар сияқты идеалистік бағытта болады. Әйтсе де ол ағартушылық тұрғыдан надандық пен мистикаға қарсы шығып, діни-әдет ғұрыптың ақылға сиыспайтын қисындарын қатты сынады. «Молдалар өздерінің адамның басын қатыратын уағыздарының үстіне қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр»-деп жазды ол бірде дін адамдар туралы.

Ыбырай әңгімелері жастарды еңбекті сүюге, оқу-өнерге ұмтылуға Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға баулиды. «Атымтай Жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай Жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады, - дейді ол. «Әке мен бала» әңгімесінде балаларды жастайынан еңбекке тәрбиелеу мәселесін Ыбырай ерекше көтерген.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде Ыбырай еңбекке деген қоғамдық көзқарасты кең бейнеледі. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкендерін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы тіршілікке икемдігі жайлы мәселеге әлеуметтік мән береді. Жарлы баласы Үсен тұрмыстың тепкісін көре жүріп ысылған. Ал, бай баласы Асан –өмір үшін күресудің жолын білмейтін шыдамсыз, еңбекке икемі жоқ жан. Осындай мысалдар арқылы Ыбырай жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбек сүйгіш жарлы баласы Үсендей болып өсуді уағыздайды.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің негізгі түйіні елді егіншілікке, отаршылыққа үгіттеу. Сейітқұлдың барлық іс-әрекетінен жазушы өмірге жаңаша талап жасап, отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін көреді. Бұл әңгімесінде Ыбырай өз дәуірінің өзекті мәселелерін реалистік үлгіде көрсетіп, суреттейді [7, 46].

Ыбырай Алтынсарин жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге, оларды «бағып-қағуға» жақсы мінез-құлық қалыптастыруға зор мән берген.

XIX ғасырдың аяғында еңбек тақырыбы қазақ жазба әдебиетінде Ыбырай

Алтынсарин шығармалары арқылы келді. Ыбырай Алтынсариннің еңбек мәселесін суреттеуі біздің экономикалық ерекшеліктерімізге тығыз байланысты. Еңбек тәрбиесі Ы. Алтынсариннің хрестоматиялық еңбектерінде негізгі орын алады. Ыбырай Алтынсариннің қай әңгімесін алсақ та еңбекпен тығыз байланысты. «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі негізінен еңбек тәрбиесіне арналған. Екі бала Үсен мен Асан –екі тап өкілі. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Асан бейнесінен мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейгесінен еңбек сүйгіштіктен басқа, дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай түседі.

«Қыпшақ Сейітқұл» - шығармасының тәрбиелік мәні аса зор. Осы әнгімесі арқылы әуелі еңбектің әсіресе ұйымдасқан еңбектің күшін көрсетпек, екіншіден қалың көпшілікті егіншілікпен айналысуға шақыруды мақсат еткен. Ы. Алтынсарие қазақ жерінде егін шаруашылығының дамитындығына ешқанда шұбаланған жоқ.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршіндерге рухани азық болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілейін деп тұрған өтпелі кезеңінде Ыбырай жас жеткіншектерге ой салатын, тәрбиелік мағынасы мол, түрлі қызықты әңгімелерді көптеп жазуға тырысып бақты. Мысалы, ағартушының «Мейірімді бала» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпағанымыз. Оған дәлел ретінде Сейіт бала туралы мына бір әңгімесіне құлақ түріп көрелік:

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалады. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып танып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатады. Сонда сынықшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? -деп сұрайды. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлайды:

– Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, - дейді.

Сейіт өзінің жас шамасына қарамастан жіберген қатесін түсінді. Ол екінші рет зар жылап, көз жасын көлдететін болса, ардақты ананың баласының еңіреген даусын ести алмай, талып қалатынын алдын ала сезгендей болды. Онсызда баласының қамын ойлап, зыр жүргіріп жүрген анасына қосымша жүк болмауды ойлады. Ер жігітке тән мінез көрсетті. Ішінен: «анашым сәл шыда өсуіме аз қалды» дегендей сезім қалдырды. Сейіттің мұндай іс-әрекеті екі түрлі мағына береді: алғашқысы балалықтан өтіп жауапты да дербес жетілгендікті білдірсе, екіншісі түн ұйқысын төрт бөлген анасын ерекше қастерлегенін айшықтайды

Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог – ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой мен пікірлес болды.

Кітаптың беташары оқуға шақырудан басталып, оның әлеуметтік мәнін түсіндіру болса, сонымен қатар негізгі тақырыбының бірі – еңбек.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан – жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді.

Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй-ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті ту қып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді. Олардың кейбіреулері өсе келе тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мещандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін қол созады. «Мейірімді бала»-әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі. Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көрініст былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты [8, 36].

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын білім алуға шақырған алғашқы ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин де Абай сияқты «өлеңді ермек үшін, жоқ-барды термек үшін» жазбағандығы белгілі. Ыбырайдың поэзиясы мен әңгімелерінің басым көпшілігі мектеп оқушыларына, негізінен жас буынға арналған Ы. Алтынсарин туындылары – тәрбиелік мәнін бүгінгі таңда да жоймаған көркем шығармалар. Олар оқушыға түсінікті, қызықты тілмен жазылған.

Хабарлама да Ыбырай Алтынсариннің балаларды оқу-өнерге шақыру, жаңа мәдениетті тәлім-тәрбие алуға үндеу, жастарды еңбекке баулу тақырыптарына жазған шығармаларын оқушыларға адамгершілік тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдары туралы айтылады.

Бастауыш сыныптар бағдарламасына сәйкес Алтынсарин шығармалары ана тілі оқулығында шашыраңқы аз көлемде берілген. Сондықтан Алтынсарин шығармаларын тәрбие мақсатында рпайдалану сыныптан тыс жұмыс түрлерін қажет етеді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан оның өз халқын беріле сүйгендігін және сол халықтың келешегі жолында бүкіл өмірін сарп ете ізденіп, өнегелі істер қалдырған ірі азаматтық тұлғасын көреміз. Сондықтан да Ыбырайдың әдеби мұрасы әрдайым өз ұрпақтарымен бірге жасап, оларға тәрбие беру құралы бола бермек [9, 89]. Ы. Алтынсарин өзінің бар өмірін ағартушылық ісіне бағыттап, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға шақырады. Мектепте Ыбырай шығармаларын оқыту-оқушыларға жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят, қамқорлық, қарапайымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Ы. Алтынсарин қазақ балаларын оқулықтармен қамтамасыз етуге де көп еңбек сіңірді. Ол орыстың ұлы педагогы К. Д. Ушинскийдің «Балалар әлемі» деген кітабын пайдаланды. Осы кітаптың бағытында өзі де қазақ тілінде (араб әрпімен емес) орыс әрпін тұңғыш қолданып, қазақ мектептеріне тұңғыш оқу құралдарын жазды. Оқулық жасау жұмысына Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің ең негізгі шараларының бірі деп қарады. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретуді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез –құлыққа баулуды көздеді. Діни мектептерде оқытылып жүрген татар, араб, парсы кітаптарының бәрі адам баласын дұрыс ойлаудан шатастырып, кері кетіретінін айта отырып, Ыбырай қазақ тілінде кітап басып шығару керектігін мәселе етіп көтерді. 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісті. «Бұл кітапты құрастырғанда мен біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» деп жазды [10, 52]. Ыбырай көркем әдебиет тілінің тазалығы үшін күресті, балаларға ана тілін үйретуді мақсат етті. Оның қазақ тілін татар, парсы сөздерімен араластырып жүрген діни адамдарға қарсы күресі мұны анық дәлелдейді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Құбаева И. Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері // Қазақ тілі мен әдебиеті №7-8.

2. Ламашев Ә. Алтынсарин туралы естелік. – Алматы, 1991

3. Махмова Ж., Тұрсынғалиева Т. «Тіл дамыту жұмыстары» // Қазақстан мектебі, №7 65б. 2000 ж.

4. Сүлейменов Б. Жизнь и деятельность Ибрагима Алтынсарина. - Алматы, 1962
5. Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988ж.
6. Сәрсенбаев Ә. «Сәулелі жұлдыз іздеген адам» // Қазақ әдебиеті. - 2007. - №11
7. Сүлейменов Б. Ы. Алтынсарин таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1955
8. Табылдиев Ә. Ы. Алтынсариннің этнопедагогикалы еңбектері // Қазақ тарихы. - №1
9. Әлімханұлы Д. Бір уыс мақта. - Астана: Таным, 2003. - №5
10. Алтынсарин әңгімелері. –Алматы: Мектеп, 1980

Қазақ әдеби тілінің тарихы және түркітану мәселелері

Молдабаева Н.
Алматы облысы, Қаскелең қаласы,
В. Г Белинский атындағы орта мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдеби тілінің тарихы мен түркітану мәселелері өзара тығыз байланысты екі ғылыми сала болып табылады. Түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, тілі қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына тікелей әсер етті. Қазақ әдеби тілі, негізінен, түркі тілдерінен бастау алады және ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени процестердің нәтижесі. Түркітану ғылымы түркі халықтарының тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттейді, және бұл ғылымның дамуы қазақ әдеби тілінің зерттелуінде үлкен рөл атқарды. Түркі халықтары ғасырлар бойы бір-бірімен қарым-қатынаста болып, ортақ мәдениет қалыптастырған. Осыған байланысты қазақ тілі де басқа түркі тілдерімен тығыз байланыста дамып, өзінің ерекше тілдік құрылымын сақтап қалған.

Зерттеу мақсаты: қазақ әдеби тілінің тарихи қалыптасу кезеңдерін анықтау және түркі тілдерімен өзара байланыстарын зерттеу, сондай-ақ түркітану ғылымының бұл процестегі рөлін қарастыру. Бұл зерттеу қазақ әдеби тілінің даму заңдылықтарын ашып, қазіргі тіл білімінде оның орнын анықтауға бағытталған. Мақаланың өзектілігі қазақ әдеби тілі мен түркі тілдері арасындағы тығыз байланыстарды зерттеу арқылы түркітану ғылымының жаңа зерттеу әдістерін анықтауда жатыр.

Қазақ әдеби тілі өзінің түп-тамырын ертедегі түркі тілдерінен алады. Орхон-Енисей жазбалары, көне түркі ескерткіштері қазақ әдеби тілінің негізін құрайды. Ортағасырлық кезеңде түркі халықтары арасында қалыптасқан ортақ әдеби тіл қазақ әдеби тілінің бастауында тұрды. Қазақ хандығы құрылған кезеңде, әсіресе жыраулар дәуірінде әдеби тілдің өзіне тән ерекшеліктері қалыптасты. Жыраулар поэзиясы қазақ тілінің әдеби нормаға айналуына ықпал етті. Жыраулардың шығармалары арқылы қазақ тілінің байлығы, оның ұлттық құндылықтары, рухани дүниесі көрсетілді.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті қазақ әдеби тілінің дамуына жаңа серпін берді. Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты тұлғалардың шығармалары қазақ тілінің әдеби тіліне жаңа үлгі қосты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері қазақ әдеби тілінің дамуына айтарлықтай ықпал етті, ол өз шығармаларында қазақ тілінің бай лексикасын, грамматикалық құрылымын пайдаланып, оны жаңа деңгейге көтерді. Шәкәрімнің шығармалары да қазақ әдеби тіліне өзіндік үлесін қосты. Оның

шығармаларында қазақ халқының рухани байлығы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы терең суреттелген.

Әдеби тілдің қалыптасуында ауызша әдебиет пен жазба әдебиет бір-бірімен тығыз байланыста болды. Жыраулардың шығармашылығы, жырлар, эпостар қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі болды. Жазба әдебиет пен ауызша әдебиеттің өзара әрекеттесуі қазақ әдеби тілінің дамуына ерекше ықпал етті.

Түркі тілдері – тарихи тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысты тілдер тобы. Қазақ тілі де түркі тілдеріне жатады және оның басқа түркі тілдерімен байланысы айқын көрінеді. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Бұл топқа қазақ тілінен бөлек ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері де кіреді. Түркі тілдерінің қазақ тіліне әсері лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде көрінеді.

Лексикалық әсер: Қазақ тіліне басқа түркі тілдерінен енген сөздер өте көп. Бұл сөздердің бір бөлігі тікелей қыпшақ тілдерінен алынса, басқа бөлігін оғыз тілдері, сондай-ақ ортақ түркі тілдерінен алынды. Орта ғасырларда түркі тілдері арасындағы тығыз байланыс, олардың тарихи даму барысындағы ықпалдастығы нәтижесінде қазақ тілінің сөздік қоры байыды. Мысалы, қыпшақ тілдерінен енген «құдірет», «мәдениет», «маңызды» сияқты сөздер қазақ тілінде әлі күнге дейін қолданылады. Сонымен қатар, қазақ тілінің өзіндік байырғы сөздік қоры да сақталып, дамып отырды.

Фонетикалық әсер: Түркі тілдеріне тән дыбыстық ерекшеліктер қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде айқын көрінеді. Қыпшақ тілдерінің ықпалы, әсіресе дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінуінде айқын байқалады. Қазақ тіліндегі үндестік заңы түркі тілдеріне тән құбылыс, және бұл заңдылық қазақ тілінің барлық деңгейлерінде көрініс табады. Сонымен қатар, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде кейбір оғыз тілдерінен келген өзгерістер де байқалады, мысалы, кейбір сөздердің дыбысталуының оғыз тілдеріне жақын болуы.

Морфологиялық әсер: Қазақ тілінің морфологиялық құрылымы да басқа түркі тілдерінен алынған көптеген элементтерді қамтиды. Бұл әсіресе септік жүйесінде, сөз тудырушы жұрнақтар мен жалғаулар жүйесінде айқын байқалады. Мысалы, қазақ тіліндегі қимыл есімдері мен етіс жұрнақтары көне түркі тілдерінен бастау алады. Түркі тілдеріне тән жалпы морфологиялық заңдылықтар қазақ тілінің грамматикалық құрылымының негізін құрайды.

Синтаксистік әсер: Қазақ тілі түркі тілдеріне тән сөйлем құрау ережелерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерін де қалыптастырған. Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі қатаң сақталады және бұл ерекшелік басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Түркі тілдерінің синтаксистік құрылымында қазақ тіліне тән бірыңғайлық бар. Мысалы, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш және анықтауыштардың орын тәртібі қазақ тілінің өзіндік синтаксистік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл жүйе басқа түркі тілдеріне де ортақ болып табылады.

Тарихи әсерлер: Түркі тілдерінің қазақ тіліне әсерін тарихи тұрғыдан қарастырғанда, түркі халықтарының мәдени, саяси, экономикалық байланыстарының нәтижесінде тілдердің өзара ықпалдастығын байқауға болады. Орта ғасырларда, әсіресе Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілі кең таралған болатын және бұл тілдің қазақ тіліне ықпалы зор болды. Осы кезеңде қазақ тіліне басқа түркі тілдерінен көптеген сөздер, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктер енді.

Түркітану ғылымы түркі тілдес халықтардың тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттейтін маңызды сала. Оның даму тарихы XIX ғасырдан басталады. Түркітану

ғылымының негізін қалаушылардың бірі В. В. Радлов болды. Ол түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды. Түркітану ғылымында М. А. Кастрен, А. Н. Самойлович, А. Н. Кононов сияқты ғалымдардың еңбектері де үлкен орын алады.

Қазақстанда түркітану ғылымы XX ғасырдың басынан бастап дамыды. Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев сияқты ғалымдар қазақ тілін зерттеуде орасан зор үлес қосты. А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегі қазақ тілінің грамматикасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Қ. Жұбанов қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық жүйесін зерттеп, оны ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Бұл ғалымдардың еңбектері қазақ тілінің әдеби тіліне ғылыми негіз қалап, оның әрі қарай дамуына жол ашты.

Қазіргі түркітану ғылымы жаңа технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, түркі тілдерін жан-жақты зерттеуде. Лингвистикалық мәліметтер базалары, корпус лингвистикасы сияқты жаңа құралдар түркі тілдерін салыстырмалы түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы түркітануда тарихи-лингвистикалық зерттеулермен қатар, тілдің заманауи даму тенденциялары да қарастырылады.

Қазақ әдеби тілі – түркі халықтарының ортақ мәдениеті мен тарихының көрінісі. Оның қалыптасуы түркі тілдерімен тығыз байланысты, ал дамуы тарихтың түрлі кезеңдеріндегі саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістермен қатар жүрді. Түркітану ғылымы қазақ әдеби тілінің қалыптасуын, оның басқа түркі тілдерімен байланысын зерттеуде маңызды рөл атқарды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ әдеби тілі мен түркі тілдері арасындағы байланыстың тарихи маңызын анықтауға болады. Түркітану ғылымының дамуы қазақ тілінің зерттелуіне зор ықпал еткенін айта отырып, болашақ зерттеулерде қазақ тілінің түркі тілдеріндегі орнын, сондай-ақ оның қазіргі заманғы даму үрдістерін одан әрі зерттеу маңызды болмақ. Тілдің даму бағытын анықтау үшін тарихи деректерді терең талдау, жаңа әдістемелер мен технологияларды қолдану қажет.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1986.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Орынбор, 1914.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966.
4. Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы: Мектеп, 1967.
5. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1991.
6. Томанов М. »Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы». -Алматы:Ғылым, 1981.
7. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы:Ана тілі, 1993.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Академиялық дискурс мәні

Сатбекова А.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының магистрі

Соңғы онжылдықта түрлі гуманитарлық сала ғылымдарының зерттеушілері дискурсқа басты назар аударуда. Дискурсты институционалдық тұрғыда зерттеу кеңінен бағыт алуда. Бұл ұғым нақты әлеуметтік институт аясында қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар бұл саладағы көп зерттеушілердің пікірінше, тек лингвистикалық қана емес, экстралингвистикалық факторларға да назар аударған жөн. Заманауи парадигмада тілді дискурсивті форматта зерттеуде қатысым үдерісінде тілдік ықпал етудің ерекшеліктерін ашатын жаңа мүмкіндіктер пайда болуда. Бұл ретте сөз сөйлеуші мен жазушы тұрғысынан ғана емес, енді қабылдаушы тұрғысынан да қарастырылды [1, 17-б.]. Ғылыми әдебиеттерге талдау жасай отырып, «дискурс» ұғымының мазмұны мен құрылымын анықтау, ғылыми дискурстың институционалды дискурс ретінде ерекшеліктерін анықтап, ауызша ғылыми дискурсқа сипаттама беру *біздің басты мақсатымыз* болып табылады.

Дискурс ұғымы тілдік зерттеулердің фразалық синтаксис аясында зерттеле бастағанда пайда болды. Дискурс логикалық, мағыналық ұсыныстардың бірізділігінен құралған кешендер бірлігі ретінде қарастырыла бастады. Дискурс «... бұл – XX ғасырдың соңында біздің пайымдауымыздағы тіл бейнесіндегі жаңа белгі» [2, 71-б.]. Лингвистиканың даму тарихы барысында «дискурс» ұғымы түрлі өзгерістерге ұшырады. Т. А. Дейк Ван дискурсты «мәтін» ұғымы арқылы пайымдайды. Бұл ретте мәтін дискурстың бөлігі немесе оның негізгі бірлігі ретінде қарастырылады. Біздің пікірімізше, дискурс үнемі мәтін болып саналады. Бірқатар зерттеушілер мәтінді дискурстың нәтижесі деп есептейді, кейбіреулері бұл ұғымдарды ұқсас ұғымдар деп санайды [3]. Сонымен, «дискурс» терминін өзіндік лингвистикалық мағынасында қолданудың аясы алуан түрлі. Алуан түрлілігіне мысал ретінде келесі анықтамаларды жатқызуымызға болады: дискурс бұл – «аталмыш қоғамдық топ өмірінің сол және басқа кезеңінің нақты бір жағдайында анықталған айтылғандар мен түсіндірілгендердің жиынтығы». Бұл тұста қоғамдық дискурс туралы сөз мәнінде. *Жалпы* дискурс тақырыптық-жағдаяттық ұстанымдар бойынша бір ғана тақырып-жағдайға негізделген *жеке* дискурсқа жіктелуі мүмкін. Өз кезегінде, жеке дискурс *нақты* дискурстардан тұрады, бұл нақты уақыт аралығындағы белгіленген жалпы тақырыпқа қатысты бір нәрселер айту ұсынылады. Мұнда нақты тіл иелерінің сөйлеу қызметінің нәтижесінде оны құраушы – мәтіндер анықталады [4].

И. П. Сусов ұсынған дискурс анықтамасын қарастырсақ, «сөйлеу актілерінің өзара байланысты бірізділігін дискурс деп атаймыз. Айтушының тыңдаушыға айтқан пікірі (немесе ой бірізділігі) егер ол жазба түрде (немесе дыбыс жазу аппаратының көмегімен) белгіленсе мәтін болады. Демек, мәтін құрылған дискурстың «ақпараттық белгісі» ретінде көрінеді [5, 40-б.]. Коммуникативтік лингвистиканың дамуы тіл білімінде, психолингвистикада, социолингвистикада, психологияда, этнографияда, философияда әзірленген идеялардың талдауын келтіреді. Бұл «дискурс» терминінің мәтін

лингвистикасы шегінен шыққанын білдіреді. Атап айтқанда, социолингвистикада В. И. Карасик дискурсты *жеке* және *институционалды* деп басты екі түрге бөледі. Алғашқысында сөйлеуші тұлға ретінде көрінсе, ал екіншісінде – нақты әлеуметтік институттың өкілі ретінде көрінеді. «Жеке дискурс басты екі түрде жүзеге асырылады: тұрмыстық және болмыстық қарым-қатынас». Бүгінгі таңда адамдардың қарым-қатынас саласына бұқаралық ақпараттың жан-жақты әсер етуі дискурс жанрын әдеттегі және институционалды қарым-қатынас жанрымен сәйкестендіруге алып келеді. Бұл ретте В. И. Карасик «дискурстың аударылған алуан түрлілігінің» пайда болуы туралы айтады [6].

Автор институционалды дискурсты мәртебелі-рөлдік қарым-қатынас аясында белгіленген қарым-қатынас ретінде анықтайды. Заманауи коммуникативтік кеңістікте институционалды дискурстың келесі түрлері қолданылады: саяси, дипломатиялық, әкімшілік, заңгерлік, әскери, педаогикалық, діни, тылсым, медициналық, іскерлік, жарнамалық, спорттық, ғылыми, сахналық және бұқаралық-ақпараттық [5]. Институционалды дискурс қоғамның нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арнайы құрылған қандай да бір әлеуметтік организм аясында нақты мәртебелік рөлі бар адамдардың конвенционалдық, мәдени шартты, нормативтік ауызша өзара қарым-қатынасы болып табылады. Институционалды дискурстың әрбір түрінде мәртебелік және тұлғалық компоненттері арасындағы байланысының нақты өлшемі бар. В. И. Карасиктің пікірінше, институционалды дискурстың қандай да бір түрін сипаттау келесі компоненттерді қарастыруды талап етеді: 1) қатысушылар, 2) хронотоп, 3) мақсат, 4) құндылықтар (соның ішінде басты концепт), 5) стратегиялар, 6) материал (тақырып), 7) түрлері мен жанрлары, 8) прецедентті мәтіндер, 9) дискурсивтік формулалар [5].

В. И. Карасик сілтеме жасаған Р. С. Аликаев (1999) ғылыми стиль аясында ғылыми дискурста қолданылатын мәтіндердің функционалді стилін негізге ала отырып, нақты ғылыми (академиялық), ғылыми-оқу, ғылыми-техникалық, ғылыми-публицистикалық, ғылыми-ақпараттық және ғылыми-ауызекі стильді атап көрсетеді. Р. С. Аликаев ғылыми стильдің прагматикалық сипаттамаларына келесілерді жатқызады: 1) бірдей рөлдік позициядағы типке келтірілген бөлекше субъект пен сөйлеу объектісі; 2) еркін пікір алмасуды ұсынатын типке келтірілген қарым-қатынас жағдайлары; 3) қатысушылардың тепе-тең пресуппозициялары; 4) қарым-қатынастың қалыптасқан дәстүрі мен ортақ мәтіндердің маңызды бөлігі. Автор ғылыми тілді саралау үшін макромәтіннің бөлінушілік/бөлінбеушілік және олардың бастапқы/соңғылық сынды екі өлшемін көрсетеді [5].

Дискурстың лингвистикалық талдауы әлеуметтік коммуникацияның табысты болуына себепші. Антропологиялық лингвистика мен қарым-қатынас этнографиясы тұрғысынан алғанда, дискурс әдетте әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыралады. Бұл саладағы теориялар мен білімдегі табыстар адамдарға әлеуметтік дискурсты ұғынуға, меңгеруге себепші болады және дискурс пен мәдениет, қоғам арасындағы баланыстарды меңгеруге көмектеседі. Адамдар осылай табысты жұмыс істеп, пікір алмасып, жеке өзара қарым-қатынасқа түсулері мүмкін [7]. Мәтінге қарағанда дискурста қарым-қатынастың бейвербалды құралдары, сөйлеу әдебінің ережелері өзекті болады. Сондықтан да Н. Д. Арутюнова дискурсты «өмірге енген» тіл деуі тегін емес [8].

Мәтін мен дискурстың құрылымы коммуникативтік жағдайға байланысты анықталады. М. Л. Макаров дискурсты біртұтас құрылымды мәтін мен жағдай деп біледі. Өз кезегінде мәтін дискурс ретінде анықталады, мұнда жағдай ескерілмейді. Сонымен дискурс функционалдығымен, үдерістігімен, қарқындылығымен, өзектілігімен

сипатталады, мұнда мәтіннің басты параметрлері ретінде керісінше құрылымдылық, өнімге бағдарлау, тұрақтылық, виртуалдылық көрінеді [9]. Коммуникативтік тұрғыда дискурс – бұл ауызша қарым-қатынас, құрылымдық-семантикалық тұрғыда – бұл мәтін бөлігі, фразалық білім беру; құрылымдық-стилистикалық тұрғыда – бұл коммуникативтік жағдайға енген мәтін; синтетикалық тұрғыда – бұл нақты тип хабарламаларының вербалды және бейвербалды өнімдері [10].

Қазіргі таңда ғылыми ортада дискурстың өзіндік соны үлгілерін дамытатын көптеген бағыттары пайда болуда. Мысалы, Т. А. Дейк Ван дискурс талдауын жақсы ұмыт болған пән деп есептейді, себебі мұнымен шешендер екі мың жыл бұрын айналысқан. 1980-жылдардың ортасынан бастап дискурс-талдау ішкісалалық кезеңінен өтуде. Т. А. Дейк Ван дискурстағы тілдің қызмет ету ерекшелігін қарастырады, мұнда ол келесі әлеуметтік аспектілерді есепке алып отыр: қарым-қатынас қатысушыларының пікірі, олардың нұсқаулары, әлеуметтік мәртебесі, этникалық құрамы және т. б. Автор дискурсты вербалды қарым-қатынас бірлігіне жатқызады, оларды әлеуметтік факторларды есепке ала отырып, холистикалық тәсіл тұрғысынан зерттеуді жөн санайды [3]. Біздің жұмысымызда дискурс интерпретациясының түрлі тәсілдерін салыстыру үшін әртүрлі зерттеушілерге сілтеме жасалынған. Материал талдауы дискурс тәсілдерінің бір-бірімен қиылысып, бірін бірі толықтырып отырады деп пайымдауға мүмкіндік береді. Сонымен біз «дискурс» ұғымын түсіндіру мен термин түсіндірілетін білім саласына байланысты дискурсты түрлері бойынша орналастырудың арасында тікелей байланыс барын көріп отырмыз. Барлық зерттеушілер оның тірі тілмен байланысты екенін және тілдік қарым-қатынастан тыс жүзеге аспайтынын мойындайды.

Академиялық немесе *ғылыми дискурс* деп аталатын дискурс түрін қарастырайық. Аталған жұмыста дискурстың академиялық және ғылыми түрлері синоним ретінде қарастырылады. Ғылыми дискурс интертекстуалдылықтың ерекше жоғары дәрежесімен сипатталады, сондықтан да мұнда прецедентті мәтіндер мен олардың концептілеріне сүйенген жөн [11]. Тілшілер тарапынан академиялық дискурс үнемі назарға алынып келеді. Ол ғылыми қарым-қатынас қатысушыларының тепе-теңділігімен ерекшеленеді. Оқу қауымдастығының кез келген өкілі күдіктенуі, дауласуы, кез келген сипаттағы тұжырымға сын көзбен қарауы мүмкін.

Ғылыми дискурс мақсатына келесілер жатады: 1) мәселелік жағдаятты анықтау және зерттеу пәнін анықтау; 2) сауалдың тарихын талдау; 3) гипотеза мен зерттеу мақсатын қалыптастыру; 4) зерттеу әдістері мен материалын таңдауды негіздеу; 5) зерттеу пәнінің теориялық үлгісін құру; 6) бақылау мен тәжірибе нәтижелерін баяндау; 7) зерттеу нәтижелерін талқылап, пікір білдіру; 8) жүргізілген зерттеуге эксперттік баға беру; 9) алынған нәтижелердің практикалық қосымша облысын анықтау; 10) алынған нәтижелерді мамандар мен маман еместер үшін қолайлы түрде баяндау. Ғылыми дискурс дәстүрлі түрде ғылыми мақала, монография, диссертация, конференциялардағы ғылыми баяндама, ғылыми-техникалық есеп, пікір, реферат, аннотация, тезис жанрында жүзеге асырылады. Компьютерлік қатынас ғылыми дискурстың жанрлық жүйесіне айтарлықтай әсер етеді. Ол ресми және бейресми дискурс шегін жояды (мысалы, эхоконференцияларда). Ғылыми мәтіннің «дискурсивтілігін» сөз еткенде, оның мәтінді ұйымдастырудың бірнеше деңгейінде жүзеге асырылатынын ескерген жөн: типологиялық – орын алған жанрлық түрлерді сақтау және жүзеге асыру, құрылымдық-пайымдық – нақты мәтінде көрініс тапқан, әлемнің ғылыми бейнесін бейнелеудің жалпы үдерісіне

енгізу, тілдік – басқа ғылыми мәтіндерден түрлі бейнедегі тілдік бөлшектерді қолдану [12].

Кейде ғылыми дискурс жоғары білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын педагогикамен бірге қарастырылады. Аталмыш тәсіл аясында ғылыми дискурста симметриялық қарым-қатынас орнауы мүмкін. Мұнда ақпарат алмасу білім беру саласына қатысты білім деңгейлері бірдей сондай-ақ бірін-бірі толықтыратын әріптестер арасында болуы мүмкін. Соңғысында ақпарат тарату тек оқытушы тарапынан болғандықтан әріптестердің жағдайлары бірдей емес. Әлбетте ғылыми дискурстың да, педагогикалық дискурстың да бірқатар функцияларының сәйкес келуі мүмкін. Сондықтан оларды мамандандырылған ғылыми-оқудың өзара әрекетінің бірыңғай парадигмасында қарастырған жөн. Егер түрлі жанрдағы ғылыми мәтіндерге тән ерекшеліктерді қарастыратын болсақ, оларға жүйелілік, қисындылық, дұрыстық, қысқалық, терминологиялылық тән. Дәлме-дәл ғылымиға қарағанда оқу мәтіндері білімнің қалыптасқан жүйесін, жалпы қабылданған ұғымдар мен аталмыш ғылым заңдарын белгілей отырып, білім беру міндеттерін шешеді. Олар дәлділігімен, жүйелілігімен, баяндалған ақпаратты өзектілендіру құралдарының болуымен ерекшеленеді. Мұндай мәтіндер нақты академиялық құзыреттілік жиынтығы мен деңгейі бар оқырмандарға бағытталған [13, 42-б.]. Академиялық қарым-қатынасты ашықтылығымен және мазмұнының айтарлықтай төмен болжамдылығымен ерекшеленетін шығармашыл дискурс деп атауға болады [14].

Бүгінде ғылыми өзара байланыс интернет арқылы кеңінен жүзеге асырылуда. Жиі қолданылатын академиялық желілік интернет-технологиялар қауымдастығының ішінде келесілерді атауға болады: 1) электронды форумдар (телеконференциялар, веб-форумдар, чаттар және т. б.); 2) жарияланған мақалаларды талқылау мүмкіндігі бар интернет-конференциялар; 3) электронды журналдар; 4) электронды кітапханалар [15, 33-б.]. Академиялық қарым-қатынастың жаңа түрі – интернет-конференция веб-технологиялардың негізінде жұмыс жасайды. Интернет-конференциялар бетпе-бет жүргізілген конференцияларға тән барлық кезеңдерді қамтиды: 1) тарату тізімі бойынша конференцияның өтетіндігі туралы хабарландыру; 2) нақты электронды үлгіде рәсімделген тезистер мен мақалаларды жинау; 3) мақалаларды еркін талқылау үшін сайтта материалдарды орналастыру.

«Auditorium» ғылыми-білім беру порталында тұрақты түрде жүргізіліп тұратын интернет-конференцияларды мысалға келтіруге болады. Интернет-конференциялардың өзіндік ерекшеліктеріне келесілер жатады: 1) конференциялардың өту уақытында қатысушыларды кез келген уақытта қосу; қатысушылар мен веб-сайтқа (портал) кірушілер үшін электронды түрде барлық материалдардың қолжетімділігі; 3) материалдарды гипермәтіндік құрылымы бойынша іздеу [16]. Заманауи технологиялар академиялық қарым-қатынастың дәстүрлі құралдарының орнын баса алмайды, тек Интернетте материалдар жариялау арқылы ғана қолдау танытуы мүмкін, мысалы кітапхананың электронды каталогін қолдану арқылы бірін-бірі толықтырады. Бұл ретте мәтін мен гипермәтіннің қатар жүруі туралы айтқан У. Эконың да, сондай-ақ коммуникативтік каналдардың тармақталу теориясы туралы айтқан А. В. Соколовтың да еске түсетіні орынды [17, 226-б.]. Электронды дискурста қарым-қатынастың бірқатар жасанды сипатқа ие деген пікірмен де келісуге болады. Сонымен электронды-жанама тілдесім тікелей тілдесімнен ерекшеленеді. Бірақ оны толықтырып, интербелсенді жаңа мүмкіндіктердің есебінен академиялық өзара әрекет саласын кеңейтеді.

Электронды дискурс зерттеушілері электронды қатынас құралдарының қарым-қатынастың орнын алмастырмай, оны тек толықтыратынын ескертеді. Олардың тиімділігі тақырып таңдауымен, тәртібімен, технологияларымен, күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Біздің зерттеуіміз үшін *ауызша* ғылыми дискурс қызығушылық танытуда, ол төмендегідей сипатқа ие (жазбашамен салыстырғанда):

- сөйлеуші мен адресат арасындағы дыбыстық өзара байланыс;
- жазбаша хабарламаның тууына қатысты бастапқылық;
- ақпараттың пайда болуы мен түсіну үйлесімділігі;
- сөйлеу үзінділері (просодиялық аяқталымдылық, дербестік);
- дискурстың пайда болуы мен түсінудің неғұрлым жоғары жылдамдығы;
- төменгі рәсімділік;
- кенеттілік, сұхбаттылық;
- қарым-қатынастың техникалық құралдармен жанамалылығы [18].

Психолингвистика саласындағы зерттеушілер ауызша ғылыми дискурсты когнитивтік механизмдердің (назар, жад, ойлау) жұмысына, сондай-ақ ауызша ғылыми сөйлеудің сипаттамаларын салыстыру негізінде туындаған сөйлеу механизмдеріне байланысты құрылымдау мүмкіндігін дәлелдеген. Демек, пікірдің пайда болу үлгісін құруда дискурстың бір бөлігі ретінде лингвистиканың ғылыми парадигмасын кеңейту мүмкіндігі бар. Ауызша ғылыми сөйлеуді сипаттау мен ауызша ғылыми мәтін ерекшелігі 60-тан аса белгісі бар, сондай-ақ пікірталас сөздер сипаттамасын да қосуға болады: ғылыми дискурста сөйлеушінің эмоционалды алаңдаушылық күйі сөйлеу мәтінінде паузация, артықтық элементтерінің, грамматикалық келісімге келмеу құбылыстар санының артуында байқалады. Бұдан бөлек сөйлеуші сөйлеуді грамматикалық жүзеге асырудың неғұрлым қарапайым тәсілін таңдап, сөз іздеу стратегиясын жеңілдетеді [19]. Ғылыми мазмұндағы ауызша монологтік мәтінге тән артықтық элементтері нормадан ауытқымай, сөйлеудің пайда болу үдерісінде сөйлеуді түзетіп, бақылау механизмдерінің жұмысын жақсартқан жағдайда тұлғаның сөйлеу қабілетінің рефлексивті-құндылықтандыру субкомпонентіне қатысты тұжырым жеткілікті болып саналады [19].

Басқа тілде қарым-қатынас жасауды (жазбаша және ауызша) үйретуде дискурстың келесі белгілеріне назар аудару керек деген пікірмен келісеміз:

- тақырыптық байланыстылық – сөйлеу үзінділерінің (монологтік немесе диалогтік) мазмұны нақты тақырып шеңберіне шоғырланады;
- жағдаяттық байланыстылық – сөйлеу әрекеті нақты коммуникативтік жағдайда жандандырылады;
- қарқындылық – тақырыптың сол немесе басқа да коммуникативтік жағдайда өзгеруі;
- әлеуметтік бағыттылық – сөйлеу үзінділерінде әлеуметтік қарым-қатынастың маңызды категориялары жандандырылады: әлеуметтік мәртебе, коммуникативтік рөлдер, коммуникативтік нұсқаулар, коммуниканттардың құндылықтық бағыттылығы;
- дискреттіліксіздік – дискурстың біртұтас сөйлеу туындысы ретінде шегінің белгісіздігі [20].

Оқытудың маңызды мақсатының бірі ретіндегі дискурсивтік құзыреттілік шет тілін меңгеру үдерісі барысында айрықша маңызды болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру үдерісі тұлғалық парадигмаларға өтумен сипатталады. Ең

алдымен, бұл шет тілдерін оқыту әдістемесінде ғылыми ұғымдардың қолжеткен деңгейінде *тілдік тұлға* ұғымы негізгі ұғым болып табылады, тілдік тұлға ұғымына тілдік қабілеттіліктің көпкомпонентті құрылымдық реттелген жиынтығы, сөйлеу хабарламаларын болдыру мен қабылдау шеберлігі енеді. Бұл ретте дискурсивтік құзыреттілік тілдік тұлғаның даму деңгейін анықтау өлшемдерінің бірі ретінде көрінеді, себебі ол қарым-қатынас құралдарын қолдану, мәтіндік ақпаратты ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру, тілдің жанрлық-құрылымдық элементтерін меңгерудің белгілі бір деңгейін қамтиды.

Сонымен бірге дискурсты қабылдау мен тудыруға бағытталған дискурсивтік құзыреттілікті танымдық қызметтің ерекше түрі ретінде қарастыруға болады. Білім беру кеңістігінің заманауи парадигмасында ЖОО бітірушілердің академиялық дискурсты меңгеруіне айрықша мән беріледі. Себебі шет тілдерін оқытудың заманауи тұжырымдамасы халықаралық академиялық ұтқырлық қағидасын жүзеге асыруға қажетті бірыңғай академиялық орта құруға, шет тілдерін меңгеру стандарттарының халықаралық және отандық сәйкестілігіне толыққанды қолжеткізуге бағытталған.

Дискурсивтік құзыреттілік маңызды құзыреттіліктердің бірі болып табылады, себебі мұнда көпшілік алдында сөз сөйлеу мен дискуссиялар аясында өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін ауызша ұсыну шеберлігі көрініс табады. Бітіру жұмыстарын дайындап, оны ауызша түрде таныстыру журналдар мен ғылыми жинақтарға ғылыми мақалалар жазу міндетімен, ғылыми-практикалық конференцияларға өтінім берумен, ғылыми диссертациялар жазумен және әртүрлі деңгейдегі ғылыми баяндамаларды дайындаумен тығыз байланысты. Сонымен, біз ғылыми (академиялық) дискурстың басты белгілерін қарастырып, білім берудің жаңа үлгісіне өту жағдайында ЖОО түлектерінің дискурсивтік құзыреттіліктерді (соның ішінде ауызша түрде) меңгеруінің маңыздылығын көрсетуге талпындық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Макаров М. Jl. Основы теории дискурса. М.: Гнозис, 2003.
2. Степанов Ю. С. Альтернативный мир. дискурс. Факт и Принцип причинности // язык и наука конца 20-го века. м.: РАН, 1996.
3. Дейк Т. А. Ван. Язык. Познание. коммуникация. м.: Прогресс, 1989.
4. Кудлаева А. Н. Типы текстов в структуре дискурса: автореф. дис. … канд. филол. наук. Пермь, 2006.
5. Сусов И. П. введение в языкознание: учебник для студ. лингв. и филол. спец. м.: Аст: восток – Запад, 2007. (лингвистика и межкультурная коммуникация: золотая серия.)
6. Карасик В. И. О типах дискурса // языковая личность: институциональный и персональный дискурс: сб. науч. тр. Волгоград: Перемена, 2000.
7. Cameron, D. (Ed.). Working with spoken discourse. L.: Sage, 2001.
8. Арутюнова Н. Д. Дискурс. М., 1990.
9. Макаров М. Л. Основы теории дискурса. М.: Гнозис, 2003.
10. Сдобнова Ю. Н. Лингвистическое отображение современных социальных тенденций в институциональном дискурсе вооруженных сил Франции: дис... канд. филол. наук. м., 2014.
11. Слышкин Г. Г. От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе. м., 2000.

12. Карчаева С. Х. Дискурсивность научного текста: дис. канд. филол. наук., 2010.
13. Макаров М. Л. Основы теории дискурса. М.: Гнозис, 2003.
14. Арутюнова Н. Д. Дискурс. М., 1990.
15. Основы теории коммуникации: учебник/под ред. проф. М. А. Василика. М.: Гардарики, 2003.
16. Попова Т. П. Особенности процесса обучения студентов неязыкового вуза иноязычному научному дискурсу // Вестник воронежского государственного университета. сер.: лингвистика и межкультурная коммуникация. 2014. № 3.
17. Соколов А. В. Общая теория социальной коммуникации: учеб. пособие. СПб.: Изд-во Михайлова В. А., 2002.
18. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс: монография. волгоград: Перемена, 2002.
19. Рыбка И. Н. Психолингвистическое исследование особенностей устного научного монологического текста: дис. … канд. филол. наук. Уфа, 2007.
20. Гейхман Л. К. Искусство быть и общаться с другим (Интерактивное обучение). Пермь: цро, 2001.

Абай қарасөздерінің жанрлық ерекшелігі, лингвотанымдық мәні

Беркенова Р.
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, филология ғылымдарының кандидаты
Пертаева Э.
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, филология ғылымдарының кандидаты

Абай дана өзінің кемел пайымымен әлемдік диалогқа қосыла алады. Өз халқының данылығын жете меңгерген, дала данагөйі әлемдік ақыл-ой шыңына көтеріле алғанын өлеңдері мен Қарасөздері өзегінен таба аламыз. Абай шығармаларының өміршең болуының бір уәжі - даналық дүниетанымында екені ақиқат. Абай философиясы - оның ойлау биігінің, пайым-парасатынын өлшемі, ал философиялық ілімнің өзі адамзаттың ой құдыретінің биік көрінісі екендігі шүбәсіз. Абай ақыл-ойының жүлгесі дала философиясындағы «көне көздердің» терең ой иірімдеріне жетелейді. Осы мәселеге орай, ұлы Абайдын әлемдік ой алыптары мен ой таластырған, «сөз жарыстырған» дүниетанымын. олардың шығармаларын салыстыра отырып, көз жеткізе аламыз. Абай Қарасөздері - ұлттық рухтың бірегей көрінісі, рухани биіктіктің өлшемі. Ұлы Абай қазақтың тілі мен ойының мәйегі, пайым-парасатының деңгейіне айналған шығармаларды ұрпаққа мұра етті. Абайдың бізге қалдырған рухани мұрасында әлемдік философиялық ой қазынасына қосылар құнды пікір-пайымдаулар мол және ол жайлы үнемі айтылып келеді. Философиялық сырын тарқатқан зерттеулер де бар. Ойы терең, мәні құнды еңбектердің қатарында Қарасөздер қомақты орын алады.

В. фон Гумбольдтың тілді адамның ой-санасы мен мәдениеті және рухани өмірімен тығыз байланыста қарағаны - вербалданған тілдік таңбаның бір көрінісі болып табылатын осы Абай Сөздеріне де қатысты деп есептейміз. Қарасөздер де М. Монтеннің «Тәжірибелерімен», М. Достоевскийдің «Күнделіктеріндегідей» және Абайдың өзі Бірінші

Қарасөзінде анықтағанындай уәжді басшылыққа алады: . . «Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым».

Абай қарасөздері этникалық сана мен оның тілдік бейнесі ретінде. Оны ой мазмұны сипатында зерделегенде ғана еңбектің сапалық қасиеті айқын көрінеді: Ол - жай ғана көркем туынды, әдеби жанр қатарындағы шығармашылық емес, көркемдік сипат иеленген қоғам өмірінің көрінісі. Ол - hакім Абайдың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпалы зор болған еңбек. Қарасөздердің бағасы - Абай заманындағы жағдайды, тарихи шындықты бүлжытпай толық танытып бергендігінде [1, 228б.], ол сонысымен де өміршең әрі құнды. Абай Қарасөздері өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи-мәдени және коммуникативті контексі (жағдайы) аясында қарастырылады. Абайдың тілдік тұлғасына қатысты алғандағы зерттеу нысанының бірі-қарасөздерінің табиғатымен байланысты. Абайдың тілдік тұлғасы құрылымын автордың танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде зерделеу болғандықтан, ол негізгі мәселенің бірі саналады. Онымен шарттас тағы бір қыры-қаламгердің шығармашылық жолындағы әлеуметтік-тарихи жағдайлардың тілдік тұлға мәртебесіне әсер-ықпалын ескеріп, маңызды көркемдік деталь ретіндегі мәнін айқындау. Қарасөздер табиғаты толық саралану үшін мына мәселелерді анықтап алу міндеті жүктеледі: 1) Абай Қарасөздерінің категориялдық сипатын анықтау; 2) «Қарасөздердің» жанрлық мәртебесін нақтылау, оның өзіндік ерекшелігін айқындайтын детальдарын көрсету; 3) Абай Қарасөздерінің Батыс, Шығыс ойшылдарымен үндестігін анықтау; 4) Абай дүниетанымын, тілдік тұлғасын пайымдаудағы «Қарасөздердің» орнын анықтай отырып, талдау жасауға ниет етеміз. Қарасөздердің идеялық-композициялық мазмұны лексикалық бірліктерді (олардың семантикасын) өзіне бағындырып, тілдік тұлғаның тезаурус деңгейін анықтауға бағдар жасайды. Қарасөздердің семантикалық құрылымы мен эмотивті-экспрессивті реңкі антропоцентристік негізден бастау алып, тілдік тұлғаның лингвокогнитивті таным әрекетінің көрсеткіші болып табылады. Көркем шығармашылық мәнмәтінге автор тұлғасының дүниетанымдық ықпалы зор болғандығы анық. Автордың өзі өмір сүріп отырған қоғамға, «заң мен заманға» деген көзқарасы мәтін мазмұнын анықтап отырған тілдік бірліктердің вербалдануынан байқалады.

Тілдік тұлға шығармашылығындағы өлеңдер мен Қарасөздердің философиялық, танымдық мәнін анықтау барысында мына мәселелерді ерекше бөліп алуды жөн көрдік. Абай туындыларының прагматикалық мақсаты: 1) адресатты, қоғамды моральдік тұрғыда жетілдіру; 2) қоғамдағы адамгершілік принциптерді талап етуі оның өзінің рухани болмысымен үйлесім тапқан, сондықтан өмірдегі мәртебесінің («Мен») көрінісі ретінде қабылданады және өмірлік қағидаттармен мәндес. Абай Қарасөздері - заман шындығы болып табылады. Қарасөздер - қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Немесе көркем шығармаға қойылар шарттылықты елемегенде, Абай Сөзі мен шығарма мәтініндегі ой бір бүтін дүниенің көрінісі: ақынның «жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы» болып кіріге бірігіп, егіз өрімдей үласқан. Мысалы, Тоғжанға арнаған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», Күлембай болысты сипаттаған «Болыс болдым, мінеки» өлеңдері сияқты өмірлік шындықтан алынған. Қарасөздердің формасы - стильдік көп қырлы болумен ерекшеленеді. Қарасөздер - көп стильдердің қабаттаса, араласуымен келсе де, тұтаса

байланысқан, жүйелі ой-толғаммен сабақтасқан, мазмұн тереңдігімен өлшенетін рухани құндылық.

«Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қара сөз» деп аталған [1, 2176]. Абайдың прозалық шығармалары түңғыш рет ақын мұрасының 1933 жылғы басылымында «Ғақлия сөздері» деген атпен жарық көрген. Бұл - Қарасөздің жазылуы, баспа бетін көруі жайлы жарық көрген құжаттық дерек-мәлметтер ғана емес, абайтану ғылымының негізін қалаған әлемге эйгілі М. Әуезов пен Абай сөзінің сыр-сымбатын саралаған абайтанушы ғалым Р. Сыздықованың терең танымды ғылыми зерттеулерінің негізгі өзегіне айналған еңбекке жасалған бағдар.

Белгілі абайтанушы ғалым М. Мырзахметов ұлы Абайдың дүниеге көзқарасы, негізінен, осы Қарасөздерінде толық әрі молырақ көрініс бергеніне нұсқай отырып, ақын мұрасы туралы пікір айту мен ішінара зерттеу сипатындағы еңбектер төңкеріске дейін-ақ жүргізіле бастағанымен, Қарасөздер жайындағы пікірлердің түңғыш рет 40 жылдар шамасында ғана көрініс бергенін дәйектейді [3, 173 б.] әрі табиғаты терең ашылып, арнайы зерттеуді күтіп тұрған өзектілііне бағыт сілтейді. Абай Сөздеріндегі қоғамдық-саяси, моральдық-философиялық пікір-байламдар - адамгершілік биікке, рухани өркениетке шақырады. Абайдың ақындық мұрасына қосылған «бағалы қазынадан» (М. Әуезов) өзінің жан-дүниесін толтыруға, рухани жүтақдығын байытуға асығатыны да рас. Шексіз мұраның бір бөлігі осы «бағалы қазынаны» - ой жауһарын -ғылым тілінде қалай атасақ оның табиғатына үйлеседі.

Қарасөздер жанрын анықтауға талпыныс І. Жансүгіров тарапынан да жасалған. Әдебиетші ақын, сонау отызыншы жылдары жазылған «Абайдың сөз өрнегі» атты мақаласында («Әдебиет майданы», 1934, № 11-12) былай дейді: «Әйтсе де Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қарасөзінің (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен?» [4.] деген сараптама жасайды және бұндай ерекше сөз өрнегінің публицистика стиліндегі сипатын иеленгенін дәл анықтайды. І. Жансүгіров әдебиеттің жанры толық қалыптасып үлгермеген кездің өзінде-ақ Қарасөздің құрылымдық, стильдік ерекшелігіне назар аударған. Ақын шығармашылығына терең зерттеу жүргізгін І. Жансүгіров Абайдың суреткерлік шеберлігін, ақын поэзиясының көркемдік ерекшелігін танып, лайықты бағалай білген. Абай Қарасөздері - Ахмет Байтұрсынұлы танымында. Ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген екінші бөлімінде Абай шығармашылығының осы бір тұсына ғылыми бағдар жасайды.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі - ұлттық әдеби теориялық ой пікірді ғылыми жүйеге түсіріп, әдебиеттің тегі мен түріне ұлттық сипат дарытқан ірі туынды. Сол теориялық-әдістемелік құнды дүниенің бір парасы «Қарасөз» деп аталып, оны 1) Әуезе, 2) Әліптеме, 3) Байымдама деген салаларға ажыратады. Ал Әуезені іштей бірнеше түрлерге жіктей отырып, (Шежіре. Өмірбаян. Мінездеме. Тарих. Тарихи әңгіме. Заманхат.) әрқайсысына ғылыми сипаттама береді [5, Б:211-2146.].

Заманхат болатын түріне Абайдың Қарасөздерін жатқызады. Ірі филолог ғалым А. Байтұрсынұлының өз кезеңінде (қазірде де) әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына сіңірген зор еңбегі ол көтерген мәселенің қайсысына болсын қатысты. Мәселен, «Әуезенің» бір түрі деп алған «Заманхатқа» берген анықтамасы Абайдың

Қарасөздерінің сипатына, мінездемесіне толықтай сәйкеседі. Заманхаттың өзіндік ерекшеліктері және бүгінгі әдебиетімізде белсенді орын иеленген очерк жанры мен эссе жанрының табиғатына үйлесетін, ортақ тұстар молынан кездеседі. Атап айтқанда, 5-6 белгісі анықталды. Мысалы: «Заманхатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады» - деген сипаттамасы эссе жанрына тән, ондағы көтерілген мәселелердің де 1) белгілі бір уақытқа тәуелді еместігіне мегзейді. Ал «заман хатта болатын бір кемшілік мынау: уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілініц күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал»- дегені эссенің ой еркіндігі мен баяндау формасының 2) қатақ әтәртіпке бағынбайтындығынә танытады. Бұл анықтамалар эссе жанрының сипатына толықтай үйлеседі. (Эссенің сипат белгілерін анықтаған бөлімде 126-129 б. нақты атап көрсетілген). Немесе «Заманхат шынға жақын болу үшін жазушы өз көңілінің күйіне түспейтіняғни 3) достыққа да, қастыққа да қарамайтын адам боларға тиіс» деген байлам да бүгінгі әдеби жанр - эссе жанрының субъективті ой-пікірге құрылу мүмкіндігіне сілтеме жасалғандай қабылданады.

Сонымен қатар, бұл анықтамаларға қоса очерк жанрын айқындайтын сипаттар да айтылып қалады. «Заманхат жазушы жазуына керек жемді уақиғаның болып жаткан үстінен алып жазады, яки ... есіне алып жазады... Заман хат айтушының есіне алынып жазылғанда жәт дерек деп айтылады» - деген анықтама очерк жанрына тән деректік белгіні білдіреді. А. Байтұрсынұлының Заманхатқа (бізше эссеге) берген анықтамасында екі жанрдың да элементтері араласып жүруі, жалпы эссе табиғатының күрделілігінен болса керек. «Әдебиет танытқыштағы» тағы бір құнды пікір эссе жанрына берілген айқындамадағы келесі бір сипат-белгіні еске салғандай әсер қалдырады. Ол - эссе 4) авторының білім-білігі мен таным көкжиегіне қатысты мәселе (2, 300). Эссе авторының білімі терең де биік болатындығы жанрдың басты қасиеті, өйткені өмірдің әр саласынан сыр шерткен, қалтарыс-құбылыстарын көкірек көзімен зерделеген жазушының жан дүниесі тұнған байлық болуы - заңды қажеттілік. Ал Қарасөз - эссе авторы Абай ойшылдың ой әлемі, рухани дүниесі де ұлағат арқалаған парасат-пайымға, терең білімге толы екені белгілі. Ендеше, бұны Қарасөздер жанрын эссе деп тануға уәж болатын тағы бір белгі деп есептейміз.

Абайдың «билердің білігін, шешендердің сөзін», көсемдердің үлгілі істерін көп білгендігін айта отырып, лингвист-ғалым оның рухани кемелдігі жайлы мынадай ой түйеді: ... «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдында білімін салғанда, басқалар малын салған».. [5, 300б.]. Шындығында, А. Байтұрсынұлы ерекше екпін түсіре айтқан Абай білімі ел билеу үстінде танылған білігі мен түйінді сөздерінен ғана байқалмайды, оның өлеңі мен Қарасөздеріндегі ой қуатынан, сөздер сырынан да ұғынылады. Оның тілдік тұлғасының қалыптасу уәжін айқындайды. Абай шығармашылығын әр қырынан зерттеліп келеді. Мысалы, кейінгі еңбектерде айтылған ойды «Әдебиет танытқыш» авторы олардан көп бұрын қысқа ғана қайырып, тұжырымдай түйіндеген: «Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздердің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді... . Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [5, 303б.]. Бұл пікірде А. Байтұрсынұлы Абайдың суреткерлік шеберлігі («әр нәрсенің асылын сөз қылу»); таным тереңдігі («асылды, хақиқатты тану»; білім көкжиегі («тереңнен сөйлеуі, зеректігі»); жаңашыл ізденімпаздығы («Европа

кітаптарын оқуы») жақша ішіндегі толықтырулар А. Байтұрсынұлынікі) сияқты қырларына баса назар аударған. Бұл көрсетілген стильдік ерекшеліктер эссе жанрындағы тілдік тұлғаға қойылар талаптар қатарына жатады.

Абай прозасының тіл көркемдігі кеңінен сөз болған емес, сондықтан да Абай тілін танудың қырларын зерттеп-зерделеп келе жатқан абайтанушы ғалым Р. Сыздықова Қарасөздердің стилъдік-тілдік болмысына лингвистикалық, филологиялық талдау жасау арқылы Абайдың сөз әлемін тануды одан әрі тереңдете түсті. «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде ұлы қаламгердің «поэтикалық тіл үлгісінің көркемдік бітімін «Қарасөздердің тілі қалай өрілген» тарауында ғылыми-теориялық тұрғыда шеберлікпен сомдап береді.

Зерттеуші-ғалым Абайдың «Қарасөзді жазған тілін» (М. Әуезов) қай тұрғыда, қалай сөз етті деген мәселеге келетін болсақ, мына бағыттар аясында талдау-сараптама касап, еңбектің тілдік сипатын жан-жақты саралап бергеніне көз жеткізе іламыз. Зерттеуші, алдымен, «Қазақ ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болуына Абай қаламының ықпалын», уәж-мотивін көрсетеді. «Абайдың бір кезек поэзия әлемінен ауысып, проза дүниесіне көшу» себептері мен негізін анықтайды. М. Әуезов тура нұсқағанындай, Абай өзінің өлең сөздерінің көбі оқушы мен тыңдаушыларына түсінікті болмайтындай көреді... сондықтан өленderінде айтқан кейбір ойларын қайталап, Қарасөздер тақырыбын нақтылайды. Ағартушылық бағыттағы мораль, тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғамдарының публицистикалық шығармалар, дидактикалық әңгіме, психологиялық, филологиялық этюд болып келетініне назар аудартады; үшіншіден, Абай прозасының стильдік белгілерін ажыратады; төртіншіден, прозалық мәтіннің өзіне тән көріктеу өрнегін танытады, Сөздің әсем, әсерлі болу амалын көрсетеді.

Ақын шығармаларындағы терең ойлар жиынтығы - Қарасөздерді зерттеу нысанына алған ғалымдар Х. Сүйіншәлиев пен М. Сильченко оның публицистикалық сипатының басымдығын айрықша бөліп көрсетеді [6, 199б.]. Х. Сүйіншәлиев Қарасөздерді жанрлық-стильдік ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөліп, философиялық трактат, дидактикалық насихат, публицистика, көркем прозалық элементтер бар әңгіме деп саралайды. Қарасөздердің табиғатын тануды мақсат еткен Х. Сүйіншәлиевтің алғашқы зерттеу еңбегінен кейін де, оның тақырып мазмұнын, стильдік ерекшелігін қарастырған зерттеулер қатары жалғаса түсті, педагогикалық трактат (А. Көбесов); әдеби-философиялық жанр (Ш. Елеукенов); Шығыс әдебиетіндегі «намелер» дәстүрі (М. Мырзахметов), эстетикалық жаңа бағыт т. б. сияқты ғылыми-теориялық мәселелер аясында әдебиеттегі жаңа құбылыстың (Қарасөздің) табиғатын ашуға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Белгілі абайтанушы ғалым З. Ахметов Қарасөздер жанрын қазақ болмысына етене жақын шешендік сөз өнерінің толысқан, жаңаша жетілген түрі деп қарайды. Нақыл сөзге бай, ықшам да ырғақты белгілері басым шешендік сөз үлгілері осы өнерді еркін меңгерген сөз зергері Абайдың Қарасөздерінің де табиғатына үйлесетіндігі жайлы пікірі білдіреді. Белгілі әдебиетші ғалым С. Негимовтің: ... «ақылына ұшқырлығы, адамдығына хакімдігі, көшелілігіне көсемдігі, білімдарлығына майталман «да» ділмарлығы әдемі ұштасқан айтулы айтқыш Абай», - деген [7, 796 б.] бағасында шешеннің болмыс - бітіміне тән қасиеттер жинақтала берілген. Әдебиетші Ж. Шойынбектің «Абай Қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері» атты ғылыми жұмысы. Абай Қарасөздерінің жанр ретіндегі құрылымын айқындап, стильдік ерекшелігін анықтауды мақсат еткенімен, жанры мен стилі нақты анықталып көрсетілмейді. Еңбекте Қарасөздердің болмыс-бітіміне қатысты «Жаңа жанрлық түр», «Қазақ әдебиетінде жаңаша үрдіс әкелген ерекше жанрлық,

стильдік құбылыс» деген жалпы сипаттамалар беріледі [8, Б:14-24] алайда зерттеуші-автордың өзіндік бағыты айқын саралана қоймайды. Еңбек Абай Қарасөздеріне қатысты ғылыми зерттеулерді салыстыра отырып, әдебиеттану тұрғысынан талдау міндетін қояды. Автореферaттың қорытынды бөлімінде де жанр табиғаты айқындалып, нақты белгіленбегендіктен, «жаңа жанрлық түр» деген жалпы сипаттама нақтылауды қажет етеді.

Абайдың тілдік тұлғасын Қарасөздері негізінде тіл біліміндегі жаңа бағыт арнасында лингвистикалық талдауға түсірудің теориялық маңызын ескере отырып, тілдік тұлға, категориясының өзге де қырларын ашуға, аксиологиялық мәнін танытуға үлес қосатын құбылыстарды айқындап алу қажеттігі бар ғылыми дүниелер.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әуезов М. Абайтану мәселелері. - 20 т. - Алматы: Жазушы, 1985. - 496 б.

2. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. -616 б.

3. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. Алматы: Ана тілі, 1994. -192 б.

4. Абай тағылымы: Әдеби сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Н. Ғабдуллин. - Алматы. Жазушы, 1986. - 432 б.

5. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ. мақалалар және әдеби зерттеулер. -Алматы. Жалын, 1994. - 464 б.

6. Сүйіншәлиев Х. Ж. Абайдың қарасөздері. - Алматы, 1956.

7. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 208 б.

8. Шойынбет Ж. А. Абай қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд... автореферaты. - Алматы, 2004. - 33 б.

Шерхан Мұртаза – полидискурстық тілдік тұлға

Кембаева А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

Бүгінгі таңда тіл білімінде лингвоперсонология бағыты қалыптасты. Бұл бағыт модельдік, ұжымдық және шынайы тілдік тұлғаларды зерттеуге бағытталған. Тілдік тұлға теориясына Г. И. Богин, Ю. Н. Караулов, В. И. Карасик, К. Ф. Седов және т. б. ғалымдардың еңбектері негіз болды. Лингвоперсонология «сөйлейтін адам», «лингвистикалық инстинкт», «тілдік қабілет», «тілдік құзыреттілік» ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұл мәселелер В. фон Гумбольдт, В. Вундт, И. А. Бодуэн де Куртенэ, Л. В. Щерба, Э. М. Эленбек, А. М. Шахнарович, Г. И. Богин, Ю. Н. Караулов еңбектерінде де көрініс тапты. Қазіргі кезде тілдік тұлға лингвистикалық концепт ретінде қарастырылады, оны талдауға прагматикалық және социолингвистикалық зерттеулер, сондай-ақ коммуникативтік стилистика аясындағы зерттеулер негіз болады. Лингвистика саласындағы еңбектерде тілдік тұлға бірнеше қыры бойынша сипатталып келеді. Мәселен, жеке әлеуметтік топтарды (кәсіби, жас ерекшелігі немесе басқа белгі бойынша) білдіретін тілдік тұлғалар: саясаткер, тележүргізуші, жасөспірім, мемлекеттік қызметкер, заңгер, музыкант, оқытушы, дін қызметкері, ескі кеңселік тілдің иесі, диалект иесі және т. б. (Е.

Н. Азеначеева, И. В. Бугаева, Е. Н. Гуц, Е. В. Иванцова, Г. Р. Искандарова, О. С. Иссерс, В. И. Карасик, Т. В. Кочеткова, О. Е. Морозова, М. Н. Панова және т. б.). Тілдік тұлға типологиясы әлеуметтік мәртебе, субмәдениетке жатуы, қызметі, адресатпен байланыс арнасы, шынайылығы /ойдан шығарылғандығы және т. б. негізделеді. Мысалы, ұлттық, семиологиялық, сөздік, қоғамдық, шынайы /модельдік, стандартты /стандартты емес, виртуалды, лингвомәдени, элитарлық, ақпараттық-медиялық тілдік тұлға болып бөлінеді (А. В. Болотнов, Ю. Н. Караулов, В. В. Красных, В. И. Шаховский, А. Г. Баранов, В. И. Карасик, Т. В. Кочеткова, Т. Ф. Волкова, Ю. Д. Бабаева, И. С. Шевченко, В. П. Нерознак, В. А. Маслова және т. б.). Н. Д. Голев, Л. Г. Ким, Н. Б. Лебедева, А. В. Сергеев және т. б. ғалымдар тілдік тұлғаның менталды-психологиялық типологиясы бойынша зерттеулер жүргізіп келеді.

Лингвоперсонология аясында белгілі жазушылар, ғалымдар, саясаткерлер, журналистер сияқты нақты тілдік тұлғалардың сипаттамалары беріледі. Ол көбінесе тілдік тұлғаның танымалдығына да байланысты. Зерттеу барысында тілдік тұлғадан сұхбат алу, сауалнама жүргізу, тікелей бақылау, эксперимент жүргізу, т. б. әдістер қолданылады. Ретроспективті тілдік тұлға әдетте түрлі жанрларды – күнделік, хаттар, көркем және ғылыми еңбектерді қамтитын мәтіндер корпусы арқылы зерттеледі. Лингвоперсонология қағидаттарына сәйкес тілдік тұлға жазбаша мәтіндері негізінде талданады [1, 27-42]. Бұл ретте лингвориторикалық реконструкция әдісі жиі қолданылады. Бұл әдіс бойынша мәтіндер, хаттардағы өзіндік сипаттамалар, сұхбаттар және т. б. талданады, сонымен қатар зерттеу жұмыстары, әріптестерінің естелік, жазбалары пайдаланылып, қорыту әдісі қолданылады [2]. Алғашқы реконструкция биографиялық әдіспен үндеседі. Ғалымдар тілдік тұлға моделін жасау үшін жазбаша дискурсты ғана талдау нәтижесінде алынған мәліметтер жеткіліксіз деп санайды [1, 27-29].

Қазіргі кезде тілдік тұлға сөздік іс-әрекет тұрғысынан (сөздік тұлға), коммуникативтік әрекетке қатысушы ретінде (коммуникативтік тұлға), мәтіндік әрекеттің субъектісі ретінде (мәтіндік тұлға), дискурстық әрекеттің субъектісі ретінде (дискурстық тұлға) сипатталуда. Дискурстық әрекет барысында тілдік тұлға дискурс менталдық-тілдік кеңістікте объективтендіріледі. Оның репрезентация құралдары тілдік және дискурстық құралдар болады, олар «өзара тығыз байланысты әртүрлі қосымша реңктерге ие болып, тұтас күрделі перспективада қабылданады» [3, 239-240]. Осыған байланысты Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, қарымды қаламгер, көрнекті жазушы, белгілі публицист Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасы дискурстық тұлға ретінде сипатталады, тілдік тұлға дискурсын жазбаша мәтіндер негізінде реконструкциялауға болады.

Жазушының «Құрылысшы Дәку» (1958), «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), «Интернат наны» (1974), «Мылтысыз майдан» (1977), «Жүрекке әжім түспейді» (1987) т. с. с. повестері мен әңгімелері, «Қара маржан» (1986) романы, «Ай мен Айша» роман-дилогиясы (1997), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы (1978-1994) көпшіліктің көңілінен шықты. Сонымен қатар драматургия жанрында да қалам тербеп, «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғызүйлік зілзала», «Домалақ ана», «Есек саудасы», «Бауыржан батыр» («Ноқтаға басы сыймаған») сияқты пьесаларын жазды, «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002), «Бір кем дүние. Ойтолғау» (2008) секілді ой-толғаулары жарық көрді.

«Шындықты жазған жазушының шығармасы – қоғамның шипагері. Қоғам ауруын жазады, таниды дегенде қолма-қол емес, адамдардың жүрегіне жігер, көзіне нұр, көкірегіне сәуле қосу арқылы әсер етеді. Сиқырлы сөз – ауруды жазатын сөз. Қоғам дерті осындай сөзбен емделеді», – деген [4, 19] Ш. Мұртаза шығармаларында осы межеден шығуға тарысты. Сондықтан тарихи романдарында да, драмаларында да, ой-толғауларында да осы ұстанымнан айнымады.

Ш. Айтматовтың «Ботагөз», «Қош бол, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида» атты шығармаларын, М. Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы», Л. Лагиннің «Хоттабыч қарт» повестерін, Э. Эрскиннің «Марыкчан балалары» романын, венгер халық ертегілерін, Г. Х. Андерсеннің әңгімелерін қазақ тіліне аударды.

Шерхан Мұртаза 1955-1963 жылдары «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Егемен Қазақстан» (бұрынғы «Социалистік Қазақстан») газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі, 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, 1970-1972 жылдары «Жалын» альманахының; 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы; 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде; 1989-1992 жылдары «Социалистік Қазақстан (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бас редакторы болды. 1975-1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы; 1992-1995 жылдары Мемлекеттік Телерадиокомитетінің төрағасы; 1995-2002 жылдары Республика Парламентінің бірнеше шақырылымының депутаты болып сайланды. Яғни Шерхан Мұртаза – жазушы, драматург, танымал баспагер, қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына айтарлықтай әсер еткен тұлға.

Шерхан Мұртазаның «Табылған теңіз» атты алғаш повесі жарық көрген кезде Қазақстанның Халық жазушысы – Т. Ахтанов: «Кейбір талағының биті бар жастар өмірден көп нәрсені көріп білмей жатып-ақ, отыра қалып өзінің тұңғыш тұтанған сезімін, от басынан ұзап шықпай жатып-ақ алған алғаш әсерін повесть етіп жаза қояды. Ал Шерхан болса өзінің бірінші көркем туындысына көп дайындықпен келгенін көреміз. Иә, оған дейін ол талай ел көріп, жер көріп, талай қауымның ішінде болып, өз тұсындағы өндіріс пен шаруашылықтың сан қилы мәселелеріне қызу араласып, толып жатқан мақала, суреттеме, очерктер жазып қаламын төселтіп, өзі де өмір сырына жетіліңкіреп келді. Сондықтан да болар жазушының осы алғашқы повесі жұрт құлағын елең еткізіп, көп назарын өзіне тартып алған-ды», – деп бағалаған еді [5, 27-29].

Жазушының суреткерлік шеберлігі, өзіндік қолтаңбасы академик Рабиға Сыздықтың еңбектерінде де сөз болады. «Жинақы, үнемді, астарлы тіл» атты мақаласында ғалым «Қызыл жебе» романындағы табиғат көріністерін «жазушының әрі стильдік, әрі үнемдеу құралы, әрі лирикалық үні» ретінде бағалап: «Көркем дүние – өнер әлемі лирикасыз болмайды, біз Шерхан шығармаларынан лиризм іздей қалсақ, көп тұстардан табар едік, солардың бірі – «оның табиғатты қатар сөйлетуі» деп санаймыз. Көп сөзбен баяндалатын, суреттелетін жайттарды табиғат көрінісі болып келген параллельдер кеп-келте айқындай салады, жай қатарласа салмайды, оқырманның жанын тербейді, демек, өнер дүниесінің бір шартын орындауға көмектеседі. Табиғат пен адам жарасы – Шерхан Мұртаза қолтаңбасының даралық стилінің, шығармашылық мәнерінің бір белгісі, сәтті, қуатты қыры», – дейді [6, 49].

Идиостиль – тілдік тұлға идиолектісінің мәтіндік қызметтегі когнитивтік, коммуникативтік және сөйлеу өрісі. Идеостиль бірнеше аспектіден құралады:

1) тілдік аспект – тілдік бірліктерді таңдау, олардың үйлесімі мен семантикалық және синтагматикалық деңгейде неологизмдер жасау, нормадан тыс тілдік ауытқуларға жол беру;

2) стильдік аспект – стильдік тәсілдерді таңдау (формасы, құрылымы, қызметі, семантикасы, мәтіндегі тығыздығы, конвергенциясы);

3) коммуникативтік аспект – коммуникативтік стратегия, тактика, әдіс—тәсілді жанр деңгейінде таңдау (қызметі, өрістеу сипаты, үйлесуі, ауысуы, әртүрлілігі);

4) когнитивтік аспект – ғалам бейнесін репрезентациялау үшін тілдік құралдарды таңдау (концепт атаулары, негізгі сөздер, прецеденттік мәтіндер, интермәтін, семантикалық-ассоциативтік желі және т. б.), сондай-ақ тілдік құралдар арқылы ойды астарлап жеткізу, интерпретациялау когнитивтік механизмдері.

ҚР ҰҒА академигі Рабиға Сыздық әдеби тіл коммуникативтік қызмет атқарып, адамдардың күнделікті қарым-қатынас жасауының құралы болғанмен, көркем шығарма құрылымына түскенде ол басқаша қырынан көрінетінін, өзінің бейнелі құралдары арқылы оқырманның сезіміне әсер ете отырып, эстетикалық, көркемдік қызметте жұмсалатынын, соған сәйкес әдеби тіл нормасы мен көркем әдебиет тілі нормасы арасында да ерекшелік болатынын, әдеби тілде нормаға жатпайтын тілдік факті өнер туындысында жазушының алдына қойған мақсатына сай келіп, эстетикалық, қызмет атқаруы мүмкін екенін айтады. Ғалым Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан «Рысқұл қазір тауфихсыз жорыққа шығып бара жатып артына қарап, Ай нұрына малынып манаураған Талғарды көріп, былтырғы оқымысты орыспен соның шыңына шыққаны есіне түсті» деген үзіндіні мысал ретінде келтіре отырып, «тауфих» сөзінің мағынасы сөздікте «ынсап, қанағат» сөздерінің баламасы ретінде берілгенін, оның ескі сөз екені, алғашқы мәні діни ұғымға байланысты шыққанын айта келіп, «Енді осы сөзді көркем контексте қолданудың реті қалай, орынды ма?» деген сұрақ қояды да: «Әдеби тілді пайдалану үлгісі жағынан орынсыз, ал көркемдік қызметте, эстетикалық мақсатта жұмсалуы жағынан әбден орынды. Тіпті осы сөзді «дұрыстап», яғни әдеби қалыпқа түсіріп, «қанағатсыз жорық» деп жұмсағанда, мәтіннің көркемдігіне нұқсан келген болар еді. Оның бірнеше себептері бар. Алдымен, Рысқұлдың бұл жорығы – жай жорық емес, Саймасай болыстың айдауымен атақты Қызыл жебені қолға түсіру жорығы. Рысқұл бұл жорыққа амалсыздан аттанып барады, арты не болары белгісіз, бірақ бір ішкі сезімнің күшімен жақсылыққа тірелмесін түйсінеді. Егер осының аяғы өзінің жалған жаламен абақтыға қамалып, Қызыл жебенің мерт болуымен тынатынын білсе, ол осы «абырой әпермес» (көне сөз осы мағынаның жағымсыз жағын үстемелеп тұр) жорыққа аттанар ма еді?. . Екіншіден, Рысқұл қаншама үлкен қайрат-қажырлылықтың, өжеттіліктің, адалдықтың иесі болғанмен, оқығаны ескіше ғана. Автор бұл жорықты сол Рысқұлдың жан дүниесінен өткізіп беріп отырғандықтан, оның дүние түсінігіне сәйкес сөзді қолдануы да заңды.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: тілдік құралдардың көркем әдебиетте қолданылуының дұрыс-бұрыстығы олардың әдеби тілге жататын жатпайтындығымен емес, көркемділіктің заңдылықтарына сай келу, келмеуімен анықталады», – деп, Шерхан Мұртазаның идеостиліндегі ерекшелікті көрсетеді [7, 9-11].

Шерхан Мұртазаның тілдік тұлғасын интегративті тілдік тұлға ретінде, әлеуметтік-кәсіби синкретизм (ғалым, жазушы, қоғам қайраткері, баспагер, редактор) және топтық репрезентативтілік (ұжымдық әдеби шығармашылық тұлғасы) ретінде сипаттауға болады. Дискурстық тұлғаны тілдік тұлғаның құрамдас бөлігі, дискурс түзетін, дискурстық қызметті жүзеге асыратын тұлға ретінде қарастырамыз, сондықтан

Ш. Мұртазаны «полидискурстық тұлға» деп атауға болады.

Тілдік тұлғаның базалық моделі Ю. Н. Караулов еңбектерінде сипатталды. Ғалым тілдік тұлғаның үш деңгейін (вербалды-грамматикалық, тезаурустық және мотивациялық) көрсетеді. Әр деңгей бірліктерден, қатынастар мен стереотиптерден тұрады: 1) сөздер – вербалды желі – сөз тіркестері мен сөйлемдер модельдері; 2) ұғымдар (идеялар, концептілер) – әлем бейнесі – жалпыланған пайымдаулар; 3) іс-әрекет-қарым-қатынас қажеттіліктері – қарым-қатынас желісі – мәдениеттің прецеденттік мәтіндерінің бейнелері (символдары) [8, 56]. Осылайша, ғалым деңгейлердің вербалды және менталды репрезентацияларын көрсетеді.

Зерттеуші вербалды-грамматикалық деңгейді «нөлдік деңгей» деп санайды. Тілдік тұлға «лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгейден басталады, өйткені «осы деңгейден бастап ұғымды таңдау, басымдық беру, стандартты-орташа тезауруста әлеуметтік-сөйлеу қауымдастығына тән орында болатын идеядан өз жеке тезаурусында басымдық беру мүмкіндігі пайда болады» [8, 53].

Лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгейіді зерттеу үшін когнитология және концептология әдістері мен құралдары қолданылады. Имаген, логоген, прототип, схема, пропозиция, сценарий және т. б. тілдік тұлғаның санасында бейнеленеді. Бұл білім құрылымдары мәтінге не сөйлеу әрекетіне әсер етеді. Сөйлеу – адам санасын зерттеудің құралы ретінде лингвокогнитологияның қарқынды дамуына жол ашты. Лингвокогнитологтар мен лингвомәдениеттанушылар концептіні зерттеудің негізгі нысаны, білім құрылымы мен мәдени ақпаратты сақтау тәсілі ретінде сипаттайды. Ю. Н. Караулов концептілер тілдік тұлғаның тезаурустық деңгейін қалыптастыратынын айтады.

Бүгінгі таңда Ю. Н. Карауловтың ұстанымдары екі түрлі бағытта дамып отыр: 1) тілдік тұлға дерексіз (абстрактілі) модель ретінде сипаттау немесе тілдік тұлғаны нақты жеке тұлға ретінде қарау; 2) «тілдік тұлға» терминін қолдану немесе «коммуникативтік тұлға», «сөйлеу тұлғасы» және т. б. терминдермен толықтыру. Тіл тұлғаның мәдени-әлеуметтік жағдайлармен, прагматикалық мақсаттарымен, дүниетаным ерекшеліктерімен, ниеттерімен және т. б. байланысын көрсетеді. Сондықтан полидискурстық тұлғаның қалыптасу себептерін көрсетіп, когнитивтік-стилистикалық механизмдерін ашу, әмбебап белгілерін көрсету қажет. Дискурстық әрекет тілдік құзіретке (сөйлеу, коммуникативтік) ғана емес, тілдік білімдер мен дағдыларды, дискурстық қызмет барысында қолданылатын тілден тыс контексттерді (прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, коммуникативтік, когнитивтік) меңгеруге, оларды дискурс тәжірибесінде қолдану қабілетіне негізделетін тілдік тұлғаның дискурстық құзіретіне де сүйенеді.

Қазіргі кездегі ғылымның дамуында тілдік тұлғаны талдауда экстралингвистикалық факторлар да ескеріледі. Сол себепті тілдік тұлғаның биологиялық (жынысы мен жасы), психикалық (сөйлеу сәтіндегі және одан бұрынғы эмоциялық күйі), әлеуметтік (ұлт, туған жері, әлеуметтік мәртебе, мамандығы), өзіндік (сөздік қор, негізгі сөздер, ұстанымы, көзқарасы, «өзім-өзге» оппозициясына сәйкес ортамен қарым-қатынасы, риторикалық құралдар жиынтығы, фразеологиялық ерекшеліктер) ерекшеліктері де ескеріледі.

Тілдік тұлғаны қалыптастыратын факторларға

- тұлғаның қалыптасуына түрткі болған алғы шарттар (биологиялық сипаты, оның ішінде гендерлік, психологиялық, әлеуметтік, жеке ерекшеліктер),

- прагматикалық факторлар (коммуникативтік ұстаным, мақсат-міндет, коммуникативтік рөл, ниет, стратегия, тактика, мінез-құлқы, ішкі мотивациясы),

- мәдени-әлеуметтік факторлар (әлеуметтік мәртебе, мәдени-әлеуметтік құндылықтар, дүниетаным, идеология, құндылықтар),

- когнитивтік факторлар (жеке концептосфера, басым мағыналар, мағыналық құрылымдар, дискурстық тұлғаның жеке, әлеуметтік ерекшелігін көрсететін когнитивтік құрылымдар),

- коммуникативтік факторлар (коммуникативтік қызметтің конвенционалдық нормалары, коммуникативтік кодекс, коммуникативтік құзырет және т. б.),

- дискурстық факторлар (дискурс қалыптастыратын шарттардың әсері, жанр, дискурс түрі, байланыс сипаты, кодтардың ерекшеліктері, дискурс аксиологиясы, дискурстың модальдығы, дискурстық құзырет және т. б.).

Тілдік тұлға мәтін /сөйлеу /сөйлеу актілері, яғни дискурсы негізінде сипатталады. Лингвоперсонология қағидасы тілдік тұлғаның мәтін түрінде көрінетін категориялық және типологиялық ерекшеліктері дискурстық шарттылыққа байланысты болады. Сол себепті тілдік тұлға типологиясы дискурспен тығыз байланысты. Мысалы, эпистолярлық, виртуалды тілдік тұлға, заңгердің тілдік тұлғасы және т. б. Сонымен қатар бір тілдік тұлға бірнеше дискурста көріне алады. Коммуникативтік тұлғаның жаңа түрі – мобильді, көпфункционалды, полидискурстық, бір дискурстан екіншіге еркін ауыса алатын тұлғалар қалыптасып келеді.

Шерхан Мұртазаның түрлі шығармаларын талдап, салыстыра келе түрлі дискурстарды түзуге қабілетті, алуан түрлі дискурстарды еркін пайдаланатын тұлға ретінде жазушыны полидискурстық тілдік тұлғаға жатқызуға болады.

Полидискурстық тілдік тұлғаның қалыптасуына себеп болатын факторлар:

1. тілдік тұлға биологиялық және әлеуметтік компоненттерден құралады. Олардың әрқайсысы тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, бұл дискурстарда жүзеге асатын вербалды саланы өзгертеді. Тілдік тұлға компоненттерінің дамуына тұлғаның шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті ықпал етеді.

2. Қазіргі кезде әлеуметтік сала мозаикалық сипатқа ие болуына байланысты адамнан түрлі дискурстар мен субдискурстарға сәйкес түрлі вербалды-коммуникативтік дағдыларды талап етеді. Сол себепті тілдік тұлға түрлі рөлдерге еніп, синкретті тілдік тұлға ретінде көрінеді. Ал монодискурстық тілдік тұлға әлеуметтік кедергілерге тап болады. Соған байланысты мәдени-әлеуметтік факторлар тілдік тұлғаның өзгеруіне әсер етеді.

Дискурс тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау әрекетінің үдерісі әрі өнімі болып табылады. Ішкі (ойлау) дискурс вербалды феномендер (мәтіндер) мен когнитивтік феномендерді (шығармаларды) байланыстырады. Тілдік тұлғаның сыртқы дискурсы лингвистикалық зерттеулер мен лингвокогнитивтік гипотезаларды тексеруге арналған материал ретінде қызмет етеді.

Мәтін – автордың дискурстық қызметінің вербалды өнімі. Бірқатар зерттеушілер мәтіннің статикалық қалыпта, дискурс динамикалық сипатта болатынын айтады [9]. Алайда интерпретациялаған кезде мәтін дискурсқа айналады. Адресант мәтін жасағанда дискурстық қызметті жүзеге асырып, дискурстық тұлға ретінде әрекет етеді. Осыған байланысты Шерхан Мұртазаның жазбаша мәтіндерін белгілі жазушы, драматург, журналист, қаламгердің дискурстық тұлғасының дискурстық қызметін бейнелейтін дискурс ретінде қарастырамыз. Оқырман-зерттеуші мен оқырман-адресат мәтінді қайта тірілтіп, оны дискурсқа айналдырады. Сондықтан жұмыста «дискурстық тұлға», «дискурстық сипат», «дискурстық кеңістік», «дискурстық қызмет», «мағыналарды

қалыптастырудың дискурстық құралдары», «дискурстық контекст», «дискурстың экстралингвистикалық контексті» және басқа да атаулар қолданылады.

Сонымен, сөз зергері Шерхан Мұртазаның мәтіндері дискурстық және когнитивтік қызметтің нәтижесін ғана емес, олардың өзін де көрсетеді, өйткені бұл мәтіндердің тілдік және коммуникативтік құралдары автордың тілдік тұлғасының белгілі бір идеяларын жеткізу үшін таңдалған нәтижесін объективтендіреді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Иванцова Е. В. Проблемы формирования методологических основ лингвоперсонологии // Вестник Томского гос. ун-та. - 2008. - № 3 (4). - С. 27-43.

2. Дружинина В. В. Лингвориторические параметры идиостиля как выражение менталитетаязыковой личности ученого. – Сочи, 2005. - 152 с.

3. Виноградов В. В. О языке художественной литературы. - М.: Гослитиздат, 1959. - 654 с.

4. Ш. Мұртазаның публицистикасы. Құрастырған – А. Кембаева. - 5-кітап. – Тараз, 2012. - 246 б.

5. Ахтанов Т. Бастаулар мен биіктер // Қазақтың Шерағасы. Құрастырған – Е. Құлбарақов. - Тараз, 2012. - 1-кітап. - 280 б.

6. Сыздық Р. . Сөз құдіреті. - Алматы, 2014. - 272 б.

7. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 2014. - 9-11-б.

8. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. - М., 2003. - 261 с.

9. Усачёва О. Ю. Анализ дискурса диалогической коммуникации в Интернетеа. - М., 2011. - 370 с.

Қиял-ғажайып ертегілердегі уақыт пен кеңістік концептісі

Нұрбеков Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

Фольклордың ерекше мол, кең тараған түрінің бірі – ертегі. Кез келген халықтың фольклорында ертегі жанры ескіден келе жатқан көне халықтық мұраға жатады. Бұл сонау ескі замандардан бастап туындап, соңы беріге шейін болған көш-керуен ұзақ дәуірлердің кезеңдерінде туған, өсіп көбейген мол дүние деп айтуға болады. Онда сонау сақтар заманы мен ғұндар кезіндегі көріністер мен Ескендір Зұлқарнайнның (Александр Македонский) шапқыншылығынан бастап, қыпшақ мемлекеттігі дәуірі, моңғолдар жорығының тұсынан айтылып келген әңгімелер көп. Қазақ ертегілері туралы М. Әуезов: «Қазақ атты ел құрылмастан бұрын, мұсылманшылық кірместен алдын ескі руларға түгел ортақ болған ертектер бар. Дүниетану, дінге нану шамасы шаманизм, буддизм бағытында болған кездерде шыққан ертектер де бар тәрізді. Одан беріде дін арқылы тарап сіңген мол топтары тағы бар» деп жазады қазақ ертегілерін зерттей келе [1, 6-б.].

Қазақ ертегілерінің ішінде өзге елдердің фольклорлық сюжеттері мен ұқсас мотивтердің жиі кездесетіні – қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы және новеллалық ертегілер деп айтуға болады. Қиял-ғажайып және хайуанаттар жайлы ертегілерде ұшырасатын көптеген мотивтер ең ескі дәуірлерде дүниеге келген наным-сенімдердің

көріністерін бойында сақтай алған. Алайда, қай дәуірден бастап ене бастағандығын тап басып дәл айту қиын.

Қиял-ғажайып ертегілері – халық ауыз әдебиетінің ең көне жанрларының бірі. Ол аңыздардың, салт-дәстүрлердің, наным-сенімдердің, ырым-жоралғылардың негізі болып табылады. Ертегілер адам санасының ажырамас бөлігі бола тұрып, тікелей ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал етеді. Олар ғажайып мистикаға негізделген діни көзқарастардан құралып, кейіпкерлердің бақытқа, сұлулық пен шындыққа деген талпыныс- ниеттерін сипаттайды. Ертегілер адамдардың жүзеге асыра алмай келе жатқан ежелгі арманын суреттейді: уақытты тәуелді ету, мәңгілік жастық пен байлыққа кенелу, өлімге қарсы тұру, жеңу, т. б. Халық қиял-ғажайып ертегілері мистикалық бастамадан басқа да маңызды қолданбалы мағынаға ие: олар жасөспірімдер буынын үлкен өмірге дайындап, негізгі сценарийлерді қалыптастырып, ең маңызды және күрделі мәдени құндылықтармен таныстырады.

Уақыт пен кеңістік концептілері үстіңгі және терең құрылымдарды өзара байланыстыру қызметін атқарады, ал ондағы сандар мен атаулар бүкіл жүйеге таралып, оны бір-бірімен біріктіреді: «Біз іс-әрекеттерді тек уақытпен өлшемейміз, сонымен қатар уақытты да іс-әрекеттер арқылы айқындаймыз. Себебі, олар бірін-бірі анықтайтын категориялар: уақыт оның саны болғандықтан, іс-әрекетті айқындайды, ал іс-әрекет – уақытты» [2]. Яғни іс-әрекет – даму дегенді білдіреді, ал даму дегеніміз – алға қарай жылжу болып табылады. Егер де уақыт категориясын феноменология тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда аталған концепцияға сәйкес уақыт «сана ағыны» метафорасының мазмұны ретінде беріледі. Яғни кезеңдердің ретті ауысып тұруы. Уақыттың әрбір қабылдау кезеңінің өз формасы болады. Ол уақыт мазмұнының барлығын қамтиды. Ал бір кезеңнен екінші кезеңге дейін уақыт формасының мазмұны өзгеріп отырады, бірақ уақытты қабылдау формасы сол қалпы өзгеріссіз қалады.

Ғалым Э. Гуссерль уақыт ұғымын ақиқат болмысты қабылдаудың айқындылық сипатымен байланыстырады. Айқындылық затты қабылдаудың «үзілмес біртұтастылығы», яғни бастапқы мәлімет іспеттес. Ал айқындылық мазмұны бұл «сана біртұтастылығы» [3]. Сонымен, феноменология уақытты ақиқат болмыс «бөлшектерінің» жиынтығы ретінде қарастырады. Герменевтикада уақыт факторы адамның тарихы тұрғысынан қарастырылады. Мысалы, М. Хайдеггер үш уақыттық детерминациясын ұсынып, олардың мағынасын төмендегідей түсіндіреді: болашақ – ұмтылу, осы шақ – қазіргі болмыс, өткеніміз – дерекке қайта оралып, жағдаятты қабылдау. Өткен шақ пен болашақ арасында – қазіргі уақытпен байланысты машақат [4].

Сонымен, кез келген ертегінің, әсіресе қиял-ғажайып түрінің мазмұнын терең түсіну үшін сол мәдени ғаламның концептуалдануы қандай тәсіл арқылы жүзеге асырылып отырғанын ескеру қажет: сөздің сыртқы астарында не жатқанын, мәтін жасалуы барысында тілдің мән-мағыналық жағы қалайша ұйымдастырылғанын айқындау басты мақсат болып саналады. Ертегі мәтіндерінің концептілері сюжеттік, уақыттық, кеңістіктік тұрғыдан көрініс табады және тілдік материалды когнитивтік аспектіде талдау арқылы ғаламның тілдік бейнесі концептуалдануының ұлттық ерекшелігін анықтауға болады.

Ғалымдардың басым көпшілігінің пікірінше, ертегілерде екі полюс қарым-қатынаста болады: ертегінің концептуалды ғалам бейнесі дуалистік сипатта дамиды. Онда екі бірдей полюс орын алады:

біріншісі, фантастикалық – кеңістіктік-уақыттық заңдылықтарымен айқындалатын «шығармашылық, жасампаздық уақыты», яғни нысандардың уақыт пен кеңістіктегі барлық мүмкін бола алатын трансформацияларымен сипатталатын ғалам ашықтығы;

екіншісі, стихиялық-реалистік деп аталады, шынайы, ақиқат өмірмен сабақтастығы.

Осымен байланысты халық қиял-ғажайып ертегілерінің дискурсы үнемі өлімге жол бермеуге тырысады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде: *«Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітеді: - Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргеніңде, есіңде болсын, үйге кіргеніңде, екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жжылан ысылдап келеді де, екеуі екі жеңіңнен кіреді, қойыңнан шығады, қойыңа кіреді, қонышыңнан шығады. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар – жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егерде бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер асты еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, - дейді»*. Бұл ретте жер астына түскен басты кейіпкер жер үстіне қайта шығатынына сенімді болғысы келеді. Басты кейіпкер «о дүниеге» тап болған жағдайда үнемі сыпайы, байсалды болып келеді.

Ертегі дискурсы – негізін уақыт категориясы құрайтын «идеалды ақиқат болмыс» болып табылады. Қиял-ғажайып ертегілерінің басты ерекшелігі – ертегі дискурсының негізін ерекше категория – ертегі уақыты құрайтынында болып келеді. Басқа көркем шығармаларға қарағанда ертегі мынадай белгілермен сипатталады:

- қызықты оқиғалар сан түрлі болуы мүмкін, бірақ олар үнемі бірыңғай болып келеді; олар белгілі бір өте қатаң заңдылықтарға бағынышты;

- ертегіде үнемі іс-қимыл сәтінің өзі нақты сипатталмайды, ол тек екі-үш сөзбен ғана келтіріледі: *«Түлкінің қорлығына шыдай алмай, шал бір күні екіншіі жерге көшем деп, дүние-мүлкін арқалап, жолға шығыпты. Шаршаған соң, оны бір жерге көміп кетіпті; бір жерге елдің сойған малынан жинап алған ішек-қарнын көміп кетіпті; бір жерге қарындағы айранын көміп кетіпті. Жүктің салмағымен Қаңбақ шал ұшып кетпей келеді. Жүктен арылған соң, желмен ұшып, бір жерге түсіпті. Қараса, бір дәу екі тауды біріне-бірін шақпақ қылып, ұрып тұр екен».*

Яғни жолдың өзі сипатталмайды, ол композицияда болғанымен, нақты деректер ретінде орын алмайды; *«Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұирықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айырылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді»* – жер үсті мен жер астының арасында үлкен кеңістік орын алады, бірақ ол бір сәтте өтіп кетеді. Осыдан ертегіде кеңістік екі түрлі рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады. Бір жағынан қарағанда, ол ертегіде бар, қажетті композициялық элемент екені анық. Ал, екінші бір қырынан қарасақ, ол мүлдем жоқ сияқты болып та көрінеді.

Барлық қиял-ғажайып ертегілерінде ертегі уақыты нақты уақытқа сәйкес келмейді. Ол абстрактілі бірлік болып табылады және белгілі бір тілдік ормандар арқылы сипатталады:

«Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді - келмейді, жылдар өтеді – келмейді» («Ер Төстік»); «Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады,

аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да садағы, азығы да садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады» («Ер Төстік»); «Бала мың ділдәні алып, киік астына қоятын тақты жасайтын Мысыр шаһарының жанындағы шеберге жүреді. Бірнеше күн жүріп, шеберге келеді» («Күн астындағы Күнекей қыз»); «Бір күні ол әкесінен бата алып, құлындарды іздеуге шығады. Іздеп күн жүреді, ай жүреді» («Үш батыр»); «Ата-анасына бір жылдық азық дайындап беріп, сауыт- сайманын киініп, жау-жарағын асынып, азығына алпыс құлынның қазысын алып, баяғы жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады. Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен, Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тіресken бір биік тау көрінеді» («Керқұла атты Кендебай») және т. б.

Ертегі уақыты халық қиял-ғажайып ертегілерінің желісін ықшамдауға да, сондай-ақ созуға да бейімді келеді. Зерттеуші С. М. Толстая бұл жөнінде: «Уақыт жағымды да, жағымсыз да бағалауыштық қасиетке ие: ол жақсы да, жаман да, таза да таза емес те, қауіпті де, қауіпсіз де болуы мүмкін. Ол ғаламды реттеуші және адам өмірін ұйымдастырушы басты құрал болып табылады» [5, 28-б.]. Алайда, адамдар уақытты жеңу мақсатында магия нысаны мен құралына айналдыруға талпынған.

Халық қиял-ғажайып ертегілер тілі белгілі бір мәдениетке тән келетін аялық білімдер кодталатын орны, қоймасы болып табылады. Тіл ақиқат шындықты құрылымдап, ақиқат дүниені де, ақиқат шындықтан тыс дүниені де айқындап көрсетеді. Фольклорлық мұра арқылы балалар негізгі өмірлік сценарийлермен танысып, тәжірибе жинақтайды. Сондықтан да ертегіде кейіпкерлер барлық жағынан не жағымды болады немесе тым жағымсыз, зұлым болып келеді. Бірақ бұған қарамастан, ертегі кешірімділік пен мейірімділікке толы дүние, ол адамның сенімін жоғалтпайды – жамандықтың жақсылыққа айналуына жол береді. Ертегіні баяндау – бұл өз заңдарымен қалыптасатын ерекше балама ғалам. Алайда, ол ақиқат болмыспен де тығыз байланыста болып келеді. Қалыптасқан көзқарас бойынша, балалар ертегі дискурсымен танысу арқылы ең маңызды деп танылатын сценарийлерді құрылымдап үйренеді. Олар, өз кезегінде, күнделікті өмір сүру үшін қажетті білімдер қатарына жатқызылады. Жас оқырмандар ертегі кейіпкерлерімен танысқаннан кейін қиял, фантазия әлемін елестете бастайды. Олар ойын барысында ертегі кейіпкерлерін сомдап, өздерін түрлі-түрлі рөлдерде байқап көреді. Басқа біреудің кейпінде бола алу қабілеті баланың дискурсивтік тұлғасын ұлғайтып, өмірлік тәжірибені байытады. Халық қиял-ғажайып ертегілерінің терең құрылымдарында кодталған ақпарат мәдени құндылықтар әлеміне жол ашады. Олар өздері аңғармастан, интуитивтік түрде терең құрылымдардың бірегей тілін меңгеріп, одан кейін оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ертегілер. Алматы: Жазушы, 1988. 1-том, - 288 б.
2. Аристотель. Физика // Соч. в 4 т. - М.: Мысль, 1981. -Т. 3. - 613 с.
3. Гуссерль Э. Кризис европейских наук и грапедендентальная феноменология. Ведение в феноменологическую философию // Вопросы философии. - 1992. - №7. - С. 136-176.

4. Реале Дж., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. I. Античность. - ТОО ТК «Петрополис», 1994. - 336 с.
5. Гуревич Л. Я. Категории средневековой культуры. - М. Искусство, 1984. - 350 с.

Қазақ тіліндегі анықтық-танықтық категориясының сөз таптарындағы көрінісі

Аман М.
Әл- Фараби атындағы ҚазҰУ

Анықтық сөйлеушіге белгілі бір тұлға, зат немесе оқиғаны білдіретін ұғым. Анықтық категориясы көбінесе нақтылау немесе нақты бір ақпарат беру қажеттілігі туындаған кезде қолданылады. Бұл категория сөйлеуші мен тыңдаушының ортақ біліміне негізделеді. Танықтық сөйлеушіге толық анық емес немесе белгісіз зат, тұлға немесе оқиғаны білдіреді. Бұл категория ақпараттың белгісіздігін, болжамдығын немесе жалпылығын көрсетеді.

Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі - анықтық/танықтық функционалды-семантикалық категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н. Сәрсенбаева, А. Тураева сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. А. Байтұрсынұлы сөз таптарын топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады.

Қазіргі грамматикаларда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: А. Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген.

А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал»	**«Қазақ грамматикасы»**
Жіктеу	Жіктеу
Сілтеу	Сілтеу
Сұрау	Сұрау
Шектеу	Өздік
Танықтау	Жалпылау
	Болымсыздық
	Белгісіздік

Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. Шектеу есімдігі деп аталатын есімдік түрін ғалым: «нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, бәрі, барша», — деп сипаттаса, танықтау есімдігі деп аталатын есімдік түрін: «нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, ешкім, ештеме, дәнеме, кейбір. Бұлар жоқтықты көрсетеді; кей, қайсыбір - бұлар түгел еместігін көрсетеді; біреу, әлдекім, әлдене - анық белгілі еместігін көрсетеді», - деп айқындайды. Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны - анықтық (белгілілік) мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтау есімдігі деп аталатын есімдіктер - танықтық (белгісіздік) мәнді білдіру үшін қолданылатын

есімдіктер. Яғни, А. Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді - шектеу есімдігі деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді танықтау есімдіктері деп біріктірген [1]. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т. с. с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтау есімдіктерін анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде танықтау есімдігі нәрсенің жоқтығын (ешкім, ештеңе, ешбір), анық белгілі еместігін, (әлдекім, әлдене) немесе түгел еместігін (кейбір, кайсыбір) білдіретіні сөз болса, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер - болымсыздық есімдіктері, анық белгілі еместігін білдіретін сөздер - белгісіздік есімдіктері, түгел еместігін білдіретін сөздер - алалау есімдіктері деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен. Сол сияқты шектеу есімдіктері өздік есімдігі және жалпылау есімдігіне жіктелген. Бұлайша жіктеу бүгінгі таңдағы оқулықтарда да үрдіс алып келеді. Яғни, кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі С. Аманжолов, Ғ. Бегалиев, Н. Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас екенін көреміз. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ. Бұл оқулықтардың бәрінде де белгісіздік есімдіктері бір, әр, әлде сөздерінің ұйытқы болуымен жасалатыны сөз болады. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде әр сөзі шектеу есімдігі ретінде танылады. Дұрысында, кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене т. с. с есімдіктермен салыстырғанда, әр есімдігімен бірігу арқылы жасалған әркім, әрбір, әрқайсысы сияқты есімдіктерде белгісіздік мәннен гөрі нақтылық, белгілілік басым. Бұл ерекшелік әр сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат т. б. Ендеше, әр сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәрізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе т. с. с еш сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: ешкім келмеді - біреуі де келмеді, ешқайсысы да айтпады - бірі де айтпады, ештеңе қалмады - бірдеңе қалмады т. б. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс сияқты.

Басқа зерттеушілердегі өздік, тәуелдік есімдіктері Қ. Кемеңгерұлы жіктеуінде жоқ, ал анықтау (определительные) есімдігі басқа ғалымдарда кездеспейді. Қ. Кемеңгерұлының есімдіктерді тануынан мынадай ерекшеліктер көреміз:

а) А. Байтұрсынұлы еңбектеріне сүйене отырып, тәуелдеу есімдіктерін есімдік қатарына қоспай, жалғау ретінде қарастырады;

ә) өздік есімдіктерін есімдіктің бір түрі ретінде жеке шығармай, оны анықтау есімдіктерінің ішінде түсіндіреді. Бұдан басқа *әркім, әрқайсысы, бәрі, барша* т. б. есімдіктерін де анықтау есімдіктері қатарында атайды. Осы орайда ғалым есімдіктердің атауы ретінде «анықтау есімдігі» дегенді ұсынады да, оған «танықтау есімдігін» қарсы қояды. Яғни «анықтау есімдігі» – жеке адамды немесе топты көрсетсе, «танықтау

есімдігі» – нәрсенің жоқтығын, белгілі еместігін немесе түгел еместігін білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі таңдағы өздік есімдігі, жалпылау есімдігі деп танылып жүрген есімдіктердің басын қосып, «анықтау есімдігі» деп атайды да, белгісіздік есімдігін «танықтау есімдігі» дейді;

б) Қ. Кемеңгерұлы есімдіктердің септелу үлгісін көрсетіп, онда жіктеу есімдіктері жатыс септіктен басқа септіктерде азатынын, яғни дыбыстық өзгерістерге ұшырайтынын (*маған, сені* т. б.), сілтеу есімдіктері септелгенде, көптік жұрнағын қабылдағанда, соңғы дыбысы түсіп қалатынын (*о-ның, бұ-дан, мыналар* т. б.); сілтеу есімдіктері есімдерден бұрын келіп, анықтауыш қызметін атқарғанда септелмейтінін; сұрау есімдіктерінің ішінде *қайсы* есімдігі барыс септігін -ған түрінде қабылдайтынын *(қайсыған)*; *қашан* есімдігі ілік, табыс септігінде түрленбейтінін айтады;

в) сілтеу есімдіктерінің жекеше түріне тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, негізден кейін н дыбысы қосылатынын әрі сөз басындағы б дыбысы м дыбысына ауысатынын, ал көпше түрде мұндай өзгерістердің болмайтынын ескертеді. Шектеу (определительные) есімдіктерінің ішінде *әркім* есімдігінен басқалары тәуелдеулі түрде ғана қолданылатынын, ал *кей, қайсыбір, ешбір* сияқты танықтау есімдіктері тәуелденбей тұрып септелмейтінін, жіктелмейтінін айтады;

г) жіктеу есімдіктерінің анайы, сыпайы, жекеше, көпше түрлері болатынын ескертеді;

ғ) есімдіктерден кейін -шыл, -ша, -лық, -дай, -дағы, -нікі, -сыз жұрнақтары ғана жалғана алатынын айтады [2].

А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы еңбектерінде есімдіктер дұрыс жіктеліп, сараланған. Алайда бұл жіктеу кейінгі ғалымдарда сабақтастық таппай қалған. Демек Анықтық категориясы сөйлеушінің қимылға сенімділігін, ал танықтық категориясы сенімсіздігін білдіреді. Бұл категориялар шақтың әр түрлі түрлерінде айқын көрініс табады.

Сан есімдердің анықтық немесе танықтық мәні олардың сөйлеу контексіне және қолданылу сипатына байланысты айқындалады. Сан есімдер нақты белгілі бір сандық көрсеткішті білдіргенде анықтық мәнге ие болады, ал шамамен, белгісіз санды білдіргенде танықтық мәнді білдіреді.

XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы өз еңбегінде қазақ тіліндегі сөздерді жіктегенде атқаратын қызметін ескергендегі анық. Сөзіміздің дәлелі ретінде ғалымның еңбегіндегі сан есім түрлері мен қазіргі қазақ грамматикасындағы сан есім түрлерін алып қарасақ болады. Бүгінгі оқулықтарда сан есімді 6 түрге жіктесе, Ахмет Байтұрсынұлы 4 түрге ғана бөлген.

А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал»	**«Қазақ грамматикасы»**
Есептік сан есім	Есептік
Іреттік сан есім	Реттік
Бөлшек сан есім	Бөлшектік
Жадағай есептік	Жинақтық
	Топтау
	Болжалдық

Қазіргі кезде айырмашылығы сезілмейтін, байқалмайтын қанша және неше сұрақтары жөнінде ғалымның өз тұжырымы бар. Бұл турасында Орынай Жұбаева: «Ахмет

Байтұрсынұлы еңбектерінде «сан» мен «шама» онтологиялық категориялары өзара жіктелетінін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады: «нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда неше деп сұраймыз. Мәселен: Неше кісі келеді?-Үш кісі келеді. Нәрсенің дәл санын білу үшін емес, шамасын ғана білуге сұрағанда қанша? деп сұраймыз. Мәселен: Қанша күн жүресің? -Үш төрт күн жүремін. Ғалымның ойлары кейін М. Балақаевтың еңбектерінде ізін тапқан [3].

Демек, неше? сұрағына жауап беретін сан есімдерде анықтық мәні, қанша? сұрағына жауап беретін сан есімдерде танықтық мәні көрініс табады. Сан есімдердің анықтық және танықтық мәндері қазіргі грамматикада да назарға алынуы тиіс, өйткені олар сөйлемдердегі ақпараттың нақтылығын және сөйлеушінің сенімділігін анықтауда маңызды рөл атқарады. Байтұрсынұлының теориясы мен қазіргі грамматикалық зерттеулердің синтезі арқылы сан есімдердің мағыналық реңктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі шақ категориясы етістік арқылы қимылдың немесе іс-әрекеттің өту мерзімін білдіреді және оның осы шақ, өткен шақ, келер шақ түрлері айқын анықталған. Алайда, шақ категориясындағы анықтық-танықтық категорияларының көрінісі тіл білімінде терең зерттелмеген, бұл олардың қазақ тіліндегі орны мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Анықтық пен танықтық категориялары сөйлеушінің қимыл-әрекетке деген сенімділігін немесе сенімсіздігін білдіру арқылы шақ жүйесінде көрініс табады.

Анықтық-танықтық мәнінің шақ категориясындағы көрінісі жайлы жазылған монографиялық еңбек – Т. Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» деп аталатын зерттеуі. Ғалым түркі тілдеріндегі шақ категориясының зерттелу тарихынан бастап, қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы жайын жүйелі түрде, ғылыми тұрғыда баяндайды. Ғалым шақтарды анықтық/танық тұрғысынан бөліп қарастырады.

Т. Қордабаев келер шақты өз ішінен: сенімді келер шақ, сенімсіз келер шақ деп жіктеген де, басқа ғалымдар, негізінен, болжалды келер шақ, мақсатты (ниет) келер шақ деп топтастырған. Мәселен, бүгінгі таңда модаль сөздерге жатқызып жүрген келетін шығар, келетін көрінеді, келетін сияқты мысалдарды ғалым сенімсіз келер шақ категориясына жатқызады. Себебі, семантикалық мағынасы жағынан сөйлеушінің айтып тұрған ақпаратына сенімсіздік реңкі байқалып тұр. Ғалым -мақ/-мек қосымшасын тұйық рай (неопределенная форма) ретінде түсіндіреді де, келер шақ көрсеткіші ретінде -ар/-ер қосымшасын ғана атайды. Ал -а/-е/-й жұрнақтарын ауыспалы мәніне сәйкес «настояще-будущее время» деп береді. Бұл орайда -ар/-ер қосымшасының мәнімен салыстыратындай басқа көрсеткіштер болмағандықтан, ғалым оған арнайы атау тақпаған [4]. Есімше көрсеткіші ретінде түсіндірген тұсында ғалым -ар/-ер жұрнағын «келер шақ есімше» деп атайды. Яғни аталған қосымшаның есімше ретінде, одан кейін шақ мәнін білдірудегі қолданылған атауларында бірізділік сақталған.

Сенімді келер шақ: -мақ; -ғалы отыр; -а/ -е/ -й формалары

Бекініс бұзатын отыз машина мен он мыңдаған әскердің күшімен олардың соңынан бармақ (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Құрақ басындағы түнгі шық әлі түгел кеуіп үлгермесе де, ат әбзелдерін дайындап қалаға барғалы отыр (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Екеуі құшақтасып сәл тұрды да, әзер айырылады (І. Есенберлин «Көшпенділер») [5].

Жоғарыдағы көркем әдебиеттерден алынған мысалдарда сенімді келер шақтың: -мақ; -ғалы отыр; -а/ -е/ -й формалары көрініс тапқан. Сөйлемнің семантикалық мағынасы мен

етістіктің келер шақ формасы арқылы сенімділік, нақтылық, дәлдік реңктерін байқаймыз. Мәселен, Әмірші әлдебір әжептарқы дауыстан оянып кетті. Жібек шатырдан жұқалаңытып күн көрінді де, енді ойға алған ісін соңына дейін жеткізбек (І. Есенберлин «Көшпенділер») [5]. Осы мысалда таң атып қалса да, әмірші өзінің ойға алған, көздеген ісін аяғына дейін қалайда болсын жеткізетіндігін айтып отыр. Оған қандай кедергілер болса да, алға қойған жоспары мен мақсатын соңына дейін жеткізетіндігін сенімді түрде жеткізіп отыр. Құрылымы жағынан келер шақтың сенімді түріне категориясына жатады. Сенімді деп отырғанымыз - анықтық мәні.

Сенімсіз келер шақ: Сенімсіз келер шақ: -ар/ -ер; -атын/ -етін шығар сияқты, тәрізді, көрінеді; -у мүмкін формалары

Сол түні Берке Агриамның тек беті ғана аппақ емес, тал шыбықтай бұралған денесінің де сүттей аппақ екенін көрінер (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Балшы Қайдудың жолы болатынын айтар (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Адамды аяуды білмеген Шыңғыс хан мен Бату да мұндай қанқұмарлыққа бармайтын көрінеді (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Бірақ қалаларын қорғап, өздеріне аянбай қарсылық еткен жұртты — онда да сұлу қыз, жас балаларын алып қалып бөтен елдерге құлдыққа сататын сияқты (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Ұлы монғолға айналғанына мақтанған кешегі жауынгерлер, нояндар, олардың ер жетіп қалған балалары тұруы мүмкін (І. Есенберлин «Көшпенділер») [5].

Сөйлемдердегі *көрінер, айтар, бармайтын көрінеді, сататын сияқты, тұруы мүмкін* келер шақ формасындағы сенімсіздік категориясы екені анық байқалады. Себебі, ар/ -ер; -атын/ -етін шығар сияқты, тәрізді, көрінеді; -у мүмкін формалары арқылы сөйлеушінің ақпаратына толық сенімсіз екенін білдіріп, танықтық, белгісіздік, сенімсіздік категориясының белгілеріне дәлел бола алады. Сонымен қатар сөйлеушінің ақпарат жеткізудегі іс-әрекетінің анық емес екенін байқаймыз. Семантикалық мағынасы жағынан бір іс-әрекеттің, ақпараттың екіұдайлы, болжалды ақпарат екенін көрсетеді.

Өткен шақты ғалымдар түрлі қырынан қарастырған. Мәселен, Т. Қордабаев, А. Ысқақов өткен шақты сөйлеушінің амалды өзі басы-қасында болғандай, өз көзімен көргендей, тыңдаушысы сенерліктей етіп хабарлауына байланысты айғақты (немесе анық), айғақсыз (немесе танық) деп жіктесе, «Современный казахский язык», Ы. Маманов, «Қазақ тілі грамматикасы» (Қ. Неталиева), Ғ. Әбуханов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова, «Қазіргі қазақ әдеби тілі», Ш. Бектұров, М. Серғалиев «Қазақ тілі» сияқты еңбектерде іс-әрекеттің бұрынырақта не жуық арада өтуіне байланысты жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ деп топтастырылған. Сонымен қатар «Современный казахский язык», Ы. Маманов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова еңбектерінде бұрынғы уақытта дағдылы түрде өтіп тұрған қимыл-әрекетті жеке топтастырып, «дағдылы өткен шақ» деп береді [6].

«Современный казахский язык», М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова «Қазіргі қазақ әдеби тілі» т. б. еңбектерде де -ушы еді, -атын еді көрсеткіштері осы мәнде берілген. Бұдан Қ. Кемеңгерұлының дағдылы өткен шақты (прошедшее постоянное) тануы мен бүгінгі таңдағы анықтамалар үндес екенін көреміз. Ал Т. Қордабаев, А. Ысқақов еңбектерінде өткен шақтың бұл түрі жеке сараланбай, *айғақты (анық) өткен шақ* көрсеткіштерінің қатарында түсіндіріледі. Аталған ғалымдар өткен шақты өз ішінен *айғақты (анық) және айғақсыз (танық)* деп жіктейді де, айғақты өткен шақ түрлеріне -атын, -ған, -ған еді, -п еді, -ушы еді көрсеткіштерін атайды. Т. Қордабаев, А. Ысқақов еңбектерінде өткен шақ қимылдың жуық арада не бұрынырақта өтуіне байланысты

жіктелмейді. Ал айғақсыз немесе танық өткен шақ түрлеріне –ып, -ған екен, -ады екен көрсеткіштерімен қатар -са керек, есімше + шығар, сияқты, білем, тәрізді, көрінеді сияқты формаларды қосады. Бұл көрсеткіштерді Қ. Неталиева бұрынғы өткен шақ қатарында түсіндірген. Ал басқа ғалымдарда өткен шақтың мағыналық топтарының ішінде бұл көрсеткіштер кездеспейді. Ы. Маманов, Ғ. Әбуханов, М. Серғалиев, А. Айғабылов, О. Құлкенова оқулықтарында -ып/-іп жұрнақты өткен шақ түрі – ежелгі өткен шақ деп аталған [4].

Ал Қ. Кемеңгерұлы жіктеуінде -ып/-іп қосымшасы әрі айғақсыздық, әрі ежелгі мезгіл ұғымын қоса қамтыған. Ғалым өткен шақтың бұл түрін «прошедшее определенное» деп атап, оны:

а) действие или состояние, время которого точно неизвестно по давности или неопределенности;

б) что известно по слуху», - деп сипаттайды. Бұл анықтамадан ғалымның өткен шақтың осы түрінің мағыналық ерекшелігін толық қамтуға тырысқаны байқалады [4].

Г. О. Сулеева -ушы еді және -атын еді формаларының мәндерін салыстыра келіп, былай дейді: «Семантика формы на -ушы/-уші еді идентична таковой на -атын. Иными словами, она имеет значение продолжительного процесса, характерного для данного лица или предмета, возникающего на базе общего значения незаконченности действия в прошлом... Обе эти формы по значению смыкаются как между собой, так и с формами неопределенного имперфекта». Бұдан Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбановтардың өткен шақтың бұл түрін анықтауы және -атын еді, -ушы еді формаларының мәндес екенін көрсетуі Г. О. Сулеева пікірінде сабақтастық тапқанын көреміз [7].

Айғақты өткен шақ: -ды/ді; -атын/етін; -ған; -п еді; -ушы формалары

Бұл қалалар Алтын Орда, Қарақорым басқақтарының қиянаттары шектен асып кеткен соң баратын (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Оның шеберге тән қырағы көзі селдір пердені өртеп кетердей боп шоқша жайнап тұрған әдемі екі жанарды алдымен шалған (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Мұндайға көнгісі келмеген, әсіресе бесермандардың қиянатына, зорлығына шыдай алмаған оруcут халқы тағы үдере көтеруші еді (І. Есенберлин «Көшпенділер»)

Сөйлемдердегі *баратын, шалған, көтеруші еді,* етістіктері арқылы айғақты өткен шақ екені анық көрініп тұр. Себебі, ды/ді; -атын/етін; -ған; -п еді; -ушы формалары қосымшалары сөйлеушінің ақпаратына толық сенімді екенін білдіріп, анықтық, белгілілік, сенімділік категориясының белгілеріне дәлел бола алады. Семантикалық мағынасы жағынан өткен әс пен оқиғаның бұрын болғандығын білдіреді.

Айғақсыз өткен шақ: -ып/іп; -ған екен; -ады екен; -са керек; -ған/ген + шығар, сияқты, білем, тәрізді, көрінеді

Әрине, Рашиян шарабының улы екенін білген жоқ қой. Білсе... Онда бұл өліп кетсе де кесені қолына алып барыпты (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Ызаның салдарынан кесені қолына алған екен (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Бір айыр шөптің өзіндік құны бір сомға дейін барған білем (І. Есенберлин «Көшпенділер»). Үш жігіт буы бұрқыраған моншадан шыққан сияқты (І. Есенберлин «Көшпенділер») Адамды аяуды білмеген Шыңғыс хан мен Бату да мұндай қанқұмарлыққа бармайтын көрінеді (І. Есенберлин «Көшпенділер») [5].

Сөйлемдердегі *барыпты, алған екен, барған білем, шыққан сияқты, бармайтын көрінеді* етістіктері арқылы айғақсыз өткен шақ екені анық көрініп тұр. Себебі, -ған/ген + шығар, сияқты, білем, тәрізді, көрінеді формалары сөйлеушінің ақпаратына сенімсіз

екенін білдіріп, танықтық, белгісіздік, сенімсіздік категориясының белгілеріне дәлел бола алады. Семантикалық мағынасы – айтылған ақпаратының дәлелді емес екенін білдіреді.

Қазіргі қазақ грамматикасында -ды, -ді формасы жедел өткен шақ, -ып, -іп формасы бұрынғы өткен шақ ретінде қарастырылып жүр. Мәселен, Абай 1945 жылы туды және Абай 1945 жылы туыпты десек, ешқандай жеделдік мағынаны көре алмаймыз. Ақпараттың берілуінде айырмашылық жоқ секілді. Алайда нақты ақпарат көзі ретінде дәлелді семантиканы «туды» өткен шақ категориясы арқылы жақын тани аламыз, бұл – анықтық мәні. Туыпты деген сөйлемде ақпаратқа сенмісіздік, айғақсыздық мәні басым, бұд – танықтық мәні.

Қазақ тіліндегі анықтық пен танықтық категориясы шақ жүйесінде маңызды орын алады. Анықтық категориясы сөйлеушінің қимылға сенімділігін, ал танықтық категориясы сенімсіздігін білдіреді. Бұл категориялар шақтың әр түрлі түрлерінде айқын көрініс табады. Анықтық пен танықтық мәндері, әсіресе, айғақты және айғақсыз өткен шақ формаларында, сондай-ақ сенімді және сенімсіз келер шақ формаларында анық көрінеді. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесіндегі анықтық пен танықтықтың шақ категориясындағы көріністерін зерттеу – тілдің семантикалық және грамматикалық құрылымдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі анықтық-танықтық категориялары зат есім, сын есім, сан есім, есімдік және етістік сияқты сөз таптарында әртүрлі деңгейде көрінеді. Анықтық пен танықтықтың бұл көріністері сөйлеушінің ақпаратты нақты немесе болжалды түрде жеткізуіне байланысты қолданылады. Әртүрлі сөз таптарындағы бұл ерекшеліктер қазақ тіліндегі семантикалық және грамматикалық жүйенің байлығын көрсетеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл –құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. -384 б.

3. Жұбаева О. А. Байтұрсынұлы мұрасындағы функционалды грамматика/ Жұбаева О. // Жас қазақ. -2010. –№43.

4. http://www. g. engime. org/jildar-aralifindafi-zertteulerdegi-esimdikterdi-jikteuge-atist. html?page=15

5. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы, 1985. – 247 б.

6. Түймебаев Ж. Қазақ тіліндегі етістіктің индикативті нысандары. – Алматы, 1991. – 134 б.

7. Салқынбай А. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 2007. – 78 б.

Функционалды грамматика: таксис категориясы

Амангельдин Е.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Таксис ұғымы функционалды грамматиканың басқа категорияларымен де өзара әрекеттесіп жатады. Кез келген оқиға, құбылыс динамикалық әрекетке белгілі ортада, уақытта қимыл арқылы өтеді. Функционалды грамматиканың бір ұғымы екінші бір ұғым – категориямен де байланысып жатады. Уақыт категориясына жататын темпоралдылықты

білдіретін тілдік құралдар таксис ұғымымен немесе аспектуалдылық категориясымен байланысып жатса да оларды анықтайтын тілдік бірліктердің арасында нақты шек жоқ. Функционалды грамматикада тіл сөйлеу деңгейінде (речь), динамикалық аспектіде қарастырылады. Мұнда тілдік бірліктер мен тіл жүйесінің сөйлеудегі қызметі, тілдік бірліктердің қолданылуы сөйлеу жағдаятымен, контекспен бірлікте алып зерттелінеді.

Таксисті тілдік құбылыс ретінде зерттеуді бастаған американдық лингвистер Л. Блумфилд пен Б. Уорф (Bloomfield 1946), (Whorf 1946). Олар Солтүстік Америка, алгонкин және хопи үндістерінің морфологиялық бай тілдерінің материалын зерттей отырып, авторлар осы уақытқа дейін еш жерде қарастырылмаған етістік категориясына тап болды. Шамамен сол уақытта Рейхенбах (Reichenbach 1947) плюсквамперфект семантикасын немесе өткен шақты сипаттайтын салыстырмалы уақыт моделін ұсынды. Бұл модель сөйлеу сәті мен жағдаят сәтінен басқа, алғашқы екі құрамдас бөлік арасындағы аралық буын болып табылатын үшінші нүктені – тірек уақытты қамтиды. Таксис ұғымы структуралистер зерттеулерінде жан-жақты қамтылып, Петербург типологиялық мектебінің еңбектерінде және шетелдік когнитивтік лингвистикада одан әрі дамыды.

Таксисті жүйелі зерттеуді Прага лингвистикалық мектебінің жетекші лингвисті Р. О. Якобсон бастады, ол осы санатты таксис категориясы деп атауды ұсынды, ол әлі күнге дейін белгілі (Якобсон 1957), (Якобсон 1972). Оның жұмысында «Шифтерлер, етістік категориялары және орыс етістігі» («Shifters, verbal categories and the Russian verb») (Якобсон 1957, Якобсон 1972) ол бұл категорияны келесідей сипаттайды: Бұл категорияның қалыптасқан атауы жоқ; «уақытқа қатысты» түріндегі терминдер оның көптеген түрлерінің бірін ғана анықтайды. Блумфилдтің ұсынған «тәртіп» термині, дәлірек айтсақ, оның грекше *«таксис»* (τάξις) рет-ретімен орналастыру деген мағынаны білдіреді. Таксис дегеніміз – бір оқиғаның (қимыл-әрекеттің) келесі бір оқиғаға (қимыл-әрекетке) қатыстырыла айтылуы.

Таксис категориясы туралы бұл көзқарастың кілті мынада: таксис категориясы кейбір оқиғалардың бір-бірімен байланысын сипаттайды және оның уақытқа қатысты болуы міндетті емес, бірақ кез келген пысықтауыштық мәнде болады: қарсылықты, сонымен қатар шартты, себептік және т. б. Бастапқыда құрылымдық парадигмадағы зерттеушілердің еңбектерінде таксис белгілі бір жағдайлардың хронологиялық байланысын көрсететін және үш негізгі мағынамен ұсынылған шақ, түр және модальділік категориялармен қатар етістік категориясы ретінде түсініледі: бір мезгілде, алдын-ала және келесі.

Таксис термині негізі шартты түрде алынған. Оны қолданатын кейінгі зерттеушілердің көбі таксистік қатынасты білдіретін құрылымдардың қатарын көбейтіп отыр. Мәселен, Ю. С. Масловтың таксис туралы көзқарастары Р. О. Якобсендікіне ұқсайды. Яғни, ғалым мезгілдестік қатынастардың бір мезгілде өтуімен қоса, оларда қарсылықты мағына болуы да мүмкін екендігін айтады [9, 42]. Таксис категориясы бақа темпоралдылық, аспектуалдылық, персоналдылық категорияларына қарағанда семантикалық категория ретінде кейінгі кездері ғана айқындалып, мезгілдік мағынаны білдіруде жиі кездесетін синтаксистік құрылымдар ретінде көрсетіліп жүр.

Таксис категориясын кейбір ғалымдар темпоралдық категориясының құрамында қаралатын «қатыстық шақ» ұғымымен бір деп қарайды. Мәселен, И. Я. Харитонов таксис пен қатыстық шақ ұғымдарын біртілдік құбылысты сипаттайтынын, екінші терминнің жиі қолданылатынын айтып, кейінгі зерттеу еңбектерінде мезгілдестік қатынастарды

«қатыстық шақ» терминінің аясында қарастырады. Таксис, сонымен қатар «эвиденциалдылық» терминімен де астас ұғымдар ретінде қарастырылған. Осы категорияны арнайы зерттеген Н. А. Козинцева мұндай категориялық жағдаятта сөйлеуші оқиғаны екінші бір адамның хабарлауына сүйене отырып немесе өзінің басынан өткен оқиғалар негізінде баяндайды, біріншісінде эвиденциалдылық қатынас – жанама түрде берілсе, екінші жағдай – тура эвиденциалдылық деп аталады [35, 92-104.]. Автор эвиденциалдылық категориясы туралы жазылған еңбегінен бұрын таксис категориясын да арнайы қарастырған, бірақ оларды екі бөлек категория ретінде таныған.

Қазақ тіл білімінде таксис категориясы түбегейлі кешенді түрде зерттелмеген. Бүгінгі таңда таксис категориясына қатысты зерттеу жұмыстары Б. Қапалбектің еңбектерінен көрініс тауып жүр. Б. Қапалбек: «Тұлғадан мағынаға қарайғы» әдіс бойынша зерттеу тілдің деңгейлік бірліктерін өз алдына бөлек-бөлек сипаттайды. Мәселен, мезгілдес салалас сөйлемдер мен мезгіл бағыныңқы сабақтастардың өзі бір-біріне байланыссыз қарастырылады. Мезгіл пысықтауыштық қатынасты білдіретін құрылымда бірыңғай мүшелердің арасында және көсемше, есімшелі оралымдар арасында таксистік қатынас болатындығы белгілі. Дәстүрлі грамматикада осы тілдік бірліктер тілдің деңгейлік сипатына қарай жеке-жеке зерттелінеді. Ал негізі таксистік қатынастар арнайы морфологиялық парадигмасы жоқ болғандықтан түрлі деңгейдегі тілдік құралдар (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) арқылы жүзеге асады деген тұжырым жасайды».

А. Байтұрсынұлы сөйлемдердің арасында екі түрлі жағындық болатынын айтады: ішік және тысқы. Осыған байланысты сөйлемдер екіге бөлінеді. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес, мағына жақындығымен қоса қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас деп аталынады. Ол іргелес сөйлемдерге мыналарды жатқызады*: Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.* Осы келтірілген сөйлемдер бір шақта өтіп жатқан іркес-тіркес әрекетті білдіріп тұр. Екіншіден, айтушының мақсатына қарай бұл құрылымдар *күн кеш болып, ат болдырды, ел көрінбегендіктен батыр сасайын деді* болып құрылуы да мүмкін [5, 170]

Соңғы жылдары қазақ лингвистикасында таксис ұғымын түсінуде әртүрлі аспектіде қарастырылып еңбектер бар. Олардың ішінде З. К. Ахметжанова, С. С. Құнанбаева, Н. Г. Шаймерденов және басқалардың салғастырмалы аспектідегі еңбектерін атауға болады. Т. Н. Ермекова таксиске мынадай анықтама береді: «Тіл ғылымында таксис терминімен танымал мезгілдік қатынастар – бір мезгілде не әр мезгілде орындалатын іс-әрекеттерді, үзілісті негізгі және жанама қимыл арақатынасы тұрғысында сипаттайтын тілдік категория».

Түркі тілдерінің алғашқы грамматикаларында іс-әрекеттер арасындағы мезгілдік қатынас арнайы зерттелмегенімен, оның кейбір ерекшеліктері байқалып, сипатталған. А. Троянский «Қысқа татар грамматикасы», М. Иванов «Татар грамматикасы» атты еңбегінде көсемшелердің негізгі әрекетке қатысты уақытша мағынасына назар аударады. Таксис дегеніміз – бір мезгілде хабарлап отырған оқиғаның бір-біріне тәуелсіз орындалуы немесе тәуелді орындалуы. Таксис хабарлап отырған оқиғаның басқа хабарлап отырған оқиғаға қатыссыз екендігін сипаттайды, айтылым кезінде бір уақытта баяндалып отырған бірнеше оқиға бір-бірімен қатысты немесе жанама қатысты болуы мүмкін. Сонымен қатар толық қатысты болып келеді. Сондықтан таксиске берілген анықтама әр тілде әр түрлі болып негізгі анықтамасы бір болғанмен, бір-бірінен айырмашылығы да болып тұрады. Мысалы, басқа тілдегі таксис мәселелерін қарастыру сол тілдің мезгілді білдіретін

категориялары арқылы анықтауды қажет етеді. Демек, таксистің уақытпен арақатысы басқа тілдермен салыстырғанда шартты түрде айқындалады. Бұл, әсіресе, әр тілдің грамматикалық заңдылықтарына, орналасу тәртібіне, құрылымдық жүйесі арқылы айқындалып отырады және соған тікелей байланысты болады. Сондықтан «таксис» терминін стандартты деп айтуға болмайды.

Ғалымдар таксис категориясының мынадай ерекшеліктерін көрсетеді:

- таксис ұғымын тар мағынада қарастырған жөн;
- тілдегі таксистік мағына арнайы етістік тұлғалары арқылы беріледі;
- таксистік қатынастар тек коммуникативті сөйлемдерде ғана емес, жай сөйлемнің жолымен және күрделенген түрлерінде де кездеседі;
- бағыныңқы таксистік қатынастар кезінде екі етістіктің біреуі ғана шақтық мағына береді;
- таксистік қатынастың жұмсалымдық-мағыналық өрісінің өзегін құрайтын мезгілдес, жалғас, алдыңғы өткен әрекеттер қимылдың өту сипаты категориясымен тікелей байланыста болады;
- таксистік қатынастар бағыныңқы және дербес деп екіге бөлінеді.

Функционалды грамматикадағы таксис категориясы мен адамның танымдық қасиеттерінің байланысы жаңа теориялық негіздерді қалыптастыруындағы маңызы орасан. Таксис категориясы екі не одан да көп іс-әрекеттердің бір-бірімен қатар келу ситуациясын бейнелейді. Бұл іс-әрекеттерді көп жағдайда грамматикалық норма ретінде құрмалас сөйлем ішінде кездестіреміз.

Ал қазіргі таңда дәстүрлі грамматиканы көбіне құрылымдық аспектіде қарастыру негізінде шектеліп қалған. Тілші ғалымдар сан жылдар бойы синтаксис саласындағы тілдік ережелер мен заңдылықтарды олардың сөйлем ішіндегі орны, қызметі секілді қағидалары бойынша бөлді. Екі не одан да көп сөйлемдердің өзара байланысуының тәсілдері (интонация, шылау) және түрлері (салалас, сабақтас, аралас) деп жіктеу жеткіліксіз екендігі рас. Олардың функционалды-семантикалық аспектісін толықтыру мақсатында когнитивті грамматиканы зерттеу мәселесі алдыңғы орынға шығып тұр.

Қоршаған ортадағы сан алуан ақпараттың адам санасында көрініс табуы көптеген процестер арқылы жүзеге асады. Ең алдымен, бұл психологияда негізге алып қарастырылатын сезім, таным, қабылдау, сенсорлық қасиет тәрізді ұғымдармен тығыз байланысты. Қабылдау – күрделі тітіркендіргіштердің көрінісі, заттар мен құбылыстардың ақиқат шындыққа қатысты әртүрлі қасиеттері мен бөліктері жиынтығында, олардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуін бейнелейтін психикалық процесс. Қабылдау адамға айналадағы өтіп жатқан әр іс-қимылды толық әрі жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Сезімдер негізінде тітіркендіргіштер туралы әсер қалыптасады да, қабылдау процесінде сезім мүшелеріне әсер ететін заттың бейнесі қалыптасады. Сонымен қатар, сезім тітіркендіргіштердің әсерінен бірден пайда болса, қабылдау субъектінің әрекет етуші объектімен белсенді өзара қатысын болжайды.

Адамның танымдық процестерін жүзеге асыратын қабылдаудың бес түріне: көру, есту, сипап-сезу, иіс сезу, дәм сезу секілді анализаторларды жатқызамыз.

Жоғарыда аталып өткен сенсорлық анализаторлардың тіл білімімен байланыстырылуы жаңа ғылыми құбылысқа қарқынды айналу үстінде. Функционалды грамматиканың когнитивті құбылыстармен тығыз арақатынасы лингвистика саласында мол жаңалықтармен толығуына әсер етеді. Когнитивті құбылыстардың әлемді тану, қоршаған ортаны жете түсіну, оны ой-сана қабілеттері арқылы қабылдау жаңа

функционалды грамматика ғылымының салалары мен категориялық аспектілеріне жіктеу процесі үшін таптырмас өзек ретінде танылды. Бұның нәтижесінде, таным иесі – субъектінің ментальді ерекшеліктері қаланды. Ақиқат өмірде адам қоршаған ортадағы бар процестерді тану барысында бірнеше ақпаратты бір уақыт өлшемінде қатар алуы мүмкін. Бұл жоғарыда айтылған адамның танымдық қабілеттері көмегімен орындалады. Бір уақыт ағымында адам ақпаратты естіп, көріп, татуы ықтимал. Айналада өтіп жатқан процестерге адам субъект ретінде өзі араласып немесе түгел іс одан сырттай тәуелсіз өтіп, еш қатысы болмаса да, түптеп келгенде ол адамға әсерін тигізбей қоймайды. Тұлға оларды өзінің ішкі сенсорлы қабілеттері арқасында қабылдайды. Сол бірінен-соң бірі келетін оқиғалар тізбегін грамматика-семантикалық тұрғыдан жүйелеу қазіргі таңда өте күрделі бастама. Синтаксистік тұрғыдан алғанда бірнеше іс-әрекеттің қатар келуі құрмалас сөйлемдермен астасып жатады. Ал таксис категориясының бірмезгілдік ұстанымын аталмыш когнитивтік ұғымдарымен қиыстыратын болсақ, жаңа зерттейтін ғылыми теориялардың көзін ашамыз.

Адам баласына ғана тән таным мен логика ұғымдарының қатысы да мол. Философия ғылымдарының негізгі саласы «логика» адамның ойлау және оның формалары мен заңдылықтарын түгел қарастырады. Логика ұғымы объективті дүние мен шындықтың даму ерекшеліктерін көрсету мағынасында да қолданылады. Адамдардың арасында бір-біріне таралуы қажет ақпараттың әртүрлі болуы, бұлардың әрқайсысы дербес белгілі бір зат пен әрекетті түсіндіретіндей жағдайлардың орын алуына әкеледі. Берілген бір объектілерге қолданылатын жалпы белгілер іске қатысушы тұлғалардың танып-білуі үшін бәріне ортақ болуы міндетті. Себебі, оларды қабылдау, түсіну үшін оларды алдымен сезінуі қажет. Бұдан кейін тұлғаға жинақталған ақпараттың барлығы мидың қабаттарынан өткен соң, қорытып шығарған әсері ойлау қасиетін тудырады. Бұл жөнінде Б. Момышұлының «Ойлау — алған әсерлерді біртіндеп өңдей отырып, объективті шындықты бейнелейтін танымның жоғары сатысы» дегеніне сүйене отырып, бұл адамның сыртқы әсер етуші күштермен қатар ішкі сезімдердің ситуация жасау әрекетіне де белсенді қатыса алатынын байқаймыз. Яғни, адамның ішкі сезімдері (эмоция, түйсік, реакция) арқылы ақпаратты өңдеу – когнитивті бағыттағы зерттеулердің негізі. Сол процестер арқылы адам танымының молаюы жүзеге асады. Тұтас ақпаратты көпшілікке танымал заттың «ыстық, үлкен, алыс, тез, қорқынышты, жылдам, тарсылдаған, жалт-жұлт еткен» секілді белгілері арқылы қабылдай аламыз.

«Абайдың қара сөздерінде сезімдік таным мен логикалық таным анық көрсетілген. Ғұлама сезімдік танымды нақты саралап көрсетеді: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілгетүсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырыпкөңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр». Ғұламасезімдік танымды «жанның жибили қуаты»; логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты» деп атайды. Жибили қуат (көзбенен көру, құлақпен есту, қолмен ұстау, тілмен тату, мұрынмен иіскеу) арқылы алынған тыстағы дүниенің хабары «ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешікөз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң оларды жайғастырып көңілде суреттемек», - деп, жибили қуаттың кәсіби қуатқа айналатынын айту арқылы когнитивті лингвистикаға тереңдеп бойлағанын көреміз. Ғұламаның «көңілге түскен сурет» деп отырғаны – қазіргі тілмен айтқанда, ғалам көрінісі. Яғни адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, иіс,

дәм) арқылы қабылданған ақпарат дүниені тануға зор ықпалын тигізеді. » [3, 80]. Көру немесе визуалды қабылдауды көзге көрінетін спектр аймағының жарығы арқылы жететін ақпаратты түсіндіру қабілеті ретінде анықтауға болады. Біздің миымыз осы ақпарат негізінде жүзеге асыратын интерпретацияның нәтижесі визуалды қабылдау немесе көру деп аталады. Осылайша, визуалды қабылдау – бұл біздің көзімізден басталатын процесс.

Таксис категориясына қатысты екі не одан да көп іс-әрекеттің бірмезгілде қатар келіп, олардың арасындағы байланыс адамның көру қабілеті арқасында жүзеге асуын көрсетеді. Ойға қатысты субъектілердің сөйлеу сәтінде ақпаратты көз арқылы қабылдау мысалдарын жатқызамыз.

1) *Бәріміз алқа-қотан жайғасқаннан кейін ортамыздағы Аян тісінің арасынан сызылта шырт дегізіп түкіріп қойып, көтеріле түсіп, астына шөп жұмарлап, басқамыздан орнын биіктеу ғып отырды (С. Мұратбеков).* Берілген сөйлемдегі етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «түкіріп қойып», екінші предикат «көтеріле түсіп», үшінші предикат «жұмарлап», төртінші предикат «отырды» қимылдары субъектінің «Аян»шын өмірдегі қозғалысының нәтижесінде өзге субъектілер бұл ақпаратты көру процесі арқылы қабылдағанын байқаймыз.

2) *Шал кебеженің қақпағын аңырайта ашып, ішінен құңдыздың, бұлғынның, суырдың, тиынның, қасқыр мен аюдың терісін сілкіп-сілкіп шығара бастады (О. Бөкей).* Берілген сөйлемдегі етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «аңырайта ашып», екінші предикат «шығара бастады» қимылдары субъектінің «Шал» шын өмірдегі қозғалысының нәтижесінде өзге субъектілер бұл ақпаратты көру процесі арқылы қабылдағанын байқаймыз.

3) Ызғырық жел үріп, беріштенген сеңдей сірескен қарды күректеп, балталап ойып, суық қарып маңқайып тұрған ДТ-ның ығына қалап, үй жасай бастады (О. Бөкей). Берілген сөйлемдегі етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «ойып», екінші предикат «қалап», үшінші предикат «қалап», төртінші предикат «жасай бастады» қимылдары объектініңм «жел» шын өмірдегі қозғалысының нәтижесінде өзге субъектілер бұл ақпаратты көру процесі арқылы қабылдағанын байқаймыз.

4) Осы Медеу Азаматтың кабинетінің есігін ашқанда, Қайдар шегіншектеп, артында тұрған орындықты құлатып алды (Б. Майлин). Берілген сөйлемдегі етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «шегіншектеп», екінші предикат «құлатып алды» қимылдары субъектінің «Қайдар» шын өмірдегі қозғалысының нәтижесінде өзге субъектілер бұл ақпаратты көру процесі арқылы қабылдағанын байқаймыз.

Есту (аудио) қабылдауды ауа арқылы немесе басқа жолмен берілетін дыбыстық жиілік толқындары арқылы құлағымызға жететін ақпаратты қабылдау және түсіндіру қабілеті ретінде анықтауға болады. Дыбысты есту үшін бірқатар процестер болуы керек:дыбыс көзі дірілдеген кезде (мысалы, адамның дауыс сымдары) толқындар ауа арқылы немесе басқа арналар арқылы беріледі.

Таксис категориясына қатысты өзара байланысқан іс-әрекеттер адамға тән сенсорлы құбылыстардың келесі түрі есту қабілеті көмегімен де жасалады. Бұл ситуациялық жағдай ойға қатысты тұлғалардың ақпаратты ақиқат өмірдегі сан түрлі дыбыстармен (найзағай жарқылы, музыка үні, араның ызыңы) тануды қажетсінеді. Өзіне тән ерекшелігіне байланысты біз есту құбылысын адамның ауызекі сөйлеу жағдаятымен де пара-пар. Коммуникация кезінде екі не одан да көп тұлғалардың сөйлеу сәтін тек құлақ, яғни есту қабілеті арқылы ғана қабылдай аламыз.

1) *Жүргіншілер Теміршi көшесінен өткенде, айнала-төңірек тарс-тұрс соғылған балға дауысына жаңғырығып, оған жүкті арбалар сықыры мен көтермеші алыпсатарлардың озандатқан айқайы қосылып, айнала-төңірек ештеңені ажыратуға болмайтын, араның ұясындай ортақ гуілге айналып кетіп еді (Қ. Жұмаділов).* Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттердің бір сәтте өтіп жатқандығы бойынша өзара тәуелді таксис. Бірінші предикат «жаңғырығып», екінші предикат «айқайы қосылып», үшінші предикат «гуілге айналып кетіп еді», қимылдары айналада шығып жатқан (балға дауысы, жүкті арбалар сықыры, араның гуіліндей) дыбыстарды сөйлеу сәтіне қатысушы объектінің өзге объектіден есту процесі негізінде жасалып отыр.

2) *Май басқан тамағы қырылдаңқырап шығып, үні жарықшақтанып естілді (Қ. Жұмаділов).* Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттердің бір сәтте өтіп жатқандығы бойынша өзара тәуелді таксис. Бірінші предикат «қырылдаңқырап шығып», екінші предикат «жарықшақтанып естілді», қимылдары сөйлеу сәтіне қатысушы объектінің өзге объектіден (тамағы, үні) дыбыстарды есту процесі негізінде жасалып отыр.

3) *Күлзипа тәлімсіп жеңгесінің құлағына сыбырлап, сыңқылдап күлісті (Б. Майлин).* Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттердің бір сәтте өтіп жатқандығы бойынша өзара тәуелді таксис. Бірінші предикат «сыбырлап», екінші предикат «сыңқылдап күлісті», қимылдары сөйлеу сәтіне қатысушы объектінің субъектіден «Күлзипа» (тамағы, үні) дыбыстарды есту процесі негізінде жасалып отыр.

Көптеген жағдайда амал-әрекеттер жоғарыда аталған сенсорлы қабілеттердің қатар келуімен де таныс. Бұл аталмыш таксистік ситуация дербессенсорлы қабілеттердің бірлесіп жасалуынан да жиірек кездеседі. Себебі, жағдаятқа қатысушы тұлғалар немесе семантикалық негіздер образын жан-жақты бейнелеуге зор ықпалын тигізеді. Заттың қозғалысын, көрінісін, дауысынсезу әсерінде ақиқат шындықтағы процестердің функционалды-семантикалық мәніментолық хабардар боламыз.

1) *Кенет аула жақтан дабыр-дұбыр сөйлескен әлдекімдердің аяқ тықыры естіліп, көп кешікпей ішке Демежан мен Бабалық кірді (Қ. Жұмаділов).* Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «естіліп», екінші предикат «кірді» қимылдары өтіп жатқан процестегі қабылдаушы субъектінің есту және көру қабілеттері арқылы жасаушы субъектілердің «Демежан, Бабалық» дыбыстары мен қозғалыстарын байқап отыр.

2) *Анда-санда Демежан жаққа жалт ете қарап, жеңгесіне әлденені*

сыбырлап, жымия күліп қояды (Қ. Жұмаділов). Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттері бойынша өзара тәуелсіз таксис. Бірінші предикат «қарап», екінші предикат «сыбырлап», үшінші предикат «күліп қояды» қимылдары өтіп жатқан процестегі қабылдаушы субъектінің есту және көру қабілеттері арқылы жасаушы субъектінің «Демежан» дыбыстары мен қозғалыстарын байқап отыр.

3) *Бір мезетте, Байбаттың қолы белбеуден сусып шығып кеткен бір сәтте, «әуп» деп күш ала айғайлаған қатты дауысы естілді (Қ. Жұмаділов)*. Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттердің бір сәтте өтіп жатқандығы бойынша өзара тәуелді таксис. Бірінші предикат «шығып кеткен», екінші предикат «естілді» қимылдары өтіп жатқан процестегі қабылдаушы субъектінің көру және есту қабілеттері арқылы жасаушы субъектінің «Байбат» дыбыстары мен қозғалыстарын байқап отыр.

4) *Апам ұстарамен күні кеше ғана жалтыратып алып тастаған тақыр басымды ұрғылағанда, тулаққа тиген сабаудай тарсылдақ үн шығады (О. Бөкей)*. Берілген сөйлемде етістіктердің бірінен соң бірі қатар келуі қағидасы бойынша бұл сөйлем таксис категориясына жатады. Амал-әрекеттердің бір сәтте өтіп жатқандығы бойынша өзара тәуелді таксис. Бірінші предикат «ұрғылағанда», екінші предикат «үн шығады» қимылдары өтіп жатқан процестегі қабылдаушы субъектінің көру және есту қабілеттері арқылы жасаушы субъектінің «Апа» дыбыстары мен қозғалыстарын байқап отыр.

Заманауи зерттеулер грамматикалық категориялардың құрылымына назар аударуға және оларды сипаттаудың ең қолайлы тәсілдерін табуға бағытталған. Теориялық тұрғыдан грамматикалық формалардың көп мағыналылығындағы жеке мәндердің арақатынасын анықтауға негізделген. Функционалды грамматиканың негізгі қағидасы – болмысты пайымдау барысында адам санасында қалыптасқан ойдың мәнін берудегі грамматикалық бірліктердің тілдің басқа деңгейлер бірліктерімен тығыз қарым-қатынастағы қызметінің заңдылықтарын зерделеп сипаттау. Тілдің барлық деңгейлерінің бірліктерінің бір-бірімен өзара қарым-қатынасы жалпы тілдік ұғымдық категориялар негізінде болады. Олар мәтіндерде категориалдық жағдаяттарда көрініс табады.

Уақыт мәні – адамның таным әрекеттерінің негізінде адамзат дамуының кейінгі сатыларында түзілген концептілердің бірі. Қозғалыс, кеңістік пен оқиғалар туралы түсінік уақыт мәнінің қалыптасуына негіз болады. Яғни, уақыт мәні кеңістік, қозғалыс, оқиға сияқты мәндердің негізінде түзілген. Уақыттың тілде концептуалдануы қабылдау, жады, елес сияқты танымдық әрекеттермен тығыз байланысты. Уақыттың өткен шақ, келер шақ, осы шақ түріне жіктелуі адамзат дамуының кейінгі сатыларында пайда болған.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жұмсалымды грамматика. (монография-оқулық). – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 508 б.

2. Жұмсалымды грамматиканың негіздері (ұжымдық монография). – Алматы, 2015. – 508 б.

3. Жұбай О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. Оқу құралы /О. Жұбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 80б.

4. Бондарко А. В., Беляева Е. И., т. б. Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. – Ленинград: Наука, 1990. – 263 с.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
6. Күзекова З. С. Қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – Алматы, 2005.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
8. Д. Әлкебаева. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. – Алматы : Қазақ университеті, 2019. – 200 б.

Қазіргі қытай тіліндегі сын есімдердің жіктелуі

Хэ Юйжунь
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Сын есімдер қытай грамматикасының маңызды бөлігі. Бұл сөз табының өрнек формасы бай, мағыналық қызметі кең. Сын есімдер - адамдардың немесе заттардың болмысын, белгілерін, жағдайын білдіретін мазмұнды сөздер. Олар сөздердің барлық түрлерінің ішіндегі ең бай морфологиялық белгілерге ие сөйлеу класы. Әр нәрсенің белгілі бір сипаты немесе қасиеттері болады. Заттар бірдей немесе әртүрлі қасиеттеріне байланысты әртүрлі категорияларды құрайды. Тәжірибеде адамдар салыстыру, талдау, синтез, т. б. арқылы заттардың қасиеттерін түсініп, қабылдау танымына сүйене отырып, әртүрлі ұғымдар қалыптастырады [1]. Сын есімдер қытай тілінде сипаттаушы және түрлендіруші рөл атқарады, олар заттардың табиғатын, қасиетін немесе күйін білдіру үшін ғана емес, сонымен қатар бай мәдени және эмоционалдық ақпаратты алып жүреді. Қытай тіліндегі сын есімдердің сипаты мен қызметін зерттеу қытай тілінің құрылымы мен қолданылуын терең түсіну үшін үлкен маңызға ие. Қытай тіліндегі сын есімдерге қатысты көптеген зерттеулер бар. Чжан Госянь (张国宪）《现代汉语形容词的典型特征》(«Қазіргі қытай сын есімдерінің типтік сипаттамалары») еңбегінде сын есімдерге тән белгілердің қытай тіліндегі сын есімнің мәртебесін бекітуге көмектесетінін айтып, сын есімдердің бес сипатын бөліп көрсетеді. Лю Юехуа (刘月华)、Пань Вэнюй (盘文娱) және Гу Вэй (故韡)《实用现代汉语语法》(«Қазіргі қытай тілінің практикалық грамматикасы») кітабында қытай тілінің сөйлеу бөліктерінің анықтамасы, жіктелуі және грамматикалық қызметі сияқты мәселелерді жүйелі түрде талдап нақтылады. Чжан Боцзян (张伯江)《现代汉语形容词做谓语问题》(«Қазіргі қытай тіліндегі сын есімдердің предикат ретіндегі мәселесі») мақаласында сын есімнің предикат ретінде қандай жағдайда қолданылатынын түсіндірді. Тіл ғалымдары сын есімдерді жіктелуі, қолданылуы, құрылымы және басқа пәндермен байланысын жүйелі зерттеген.

Сын есімнің жасалуы. Сын есімнің жасалуы мәселесінде көптеген ғалымдардың өзіндік әртүрлі пікірлері бар. Гэ Бэньи (**葛本**仪)《汉语词汇研究》(«Қытай тілінің сөздік қорын зерттеу») еңбегінде сөз бен сөзжасам арасындағы айырмашылықты қарастырып, сөзжасамды сөздің ішкі құрылымына жатқызады. Оның зерттеу нысаны бұрыннан бар сөздер [2] деп көрсеткен. Син Фуи （邢福义）сөздердің құрылымын бір буынды жай

сөздерге, көп буынды жай сөздерге, біріккен сөздерге және туынды сөздерге бөлуді қолдады. Шао Цзинмин（邵敬敏） сөздердің құрылымын жай сөздерге *(үздіксіз сөз, ауызекі сөз, транслитерацияланған сөз)*, құранды сөз *(қайталанатын сөздер, туынды сөздер)* және *күрделі сөз* деп бөлуді жақтады. Хуан Божун（黄伯荣） пен Ляо Сюйдун（廖序东） қарапайым сөздерді бір *буынды сөздер, үздіксіз сөздер, қабаттасатын сөздер, шетел сөздері* және *ономатопея* деп бөлді. Лю Юехуа （刘月华）сын есімдер төрт жолмен жасалуы мүмкін деп есептейді. Яғни, бір буынды сын есімдер (**大** *(da – үлкен)*, **多** *(duo-көп)*, **白***(bai – ақ)*), жалпы екі буынды сын есімдер (伟大*(wei da – ұлы)*, **美**丽*(mei li-әдемі)*, **干**净*(gan jing-таза)*), қосымшалары бар сын есімдер (**黑不溜秋** *(hei bu liu qiu-қара)*, **稀巴**烂 *(xi ba lan – ұсақталған)*), күрделі сын есімдер (**通**红*(tong hong – қызыл)*, 黢黑*(qu hei – қою)*, **冰冷** *(bing leng – суық)*). Төменде ғалымдардың классификациясы негізінде қазіргі қытай сын есімдерінің композициялық сипаттамаларына тоқталамыз.

1. Жай сын есім. Жалпы, буын морфема, бірақ морфемалар бір буынды морфемалар және көп буынды морфемалар болып екіге бөлінеді. Қорыта айтқанда, бір морфемадан құралған сөзді *жай сөз* деп атайды. Қытай тілінде көптеген бір буынды сын есімдер бар, мысалы: *贵 (gui – қымбат)* ***新*** *(xin-жаңа)* ***短*** *(duan – қысқа)* ***富*** *(fu – бай)*. Сонымен қатар, көп буын мен бір морфемадан құралған жай сын есімдер де бар. Мысалы: **坎坷** *(kan ke – ой-шұңқырлы)*, **慷慨** *(kang kai – асқақтаған)*, 尴尬(gan ga – бұзылған). Екі буыны да бірдей буын алды дауыссыз болатын үздіксіз сөздер: 腼腆 (mian tian – ұялшақ), **斑斓** (ban lan – түрлі-түсті), **荒唐** (huang tang – күлкілі). Екі буыны да бірдей ұйқас болатын үздіксіз сөздер: **蓬勃** (peng bo – қарыштай), **狡猾** (jiao hua – айлалы), 马虎 (ma hu – жалқау).

2. Күрделі сын есімдер. Күрделі сөзжасам дегеніміз екі немесе одан да көп түрлі түбірлердің бірігуі. Қытай тілі осылай жасалған сөздерге өте бай, сондықтан қытай тілінде диссиллабикалық сөздер басым. Ан Жупан（**安汝磐**）《实用汉语形容词词典》*(«Қытай тілінің практикалық сөздігіндегі»)*атты еңбегінде барлық сын есімдерді санадық және 1826 сын есімнің ішінде 1334 күрделі сын есім барын анықтадық, бұл жалпы санның 73% құрайды. Қытай сын есімдерінің ішінде біріккен сөзжасам тәсілдері ең көп екенін байқауға болады.

3. Туынды сын есімдер. Күрделі сын есімдермен салыстырғанда туынды сын есімдер жеткілікті бай емес, бірақ олар мүлдем жоқ деп айтуға болмайды. Мысалы: **可**(ke) + түбір: *可爱的(ke ai de – сүйкімді), 可笑的(ke xiao de – күлкілі), 可恶的(ke wu de – жиреніштi);*

老(lao) + түбір: *老实的(lao shi de – момын) 老练的 (lao lian de – ысылған).*

4. Қайталама сын есім. Қайталама сын есімге қатысты бұрынғы зерттеулер сөзжасам жағынан болсын, жасалуы жағынан болсын әрқашан бай және бояулы болды, бұл да сын есімнің қайталанатын түрлерінің алуан түрлі екендігін көрсетеді. Чжу Дэси（朱德熙）сын есімнің толық қайталануы, толық емес қайталануы және **хуху** қайталануы болады деп есептейді. Басқа ғалымдар оның пікірімен келісіп, оның көзқарастарына сүйене отырып, келесі жіктеуді ұсынды:

AA түрі： *悄悄的(qiao qiao de-жым-жырт), 轻轻的(qing qing de – ақырын), 胖胖的 (pang pang de – семім);*

ABB түрі：*甜蜜蜜(tian mi mi-балдай), 阴森森(yin sen sen – сүркейлі), 光溜溜(guang liu liu – жалаңаш)；*

AABB түрі：*安安分分 (an an fen fen-тыныш), 安安全全(an an quan quan-амандық), 顺顺利利 (shun shun li li-сәтті)；*

ABAB түрі：*瘦长瘦长 (shou chang shou chang – арық), 油亮油亮(you liang you liang – реңді), 瓦蓝瓦蓝 (wa lan wa lan – көк)；*

A里（li）AB түрі：*慌里慌张 (huang li huang zhang – сасқалақ), 土里土气(tu li tu qi – қарапайым), 糊里糊涂 (hu li hu tu – ақылсыз).*

Чжу Цзинсун（朱景松）AA және ААББ сын есімдік қайталауларының грамматикалық мағынасы белгілі бір күйді білдіру, тиісті дәрежені білдіру және субъектінің бастамасын ерекшелеу [3], - деп есептейді. Шао Цзинми（邵敬敏）динамикалық тұрғыдан ABB стиліндегі дамудың төрт тенденциясын түсіндірді. Атап айтқанда ABB функцияларын кеңейту, жалпылау, жазу және BB морфемаларын бұлыңғырлау [4]. Корпусты зерттеу және талдау арқылы Чжу Кейи（祝克懿）«A里（li）AB формуласындағы «里（li）» инфикс емес, конфигурация белгісі» [5] деген пікірді растады.

Қытай тіліндегі сын есімдердің жіктелуі. Сөз таптары туралы бірінші кезекте ойлауымыз керек нәрсе – сөздерді жіктеудің қажеттілігі. Шен Цзя-сюань: «Сөз таптары сөйлем құрылымы үшін таптырмас «аспап» (немесе «теориялық компоненттер»). Бұл аспап арқылы грамматика туралы айту оңайырақ» [6] - деп атап көрсетті. Қытай сын есімдерінің жіктелуі туралы әрқашан даулар болды, әсіресе предикат емес сын есімдер идеясы 1980 жылдары ұсынылғаннан кейін. Сөз категорияларының жіктелуі негізінен сөздердің мағынасы мен грамматикалық қызметіне негізделеді, ал сөздердің мағыналары мен қызметтері бір-бірімен байланысып шектейді [7]. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, Ли Цзиньси（黎锦熙） 新著国语文法》 («Жаңа қытай грамматикасы») сын есімдерді төрт категорияға бөлді: сапалық сын есім, сандық сын есім, демонстрациялық сын есім және сұраулы сын есім. Лу Шусян吕叔湘 предикатсыз сын есімдер терминін алғаш рет 《汉语语法分析问题》(«Қытай грамматикасы талдауындағы мәселелерде») еңбегіндегі ұсынды. Ол «көлденең, тік, негізгі» деген сияқты сөздердің жалпы сын есімдердің болымсыз түрі қолданылғанда «不 (bu-жоқ)» деп қосылмайтынын, «非 (fei-жоқ)» деген сөзмен жиі қосылатынын байқаған. Ғалым кітапта: «Оларды сын есімге жатқызу шынымен де құлықсыз, жеке категория жасамайтын болсаң, оны қарапайым сын есімдерден ажырату үшін ең болмағанда «предикатсыз сын есім» деген атай беру керек [8]» - деді. Зерттеушінің көзқарасы болашақта қытай тілінің сөз бөліктерінің сыртқы түрі мен ішкі жіктелуі туралы түсінігімізге жаңаша ойлау тәсілін әкелгенін айту керек.

Сондай-ақ, Чжу Дэси（朱德熙）»алтын, күміс, түсті» сияқты сөздердің жалпы сын есімдерден ерекшеленетінін байқады. Ол кісі мұндай сөздердің «өте» арқылы өзгертілмейтінін және олардың классификациялық стандартты білдіретінін анықтады мұндай сөздер «предикатсыз сын есім» деп атау керек және сын есімдерден ажыратылуы керек [9] - деді. Кейін сарапшы, ғалымдар сын есімдерді іштей жіктеді. Мақалада оны төмендегі кесте түрінде ұсынып отырмыз.

Син Фуи (1991) «Қазіргі Қытай тілі»	1. Жалпы сын есімдер *(қызыл, адал, қарапайым);* 2. Предикатсыз сын есімдер *(жоғарғы, бірегей, құдіретті).*
Хан Юго (2001) «Қазіргі қытай тіліндегі сын есімдердің синтаксистік қызметі және қайта жіктелуі»	1. Сапа сын есімдері *(бірдей, толық, жақсы);* 2. Предикатсыз сын есімдер *(екінші, негізгі, микро);* 3. Жағдай сын есімдері *(қауіпсіз, ыңғайсыз, асығыс).*
Шао Цзинмин (2007) «Қазіргі қытай тілінің жалпы теориясы»	1. Сапа сын есімдері *(баяу, мұқият, маңызды);* 2. Мәртебе сын есімдері *(жаңа, ескі, жақсы.*
Лю Юэхуа (2007) «Қазіргі заманғы қытай тілінің практикалық грамматикасы»	1. Жалпы және предикатсыз сын есімдер *(қызыл, әдемі, жалғыз, жеке, бәрі);* 2. Сапа пен мәртебе сын есімдері *(дұрыс, маңызды, жаңа, жақсы);* 3. Жағымды және болымсыз сын есімдер *(үлкен-кіші, биік-қысқа, жылдам-баяу).*

Сын есімнің жіктелу мәселесінің оңай еместігін байқауға болады. Бірақ ғалымдардың барлығы дерлік сын есімдерді сапасын есімдер мен мәртебелік сын есімдерге бөлуге болатындығымен келіседі. Ал, предикатсыз сын есімдердің жіктелуіне келсек, ол да алғаш ұсынылып, бірте-бірте таныла бастағаннан бері ұзақ зерттеулер мен талқылаулардан өтті. Тіл мамандарының жоғарыдағы классификацияларын біріктіре отырып, бұл мақалада қытай тілін шет тілі ретінде оқыту тұрғысынан біз қытай сын есімдерін экспрессивті қызметі мен құрылымына қарай келесі категорияларға бөлеміз:

1. Сапа сын есімдері (*真的(zheng de-нақты), 重要的(zhong yao de – маңызды), 准确的 (zhun que de – дәл)*);

2. Мәртебе сын есімдері (*好的(hao de-жақсы), 坏的(huai de – жаман), 旧的(jiu de-ескі)*);

3. Қайталанатын сын есімдер (*轻轻的(qing qing de – жай), 悄悄的(qiao qiao de – тыныш), 顺顺利利的 (shun shun li li de – тегіс)*);

4. Қайталанбайтын сын есімдер (*差的 (cha de – жаман), 富的 (fu de – бай), 害羞的 (hai xiu de – ұялшақ)*).

Кейбір ғалымдар сөздердің әртүрлі категорияларын ажырату сөздердің өзіне тән белгілерін жіктеуді қажет ететіндігінен деп есептейді. Қытай тілінде қатаң морфологиялық өзгерістер жоқ, сондықтан сын есімдердің жіктелуін анықтау өте қиын. Мысалы, Лу Шусян（吕叔湘）былай деді: «Бұл мәлімдеме морфологиясы дамыған тілдерге қатысты болуы мүмкін, бірақ қытай тіліне емес, өйткені «сөздің өзіне тән белгілері» морфологиялық өзгерістерге қатысты» [10].

Қорыта айтқанда, осы мақала арқылы қазіргі қытай тіліндегі сын есімнің жасалуы мен жіктелуі туралы қытай ғалымдарының пікірлерін талдап, жинақтап, қытай тілін шет тілі ретінде оқытуға қолайлы сын есімдердің жіктелуін ұсындық. Сын есімдер қытай тілінде сөйлеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қытай тіліндегі сын есімдерді анықтау және оларды дұрыс қолдану қытай тілін үйренуде өте маңызды. Сондықтан оның құрамы мен жіктелуі тұрғысынан терең талдау жасаудың маңызы зор.

Пайдаланылған еңбектер:

1. 周生亚．汉语词类史稿．北京．中国人民大学出版社．2018.　　3．143-146页. Чжоу Шэня. Қытай тілі сөз таптарінің тарихы. Пекин. Қытай Жэньмин университетінің баспасы. 2018. 3. 143-146 б.

2. 葛本仪. 汉语词汇研究 [M]. 北京：外语教学与研究出版社. 2006. 49页. Гэ Бэньи. Қытай лексикасын зерттеу [M] Пекин: Шетел тілін оқыту және зерттеу баспасөзі. 2006. 49 б.

3. 朱景松．形容词重叠式的语法意义 [J]．语文研究，　2003（3）：9-17页．Чжу Цзинсун. Сын есімнің қайталануының грамматикалық мағынасы [J]. Қытай тілін зерттеу, 2003 (3): 9-17 б.

4. 邵敬敏．ABB式形容词动态研究　　[J]．世界汉语教学，1990（1）：19-26页．Шао Цзинмин. ABB сын есімдері бойынша динамикалық зерттеу [J]. Әлемде қытай тілін оқыту, 1990 (1): 19-26 б.

5. 祝克懿．论»A里AB»式形容词　[J]．贵州民族学院学报（社会科学版），1994（4）：52-53页．Чжу Кейи. »A里AB» типті сын есімдер туралы әңгімелеу [J]. Гуйчжоу ұлттар университетінің журналы (Әлеуметтік ғылымдар басылымы), 1994 (4): 52-53 б.

6. 沈家煊. 我看汉语的词类 [J]．语言科学，2009，（38）．Шэнь Циасюань. Менің қытай тіліндегі сөз таптарі туралы көзқарасым [J]. Тіл туралы ғылым, 2009, (38).

7. 徐枢，谭景春．关于《现代汉语词典(第5版)》词类标注的说明 [J]．中国语文，2006，(1)．Сюй Шу мен Тань Цзинчунь. «Қазіргі қытай сөздігі (5-ші басылым)» [J] сөз бөлігіндегі аннотацияға түсініктеме. Қытай тілі, 2006, (1).

8. 吕叔湘．汉语语法分析问题 [M]．北京：商务印书馆，1979．39页．Лу Шусян. Қытай грамматикасы талдауындағы мәселелер [M] Пекин: Коммерциялық баспасөз. 1979. 39 б.

9. 邢福义．现代汉语 [M]．北京：高等教育出版社，1991．48页．Син Фуи. Қазіргі қытай тілі [M]. Пекин: Жоғары білім беру баспасөзі, 1991, 48 бет

10.　吕叔湘．关于汉语词类的一些原则性问题　[J]．中国语文，1954，(9)．Лу Шусян. Сөйлемнің қытай бөліктері туралы кейбір негізгі мәселелер [J]. Қытай тілі, 1954

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар

Нұрбек Қ.
В. Г. Белинский атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тіл білімі – даму кезеңдеріне байланысты әрдайым жаңарып отыратын, жаңа бағыттар мен әдістемелерді енгізетін ғылым саласы. Тіл білімінің қазіргі кезеңі – зерттеулер мен тәжірибелердің кеңейіп, жаңа ғылыми тұжырымдамалардың пайда болуымен ерекшеленеді. Бұл мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі маңызды жаңа бағыттар, олардың зерттеу объектілері мен әдістері, сондай-ақ тіл білімінің жаңаша көзқарастары туралы толығырақ мәлімет беріледі.

1. Лингвомәдениеттану

Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын зерттейтін бағыт. Бұл салада тілдік бірліктердің (сөздер, фразеологизмдер, идиомалар) мәдени маңызы, ұлттық ерекшеліктер мен дәстүрлер зерттеледі. Лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаттары:

- Тілдік кодтар мен символдардың мәдениеттегі маңызы.
- Тіл арқылы ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды жеткізу.
- Әртүрлі мәдени контекстердегі тілдік формалардың өзгерісі.

Лингвомәдениеттану қазақ тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді зерттеуде үлкен рөл атқарады. Мысалы, «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» сияқты мақалдар қазақ халқының дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін көрсетеді.

2. Әлеуметтік лингвистика

Әлеуметтік лингвистика – тілдің әлеуметтік контекстте қалай жұмыс істейтінін, оның қоғамдағы рөлін зерттейтін бағыт. Бұл салада зерттелетін мәселелер:

- Тілді қолданудағы әлеуметтік факторлар (жас, жыныс, әлеуметтік мәртебе).
- Әртүрлі әлеуметтік топтардағы тілдік өзгерістер.
- Көптілділік, тілдік саясат, тілдік ахуал.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің мәртебесі, оның қоғамдағы орны мен рөлі әлеуметтік лингвистиканың маңызды тақырыптарына жатады. Мысалы, қазақ тілінің білім беру, саясат, мәдениет және экономика салаларындағы қолданылуы зерттелуде.

3. Когнитивтік лингвистика

Когнитивтік лингвистика – тіл мен адамның танымдық процесстері арасындағы байланысты зерттейтін сала. Бұл бағыт тілдік құрылымдардың адам ойлауына, әлемді қабылдауына әсерін талдайды. Когнитивтік лингвистиканың негізгі аспектілері:

- Ұғымдар мен концептілердің қалыптасуы.
- Метафоралар мен метонимиялардың танымдық негіздері.
- Тіл мен ойлау арасындағы байланыс.

Қазақ тіліндегі когнитивтік зерттеулер адамның әлемді қалай түсінетінін, тіл арқылы қандай концептуалды құрылымдар қалыптасатынын анықтауға бағытталған. Мысалы, «судың түбі» деген фраза адам санасында белгілі бір образ мен түсінік қалыптастырады.

4. Қолданбалы лингвистика

Қолданбалы лингвистика – тіл білімін практикада қолдануға бағытталған сала. Бұл бағыттың зерттеу объектілері:

- Тілді оқыту әдістемесі (қазақ тілін шетелдіктерге немесе өзге этностарға үйрету).
- Аударма теориясы мен практикасы.
- Терминология мен стандарттау.

Қолданбалы лингвистика қазіргі кезде қазақ тілін үйретудің жаңа әдістерін, онлайн ресурстар мен мультимедиялық құралдарды әзірлеумен айналысады. Мысалы, қазақ тіліндегі электрондық оқулықтар мен қосымшалар кеңінен таралуда.

5. Интернет-лингвистика

Интернет-лингвистика – интернеттегі тілдік қолданыстарды, коммуникация түрлерін зерттейтін сала. Бұл бағыттағы зерттеулер:

- Интернет тілінің сипаттамасы (сленг, неологизмдер).
- Әлеуметтік желілердегі тілдік қарым-қатынас.
- Цифрлық мәдениет пен тілдің өзара әсері.

Қазақ тіліндегі интернет-лингвистика зерттеулері әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі жазбалардың стилистикасын, жаңа терминдердің қалыптасуын және тілдің эволюциясын зерттейді. Мысалы, Instagram мен Facebook-тағы посттардағы тілдік формалар мен стильдер.

6. Корпустық лингвистика

Корпустық лингвистика – тілдік мәліметтерді жинап, талдау үшін арнайы корпус құрастыратын бағыт. Бұл саладағы зерттеулер:

- Тілдік деректерді жинақтау, өңдеу және талдау.
- Сөздер мен сөз тіркестерінің жиілігі, контекстері.
- Тілдік құрылымдардың статистикалық анализі.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын құру – қазіргі қазақ тіл білімінің маңызды жобаларының бірі. Корпус лингвистикасы зерттеушілерге қазақ тіліндегі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиілігін, қолданылу аясын талдауға мүмкіндік береді.

7. Этнолингвистика

Этнолингвистика – тіл мен этникалық мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін бағыт. Зерттеу объектілері:

- Этникалық терминдер мен ұғымдар.
- Тілдегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың көрінісі.
- Ұлттық сәйкестілік пен тілдің рөлі.

Қазақ этнолингвистикасында тіл арқылы ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің ерекшеліктері, халықтың рухани құндылықтары мен тарихи тәжірибелері зерттелуде. Этнолингвистикалық зерттеулер қазақ тіліндегі этнографиялық терминдер мен мәдени құндылықтарды талдауға көмектеседі.

8. Гендерлік лингвистика

Гендерлік лингвистика – тілдің ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік айырмашылықтарын зерттейтін бағыт. Зерттеулердің тақырыптары:

- Гендерлік стереотиптер мен тілдік формалардың байланысы.
- Әйелдер мен ерлердің сөйлеу стильдері мен әдістері.
- Гендерлік теңдік мәселелері.

Гендерлік лингвистика қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттеу арқылы мәдениеттің тілдік аспектілерін анықтайды. Мысалы, әйелдер мен ерлердің сөйлеу мәнеріндегі, сөз таңдаудағы айырмашылықтар.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар – тілдің қоғамдағы рөлін, мәдениетпен байланысын, адам ойлауын және коммуникацияны зерттеуге мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика және басқа да бағыттар қазақ тілінің терең құрылымын және қолданылуын зерттеу үшін маңызды.

Бұл бағыттардың әрқайсысы қазақ тілінің даму үрдістерін, тілдік өзгерістерді және жаңа коммуникациялық жағдайларды түсінуге көмектеседі. Тілдің қоғамдағы өзгермелі жағдайларға бейімделуі оның өміршеңдігін арттырып, болашақ ұрпаққа жеткізілуіне ықпал етеді. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар зерттеушілер мен практиктер үшін өте маңызды болып табылады. Олар қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін, мәдениеті мен тарихын түсінуге, сақтау мен дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Қайдар, Ә., Оразбаева Ф. Тіл мәдениеті. Алматы: Санат, 1997.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Атамұра, 1997.
4. Орманов Ғ. Көркем сөз. Алматы: Жазушы, 1974.
5. Әуезов М. Абай жолы. Алматы: Жазушы, 1950.
6. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1977.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 1992.
8. Абылқасымов Б. Лингвостилистика негіздері. Алматы: Мектеп, 1989.
9. РахметоваА. Қазақ тіл білімінің тарихы. Алматы: Раритет, 2002.
10. Сыздық Р. Тіл мен әдебиет. Алматы: Атамұра, 2004.
11. Құнанбай С. Этнолингвистика негіздері. Алматы: Арыс, 2010.
12. Байтұрсынұлы А. Тілтану. Алматы: Қазақ университеті, 1996.
13. Кенжебаева Г. Қазақ тілінің гендерлік аспектілері. Алматы: Көкжиек, 2015.
14. Оразбаева Ф. Әлеуметтік лингвистика. Алматы: Білім, 2013.
15. Сауранбаев Е. Когнитивтік лингвистика. Алматы: Жасыл ел, 2018.

Қазіргі баспасөз және медиа құралдардағы аксиология

Жалиева Т.
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы
№31 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы – оның ақыл-санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеулерге бағытталады. Тілдің даму барысында, оның ғылыми-теориялық қағидаларын әр қырынан тану мақсатында соңғы уақытта тіл білімі саласындағы зерттеулер жаңаша бағытты, көзқарасты қалыптастырды. Тіл білімі соңғы жылдары БАҚ-тың тілін ғылыми тұрғыда қарастыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Әсіресе, мерзімді баспасөз тілі тіл білімінің түрлі деңгейлерінің зерттеу нысаны болып, жан-жақты зерттелуде. Дегенмен елімізде баспасөздегі аксиология мәселесін зерттеуге бетбұрыс

жасалып, арнайы конференцияларда баяндама жасалғанымен, бұл салаға қатысты жазылған кешенді ғылыми зерттеу жұмысы әзірге жоқтың қасы.

Когнитивтік тұрғыдан әлемдегі түрлі этностар мен олардың әлемге көзқарасының, дүниетанымының, салт-санасының бірден-бір көрсеткіші болып табылатын құндылықтар дүниесіне қатысты ұғымдар – көп аспектілі күрделі мәселе. Ол – ойлау мен танымның, сананың эмоционалды-экспрессивті, образды ерекшеліктерінен тұратын, тілдік құбылыстардың ішіндегі аксиологиялық моделі қалыптасқан тілдік бірліктер арқылы көрініс табады. Осындай қазақ баспасөзіндегі халықтың өміріндегі болып жатқан түрлі оқиғалар мен жаңалықтарын бағалауға бағытталған жақсы-жаман құндылық категорияларының мағыналық құрылымындағы кодталған әртүрлі ақпараттарды айқындау айтарлықтай қызығушылық тудыратыны анық.

Көптен бері лингвистердің назарын аударып келе жатқан құндылық категориясы лингвомәдениеттану кеңістігінде ерекше орын алады. Лингвоаксиологияның маңыздылығына толықтай баға беру мүмкін емес, алайда қалаған тиімділікке қол жеткізу үшін көптеген мәселелерді нәтижелі шешу қажет екенін ескеруге тиіспіз. Лингвистика шеңберінде әлемнің аксиологиялық бейнесінің негізгі бірліктері мен олардың өзіндік белгілері толық анықталған жоқ, құндылықтарға нақты анықтама берілмеді, құндылықтардың тілдік репрезенттелуінің тәсілдері көрсетілмеді, әлемнің аксиологиялық бейнесінің салыстырмалы талдамасы толық мәнінде ашылып жасалмады, ал баспасөздегі құндылық мәселесі әлі де болса жан-жақты зерттеуді талап етіп отыр. Осыған қарамастан, осы уақытқа дейін лингвистика ғылымында қол жеткізілген нәтижелер бұл мәселенің өз уақытында қойылғаны және оларды жаңа кезеңде шешу мүмкін екенін көрсетіп отыр.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры қазіргі заманымыз ақпарат заманы деп жүргеніміз рас. Өмірімізге тасқындап еніп жатқан ақпараттарды жеткізуде «төртінші билік» атанаған БАҚ-тың, әсіресе баспасөздің қызметі ерекше. Баспасөзді ерекшелеп алып отырғанымыздың өз себебі бар, мәселен, электронды ақпарат құралдары ақпаратты жедел таратуымен ерекшеленгенімен, оны мерзімді басылымдардай «қаттап қойып» қажет деген жерлеріңнің «астын сызып» тұрып оқуға мүмкіндік жоқ. Баспасөз тілі – жазба тіл. Осы тұрғыда баспасөз жазба тілімізді байыта түсуде зор үлес қосып қана қоймай, керісінше, тіліміздің дамуы да баспасөз деңгейінің, оның мәдениетінің өсе түсуіне арқау болатынын атап өткеніміз жөн. Яғни тіл мәдениеті мен баспасөз мәдениетін бір-бірінен ажырағысыз, егіз ұғым ретінде қарастыруға болады. Сондықтан қазіргі кезде қай халықтың болмасын, жазба тілінің қалыптасып, дамуының деңгейін оның баспасөзіне қарап-ақ бағалауға болады деп айта аламыз.

Газеттің қоғамда атқаратын қызметін ғалым А. Байтұрсыновтың сөзімен айтар болсақ: «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» ... дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы? Кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, зарарлы болса сақтанып тұрады. Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшіншіден, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтін себебіміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетікпекші. Төртіншіден, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы

халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» («Қазақ» газеті. Алматы, 1998. №6, 6 б.).

Соңғы жылдары лингвистикалық ғылымдар шеңберінде құндылықтарды зерттеу өзектілікке айналды, мұның басты себебі – қоғам тілдегі құндылықтарды денотативті деңгейде ғана емес, сонымен қатар коннотативті және интенционалды деңгейлерде де түсінуге ұмтылуда. Дәстүрлі жағынан алып қарағанда, құндылық – философия ғылымының бір саласы – аксиологияның зерттеу нысаны, ал аксиология дегеніміз – әлемнің құрылымы туралы философиялық ілім. Ол құндылықпен қатар оған қатысты деген барлық философиялық мәселелерді де зерттейді.

Аксиологияның негізгі мәселесі – «Игілік деген не?» деген сұрақты алғашқы болып Сократ қойған. Платон философиясында құндылықтар жалпы ізгілікпен байланыстырылып, әмбебап мәнге ие болды. Мәдениеттануда құндылықтар мәселесі ерекше орын алады, өйткені мәдениет адамзат жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік кең тараған. Құндылықтардың болмыстық жалпы мәнін ашуға бағытталған аксиологияның философиялық қырынан, оның мәдениеттанымдық өлшемі өзгеше болып келеді. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақты даму бағыттары және бағдарларын айқындайтын білімдердің тарихи жүйесі ретінде көрініс табады. Бұл әсіресе тарихи мәдениеттануда анық байқалды. Мәдениет – адамдық қарым- қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық әлеуметтік тетігі, ал құндылық – норма, үлгі, мұраттармен қатар осындай реттеу жүйесінің шешуші элементі екендігі белгілі. Сол себепті аксиология әлеуметтік-мәдени талдаудың маңызды құралына жатады.

Аксиология (грек. axia – құндылық, logos – сөз, ғылым) – әдеп, ғибрат, мәдениет т. б. құндылықтарды, адамзат әрекетінің бағытын анықтайтын қоғамдық маңызы бар ұстанымдарды, адам ісінің уәждемесін, құндылықтар теориясын зерттейтін философиялық ілім. Құндылықтар әлемі – мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетін, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін адамгершілік санасының басым көрінетін саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі пішініне қатынасын білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты дүниелер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік мұраттары ие болуы мүмкін. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайды. Бізге белгілі барлық құндылықтар адамға бағытталған және кез келген өзінің нақты тарихи пайымдалуы мен іске асуында салыстармалы болып келеді. Алайда, бұл жерде тек нақты тарихи өмір сүретін адамдар және әлеуметтік топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін өтейтін игіліктер ғана құнды деген пікір туындамайды.

Осы күні аксиология ғылыми кеңістіктегі өз орнын анықтап, енді басқа ғылымдармен бірлесу кезеңіне бағыт алды. Аксиологияның зерттеу нысаны – аксиологиялық өріс (аксиологическое поле) болып табылады. Бұл термин «кез келген ұғымдық сипаттағы құндылықтар әлемін», соның ішінде 1) субъективті сипатта да, шынайы да болуы мүмкін құндылықтар әлемін, 2) құндылық санасын (бағалау, нормалар, заңдылықтар, идеалдар, үлгілер), 3) көркем, рухани, материалдық, діни және басқа құндылықтарды жасауға бағытталған шығармашылық істің нәтижелерін анықтау үшін қолданылады.

Аксиологиялық өріс ірі (құндылықтар мен антиқұндылықтар, аксиологиялық иерархия) және жекелеген (құндылықтық бағалау) құрамдас бөліктерден тұрады. Құндылықтар деген не, ол қайдан туындайды және қандай қалыпта болады, бағалау ілімі мен шынайылықтың арақатынасы қандай, құндылық өлшемдері қандай, аксиологиялық категориялардың құрамына не кіреді деген мәселелер аксиологияның басты мәселелері болып табылады. Аксиологияның рационалды қайта құрылымдау, қарқынды теорияландыру, рефлексия және басқа да осы сияқты өзіндік әдістері бар. Аксиологиялық өрісті зерттеу кезінде аталған әдістермен қатар лингвистикалық әдістерді қолданбай кету мүмкін емес, өйткені құндылықтар тіл арқылы беріледі. Аксиологиялық өрісті сипаттауда ментальды құрылымдар тілде сананы суреттеу мен құрылымдау ретінде қарастырса, ал аксиологиялық зерттеу лингвистикалық векторды иеленеді. Аксиологиялық өрісті зерттеу кезінде концептуалды, компоненттік, мәнмәтіндік талдау және басқа осы сияқты лингвистикалық әдістерді қолдану тиімді. Аксиологиялық кеңістікті модельдеуге белгілі бір – мәдени, дискурстық, жеке саналық шеңбер ұсынылады. Мәдениет – рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы, бойында құндылықтар жиынтығы бар адам ісінің тәжірибесі, нормалар мен ережелерді реттеуші жиынтық ретінде қарастырылады.

Заманауи саяси мәдениеттің аксиологиялық өрісіндегі тұрақтылық құндылығының орны ерекше екендігін Президенттің Жолдауына жасалған лингвоаксиологиялық талдау нәтижесі анықтап беріп отыр. Президент Жолдауы саяси мәтіндердің, яғни кең көлемді аудиторияны қамтитын, ғұрып болып саналатын метаконцептілі ядроға жатады. Мұндай мәтіндер әрдайым жолданған адамына бағдарлы құндылық ретінде берілетін құндылықтар жүйесі болып табылады. Ядролы мәтіндерге ата заң, инаугурациядағы сөз мәтіні, мемлекеттің бірінші тұлғаларымен жасалатын телекөпір мәтіндері, Президенттің мерекелік құттықтаулары, партияның саяси бағдарламасы, сайлауалды бағадарламалар т. б. кіреді. Ядролы саяси мәтіндер өзінің жанрлық нақтылығымен, композициялық протиптілігімен, тілдік таптаурындылығымен (стереотиптілігімен) ерекшеленеді.

Дискурсивті тәсіл құндылықтар жүйесін модельдеуде өнімді болып көрінеді, өйткені дискурс бұл «құндылықтар мазмұнымен реттеліп, коммуникативтік жағдаяттар арасындағы әлеуметтік тұрғыдан детерминделген байланыс түрі». Әрбір дискурс мейлінше нақтыланған құндылықтар бағдарын ұсынады. Дискурсқа қатысушылар құндылықтардың иелері ретінде көрінеді, прецедентті мәтіндер құндылықтарды сақтаушы және тұрақтандырушы қызметін атқарады. Дискурстың спецификасы басты концептілер жиынтығында, негізгі және аспаптық құндылықтарды вертикаль жағынан ұйымдастыруда, вертикаль құндылықтардың ядролы-периферилі орналасуында, құндылықтар санында, құндылықтардың берілу дәрежесінде, құндылықтарды кодтаудағы әртүрлі әдістерде көрініс табады. Дискурс шеңберінде ұсынылатын құндылықтар жүйесі әдетте «өзге» аксиологиялық өрісіне қарсы қойылады. Медиа- мәтіндерге жасалған сараптама кезінде саяси дискурс арасындағы аксиологиялық жүйелердің өзара әрекеттестігі анықталды. Контексте «өзге» концептісі мәдениетке пасық саясаттанушылар, оясыз байшыкештер, жағымпаз әкімқаралар деген сияқты жағымсыз баға береді.

Жалпы алғанда, мәтіндер жиынтығы түріндегі саяси дискурс бұл саяси мәдениеттің өмір сүру жолы, ал саяси аксиология мен саяси лингвистиканың зерттеу нысаны саяси құндылықтар деген ой түйеміз.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар

Калиева Ж.
Алматы облысы, Қарасай ауданы
Қаскелең қаласы. В. Г. Белинский атындағы орта мектеп КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар – еліміздің тіл саясатын, мәдениетін және әлеуметтік жағдайын ескере отырып, тілдік жүйені жаңғырту, дамыту мен зерттеуге бағытталған ғылым саласы. Тіл – халықтың мәдениеті мен тарихын, ұлттық болмысын айқындайтын басты құрал. Сондықтан қазіргі уақытта қазақ тіл білімінде жаңа әдіс-тәсілдер мен бағыттарды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі қазіргі жаңа бағыттар мен олардың ғылыми зерттеулерге қосқан үлесі қарастырылады. Тіл біліміндегі жаңа бағыттар - қазақ тілінің ерекшеліктерін психологиялық аспектілермен байланыстыра отырып зерттейді, сөйлеу және ойлау механизмдерін зерттеу. Сонымен қатар қазақ тілінің қоғамдағы рөлі мен әлеуметтік тілдік өзгерістерді зерттеп, тіл мен мәдениет арасындағы байланысты терең түсіндіреді. Тіл мен ойлаудың, концептуализацияның арасындағы байланысты қарастырып, қазақ тіліндегі метафоралық құрылымдарды зерттейді. Интернет пен ақпараттық технологиялардың дамуы қазақ тілі арасында лексикалық, грамматикалық және морфологиялық өзгерістер енгізіп, оның дамуында жаңа мүмкіндіктер аша отырып, тілдің цифрлық лексиконын дамытады.

Қазақ тілін халықаралық деңгейде танытып, басқа мәдениеттермен байланысын орнату – қазіргі заманның басты міндеттерінің бірі. Тілдің тәрбиелік сипаты, балаларға тіл үйрету әдістері мен тәжірибелері – бүгінгі ғылымда ерекше назарға ие. Тіл білімінде жаңа бағыттар мен зерттеулер әрдайым жаңарып, еліміздің болашағын жарқын ету үшін қызмет етеді. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар талай қызықты мәселелерді қамтиды. Тіл біліміндегі бірнеше жаңа заманауи бағыттар байқалады. Олар: коммуникативтік бағыт, лингвомәдениеттанулық бағыт яғни лингвистика мен психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, компьютерлік лингвистика, кросс-культуралық коммуникация, тіл мен тәрбие бағыттары. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға жеке тоқталып, талдап өтейін.

Коммуникативтік бағыт – тілдің қоғамдағы рөлін, оның коммуникациялық функцияларын зерттейтін бағыт. Бұл бағытта тілдің қарым-қатынастағы маңызы, тілдік қатынастардың даму тенденциялары мен тілдік нормалардың қалыптасуы қарастырылады. Коммуникативтік бағыттың негізгі мақсаты – тілдің функционалдық аспектілерін зерттеу арқылы әлеуметтік және мәдени контексте тілдің рөлін анықтау. Лингвомәдениеттанулық бағыт – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Бұл бағытта қазақ тіліндегі ұлттық мәдениеттің көріністері, салт-дәстүрлер мен дүниетанымның тілдегі көрінісі зерттеледі. Лингвомәдениеттанулық зерттеулер халықтың менталитетін, тарихи-мәдени аспектілерін танып-білуге, тіл мен мәдениеттің бірлігін көрсетуге бағытталған.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуы тіл білімінде жаңа бағыттарды қалыптастыруда. Тілдік технологиялар, мысалы, автоматтандырылған тіл өңдеу, машинамен аудару және т. б. қазақ тіліндегі ғылыми зерттеулерді тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Тілдік технологиялар арқылы тілдің грамматикасы мен лексикасының жаңа аспектілері зерттеліп, жаңа лексикалық бірліктер мен тілдік нормаларды

қалыптастыруға жағдай жасайды. Қазақ тіл білімінде тіл мен қоғам арасындағы байланысты зерттеу де маңызды бағыт болып табылады. Бұл бағытта тілдік жағдайлар, тіл саясаты, тілдің қоғамдағы әлеуметтік рөлі, тілдік құқықтар мен теңдік мәселелері қарастырылады. Тіл мен қоғамның өзара ықпалдастығы, тілдік идентичность, тілдік саясат және қоғамдағы тілдік жағдаяттардың зерттелуі қазақ тілінің дамуына ықпал етеді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде функционалдық стильдердің, яғни ғылыми, публицистикалық, көркем және іс-қағаз стилдерінің зерттелуі белсенді жүріп жатыр. Әр стильдің өзіндік ерекшеліктері мен қызметтері, қоғамдық қатынастардағы рөлі анықталып, стильдердің қалыптасу факторлары зерттелуде. Қазақ тілінің көркемдік және функционалдық аспектілерін дамытуға бағытталған жаңа зерттеу бағыттарының бірі - қазақ әдебиетінде жанрлық ерекшеліктердің, мысалы, эссе, мақала, өлең, повесть, роман жанрларының қалыптасу тарихы мен қазіргі дамуы.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар – тілдің дамуындағы өзгерістер мен қоғамдағы рөлін қайта қарау қажеттілігінен туындаған. Коммуникативтік, лингвомәдениеттанулық, тілдік технологиялар мен стильдер бойынша зерттеулер қазақ тілінің ғылыми негіздерін нығайтып, тілдік қарым-қатынастарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар арқылы қазақ тілінің байлығы, тереңдігі және көпқырлылығы ашылып, ұлттық тілдің әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік туындайды.

Мақал-мәтел – тіл мәдениеті мен ұлттық тәрбиенің негізі

Досумбекова Ж.
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің
Нарғозы Данаев атындағы орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдықпен дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін уақыт талабына сай, білімді де парасатты, жан дүниесі кемел, намысшыл, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың алға қояр маңызды міндетіміз. Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қауымының қолында. Ал, ұстаз мұраты жетілген, толыққанды, сапалы азамат тәрбиелеу болмақ. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Мақаланың негізгі мақсаты – бүгінгі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай адамгершілік қасиеті мол, жан-жақты дамыған, өзгерістерге бейімделгіш, сапалы да саналы түрде білім игеретін, өзге замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі, өз тілін және ұлттық құндылықтарды игерген терең білімді саналы, мәдениетті, елжанды, рухани бай тұлға қалыптастыру. Оның қайнар бұлағы – халық педагогикасы. Халық педагогикасы ата-бабаларымыздың тәрбиеге қатысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибелерінің жиынтығы. Сонымен халық педагогикасы дегеніміз – ол қазақ поэзиясының бөлінбес бөлшегі іспетті қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар. Ол – жан сезімімізді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы. Халық ауыз әдебиеті ғасырлар бойы дамып, бүгінгі күнге дейін

жетсе оның бойындағы қазыналарды таныта білу де сондай маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болуы керек деп есептейміз.

Г. Н. Волков «Без памяти нет традиций, без воспитания нет духовности, без духовности нет личности, без личности нет народа как исторической общности» – сапалы тұлға жайында нақты өз тұжырымын білдіреді. Ұлттық болмысымыздың өзегін сақтай отырып, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, болашақ ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңірту біздің алдымыздағы басты міндет. Уақыттың көші алға жылжыған сайын адамзаттың өмір сүру салты да өзгерісті қалайды. Техника қарыштап дамып, түрлі технологиялар пайда болады, алға қойған міндеттер мен таным-талаптар да өзгереді. Әйткенмен де, өзгермейтін құндылық – ұлттық болмыс, рухани тәрбие. Жаһанануға қарсы тұруға қауқар боларлық күш – ұлттық мәдениет. Бұл тұрғыда елімізде «Мәдени мұра» бағдарлама аясында көптеген шаралар атқарылып жатыр. Ұлттық мәдениетімізді сақтай отырып, модернизацияға ұмтылуда Жапонияның тәжірибесіне сүйенгеніміз дұрыс деп санаймыз. Жапония десе, кез келген адамның көз алдына кимано, самурайлардың қылышы және керамика елестейді.

Дәл осылай бүкіл әлем қазақ дегенде, қымыз, шұбат, ұлттық киімдеріміз бен ұлттық ойындарымыз бірден көз алдарына елестетіндей болуымыз керек. Ол үшін атадан балаға мирас болған рухани-мәдени қазыналарымызды қастерлеп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне тағылымы мол құрал екенін ескере отырып пайдалансақ, ертеңгі ел болашағына, ұрпақ тағдырына деген сеніміміз нығая түсері хақ. Тәрбие жөнінде М. Жұмабаев «Тәрбие – адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру» – дейді. Ата-бабадан қалған аманатқа қылау түсірмей кемел келешекке жеткізу жас ұрпаққа тәрбие мен білім беріп жүрген ұстаздардың иығына артылған парыз жүгі деп санаймыз. Осындай айтулы мақсаттарға жету жолында жаңа заманның тарихын қалыптастыратын қайсар да өр, білімді де білікті, жоғары мәдениетке ие, рухани дүниесі жоғары жастар тәрбиелеу құралы халық педагогикасы болып табылатын халық мақал-мәтелдері.

Орыс педагогы К. Д. Ушинский: «Мақал мәтелдер – балалардың тәрбиесі мен адамның жеке басының қалыптасуындағы сан ғасырлық тәжірибені қорытындалаушы, нағыз – халық педагогикасы» – деп көрсетеді [1; 48]. Мақал-мәтелдер халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы, философиясы, өзге де мәселелер кеңінен көрініс табады. Сөз мәйегі мақал-мәтелдер қашанда белгілі бір ойды жеткізеді, әлдебір нәрселерден сақтандырады, бір сөзбен айтқанда, адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өміріне азық болатын даналық ғибрат. Жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беру, оларды өнер-білімге баулуға таптырмас жауһарларымыз мақал-мәтелдердің маңыздылығы ерекше. Мақал-мәтелдер жастардың еңбекқорлығын жетілдіруде, тұлғалық қабілеттерін қалыптастыруда және бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болды.

Қазақ халқы – рухани құндылықтардың мұрагері. Төл жәдігеріміз – ауыз әдебиеті, мақалмәтелдер, қанатты сөздер, өлең, жыр, терме, ата тілегі – ұлттық тәрбие бесігі. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер халқымыздың өткені мен кешегісі емес ол бүгінгі халқымыздың жанды дауысы. «Отан – оттан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білерсің». Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге деген ыстық сезім, ата-мекенге деген құрмет пен қасиетті қазақ халқының мәдени құндылығы – мақал мәтелдерден айқын көрінеді. Сол себепті халық күш-қуатын тасқын суға теңеп «Елдің күші селдің күші» деп бағалаған. Адамның

өмірі қысқа өмірінде туған елін, Отанын жасартып, жақсартып кетуге атсалысуы тиіс. «Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ». Алдына ұлы мақсат қойып, ұлы мұрат үшін қызмет істеген азамат қана ұлылыққа лайық. Қазақ даласына алғаш білім ұрығын шашқан ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин Абаймен тілдескендей Біз надан боп өсірдік, Иектегі сақалды. «Өнер – жігіт көркі» деп Ескермедік мақалды... Біз болмасақ, сіз барсыз, Үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды... деп, қазақтың бейқам өткен өміріне өкініш білдіріп, келер ұрпаққа үміт артады, біз ескермедік, сендер естеріңнен шығармаңдар деп, «Өнер – жігіт көркі» халық даналығын өсиет етеді [2, 218].

Дегенмен, бүгінгі жастарды кемел тұлға, сапалы ұрпақ тәрбиелеуді ата-баба мұралары мақал-мәтелдерді қолдану арқылы қол жетуге болатындығы айқындалды. Мектептерде тәжірибелік-педагогикалық жұмыс жүргізілген сабақ барысында мақал-мәтелдерді оқып үйренуде оқушылардың шығармашылық ізденулеріне мүмкіндіктер туғызу мақсатында төмендегідей әр алуан сабақ түрлері мен әдіс-тәсілдері пайдаланылды. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылармен шығармашылық жұмыстар әдеби кештер, пікірталас, викторина-ойындар, баяндама, сурет салу шығармасы, түрлі кездесулер мен ойын-сауықтар ұйымдастыру және т. б. жұмыстар жүргізілді. Болашақ жастардың теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын орынды қолдану нәтижесінде мақал-мәтелдер негізінде сапалы тұлғалық бейнесін қалыптастырудың мүмкіндігі зор.

Халық шығармасының басқа түрлеріне қарағанда, мақалдың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ең алдымен, әдебиеттік жағынан алғанда, мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Қандай мақалды алсақ та, оның шығуына үлкен оқиға, мәнді әңгіме себеп болған. Мақал соларға берілген баға, жасалған қорытынды, яғни «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал-мәтелдер өзінің көп-жақтылығымен баланың табиғи тұлғалық асыл қасиеттерін (адамгершіліктің өзегін; адамдарға деген іззеттілікті, өзінің халқына, Отанына сүйіспеншілікті; эстетикалық талғам мен әртүрлі шығармашылық қабілеттілікті; дене бітімінің дұрыс жетілуін; болашаққа деген сенімді және т. б.) қалыптастырады дей келе, мынадай міндеттерді негізге алуға болады:

- жер туралы түсінігі – бұл адамзаттың ортақ үйі және табиғаты;
- Отан туралы түсінігі – бұл әрбір адам үшін қайталанбайтын, ерекше, тағдырдың оған сыйлаған, ата бабасы оған қалдырған аманаты, отаны;
- ата-ана туралы түсінігі – бұл әрбір адам баласының қамқоршысы;
- еңбекке деген қызығушылығы – адамзат тұрмысының негізі;
- білімге деген қызығушылығы – әртүрлі еңбек нәтижесіне, соның ішінде шығармашылықты еңбек нәтижесіне қызығушылығы;
- достық, ынтымақтастық түсінігі – еркіндіктің, бірліктің және бейбіт өмірдің нышаны [3, 21].

М. Жұмабаевтың: «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару... Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі... Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады» – деген жан тебіренісі, ұлттық тәлім-тәрбие мектебінің мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі міндетіне айналып отырғанын көрсетеді [4, 73]. Қазақ ұлттық тәрбие беру тәжірибесінің айқын мысалдарына сүйене отырып, қазіргі

заманғы білім мен тәрбие беру ұйымдарында халықтың денсаулығы мен күш-жігерін дамыту үшін дәстүрлі дене тәрбиесі қалай қолданылатынын және халық педагогикасының дәстүрлерін пайдалану жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімділігін арттыру әдістерін көрсетеді.

Сонымен, осындай дәйектермен жас жеткіншектердің бойында отансүйгіштікті қалыптастыруда мақал-мәтелдер тамаша үлгі болып табылатындығы байқалады. Сондықтан да рухани тәрбие білім беру мен саналы рухани бай тұлға қалыптастыру – уақыт, замана талабы, себебі бүкіл әлем жаһандану процесіне байланысты көпэтносты және көптілді болып келеді. Бұл дегеніміз өзінің белгілі мәдениеті, дәстүрі, тарихы, өмір сүру жолы бар ұлттар бүгінгі техниканың қарыштап дамыған заманында осы атадан-балаға мирас болған мұраны шаң жуытпай, ұлттық құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа табыстауымыз керек [5, 82].

Қазіргі жаһандану заманында тарихи тамырынан ажырамаған, рухани құндылықтармен байыққан, алдына мақсатқа жетуге ақылы мен қайратын серік қылатын тұлға қалыптастыруға мақал-мәтелдердің орны ерекше. Демек, халық ауыз әдебиеті ғасырлар бойы дамып, бүгінгі күнге дейін жетсе, оның бойындағы қазыналарды таныта білу бүгінгі жаңа ғасырдағы жаңаша ойлайтын жастардың тәлімдік-тағылымдық жұмыстарына арқау болуы керек деп есептеймін.

Заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті оптимизмді... сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз» ауыз әдебиетінің отансүйгіштікті жастардың бойында қалыптастырудың тәрбиелік мәнін айқын көріп отырмыз. «Толқыннан толқын туады» демекші ара-жігі ажырамай, үзілмей жалғаса береді, ұрпақтар өседі, өрбиді, жаңарады, жалғасады. Бүгінгі балаға қамқорлық танытқан адам ертеңге еңбек сіңіреді!

Мақал-мәтелдер болашақ ұрпақты адамгершіліктің үстіңгі баспалдағы отансүйгіштікке тәрбиелеуде, алға ұмтылдыруға, қазіргі нарықтық техникалық өрлеу заманында оң әсер беретін мүмкіндікке ие. Сондықтан да жастарымызды рухани тәрбиелеуде бәріміз табандылық танытуымыз тиіс.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Гумарова А. А. Роль этнопедагогики в преподаваниии предмета «История Казахстана» //edu. e-history. kz № 2. 2018
2. Проблемы педагогики / К. Д. Ушинский; сост. и отв. ред. Э. Д. Днепров. – М.: УРАО, 2002. – 591 с. – (Новая педагогическая библиотека)
3. Rui J. B. Soares From «Paremiology to Paremiology» Tavira, Portugal: AIP-IAP. 2010.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 8 б.
5. Волков Г. Н. Этнопедагогика. – М., 2000. – 232 б.

Жаяу Мұса Байжанұлының көркем әдебиеттегі бейнесі

Казжанова З.
Астана қаласындағы дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ ақындарының ішінде осы екі өнерді бойында тоғыстырған айрықша бір талант иелері пайда болды. Оларды бүгінде «әнші-ақындар» деп атап жүрміз. Бұл атаудың шартты екендігі өзінен-өзі көрініп тұр. Олай дейтініміз, әнші-ақындар тобына жататындар тек әншілік пен ақындықты ғана меңгерген жандар емес, бойында сазгерлік те, актерлік те, тағы басқа өнер түрлері де молынан табылатын «сегіз қырлы, бір сырлы» жандар. Әнші-ақындар шығармашылығы осы тәрізді сан түрлі өнер салаларын өзара тығыз сабақтастырған ерекше мұра болып табылады. Әнші-ақындардың өзіндік ерекшелігі мынада: олар өлең жазады, өз өлеңдеріне өздері ән шығарады, ол әндерді өздері орындап халық арасына таратады. Өнерпаздардың мұндай шоғыры XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ұлттық мәдениеттің дамуындағы ерекше құбылысқа айналды.

XIX ғасырдың соңы мен мен XX ғасырдың басындағы әнші-ақындар шоғырына енетін әрбір өнер иесінің өзіндік ерекшелігі, өнердің осы түрін өркендетуге қосқан үлесі айрықша. Олардың әрқайсысының өзіне тән өнерпаздық қолтаңбасы бар. Әрбір әнші-ақынның көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы, көркем ойлау қабілеті, суреткерлік қасиеттері өзгеге ұқсамайтын өрнектерімен ерекшеленеді. Әнші-ақындардың барлығына ортақ бір мәселе өз шығармалары арқылы заман шындығын, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті шыншылдықпен жырлау болды. Олар өздерінің айналасындағы жағдайды жіті көре білді, солар туралы түйген ойларын батыл айтып отырды. Ал сол мәселелерді айтып жеткізу, көпшілікке көркем бейнелеп беру жағына келгенде әнші-ақындардың біріне-бірі ұқсамайтын ерекшеліктері айқын байқалады. Атап айтқанда, өз дәуіріндегі әлеуметтік теңсіздік пен адамдар арасындағы әділетсіз қарым-қатынасты, бай, мансапты адамдардың әлсіздерге жасаған қиянатын суреттеп жырлауға келгенде Жаяу Мұса Байжанұлы ерекше жарқырап көрінді. Ол өз басынан өткен жайттарды негізге ала отырып, ел ішіндегі ағайынның алауыздығы, бірлік пен татулықтың жоқтығы, бірін-бірі көре алмаушылық, өтірік пен өсек, жалақорлық, болыстыққа таласу, жік-жікке бөліну сияқты халықтың күнделікті тіршілігіне қатысты келеңсіз құбылыстарды батыл сынады. Сол үшін қуғынға да түсті, таяққа да жығылды, астындағы атынан айырылып, «жаяу Мұса» атанды. Бірақ ақынның жыры өзінің күрескерлік мәнін жоя алмады.

Жазушы З. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романында қазақтың аса көрнекті халық композиторы, ақын, музыка аспаптарының бірнеше түрін игерген, әрі әділетсіздік пен зорлық-зомбылыққа, қиянатқа қарсы өмірбақи күресіп өткен Жаяу Мұсаның өмірі арқау болған. Халқымыздың өнер тарихына мәңгі өлмес атын жазып қалдырған, шынжыр балақ, шұбар төс заманның бетіне арсыздығын басып, тағдырының тарғыл түсті талапайларына мойымаған, туа өмірдің өгей баласы сияқты теңсіздіктің тезіне түскен, өз сөзімен айтсақ: «Әділетті жүргізіп, жауыздықты жерлесем» - деп мұрат еткен, сөздің семсерін сертке ұстаған азамат ақын, өмірлі өнерпаз, күрескер тұлға – Жаяу Мұса Байжанұлы. Оның ғұмыр жолы тайғақты да, тартысты. Заманының зарын, қарашаның халін естисің туындыларынан. Мұса жайлы кесімді пікірді өзінің құрдасы, ғұлама Шоқаннан асырып кім айта алар дейсің? «Оның көк етікті көпке ұқсамайтын мінезі бар. «Жаным – арымның

садағасы» деп ант етіп, оны өзіне бойтұмар еткен ердің әлі де алысқа ұшар, ұзаққа сілтер тұрқы бар. Көзінде от, жүрегінде жалын, өңінде қайрат-жігер табы жатыр. Мойымаған, жасымаған. Баян басына шыққан жас емендей ешкімге иілмеген. Алдау мен арбауды қорлыққа санаған намыскер». Аттының арын сынаған заман, жаяудың жанын шығара алмаған. Әділет іздеп, зорлық-зомбылыққа қарсы күресіп өткен оның шығармаларында өмірінің өткелі, күрсінісі мен мұңы, бақыты мен соры бар. Сарыбелдің сауыры, Баянның бауырында жүріп-ақ Жаяу Мұсаның көңілінің кептері алыс-алыс көкжиектерді шолған. Сол күндердің күнесінде тұрған ұлы есімнің ұлағат сыйлар өнері жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, ән болып қалықтап, шабыт боп шарықтап ғасырлар керуенімен келер күндерге көш түзеген.

Профессор Қирабаев: «Бүгінгі қазақ прозасында байсалды реалистік үлгіде дамыған әпикалық туындылар мен лирикалық, сыршыл проза үлгілері қатар дамуда. Әншілік пен өлең өнерін ғасырлар бойы жанына серік қып өскен халықтың әдебиетінің сыршылдықтан, жүрек терберлік сезімтал лирикадан алыс дамуының өзі мүмкін емес қой... М. Әуезовтің «Абай жолы» толып тұрған ән ғой. В. С. Иванов кезінде мұны «роман о песне» деп тегін атамаған» [1, Б:159-160.]. Романда алғаш ана құрсағына түспей жатып озбырлық өріс алған заманның тәлкегінен жаратылған Жаяу Мұса өмірінде тақымына сойыл басып ұрлыққа аттанған жан емес, тышқан мұрынын қанатып қан төккен емес, біреудің сыртынан ғайбат айтып жала жапқан жан емес.

Романда автор өз кейіпкерін балалық шағынан бастап суреттейді. Мұса жастайынан жоқшылықты көріп өседі. Әке мейірімі Мұсаға келгенде жоқ. Мұса өгей шешенің таяғын жесе де, қан жоса болса да өз ауылынан кете алмайды. Жастайынан домбыраға әуес болады. Ауыл адамдары, тіпті, қыз-келіншектер де Мұсаның әнін жақсы көреді. Романға көз жібертсек: «Мұса осы жаз он үшке толды. Бірақ осы ауылдың жастары, әсіресе сауық құмар қыз-келіншектер Мұса десе ауыздарының суы құрып, соңынан қалмайды. Жастар бас қоса қалса, думанның дәл ортасында Мұса. Ол жоқ жерде жиынның өзі де көңілсіз. Домбырасын бірде тарсылдатып, бірде шертіп, қалжыңы аралас мысқыл өлеңдерін саулата жөнелгенде, жиналған қыз-келіншек, боөбалалар ішектері қатып, қырылып қалатын. Кейде, әнші бала деп те аталып жүр бұл. Мұса жоқта ырду-дырду болып, құр босқа шуылдап отырған жұрт, бұл келсе біріне-бірі «тоқтаңдар, Мұсаның әнін тыңдайық!» деп тына қалатын».

Жастайынан жоқшылық көрген, ана алақанының жылылығын тата білмеген, аузы асқа жарымаған Мұсаның ендігі арманы елден жырақ кетіп, орысша оқу еді. Осындай мақсатпен бір түнде Байжанның Тауторысына мініп, елден кетіп, Қызылжардағы Кәрім саудагердің жалшысы болып жалданады. Мұса Кәрімнің Сәйфулласымен татар медресесінде оқып аз да болса хат тани бастады. Кәрімнің үйінде Шыңғыстың ұлы Шоқанмен танысады. «Осы жігіттің бойында өнер көп-ау» деді Шоқан ішінен. «Жетелеп жөнге салса, саулап кетейін деп тұр».

- Бізбен бірге жүрсең қайтеді?
- Қайда?
- Омбыға.
- Онда не бар маған?
- Іздегенің табылар, мүмкін.
- Орыс оқуы ма?
- Иә.
- Қайда-а-ан?! Орыс оқуы біздейлердің қолына түсетін түрі жоқ. Елге қайтам.

- Елден не аласың?

- Осында бір ноғайдың отымен кіріп, күлімен шығып жүргенше, ағайын туысыма барып, Құдайдың не жазғанын көрем де.

Еліне барса осы жігіттің бойындағы өнер шаң-тозаңның астында тұншығып қалатындай көрінді Шоқанға.

- Күтуші боп жүрсең де, орыс оқуына тұяғың іліксе өкінер ме едің?

- Өкінбес едім.

- Ендеше, бізбен жүр. Іліктірем.

Мұса жалт қарады.

- Болсын. «Жақсыдан шарапат» дейтін. Ердім соңыңнан» [2, 92б.].

Мұсаның Шоқанмен достасуы, оның дүниетанымына, әлеуметтік халдің түп-тамырын ажырата білуіне көп әсерін тигізді. Шоқан арқылы өзге елдердің әдебиеті мен өнеріне жол ашты. Омбыдағы орыс мектебінде сауат аша жүріп Петербург, Мәскеу тағы басқа ірі қалаларда шығатын газет-журналдарға үңілді. Бұның өзі Мұсаның үстем тап өкілдерімен алысқан күреске толы өмірінде елеулі рол атқарғаны сөзсіз. Шоқанның төңірегінде болған төңкерістің идеяларынан Мұсаның хабардар болғанын ажыратуға болады.

Елден кеткелі сегіз жылдың өзі Мұсаны бар жағынан өзгерткенмен де, жоқшылық, кедейшілік соңынан қалмағандай. Әсіресе, Мұсаның Мұстафасынан көресінін көрді. Жазушы кейіпкерін суреттеуде оның психологиялық жайын терең суреттейді. Жаяу Мұса бейнесінің күрескерлік рухын танытуда, оның Мұстафа болыстан таяқ жеп, еліне жаяу келе жатқандағы бейнесін алып қарайықшы:

«Нағыштың құрсағынан жерге түскенде Тайжан молданың құлағына азан айтып қойған Мұса атынан айырылып, жиырма бірден жиырма екіге жаңа шыққан жас жігіт – Ащы өзенінен өтіп, Аққелін адырына кірді. Бойын кернеген ыза мен кек. Бірде аяңдап ойға батады, бірде жүгіре жөнеледі. Неге жүгіргенін, неге аяңдайтынын өзі де біліп келе жатқан жоқ. Іші-бауыры өртеніп бара жатқандай, жүрегі тулап келіп, алқымына тығылады. Кейде басы айналып кеткендей болады, ылдидан төмен түсе беріп, екпінімен жығылап кете жаздайды. Көзі қанталап, алдында не тұрғанын, артында не қалып қойғанын білмейтін тәрізді. Үсті-басында сау-тамтық жоқ, сонау Омбыдан киіп келген қызыл шапан жағасынан етегіне дейін бөксеріліп қалыпты, тек иығынан түсіп қалмады демесең киімдік сәнінен кеткен. Беліне буынған үш кез қысылсаң белбеудің қайда қалғаны есінде жоқ, (оны алғаш арбаға қарай сүйрей жөнелгенде Сәрсен алысып-жұлысып жүріп шешіп алған да, өзінің қойнына тығып жіберген), екі етегі делеңдеп келеді. Жалаң бас, бөркінің қайда қалғанын да білмейді. Бүкіл жотасы Мұстафаның қамшысынан әуелде қанталап, білеуленіп кетіп еді, сіресіп қалыпты, жүргізбей келеді, оқыс қозғалып қалса ауырып, жанын көзіне көрсетеді. Бірақ оған да еті үйреніп кетті, өне бойындағы жараны, көздің алдының күлтілдеп көгергенін елең қылатын емес» [2, 185б.]. Зәбір шеккен Жаяудың тұлғасын жазушы осылай сырттай суреттеу арқылы танытады. Жаяудың бар көрген қорлығын, шеккен азабын жазушы кейіпкердің отты тілі арқылы жеткізіп көрсетеді. Оны Жаяудың мына сөзінен байқайық: «Ата мекен, ұлан-байтақ туған жер! Сен маған қоныс болар түрің жоқ. Қайда барып паналасам екен! Көлдің сыртындағы Үңгіртас паналатар ма екен?! Қайран дүние-ай, мұнша кеңдігіңнен не пайда, жанға сая болатын көлеңкең жоқ? [2, 185б.].

Жазушы Жаяудың өз атамекенінен қоныс таппай қиналған сәтін ішкі толғанысымен қатар алып сипаттайды. Кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін мына жолдардан

аңғартады: «Қап! Қорлық-ай! Мұндай қорлықты көргенше өлген артық! «О-о-h!» дегенде, даусының қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалды. Шырқап жіберер ме еді! Ішті кернеген ыза тарқар ма еді! Денесі дірілдеп, буыны қалтырайды. Өне бойы толқып-толқып кетеді, әлдеқандай бір күш ілгері алып ұшқандай болады. Кейде гуілдеген, кейде ыңылдаған даусы шығады. Гой-гой, га-га-гай, гак-кай...

Бұрын ойында жоқ бір ауыз өлең тіліне орала кетті.
Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себептен Жаяу Мұса...
Ал гак-гай-гак-гай-гак,
га-га-га-ау, гак-ки гай-гак.. [2, 186б.].

деп толғану арқылы өзін Жаяу атандырғанда, ертең-ақ отты, ақын жігіттің өзін бүкіл елге масқаралайтын «Ақ сиса» әнінің шығарын білмеді ғой. Жаяудың атақты «Ақ сиса» әні өмірге осылай келді. Жаяу Мұсаның бұл өлеңі Шормандарды, феодалдықты мәңгілік бетіне күйе жағып масқаралап кетті және орындаған сайын зорлықшыларға бір үкім құрылып тұрады. «ақ сиса» - жаяу Мұсаның елге атын кең жайған, қазақтың кең сахарасына лезде тараған ән.

Жаяу орыс халқының өмірімен етене танысады. Черняевтің армиясында болып Литва, Польшадағы халық көтерілісін басуға қатынасады. Қираған қала, қырылған ел әнші-ақынның жан-жарасын ұлғайта түссе, әр халықтың өнер-дәстүрі елдің маңдай терімен жасалып, ғасырлар бойғы тарихын әйгілейтін алып ғимараттар, сәулетті ескерткіштер, сұлулыққа құмар жан-дүниесін тебірентеді. Туған жер, өскен елге деген сағынышын оятады. Жаяу Мұса салған асқақ ән, өзі секілді ел жұртын сағынып тағдырдың айдауында жүрген әскер қатарындағы көп жұрттың жүрек қылын тербейді. Қайрат жігері мол жанның рух күші баурын сыздатып, көкірегін дүбірлеткен өнер отын өршіте түседі.

Романда Жаяу Черняевтің армиясында болып, Шоқанмен қайта табысады. Бұл Мұсаның Шоқанды Қытай империясына аттанған саяхатынан кейін, сегіз жылдан соң жүздесуі еді. Жазушының стилінде «аттыдан жаяу жүріп кегін алған, аспандағы аққуға үнін қосқан» Жаяудай өнерпаздың сан қырлы образын ашуда қым-қиғаш жағдайлармен байланыстыра көрсетеді Сондай-ақ жазушы әр кейіпкердің тілін сөйлету арқылы олардың кім екендігін де таныта алады. Әулиета жігіттеріне генерал оқ атпақ болған кезінде екеуінің келіспей қалып, қатты сөзге барысуы, осынау екі адамның қандай жан екендіктерін дәлелдейді.

«Черняев Шоқанға дікеңдеп жетіп келді.

- Сіз кім жағындасыз, штабс-ротмистр мырза, соны айтыңызшы маған!

- Мен әділеттілік жағындамын, генерал мырза. Қарусыз халыққа оқ аттырмаймын. Мен, ең алдымен өз халқым – қазақ халқы жағындамын. Одан кейін Сібірді, одан кейін бүкіл Россияны жақтаймын. Орыстар қазақтарды төмпештеп ұрып жатса, мен орыстарға қарсымын, ал егер француздар орыстарды соққылап жатса, мен орыстар жағында боламын. Өйткені Россия – менің Отаным. Мен тағы айтамын сізге! Өздері тиіспесе, оқ шығарушы болмаңыз, генерал мырза, қан төгіледі. Егер сөзге келмей, лап қойса, бір дүркін залп бергізіңіз. Бірақ бастарынан асыра атсын. Бұларда қару жоқ, зеңбірек даусы шықса, өздері де беті қайтып шегінеді» [2, 330б.].

Жаяу Мұса әскерден қашып келген соң да күрес жолын тоқтатпады. Замана тынысын жақсы сезінген, болашақтан сенімді үміт күткен әнші-ақын ел сөзін, халық тілегін жырлаудан тынған жоқ. Мұса туралы жазған өнер зерттеушісі А. Затаевич оның өз тұсындағы халық композиторларына қарағандағы жан-жақтылығына баса назар аударады. Оның әндеріндегі орыс, татар музыкасының ырғақ, әлементтерінің болуын, қазақ ән сөздігіне басқа елдердің интонациясын қосқанын біздің өнер зерттеушілеріміз де жоққа шығармайды. Бұл мұсаның музыка аспабының сан түрінде ойнап, әлем мен Батыс классикасынан хабары барын танытса, екіншіден, орыс пен татар саздарын көкірегіне құйып берген түрлі «сапарларының» жемісі деуге болар. Ән мен жырдың ордасы Баянауланың алтын бесігі қандай жағдайда да оны сазға тербетті, шуаққа шомылдырды. Осы өңірдегі ән мен әншіліктің жалғасын тауып келе жатқан үлкен дәстүрі Мұсаны айналып кетуі мүмкін де емес еді. Біржан сал мен ақан серінің, Құлтума мен Жарылғапбердінің нәзік иірімдері, асқақ нақыштары зердесіне қонақтап, көңіл көліне қонып жатса сезімін ән оятпай қайтеді. «Гаухар қыз» сияқты қазақ ән өнерінің шедевріне айналған әндер соның жемісі шығар. Жаяу Мұса – сан қырлы талант иесі, сол кездегі қазақ қауымынан шыққан қайраткер дәрежесіне көтерілген тұлға. Ол көкірек көзі ерте ашылған, заманының қан-тамырын тап баса алған ойлы жан.

Романның соңында тоқсан төртті алқымдап қалған, көздің нұры кеткен қарт Жаяуды көреміз. « - Құдай тағала маған тоқсан төрт жыл тіршілік берген екен, - деп толғанып, толғап кетеді кейде. – Бұл бір адамға аз сыйлық емес. Екінің бірі мұндай жасқа келе бермейді. Бірақ сол ұзақ өмірдің кейінгі он шақты жылы болмаса, арғы жағы түгел азаппен, қорлықпен, айдаумене, жоқшылық, таршлықпен өткенін ойлап налиды, өкінеді. Енді мына заманның қызығын біраз көріп кетейін, қисаң маған тағы бір он жыл деп жалбарынады құдайына. Бірақ адамға дегенде құдай тағала он күн сықса су шықпас сараң екенін ойлайды да, буынсыз жерге пышақ салғандай болдым-ау деп өзінен - өзі күледі. Орнынан тұрып әрі қарай жүріп кетеді... » [2, 414б.].

Қайраткер ақын, сазгер, әнші, өнерпаз өрен, арыс азамат Жаяу Мұса бабамыз ұрпақтарының рухын аспандатып Ақшоқыда жатыр.

Тоқсан төртте жасым бар,
Енді жүрек басылар.
Мен жүргелі жатырмын,
Қоштасайық халқым-ау!
Қуанышым заман кең болды,
Еңбегім сіңген Ақшоқым,
Содан орын қазыңдар –

деген батыр баба аманатын орындаған ұрпақ, ақын аруағын да аялайды. Жаяу Мұса – осы елдің шырқар әні, шырқау биігі.

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ мәдениетінің қай саласы да әрдайым өзіндік даму, өркендеу үстінде болды. Әсіресе кең далада еркін жүрген халықтың жанына ең жақыны сөз өнері мен саз өнері еді. Яғни қазақ үшін ән мен өлеңнің орны қай кезеңде де аса қадірлі болды. Төрт жол өлең құрастырмайтын, екі ауыз ән әуелетпейтін қазақ кемде-кем болуы осының айғағы болса керек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қирабаев С. Революция және әдебиет. - Алматы. 1977
2. Ақышев З. Жаяу Мұса: роман. - Алматы: Жазушы, 1990. - 414 б.

Балалар әдебиетіндегі кейіпкер тілінің психолингвистикалық сипаты

Дуйсенова Д.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі лингвомәдениеттанымдық теорияны жасау ең алдымен «тіл», «сана» және «мәдениет» тәрізді негізгі категорияларды теріс, кейде тіпті қарама-қайшы түсінуден күрделене түседі. Осыған байланысты лингвомәдениеттанымның нысаны, мәні, мақсаттары мен міндеттері айқындалмай қалады да, ал өзекті мәселенің өзі тілдің әмбебап онтологиялық қасиетіне – кез келген таңба белгілеуші мәдениет негізі болып табылатын шындыққа оның қатыстылығы сіңісіп кетеді. Біздің пікірімізше, лингвомәдениеттанымның нысаны «заттары» *вербалданған рухани маңызды құндылықтар* болып табылатын (сол немесе қандай да бір этнотілдік ұжым үшін) тілден тыс дүниенің бір бөлігі ғана. Метафоралық сөйлеу-ойлау зерттеулерінің дәл ортасында дәстүрлі түрде тұрған тұспалдай айту белгілері айрықша лингвомәдениеттанымдық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Концептке шоғырландырылған «халық рухы» (елестер, ұғымдар, білімдер, күйзелістер, теңестірулер шоғыры) адамдардың саналы әрекетінен туындайтын мәдениеттің аса маңызды биік тұғыры ретінде бастапқы кезден-ақ семиотикалық (тілдік – кең мағынасында) түсіндірмеге ие болады. Осыдан барып, мәдениет тілі – мағыналық тұрпаттар арасындағы белгілі бір координаталар жүйесі деген қорытынды шығады, яғни, а) белгілі бір креативтік (шығармашылық, жасаушы) ойлау типі үшін құнды болып табылады; б) қолданыста бар немесе жаңадан пайда болатын әлеуметтік маңызы бар бейнелерді, елестерді, ұғымдар мен өзге де мағына тасымалдаушы ментальдік құрылымдарды біріздендіреді.

Бұл зерттеудің нысаны – екіншілік номинация болса, мәні – мәдени жағынан құнды болып табылатын нысандарды екінші қайтара таңбамен белгілеу тәсілдерінің поэтикалық қызметі болып табылады. Санада көрініс табатын заттың (таңбаланатын) және номинанттың (таңбалаушының) тікелей қатыстылығы ретінде түсіндірілетін біріншілік атаумен салыстырғанда екіншілік номинация тілдегі жаңа атауға ие болған номинанттың жанама қатыстылығына негізделеді. Психолингвистикалық аспектіде концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады. Барлық ойлау мазмұны мен байлығы тілден көрініс табады, ал әлемнің көрінісі кез келген этнотілдік жүйелермен балама түрде берілетін, барлық адамдар үшін біртұтас, тек ұғымдық қана бола алады.

Қазіргі кездегі когнитологияда көпжылдық тәжірибелерге қарамастан, когнитивтік процестердің әмбебаптығы жөніндегі мәселе әлі де біржақты шешімін тапқан жоқ. Ағылшын психологтары бұл мәселені тіке қойып, жақтағанның өзінде олардың кейбіреуі әмбебап, кейбіреуі әмбебап емес деген жорамал айтады. Олар тілде көрініс тауып, тілмен тығыз байланысты болса да ғалым ол мүмкін емес деп есептейді. Тек олардың арасындағы айырмашылықтар мәдениеттегі айырмашылықтармен ғана түсіндірілетініне еш күмән жоқ.

Этномәдениеттің негізгі өзегі ментальдік – ана тілінің санатында адамның сыртқы және ішкі дүниені (осы мәдени-тілдік қоғамдастық мүшесінің) түсінуіне тән белгілердің

жиынтығы, ұлттық сипаттың зерделі, рухани және еріктік қасиеттерін танып-білу процестеріндегі айрықша көріну белгілері болып табылады. Тілдіктен басқа, ментальдік бейнелі, ұғымдық және мифтік құрылымдармен немесе концептермен жүзеге асырылады [1, 3б.].

Сонымен алуан түрлі этникалық қоғамдастықтардың дүниені қабылдаудағы айырмашылықтары белгілі бір дәрежеде олардың мәдениеті мен тілінің арасындағы айырмашылықтарға байланысты. Мұны дәлелденген нақты дерек ретінде қабылдау керек. Тек дүниені тану процесіндегі олардың маңыздылығы, шындықты концептуалдандыру мен категорияландырудағы рөлі мен тетіктері жөніндегі мәселені ғана талқылауға болады. Мәдениет те, тіл де халықтың ментальдігімен, яғни дүниені сезінумен және дүниені қабылдаумен байланысты болғандықтан, тілдің және мәдениеттің ментальдік категориялармен ара қатынасын ажырату қажеттігі туындайды. Ең алдымен өзара қарым-қатынастың сипатын анықтап алу қажет: репрезентативтік пе әлде мәндік пе? Бұлар жаңа қойылып отырмаса да, шешілуі күрделі мәселелер. Ғалымдар бұрыннан-ақ жауап табуға тырысып келеді. Олардың негізгі категориялардың өзін – сана, мәдениет және тіл – түсінуі сан қырлы, берген анықтамалары да алуан түрлі. Оларды біріктіретін когнитологияның басты ұғымы – ментальдік деп ойлаймыз. Сана – ментальдіктің ең маңызды құрамдас бөлігі. Оның екінші құрамдас бөлігі бейсаналық процестер мен түйсінулер болып табылады. Мәдениет – ментальдіктің бір бөлігі. Осыған байланысты біршама ауқымды тұжырым жасауға болады: адамның ментальдігінде жоқ нәрсе мәдениетте де болмайды. Осы екі анықтамадан ментальдіктің «мәдениет» ұғымынан едәуір кеңірек екенін көруге болады. «Тіл» – нәтижесінде ментальдік өз қойнауларында мәдени феномендер туғызатын құрал. Лингвосемиотикада айрықша мәдениеттанымдық маңыздылығы бар негізгі мазмұнды бірлік – әлеуметтік тәжірибені тұжырымдау, сақтау және беру бірлігі – мағына (философиялық кең түсінік бойынша) немесе таңба семантикасы. Соңғы термин жиірек қолданылады, себебі ол тілдік қана емес, сонымен қатар тілдік емес мағыналарды да көрсетеді: когнитивтік бірліктер біздің тәжірибемізде оның вербалдануынан да тыс сақтала алады. Лингвомәдениеттанымдық бірліктердің әлеуметтік ең алдымен, олардың коммуниканттардың сөйлеу интенцияларына қатысты болатын әр түрлі директивалық, әсер етуші және экспрессивті-бағалау қызметтерінің орындалуына бағытталған репрезентативтік-прагматикалық мәнімен байланысты. Туындаушы мағыналардың жүйесі тілдік сананың мазмұнды негізі болып табылады. Бейне дүниені қабылдау және түсіну нәтижесі ретінде сана категориясы болып табылады. Сөйлеу-ойлау процесіне енгізіле отырып, ол тілдік сананың категориясы – тілдік бейнеге айналады, оның мән-мәтінінде ол әлемнің тілдік көрінісін бейнелік көріністер түрінде қалыптастыру үшін, ұлттық мәдениеттің қандай да бір феноменін тілдік үлгілеу үшін қажетті жаңа ассоциативтік қатынастар ретінде көрінеді. Мәдени кеңістікті құрылымдайтын «заттар» ретінде этнос санасында қалыптасқан мәдениет феномендері туралы ұғымдар көрінеді. Санада көрініс тапқан мәдениет феномендері әр текті. Олардың кейбіреуі этномәдени кеңістіктің өзегін түзсе, екіншісі оның қалған бөліктерін, яғни шет жақтарын түзеді. Этномәдени кеңістіктің өзегін лингвомәдени қоғамдастықтың барлық мүшелері ие болатын феномендер құрайды. Жеке адамның немесе адамдардың шағын топтарының игілігі болып табылатын феномендер лингвомәдени кеңістіктің шет жақтарын құрайды. К. Г. Юнг өзінің «Об архетипах коллективного бессознательного» еңбегінде этностың психикалық құрамындағы ұжымдық санасыздықтың ролін анықтайды. Ол этностың пайда болу процесін ұжымдық санасыздық (бессознательность) архетиптерімен байланыстырады.

Архетип ұрпақтан-ұрпаққа жеткен, мұраланған психика құрылымы мен алғашқы санасыз бейнелердің (үлгілер) мәнін, формасы мен тәсілдерін білдіреді. Архетип, сөйтіп құлық-негізін, тұлға құрылымын, сол, не басқа этникалық топқа тән ғаламды түсінуді, мәдениет пен өзара түсіністіктің ішкі бірлігі мен өзара байланысын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, архетиптер жалпыға ортақ априорлы (априорлы – тәжірибеге тәуелсіз, тәжірибеден бұрынғы [2, 22б.] психикалық және мінез-құлықтық бағдарлама жасайды. Алғашқы үлгі психиканың құрылымдық элементтері жеке этникалық топтың мінез-құлқын, ойлауы мен ғаламды көруінің ерекшеліктерін құрастыра отырып, мінез-құлық, ойлау, әлемді көрудің өзгеше үлгісі болып табылады.

Бала психологиясын зерттеушілердің тұжырымынша әрбір баланың тілдік қорының дамуы, сөздік қорының жан-жақты жетілуі, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты. Әсіресе, мектеп оқушыларының ойлау мен таным дүниесі өзара тығыз қарым-қатынастағы ортамен нақты байланыста болады. Қазіргі таңда психологтардың зерттеуі көрсеткендей бала санасындағы ұлттық болмыс пен танымның көрінісі өзге ұлт өкілдерімен тілдік қарым-қатынас кезінде айқын ерекшеленіп тұрады. Ал, таза ұлттық этика пен дүниетанымның өзі әрбір индивидтің қоршаған ортасы мен аймағы, тұрғылықты жері мен айналасына тығыз байланысты. Мысалы, ауыл мен қала мектептерінде оқитын баланың ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптар туралы білімі немесе ежелгі аңыз әңгімелер мен ертегілер жайында көзқарасы, жалпы, ұлттық болмыс туралы ақпараты бірдей болмауы мүмкін. Сол сияқты қаланың өзінде де өскен ортасына байланысты әр баланың әлеуметтік білім деңгейі әр түрлі болуы заңды дүние. Ал өзге ұлт өкілдері арасында өскен баланың санасындағы ұлт туралы мәдени ақпараттардың деңгейі тіпті басқа болуы мүмкін.

Балалар тақырыбын зерттеуде XIX ғасырдың екінші жартысында Еуропаға аты мәлім Г. Спенсер, Э. Тейлор, Д. Фрезер, З. Фрейд, М. Мид сияқты антропологтар өз еңбектерінде бұл мәселеге жан-жақты тоқталды. Ал, XX ғасырдың 20-30 жылдары Г. С. Виноградов, О. И. Капица, Радлов, М. Ибрагимов, Е. Покровский, А. Алекторов, А. Харузин, Н. Мелкова, А. Троицкая т. б. сынды орыс ғалымдары балалар фольклорын зерттеп, оның баланың ой-танымына қатысты жақтарын сөз етті.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы болып саналатын Ы. Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Балалар хрестоматиясы» ұлттық [3.] тәрбие мен мәдениетті бала санасында қалыптастыруда ерекше мәнге ие еңбек болды. Жалпы, бала психологиясының ұлттық сипаты туралы ұлы Абай өзінің жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды, Біреуі – білсем екен демелік, не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе немесе жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене, бұл немене» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» - деп, көзі көрген, құлағы естігенінің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» – деп көрсетіп [4.] берген болатын.

Әрбір ұлттың бала тәрбия қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиясы баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбияшы, сөз жоқ, ұлт тәрбиясымен таныс болуға тиісі. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбияшы баланы сол ұлт тәрбиясымен тәрбия қылуға міндетті – дейді Мағжан Жұмабаев.

Ал Жан-Жак Руссо бала психологиясына қатысты өз пікірін «Балалар әлемі тарихы жөніндегі бұлдыр түсінікке ілессек, тым әрі тереңдеген сайын, солғұрлым адаса түсеміз» - деп келтіреді.

Балалар әдебиеті – қарапайым да, нәзік, күрделі де, қызық әлемнің көркем дүниесі. Айналадағы құбылыстарды балалар ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, балалар өмірі ересектер тұрмысына тәуелді бола тұра өзінше бір кіші әлем құрайтынын халық ертеден-ақ ескерген. Баланың дүниетанымы ес біле бастағаннан-ақ екі түрлі негізе сүйенеді. Оның алғашқысы – машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйрене қайталау. Балалардың кез келген нәрсеге ерекше әуес болатындығы, әр нәрсені білуге, көруге, ұстауға, естуге, тіпті, дәмін татуға әуес болатындығы да сондықтан. Екіншіден, бала жан дүниесі эмоцияға бай, әсершіл болып келеді. Бұл, әсіресе, жеткіншек жаста ерекше байқалады. Олар ересек адамның ойына келмейтін қисындар тауып, сол ойларын жүзеге асыруға талпынады. Бұл құбылыс біздің зерттеу нысанымыз болып отырған балалар әдебиетінің тілінде, оның ішінде Б. Соқпақбаевтың шығармаларындағы кейіпкерлердің психологиясы мен мінез-құлқынан, дүниетанымы мен болмысынан айқын аңғарылады. Бұл қаламгерлердің қай-қайсысында да бала психологиясына тән ерекшеліктердің дәл берілуі шығарма тілінің шынайылығын танытады. Мұндай құбылыс әсіресе, Б. Соқпақбаев шығармаларында нақты көрініс тапқан. Оның себебі, шығарма кейіпкерінің прототипі ретінде жазушының өзінің балалық шағының суреттелуінде деп түсінеміз. Қаламгердің «Менің атым – Қожа» әңгімесіндегі бала танымындағы еліктеу мен ұшқыр қиялды шебер суреттеген: *Жалпы, үлкен ақындар өлеңді тек шабыты келгенде ғана жазатын көрінеді ғой. Ал менің шабытым қашанда қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек уақыт тауып отырсам болды, көсілтіп жазып тастаймын. Ол ол ма, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асық болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп жоспарлап алып та жазамын. Адам деген өседі ғой. Мен көпе-көрнеу шарықтап өсе бастадым. Өлеңдерім класс, мектеп қабырға газеттерінде тоқтаусыз жарияланатын болды* [5, 332б.] деген мысалдардан шығарма кейіпкері Қожаның өнерге, ақындыққа еліктеуін бала танымымен тығыз байланысын байқасақ, «Балалық шаққа саяхат» әңгімесіндегі: *Мен бір жағдайда әкеме өте риза болатын едім – ол өмірбаян жазып, анкета толтырған кезде. Кез келген қарапайым анкетада әке, шешең кім болған деген сұрақ тұрады. О. Бұл сұрақ барлық сұрақтардың ішінде ең маңыздысы. Болашақ өмір маршрутының сызылуына оның жасайтын ықпалы өте зор. Мінеки, әлгі сұрақ алдымнан шыға келген кезде, менің көзім жайнап кеткендей болады. Жауапты құлшына жазамын, - әкем де, шешем де кедей болған! Жай кедей емес, қу тақыр кедей* [5, 48б] деген мысалдан бала санасында кедей адамның қоғамдағы таза, әділ, қарапайым тұлға ретінде бағаланатынын байқаймыз.

Белгілі психолог С. Л. Рубинштейн балалар тілінің дамуы мен ерекшеліктері туралы пайымдауында «ситуативті сөйлеу» және «контексті сөйлеу» деген ұғымдарды қолданысқа енгізе отырып, «ситуативті сөйлеу» ұғымы қазіргі ғылыми концепцияларда қолданылып жүрген «конситуативті сөйлеу» деген терминнің баламасы болып табылады. Бұл теория бойынша баланың тілдік байлығы коммуникацияның жан-жақтылығы мен нақты жағдаятқа негізделетінін көрсетеді. Ал «контексті сөйлеу» – баланың ситуацияны қабылдауы мен оны жеткізе білуі жағдайында көрінеді. Бір сөзбен айтқанда бала «өзі контекст жасайды», яғни әлдебір шығарма немесе оқиға жөнінде өз ойын айта білуі. Мектеп оқушыларында, сөйтіп, ендігі жерде логикалық (күнделікті өмірден, практикадан қалыптасқан ұғымдар жүйесі) және ғылыми ұғымдар (оқып-үйрену барысында, саналы

түрде қалыптасқан ұғымдар жүйесі) «жұмыс істей» бастайды деп көрсетеді. Оқушы сөйлеу әрекеті кезінде логикалық-ғылыми ұғымдар жүйесіне сүйенеді. Белгілі бір ұғымның мазмұнын құрайтын негізгі белгілерінің қайсыбірінің санада вербализациялануы бала тіліндегі лексикалық дамуды дамытады. Мұндай психологиялық үрдіс «Менің атым – Қожа» повесінде жиі көрініс береді. Мысалы, *Мамамның Қаратайға шынымен күйеуге шыққысы келе ме? Мүмкін емес... ... ... Біз, әжем үшеуміз, құдайға тәуба, онсыз да жаман тұрмаймыз ғой. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Мен әлі оқу бітіріп, ер жетемін, университетке түсем. Жазушы болам.. [*5, 342б.] деген мәтінде Қожаның сыртқы ситуацияны психологиялық тұрғыда қабылдай отырып контексте сөйлеу дағдысын қалыптастыруы осының дәлелі.

Зерттеуші Қ. Айтмұхаметова өз еңбегінде индивидтің сөйлеу мәдениетін талдай отырып: «Ұлт этномәдениетінің бірегей феномені саналатын тілдің күйі, хал-ахуалы, тазалығы қоғамның сөйлеу мәдениеті деңгейімен анықталады. Алайда тіл – мәні жағынан - әлеуметтік, ал жұмсалу тәсілі бойынша индивидуалдық құбылыс болғандықтан, оның әлеуетін әрбір сөйлеуші жеке, өзінше қолданады. Сондықтан индивидтің сөйлеу мәдениеті проблемасы қоғамда бұқаралық сипаттағы өзекті мәселеге айналып отыр» деген пікір айтады [6, 27б.]. Яғни, психология қағидаларына сүйенсек, мәтіннен субъекті мен обьектінің ара қатынасын, коммуникативтік қызметін бірден тануға болады. Бұл дегеніміз не? Сөз саптам теориясы бойынша коммуникация субъекті – мәтін, обьект деп аталатын бірліктерден тұрады. Субъект деп отырғанымыз сөз иесі, ал мәтін сөйлеген немесе айтылған сөз, ал обьект тыңдаушы немесе оқушы. Сөз иесі сөзді бекер сөйлемейді, қалайда адресатқа ықпал ету, әсер ету мақсатын көздейді. Себебі, оқушының тілдік тұлға ретінде қалыптасуы ойлау мен таным, білімнің жинақталуы және олардың вербализациялануымен тығыз байланысты. Алайда таным ойлаудың аса күрделі категориясы. Обьективті ақиқатты танып білудің логикалық, прагматикалық жолдары бар. Сонымен қатар эстетикалық көркемдік жолмен де ақиқатты тануға болады.

Халық ұғымында бала бес жастан бастап өзінше дәурен кешеді. Бұл жастағы баланы «ойын баласы» дейді, яғни бала өз тұрғыластарымен тіл табысып, ересектер өмірінен «азат» әлемге кіреді. Барша халық 5 пен 7 жас мөлшеріне ерекше мән береді.

«Ғаламның тілдік бейнесі» қағидасына сәйкес, кез келген көркем шығармадағы дүниетанымдық тілдік бірліктер кейіпкердің образын ашуға қызмет ететіні заңды құбылыс. Адам ес біле бастағаннан ақиқат өмірге бейімделуі үшін өзін қоршаған ортаның болмысы мен өмірлік тәжірибесі туралы мәдени ақпараттардың жадтағы қорын жинақтай бастайды. Осы түрлі білімдер арқылы индивидтің бойында ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Бірақ, дүниені қабылдау мен танымның көрінісі барлық адамдарда бірдей болмауы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір қоғамдастыққа тән өте қажетті білімдер жүйесі индивидтің санасында бірте-бірте жетіле түседі. Ал бала санасындағы мұндай концептуалдық құрылымның көрінісі алғашқы кезеңде ең қарапайым түрде болса, жас ерекшелік деңгейіне байланысты бірте-бірте маңызды ақпараттармен толыға түседі. Балалар әр нәрсені білуге, ұстап көруге, тануға, еліктеуге әуес келеді. Кез келген құбылысқа өзіндік тұрғыдан баға беру үшін бала санасының танымдық деңгейі ақпараттармен толығып тұрады. Мысалы, Б. Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» әңгімесіндегі: *Таудан бері жазық сардала. Дала төсінде жарқырап аққан өзен. Тау өзені. Одан да әрі саржазықтың бетінде темір пештің қызуына ұқсаған жалындағын ғажайып бір толқын байқалады. Жерден будақ-будақ шығып жатқандай болады. Мен қызықтап қарап, көз алмаймын.*

- Әже, анау алыстағы будақ-будақ толқын немене?
Әжем оның сағым екенін айтады.
- *Сағым деген немене? Түтін бе?*
Әжем күледі. Сағымның түтін емес екенін түсіндірген болады.
- *Қасына барып, қолмен ұстауға бола ма?*
- *Ақымақ неме, сағым ол жел секілді. Желді қолмен қалай ұстамақсың?* [16. 9] деген мәтіннен баланың танымдық деңгейі мен қоршаған орта туралы санада ақпараттардың жиналу үрдісін байқаймыз.

Адамзаттың ойлау қабілеті – адамзат миындағы қоршаған әлем, ондағы құбылыстар, зат атауларының сапасы мен өзара байланыстары жайлы психологиялық үрдістің көрінісі. Адамзаттың ойлау қалыптарына: түйсік, қабылдау, елес жатады. Осы ойлау формаларының нәтижесінде санада тілдік емес білімдер жүйесінің бастапқы нұсқалары жинақталып, ол тілдік бірліктер арқылы обьективтенеді. Психологияны когнитивтік лингвистикамен сыбайластыратын оның әдісі емес, сөйлеуші адам психикасында өтілетін процесті, тіл мен мидың ара қатынасын қарастыруы болса керек. Шындық дүниені адам көзбен емес мимен көреді. Тілдік таным жад, ойлау, қабылдау сияқты психологиялық ұғымдарға тікелей қатысты, ол тұтас когнитивтік парадигма құруға мүмкіндік береді. Тілдің санада құрылуы семантикалық жад, есте сақтау қабілеті, оның ақпарат сақтау мүмкіндігіне тәуелді. Психология мен когнитивтік лингвистика сондай-ақ, когнитивтік модель санада қалай құрылады дегенді қарастырудың деңгейінде ұштасуымен айқындалады.

Балалардың іс-әрекеті үлкендер тірлігімен біте қайнасып жататын ажырағысыз құрылымның жанды бөлшегі екені белгілі жай. Бірақ баланың жас ерекшелігіне орай дүниетанымы ересектер көзқарасымен қаншалықты сәйкес келмейтін болса, оның күнделікті тіршілігі, өзіндік өмір мұраты, қиял, арманы мен ойынмен өрнектелген өмір күйі соншалық ерекше.

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» әңгімесінде Қожаның көнбіс мінез-құлқын автор былайша суреттейді: *Біз жайлауға келгелі табаны трактордай бір ай шамасы уақыт өтті. Өткенде көңілді өтті, желіп өтті. . Соның бәрі Сұлтекеңнің арқасы. Бір де бір күн көліксіз болып көргем жоқ. Нелер жорға-жүйрік сәйгүліктерді сол тауып әкеледі. Ертте мынаны дейді, ерттеймін. Кеттік дейді, - ілесіп берем. Қайда барамыз деп сұрамаймын да. Не керек, Сұлтанның арқасында ат мініп, асыр салып, жетісіп жүрмін* [5, 370б.]. Бұл жерде, керісінше, Сұлтанның ұйымдастырушылық, лидерлік қабілетінің мүмкіндігін байқаймыз.

Қазіргі таңда психолингвистикада ғалымдар сөздің коммуникантқа әсерін, ақпараттардың қабылдануы мен жадта сақталуын жан-жақты зерттей отырып, тіл ғылымында синэргетика терминін қолданып жүр. Себебі, «Коммуникант – белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Коммуниканттың жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт), жынысы (әйел, еркек), мекені (ауыл тұрғыны, қала тұрғыны), кәсібі, жұмысы, от басындағы орны әлеуметтік белгілері болып табылады» [6, 12б.]. Тілдік коммуникациядағы осындай белгілерді зерделей отырып синэргетиканың мәні ерекше екенін байқаймыз. Синэргетика – бұл сөздің қуатын, адам мен тілдің арасындағы байланысты қарастыратын сала деп түсінеміз. Синэргетика – құрылым элементтері мен қоршаған орта энергиясының арасындағы байланысты зерттейтін ғылыми бағыт. Синэргетика лингвомәдениеттанымдық зерттеудің әдістемелік құраласы және тұспалдай

айту белгілерінің бейнелілігін туындатудың көзі болып табылады. Сондықтан синэргетикалық зерттеудің мәні белгілі бір лингвомәдениеттанымдық кеңістіктің тиісті бөлігінің «қимасын» білдіреді, оның шеңберінде екіншілік немесе жанама-туынды атау белгісінің поэтикалық энергиясының қалыптасуына ықпал ететін күштік кернеудің симультандық (сызықтық емес) тетіктері қалыптасады. Синэргетика осылайша тұспалдай айту белгілерінің поэтикалық энергиясын лингвомәдениеттанымдық зерттеу әдістемесі (ментальдік сұлба және эвристикалық көзқарас) философиялық аспектісінің аса маңызды элементі болып табылады. Мұндай көзқарастың өзіндік ерекшелігі синэргетиканың әмбебап және пәнаралық сипатымен анықталады. Осыған байланысты бейнелі сөз синэргетикасын тану оның қалыптасуы мен сөйлемде қолданылу факторларын кең ауқымда қарастыруды топшылайды. Тұспалдай айту белгілері синэргетикасының мұндай өзіндік ерекшелігі Е. В. Князева негізін қалаған заңдылықтың шешуші пресуппозитивтік негіздемесі ретінде қызмет атқарды дей келе: «Біз нақты бөлшектерге тереңдеген сайын, синэргетика үшін орын аз қалады» [7, 102б.] деген қорытынды жасайды.

Көркем шығармада кездесетін синэргетикалық тілдік бірліктерді үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Жағымды энергиялық қутты сөздер;
2. Жағымсыз энергиялық қуатты сөздер;
3. Тілек ұғымды беруші қуатты сөздер.

Жағымды энергиялық қуаты бар тілдік бірліктер көркем шығармада, әсіресе, балалар әдебиетінде жиі қолданысқа ие болады.

Қай халықтың болмасын мәдениеті, шаруашылығы оның тілі арқылы көрініс табады. Тілдік бірліктер арқылы мәдени ақпараттар, стереотиптер, эталондар адам санасында ұлттық мәдениетті тануға жол ашады.

Кез келген адамның өзін өзі ұстауы, сөйлеуі әр ортада әртүрлі болады. Мысалы, адам өзімен-өзі қалғанда өзін ұстауы бір бөлек те, ал белгілі ортада өзін ұстауы мүлдем басқаша болуы мүмкін. Осы тұрғыда оның тәртібі, жүріс-тұрысы, сөйлеуі, қимыл-қозғалысы ортаға байланысты болады. Танымайтын, бөгде адамдармен қарым-қатынас жасауда өзін ұстауы бір басқа да, ал өзінің құрбы-құрдастарының арасында өзін өзі ұстауы бір басқа. Көбіне тілдік қателер осы екінші жағдайда көбірек байқалады десек, қателеспеген болар едік, өйткені адам санасына ерік беріліп, кейде сөйлеу әрекетінің барлық сатылары жүзеге асырылмайды. Ал, бірінші жағдайда адам өзінің айтайын деген ойын сұрыптап, ережелерге сай, дәл, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Мұны жеке тұлғаны, ұжымды бағалау кезінде анық байқауға болады. Көркем әдебиеттегі кейіпкер бар болмысымен, ішкі және сыртқы табиғатымен толық танылуы үшін мұндай тілдік құралдар бала дүниетанымы мен болмысына сай қолдана білуі автордың тіл шеберлігі мен бала психологиясын өте жетік меңгергендігін байқатады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Манкеева Ж. А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. 272 б.

2. Юнг К. Г. Об архетипах коллективного бессознательного // Вопросы философии. – 1988. - №1. - С. 71-81.

3. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988, - 320 б.

4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - II том. - Алматы., 1957

5. Соқпақбаев Б. Таңдамалы.- Алматы, Жазушы,1987. - 429 б.
6. Айтмұхаметова Қ. Институционалды коммуникация: дәрігер – науқас. - Алматы, 2003. - 27 б.
7. Князева Е. Н. Синергетика языка, сознания и культуры. - М, 2002. - 371 с.

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар

Хайтметова Г.

Филология саласы өз алдына дербес ғылым ретінде зерттеліп, үлкен бөлімдерге бөлінуі әсерінен, соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттар мен тың тармақтары көбейіп келеді. Ғалымдар осы бағыттарды үлкен екі тарауға бөледі:

1. Интралингвистика (лат. - ішкі) – тілдің грамматика, фонетика, лексикология сынды ішкі заңдылықтарын, сөз таптарын, дыбыс үндестігін, этимологиясын зерттейді.

2. Экстралингвистика (лат. - сыртқы) – тілдің сыртқы факторлармен байланысын зерттейді. Экстралингвистика – әлеуметтік лингвистика және ақыл-ой лингвистикасы (менталингвистика) деген екі салаға бөлінеді.

Интралингвистиканың түп-тамыры этнолингвистикадан бастау алады. Өйткені, әу баста әр халықтың (этностың) өз тілдік ерекшеліктері мен дыбыстау өзгешеліктері, өмір сүру табиғатына сай сөз ойлап табу, сөйлем құрау заңдылықтары болды. Мысалы, қазақ халқы ең алғаш жылқыны қолға үйреткен, жауынгер халық дейміз. Ал жауынгер халықта қимыл, іс-әрекет сөздері көбінесе қысқа, бір буынды келеді: «ал, шап, қаш, бер, көр, ұр, тұр, қу, жүр» т. т. Ал отырықшы халықтарда керісінше: «олиң, кориң, бериң (өзб)» сынды т. т. жалғау, жұрнақтармен созылып немесе ұзартылып айтылады. Қазақ тілінде қосымшалар көбінесе ойын-той, мамыражай сәттерде жиі қолданылады. Кейде осы қосымшалар бір сөздің шығу тарихын толықтай өзгертіп, әуелгі мағынасы ұмыт болған кездер де өте көп. Тіл ғылымында осы ұмыт болған сөздердің әуелгі шығу тарихын зерттейтін саланы – «этнолингвистика» деп атайды.

Этнолингвистика – XX ғасырдың аяғында пайда болған сала. Атауы айтып тұрғандай этнолингвистика «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ мәселелерін зерттейтін макролингвистикалық ғылым саласы. Бұл салада тілдің ғасырлар бойы жасалу тарихы мен этимологиялық сипаты айқындалады. Этнолингвистика – бір ұлттың заттық этнографизмдерін ғана емес, тарихын, салт-дәстүрін, өмір-тіршілігін, мәдениетін, жалпы көнерген сөздерін зерттейтін ғылым.

Этнолингвистикалық зерттеулер алғаш рет XIX ғасырдың II жартысында В. Гумбольд /1/, А. А. Потебня /2/ жазбаларында пайда болды. Жалпы қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен салт-дәстүр, мәдениетін зерттеген орыс, поляк ғалымдары жетерлік. Ал өз елімізде этнолингвистика саласын терең зерттеп, алғаш 4 томдық еңбек жазған – Ә. Қайдар. Ғалымның «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігі, жас ғалымдардың қолынан түспейтін құнды еңбек. /3/ Бұдан өзге этнолингвистика мәселелері І. Жұбанов, М. Копыленко, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі.

Когнитивтік лингвистика – XX ғасырдың 70-жылдарында АҚШ-та пайда болған бағыт. Мұны психолингвистиканың бір саласына жатқызуға да болады. Өйткені аталмыш

сала адамның когнитивтік ортасы мен ой, қиял, тіл дағдыларының қалыптасуын, дамуын зерттейді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Ресейде когнитивтік лингвистиканы В. А. Маслова /4/, И. А. Стернин, З. Д. Попова /5/ сынды ғалымдар зерттеп бастады. Когнитивті лингвистика соңғы жылдары қатты дамып: концептуалды метафора, когнитивті-дискурсивті теория, когнитивті семантика, тілдік тұлға, бөлімдік тұжырым сынды көптеген салаларға бөлініп кеткен. Когнитивті лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны – адамның жады. Яғни, таным, тілдік сана және гештальт теориясы. «Сезімдік қабылдау – қабылдауды қалыптастыру – сөйлеу-ойлау» сатылық жүйесі психикалық сәулеленудің үш деңгейінің мида қатар көрініс табуы – «когнитивтік дүниетаным» деп аталады. Осы дүниетаным аясындағы ойлау, тілдік бейнелеу, менталдылық, тілдік суреттеу, когниция, концепт, сипаттау т. т. – когнитивті лингвистиканың таным құралы болып табылады.

Когнитивті лингвистиканы қазақ ғалымдарының арасында ең алғаш ғылыми түрде зерттеген - А. Байтұрсынов. Оның «Тіл – құрал» атты еңбегінде жазылған алғысөзі мен тіл туралы айтқан ғылыми ой-тұжырымдары когнитивті лингвистиканың бізге жат болмағанын көрсетеді. /6/ Когнитивті лингвистикаға қатысты зерттеулерді К. Жұбанов, С. Аманжолова, Е. Н. Жанпейісова, Р. Сыздық, А. Ислам, М. М. Копыленко, Э. Д. Сүлейменова, С. С. Құнанбаева сынды ғалымдардың да еңбектерінен оқи аламыз.

Психолингвистика – XIX ғасырда Германияда пайда болған бағыт. Психолингвистика сөйлеу үдерісін, ойдың мазмұнын, сөздің ойға қатысын, тыңдауды мен айтушының қарым-қатынасын зерттейтін психологиялық тіл ғылымы саласы. Яғни, психолингвистика сөйлеу қабілеті қалыптасуының бірқалыпты өтуін зерттейтін ғылым саласы.

Қазақстанда психолингвистика саласы XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап зерттеле бастады. М. М. Мұқанов, А. А. Залевская, М. М. Копыленко, Б. С. Мучник, Н. М. Құрманбаев, М. К. Қайырбаева, Ш. С. Баймешева сынды т. б. психолингвистер необихевиористік және дескрибтік лингвистиканың грамматикалық құрылымдарын, ой, таным, логиканың тілмен психологиялық үйлесімділігін зерттеді.

Нейролингвистика - XIX ғасырдың 2 жартысында пайда болған, жүйке жүйесі мен тіл жүйесін қатар зерттейтін ғылым. Ми зақымдануынан болатын сөйлеудің бұзылуы (афазия диагнозы) орта ғасырлардан бері медицина ғалымдарын толғандырып, тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана терең зерттеле бастады. И. А. Бодуэн де Куртенэ, В. А. Богородицкий, В. Щерба сынды ғалымдар тіл қызметі фонация (дауыстап айту), аудиция (қабылдау), церебрациядан (мида болатын процесс) тұрады деген тұжырымға келген. КСРО-да нейролингвистика саласын алғаш зерттеген Л. С. Выгодский. Нейролингвистика – неврология мен тіл білімі аясында дамып, емдеу орындарында диагностикалық міндеттерді шешу мақсатында пайда болған. Нейролингвистика - психолингвистика, нейропсихология, нейрофизиология, психоакустика, кибернетика сынды т. б. ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан, адамның сөйлеу қызметін комплексті зерттеудің бір саласы.

Ареалды лингвистика — тілдік кеңістіктерді (диалект, аймақтық ерекшеліктер т. т.) зерттейтін ғылым саласы. «Ареалды лингвистика» терминін алғаш рет 1925 жылы ғылымға енгізген Дж. М. Бартоли. Кейін Дж. Видосси де осы саланы терең зерттеп, тілдік бағыттар мен аймақтық құрылымдарын, лингвистикалық географиясын, диалектілік фактілерін ареалдық тұрғыдан анықтайды. Бұл салаға үлес қосқан А. Мейе үндіеуропа диалектологиясының негізін қалады. Біздің елімізде 2015 жылы ареалды лингвистика

негізінде Ж. Түймебаев пен Г. Сағидолланың «Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі» еңбегі жарық көрді. /7/ Еңбекте алтаистика тіл ғылымының пайда болу, қалыптасу және даму тарихы терең зерттеліп, алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің грамматикалық ұқсастықтары мен құрылымдық сәйкестіктері талданады.

Жалпы бұдан өзге де тілдік бағыттар күн санап көбейіп, тіл ғылымының тармақтары кең қанат жайып келеді. Әсіресе компьютерлік терминдер мен ғаламтор тілі, бизнеслингвистика мен әлеуметтік лингвистика бағыттары әрқайсысы жеке-жеке ғылыми сала болып қалыптасып, тіл ғылымында өз орындарын алып жатыр. Ал осы бағыттарды терең зерттеп, әлемдік ғылым тіліне қазақша терминдерді молынан ендірмесек, көп ұзамай біздің тіліміз қарабайыр тілдер қатарында көштен қалып қоюы бек мүмкін.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. - 400 с.
2. Потебня А. А. Из лекций по теории словесности: Басня. Пословица. Поговорка. — Изд. 5-е. — М.: URSS, КРАСАНД, 2012. - 168 с.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - 4 том. Қоғам / Ә. Қайдар. - Алматы : Сардар, 2013. - 608 б.
4. Маслова В.А.. Введение в когнитивную лингвистику. - М., 2012. – 296 с.
5. Попова З.В., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. - АСТ, 2007. – 314 с.
6. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - Т. III: –384 б.
7. Түймебаев Ж., Сағидолда Г. Екінші басылым. - Алматы: Қазығұрт, 2015. - 408 бет. ISBN 978-9965-22-515-4

Тіл мәдениетінің басты көрсеткіші – тіл тазалығы

Ешова Д.
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласы білім бөлімінің Нарғозы Данаев атындағы орта мектебі»
КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сөз мәдениеті, сөйлеу шеберлігі тілдік, сөйлеу қатынастары процесінде маңызды рөл атқарады, сондықтан да ол өз мамандықтарына сай адамдармен жұмыс жасап, олардың қызметтерін ұйымдастыратын және басқаратын, іскерлік келіссөздер жүргізетін, тәрбиелеу, оқыту, емдеу, т. б. түрлі тұрмыстық қызмет көрсететін адамдарға ауадай қажет. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасаттылық өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады. Сөйлеу мәдениеті – ауызша және жазба әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану, грамматика, стилистика ережелерін) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әр түрлі жағдайларында олардың мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес қолдану біліктілігі. Сөз сөйлеу мәдениеті деп біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын, анықтығы мен түсініктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, әр түрлілігін, естілуге жағымдылығы

мен орындылығын айтамыз. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбар ланбауын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды. Көркем шығарманы, сондай-ақ, әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, көркемсөз шеберлері адамдарға өмірдіңөзі көтерген саласын жан-жақты көрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді.

Сөздің тазалығы – оның ішінде артық, керексіз сөздердің, өнегесіз, былапыт сөздердің жоқтығы. Ондай сөздерге сөз арасындағы ойлану, кідірістерде жиі қолданылатын (сонымен, сосын, айтсақ, былайша айтқанда), жалпыға түсініксіз аймақтық сөздер (сым-шалбар дегеннің орнына), қазақ тілінде баламалары бар, шетел, орыс сөздері, жаргондық және былапыт сөздер жатады. Артық айтылған, жиі-жиі қайталанған қажетсіз сөздер тыңдаушылардың жүйкесіне жағымсыз әсер етеді, сондықтан да кейбір тыңдаушылар айтушының сөзінде осындай сөздердің қанша ретқайталанғандығын санап отырады. Мұндай сөздер тілде сөйлеу кезінде шектен тыстолқудан, жұрт алдында ойланып сөйлей алмаудан, өз ойларын тұжырымдауға тиістісөздерді таба алмағандықтан, сайып келгенде, сөйлеушінің жеке сөздік қорыныңкедейлігінен пайда болады.

Сөздің мәнерлілігі – бұл оның тыңдаушылар мен оқушылардың назарын аударып, қызығушылығына тигізетін қасиеттері. Сөйлеуші тыңдаушылардың тек ақыл-ойына ғана емес, сонымен бірге оның сана-сезіміне, қиялына да әсер етуі керек. Сөздіңбейнелілігі мен сезімдік күші оны жақсы қабылдап, түсінуге, есте сақтауға септеседі, жақсы сөзден тыңдаушылар эстетикалық ләззат алады. Сөздің мәнерлілігі ақпараттық (айтылған ақпарат тыңдаушыларға қажет болғанда) және сана-сезімдік (тыңдаушыларды сөздің айтылу, сөйлену шеберлігі қызықтырғанда) болып екіге бөлінеді. Жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адами жағымды қарым-қатынас орнатуға әрі оны ұзақ мерзімге сақтауға мүмкіндік жасайды. Мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетінсөзді өз орнымен, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе ғана, ол теңдессізкүшті құралға айналады [2, 17].

Бүгінгі ұлттық сөйлеу тілі мәдениетінің жоғары формасы ретінде шешендік кең көлемдегі мәдениеттің ажырамас бір бөлігі қалпында қатты сезілуде әрі танылуда. Қазіргі таңда зиялы адамның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни іскер маманның сөйлеумәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі секілді ыңғайсыз болмақ. Біздің адами іскерлік қарым-қатынасымыз сәтімен жүзеге асуы үшін тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын терең біліп қою жеткіліксіз. Дидарласушыңды еліктіре отырып, оған әсер ету үшін, өз бағытыңызға зейінін аудару үшін, өзіңізге ұнамды адамдармен, тіпті өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу үшін, дос-жаран арасындағы әңгімеге қатыса білу үшін, өз сөзіңізді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет. Заманында Аристотель күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтаған. Демек, іскер бизнесмен, мұғалім, заңгер, агроном, әлеуметтік сала қызметкері, саясаткер, менеджер, дін саласын уағыздаушы өз кәсі бінің шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс. Себебі олар адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздықетуге, ресми ретте шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топалдында сөйлеу үшін, не айтатыныңды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Іскер маман сөз сөйлеуге даярланудың алғашқы кезеңінде мақсатына орай «Кімдерге сөйлеймін?», «Оларға не айтамын?», «Оларға бұны не үшін айтамын?» деген сауалдарды ойлануы тиіс.

Егер де мәтінді өзге біреу әзірлесе, ол тек сөздің жансыз сұлбасы ғана. Ендеше, бұнымен сөз сөйлеуші шешеннің көл-көсір әсер туғызуы мүмкін емес. Тыңдаушылар мінбедегі сөйлеушінің дисгормониясын бірден аңғарады. Іскер маманның сөйлеу мәдениетінің заңдылығы, табиғи арнасы ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл шешендік өнерге қатысты ұлы данышпандардың түйіндерінде көрініс тапқан. Заңдылықтың табиғатын таразылап ұсынылар кейбір тұжырымдарға, пайымдауларға кезек берсек, төмендегіше түйіндерді әр кез ескеру артық емес. Жинақтай айтсақ, іскер маманның жоғары дәрежедегі сөйлеу мәдениетінің болуына қойылар талаптар мынадай: тыңдау- шыны қадірлей білу; сөйленген сөздің анық, дәл, айқын естілетін болуы; сөз сөйлеуде бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыру. Тыңдаушыларға көз қырын салып отыру; сөзді әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастамау; сөзіңнің қысқа әрі тұжырымды болуын қадағалау.

Тіл тазалығының сақталуына кедергі келтіріп отырған осындай жаргондар ел болашағы саналатын жастарға кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан мектеп оқушыларының ауызекі сөйлеу тілінде көп кездесіп жататын жаргондарды қол- даныстан ысырғанымыз жөн. Сауатсыз жарнамалар мен тікелей аудармалар туралы көп айтып жатамыз. Алайда ең маңыздысы ауызекі сөйлеу стиліндегі осындай олқылықтарға бей-жай қарауға болмайды. Бүгінгі оқушы – ол ертеңгі ел беделін көтеруге қалтқысыз қызмет ететін азамат. Сондықтан жастардың дұрыс әрі таза сөйлеу мәдениетін қалыптастырған абзал. Байқап отырсақ, кез келген оқу орнының студенті қарым-қатынаста өз сөздеріне жаргондарды пайдаланатынын байқаймыз.

Аялдамада, көшеде, дүкенде қай жерде жүрсек те өздері ғана түсінетін жаргондарды құлағымыз естіп жатады. Мән бермейтініміз рас. Әрине, жаргондарды пайдалану әдеби сөздік қорларының аздығын көрсетеді. Бұл жастардың болашағы не болмақ? Сол үшін жастарға күнделікті сөйлеу мәдениетінде әдеби тілді мейлінше мол пайдалануын қолға алу қажет сияқты. Оқытушы сол әдеби тілдегі сөздердің эмо- ционалдық және логикалық сипатын оқушыға түсіндіріп отыруы керек. Себебі көп жағдайда оқушы әдеби сөздерді орынды пайдалана алмай жатады да, құлағына тез сіңетін жаргондармен алмастыра береді. Мәселен, мектеп мұғалімдері сабақ барысында қазақтың шешендері қалдырған даналық сөздерінен үзінді келтіріп, оқу- шының сөздік қолданысын кеңейтуге ұмтылу қажет. Сонда ғана оқушы жаргондар бұл бай тіл байлығының белгісі емес екенін түсінеді. Ең бірінші, бала тілі үйде қалыптасады.

Содан кейін мектепте және араласатын ортасында. Сондықтан ата-ана да, мұғалім де баланың сөйлеу мәдениетін жіті назарында ұстағаны жөн. Қазақ тіл біліміне еңбегі сіңген белгілі академик Р. Сыздық: «Тіл мәдениеті проблемалары отбасы тәрбиесімен, мектептегі оқу ісімен, жалпы әр алуан оқу-тәрбие орындарының нақты жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Бұдан да биіктеу қарасақ, тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеріске ұшырауына, өзге тілдерімен арақатынасына да тікелей ұштасып жатады» деп орынды атап өткен [3, 68].

Бұл ойды профессор Б. Момынованың: «Тілдің тек қана жазба түрі емес, ауызекі тілдің де жағымсыз құбылыстарға бой алдыруына, жастар тіліндегі жасандылықтың шексіз көбеюіне, тіл мен сөйленістің техникалық сөздермен қойыртпақталуына қарсы әрекеттердің басын ұйыстыруы да – лингвоэкологияның міндеті» дегенімен жалғастыруға болады. Жастардың күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің қалай қалып- тасып келе жатқаны баршамызды алаңдатуы керек. Себебі аралас тілде сөйлеп, дөрекі жаргондарды пайдаланатын жастар болашағы бұлыңғыр. Ал біз олардың елін, жерін сүйетін, ана тілін, дәстүрді құрметтейтін

азамат болып өсуіне ықпал етуіміз керек. Сондықтан бұл мәселе әлеуметтік лингвистиканың маңызды тақырыбы болабермек [4, 117].

Лингвомәдениеттануда сөйлесушілердің сөз әдебі арнайы зерттеледі. Әрбір этникалық мәдени ортада сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы сөйлеу идеалының қалыптасқан үлгісі болатынын да осы сала зерттейді. Бұл идеал оқытушы мен студент, әйелі мен күйеуі, әке мен бала, басшы мен бағынышты, жасы үлкен қадірменді адам мен жастың т. б. арасында, яғни сөйлесудің түрлі сферада өтуіне сәйкес қалыптасқан. Сөйлесу сфералары жартылай ресми, ресми, ресми емес, достық жағдайдағы, т. б. түрде бола береді. Сол сияқты сәби, бала, жасөспірім, оқушы-студент, қызметтік (бастық-бағынышты), ер мен әйел яки гендерлік, маман және маман емес адамдардың түсінісуі кезінде орындалатын бейвербалды амалдар және басқа да әлеуметтік топтар қолданатын бейвербалды амалдар бар. Өйткені, кез келген адам – өмірде, қоғамдабелгілі бір рөлді орындаушы.

Айталық, көлік жүргізушісі, көлікке мінсе – жолаушы; үйде әркім де ата-ана, қызмет орнында маман, қызметкер, саясатта мәртебесі биік – саясаткер, т. б. Осы рөлдеріне қарай әркім сөз саптайды, сөйлейді, түрлі дене қимылдарын жасайды, сөйтіп ым-ишараттардың топтары қалыптасады, оларды орындау дағдысы қалыптанады. Адам мәдениеті өскен сайын адамның қарым-қатынас жасау мәдениеті жоғарылай түседі. Ал адамның бір рөлден екінші рөлге көшуге бейім болуы коммуниканттың әлеуметтік әдебі деп аталады. Ал сөз әдебі осы әлеуметтік әдептің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Ол құрамдас бөлікке, әрине, бейвербалды амал-дар да енеді. Адамның сөз әдебі де, бейвербалды құралдары да, әлеуметтік жіктеліске сай, адамның мәртебесіне лайықты болады [5, 48]. Сөйлеу – жеке өзіңнің қажетің ғана емес.

Қоғамдық сипаты мол қасиет бұл. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық емес. Сөз – қару, сөз –демеу, сөз – бағыт бағдар, сөз – іс-қимыл болған заманда өмір сүру өте күрделі, әрі қиын. Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар.

Сыпайылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты. Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпенбірге қоныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік өреде. Қажет жерінде қайсарлық таныту, сөзді күмілжімей жалындап, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қасиеттер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен қабысса, нұр үстіне нұр. Осындайда халқымыздың «Қолынан да, сөзінен де іс келеді» деген мақтанышқа тола тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да сол. Ал қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алмат., 1989. – 161 б.
2. Аймағамбетова А. Көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениетін жетілдіру. – Алматы, 2017. –128 б.
3. Р. Сыздықова. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. – 210 б.
4. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 210 б.
5. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. – Алматы, 2001. – 194 б.

Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы автордың стильдік ерекшелігі

Маханова С.
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласы білім бөлімінің Нарғозы Данаев атындағы орта мектебі» КММ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

70-80 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгімелер негізінде лироэпикалық стильдің қалыптасқаны қазіргі зерттеулерде әңгіме болып жүр. Бұл әсіресе Ә.Кекілбаевтың тарихи тақырыптағы прозасынан анық көрінеді. «Кекілбаевтың творчестволық жолы қазақ әдебиетшілері өз халқының өткені мен тарихтың көмескі беттерін жапа-тармағай жаза бастаған тұсқа сәйкес келді. Романтикалық ерлік, өнегелерге толы сол бір құпия заманаларға үңіле отырып, өздеріне қажетті материалдар мен шабыт көзін тапқан базбір авторлар қаламынан тіған ондаған романдар мен повестерді қазір сыншыларымыз жанрлық жағынан іріктегенде бірде тарихи-этнографиялық, бірде хроникалық деп атап жүр. Ал, шынында, соның көбісі өткен өмірді құрғақ қызықтайтын арзан экзотика, беллетристикаға айналған этнография дәрежесінен аспай жатты» [1, 6]. Ә.Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті осында – ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол әңіз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек. Демек, сыншыларымыздың оның «тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін» (Ш.Айтматов) ұтырлы қозғап, «әлеуметтік ірі идеяларды өзек ететінін» (Ә.Нұрпейісов); «адам баласының болмасы мен оның іс-әрекетінің себеп-салдарын іздеп, үнемі ой толғайтынын» (А.Руденко-Десняк) атап көрсетуі шындыққа әбден сай келеді [1,6].

Ата-бабадан мирас болып келе жатқан абырой-атақ, ар-намысты қайткенде аяққа таптатпау, дұшпан сөзін бастан асырмау секілді ежелгі ұғымдарды арқаланған батырлар мен дуалы ауыздардың барша өмірі ру намысын жыртудан аспаған заманның кескінін көреміз. Автор қазақ даласы мен түрікмен құмдарының ғажайып суреттерін салыға құнарлы тіл де, ұтырлы детальдарды, да таба біледі, бірақ осынау күн нұрына шомылған зеңгір аспан астын мекендеген екі бауырлас жұрт ол кездерде өзара сыйыса алмай, ұғыса алмай талай тауқыметті бастан кешіріпті. Талай замандар бойы осы далада зорлық-зомбылықтың неше алуан түрі: алып кету, шауып кету, жер дауы, жесір жауы «патшалық» құрған. Жаулықтың тамыр жайып кеткені соншалық, жазықты мен жазықсызды айырып жату мүмкін емес-ті. Жұрт аузында «кек қайтару» деген қатал сөз бар. Осы сөз елдің есін алып, ішін мұздатқан, кеуде де шер-шемен боп қатқан. Тіпті аза-қаза үстінде де еркек атаулы қарына қанжар байлап жүруді әдет еткен. Той-томалақта ән айтып, домбыра шертуді ұмыта бастаған. Түрікмен рубасы Жөнейттің қатал қабағынан жақын да, жаты да қорқады.... Жөнейттің інісі Көкбөрі де қан аңсаған қатігездің өзі, мұның да бар өмірі жортуыл үстінде өткен. Қазақ батыры Дүйімқара да олардан қалыспайды, бұл да тайсақтауды, жалтақтауды білмейтін жанкештінің өзі. Дүйімқара талай мәрте түрікмен ауылдарының үстіне қанды құйындай түйіліп өткен. Екі тайпы ел осылай жаулықта өмір сүріп жатты. Жөнейіт хан болса, өз ісінің дұрыстығына әсте шүбәланып көрген жан емес. Жамандықты балалатып отырып, бұл өз халқының даңқы мен дақпыртын асырдым деп біледі, ата-баба аруағын қорламауды қатты қадағалайды, өзін ел намысы мен әділеттің жоқтаушысы санатына қосады, осының бәріне ол шын көңілімен иланады. Ғасырлар бойы

жасап келе жатқан әдет-ғұрыптан аттап өтіп, адамшылыққа қиғаш көрінетін әрекет құрсауын бұзып шығуға шалдың шамасы жоқ. Жөнейіт даланың қатал заңдарының құлақ кесті құлындай. Қартайғанына бір қынжылса, тайпаласында бас көтерер батырлардың азайып бара жатқанын көріп тағы күйзеледі. Аттың құлағында ойнап, қанжар мен қылышты қапысыз қатар сермейтін үлкен ұлы қыршын кетсе, төңірегіне төбелеспен аты шыққан ортаншысы да бүгінде жат жердің топырағын жастанып жатыр. Ал кенже ұлы Дәулеттің – елдің бәріне сүйкімді көрінетін сері жігіттің бала жастан қолына дутар ұстап, ән-күйге әуес болғанын Жөнейіт мүлдем түсіне алмас еді. Осы ұлының көкірегіне жауға деген өшпенділік отын тұтату үшін Жөнейіт оны Темір бабасының моласының басына түнетуге алап барады.Ұрыс-керіске әуел бастан икемі жоқ талантты бозбала әкесінің айтқанын істеймін деп ақыры мерт болады

Ол өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Ол – адам табиғатының зерттеуші психологі. Мәселен, осы повесте жазушы Жөнейттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қолбасы болғанмен ол да пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейттің өз басын да жұтады. Оның өнер қуған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Сөйтіп, күйшіні жазалау Жөнейттің өз басына сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Көзін жұмса, көретіні – бір түс. Ол – күйшіні тірідей көмгенінің өкініші. Түс жөнінде осы әдісті зерттеуші Г.Пірәлиева: «...Ә.Кекілбаевтай түске терең мән берген, оның мағыналық мәнін, табиғатын, поэтикасын танып, оны бояуы қанық көркем психологиялық көріністермен кестелей білген суреткер сирек»,-деп бағалайды. [2, 7]. Жазушы повестің басынан соңына дейін осы түсті қайталайды. Себебі, ол – негізгі шешуші деталь. Түсінде ол қу бастан қашып келе жатып шошып оянады. Төсектен атып тұрып, қос құлағын қолымен баса есікке қарай қашады. Әлденеге сүрініп, маңдайын есіктің маңдайшасына ұрып алған ол табалдырық үстінде жан тапсырады.

Жазушы кейіпкер психологиясына талдау жасау негізінде философиялық ой түйген. Ол – «кек», «намыс» деп жазықсыз тырнаған батырған жендеттің аруақ түгендейміз деп жүріп, өзінің аруаққа айналғаны, көл-көсір жерге тірісінде сыймай, өзара қырқысқан адамның тағдыры туралы ой. Осының бәрі де бір Жөнейттің басынан табылады. Жазушы адам болмысын ашудағы шеберлігін: «Жөнейт бір күннің ішінде жақ сүйегі салдырап, сылынып шықты. Буын-буынан діріл алып, қолы қалтырайтынды шығарды. Кейде қараптан-қарап отырып, өзімен-өзі күбірлеп сөйлеседі. Ұйқыдан шошып оянғанда да сөйлеп оянатын болып жүр. Қазір ұйықтасам, түсімде күйшінің өлгенін көремін деп түнімен көз ілмей, бақырайып жатады да қоялы», - деген сынды жолдардан көруге болады [3] Бұл – Жөнейтті мазалаған ар-ождан, жан азабы. Ол өзін кек қайтардым деп жұбатқанымен, істеген ісіне оның бүкіл жан дүниесі қарсы. Оның тағдыры, өлімі – соның көрінісі. Автор Аннадүрдің баласы Құрбанның адай күйшінің күйін бір естігеннен қағып алып, сол күйді тартуы арқылы өнердің өміршеңдігін көрсеткен. Күйшіні тірідей көмгенмен, оның өнерін өлтіруге Жөнейттің құдіреті жетпейді. «Күйдің» бас кейіпкері де өнер адамының зұлмат дүниедегі аянышты тағдырын елестете отырып, өнердің мәңгілік екенін, қашанда рухы биік тұратынын паш етеді.

Ә.Кекілбаевтың жазушы ретіндегі ең сүйікті тақырыптарының бірі - әділет пен сүйіспендікке, адамшылық пен қайырымдылыққа қарма-қарсы суреттелетін, көпшілікті өлшеусіз қасірет-қайғыға, алапат ойран-сұмдықтарға бастайтын шегі-шеті жоқ билік пен қарақан басының қамын күйттеген сол билік иесінің ештен кеш болса да, райынан қайту кезеңі, рухани қайыршылық көріністері оның көпшілікке белгілі «Ханша- дария хикаясы» повесінде жан-жақты сыйпатталады. Бұл повесть Шыңғысхан туралы көне аңызға құрылған: өз кеудесінің желіне өзі семірген ұлы әмірші таңғұт елін түп-түгел қырып тастаса да, осы елдің ханшысы Гүрбелжін сұлудың аппақ тәнінен сусындай алмай, ақыр соңында әйел қолынан мертігеді. Автор көне аңызға философиялық мән-мағына қосып, өркөкірік адам руһының қайсарылығын дәріптейді; халықтарды қанға бояған, айналасына қаһар шашқан әміршілердің әлсіздігін, жер бетіне зұлымдықтың ұрығын еккен әрбіреудің Әлінің қылышынан бәрібір қашып құтыла алмайтынын, өзі жазалайтынын айтады [2].

«Аңыздың ақыры» алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланды. «Мені тарихи тақырыпқа итермелейтін оқиға да, ада да емес, бағзыдан бері шешімін тауып болмаған өзекті әлеуметтік проблема» - дей келіп, ол «Дала балладалары» атты шоғырлы повестері мен «Аңыздың ақыры» романында «белгілі бір көзқарастан туындаған тұжырымға» сүйенгенін айтады. Бұл – төрт бөлімнен тұратын роман. Романның негізгі кейіпкерлері бар-жоғы үшеу-ақ. Олар - Әмірші, кіші ханым, шебер. Бұл үшеуінен басқа да Ұлы ханым, күтуші әйел, бас ұста, Ахмет саудагер секілді жанама кейіпкерлер бар. Жазушы жанама кейіпкерлерді де осы үш образды ашу үшін алған.

«Аңыздың ақыры» романында автор тағы да өзінің бұрынғы қалыптасқан байсалды, қазып айтатын баяндау тәсіліне ерік береді, мұнда жалпы сюжет, оқиғаның жотасы анық көрінгенмен, бірінші кезекте адам жанының алуан иірімдері, терең психологиясы, пейіл-мұрат, мінез-құлық, ішкі-драмалық коллизия, сырт көзге онша байқала бермейтін, бірақ іште қайнап жатқан ой-сезім, сөз бен әрекеттіңарбасуы тәптіштеледі. Тарихта болған дерек пен творчестволық қиял, фольклорлық бастау мен реалистік баяндау осы шығармада ерекше жымдасып кетеді де, халықтың әрқилы аңыз-әңгімелерін өзінше қызғылықты түсіндіретін автордың көркемдік философиялық концепциясы барынша толық, барынша айқын танылады. Шыңғыс Айтматовтың осы арада фольклорды игеру жөніндегі ойлары маңызды көрінеді, ол әр түрлі мифологиялық желілерді бүгінгі күн талаптарына лайық пайдаланудың артықшылығын атай отырып: «Талантты қазақ прозаигі Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структуларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап – ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз-әңгімелер мен бүгінгі күннің, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен»,-деген пікірі аса қисынды көрінеді. Ә.Кекілбаевтың повестері жөнінде осы айтылған пікірдің «Аңыздың ақыры» романына да түгелдей қатысы бар. ГДР сыншысы З.Кляйнмихель Ә.Кекілбаевтың тарихи шығармаларының негізін құрайтын аңыз-әңгімелер мазмұнын бірер сөзбен айтып беруге болатынын орынды ескертеді. «Аңыздың ақыры» романының оқиғасы да Самарқан шаһарінің жолбасшылары туристерге күнде айтып беріп жүрген, Темірланның сүйікті тоқалы Бибіханым салдырған атақты ғимараты жөнінідегі хикаяға негізделген секілді [1].

...Ұлы Әмірші алыс жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел қосағы қайтып оралғанша ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны

салушы жас шебер сұлу ханшаға өлердей ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша қиқар шеберге өзінің ең сымбатты күнін сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде Әмірші де жауын жеңіп, атының басын кері бұрған екен дейді. Әмірші астана жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ынғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға Әміршісі бек риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен ыстық таңбаны көріп, қаһар шашады. Ханша «қылмысын» мойындайды, шебер дарға асылады. Бұл аңыздың әр түрлі нұсқалар бар, бірақ бәрінің түйісетін жері осындай. Төрт жылға созылған жорықтан қайтып келе жатқан Әмірші осы ұзақ жолда өз өмірін еске түсіріп талдау жасайды. Осыдан неше жыл ғана бұрын ол қатын-баласын жетектеп осы жерлерде қашып жүріпті. Талай қиыншылықты басынан өткізіп, ұрыс даласында ерлікпен көзге түскен. Оның ұлдары да қол бастап, өзіне көмекші болуға жарап қалған. Әміршінің соғыстағы айлакерлігі мен соғыс тактикасын терең меңгергендігін суреттеу арқылы жазушы оның шебер қолбасшы екендігін де ашады.Жазушы Әміршінің бүгінгі өмірі, ана аманатын орындаудан басталғанын суреттейді. Шешесінің айтуымен Әмірші соңғы кезде Кіші ханымға біржолата көшіп алады. Себебі, анасы тақтан сыз, балаларына, қалың әскеріне де көз өтетіндігін, тұғырдан түсетіндей заман болса, балалы әйелді емес, баласыз әйелді сағалау керектігін ұғындырады: «Балалы әйелдердің алдында баласыздығынан қорғалақтап, өзіңді пана тұтып, өле-өлгенше сыйлап өтеді»,-деп түсіндіреді. Бұл монолог Кіші ханымның бейнесін аша түсуге көмектеседі. Әмірші бейнесін ашуда жазушы монолог, іс-әркеттен басқа да авторлық баяндау, авторлық ұстаным сынды тәсілдерді де пайдаланады.

«Аңыздың ақырында» жазушы тарихи тақырыпты игерудегі жаңа қадамын танытты. Ол Алмас ханның болмысын ашу жолында адам жанына үңіле білді, психологиялық талдауға ден қойды. Бұл ізденістер сол тұстағы қазақ прозасының табысына айналды. Авторлық ұстаным мен кейіпкер ойының, баяндаушы мен қаһарман үнінің кейде қосылып, кейде кезектесіп кететіндігі, «адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан» романның әдебиетімізге тың жаңалықтар алып келгеніне әдебиетшілер баса назар аударды.Жазушы ескі аңызды қайта жаңғыртып, қайта баяндап қоймайды, оған терең философиялық мән-мағына қосады, аңыздың әлеуметтік сыр-сипатын ашады, ешбір заманда өзгеруді білмейтін адамгершілік мәселелерді қозғайды, адам тағдырын қым-қуыт жолдарын көрсетеді. Романның бас кейіпкері – ұлы Әмірші «Күй» повесіндегі Жөнейтпен, «Ханша – Дария хикаясы» повесіндегі Шыңғыспен іштей де, сырттай да біраз үндесіп жатады, бірақ бұл шығармада шексіз билік пен билік құмарлықтың адамшылық философиямен әсте сыйыспайтындығы айқынырақ, тереңірек суреттеледі. Әміршінің атақ – терең абыройға басынан өткерген, күштінің қысымын көрген, тұмсығы тасқа тиген. Бірақ табиғат бұған бала жастан қайсар мінез, зор дарын, асқан өзімшілдік пен бірбеткейлікті сыйлапты. Ол бала жасынан өзінің атағын шығарып, елдің есінде қалуды ойлады. Осы мақсатына жету үшін мына алдамшы дүниеде бірақ жолдың – билік пен мансап жолының бар екеніне ерте көзі жетеді. Көздеген жеріне төтелеп бару үшін Әмірші өзінінің бар күш жігерін амал-айласын аямай жұмсайды. Айналасындағы бағынышты адамдарының іші-сыртын пендешілік осалдықтарын түгел зерттеп білген Әмірші халқына да қырын қарайды, халқын үмітпен үрейдің арасында ұстаса ғана қара тобырды қаһарлы қалың қолға айналдыруға болады деп ойлайды. Басқарудың әр түрлі айла-тәсілін, саясатын сан түрлі шиырларын меңгерген Әмірші қара басының мүддесін қорғау үшін арам, адалы айырып жатпайды, ақырында ол ақылды да

көрген, бірақ қайырымдылық дегенді білмейтін қара жүрек қаныпезерге айналады. Жарты әлемге билігін жүргізген Әмірші енді өзінің әрбір жорығы, әрбір әрекет-қимылы, аузынан шыққан әрбір сөзі аңызға айналып досын қуантса екен, қасының зәресін ұшырса екен деп қиялдайды. Қыруар елді тітіреткен айбынымен, ақылымен, батырлығымен, тірлігінде әлемді аузына қаратса, келешек ұрпақтар оның атын дақпырттап әкетуін қалайды. Ерінің ерлігі құрметіне жас тоқал салдырған, көпке мойныны созған көгілдір мұнара мұның атағын келер нәсілдерге айғақтап жеткізеді деп сенген рас, ал кезінде халықтардың басында әңгір таяғын ойнатқан, талай алтын тақтардың талқанын шығарып талабы асқан өзінің туа біткен турашылдығы, даралығы, даналығы, жөнінде төңірегіне нелер ертегілерді таратып жіберткен. Айдарынан жел ескен айбарлы Әмірші туралы осы ертегілердің мәңгі жасайтындығына да оның көңілі әбден сенулі еді.

Әйткенмен, махаббат мұнарасы туралы аңыз осы ертегілердің бәрінің белінен бірақ-сызып, бір адамның атағын асыру үшін құрбан болған бейшалардың тағдыр-тарихын біздің заманымызға дейін жеткізді.Автор бас кейіпкеріне басы жоқ, аяғы жоқ қара бояуды баттастырып жаға бермейді, оның іс-әрекеттерін төтелеп даттай да бермейді, автор адамшылық қасиетті, адамның жеке басын аяққа таптайтын зорлық бен зұлымдықтың, билік құмарлықтың шірік философиясын әшкерелеуге назар аударды. Қаншалық қаһарлы, қайратты болғанмен, Әміршінің өзі де, шынтуайтқа келгенде көрсоқыр, қатыгез догманың тесік құлақ құлы, ол өз ниетіне өзі кіріптар болған біреу. Ол өзгелерді қайғы қасіретке ұшыратумен бірге өзі де шектеусіз биліктің құрбаны болады. Әміршінің күйреуі – романның соңында заңды құбылыстай әсер етеді. Өйткені ол өзінің бойындағы барша қайрат – жігерін, ақыл-парасатын әуре сарсанға толы тынымсыз өмірін түгелдей өзімшілдікпен өркөкіректікке, өзгеден артық туысын дәлелдеуге жұмсайды. Автор осы күйреудің философиялық, әлеуметтік, адамшылық негіздерін жан-жақты, нанымды суреттейді.

Өзге замандас жазушылары секілді, Әбіш Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағлымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге құмар, ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді, бірақ арзанқол экзотика жетегінде кетпейді, сол детальдардың әлеуметтік, философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Кекілбаев Ә. Шыңырау. - Алматы, 1982
2. Кекілбаев Ә. Талайлы Тараз. - Алматы, 2002
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. - 9 том. - Алматы, 2005

Көркем мәтіндегі хаттың қызметі

Даирбекова А.
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«Ана тілінің абыз анасы» атанған, тіл білімінің бірнеше саласында сүбелі еңбек қалдырған Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова қазақ көркем мәтіндеріне лингвистикалық талдау жасағаны, яғни халқымыздың рухани-мәдени кеңістігінде оқырмандардың бірнеше буынына жақсы таныс қаламгерлердің туындыларының вербалды қабатындағы

ерекшеліктерді саралап көрсеткені белгілі. Көркем мәтін - жазба сөйлеу өнімі, белгілі бір лингвомәдениеттің бірлігі. Оның вербалды қабаты өте күрделі, көп қырлы, көп қабатты ақпарды қамтиды, сондықтан автор оқырманға өзі сипаттап, баяндап отырған құбылысты дәл, нақты, шындыққа сәйкес (ұқсас), объективті, әсерлі жеткізу үшін сан алуан тілдік (сөйлеу) құралдарын пайдаланады.

Кез келген көркем мәтін жарыққа шыққаннан бастап, оқырмандар тарапынан қабылдануы түрліше болады, себебі бұған оқырмандардың танымдық базасы, кеңістігі, өмір сүрген немесе сүретін ортасы, қоғамдағы әлеуметтік жағдай, жасы сияқты экстралингвистикалық факторлар әсер етеді. Ал бұның өзі тек бір ғана мәтінді оқырмандардың әр буыны өзінше интерпретациялауға себеп болады, яғни бұл «көркем мәтін - аяқталған күрделі ойды білдіретін, бір-бірімен өзара тығыз байланысты лингвистикалық және вертикал контекст негізінде туындайтын, полисемантикалы, біртұтас коммуникативтік-прагматикалық ашық жүйе» [1, 20-б] деген сөз. Оқырмандардың бірнеше буынына жақсы таныс, соған қарамастан түрліше интерпретацияланып жүрген көркем мәтіннің бірі - Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы.

Романның вербалды қабатында тілдік құралдардың сан алуаны кездеседі: эмоционалды-экспрессивті лексика, тұрақты тіркестер, көркемдегіш құралдар, түрлі келтірінді құрылымдар (мақал-мәтелдер мен контексінен ажыраған дәйексөздер, халық өлеңінен үзінді, миф және халық эпосының сюжеті мен кейіпкерлері, авторы белгілі, белгісіз өлеңдер, күнделік, хаттар). Аталған келтірінді құрылымдар авторға сөйлеу субъектісін өзгерту арқылы жалпы кейіпкерлерді сипаттап, мінездеуге мүмкіндік жасап, мәтін семантикасын ашуға қызмет етеді, яғни мәтінаралық байланыстар ретінде қарастырыла алады.

Жалпы, интертекстуалдылық деп белгілі бір мәтін құрылымындағы басқа бір мәтіннің үзігі немесе бірнеше мәтінге ортақ қандай да бір фрагментті атайды, яғни бұл «включение в текст либо целых других текстов с иным субъектом речи, либо их фрагментов в виде маркированных или немаркированных, преобразованных или неизменных цитат, аллюзий и реминисценций» [2, 27-б] деп түсініледі және мұндай құбылыстар мәтіннің күрделі ұйымдасқан қабатында сөзбен немесе оның ассоциативті байланысы арқылы, яғни объективті түрде көрінеді. Интертекстерді зерттеушілер түрлі типтерге бөледі. Мәтінаралық байланысты көрсететін элементтің бірі - хаттар.

Жазушы Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» шығармасындағы хаттар ішкі интертекстуалдылықты көрсетеді, яғни эпистолярлық стиль туындысы автордың өз қаламынан туған. «Әр стильдің лингвистикалық тұрғыда алғанда, сондай-ақ экстралингвистикалық тұрғыдан алғанда да, өзіне ғана тән белгілері болатыны анық» [3, 39-б], олар сол стиль мәтіндерінің құрылымынан, лексика-фразеологиялық қабатынан байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, «Махаббат қызық мол жылдар» романындағы эпистолярлық стильдің қолданылуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Эпистолография (грекше – жолдау) – «хат» немесе «жолдау» түрлері қолданылатын шығармалардың тектері мен түрлері болып табылады. Олар тұрмыстық хат алмасулар негізінде дамыды, хаттар айналымын әңгіме түрінде баяндалатын нысанға айналдырып, «хатты» шығармашылық шарттылықтардың негізгі заңдарына бағындырды [4, 11-б]. Эпистолярлық мәтіндердің қазақ стилистикасында және әдебиетінде өзіндік орны бар. Хат – жазба мәтіндердің көне түрлерінің бірі. Ол адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттілігіне байланысты пайда болды.

Қазақ тіл білімінде Г. Әбікенова «Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты» атты монографиясында: «Эпистолярлық деп хат белгілеріне тән және оның бейнелеуі үшін шынайы эпистолярлық коммуникация қызметіне және құрылымдарына ие әртүрлі мәтіндерді айтамыз» деп көрсетеді [4, 10-б]. Эпистолярлық стильдің басқа стильдерден айырмашылықтары да, ерекшеліктері де бар. Хатта кейіпкерлердің бір-бірлеріне, өздері әңгімелеп отырған оқиға, заттарға деген жеке көзқарастарын анық көреміз. Сонымен, қарым-қатынас құралы ретінде хаттардың да тілдік өзіне тән жазылу ерекшеліктері мен әдістері бар.

Кейіпкерлердің бір-біріне жазған хаттары оларды мінездеуге, мәтін семантикасын ашуға, толықтыруға мүмкіндік береді. Романда берілген хаттардан қыз бен жігіт арасындағы махаббат, сезім, сүйіспеншілікті, өмір мен өлім арасындағы күресті танылып, ол хаттар автор баяндауын толықтырып тұрғаны байқалады.

«Махаббат, қызық мол жылдар» романы – оқырман қауымды өзіне бірден тартып алатын шығарма. Шығармадағы хаттар арқылы кейіпкерлердің ішкі дүниесін, сезімдерін, эмоциясын біле аламыз. Шығарма соғыстан кейін Ерболдың оқуға түсіп Алматыдағы Қазақ университетінің студенті боп қабылданғанынан басталады. Романдағы хаттар шығарманың сюжетіне қарай байланысып, шығарманың мазмұнымен өзара сабақтасып жатады. Мысалы, Сәлиманың хат жолдары: «Сүйіктім Ербол! Менің бар жайым осы. Ендігі хабарды өзіңнен күтемін. Шешімін де, кесімін де өзің айт. Содан, ең жоқ дегенде бір жігіт – менің ақылды досым, бар жағдайды байыппен ойлап, пайымдай білетін Ерболым олай етпесін. Ол пайдасыз ашу мен ызадан биік болсын [5, 85-б]

Сюжетті жалғастыруға ықпал ете отырып, кейіпкердің өзін өзі түсінуі мен психоанализін күшейтеді, оның терең сезімдері мен тәжірибесін жеткізуге көмектеседі. Автор шығармада Тәкен мен Ербол, Сәлиманың анасы Бүбіш пен Ербол, Айтқали мен Зада, Заман мен Ербол, Тұмажан мен Меңтай арасында жазылған хаттар арқылы кейіпкерлердің психологиясын ашып отырады. Демек, көркем шығармадағы эпистолярлық мәтін арқылы кейіпкерлердің қандай адам екендігін танып, білуге болатынына көз жеткіземіз.

Шығарма Тәкеннің соғыс аяқталғаннан кейін Алматыға оқуға түскен, басты кейіпкер, майдандас досы Ерболға жазған алғашқы хатынан басталады. Тәкен осы хатында соғыс кезінде бойға сіңіп қалған әскери тәртіп пен ережелерден арыла алмай жүрген сәттерін, өзінің бойына сіңісіп қалған дағдыларын досына баяндап береді. Осы хат арқылы жазушы Тәкеннің қандай адам болғандығын оқырманға тап басып, суреттеп көрсеткен. Мысалы: «Ербол, аманбысың? Оқуға түскеніңе қуанып жатырмын. Сенің түсетініңді білгенмін. Мен де аманмын. Өзім келген күннің ертеңінде-ақ бір асауға бұғалықты тастап келіп жібергенмін. Бірақ әлі құлағына қолым тиген жоқ. Ноқтаны ыңғайлап ұстап, жалын сипалап, жақындап келемін. Әлдеқашан-ақ тұқыртып алатын едім, өзімнен болды. Өйткені келген күні мен оның шешесін өлтіріп ала жаздаппын. Әңгіме былай. » [5, 37-б] - деп басталатын хатта, «Ауылдың үлкен-кішісі біздің үйге, маған сәлемдесуге келіп жатты. Мен де оларға әскери тәртіппен ізет көрсеттім. Келгендер не қолымды алмақ болып, не бетімнен сүюге ыңғайланып, төрде отырған маған қарай ұмтылады. Мен орнымнан атып тұрамын да, оң қолымды сарт еткізіп шекеме көтеріп:

– Здравия желаю, страший сержант Майшанов, – деп қатты айқайлап, қаққан қазықтай боп, бажырая қаламын. Міне, осыған соғыс көрмеген сужүрек екі-үш жаман кемпір шалқаларынан түсе жаздап, талып қалған болатын. Ол талған кемпір жақсы көрген қыздың шешесі екендігін баяндай келе, хатта – «Мен ондай диуанаға қызымды

бермеймін», -деп айтады дейді сол кемпір. Диуана деп отырғаны – мен. Тапқан екен диуананы!

Біздің жағдай осы. Бірақ кемпірдің қарсылығына қарамастан, атаканы күшейтіп жатырмын. Сен өзі сыпайысың ғой. Дегенмен осындайдан сақ бол. Әскердің заңы ауылға жарамайтынын байқап қалдым. Жақсы көрген біреуің болса, маған ұқсап, үркітіп алып жүрме. Ал мен болдым.

Қанды көйлек досың Тәкен [5, 38-б] -деп, хатын аяқтайды.

Тәртіп – тәрбие құралы. Дегенмен мұндай әскери тәртіптің тек әскерге ғана жарасатындығын автор езуге күлкі үйіре отырып, орынсыз сөздің жүйесіз келетіндігін оқырманға оңай аңғартады.

Соғыс кезінде, алыстағы майдан даласының туған жермен, ауыл-аймақпен хабар алмасуында осы хаттар байланыс әдісі болып табылады.

Адамның ақ қағаз бетіне өзінің ішкі ойын, сезімін, сырларын, уайымдарын баяндайтыны белгілі.

«Махаббат қызық мол жылдар» шығармасындағы оқырманды бірден баурап алатын ең басты, қызықты, әсерлі тұсы қыз бен жігіт, яғни Ербол мен Салиманың, Айтқали мен Заданың, Меңтайдың Ерболға жазған хаттары кез келген оқырманды қызықтыратыны анық. Меңтайдың Ерболға деген ынтызарлық сезіммен жазылған ғашықтар хаттары.

Хаттар диалог немесе монолог түрінде жазылатыны белгілі.

Ербол соғысқа кетерде уәде байласқан қызы Сәлимадан алған хатында: «Жаным Ербол! Мен сені шексіз сүйетінімді білесің деп бастап, КазГу-де студент болып жүрген Сәлима жазғы каникул кезінде ауылға барғанын баяндап: «Ауылға мен барған күннің ертеңінде біздікіне сол кісі келді. Маған амандасты. Сабағымның жайын, оқуды қашан бітіретінімді сұрап, біраз отырып, кетіп қалды. Басқа ештеңе деген жоқ. Бірақ кешке шешем маған: – Сен сол Бүркітбайға тұрмысқа шығасың, егер мені шешем дейтін болсаң, сөйтесің! – деп қиғылықты салды.

– Ол менің әкемдей кісі ғой, қалай шығамын?- дедім мен. Түгі де жоқ, ерлі-байлы болған соң оның үлкендігі де ұмытылып кетеді», -деді шешем. Мен көнбедім. Мен сені айттым. Ербол, Ербол дейсің. Ол тірі келе ме, өлі бола ма?

– Ендеше Бүркітбай сол Қатипаны алсын, - дедім мен.

– Бүркітбай оны ұнатпайды, - деді шешем.

Жұртқа таба боп мен қаламын, елге күлкі боп сен жүресің.

– Неге табалайды жұрт?- деймін мен.

– Неге табаламайды, - дейді шешем.

–Бүркітбайдың көңілі сенде екенін бүкіл осы ауыл түгел біледі [5, 81-б]

Осы диалогтарда екі адамның сөйлесіп тұрғанын көреміз. Жазушы диалогты кейіпкердің хаты арқылы сөйлетіп тұр. Жазушының шығармашылық шеберлігі эпистолярлық стильді кәсіби түрде бергендігінде.

Романдағы Сәлиманың хаттары терең мазмұнды, ұзақ өлеңмен пара-пар. Себебі, хатта қыздың ішкі сезімін, махаббатын, шарасыздығын көреміз.

«Басыңды көкірегіме басып, қысып, бетіңнен сүйдім сені. Окобыңда, аязда тоңып отырған жеріңде ыстық ерніммен аймалап, айқара құшақтадым, жаным. Сенің Сәлимаң. 1944 жыл, 20 ақпан, Алматы, КазГу» [5, 86-б] - деп аяқтайды.

Сәлима жазған хатқа Ерболдың жауабын автор қысқаша түрде береді.

«Мен сені шексіз сүйетінімді өзің білесің. Сүйгендігім үшін өз жүрегімді өзім тұншықтырып, құрбан етуді ұйғардым. Сен мені күтпе, қалаған адамыңа тұрмысқа шық. Өлсем – есіңде сақта. Бір балаңа менің атымды қой, мен соған ризамын. Қош. Ербол. 1944 жыл, 15 сәуір. Майдандағы армия» [5, 89-б]. Бұл жағдайда хаттарда кейіпкердің мінезін, оның психологиялық ерекшеліктерін ашуда басты роль атқарады. Ерболдың «тос, мені тос» деу айтуға ғана оңай екендігін, қыз баласының тағдырын ойлауы, өзімшілікке салынбаған мәрт жігіттің мінезін көрсетеді.

Эпистолярлық мәтіндердің тағы бір ерекшелігі – басқа стильдердің де ерекшеліктерін қамтуы. Жазушы хат арқылы көрсеткен кейіпкердің бірі, соғыста ерлікпен қаза тапқан жауынгер Айтқали Құсайыновтың сүйіктісі Задаға жазған хаты. Соғыстың қатал дәстүрі бойынша, өлген солдаттың денесі – бойынан қару-жарағы, қойнынан құжаты алынып, жаңа қазылған жас қабір басында қарулас серіктестерінің ақырғы құрметі көрсетіліп – туған жердің топырағына беріледі. Өлген жауынгердің қойнынан алынған құжат – комсомол билеті мен қызыл әскер книжкасының арасынан жөнелтілмей қалған үшбұрыш хат шықты дейді автор [5, 114-б].

Мысалы, «Қалқам Зада! деп басталатын хатта, Қазір түн. Мен жертөледе кезекшімін [5, 115-б]» немесе «Оқасы жоқ, Зада, сол Қарауылдың қалың сеңінің қамауынан құтылып, өзеннен аман өткен Абайдай болып, бір күні жауды жеңіп жетермін мен де саған құстай ұшып. Қуана күліп, алдыңда тұрармын қанатыңды кең жайып. Сонда біздің соғыс ажыратқан құшағымыз қайта айқасады. Мәңгілік болып айқасады. Қош, сәулем, Задашым- Тоғжаным менің. Ақ бетіңнен аймалай сүйіп, сенің, тек қана сенің Айтқалиың. 8 қаңтар, 1943 ж. Дала почтасы 1745, 125-бөлім» [5, 116-б]

Кейіпкерлер ауызекі сөздерді, қысқартуларды, аяқталмаған сөйлемдерді қолдана отырып, өздерінің эмоцияларын жеткізе алады және неғұрлым жарқын және шынайы әсер қалдырады. Бір стильдің екіншісімен тоғысуы әр адамның өзінше хат жазатынымен түсіндіріледі, ешқандай шектеулер мен ережелер жоқ. Меңтайға жазған ағасының хатында «Бауырым Меңтай! Тұмажан – менің досым. Елге тірі барса, осының етегінен ұста, сенің басыңды қор қылмайды. Бұл мені саған өлер алдында айтқан өсиетім, бауырым. Орында, қалқам. Ағаң Ерболсынов» [5, 317-б]. Немесе «Ербол! Сен бізге аса қажетсің. Тез келіп, маған жолық. Б. Уазитов» [5, 391-б] сияқты хаттарда қайшылықты қарым-қатынастарды немесе кейіпкерлердің эмоционалды күйзелістерін көрсететін өрескел хабарламалар болуы да мүмкін екенін Меңтайдың ағасының хатынан және Ерболды редакцияға шақырған Уазитов хаттарынан көреміз.

Хатты қарапайым адам жазса, ол қарапайым сөздерді, ауыз екі сөйлеу тілінде, мәнерлі де сөйлеуді қолданады. Мысалы, Сәлиманың хатында:

– Неге өйттіңіз? – деп сұрадым Ағайшадан. – Күйеуімнен соғыс басталғалы хат жоқ. Мен сонсоң шықтым десе, Сәлиманың анасы Бүбіштің Ерболға жазған «Қымбатты Ербол балам! Дүние тыныштық болса, сені шын балам болар деп ойлаушы едім. Сәлимам сені сарғайып көп күтті. Оның енді отыруының орны жоқ. Ерге шығуы керек. Шырағым, мен шешемін ғой» [5, 391-б] жолдарынан көреміз.

Хатты жазушы немесе ақын жазған болса, көркемдік стиль ерекшеліктерін пайдалана отырып, әдеби тілге сүйене отырып жазылатыны байқалады. Романда махаббаттың, ғашықтықтың, құлай сүюді ауруханада жазған Меңтайдың Ерболға хаттарынан көруге болады.

«Ерболым менің!

Мен тағы да қорқынышты ойлар ойладым. Адамдар бірін-бірі сүйеді. Содан соң бірі өліп, саудыраған сүйек болып жер астында қалады. » [5, 402-б].

«Айналайын, көкетайым! деп басталатын хаттар жолында ізгілікке, ақылға толы жолдарды көреміз, мысалы: «Сен менен не үйрендің? Ештеңе үйренген жоқ шығарсың деп ойлаймын. Ал мен сенен көп нәрсе үйрендім ғой, күнім. Кісіні алдамауды, адамды арына қарап құрметтеуді, өз ойыңды күмілжімей ашық айтуды, қайырымдылықты, басқаларға болысқыштықты, біреудің ішіндегі жан ауыруын білдірмей біліп ала қоюды – осының бәрін сенен үйрендім, Ербол. Нағыз өмірді сен үйреттің маған! Сен менің мәңгілік ұстазым!» [5, 404-б]. Бұл хатта Меңтайдың ішкі толғанысы берілген.

«Қалқам», «Сүйіктім», «Қымбаттым», «Бауырым» кішірейткіш есімдер мен сын есімдер жазушының адресатқа деген ерекше көзқарасын білдіреді.

Л. Дүйсембекова еңбегінде хаттың төмендегідей сипаттары анықталған: тақырыбы, датасы, адресаттың аты-жөні, кіріспе сөз, хаттың мазмұны, негізгі мәтін, хат соңындағы сыпайыгершілік лексемалардың сақталуы т. б [6, 125-б]. Романда хаттарда да осындай сипатқа ие, яғни адресат аты-жөнінен басталып, күні (дата) жылымен аяқталады. Эпистолярлық стиль оқырманға басты кейіпкердің ішкі жан дүниесін тереңірек танып, оның мотиві мен іс-әрекетін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романындағы эпистолярлық құрылымдардың ерекшеліктерін зерттеу шығарманың жаңа да қызықты қырларын таныта алады. Бұл кейіпкерлердің сезімінің тереңдігін, оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын зерттеуге және хаттар арқылы сюжеттің дамуын қадағалауға мүмкіндік береді. Шығармада хаттың қолданылуы кейіпкердің ішкі дүниесін бүкпесіз ашатынын көреміз.

Көркем әдебиеттегі хаттар көркем образдарды қалыптастыру құралы қызметін атқаратыны, олардың оқырманға эмоционалды түрде әсер ететіні байқалады. Сондықтан эпистолярлық стильді көркем шығармада қолдану – жазушы үшін кейіпкердің ішкі сезім сарайын ашуда, оның барлық ішкі толқынысын, тебіренісін ақтарып салып, сол арқылы оқырман көңілінен орын табуда таптырмас тәсіл болып табылады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Адилова А. С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. - Алматы: ССК, 2017. - 128 б.
2. Арнольд И. В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность: Сборник статей / Науч. редактор П. Е. Бухаркин. - СПб.: Изд-во С. -Петерб. ун-та, 1999. - 444 с.
3. Серғалиев М. Стилистика негіздері. -Астана, 2006. -271 б.
4. Әбікенова Г. Т. Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты. Монография. - Семей: 2008. -158 б.
5. Нұршайықов Ә. Махаббат қызық мол жылдар. - Қарағанды: Qasym баспа үйі, 2023. - 414 б.
6. Дүйсембекова Л. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. - Алматы, 2000. - 205 б.

SH. Murtaza's publicity and sayings are about independence

Omiralieva G.
English teacher, expert-teacher of Kazakh classical gymnasium
No. 45 named after B. Momyshuly,

Sherkhan Murtaza is one of the man who is alive, who respects his nation and he is the leader of human beings. Sh. Murtaza's creative works it is a new way to Kazakh society, in the cultural society, in theminds galaxy, in all Turkic society. Why we say like these, because writer has risen main problems of society, it is nowadays themes. Different society's dilemmas and his accuracy and fluency in his style of writings, it is as a model for young writers and it is a creative school for them. Sh. Murtaza – not only a journalist, an essayist, a playwright, he worked also in the genre of publicity. He didn't think about himself, he didn't want any career as a public figure because he wanted to be only as a journalist, but of course he worked as public figure but always he thought about people's condition, not lie every time to tell only the truth, not everybody liked him and certainly he had many problems. From the beginning of 60- years national interest years began from years to the matter of inner world actively mixed up, work of Sh. Murtaza that aimed, spacious by a channel theme, by connection, deeply by maintenance, national character of power isolated. Talk virtuoso limning of essay Sh. Murtraza - that we didn't make a mistake. And it is one of the reason special of owner talent of the writer. Because essay-is a feature of difficulty abundant genre. On to write Essay the last names move there and here are not enough. Essay real hunt core is dedicated to the question; touch to the reader an idea put, ardently to give near her. When this stand took, saying, till Sh. Murtaza was afraid on true essays, bravely offers move there and here.

«Poets and mayors» talks named book first division writer special honors of poets and word jeweler it unknown secret a word life and work nature does, alent secret distributes, discusses hardens, humanism nature, simplicity and sign of God owner one time and talent spacious move there and here string, talk is broken a secret. Incautiously will not be furniture of Kazakh that was collected by a book not, unbecoming compressed sheep dung notbe it is not Kazakh, and general conversation of Abay with the judicious man. And ray of house, at that stood in honored a place book of Abay is more abundant. Abay's book special ray splashes stands - talks considers with Abay's father of a Kazakh, mother - freedom to move about talks understands, careful - Kazakh eats earth that it gives birth, eats earth and it holds to stand leading the light. Carefully today is from before more necessary appearance. Its - Kazakh and tomorrow, and the next day needed. As air, driving, envying, as a star, as the river, as a lake necessary Abay» [1, 14p.], - talk pound, «ray of Abay».

Periodic press – is a society mirror not only, and also height of talents, writes ability gets a writer, to love writing, and height of work source progressing goes down to help abundant opened, mastering as a school like. When it looked at experience, devoted newspaper public of literature shows itself literature society close of student to public. Breathing-breathing, by a requirement-profit, that it will not be jerked by every time, as living continuous video, on living melody hints well. Life and literature, daily relation of wasp people and writer continuously grow.

Newspaper community of literature novel, drama, poems or conversation, essay, though compositions in individual type of songs gave an opportunity to bear, creative life is slow, inexpressive» [2, 79p.], - talks epoch writer M. Auezov between other Sh. Murtaza standard

holds, writer line flows to hold row writer literature lifeline and work with the emotional state conducts, discusses, artistically personality makes. Spiritual to life Sh. Murtaza went out ally in time concord of fifteen republics look to the countries to the journeys, widow, there was close that in a communication. And of her spectacles were to compositions of publicist writer of a plot. Will Try, glorified dramatist Tuphan Minnulin, linguist-scientist Abrar Karimullin, Kyrgyz writer of son clicks a finger secret special courtesy, hot desire about Sh. Aimatov. And also, it is about G. Mussirepov B. Mailin, G. Mustaphin, K. Mukhamedzhanov, A. Tazhibaev, A. Nurpeisov, A. Sarsenbaev, S. Dauituly, A. Kekilbaev, D. Issabekov, U. Essdauletov, M. Baygut, O. Bokey, etc., civil person and work the articles straightened. In the article everybody named word jeweler composition ideal-creative power, spiritual importance of the national spirit education gives the role, country spiritual development of momentous activity in detail anger large possibility.

True composition –is a child. When move there and attained here, gives birth. Social and political journalism is a direction except. If artistic literature – is heavy artillery, social and political journalism is cavalry. And of him labor knows momentous» – Sh. Murtaza, that talks, very talk it is necessary social and political journalism to the people. Social and political journalism's momentous duty – is a breathing-life of society, it is the state of political-economical in detail delivering spiritual life to the people, and an idea conducted discussion, discussing gives. When this stand came, self intends book second division to personality of citizens; Sh. Murtaza ate that caring of country. What stands from five books on work, wrote «Red novel of arrow», on settled son of nation time worship T. Rysskulov.

«Journalist – must be universal» it is very important and necessary words for every journalist and journalists must understand it deeply. Sh. Murtaza was an editor and he wrote essays, articles every time. Of course he understood that the newspaper is a very main political idea.

Sh. Murtaza's nation knew near, till figure of society, true could be seen on only time of patriot, is educator of generation. Kazakh people's veteran personality and authority figure, modest representative citizenship nature and personality of quality an idea slender and conducts sits, straightens dyed conversation national consciousness-sense searching runs around and main ideas to the reader specially to leave the impression. Sh Murtaza – after taking independence he worked in different works, had influence to economical – political, cultural, society fields. Also, he wrote his masterpieces and thoughts.

Sh. Murtaza – not only well–known writer but also publicist–he added a lot of works into this genre of literature. Sh. Murtaza gave only simple opinions about his book, it shows that he is very simple man. According to the book, every essay, article had main and deep problems and thoughts. The book's third chapter called «Nation, I say to you, Leader, you listen to it! «. In this chapter writer gave his correspondence with Kamal Smaylov. Developing country's nowadays and future in these letters had risen different problems of the country and all these correspondences were for the readers, that they could know all truth about nation's patriotic feelings. Sh. Murtaza is one of the man who works and loves literature, he tried to develop and keep nation's traditions and values. «Human's leader – thought, follower – talent, thinker – mind, friend – profession, holder – patient, keeper – character, critic - nation» likethese words said Sakkuluk bi, and it is according to Sh. Murtaza. Everybody knows Sh. Murtaza in Kazakhstan. Every time he talked only truth, that's why every person in Kazakhstan respects him. Through his works he tries to change and influence human's mind.

For his honour and for national truth a lot of writers gave him their grateful. They wrote their opinions about him as a writer and a journalist. Contemporary D. Issabekov wrote: «Sh. Murtaza – is one the stars of Kazakh literature. We must respect him not only for his creative writings but also for his spiritual citizen andnationalism» [3, 3p.], B. Nurzhekeev wrote: «Shaken – was born in the period of hunger and war, may be, that's why his works are full of impression from those periods, A. Duysenbek wrote novel - essay «Parade of Sherafa». In general Sh. Murtaza's creative activity is Kazakh people's man T. Rysskulov, the book is written for him «Red arrow», year after year his works are investigating, and will be investigated. But we have investigated writer' s social political views, and how he became Sheraga. Our aim is to investigate his creative activity such as a political figure, and his points of view about nation, motherland and language problems. According to his works, we have tried to define his role in the Literature, because in everyhis works he tried to touch this problem. In this year he will be eighty, not to depend his age, he tried to tell the generation, that we must respect our language and nation. According to his age he writes about our country's problems and he includes his opinions about future of the Kazakh people. To conclude it, Sh. Murtaza tries to work and includes his influence to the Independence of Kazkhstan, his writings are full of spiritual feelings. To investigate and to learn his creative activities are our duty.

List of literature:

1. Murtaza Sh. Poeta and Mayors. – Astana, 2002. – 415p.
2. Auezov M. Answer to the questionnaire. // Zhuldyz. –1991. – №10. –15–17pp.
3. Independent kazakhstan. – 1997, 10-june.
4. Duyssenbek A. Parade of Sherage. – Almaty, 2007. - 186p.

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктер: әдеби тіл нормаларын қалыптастырудағы теориялық және практикалық маңызы

Саткенова Ж.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Өтегенова Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

Қазақ тілінің әдеби нормаларының қалыптасу үдерісі көптеген факторларға тәуелді, олардың ішінде тілдің тарихи дамуы, сонымен қатар тілдік құрылымдардың ұйымдасуы маңызды орын алады. Әдеби тілдің қалыптасуындағы негізгі элементтердің бірі — жиілік сөздіктер. «Қазақ тілінің жиілік сөздіктері», ең алдымен, жиі қолданыстағы сөздік қорымыздың шекарасын анықтау болып табылады. Жиілік сөздіктерді құрастыру ісі, басқа да лексикографиялық еңбектер сияқты, әр кезеңде де әртүрлі теориялық және қолданбалы бағыттардағы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін маңызы зор. Бұл сөздіктердің маңызы тек лексикалық қорды көрсетумен ғана шектелмейді, сонымен қатар тілдің грамматикалық, стилистикалық құрылымдарының қалыптасуында да шешуші рөл атқарады. Бұл мақалада Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктердің әдеби тіл нормаларын қалыптастырудағы теориялық және практикалық маңызын қарастыра отырып, академик Рәбиға Сыздықтың қазақ тіліндегі жиілік сөздіктерге қатысты айтылған пікірі мен олардың тілдік нормалардың қалыптасуына әсерін көреміз. Сонымен қатар, жиілік сөздіктердің қазақ тіліндегі әдеби нормалардың дамуындағы рөлін және олардың қазіргі тіл біліміндегі орнына тоқталамыз.

Жиілік сөздіктердің теориялық негіздерін қарастыратын болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей жиілік сөздік — бұл сөздер мен олардың формаларын жиі қолданылу ретімен орналасқан сөздік. Ол тек белгілі бір тілдегі лексиканың көрсеткіші емес, сонымен қатар тілдің грамматикалық құрылымдарын да анықтайды. Жиілік сөздіктердің негізі — тілдің практикалық қолданылуынан алынған статистикалық деректерге сүйену. Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктерді құру барысында тілдің ерекшеліктері, дәстүрлі қолданыс, ұлттық сипат және әлеуметтік контекст ескеріледі. Жиілік сөздіктердің теориялық негіздері мен құрылымы қазіргі тіл білімі үшін маңызды. Олар лексикалық бірліктердің жиі қолданылуына байланысты тілдік өзгерістерді, олардың қалыптасуын және нормалануын бақылайды. Сонымен қатар, тілдік зерттеулердің жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді. Мәселен, тілдегі жаңалықтар мен жаңа сөздердің пайда болуы, ескі сөздердің жоғалуы жиілік сөздіктердің көмегімен бақылауға алынады. Ана тіліміздің немесе басқа да туыстас (не туыстас емес) тілдердің әр стильдік мәтіндеріне қатысты жасалған жиілік сөздіктер сол тілдің лексикалық құрылымын терең зерттеуде, лексиканың жалпы функционалдық стильге ортақ бөлігін ажыратуда септігі мол. Сондай-ақ, жалпы халықтық лексиканың, кірме сөздер мен терминдердің, неологизмдердің және басқа лексикалық топтардың тілдің жалпы лексика жүйесінен алатын орны жөнінде де жиілік сөздік бойынша көптеген сандық және сапалық мәліметтер алуға болады. Сөздердің саны мен тұлғалары арқылы тілдің лексикалық байлығы мен стильдік ерекшеліктері анықталады.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуында жиілік сөздіктердің орны ерекше. Әдеби тіл нормаларының басты белгілерінің бірі — тілдегі белгілі бір сөздердің жиі қолданылуы. Бұл тілдің әсемдік пен дәлдігін қамтамасыз етеді. Жиілік сөздіктер әдеби тілдің нормаларын анықтауға көмектеседі, себебі олар тілдегі ең жиі қолданылатын сөздерді таңдап алып, солардың негізінде грамматикалық және стилистикалық құрылымдарды қалыптастырады. Қазақ тілінің әдеби нормаларының да жиілік сөздіктердің рөлі көпқырлы. Бір жағынан, олар тілдің лексикалық қорын анықтауға мүмкіндік береді. Ал екінші жағынан, тілдің грамматикалық құрылымдарын дұрыс қалыптастыру үшін қажетті құрал болады. Мысалы, жиі қолданылатын сөздер грамматикалық тұрғыдан да дұрыс әрі тұрақты болып қалыптасады. Сонымен қатар, жиілік сөздіктердің көмегімен әдеби тілдің стилі мен айшықтылығы да дамиды.

Қазақ тіл білімінде Рәбиға Сыздық еңбектері ерекше орын алатыны бәрімізге белгілі. Тілдік нормаларды анықтаудағы зерттеулері жиілік сөздіктердің теориясы мен қолданылуын түсінуде маңызды рөл атқарады. Жазушы тілін зерттеуге арналған ғалым Рәбиға Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегінде ұсынылған тілтанымдық тұжырымдарында: сөз дегеніміз – тілдің ең кішкентай кірпіші – «жеке сөз» деген мағынада емес, тілдің қолданысы, яғни көркем әдебиеттегі тілдің көрінісі дейді. Рәбиға Сыздық еңбектерінде жиілік сөздіктер арқылы тілдің грамматикалық, стилистикалық құрылымдарының дамуы талданғанын көруге болады. Ол қазақ тілінің грамматикасына қатысты зерттеулерде жиілік сөздіктерді қолдану арқылы тілдің нормаға келуі мен тұрақтануын көрсетеді. Жиілік сөздіктер қазақ әдеби тілінің нормалары мен стандарттарының қалыптасуында ерекше мәнге ие. Жиілік сөздіктердің көмегімен тілдің құрылымдық өзгерістерін зерттеп, солар арқылы тілдің мәдениеті мен стилін анықтауды мақсат етеді. Оның зерттеулерінде жиілік сөздіктер тек тіл білімінің теориялық құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдің практикалық қолдануында да маңызды орын алады. Жиілік сөздіктердің тілдің грамматикалық құрылымдарына әсері айтарлықтай. Әдеби тілдің қалыптасуында белгілі бір сөздердің жиі қолданылуы оларды грамматикалық тұрғыдан дұрыс қолдануды талап етеді. Мысалы, жиі қолданылатын сөздер синтаксистік құрылымдар мен сөз тіркестерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, жиілік сөздіктер тілдегі морфологиялық өзгерістер мен сөз формаларының дамуындағы рөлін айқындайды. Грамматикалық құрылымдар мен сөз формаларының қалыптасуы жиілік сөздіктер арқылы бақыланады, лексикалық бірліктердің ғана емес, сонымен қатар олардың грамматикалық категорияларын да көрсетеді. Бұл тілдің құрылымдық бірліктері мен олардың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе қазақ тіліндегі жиілік сөздіктердің әдеби нормаларды қалыптастырудағы рөлі маңызды. Олар тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық құрылымдарын қалыптастыруда шешуші құрал болып табылады. Академик ғалым Рәбиға Сыздық зерттеулерінде де жиілік сөздіктердің орны ерекше болған деп ойлаймыз, себебі осы құралды қолдана отырып, қазақ әдеби тілінің құрылымдық өзгерістерін, тілдік нормаларды қалыптастыруда терең зерттеуге мүмкіндік береді. Жиілік сөздіктер қазақ тілінің дамуын бақылауға және олардың болашақта да тіл біліміндегі орны маңызды болып қалады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Ана тілі, 1996.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1993.

3. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 2002.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
5. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1987.
6. Бейсенбаева К. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999.

Шеттілдік терминдерді игеру жолдары

Несіпбай А.
Семей қаласындағы «Alikhan Bokeikhan University» БББМ

Бүгінде терминология саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі терминдердің бірізді қолданылуын қамтамасыз ету. Себебі кей терминдердің әр-түрлі баламада қолданылуы, бұқаралық ақпарат құралдарында, оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде түрлі баламаларының қатар жүруі, соның ішінде дұрыс баламалардың болмауы қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуға кедергі тудырады. Осыған орай, мемлекетімізде қазақ терминологиясын ғылым тілі ретінде қалыптастыру, терминдерді жүйелеу және біріздендіру, бірнеше баламасы қатар қолданылып жүрген шеттілдік терминдерді игеру мәселесін шешуге арналған іс-шаралар көптен өткізілуде.

Шеттілдік сөздер деп тілге басқа тілден енген, фонетикалық және морфологиялық тұрғыда, жазу стиліне, тіл стандарттарына сай өзгертіліп қалыптасқан сөздерді айтамыз. Шеттілдік сөздер белгілі бір шет тілі элементі немесе толық мәнді морфема арқылы жасалып тілде пайда болатын және бекітілетін күрделі үдеріс. Бұл сөздер тілдің қызмет ету және тарихи өзгеру процесінің ажырамас бөлігі, кез келген тілдің сөздік қорын толықтыратын негізгі көздерінің бірі болып табылады. Шет тілі сөздері тілге екі түрлі жолмен, ауызша және жазбаша түрде енеді. Ауызша жолмен сөздер тілге тезірек енеді. Жазбаша түрде енген сөздер фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін ұзақ сақтайды. Кірме сөздердің рөлі белгілі бір тілдің тарихына, ұлттар арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарға байланысты.

Қазіргі қоғам дамуындағы интеграциялық үдерістер күнделікті өмірдің барлық саласына, соның ішінде тілдің дамуына да өз ықпалын тигізуде. Мемлекеттік тілімізге шеттен үздіксіз еніп жатқан сөздер тіл тазалығының жағдайын қиындата түседі. Кірме терминдерді дайын күйінде сол қалпында қабылдай беру тіл экологиясына кері әсерін тигізіп, тілдің қоғамдық және коммуникативтік қызметінің төмендеуіне әкеп соғады. Шет тілінен енген лексиканы қабылдауда ғалымдар қарама-қайшы пікірлер айтады, біреулер шет тілінен сөз қабылдау тілдік қорды байытады десе, екінші бір ғалымдар, керісінше, бұл сөздер тілді бұзады дейді. Кейбір отандық ғалымдар «шет тілдерінен енген терминдерді аудармай сол күйінде қалдыру керек» деген пікір айтуда. Мысалы: *календарь, паспорт, фортепьяно, процент, радио, телефон, принтер, мышка, тендер, тенденция, процес, контент.* Осы сияқты терминдер қазақ тілінде сол ұғымның мағынасын дәл бере алмайды, қай тілге де болса ортақ термин сақталуы керек дейді. Өз уақытында бұл терминдерді халықаралық терминдер деп атаған болатын. Себебі шет елден алынған сөздерге өз тіліңнен балама табу оңай жұмыс емес. Ал кейбір ғалымдар шеттілдік сөздерді тілде өз баламасымен қалдырмай, аударып қолдану тіл экологиясына нұсқан келтірмейді деп тұжырымдайды. Олар қарама-қайшы пікір айтып, шет тілінен енген кірме сөздерге

міндетті түрде қазақша баламасын беру керек дейді. Сондықтан бұл жағдай А. Байтұрсынұлы «өз тіліне басымдық беру» деп айтқандай, төл тіліміздің дамуына ықпал етіп, терминтанушы ғалымдардың назарын аударатын мәселелердің бірі.

Ғалым С. Итеғұлова терминдерді біріздендіру туралы: «Қазіргі таңда терминдерді жүйелеу және біріздендіру өзекті мәселе. Шеттілдік терминдерді қалай қабылдаймыз деген сұрақ туындауда. Әсіресе орыс тілінен енген терминдерді сол күйінде қабылдаймыз ба әлде ұлттық тіліміздегі баламаларға сәйкестендіреміз бе? Бұрын орыс тілі кірме сөздерді қабылдайтын донор тіл болды. Мысалы, «революция», «администрация», «паркинг» деп орысша қалай айтылса, солай қабылдадық. Неге бізге «паркиң» деп айтпасқа. «Халықаралық термин» деген сөздің өзі шартты ұғым. Себебі терминдерді бекітіп отырған халықаралық ұйым жоқ. Кезінде Кеңес Одағы құрамына кірген 15 республикаға ортақ термин таратылып, «аударуға болмайды» деді. Ал бүгінгі халықаралық тәжірибеге қарасақ, қытай болсын, ағылшын болсын, кез келген дамыған елде терминдерді өзінің ұлттық тілінің заңдылықтарына ыңғайлап, аударып алады. Егер ол елдер терминдерді аудармай алса, өздерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, «сындырып» қабылдайды. Бізде де осы мәселеге мән беретін кез жетті», – деп бөліседі [1].

Терминтанушы ғалымдар шет тілінен сөз қабылдағанда ол сөздер өздері енген тілге жан-жақты бейімделуге жақын тұратындығын айтады. Орыс лингвисті, Я. П. Крысин шет тілінен сөз қабылдау процесін бір тілден екінші тілге түрлі элементтердің енуі деп түсінеді. Бұл жерде ғалымның «түрлі элементтер» деп отырғаны тілдің ең басты құрылымдары: фонетика, лексика, морфология, синтаксисты атайды [2, 19]. Америка лингвисті Э. Хауген шет тілінен сөз қабылдауды: «Попытку говорящего воспроизвести в одном языке навыки, усвоенные им в качестве носителя другого языка» деп сипаттайды [3, 345]. Бұл мәселе төңірегінде отандық ғалым Б. Момынова: «Өзге бір тілдің жүйесін білмеген адам өз ана тіліндегі бөгде, кірме сөздерді түстеп, тани алмайды. Ол сөздерді шет тілден енген десе, тіктеп қарсылық білдіру де мүмкін. Ол кейбір өзге тілдік элементтердің басқа тілге әбден сіңісіп, кірігіп кеткендігінен болмақ» деген пікір айтады [4, 91]. Тағы бір терминтанушы ғалым Д. С. Лотте: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді» деген пікір білдіреді [5, 8]. Шет тілінен енген терминдердің тілімізде қолданылуы туралы М. Серғалиев: «Қазіргі термин қолдану практикасында негізгі үш түрлі бағыттың интернационалдық терминдерді аудармай алу, шет ел немесе орыс тіліндегі сөздердің мағынасын дұрыс бере алатын қазақ сөздерін пайдалану және қазақ тілінің нормасына сай келетін жаңа терминдер жасау күнделікті дәстүрге айналып отыр» деп айтады [6].

Қазіргі заманауи технологиялардың даму заманында халықтың көпшілігі әлеуметтік желілерді жиі қолдануда. Осы желілер арқылы жастар сленг, жаргон, варваризм сөздерін тілде көптеп пайдалануда. Осының салдарынан шетел сөздері де тілімізге енуде. Мысалы: *instagram, tiktok, account, megabait, challenge, snapchat, facebook, blog, target, stories, reels, status* деген сөздер деп тізе беруге болады. Бұл сөздер әлеуметтік желіде ағылшын тілінде дыбысталып, латын графикасына сай жазылып жүргенін көреміз. Алайда қазақ тілінде аудармасы болса да ғаламтор беттерінде қазақшасынан гөрі ағылшыншасы жиі қолданылады. Мысалы, «leader» сөзін «жетекші», «internet» сөзі «ғаламтор», «e-mail» электронды пошта, «information» сөзі ақпарат деп аударылса да, шет тілдегі нұсқасы жиі пайдаланғанын көреміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 пайызы орыс тілі арқылы енген кірме сөздерден тұрады. Мемтерминком бір терминге орыс және қазақ тілдеріндегі екі баламасын қатар қолдануды ұсынды. Мысалы, аудитория сөзі *аудитория, дәрісхана* деп, логика сөзі *логика, қисын,* модернизация сөзі *модернизация, жаңғырту,* абзац сөзі *абзац, азатжол* деп бекітілді. Қазір қолданыста *қисын* сөзінің орнына *логика* сөзі, азатжол сөзінің орнына абзац сөздері көп қолданылады.

Жалпы тілімізде кірме терминдердің нақты санын айту қиын, себебі бұл сөздерді барлық саладан кездестіруге болады. Қазақ тіліндегі кірме сөздерді зерттеген отандық ғалымдар Р. Сыздықова І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Л. Рүстемов болған. Ғалымдар өз еңбектерінде кірме сөздердің екіге бөлінетінін айтады. Бірінші топқа араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер, ал екінші топқа орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздер. Шет тілінен енген кірме сөздерді төмендегідей жіктеуге болады: 1. Тікелей тура кірме терминдер. Шет тілінің сөзі қазақ тілінде тура мағынасында беріледі: *блэк (қара), мани (ақша), пати (кеш), бой (бала), фрэнд (дос), прайс (баға), уикенд (демалыс), бокс (қорап).* 2. Гибрид (будан) сөздер – *шет тілінің сөзіне қазақ тілінің жұрнағын, жалғау, қосымша жалғау арқылы жасалады: автоматтандыру, радиоқондырғы, фотосурет, демократияландыру, этносаясат, микроағза, киножоба, еурожөндеу, агросала.* 3. Калька сөздер – дыбысталуы өзгертілмей сол қалпында қалатын шетел сөздері: *меню, миксер, диск, вирус, блог, хакер, тостер, девайс, тостер, папарации.* 4. Экзотизмдер және варваризмдер – басқа халықтың дәстүрін сипаттайтын, өз мағынасын сақтайтын қазақ тіліне жат сөздер: *доллар, босс, бармен, мистер, чипсы, хот-дог, барбекю, йогурт, бифштекс, гангстер.* 5. Композит сөздер – сөздік құрамы екі ағылшын түбірінен тұрады: *фаст-фуд, секонд-ханд, прайс - лист, фото - салон, видео - салон, сторис-мейкер, ньюс-мейкер, лав-стори, тайм-аут, шоу-бизнес.* 5. Жаргон немесе сленг сөздер - бұл сөздер не сөздердің жиынтығы ешқандай фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайды. Тек лексикалық мағынасы ғана болады. Сленгтер өзге тілден енген сөздер не ешбір грамматикалық заңдылықсыз қысқартылған сөздер болып келеді. Бұл сөздер ағылшын не орыс тілдерінде біршама уақыт қолданылып келеді, қазақ тілінде бұл сөздердің дамуына әлеуметтік желілер, инстаграмм, фейсбук пен мессенджерлердің көптеп қолданылуы себеп болды. Мысалы: *арзан-фуфло, мас – бухой, мақсат – таргет, дағды – скилл, сәнді – гламурный, зерделі, ақылды – ботаник, ұнатпау-хейт, әдемі, сымбатты – краш, өмір – жиза, кешіру – сорян, кеттік – гоу, оңай – изи.*

Тағы бір кірме сөздердің түрі паразит сөздер. Бұл сөздерге тілге жат, артық, ешқандай мағынасы жоқ деген анықтама беріледі. Тіл білімі институтының ғалымдары Н. Әміржанова: «Әдетте, семантикалық жүктемесі әлсіреген сөздер паразитке айналады. Атап айтқанда: «жоғарыда айтқандай», *«яғни», «не ғой», «әйтсе де», «әлгі», «енді», «негізі», «мына», «шынын айтқанда», «шыны керек» «ендеше», «жаңағы», «жалпы»*. Ғ. Мүсірепов «сөз – сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» деген екен. Шындығында да, сөздің «жарығын» көбейту үшін, тілдік бірліктерді дұрыс әрі орынды қолдану қажет. Ал ол үшін, әрине, үздіксіз білім мен тәжірибе керек» деп тұжырымдайды [7]. Ғалым А. Алдаш паразит сөздер туралы былай дейді: «Қазақ виртуалды желісіндегі «*айтам дедім ғо (ғой; кейде го), билмим (білмеймін), неістебатсыздар*» дегендер паразит сөздер болып саналады. Бұларды паразит сөздердің бір тобы деуге болады. Әлеуметтік көрсеткіштері мен жас мөлшері әртүрлі қатардағы қазақтілді қоғам мүшелерінің, яғни қазақ тілі ана тілі болып есептелетіндердің күнделікті тұрмыстық тілдік қарым-қатынастарында «*типа того», «норм/ нормально», «короче».*

«уже», «класс», «круто» деген сөздер бар. Енді бұлардың қатарын толықтыра бастаған басқа «өзгеліктерді», әсіресе жастар тілінен байқаймыз. Мысалы, әлеуметтік желіде ұшырасқан өзара ақпарат алмасу барысындағы «*кафеге сүйіктіңізбен не болмаса достарыңызбен барып, цивильно әңгіме-дүкен құрып*…» дегендегі «*цивильный*» сөзі де жиі қолданылып бара жатыр, бұны да паразит сөз деп тануға болады» [7].

Сондықтан шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А. Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру кажет. Қазақ тіліне кірген жат сөздерді де мүмкіндігінше заңдылықтарға икемдеп, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін бірыңғай жіңішке не жуан түрінде алуға болады.

Біз жаһандану заманында өмір сүріп жатырмыз, төл тілімізге шетел тілдерінен қаншама сөздер еніп жатыр. Бұл үрдіс тілге кері әсерін тигізіп, өз тіліміздің жойылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да зат атауларын көбінесе қазақ тіліндегі баламасын қолданып, қазақ тілінің заңдылықтарына сай өзгерткен дұрыс. Жалпы алғанда, тілімізде жаңа сөздердің пайда болуы сөздік қорымызды байытады десек те, шетел сөздердің көптігі тілімізді шұбарлап, нұсқан келтіріп, әдеби сұлулық пен тілдің тазалығын жояды. Қоғамымыздағы болып жатқан интеграциялық үдерістердің тілге тигізетін әсерін ескере отырып, кірме сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тілін шұбарлауына жол бермей, зиян келтірмеуі тиіс.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Итеғулова С. Шеттілдік терминдердің игерілу барысы және басты ұстанымдары//Жас Алаш газеті. №53, 2021.
2. Крысин Л. П. Иноязычные слова в современном русском языке. - М.: Наука, 1968. -208с.
3. Хауген Э. Процесс заимствования//Новое в лингвистике. - М.: Прогресс, 1972. - 344-383с.
4. Момынова Б. Қазақ газетіндегі қоғамдық саяси лексика. -Алматы.: Арыс, 1998. -110б.
5. Лотте Д. С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминоэлементов. - М.: Наука, 1982. -149с.
6. Серғалиев М. С. Оқу-ағарту жұмысында қолданылатын терминдер мен ұғымдар жайында//Терминдер және олардың аудармалары. -Алматы.: Ғылым, 1990. - 216 б.
7. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы // Электрондық ресурс URL: https://tilmedia. kz

Қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларының сақталуы

Ахтай Ж.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Қазақ баспасөзі – қоғамдағы ақпараттың басты көзі ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің дамуы мен әдеби тіл нормаларының қалыптасуына әсер ететін маңызды құрал. Әдеби тіл – қоғамның мәдениетінің, рухани мұрасының және ұлттық бірегейлігінің сақталуын қамтамасыз ететін фактор. Әдеби тілдің нормалары грамматикалық,

лексикалық және стилистикалық жүйелерді қамтиды және оларды сақтау тіл мәдениетінің деңгейін айқындайды. Баспасөздегі тіл мәдениеті қоғамдағы басқа салаларға да әсер етеді, себебі баспасөз халықтың негізгі ақпарат көздерінің бірі болып саналады. Сондықтан қазақ басылымдарының тіл нормаларын сақтау деңгейін зерттеу өзекті болып табылады. Рәбиға Сыздықтың айтуынша, «әдеби тілдің нормалары мен тіл тазалығы кез келген баспасөзде қатаң сақталуы тиіс, өйткені бұл ұлт тілінің мәдениетін айқындайтын маңызды фактор».

Бүгінгі күні жаһандану үдерісі, интернет пен жаңа медиа құралдарының пайда болуы тілдік нормаларға қатысты жаңа сын-қатерлер туғызды. Қазақ басылымдарындағы тіл нормаларының сақталуы және олардың бұзылу себептері, әсіресе интернет-журналистика мен әлеуметтік медиада ерекше байқалады. Сонымен қатар аймақтық басылымдардағы диалектілік ерекшеліктер мен жергілікті тілдік нормаларға бейімделу әдеби тіл стандарттарын сақтау мәселесін күрделендіреді.

Қазақ баспасөзінің алғашқы кезеңдерінде, XX ғасырдың басында, басылымдарда әдеби тілдің қалыптасуы маңызды рөл атқарды. Алаш қозғалысының қайраткерлері мен ағартушылары қазақ әдеби тілін дамытуға үлкен үлес қосты. XX ғасырдың басындағы басылымдар, атап айтқанда, «Қазақ» газеті, сол кездің әдеби нормаларын бекітіп, қоғамда тіл мәдениетін қалыптастыруда жетекші роль атқарды. Кеңес Одағы кезеңінде әдеби тіл нормаларының бірізденуі және стандартталуы күшейді. Бұл кезеңде қазақ басылымдары идеологиялық тұрғыдан әдеби нормаларды сақтау бойынша қатаң бақылауда болды. Мәселен, қазақ тілінің орфографиялық ережелері бекітіліп, басылымдар осы нормаларға сай жұмыс жасады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ тілінің мәртебесі жаңа деңгейге көтерілді. Қазақ баспасөзі тіл мәдениетін сақтау мен дамытуда үлкен рөл атқара отырып, жаңа қоғамның сұраныстарын ескере отырып дамыды. Дегенмен, бұл кезеңде тілдің жаңа нормалары мен жаргондардың пайда болуы байқалады, бұл әдеби тілге әсер етуде.

Қазақ тілінің әдеби нормаларын сақтау мәселесі көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Р. Сыздық «Қазақ тілінің мәдениеті және оның әдеби нормалары» еңбегінде әдеби тіл нормаларының тарихи қалыптасуы мен қазіргі жағдайы туралы кеңінен талқылайды. Әдеби тілдің негізгі нормаларының бұзылуы көбінесе қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен тілдік ықпалдар арқылы жүзеге асатынын айтады. Р. Сыздық қазақ тілінің мәдениетін сақтап, дамыту үшін әдеби тіл нормаларын сақтау маңызды екенін айтады. Сондай-ақ, еңбекте тілдегі қателіктер, олардың пайда болу себептері, жаңа сөздердің қалыптасуы және шет тілдерінен енген сөздердің қолданылу мәселелері де қамтылған.

Қ. Әбілқасымова «Қазақ баспасөзіндегі әдеби тіл» зерттеуінде XX ғасырдың басынан қазіргі кезеңге дейінгі баспасөздегі тілдік нормалардың сақталуы мен дамуы туралы талқылау жасалады. Ол қазақ тілінің басылымдарда әдеби нормалардың ұстануы және бұзылу ерекшеліктерін зерттей келе, бұқаралық ақпарат құралдарының тіл мәдениетін қалыптастырудағы рөлін көрсетеді.

Ә. Мұсабаева «Интернет-журналистика және тілдік өзгерістер» атты зерттеуінде интернет-журналистиканың тілдік нормаларға әсері, әдеби нормалардың сақталмауының себептері мен интернет-басылымдардағы тілдік стандарттар мәселесі қарастырылады. Интернет-журналистикада тілдік қателіктер мен сленгтің кең таралуы, әсіресе ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздердің баспасөз тіліне әсері талданады.

Қазіргі қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларына деген көзқарас өзгерді. Басылымдардың көпшілігі ресми тілдік нормаларды ұстануға тырысқанымен, кейбір өзгерістер мен ауытқулар да байқалады. Оған интернет және әлеуметтік желілердің дамуы, күнделікті тілде пайдаланылатын жаңа терминдер мен сленгтердің баспасөзге енуі себеп болып отыр.

Бүгінгі күні тілдік ауытқуларды көбінесе жастарға арналған басылымдарда және интернет-журналистикада байқауға болады. Олар заманауи және қысқа форматта жазу стилін ұстанып, кейде тілдік нормалардан ауытқиды. Мысалы, ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздер мен фразалар жиі қолданылады, бұл қазақ тілінің әдеби нормаларының бұзылуына әкеледі. Бұл құбылысты түсіну үшін жаңа медиа құралдары мен дәстүрлі басылымдар арасындағы айырмашылықтарды зерттеу қажет. Сонымен қатар аймақтық басылымдарда тіл нормаларының сақталуы күрделі мәселе болып қала береді. Аймақтардағы тілдік ерекшеліктер мен диалектизмдердің басылым беттерінде көрініс табуы әдеби нормалардан ауытқуларды тудырады. Бұл басылымдардың аудиториясы көбінесе аймақтық тұрғындар болғандықтан, тілдік ерекшеліктер табиғи түрде ескеріледі. Дегенмен, әдеби тілдің бірізділігін қамтамасыз ету үшін бұл басылымдар да стандарттарға сай болуы тиіс.

Дәстүрлі басылымдарда әдеби тіл нормаларына қатаң бақылау жасалады. Мысалы, ғылыми, ресми басылымдарда әдеби тіл нормалары сақталады, орфографиялық және грамматикалық қателіктер аз кездеседі. «Егемен Қазақстан», «Айқын» сияқты дәстүрлі басылымдарда ресми стиль басым және әдеби тілдің талаптары сақталады. Ал Интернет-журналистикада тілдік нормаларды сақтау деңгейі төмен. Әсіресе, жаңалық сайттарында ақпаратты жылдам жеткізу мақсаты қойылғандықтан, әдеби нормалар жиі бұзылады. Мұндай жағдайда ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздер, қысқартылған фразалар кеңінен қолданылады. Бұл құбылыс интернет пен әлеуметтік желілердің әсерінен туындап отыр. «Baq. kz», «Kazinform» сияқты интернет-платформаларда кейде әдеби тілдің нормаларын сақтамау жағдайлары кездеседі.

Қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларының толық сақталмауының бірнеше негізгі себептері бар. Біріншіден, тілдік нормалардың жиі өзгеруі мен жаңаруы журналистердің бұл өзгерістерге уақытылы бейімделе алмауына әкелуі мүмкін. Ағылшын тілінен келген технологиялық және ғылыми терминдер қазақ басылымдарына жылдам еніп, олардың бірден қазақша баламалары табыла бермейді. Бұл баспасөзде шет тілдік сөздердің бейімделмей қолданылуына әкеледі. Тілдік стандарттардың тұрақсыздығы және жаңа сөздердің енуі журналистер мен редакторлар арасында бірізділіктің бұзылуына әкеледі.

Екіншіден, интернет-журналистиканың дамуы мен әлеуметтік медиа платформаларының танымалдығы әдеби тіл нормаларына деген көзқарасты өзгертті. Әлеуметтік желілерде тіл қысқа және бейресми формада қолданылады, бұл стиль дәстүрлі басылымдарға да әсер етеді. Журналистердің интернет форматтарына бейімделуі баспасөзде әдеби тіл нормаларының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Үшіншіден, аймақтық басылымдардағы тілдік ерекшеліктер әдеби нормалардан ауытқуға әкелетін тағы бір фактор болып табылады. Жергілікті диалектілер мен лексиканың қолданылуы, әсіресе, аймақтық журналистикада жиі байқалады. Бұл құбылыс аймақтық аудиторияны қызықтыруға бағытталған, алайда, әдеби тілдің бірізділігін бұзады.

Қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларын сақтау үшін бірнеше шешімдер ұсынылуы мүмкін. Біріншіден, журналистер мен редакторлар үшін тілдік нормаларға қатысты тұрақты түрде білім беру және тренингтер ұйымдастыру қажет. Бұл тілдік стандарттарды бірізді етудің тиімді тәсілі болып табылады. Екіншіден, әдеби тілдің сақталуын қадағалайтын тіл саясатын жетілдіру және баспасөзде қолданылатын тілдік стандарттарды нақтылау керек. Сонымен қатар интернет-журналистикадағы әдеби тіл нормаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін арнайы ережелер мен нұсқаулықтар әзірленуі мүмкін. Журналистердің интернет форматтарына бейімделуі баспасөзде әдеби тіл нормаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болады.

Қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларын сақтау – ұлттық мәдениеттің сақталуының бір кепілі және болашақ ұрпаққа таза, бай тіл мұрасын жеткізу жолындағы маңызды қадам.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әбілқасымова Қ. Қазақ тілінің әдеби нормалары, – Алматы: Санат, 2015.

2. Сыздық Р. Тілдік нормалар және олардың даму жолдары. - Астана: Фолиант, 2017.

3. Оразбаева Ф. Қазақ баспасөзінің тілі және оның ерекшеліктері //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, - 2019. - №4,

4. Мұсабаева Ә. Интернет-журналистика және тілдік стандарттар, - Алматы: Қазақ университеті, 2020.

5. Жұмабеков А. Қазақ басылымдарындағы тілдік өзгерістер: себептері мен салдары //Тіл және қоғам. -2022. - №2

Сөз мәдениеті және лингвостилистика

Қосылбаева А.
В. Г. Белинский атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сөз мәдениеті мен лингвостилистика – тіл білімі саласының маңызды аспектілері. Сөз мәдениеті адамның сөздерді пайдалану мәдениетін, тілдің әлеуметтік функциясын қамтыса, лингвостилистика стильдің ерекшеліктері мен риторикалық құралдарын зерттейді. Осы екі ұғымның өзара байланысы қазіргі заманғы коммуникацияда маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениеті – бұл сөздерді қолдану, олардың мағыналарын дұрыс түсіну, этикеттік нормаларды сақтау және тілдік қарым-қатынаста мәдениеттілік таныту. Сөз мәдениеті қоғамдағы қарым-қатынасты жеңілдетеді, адамдардың арасындағы түсіністікті арттырады.

Сөз мәдениетінің компоненттері

1. Тілдің байлығы: Сөздік қордың кеңдігі, яғни, әр түрлі сөздерді, терминдерді тиімді пайдалану. Тілді меңгерген адам сөздерді тек дұрыс ғана емес, сонымен қатар көркем түрде де қолдана білуі қажет.

2. Этикет нормалары: Сөздерді қолданудағы этикеттік нормалар, соның ішінде сәлемдесу, қоштасу, өтініш білдіру және т. б. Этикет нормаларын сақтау қарым-қатынастың сәттілігіне үлкен әсер етеді. Мысалы, ресми кездесулерде формальды тілдік стиль, ал достық қарым-қатынаста бейресми стиль пайдаланылады.

3. Коммуникативтік дағдылар: Аудиторияны тыңдай білу, пікір алмасу, сұрақ қою. Бұл дағдылар адамдардың арасындағы түсіністікті қалыптастыруға көмектеседі. Жақсы тыңдаушы болу – сөз мәдениетінің маңызды аспектісі.

4. Сөздің эмоционалдылығы: Сөйлеушінің эмоцияларын, сезімдерін білдіру қабілеті. Эмоционалды сөздер мен сөз тіркестері тыңдаушының көңіл-күйіне әсер етеді. Мысалы, қуаныш, қайғы, реніш сияқты сезімдерді білдіру үшін тиісті сөздерді таңдай білу маңызды.

5. Сөздің контексті: Сөздер мен сөз тіркестерінің контекстке сәйкес келуі. Контексті дұрыс түсіну және сөздерді соған байланысты пайдалану – сөз мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі.

Лингвостилистика – бұл стильдік ерекшеліктерді, тілдің формаларын және олардың мәнерлілігін зерттейтін тіл білімі саласы. Лингвостилистиканың негізгі мақсаты – тілдік құралдардың (лексика, грамматика, фонетика) стильдік функцияларын анықтау.

Лингвостилистиканың бағыттары

1. Стильдік норма: Тілдің әртүрлі стильдік деңгейлері (ауызекі, жазба, ғылыми, әдеби және т. б.) мен олардың қолданылу жағдайлары. Мысалы, ғылыми стильде нақты, ғылыми терминдер қолданылады, ал әдеби стильде бейнелеу құралдары мен метафоралар жиі кездеседі.

2. Тілдік құралдар: Стильді анықтайтын тілдік элементтер, мысалы, метафоралар, риторикалық сұрақтар, аллегориялар. Мұндай құралдар автордың тыңдаушыға әсер ету тәсілі болып табылады. Стильдік құралдарды тиімді қолдану коммуникацияның әсерлілігін арттырады.

3. Тілдің әлеуметтік функциясы: Тілдің қоғамдағы рөлі, мәдениетаралық коммуникациядағы орны. Стильдер арасындағы айырмашылықтар мәдениетаралық байланыстарды түсінуде маңызды рөл атқарады. Әр мәдениетте тілдің қолданылу ерекшеліктері, сөйлеу әдебі мен дәстүрлері бар, бұл өзара түсіністікті қамтамасыз етеді.

4. Стильдің динамикасы: Стильдердің даму тарихы мен өзгерістерін зерттеу. Тілдің әлеуметтік, мәдени, саяси контекстеріне байланысты стильдер өзгеріп, дамиды. Бұл тілдің қарым-қатынас функциясына әсер етеді.

Сөз мәдениеті мен лингвостилистика бір-бірімен тығыз байланысты.

Сөз мәдениеті қарым-қатынастың сапасын арттырса, лингвостилистика сөздің мәнерлілігі мен әсерлілігін арттырады. Мысалы, сөз мәдениеті жоғары болған жағдайда, адамдар стильдік нормаларды сақтай отырып, тыңдаушылармен тиімді қарым-қатынас орната алады.

Тілді меңгеру мен оны мәдениетті түрде пайдалану – білімді тұлғаның белгісі. Заманауи қоғамда коммуникативтік дағдылар мен сөз мәдениеті дамыған адамдар ғана тиімді қарым-қатынас жасай алады. Сөз мәдениеті мен лингвостилистика бір-бірін толықтырып, адамаралық коммуникацияның тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Адамдардың мәдени деңгейін, білімін, қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін сөз мәдениетін насихаттап, лингвостилистикалық ерекшеліктерді ескерудің маңызы зор. Тілдің дамуы мен мәдениеттің бірлігін сақтау – қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі.

Фонематикалық есту – дұрыс сөйлеудің негізі

Айдарханова К.
Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты
Нұрмұхан Р.
Абай атындағы ҚазҰПУ магистарнты

Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды мәселен, **ң, ғ, қ** әріптерін дұрыс айта алмау бала тілі түгілі, ересектердің сөйлеуінде кездесетін көрініс. Кішкентайларды былай қойғанда үлкендер тарапынан кететін бұл кемшілік қоғамдағы күрделі мәселелердің бірі. Неге бұл әріптерді көбісі айта алмайды? Өйткені ң дыбыстарын айту үшін біздің тілдің артқы жағы жоғары көтеріліп айтылуы керек. Логопед мамандардың айтуынша, бала кезінде түзетілмеген бұл қателік есейсе де әдетке айналып кеткен. Қазақ фонетикасындағы ойып орын алған өзекті мәселені әуелден шешкеніміз жөн.

Балалардың «н» мен «ң» дыбыстарын дыбыстай алмауы бірнеше себепке байланысты. Біріншіден, баланың сөйлеу мүшелерінің құрылысы дұрыс қалыптаспауы. Яғни, баланың тістерінің қисық шығуы, таңдайының биік орналасуы, жағының дұрыс жұмыс жасамауы, ернінің қалың болуы дыбыстарды дұрыс айтуға кедергі болады. Сөйлеу мүшелерінің қимыл қозғалысының дұрыс болмауы екінші себеп болады. «Н» мен «ң»-ды дыбыстай алмау көбіне тілшіктің қызметіне байланысты».

Егер бала қазақ тілін емін-еркін меңгерген ортада тәрбиеленіп, бірақ тілінен «ң» дыбысын дұрыс айта алмау байқалса, онда логопедтің көмегіне жүгіну керек. Ал орыс тілді ортада өскен бала болса, ата-ананың баласының обалына қалып отырғаны. Себебі бала үшін қалыптасудың ең үлкен үлгісі — ата-ана. Үшіншіден, ата-ананың баламен балаша қарым-қатынасқа түсуі. Яғни тілі анық шықпаған баламен балаға ғана түсінікті тілмен коммуникация жасау.

Еліміздегі үш тілділік мәселесі бүлдіршіндеріміздің де тілін бүлдіріп жатыр. Ана тілінде толық қалыптасып үлгермеген бастауыш сыныптың баласына ағылшын, орыс тілі сынды пәндердің оқытылуы бала тілінің қалыптасуына кедергісін келтіріп отыр.

Бұл тілдік ауытқулар бала жасына қарай реттеліп, түзеліп кететін де кездер болады. Ал фонетикалық өзгерістердің бала тілінде болуы заңды құбылыс. Балалардың кейбір дыбыстарды айта алмауы немесе ұқсас дыбыстармен айтуы бала тілінің артикуляциялық базасының әлі толық қалыптаспағандығы.

Сондықтан 5-6 жастағы балаларға тілдің барлық қыр сырын айтып, оны үйретуге болады. Мектеп жасындағы балаларға ойын арқылы жеткізу өте оңай, ойын барысында балалар жеңіске жету мақсатында сөздер мен әріптерді өте тез жаттап алады, сол арқылы тіл үйрену қиын деген ой да болмайды. Төл әріптерді дұрыс айту үшін салыстыру әдісі өте қолайлы. Орыс тіліндегі кейбір сөздерде де біздің төл әріптер естіледі.

«Ң» дыбысын айтудағы қиындықтар. Қазақтың сөздік қорында «ң» дыбысы бар сөздердің саны өте көп. Қазақ тілі корпусындағы «ң» әрпінің кездесу жиілігі – 1, 55 пайыз. Яғни бұл дыбыс 42 әріптің ішінде жиілігі жағынан 18-орында тұр [1].

Баланың сөйлеу әрекеті туа пайда болатын құбылыс емес, ол баланың физиологиялық, психологиялық тұрғыда дамуымен және қоршаған ортасының балаға әсерімен тікелей байланысты. Соңғы кезде балалар арасында дыбыстарды дұрыс айта алмау мәселесі көп кездесетін болған. Ғылымда бала тіліндегі бұндай кемшіліктердің өзіндік атаулары бар. С, з, ц, т, ж, г, щ әріптерін дұрыс айтпаудан сөздің бұзылуын

сигматизм деп атаса, р әрпін айта алмауды сақаулық дейді. Ал лямбдацизм – л дыбысын дұрыс айтпау не басқа дыбыспен ауыстырып айту. Бала тілінің кемістігі туралы еңбектерде дауыс ырғағының бұзылуы және дыбысты дұрыс айта алмаудан сөздің түсініксіз шығуын быдықтық деп көрсеткен. Әлеуметтік желілерде жиі талқыланып жүрген дизартрия құбылысы – әріптерді дұрыс айта алмағаннан сөз көркемдігінің бұзылуы. Демек, дизартрия деп артикуляциялық сөйлеу мүшелерінің иннервациясының бұзылуын айтамыз. Тіл кемістігінің бір түрі осы дизартрия, яғни қазақ тіліне тән ерекше дыбыстардың бірі «ң» дыбысын балалардың сөз қолданысында дұрыс айтылмай жүргендігі жан-жақты қарастырайық.

Осы айтылған себептерді мысалмен дәйектейік. «Ң» дыбысы бар сөздерді қолдануда балалар фонетикалық, стилистикалық, грамматикалық қателерді жіберіп жатады. Дефектологтар балалардың «н» мен «ң»-ды айта алмауының себебін фонематикалық есту-түсінуі дұрыс қалыптаспағанымен байланысты деп көрсетеді. Мысалы: Менін әжем жақсы. Екі әжем бар. Менін бір әжем Жұмабике әжекам, ал бір әжем Рая әжем. Олар біреуі Арқалықта, тоже Арқалықта. Бірақта менін үйімнін қасында болад. Кей-кезде мамамнын жұмыстары жоқ, үйде отырады. Ал, сосын онын жұмысы бар кезде менім әжелерім келеді. Жұмабике әжем тігінші, менім сондай болғым келеді. Ол қазақ киімін тігіп береді. Флоранын киімін тігіп береді, және басқа киімдерін тігіп береді.

Бұл – төрт жасар Адина қыздың сөздері. Бала «ң» дыбысы бар барлық сөздерге «н» дыбысын қолданған. Негізінде бала 2-5 жас аралығындағы барлық дыбыстарды толық айтып үйренуі керек. Бала ілік септігінің жалғауларын орынды қолданғанымен, тілінің мүкістігіне байланысты немесе дыбысты дұрыс қолдану білмегендігінен қателікке бой алдырған. Ал дұрыс дыбыстай алмаған жағдайда баланы мектеп логопедіне көрсеткен жөн. Дәл осындай қателік Әлинұр есімді балада да кеткен. Мысалы: Маманын. Менде тетя бар.

Сонымен қатар бала арасында «ң» мен «м» дыбыстарын да шатастырып қолдану жиі ұшырасады. Бұндай қателіктерді жіберудің бір ғана себебі бар. Бала «ң» дыбысын айтуды қиынсынғаннан кейін «м» дыбысымен алмастырады. Негізінде балалар «м» дыбысын айтуды тез үйренетіні белгілі. Себебі бала бір жасына жетпестен мама сөзін қолданады. Сол себепті «ң» дыбысын «м» дыбысымен алмастыру оларға жеңіл болады. Мысалы:

Менім достарымда көп нәрселер бар. Дакивася мемен дос, Яссамина гимнастика жасайд, тағы да бұрыннан бері ол бізге келген, мен жоқ болдым. Бірақ ол бізге 32-ші мерекісіне өзбекский биди билеп берді. Дегенмен, баламен қарым-қатынасқа түскенде «м» емес, «ң» дыбысы екендігін практикалық тұрғыда, яғни сондай сөздерді жиі қолданып, ата-ана балаға түсіндіруі қажет. Бұндай фонетикалық қателер бала тілінде өте көп кездеседі. Қазақтың төл дыбысы ң-ды айта алмауы — қазақтың көптеген балаларының тілдерінде кездесетін құбылыс. Бірақ кейбір балалар «ң» дыбысын айта алғанымен, ол дыбысты бұрмалап, жасанды түрде қателіктер жасап жатады. Мысалы:

Менім отбасымда «5» адам бар. Отбасымның мүшесі, әкем, ана, інім, және мен. Менім анам таңертен жұмысқа барады, әкемде жұмысқа таңертен барады. Ал інім балабақшаға барады, ағам болса, универсететке барады. Біз семнді және жексенбі күндері әр парыкке, саябаққа барамыз. Бұл жерде баланың ң дыбысына тілі келмейді деуге болмайды. Себебі бала екінші сөйлемде ілік септігінің жалғауын дұрыс қолданған (отбасымның мүшесі). Демек, бала бар ынтасын салып ойын білдірмеген әрі сөйлем,

қосымшаларды асығыс және орынсыз қолданған. Бұндай жағдайда үлкендер балаға асықпауды, сауатты сөйлеуді үйреткені дұрыс. Әрбір туындаған мәселенің артында оның шешімі тұрады. Демек, «ң» дыбысын айтудағы қиындықтарды жоюдың бірнеше амалы бар. Баланың «ң» дыбысын дұрыс айта алуының әлеуметтік желілерде түрлі жолдары көрсетілген:

1. Балаға «ң» дыбысын созып айтқызу керек. Осы кезде логопед немесе үйретуші (анасы, әкесі, әжесі, мұғалімі) штапельмен баланың тілін жұмсақ таңдайға шейін итереді. Солай бала «ң» дыбысын айтуды үйренеді. Бұл — осы дыбысты айтудың бір тәсілі. Жалпы «ң» дыбысы тіл артының жұмсақ таңдайға нық тиюінен жасалатын мұрын жолды дауыссыз дыбысты белгілейтін әріп. Ол дауыс қатысына қарай үнді, жасалу орнына қарай тіл арты, жасалу тәсіліне қарай шұғыл дауыссыздар тобына жатады. Сөз басында кездеспейді, ал сөздің ортасы (жаңа, кеңес) мен сөздің соңында (таң, желең) кездесе береді. Сол себепті тілшікке және мұрынға тікелей қатысты болуына байланысты үйретушінің балаға «ң» дыбысын үйретудің түрлі тәсілдерін меңгергені жөн. Оның бірі — «ң» дыбысы және оның аллафондары бар сөздерді кезегімен қайталатып, «ң» дыбысын үйрету. Мысалы: күн – күң, он – оң, тон – тоң, шын – шың, мен – мең және т. б. Бұл сөздерді қайталатып қана қоймай, әрбір сөздің мән-мағынасын түсіндіру керек. Себебі 2-5 жас аралығындағы бала сорғыш сияқты келеді. Ата-ана не айтады, бала соны бойына сіңіріп алады.

2. Егер мәселе баланың физиологиялық жағынан ауытқулары болса, логопед, дәрігерге жүгініп, кеңесу керек. Қажет болған жағдайда міндетті түрде ем қабылдаған дұрыс. Сонымен қатар логопедке баланың тыныс алу мен тыныс шығарудың тереңдігін ұлғайтуға арналған жаттығулар жасату керек. Сонымен бірге дауыстың қаттылығын, ұзақтығын, модельденуін дамыту жұмыстарын жасату қажет. Баланың бет қимылының бұлшық еттеріне, ерінге, тілге массаж жасатқан жөн [2]. Егер бала бітімінде осындай қиындықтар болған жағдайда ата-анаға бұл шараларды міндетті түрде орындау керек. Себебі бұл бала тілінің тілінің дұрыс қалыптасуы бала болашағына, жалпы өміріне аса маңызды. Сондықтан немқұрайлылық танытпаған жөн. Бала мектеп жасына келгенде «ң» дыбысының тілдің ұшы жоғарғы тістің артына тоқталатынын, «ң» дыбысының маңызы мен ерекшеліктерін түсіндіру қажет. Балаға «н» және «ң» дыбыстары екеуі екі түрлі дыбыс, екі түрлі әріп екенін талдап көрсету керек. Себебі жасалуы жағынан «ң» дыбысы «н»-ға ұқсамайды. Н—тіл ұшы дыбысы. Ал **ң** – тіл арты дыбысы.

3. Қазіргі таңда дыбысты жоғары деңгейде балаға түсіндірудің түрлі әдістері бар. Сол себепті бұндай ауытқулары бар балалармен мұғалім жеке жұмыс жасауы тиіс. Сонда ғана қасындағы балалармен еркін әңгіме құрып, еркін пікірлесе алады. Бала еркін ойын жеткізе алмаса, өмірде жасқаншақ немесе ынжық болып өсуі мүмкін. Әрбір ата-ана баласының болашағы жарқын болсын десе, өзінің және баласының аузынан шыққан әрбір дыбысқа баса назар аударуы қажет.

4. Баланың қоршаған ортасы баламен анық әрі тілде сөйлегені жөн. Бала «менім ойыншығым» деп айтқан жағдайда анасы я тәрбиешісі «менің ойыншығым» деп жауап қайтарғаны дұрыс. Себебі қазіргі кезде баламен нормаланған әдеби тілде сөйлемек түгілі, баламен пати, мати, сати деп отырған ата-ана қаншама. Бұл баланың тілі не болмақ? Содан кейін тілі шықпай жатыр, әлі сөйлей алмайды деп реніштерін айтып жататындары тағы бар. Баланы бала демей, ересек адаммен сөйлескендей коммуникацияға түсу керек.

5. Баланы өз ана тілінде сөйлейтін ортада тәрбиелеу керек. Балабақшада қазақ тілінде сөйлеп, үйде ата-анасы орыс тілінде сөйлейтін болса, баланың сөйлеу аппаратын

да, ой-өрісін де шатастырамыз. Қазір қаланың көп отбасыларында осындай мәселе бар. 4 жасқа келген баланың тілі шықпай, ата-ана логопедке барады. Енді ересек адамды білмейтін екі тілді үйрететін курсқа жазып, екеуін бір уақытта, бір бөлмеде кезек үйретсін. Сол ересек меңгеріп шыға ма екен? Міне, біз, үлкенде, осы жөнінде ойланайықшы. Өмірдің есігін енді ашқан, аппақ қағаздай тап-таза, ешқандай ақпарат жазылмаған, сызық сызылмаған балаға таза тілімізді үйрету әрбір ата-ананың қолында ғой! Анасы қай тілде сөйлесе, баласының ана тілі сол екенін ұмытпайық.

6. Бүгінгі күннің балалары теледидардан мультфилмдерді көп көреді. Ол мультфильм көбіне көп орыс тілінде болады. Ал қазақстандық «Балапан» арнасында 2-5 жас аралығындағы баланы тартатыны аз. Енді бала үнемі орыстілді арналардан мультфильм көрсе, «ң» дыбысын қайдан үйренсін. Себебі «ң» дыбысы орыс тілінде жоқ. Қазақстанда балаларға арналған қазақтілді бір ғана арна бар. Ал орыс тілінде 6-7 арнадан тек мультфильм көрсетеді. Бұдан баланың таңдауы сол орыс тілділерге түсетінін аңғаруға болады. Демек, балаға сапалы қазақ тіліндегі мультфильмдерді көрсетсек, дыбыстарды еркін меңгеруге мүмкіндік жасай аламыз. Сонымен, «ң» дыбысын дұрыс айту үшін ең алдымен бала, одан кейін ата-ана немесе тәрбиеші мен мұғалім еңбектенуі керек. Себебі қазақтың сөздік қорында «ң» дыбысы бар сөздердің саны өте көп.

Қазақ тілі жалғамалы тіл (аглютинативті тіл) болғандықтан, әрбір сөзімізге қосымша жалғанды. Тіліміздегі септік, тәуелдік жалғауларында «ң» дыбысы міндетті түрде болады. Сол себепті «ң» дыбысын балаларға үйретуде өте мұқият болған жөн. Бұл біріншіден, қазақ тілінің төл дыбыстарының қатарында, екіншіден, дыбысты дұрыс айтпау баланың сауатты сөйлеуіне кері әсерін тигізеді.

Төл дыбыстарды үйретудегі жаңылтпаштардың рөлі. Әйгілі ағылшын психологы әрі педагогы Джером Брунер «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

-белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу);

-бейнелік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу);

-таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу) [3].

Ал психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға әзір болардай өзіндік ерекше қабілет, биімділік бар екен. Бастауыш сыныпта оқушының шығармашылық дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан ешнәрсе келмейді» деген тыс қорқыныш сезімі, екінші өзіне өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін өзі жек көріп кетеді), үшінші – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттары:

1. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау. (Топтау, бақылау, қалыптастыру)

2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.

3. Оқушы мүмкіншілігіне (потенциалына) сай шығармашылық тапсырмалар- ды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.

4. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып зерттеу.

5. Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

6. Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтау, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

7. Мұғалім өз ісіне ізденімпаздықпен қарап, сабақты шығармашылықпен өткізу.

Яғни, мұғалім сабақ барысында оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда қосымша ресурстарды жиі қолдануға тиіс. Қосымша ресурс ретінде қазақ фольклорлық шығармаларын пайдалану өте қолайлы. Себебі, қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады» [4].

Халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді. Зерттеуші Н. Төреқұлов «жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» деген анықтама бере отырып, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтарды дидактикалық шағын жанрға жатқызады.

Жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен: *Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па?* деген сияқты жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай, жылдамдата айтса, *Ақ таяқ па? Қара таяқ па?* болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді.

Жаңылтпаштар негізінен балаларға тән мұра. Ол жөнінде қазақ балалар әдебиетінің білгірі Ш. Ахметов: «Бұл жанр тек қана балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстармен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар» – дейді. Бұл пікір жаңылтпаштың балалар фольклоры құрамындағы функциясын толық ашады. Бірақ жаңылтпаштың шығу тегі мен оның алғашқы функциясы ғылымда жете тексеріле қойған жоқ. Егер жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тумайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер репертуарында өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен. Бұлай ауысудың өзі де жайдан-жай емес. Ертедегі халықтар баланың тілінің тезірек шығуы үшін әртүрлі магиялық әдет-ғұрыптарды пайдаланған. Ол туралы Д. Д. Фрезер көптеген мағлұматтар келтіре отырып: «Орталық Азия түріктері көпке дейін тілі шықпаған баланы, әртүрлі сайрағыш құстардың тілімен тамақтандырады» – деп жазады. Бұған ұқсас әдет-ғұрыптар қазақ халқында бертінге дейін сақталған. Оның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бір көрінісін Х. Хустанаев былай сипаттайды: «... дәл осылай қазақтар балаларын ең алдымен сөйлеуге үйретеді, ол үшін оларды шешен сөйлейтін адамдардың сарқытымен тамақтандырады, олар сарқытпен бірге шешендік қасиеттің балаларға берілетіндігіне шек келтірмейді, одан соң бала жүйелі сөйлеуге жаттығу үшін түрлі түсініксіз сөздерді тез айтуға асықтырады».

Бұдан жаңылтпаштың бала тілін шығаруға байланысты функция атқарғандығын да байқаймыз.

Жаңылтпаштың ұйқасты, үйлесімді тілмен келетін өлеңдік өрнегі де балаларға үлкен ләззат береді. Жаңылтпаш – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі. «Жаңылтпаштың сөздері айтуға қиын, көбінесе ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшаңдата, тездете айтылуға тиіс... Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға тиіс», - деген ғалым М. Ғабдуллин. Шығарма астарында жатқан ойды аңғарып, ой қорытындысын жасау алғашқы кезде балаларға қиынырақ түсуі мүмкін. Бірақ үлкендердің көмегімен бала астарлы мағынаны табуға дағдылана бастайды. Соның нәтижесінде кейін бала өлеңнің, әрбір жұмбақтың, әрбір жаңылтпаш пен өзге де шығармалардың байыбына барып, мазмұнына терең үңіліп, қорытынды шығара білуге үйренеді. Бұл бір жағынан баланың ақыл-ойын, санасын, тілін, логикасын дамытса, екінші жағынан оған рухани, этикалық және эстетикалық тәрбие береді.

Айтылмақ ой жаңылтпаш арқылы тыңдаушыға қызықты да әсерлілігімен көкейге қонымды болып, қарапайым жеткізіледі. Мысалы: *Асан бақша жақтан ақ сабақ асқабақ әкелді,*
Басқа жақтан басқарақ асқабақ әкелді. Мұнда Асанның өз маңдай терін төгіп еңбек еткен бақшасынан алынған асқабақ пен басқа жақтан әкелген асқабағын әдемі де, астарлы, ұтқыр да тапқыр жаңылтпашпен айқындап беріп отыр. Жаңылтпаштар көп жағдайда шағын көлеммен шектеліп, заттың барлық қасиеттерін айтпай-ақ, негізгі белгілерін басшылыққа ала отырып, қысқа да нұсқа түрінде айтылады.

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың төл дыбыстарды айту, жазу, есте сақтау және ұқсас дыбыстарды жылдам ажыратудағы тез ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаштағы *ақ сабақ асқабақ әкелді, басқарақ асқабақ әкелді деген ұқсас сөздердегі қатаң «қ» дыбысын ажырату үшін берілген тапсырма.*

Бастауыш сыныптардағы орыс тілді оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай жеңілдеу жаңылтпаштар беріліп, сөздегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері мен мағыналық жақтары талданады. Мысалы:

*К**ү**з, Кез, К**ө**з,*
*К**ү**ш, Кеш, К**ө**ш,*
***Кір**, Кер, К**ө**р,*
*К**ү**л, Кел, К**ө**л,*
Кілең қысқа сөз,
Кім оқиды тез?
немесе
Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім,
Неше кіші ішік піштім?

Бұл екі жаңылтпашта да, қазақ тіліндегі «ү», «ө», «і» дыбыстары қайталанып, жиі кездеседі. Сондықтан, жаңылтпашты жылдам әрі дұрыс айтқан оқушының тілі де дыбысты айту мәнері де тез қалыптасады.

Сынып жоғарылаған сайын берілетін жаңылтпаштардың көлемі де, мағыналық сиапты да, сөздерінің күрделілігі де арта түседі. Орта буындағы сынып оқушыларына берілетін жаңылтпаштар:

Арқада алты арқар бар,
*Қырқада **қырық арқар** бар.*
***Қырық арқарда** ақ арқар бар.*
***Алты арқарда марқа арқар** бар.*

немесе

*Түсіне **дүрбі кірген**,*
*Қарға мойнына **дүрбі ілген**.*
Дүрбіні бір күн ілген,
*Бір күн **ілмеген**.*
*Өрісінде **жүз бір өгіз**,*
*Сұрап алдық **біз бір өгіз**.*
Сұрадыңыз сіз бір өгіз...
Есебін ап біз жүреміз.

Қорыта айтқанда, жаңылтпаштар бала тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Балалар жаңылтпашты мазмұнын жаттап айтып қана қоймай, жазуға үйренеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Аносова Л. Р. Психолингвистическая интерпретация семантико-синтаксических отношений в речи. Теоретическо-экспериментальное исследование на материале детской речи): дис. ... канд. филол. наук. - Саратов, 1987.

2. Ахутина Т. В. (Рябова) Порождение речи: нейролингвистический анализ синтаксиса. М.: МГУ, 1989.

3. Белыпюков В. И. Универсальный языковой код // Дефектология. 1990. № 5. С. 8-15.

4. Ахмет Байтұрсынов «Тіл құрал»

5. Божович Е. Д. Развитие языковой компетенции школьников: проблемы и подходы // Вопросы психологии. 1997. № 1. С. 33-44.

6. Ваганова А. К. Номинация в детской речи: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Таганрог: ТГПИ, 1997.

7. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. -Алматы, 1962

Қолданыстағы тілдік нормалардың бұзылуының кейбір мәселелері

Ордабаева З.
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты

Тылсым табиғаттың адам баласына тарту еткен тамаша дархан сыйлығының бірі – тіл. Тіл – адам баласымен бірге туып, біте қайнасқан, бағзы замандардан бері оған қызмет етіп, бойындағы бар қасиетін тек адамға ғана бағыштап келе жатқан қоғамдық феномен. Қай халықтың болмасын қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтерілген биігі оның ана тілінде мәңгілік сақталып отырады. Ұлттық ақыл-ой тереңдігі көп салалармен тармақтала,

молыға келіп, ана тілінің алтын қорын толықтыра түсетіні ақиқат. Ана тілінің өміршеңдігі, қоғаммен сабақтасып, оның күре тамырына айналу себебінің өзі де осында.

Қазіргі цифрлық коммуникация және жаһандану дәуірінде тілді қолдану тәсілдері күн санап өзгеруде. XXI ғасыр – әлеуметтік желілердің дамуы қарқын алған кезең. Бүгінгі күнде бір күнімізді әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Әлеуметтік желілерді пайдалану – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуы үшін сөйлесудің ең қолайлы, тиімді, оңай және тез жолы болып табылады. Әлеуметтік желі адамдар арасындағы коммуникацияның ең тиімді түрі болғанымен, ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларының сақталуы, жастар арасындағы қарым-қатынас пен әлеуметтік медианың жастардың жеке басы мен тіліне қалай әсер ететінін анықтау зерделеуді қажет етеді. Басты мәселе – әлеуметтік желілердің тілдік нормаға кері әсерін тигізуі. Мысалы, ғаламтор желісінде мәтіндер әдетте асығыс жазылады, көбінесе тыныс белгілері мен бас әріптер жоқ, сөздердің орынсыз қысқартулары көп кездеседі. Басты нәрсе сауатты және нормативті сөйлеудің қысқартулар, англицизмдер және ғаламтор сленгімен ауыстырылып отырылуында. Фразалар біртіндеп ғаламтор жаргоны болуды тоқтатып, тілімізде түп-тамырын жайып отыр, бұл сөзсіз жас ұрпақтың сауаттылығының төмендеуіне әкеледі.

Ғаламторды пайдаланушылар жалпы қабылданған орфографиялық нормаларды, грамматикалық, стилистикалық және басқа нормаларды бұза отырып жазылған, түсініксіз, мағынасыз, әдепсіз лексикаға толы түрлі мәтіндер толқынына еніп кетті. Бірақ ауызекі сөйлеуде қарым-қатынас тек дөрекілік пен мағынасыздықтан тұрады деуге болмайды. Мәселе мұнда емес, бұл жерде сөйлеу әрекетінің өзіндік нормалары өздігінен орнатылады. Сонымен қатар олар белгілі бір дәрежеде ауызша қарым-қатынас нормаларымен (жеке және қоғамдық), сондай-ақ жазбаша қарым-қатынас нормаларымен байланыса отырып, нәтижесінде түбегейлі жаңа нәрсе пайда болады. Бұл айтылып кеткен нәрселердің барлығы – әлеуметтік желілердің жастардың сөйлеуіне теріс әсер ететіндігінің дәлелі. Осы мәселені шешу үшін сөйлеу мәдениетін дамыту және сөйлеу сауаттылығын арттыру бойынша қажетті жұмыстарды жеткілікті түрде жүргізу қажет. Әлеуметтік желілерде қате кеткен жағдайда түзету енгізетін немесе сөздер толық, қатесіз жазылған жағдайда ғана хабарламамыз келесі адамға жіберілетіндей міндетті функциялар енгізілсе, сауатты адамдар қатары көбейе беретіні сөзсіз. Сонымен қатар, теледидарда сауатты сөйлеудің маңыздылығы мен қажеттілігін насихаттайтын бағдарламалардың, әлеуметтік бейне жазбалардың көрсетілгені дұрыс. Адамның мәдени деңгейі, әсіресе, оның сөйлеуінде айқын көрінеді. Сауатты сөйлеу және жаза білу – қазіргі заманғы мәдениетті адамның маңызды артықшылықтарының бірі.

Уақыт дәлелдеген айқын бір құбылыс – ол тілдің үнемі даму, жаңару, толығу үстінде болатындығы. Түрлі қоғамдық өзгерістер, тарихи оқиғалар мәдениет пен әдебиетке, тілге өз ен-таңбасын салып, түрлендіріп, дамытып отырады. Жаңа сөз, жаңа ұғым бұқара халықтың құлағына сіңісті болып, күнделікті қолданысқа еніп дағдыланып кетуіне бірден-бір дәнекер – бұқаралық ақпарат құралдары екені анық. Ақпаратқа деген рухани сұраныстың орасан зор қажеттілігін мемлекетіміздегі әрбір азаматтың көкірегі ояу, көзі ашық, сауатты да, мәдениетті болмысынан аңғара аламыз. Сауатты да, мәдениетті деп отырған халқымыз қазіргі кезеңде «шын сауаттылықты», «шын мәдениеттілікті» насихаттап отырған ақпарат көздерінен сусындап отыр ма, міне, негізгі мәселе осында жатса керек. БАҚ-тағы тіл, сөз мәдениеті хақында соңғы жылдары түрлі мәселелер үзбей көтеріліп, жазылып, келеді. Ондағы басты кемшілік – көптеген журналист-

қаламгерлеріміздің ұлттық тілдің уызына жарымағандығы, яғни, тілдегі әртүрлі орашолақтықтарға жолберілуі.

Тіл орашолақтығы баспасөзден гөрі телехабарларда жиі байқалады. Бұқара халықтың санасында ертеден қалыптасқан ұғым: газетке басылғанның қатесі жоқ, теледидардан айтылған сөздің бәрі ақиқат. Ендеше халықтың «көзі, құлағы» болып саналатын БАҚ-та қателерге жол берілмеуі тиіс. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп, ұлы ақын Абай айтса, «Әлемде сөзден күшті не бар екен?!», – деген екен М. Әуезов. «Тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жоқ. Тіл өлгенді де тірілтеді. Әлдеқашан қайтыс болған прототиптерді тіл жасаған ұлы образдар тірілтіп көз алдыңа әкеледі. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Сөз құдіреті ғажап: алтынды мыс, мысты алтын етіп көрсете алады. Тас жүректі қорғасындай балқытып, балқыған қорғасынды тастай ете алады. Кірлі көңілді тазартып, кірсіз көңілді кірлей алады. Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені, тіл байлығы бәрінен де сенімді байлық. Мұралардың ең қымбаттысы – сөз. Сөз – Күн шалмас қараңғы көңілді шалады. Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Сөз құдіреті ақты қара, қараны ақ етуге жетеді. Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды» (Ғ. Мұстафин) [1, 14].

Қазақта қара сөздің қаймағын қалқыған от ауызды, орақ тілді, шешен, шебер сөйлейтін журналистер, жазба әдебиетіміздің қас шеберлері Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, А. Сейдімбеков, Д. Исабеков және көптеген қаламгерлеріміздің көркем һәм публицистикалық шығармалары төгіліп тұрған ғажап дүниелер емес пе? Ауыз екі тілімізде кешегі Ақтамберді, Қазтуған, Шалкиіздердің мұрасы сөйлеу мәдениетінің үлкен бір мектебі екені хақ.

Қазақ ұлттық әдеби тілінің жіктелуінде ерекше тілдік жүйеге құрылғаны – ауызекі сөйлеу стилі екенін жақсы білеміз. Оның ерекшелігі сол – сөйлеудің алдын-ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асырылып, тіл мәдениетін қатаң сақтауға талап қойыла бермейтіндігі. Тіл, яғни сөйлеу – адам баласының өзімен бірге мәңгі жасасып келе жатқан, олардың халық, ұлт болып орнығуының басты көрсеткіші ретінде саналады. Тіл мәдениеті жайында ғалым А. Байтұрсынов «ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» деп анықтама берген [2, 181], ал академик Р. Сыздық «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану, дұрыс құрастыру, дұрыс қиюластыру, дұрыс дыбыстау, сауатты жазу, тілді әсерлі етіп жазу нормаларын ұстау, орнықтыру, жетілдіру», – деген анықтама ұсынады [3, 26].

Ауызекі сөйлеуде әдеби тілдің нормасынан тыс сөздер сөз тіркестері – варваризмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, диалектілер, сленг сөздер ұшырасып отырады. Белгілі ғалымдар А. Янушкевич пен В. Радлов тамсанған ұлтымыздың нәрлі тілінің бейнелігі азайып кетті. Оның бір көрінісі, әдеби тілдегі жаргондар мен сленгтердің сөйлеу тілінде белең алып бара жатқандығы. Ал, бұл өз кезегінде адам ойының дамуына аз да болса кедергі келтіреді. Белгілі ғалым Рабиға Сыздық: «Ауызша сөздің жиі қолданылатын жері – алқа топ алдындағы сөздер. Алқа топ алдында дұрыс сөйлеп дағдыланған адам күнделікті ауызекі сөйлеуде де біршама әдеби нормаға сай, дұрыс сөйлеуге үйренеді. Бүгінгі қазақ қоғамында күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеудің әдеби тіл нормасымен көрінуі жоққа тән», – деген ой айтады [3, 15]. Шынымен, бүгінгі қоғамда ауызекі сөйлеу тілі тым қара байырланып, бейнелі сөздердің қолданысы көмескі тартып бара жатқандығы дау тудырмайды. Мысалы, ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылғанымен, әдеби тілге

сіңісе қоймаған, тіпті орынсыз қолданылып сөйлеу мәдениетіне нұқсан келтіретін тілдік ерекшеліктер толып жатыр. Оларға басы артық қыстырма сөздерді жиі қолдану, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуы т. б. жатады. Мысалы, «бара жатырмыз», «тұрмыз» деудің орнына «баратырық», «тұрық» деген сияқты сөздерді қиналмай айтуды, «баруымыз керек, келуің керек» сөз тіркесінің орнына «бару керекпіз, келу керекпіз» деген, «отырмын, ұйықтаймын, білмеймін» деген сөздердің орнына «отырм, ұйықтайм, билмейм» деген тәрізді сөйлеу түрлерін жиі естиміз. Сондай-ақ, отандық теларналарда тележүргізушілер «Алматыда бүгін жаңбыр күтілуде» деп хабарлап жатады. Негізінде, «метеорологиялық орталық бүгін Алматыда жаңбыр жауады деп болжайды» немесе «метеорологиялық орталықтың мәліметтеріне қарағанда, бүгін Алматыда жаңбыр жауады, «Алматыда бүгін жаңбыр жаууы ықтимал» деп қолданылғаны дұрыс.

Қазіргі әлеуметтік ортада жастар арасында сленг тілінде сөйлеу орныгып келеді. Жастар арасындағы жиі кездесетін сленгтер «краш», «хейт», «сорян», «респект», «пранк», «фейк», «инсайд», «батан», «капустаға қарау» және т. б. Мұндай сөз қолданыстары қазақ әдеби тілінің қоғамдағы қызметін шектейді, тілдің тазалығына кері әсерін тигізеді, өзге тілдің қазақ тілін қолданыстан ығыстыруына себеп болады. Сөйлеу мәдениетінің басты ұстанымы – орфоэпиялық норма. Қазақ тілінің орфоэпиялық (сөзді дұрысайту, дұрыс дыбыстау) нормаларын сақтамай, одан ауытқитын тұстары бар. Бұл ауытқулар ауызша сөйлеушілердің, әсіресе шаршы топ алдына шыққандардың, теле-радио дикторларының, комментаторларының, кейбір әншілер мен әртістердің тарапынан байқалады. Бұл – сөз сазы деп аталатын орфоэпиялық нормаларды жақсы білмеушіліктің, оған мектептер мен жоғары оқу орындарында дұрыс үйретілмейтіндіктің және жалпы жұртшылықтың сөзді дұрыс айту дегенге өз дәрежесінде мән бермеушіліктің салдарынан туып жатқан ауытқулар [3, 19].

Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл-күйге әсер ететін шынайылығы, көркемдігі маңызды рөл атқарады. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекісөздерді, варваризмдерді қолдану, бейәдеп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, бейвервалды қарым-қатынасты орынсыз пайдалану – дұрыс сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізеді. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру де сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе, нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері мен ақын-жазушылардың шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Н. Уәли, Р. Сыздықова, Ғ. Қалиұлы, С. Исаев, Т. Арынов т. б. ғалымдар зерттегені белгілі.

Сөйлеу мәдениеті – үлкен қасиет, мазмұны жағынан терең, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жетуіміз қиын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол мұрасын игерген, құдіретін түсінген жан өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя біледі, сөзді қалай

болса солай қолдануға жол бермейді. Ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттырудың бірден-бір жолы – тілімізге қамқорлық жасап, сөз мәдениетіне үлкен мән беру. Мағыналы да маңызды ұлттық тілдің уызына жарыған шешен де шебер мәдениетті сөйлей білетін мамандар тәрбиелесек нұр үстіне нұр болар еді. Бұл тұжырымдарды тарқатып айтар болсақ, жоғарыда өзіміз сөз еткен «ұлттық тілдің уызымен» сусындап өсу қағидасымен байланысты екендігін байқаймыз. Қалай десек те, бүгінгі таңда әлеуметтік желідегі, БАҚ-тағы тіл мәдениетін қалыптастырып, оның көлеңкелі тұстарынан арылып, көкжиегін кеңейте түскеніміз абзал. Әлеуметтік желі мен БАҚ тілінің мәдениеттілігі – бұқара халықтың сауаттылығының басты кепілі.

Сөз мәдениеті және лингвостилистика

Арасанбаева З.
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы
В. Г. Белинский атындағы орта мектеп

Сөз мәдениеті мен лингвостилистика – тіл білімінің ерекше мәнге ие салалары. Сөз мәдениеті – тілдегі қарым-қатынас сапасын арттыруға бағытталған ұғым, ал лингвостилистика – тілдің түрлі стильдер арқылы көркем және мағыналы қолданысын зерттейтін ғылым. Осы екі сала бір-бірімен тығыз байланыста дамып, адамның тілді қолдану деңгейін жақсартуға ықпал етеді.

Сөз мәдениетінің құрылымы және міндеттері

Сөз мәдениетінің негізгі элементтері:

1. Сөздің дұрыстығы – тіл нормаларына сай, дұрыс қолданылған сөздер мен тіркестер. Дұрыс сөйлеу үшін сөздің лексикалық және грамматикалық құрылымын жақсы білу керек. Мысалы, сөздерді орынсыз қолдану немесе тілдік қателер сөйлеудің сапасын төмендетеді.

2. Сөздің байлығы – әртүрлі синонимдерді, көркем сөздер мен бейнелі тіркестерді қолдану арқылы ойды байыту. Мәселен, бір мағыналы сөзді әрқилы тәсілмен жеткізу арқылы сөйлеуші өзінің тілдік қорын көрсетеді.

3. Сөздің әсерлілігі – тілдің бейнелі және көркем құралдарын қолдану арқылы сөздің тыңдаушыға әсер ету мүмкіндігін арттыру. Мысалы, метафора, теңеу, гипербола сияқты бейнелеу тәсілдері тыңдаушыға эмоционалдық әсер береді.

4. Сөздің ұғынықтылығы – ойдың анық, түсінікті және жүйелі түрде жеткізілуі. Қарапайым әрі логикалық құрылым сөйлеудің дұрыс қабылдануына әсер етеді.

Сөз мәдениетінің басты мақсаты – тіл арқылы қарым-қатынасты оңтайландыру. Қазіргі қоғамда коммуникацияның сан алуандылығы сөз мәдениетінің маңыздылығын арттыра түседі, себебі ауызекі және жазбаша тілдерде стильдік ерекшеліктер сақталуы керек.

Лингвостилистика және оның қызметі

Лингвостилистика – стильдік ерекшеліктерді, сөйлеу тәсілдерін зерттеп, тілдің әртүрлі стильде қалай қолданылатынын қарастыратын сала. Ол бірнеше міндеттерді атқарады:

- Стильдердің классификациясы: Лингвостилистика тілдегі стильдерді нақтылап, олардың ерекшеліктерін анықтайды. Қазақ тілінде негізгі бес стиль бар: ресми, ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стилі.

- Стилистикалық фигураларды зерттеу: Лингвостилистика тілдегі бейнелеу құралдарын, троптар мен стилистикалық фигураларды қарастырады. Мысалы, эпитеттер, метафоралар, аллегориялар арқылы шығармалардағы образды тереңірек түсінуге болады.
- Контекстегі тілдік ерекшеліктер: Лингвостилистика сөздің контекстте қалай өзгеретінін, оның мағынасының қалай ерекшеленетінін зерттейді. Мәселен, бір сөз әртүрлі контексте түрлі мағынада қолданылуы мүмкін.

Сөз мәдениеті және лингвостилистика арасындағы байланыс

Лингвостилистика мен сөз мәдениеті бір-бірін толықтырып тұратын екі сала. Лингвостилистика тілдің стилистикалық қабаттарын зерттеп, оның әртүрлі коммуникативтік жағдайларда дұрыс әрі әсерлі қолданылуын қамтамасыз етсе, сөз мәдениеті сөйлеудің сапасына мән беріп, сөздің дұрыстығын, тазалығын және түсініктілігін талап етеді.

Мысалы, публицистикалық стильде қолданылатын сөздер көбінесе халықтың кең аудиториясына арналғандықтан, оның түсінікті әрі эмоционалды болуы маңызды. Ал ғылыми стильде керісінше, нақты және терминологиялық тұрғыдан дұрыс қолданыстар қажет.

Қазіргі заманғы сөз мәдениеті және лингвостилистика мәселелері

Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамда коммуникацияның өзгеруімен байланысты сөз мәдениеті мен лингвостилистиканың өзекті мәселелері де пайда болуда. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен интернет арқылы қарым-қатынас жасау кезінде тілдік нормалардың сақталуы және сөздің сапалы жеткізілуі өзекті.

- Интернеттегі тілдік нормалар: Әлеуметтік желілердегі қысқа мәтіндер мен бейресми қарым-қатынас стилі көп жағдайда тіл нормаларының бұзылуына әкеледі. Бұл сөз мәдениетіне кері әсер етуі мүмкін. Осыған орай, қазіргі лингвостилистика интернет коммуникациясының ерекшеліктерін зерттеуде.
- Бейресми сөйлеудің көбеюі: Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде көбінесе бейресми сөйлеу стилі қолданылады. Бұл тіл мәдениетінің талаптарын әлсіретеді, бірақ оны да ерекше құбылыс ретінде зерттеу маңызды.

1. Сөз мәдениетінің қоғамдағы рөлі

Сөз мәдениеті қоғамның мәдени және рухани дамуына тікелей әсер етеді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге мәдениетті сақтаушы және таратушы маңызды құрал болып табылады. Тіл мәдениетінің деңгейі ұлттың жалпы мәдениетінің көрсеткіші деп қарастырылады. Сондықтан, тіл мәдениетіне қамқорлық жасау – әрбір адамның міндеті.

Қоғамда сөз мәдениеті арқылы:

- Әдепті қарым-қатынас қалыптасады;
- Әлеуметтік келісім мен сыйластық нығаяды;
- Қоғамдық пікірдің мәдени деңгейі артады;
- Жаңа ұрпақтың тілді дұрыс меңгеруіне жағдай жасалады.

2. Тіл тазалығы және пәлеологиялық қателіктер

Сөз мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі – тіл тазалығын сақтау. Бұл дегеніміз, тілге шет тілдік артық сөздерді, диалектілік немесе варваризмдерді енгізбей, ана тілді таза, дұрыс қолданып, жеткізу.

Қазіргі заманда интернет пен жаһандану процесі шет тілдік сөздердің қазақ тіліне енуіне ықпал етуде. Бұл процес шектеулі болса да, мәдениетті сөйлеуде тілдің тазалығын сақтау маңызды. Пәлеологиялық қателіктер – бұл сөйлеу кезінде орын алатын мағыналық

қателіктер, мысалы, сөздерді орынсыз қолдану немесе контекске сәйкес емес тіркестерді пайдалану. Осындай қателіктер тіл мәдениетін бұзады, сондықтан оларды болдырмауға тырысу керек.

3. Қазіргі тілдік өзгерістер және олардың мәдениетке әсері

Тіл әрқашан дамуда, және бұл үдеріс тоқтаусыз жалғасады. Қазіргі заманғы тілдік өзгерістерге мыналар кіреді:

- Неологизмдердің пайда болуы: Ғылым мен технологиялардың дамуымен жаңа сөздер пайда болуда. Мысалы, компьютерлік, ғарыштық немесе биотехнологиялар саласындағы терминдер сөздік қорға еніп, тілдің байлығын арттырады.
- Жаргондар мен сленгтердің кеңеюі: Жастар арасында әртүрлі топтардың, субмәдениеттердің өкілдері өздеріне тән сленгтерді қолданады. Бұл сөздік мәдениетке біршама әсер етсе де, ресми тілде мұндай сөздерді қолданбау керек.

4. Лингвостилистика және мәтіннің прагматикалық аспектілері

Лингвостилистика тек сөздердің әдемілігін ғана емес, сонымен бірге олардың прагматикалық (нәтижелі) әсерін де зерттейді. Бұл бағытта сөздің адресатқа қалай әсер ететінін, коммуникативтік жағдайларда қандай нәтиже беретінін талдау маңызды. Мысалы, жарнама мәтіндерінде лингвостилистикалық тәсілдерді дұрыс қолдану өнімді тұтынушыларға тиімдірек таныстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, саяси дискурс, публицистикалық мақалалар немесе ғылыми баяндамалар сияқты түрлі мәтіндерде лингвостилистикалық әдістер шешуші рөл атқарады. Әрбір сөздің, тіркестің нақты контекстегі мағынасы мен әсерін дұрыс таңдау маңызды, себебі бұл тыңдаушының немесе оқырманның реакциясына тікелей әсер етеді.

5. Қазақ тіліндегі классикалық және заманауи лингвостилистика

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде классикалық лингвостилистикалық тәсілдер кеңінен қолданылады. Мысалы, Абай Құнанбайұлының өлеңдеріндегі метафоралар мен көркем бейнелер, Мұхтар Әуезовтің прозасындағы стильдік ерекшеліктер – қазақ тіліндегі сөз өнерінің керемет үлгілері. Бұл авторлар сөз мәдениетінің ең жоғары деңгейін көрсетіп, тілді көркем жеткізуге үлес қосты. Қазіргі заманда лингвостилистика тек көркем әдебиетте ғана емес, медиасалада, кино, блогинг сияқты жаңа платформаларда да маңызды. Жаңа медиа коммуникацияларында қолданылатын стильдер өзгеріп, бейресми және жылдам қарым-қатынас тәсілдері кеңінен таралуда.

6. Тіл мәдениетін жақсартудың жолдары

Тіл мәдениетін жақсарту – әрбір азаматтың міндеті. Мұны келесі жолдармен жүзеге асыруға болады:

- Кітап оқу: Әдеби шығармаларды оқу сөздік қорды байытып, тілдің бейнелілік құралдарын жақсы меңгеруге көмектеседі.
- Мәдени шараларға қатысу: Спектакльдер, поэзия кештері, әдеби кездесулер арқылы сөз мәдениетін жетілдіруге болады.
- Жазбаша тілді дамыту: Жазбаша тіл сөйлеу мәдениетінің маңызды бөлігі. Мәтін жазу, эссе жазу арқылы ойды нақты және көркем жеткізу дағдыларын дамытуға болады.
- Тілдік білімді арттыру: Тілдік ережелер мен нормаларды білу – сөз мәдениетін жетілдірудің негізгі шарты. Тіл білімі бойынша оқулықтар мен арнайы курстар осы бағытта пайдалы болуы мүмкін.

Сөз мәдениеті мен лингвостилистика – қоғамдағы қарым-қатынастың маңызды элементтері. Сөз мәдениеті адамның білімділігі мен рухани деңгейін көрсетсе, лингвостилистика тілдің көркемдік, стильдік ерекшеліктерін зерттеп, тілдің әртүрлі

салаларда қолданылуын талдайды. Бұл екі сала тілдің әсерлілігі мен дұрыс қолданысын қамтамасыз етумен қатар, ұлттық құндылықтарды сақтауға, мәдениет пен дәстүрді келесі ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Сөз мәдениеті – тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның мәдени деңгейін анықтайтын көрсеткіш. Сөйлеу мен жазуда тілдік нормаларды сақтау, бай сөздік қорды қолдану, әсерлі әрі бейнелі сөйлеу – қоғамның мәдени дамуына тікелей ықпал ететін факторлар. Тілдік қателіктер, бейресми сөйлеудің жиі қолданылуы, шет тілдік элементтердің артық енгізілуі сияқты құбылыстар сөз мәдениетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір адам өз тілін жетік меңгеріп, оны көркем және мәнерлі қолдануды үйренуі қажет.

Лингвостилистика адамға түрлі коммуникациялық жағдайларда тілдің стильдік мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, ойын дұрыс жеткізуге көмектеседі. Ол тілдің эстетикалық және прагматикалық қызметін талдап, сөзді әртүрлі контекстте тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Тілдің стилистикалық ерекшеліктерін білу әсіресе публицистикада, саясатта, әдебиетте және ғылымда өте маңызды. Қазіргі заман талабына сай сөз мәдениеті мен лингвостилистика жаңа өзгерістерге ұшырап отыр. Интернеттің, әлеуметтік желілердің дамуы жаңа сөйлеу стильдерін, бейресми қарым-қатынасты қалыптастырғанымен, дәстүрлі сөз мәдениеті мен әдеби тілдің сақталуы басты орын алуы тиіс. Осылайша, қоғамның мәдениеті де, тілі де дамып, келесі ұрпаққа таза әрі бай мұра ретінде қалуы қажет. Тіл мәдениетін көтеру әр адамға және қоғамның әрбір мүшесіне байланысты, сондықтан тілге деген құрметті сақтау – ұлттың келешегі үшін маңызды қадам.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Қабдолов З. Сөз өнері**.** – Алматы: Атамұра, 1998.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті**.** – Алматы: Атамұра, 1997.
4. Жұбанов А. Қазақ тіліндегі стильдер. – Алматы: Жазушы, 1974.
5. Оразбаева Ф. Тіл мәдениеті**.** – Алматы: Санат, 1997.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Ғылым, 2001.
7. Нұрмұратова Б. Сөз мәдениеті және оның маңызы. – Алматы: Қайнар, 2012.
8. Тынышбаев С. Лингвостилистика: теория және практика**.** – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
9. Сәдуақасова Б. Сөз мәдениетінің қағидалары**.** – Алматы: Раритет, 2010.
10. Салықов Т. Тіл мәдениеті және коммуникация. – Алматы: Білім, 2018.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Пәнаралық интеграция – сапалы білім берудің тиімді жолы

Бейсенбайқызы З.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Дәулетова Ж.
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «білім беру жүйесі адами капиталды дамытудың басты басымдықтарының бірі болып табылады», -деп, білімнің адам өміріндегі маңызына, соған орай қазіргі білім берудің басты бағыттарына үлкен мән беріледі. Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат— білімді де білікті, иманы мен рухани-адами қасиеттері қалыптасқан, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу болғандықтан, білім алушының игерген білім, білік, дағдысымен шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау арқылы өзін өзі адамгершілік, ақыл-ой жағынан дамытуға қабілетті, өмірге бейім, белсенді тұлға тәрбиелеу. Ондай мүмкіндіктің негізі білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру арқылы жас ұрпаққа сапалы білім беру екені аян. Жас ұрпақтың келешегіне жол ашатын, өміріне азық болатын сапалы білім беру қоғамның ең маңызды мәселесі болғандықтан, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарындағы жалпыұлттық басымдық сапалы білімге байланысты: «оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру», – деп атап көрсетеді [1].

Сапалы білім беру дегеніміз ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Мұндай маңызды міндеттерді шешу үшін дәстүрлі оқыту жүйесінен біртіндеп қарқынды даму шеңберіне жеткізе алатын жаңа оқыту технологияларын қолдану қажеттілігі туындайды. Демек, білім беру тек бағдарламалық материалды игерту ғана емес, ол оқушының ойын дамытатындай, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратындай, өзінің қоғамдағы орнын, азамат ретінде қоғам алдындағы міндетін саналы түсінетіндей жан-жақты тұлға ретінде жетілуіне, орнығуына жағдай жасалуы тиіс. Ондай мүмкіндік білім беру мазмұнын жаңартуды, оқытудың оңтайлы тәсілдері мен жаңаша оқыту технологиясын енгізуді, дәстүрлі оқыту үрдісін жаңа жағдайға бейімдеп, жинақталған тәжірибенің негізінде білім беру сапасын көтеруді, яғни білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасауды талап етеді. Білім беру кеңістігін жасау дегеніміз– оқушының танымдық әрекетін: ойлауын, қабылдауын, пайымдауын, түсінуін, зерделеуін, есте сақтауын т. т. тиімді ұйымдастыра білу**;** оқушының оқу үдерісінде өзіндік әрекет етуіне, яғни пән әлеміне енуіне; білім алуға өзін өзі ұйымдастыра алуына, яғни оқу пәнінің мазмұнын тиімді әдіс-тәсілмен игеруіне; игерген білімін кез келген жағдаятта пайдалануға, дәстүрден тыс проблемаларда өз бетінше шешім қабылдай алуға, функционалдық сауаттылығы мен креативтік ойлау қабілетінің қалыптасуына, дамуына, яғни жақын даму аймағына енуіне; оқу әрекетіне

жауапкершілік сезіммен қарауына, психологиялық жағымды жағдайда болуына мүмкіндік жасау. Ондай мүмкіндікті ғалым Ж. Т. Қараев: мектептерге дәстүрлі әдістер мен тәсілдерден гөрі тиімділігі жоғары, жаңа сападағы дидактикалық құралдан іздейді [2].

Демек, ғалымның меңзеген жаңа сападағы дидактикалық құралы: «оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы; педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы; оқу үдерісін іске асырудың мазмұндық техникасы; практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы; оқыту үдерісінде жоспарлы нәтижеге жетудің сипаттамасы; белгілі бір қалыпты өзгертудің, өңдеудің әдістерінің жиынтығы, өнер, шеберлік, іскерлік; оқушы мен оқытушыға қолайлы жағдай жасау мақсатында оқу үдерісін жоспарлаудың, ұйымдастырудың, өткізудің ойластырылған моделі, үлгісі; педагогикалық жүйе, тұтас білім қалыптастырудың амалы» ретіндегі нәтижеге бағдарланған педагогикалық технологиялар. Қандай технологияның болмасын, нәтижесі оны сабақта тиімді қолдана білумен, яғни теориялық негіздерін практикалық мүмкіншілігімен үйлестіре алуымен байланысты екені даусыз. Өйткені педагогикалық технологиялардың мақсаты бір (нәтижеге бағдарлану) болғанымен, мақсатқа жетудегі мүмкіншіліктері әр түрлі. Алайда, қазіргі білім беруде өзекті саналатын интегралды технология арқылы білім беру кеңістігін жасауға болатыны ғылыми – тәжірибе тұрғысынан дәлелденуде. Ғалымдар кіріктіре оқыту технологиясын дәстүрлі оқытуға қарағанда ауқымды көзқарасы бар, бойындағы білім көзін өзі жүйелеп, туындаған мәселелерді өз бетінше, заманауи талаптарға сәйкес шеше алатын білікті адамды тәрбиелеп шығаруға ықпал етеді-, деп бағамдайды [3]. Өйткені пәнаралық интеграция (латынның: қайта қалпына келтіру, толықтыру, тұтастыру) – оқушының танымдық қызығушылығын арттырады, әлемнің ғылыми картинасын тұтастықта қабылдауға, әр пән бойынша қарастырып отырған бір мәселенің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды тереңірек түсінуге, ұғымды теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге, салыстыруға, нәтижесінде білімін пәнаралық байланыс арқылы саналы түрде ой елегінен өткізуге мүмкіндік жасайды.

Демек, интеграция (кіріктіре оқыту) дегеніміз заман талабына сай білім сапасын көтерудің, жан-жақты білімді ұрпақ тәрбиелеудің басты бір бағыты, әдіс-тәсілі, қадамы деуге болады. Интегративтік тәсіл оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру арқылы оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Мұндағы басты нәтиже–тұлғаның әлеуметтенуі, өзін өзі дамытуы. Пәнаралық интеграция бір ұғымды әр түрлі пәнмен байланыстыра жай ғана түсіндіріп өту емес, ол – білімдік (білім, дағды және біліктілікті дамыту), дамытушылық (ой-өрісі дамиды, қызығушылық пайда болады т. т.), тәрбиелік (қоршаған ортаны тұтастықта қабылдайды) мақсатты табиғи байланыста қарастыратын педагогикалық категория.

Пәнаралық интеграция –оқу материалын қосу, біріктіру, жақындату мақсатын ұсынатын тұтас дидактикалық жүйе. Әрине, кез келген мәселені емес, бір заңдылыққа, бір тұжырымдамаға бағынатын бір ұғымды кешенді түрде әр түрлі мақсатта (пәнаралық байланыс негізінде) жан-жақты қарастыратын, пәндерден алған білімді толықтыратын, нақтылайтын, жақындастыратын, олардың арасындағы байланысты, айырмашылықты айқындайтын, тұтас білім қалыптастыратын жүйе. Демек, интеграцияны білім алушының бір мақсатты көздейтін әр түрлі пәндердің тоғысуы, түйісуі, үйлесуі арқылы игерген білімдерін (жеке пәндер бойынша) толықтырудың, кеңейтудің бір әдісі, тәсілі ретінде

түсінуге болады. Пәнаралық интеграцияның өзектілігі оның оқушының бойында жүйелі ойлау қабілеті бар, өз іс-әрекетін саналы түрде талдай алатын, өз бетінше әрекет ететін заманауи тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы интегративті білімді қалыптастыру мақсатында оқу процесін жетілдіру қажеттілігі ғана емес, интеграция қазіргі ғылым мен жалпы өркениет дамуының маңызды шарты болып табылады. Өйткені, ғылыми ойлаудың қазіргі кезеңі жеке оқшауланған объектілерді, өмір құбылыстарын емес, олардың азды-көпті кең бірлігін қарастыруға ұмтылумен сипатталады. Бұл жеке бөліктерді немесе элементтерді бір бүтінге біріктіру талабы қажетті дидактикалық құрал болып саналады, оның көмегімен оқушыда дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік болады.

Дүниетанымды қалыптастыру – оқудағы ең басты мәселе. Ондағы басты мақсат— пәннің мазмұнына негізделген оқушыда қоршаған орта туралы тұтас білім, соның негізінде қалыптасатын іскерлік пен дағды, танымдық қызығушылық, сенімді көзқарас тәрбиелеу. Дүниетанымды қалыптастыру жеке тұлғаның білім сапасына байланысты. Білім адам үшін субъективті мән алуы, яғни оның көзқарастары, сенімдері, идеал құруының негізі болуы керек. Практикалық тұрғыдан алғанда интеграция пәнаралық байланысты нығайтуды, білім алушылардың шамадан тыс жүктемесін азайтуды, алатын ақпарат көлемін кеңейтуді және оқу мотивтерін күшейтуді қамтиды.

Ғалымдар интеграцияны: интеграциялық тұтастық, интеграциялық үдеріс, интеграциялық амал, интеграциялық ұстаным, интеграциялық өріс, интеграциялық әрекет және интеграциялық нәтижеден құралатын жүйелі бір ұғым ретінде қарастырады [4] . Интеграциялық тұтастық– үрдіс пен нәтижені жинақтап көрсететін амал. Ол интеграция ұстанымдарының кез келген педагогикалық үдерісте сақталуы, яғни тұтастық, жүйеліліктің болуын қамтамасыз етеді. Интеграциялық үдеріс– білім алушыға сапалы және жаңартылған, толықтырылған тұтас жүйелі білім қалыптастыру әрекеті, ал интеграция ұстанымы оқыту үдерісінің барлық компоненттерінің, барлық элементтерінің жүйелі түрде бір-бірімен байланыста, бірлікте болуын талап ете отырып: берілетін материалдың мазмұнын кіріктіре оқытуға ыңғайлап құру; кіріктірілген технологияның нәтижесінде білім алушыларда тұтас білім қалыптастыру; білім алушылардың қабілеті мен мүмкіншілігін дамыту т. т көздейді. Интеграциялық өріс, немесе бірлік деп алдық, яғни жаңа, сапалы, тұтас білім беруге бағытталған салалас пәндердің элементтерінің кірігуі, яғни пәнаралық интеграция. Мұндай кірігу кез келген элементтерді (мәселелерді) қоса салу емес, олардың жаңа, жүйелі, тұтас білім беруге бағытталған табиғи түрдегі байланысы, яғни интеграциялық әрекет арқылы жаңа мазмұнның құрастырылуы, бүтін ұғым, түсініктің пайда болуы. Интеграциялық әрекет—педагогикалық мәселелерді шешуде (оқыту, тәрбиелеу) білім алушылармен әртүрлі амалдар арқылы бірлесіп әрекет жасаудағы оқытушының белсенділігі. Интеграция дүниеге біртұтас көзқарасты қалыптастыруға, маңызды қатынастарды, құбылыстарды және процестерді түсінуге ықпал етеді. Дүниенің ішкі бірлігін білдіретін біртұтас жүйелік көзқарас қалыптастыратын әлеуметтік-білім беру интеграциясының педагогикалық жүйесі дүниені біртұтас тану және практикалық мәселелерді шешу кезінде адамның адекватты ойлау қабілетін дамытуды қамтамасыз ету *құралы* ретінде, оның әртүрлі құрамдас бөліктерін меңгеруде көрінетін *ұстаным* ретінде және білім беру мазмұнын жаңартудағы жетекші *тенденция (*бағыт*)* ретінде қызмет етеді.

«Адамға құлақ пен тіл қалай керек болса, білім де дәл солай қажет» деп, ғалым А. Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі білім беру парадигмасының басты бағыты жай ғана

білімді адамды емес, «адам-қоғам-табиғат» туралы тұтас түсінігі бар, өзін өзі өзектендіруге, өзін өзі тануға, өзін өзі бағалауға, дамытуға қалыптасқан, танымдық белсенділігі жоғары, жан-жақты білімді ұрпақ тәрбиелеу болса, пәнаралық интеграция – көп өлшемді адам капиталын дамыту, қалыптастыру үдерісі мен нәтижесі. XX1 ғасыр – білімділер ғасырында сапалы білім, саналы тәрбиеге қолжеткізу үшін интегралды технологияның мүмкіншілігін тиімді пайдаланайық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

2. Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі// Ақтоты газеті, 2004. - №2.

3. Ермағанбетов М. т. б. Шағын жинақты мектепте интеграцияланған білім беру. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2012.

4. Берулава М. Н. Интеграция содержания образования. М., 1998. Федорец Г. Ф. Проблема интеграции в теории и практике обучения. Л., 1989

Лингвосинергетика: қазақ тілін интеграциялық оқыту моделіне негізделген тұжырымдар

Қоянбекова С.
Қ. Сәтбаев атындағы ҚАЗҰТУ, филология ғылымдарының докторы, профессор
Карбозова Б.
Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ, PhD доктор
Ракимкулова А.
Қ. Сәтбаев атындағы ҚАЗҰТУ, аға оқытушы

Өркениеттер тоғысының рухани іргесін құрайтын тіл тұтастығы тұрақты мәдени-әлеуметтік қауымдастықтың негізі болып табылады. Ғаламдық кеңістіктегі жаһандану феномені ақпараттық қоғамның қалыптасу ортасы. Сондықтан, заманауи лингвистиканың зерттеу аясы кеңейіп, қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттардың туындауына жол ашты. Осыған орай, коммуникация үрдістерін зерттейтін тіл білімінің тың саласы ретіндегі синергетиканың лингвотеориялық және лингвоқолданбалық мәселелері зерттеуші ғалымдарға күрделі міндеттерді жүктейді.

Әлемдік тіл біліміндегі зерттеу нәтижелерінде синергетиканың теориясын, практикасын зерделейтін көзқарастар жүйелі дамып келеді. Атап айтқанда, өзге ғылымдардың тілді қоршаған әлеммен тұтастығын басқа ғылымдармен тікелей сабақтастықта қарастыру: тарих, әдебиет, жаратылыстану, мәдениеттану, этнология, психология, этнолингвистика деректерін пайдалана отырып, тілді оқыту әдіснамаларын, парадигмаларын инновациялық тұрғыдан зерттеу өзектілік танытып отыр. Себебі, методологиядағы тіл ғылымының принциптері мен бағыттарын анықтау мәселелері жаңа қырынан зерделеніп, дидактитикадағы білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясын толықтырып, білім алушыларға машық пен дағдыны меңгерту және тәрбиелеу заңдылықтарын интеграциялық мақсатта жүйелеуде. Білім траекториясында берілетін оқыту мазмұнының көлемі мен құрылымы бәсекеге қабілетті, көптілді меңгерген

құзыретті тұлға дайындауды айқындайды. Осыған орай, білім берудің әдістері мен ұйымдық формаларын жетілдіру, ғылыми негіздеу қазіргі заманғы дидактика ғылымының білім беру теориясының міндеттерін айқындайды. Мегақоғамдағы жаһандық өзгерістер сапалы білім берудегі мақсаттарға жету үшін дидактикалық принциптер оқу-тәрбие жұмыстарының заңды жүйесін қамтитындықтан, білім беруде нәтижеге жетудің қажетті шарты жаңа бағыттардың зерделеніп, қазақ тілінің іргелі зерттеулерінің негізін қалауы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, тілді оқыту әдіснамаларының ғылыми – теориялық функциялары оқыту мен тәрбиені жаңа парадигмаларға негіздеу, білім алушыларға тілді оқытумен қатар пәнаралық логика-философиялық танымдық қабілеттерін дамыту, креативтілік, өзіндік іздену, сыни ойлау, проблема қою, шешім қабылдау, мәдениаралық коммуникацияларға қатысу, шаршы топ алдында еркін сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруды көздеу синергетика әдісіне негізделеді. Синергетика ұғымы пәнаралық мақсатты сабақтастыратын ғылым саласы. Синергетика ғылымының негізін талдасақ, білім беру траекториясында мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде үлкен маңызға ие, яғни синергетика білім алушылардың дүниеге біртұтас көзқарастарын қалыптастырып, білім мазмұнын жан-жақты жүйелей түседі. «Синергетика (грек, synergtikos - біріккен әрекет) пәнаралық сипаттағы ғылым саласы; күрделі жүйелердің өзін-өзін ұйымдастыруы туралы ғылым» [1, 528 б.] «Интеграциялану үрдістерінің заңдылығын зерттейтін пәнаралық ғылыми бағыт болып табылады» [2, 117]. Синергетика ұғымын 1940-50 жылдары Р. Б. Фуллер ұсынса, 1967 жылы И. Забуский математикада қолданып, әрі қарай басқа пәндерде дамытылған. 1969 жылы неміс ғалымы Герман Хакен синергетика ұғымына нақты анықтама берді. Лингвистикада синергетика Бодуэн Де Куртенэ, А. А. Потебеня, Ф. Ф. Фортунатов. XX ғасыр В. Т. Адмони, Ю. Д. Аперсян, Л. С. Выготский, Е. С. Кубрякова т. б. еңбектерінде зерттелген.

Аталған зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, синергетика мәселесін тілді оқыту тұрғысынан қарастырсақ, гуманитарлық ғылымдардың жаратылыстану ғылымдарымен ұштасатын тұстарын нақты дәлелдей алатынына көз жеткіздік. Атап айтқанда, синергетикалық білімдер оқу үрдісінде білім алушылардың өзекті мәселені түсінуге, өздігінен ізденуге, проблема қою, жоспарлау, болжау, сыни ойлау, анализ синтез, өздігінен шешім қабылдау біліктеліктерін қалыптастырып, кретивтік өрістерін кеңейтеді. Себебі синергетиканың пәнаралық міндеттерді қамтитын маңызы ерекше. Білім беру мен білім алушы тұлғаның әрекеті қазіргі кезеңде қалыптасқан заманауи кешенді сипаттарды анықтайды. Синергетикалық әдіснама негізін ұтымдылықтың жаңа түрі құрап, дәстүрлі оқытумен сабақтастырады.

Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері инновациялық-лингвистика тұрғысынан жан-жақты қарастырылып, синергетикалық оқыту әдістерімен толықтыруда. Ал синергетиканың жалпы методологиялық негіздері лингвотеориялық және лингвотәжірибелік қызметті ұйымдастырумен түзудің түпкілікті ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін жүйелеп, сұрыптап, талдап, олардың қолдану аясының мүмкіндіктерін, өзара байланысын зерделеу, білім траекториясындағы өзектілікті анықтайды [3, 36]. Осы мақсатта синергетика оқытудың әдіснамалық-теориялық негізін қалайтын қағидалар жинтығын ұсыну өте маңызды. Синергетикалық оқытудың ерекшеліктерін білім берудегі философиялық, әлеуметтану тұғырларын анықтау, қазақ тілін синергетикалық әдістерімен оқыту жүйесінің психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық негіздерін айқындау, олардың тұжырымдамасын, бағдарламасын, сабақтар жүйесінің әдістемесін дайындау негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл қазақ тілін оқытудың мазмұндық сапасын,

құрылымын жетілдіру, меңгертілуі тиіс біліммен қалыптастырылатын дағдылар, тілдік құзыреттілік біліктердің ақыл-ой қызметіне айналуын дамытатын, амал-тәсілдерді қалыптастырып, оларды қазақ тілін оқыту жүйесіне енгізуді талап етеді.

Синергетикалық оқытудың әдіснамасын құрайтын философияның теориялық және эмприкалық таным деңгейлері туралы ілімі жүйенің жалпы лингвотеориясы, адамның санасы және қызметінің дамуы туралы жалпылама заңдылықтар, ақпараттың философиядағы мәні және адамның қоғамдағы рөлін айқындайтын заңдылықтар, білім алушылардың білім субьектісі ретіндегі дербес тұлға өз санасын және әрекетін басқаратын дербес жеке тұлғалықты танытуға жетекшілік ететін ілімдер. Тілді оқыту тәжірибесінде анықталғандай, оқытудың мазмұн мен құрылымдық ерекшеліктерін айқындап белгілеу, жеке тұлғаның ішкі әлеуетін дамытуға, эстетикалық тәжірибесін жүзеге асыруға, білім алушының жалпы ақпараттық, тілдік дайындығын жүзеге асыруға, оқу тәрбие үдерісін интенсификациялауға, танымдық қызметтің уәждемеленуін қамтамасыз етуге, қазақ тілін ұтымды оқытуды тереңдетуге негіз болатын тұжырымдарды негіздеу [4, 36].

Білім беру траекториясында қазақ тілін оқыту үрдісінің инновациялық, интеграциялық, синергетикалық, синектикалық оқыту бағытында толық жүргізілмеуі, болашақ білімді маман үшін әлеуметтік кәсіби қарым-қатынас жасау тіліне айналмауының бір факторы болып табылады. Қазақ тілін оқытудың жаңа ғылыми бағыттарын негіздеу оны заман талабына сай тілдік білім беруге бейімдеу оқу-әдістемелік матариалдардың инновациялық тұрғыдан дайындалуын талап етеді.

Себебі, білімнің синергетикалық оқыту үрдісі зерттеу нысанына айналғанымен, қазақ тілін синергетикалық бағытта оқыту берілетін білімнің, қалыптастырылатын дағдының толық жаңашылдықпен жүйеленуін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, жаһандану кезеңінде қазақ тілінің синергетикалық, технологиялық жолдармен оқытудың ерекшеліктерін білім берудегі философиялық, психологиялық, әлеуметтану тұғырларын анықтап, қазақ тілін синергетикалық әдіс арқылы оқыту жүйесінің педогогикалық, психологиялық, лингвистикалық негіздерін айқындап, теориялық негіздемелеуде оның тұжырымдамасын, бағдарламасын сабақтар жүйесінің негізіндегі әдіснамасын дайындау өзектілігін көрсетеді. Осыған орай тәжірибелі педагогтардың зерттеулеріне сүйене отырып, синергетикалық оқытудың арнайы әдіснамасын төмендегідей жүйелеп, ұсынуға болады [5, 36].:

- Қазақ тілін жаңа бағытта оқытуды өркениеттік мәдениеттер диологы тоғысынан тану. Мұның еркшелігі қазақ тілін ұлттық категория ретінде әлемдік деңгейде танытып, ғылым тіліне айналдыру. Қазақ тілі ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылық, сондықтан оның қолдану аясын инновациялық парадигмада кеңейтіп, әлеуметтік лингвистикада негіздеу.

- феноменологиялық гуманистік парадигмада білімді дамытудың мегатенденциялары тіл үйренушінің ішкі жан-дүниесін қалыптастырып, ізгілік идеялар бағытындағы тілдік тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға негізделетіндіктен ұлттық ақыл-ой өрісінің даналық тұжырымдарын кіріктіре оқытуға бағытталуы тиіс. Себебі, қазақ тілін синергетикалық оқыту жүйесінің интеграциялық бағдардағы дидактикалық әдіснамаларын, оқу-әдістемелік құралдарын және т. б. кешенді материалдарды цифрлық технологияда дайындауды қажет етеді.

- Жеке тілдік тұлға қалыптастырудағы когнитивті құрылымды бәсекеге қабілеттілік қағидаттарына сәйкестендіру маңыздылығын арттырады. Тілді жетік меңгерту,

қызығушылықтарын арттыру, когнитивтік, эмоциялық, өзін өзі бағалау, бейімделу, талаптану қабілеттерін дамытудағы мәдениетарлық диалог ұстанымдарға баулу.

- Рационалдық парадигма талаптарына сәйкес, тіл үйренушінің білім траекториясындағы интеграциялық, инновациялық технологияларды меңгеруге тез бейімделіп, дербес, ұжымдық оқыту, диолог, монолог, пікірталас, тестік бақылау, мотивациялық коучинг, тренинг, шеберлік сыныптарға еркін қатысуды жүзеге асыру.

- Білім алушылардың синергетикалық оқыту жүйесіне ұйымдастырылуын оқу танымдық қызметке енгізе отырып, олардың қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда, өз білімін бағалауы, сыни ойлауы, проблема қою, шешім қабылдау рефлекцияларын іске асыру.

Жоғарғы оқу орындары дидактикасындағы заманауи педагогикалық технологиялар негізінде бастапқы үлгілеріне сәйкес, синергетикалық оқытудың инновациялық технологияларға бейімделген концептуалдық моделін дайындау. Нақты айтқанда: білім алушыларға қазақ тілінің ішкі құрылымын меңгертіп, кәсіби қызметтерінде қолдана алатын дағды, біліктерді қалыптастыру, берілетін білімнің мазмұндық сапасын арттыруды міндеттейді.

Синергетикалық оқыту жүйесінің теориялық және практикалық тұрғыдан оқыту мақсаттарын заманауи талаптар тұрғысынан іріктеу, қазақ тілі корпусының материалдарын сатылай қолдану парадигмаларын түзу және осы негізде қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарды зерделей отырып, концептуалдық модель негізінде қазақ тілін синергетикалық жүйемен оқытудың құрылымдық және мазмұндық интерпретациясын дайындауды қажет етеді [6, 36]. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың қазіргі білім берудегі ізгілендіру ұстанымына бағытталады. Соның негізінде орнатылатын субьект-субьектілік қатынастың «контакт-интакт» процесінде іске асыруды қамтамасыз етуде психологиялық, педагогикалық әдістердің нәтижелері негізінде интеграциялық оқыту модельдерін дайындау тиімділігі цифрлық WEB-платформалардың құрылу жүйесін анықтай алады.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің жаһандану кезеңіндегі атқаратын негізгі функциясы қоғамдық, әлеуметтік өмірдің барлық саласында ақпарат алмасудағы әлеуметтік-коммуникативтік мақсатында қазақ тілін білу әрбір қазақстандықтың басты міндеті. Сондықтан, білім беру дискурсындағы негізгі идея білім алушының белсенділігімен оқытудың интербелсенді тың әдістерін енгізуге негізделеді. Қоғамдық сұраныстардағы бәсекеге қабілетті білім берудің маңыздылығының мақсаттылығы, сенімнің тәрбиеленуі, дағдылар мен біліктерді кәсіби қызметінде пайдалана алатын идеялар басты күшке айналуы қажет. Осы тұжырымдар қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттармен оқытудың негізгі мазмұнында қарастырылуы тиіс.

XX ғасырда ғылым мен техниканың маңызды нәтижелері, қоғамдағы күрделі өзгерістер, жаһандық тың мәселелердің туындауы тіл ғылымындағы әдіснаманың жаңа қырынан дамуындағы нәтижесін көрсетті. Ғылымда әдіснаманың философиялық, жалпы-ғылыми және жеке философиялық бағыттары ортақ мәселелерді жүйелеу, модельдеу, құрылымдық-функционалдық талдау, ықтималдылық әдістерімен сабақтастырып, нәтижесінде жаңа бағыттарды айқындайды. Мегақоғамдағы өзгерістер білім беру жүйесінде барлық пәндерді өзара кешенді, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, білім алушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, тұлға дербестігін қалыптастыруда жауапкершілікті арттыру, сыни ойлау, проблема қою, шешім қабылдау және т. б. мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Синергетикалық әдіс білім

беруді ұйымдастыру, жеке пәндер мазмұндық жүйесінің бір-бірімен өзара кірігуін қамтамасыз етеді. Осыған орай оқу процесі білім алушылардың мақсатты-бағдарлы іс-әрекетін ұйымдастырып, танымдық іс-әрекетін қалыптастырады. Аталған іс-әрекет нәтижесінде білім алушылардың білім кеңістігі кеңейіп, кәсіби іскерлігі қалыптасады. Синергетикалық іскерлік білім алушының бір пәннен меңгерген білім-іскерлік дағдыларын қалыптастыруда гумманитарлық пәндерді меңгеруде пайдалана білу қабілетінен көрінеді. Синергетикалық байланыс білім алушылардың танымдық іс-әрекетімен қатар, басқа пәндерден алған білімдерін еске түсіру арқылы ойлау қабілеттерін де дамытады. Мысалы, бір тақырыптың бірнеше пәнде консолидациялануы пәнаралық байланыстың дамуына және білім алушының тәжірибелік іскерлігін қалыптастырып дамытуға да мүмкіндік береді. Сонымен қатар жеке пәндерден алған білімі күрделеніп жинақталып, бір пән аясымен шектелмей, өзге пәндермен сабақтаса байланысады. Синергетиканың ең негізгі дидактикалық міндеті – ол оқыту процесінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы ұштастықты құру болып есептеледі. Осыған орай, жалпы қазақ тілі және кәсіби қазақ тілін оқытуда оқу материалдарын мамандық негізінде арнайы пәндермен байланыстыра оқыту өте тиімді. Синергетикалық әдісті сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады. Сабақ жоспарын құруда оқытушы синергетикалық әдістің парадигмаларын нақты құра білуі керек. Сонымен қатар білім алушыға қызықты деген сұрақтарды таңдай білуі де шарт. Синергетикалық әдіс барысында шығармашылық тапсырмаларды, прблемалық сұрақтарды іріктеп ұсыну, білім алушының логикалық ойлауын, кез келген жерде алдына қойған мақсатқа жету үшін керекті жолды таңдауға, сөйлесім, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдыларының дамуына өз ықпалын тигізеді. Құзыреттілігі жоғары оқытушы пәндердің арасындағы байланысты, үндестікті оқыту барысында оңтайлы қолдана алады.

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН AP 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Саяси түсіндірме сөздік. - Астана, 2007. - 614 б.
2. Потебня А. А, Мысль и язык. – Киев: СИНТО, 1993. -192 с.
3. Зағыпаров Қ. Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. - Павлодар: 2011.
4. Кәсіби қазақ тілі сабағындағы пәнаралық байланыс. 11. 10. 2014.
5. Оразалиева Э. Кәсіби қазақ тілін оқыту жүйесіндегі пәнаралық сабақтастық. - Астана, 2016.
6. Ковшиков В. А., Глухов В. П. Психолингвистика. - Москва: Астрель, 2006. - 318 с.

Инклюзивті білім берудегі орфография мәселелері

Шәден Б., Саткенова Ж., Тумабаев А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазіргі таңда қазақ тілін пән ретінде оқыту түрлі бағытта дамытылып жатыр. Осы тұста қазақ тілін инклюзивті білім беру негізінде ерекше қажеттілігі бар балаларға оқыту

мәселесі алдыңғы қатарға шыққаны мәлім. Сондықтан көру, есту, сөйлеу, ақыл-ой бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасын әзірлегенде қазақ тілін жете меңгерту міндеті бірінші орынға қойылады. Қазақ тілін жақсы білу ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды әлеуметтенуі, жеке дамуы және білім алуы үшін маңызды фактор болып табылады. Тілді игеру айналасындағылармен табысты және өнімді қарым-қатынаста болуына көмектеседі.

1981 жылы БҰҰ-ның мүгедектердің мүдделері мен құқықтарын қорғау жөніндегі қызметінің нәтижесінде «мүгедектер жылы» болып жарияланып, көмек көрсету бағдарламасы әзірленді. Сол бағдарламаның аясында инклюзивті білім беру жүйесінің ауқымы кеңейді. Демек, инклюзивті білім беру – барлық оқушыларды, олардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру процесіне қосуға тырысатын білім беру тәжірибесі. Инклюзивті білім берудің мақсаты – оқушыларға тең мүмкіндіктер сыйлау. Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесі 2000 жылдардан бастап айтыла бастады. 2011 жылдан бастап елде заңдар, заңға тәуелді нормативтік актілер қабылданды, олар әр баланың қандай да бір кемсітусіз білім алу құқығын бекітеді. 2022 жылы Білім министрлігі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын әзірледі [1, 57]. Ерекше білім беруді қажет ететін, инклюзивті білім алатын балалардың кейбір түрлері:

- интеллектуалды және даму кідірісі бар балалар: ақыл-ой кемістігі бар немесе дамуында кідірісі бар балалар;
- физикалық шектеулері бар балалар: шектеулі қозғалғыштық, аяқ-қолдың болмауы;
- есту және көру қабілеті, сөйлеу бұзылыстары бар балалар: есту, көру, қабілеті нашар, тілінде мүкістігі бар, сондай-ақ, зағип балаларды қамтиды;
- аутизм және аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар: аутизм немесе аспергер синдромы;
- эмоционалды және мінез-құлық мәселелері бар балалар: агрессивтілік, депрессия және басқа эмоционалдық бұзылулары бар балаларды қамтиды.

Мүмкіндігі шектеулі бала үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні зор. Сол себепті балалармен психомоторлы және сенсорлы үдерістерді дамытуды сабақ барысында тіл оқытумен қатар қолға алу керек. Жалпы, инклюзивті білім берудің негізгі принципі – әртүрлілікті тану [2, 34]. Инклюзивті білім беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғаліміне бірнеше өте маңызды талаптар бар. Біріншіден, мұғалім тек пәнді жете біліп қана қоймай, сонымен қатар сабақты ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін жақсы меңгеруі керек, бастысы: ақпаратты балаларға қолжетімді әрі қолайлы етіп беруге дайын болуы маңызды. Қазақ тілі сабақтарында практикалық жұмыстардың көпшілігі ақпараттық технологиялар көмегімен байланыстырылатынын, бұл материалды меңгеруді жеңілдететінін және керісінше жаңа міндеттерді тудыратынын есте сақтау қажет. Жеке оқушының да, бүкіл сыныптың да психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағды құрылымын жеңілдету алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, ақпараттық технологияларды қолдану өте маңызды рөлге ие. Daisy жүйесінің сөйлейтін кітаптары - электрондық қолжетімді ақпараттық жүйе. Көмекші технологияларға есту аппараттары, экранды оқу құрылғылары, арнайы функциялары бар пернетақталар және т. б. сияқты құрылғылар жатады. Мәселен, қарындаш ұстай алмайтын балалар дұрыс таңдалған көмекші технологияларды (техникалық жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету және

тиісті білім беру технологиясы) пайдаланып, сурет салып, жаза алады. Сол сияқты сөйлей алмайтын балаларға компьютермен дауыстық байланыс орнатуға мүмкіндік беріледі. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуда көмекші технологияларды қолданудың негізгі мақсаты – қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беру (жазбаша немесе ауызша). Есту қабілеті нашар дамыған оқушыларға қойылған сұраққа визуалды немесе тактильді жауап беру тәсілін де сабақта қолдансақ болады. Яғни экраннан мәтінді көрсетіп, ауызша сөйлесудің баламаларын ұсынуға болады. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ақпараттық технологияларды қолдану – өзін өзі жүзеге асырудың тамаша мүмкіндігі.

Екіншіден, сабақ тек тәрбиелік, дамытушылық қана емес, сонымен қатар түзету-дамытушы болуы қажет. Сондай-ақ әрбір сабақта оқушыларға жеке-жеке сараланған көзқарас болуы керек. Практикалық жұмысты дайындаған кезде бірден балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес бірнеше нұсқаны ойластыру маңызды. Әсіресе, сөйлеу кемістігі бар балаларға және жазу жүйесінде қате жіберетін балаларға арналған әр түрлі фонетикалық, орфографиялық жаттығуларды жасатып отыру қажеттігі туады. Инклюзивті жалпы білім беруші мектеп оқушыларының жұмыстарын талдау кезінде әр түрлі қателер жиі кездеседі. Жазу жұмыстарының ішіндегі ең көп кездесетін: сөзде дыбыстарды шатастыру, яғни дыбыстық құрамның бұзылуы, соның ішінде әріпті акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы (айтылуы) бойынша шатастыру сияқты қате түрлерін айтуға болады. Сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың потологиялық дәрежелеріне, белгілі бір мүшелердің атқаратын қызметтерінің бұзылуына, зақымдануының уақытына, басты кемістіктердің ықпалынан пайда болатын екінші бір ақаулардың көрінуіне байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтары да әр алуан болып келеді. Олар әрқайсысының өзіне тән симптоматикалық және динамикалық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі салаға бөлінеді. Мұндай салаға дауыстың бірқалыптылығының бұзылуы, сөйлеу тіліндегі дауыс ырғағының бұзылуы, тұтықпа, дислалия, ринолалия, дизартрия, алалия, афазия, жазу тілі мен оқу тілінің бұзылуы жатады. Мұндай бұзылыстары бар балалар жазу кезінде түрлі орфографиялық қате жібереді.

Орфография – жазба тілде пайдаланылатын біркелкі жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі. Ол жазба тілдің нормаларын қарастырады. Олар: күрделі сөз түрлерінің жазылуы; халықаралық сөздердің жазылуы; сызықша арқылы жазылатын түрлері. Орфография жазба тілде пайдаланылатын біркелкі жазудың тарихы қалыптасқан жүйе, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Орфография тілдің белгілі бір даму кезіндегі жазба тілдің нормаларын айқындайтын деуге болады. Орфография дыбыстарды (фонемаларды) әріптермен беру, сөз және оның мағыналы бөлшектерін жазу, сөздерді бірге, бөлек және дефис арқылы жазу, бас әріпті пайдалану, тасымалдау сияқты мәселелерді қамтиды [3, 284]. Осы орайда біз инклюзивті сыныптарда қазақ тілін оқытуда кездесетін орфография мәселелеріне жеке-жеке толталмақпыз. Жазба тілдің бұзылуы бірнеше сипатта көрінеді: фонеманың графемаға қате айналуы; сөйлемді толық жазбау; сөздегі әріптерді тастап кету немесе шатастыру; сөйлемдегі сөздердің өзара қиыспауы немесе орындарының ауысуы; жазу жолынан шығып кету. Ал оқу кезінде дыбыстарды алмастыру мен шатастыру, әріптеп оқу, сөздің дыбыстық-буындық құрамын бұрмалау, оқығанын қате түсіну сияқты қателерге жол береді.



Сурет-1. Туғаннан құлағы дұрыс естімейтін оқушының жазуы.

Зерттеушілер денсаулығында бұзылысы бар балалардың жазу кезінде жіберетін қателерін зерделей келе бірнеше түрге ажыратып көрсетеді. Оқу мен жазуды игеруге кіріскен әрбір бала қателіктер жібереді. Бірақ сөйлеу қабілеті бұзылған балалар, әдеттегіден басқа, ерекше қателіктер жібереді. Бұл баланың ауызша сөйлеудегі сөздің дұрыс айтылуы мен сөйлеудің лексикалық-грамматикалық құрылымын игерудегі алдыңғы қиындықтарына байланысты. Осыған байланысты қателіктер нақты екі түрге бөліп қарастырылады: сөйлеудегі артикуляциялық бұзылыстарға және баланың фонематикалық есту қабілетінің бұзылуына байланысты нақты қателіктер және ауызша сөйлеудің лексикалық-грамматикалық құрылымын толыққанды меңгере алмауына байланысты нақты қателіктер. Сөйлеуінде және фонемалық есту қабілетінде бұзылыстары бар балалар жазуды үйрену кезінде дыбыстардың дұрыс айтылуын меңгермеген жағдайда дыбыс пен әріпті ажыратуда қиындықтар туындайды. Дыбыстың дұрыс айтылмауына әріптің таңбалануы әсер етеді. Басқаша айтқанда, ана тілінің дыбыстарын дұрыс айта алмау немесе құлақпен қабылдай алмау оқу мен жазуда көрінеді – бала сөйлегендей оқиды және жазады. Кейбір жағдайларда мектепке жасына дейінгі балаларда логопед қойған дыбыстар баланың санасында жеткілікті түрде автоматтандырылмауы мүмкін, сол себептен де айту мен жазуда қателіктер болады. Әріптерді айтылымына ұқсас ауыстырып жазу: бақдаршан - бағдаршам, таспақа -тасбақа, гөбелек - көбелек, бұгын - бүгін, дәпдер - дәптер, ілгіш - ілгіші. Сөз ішінде әріптерді бұлай ауыстыру кездейсоқ емес – ауыстырылатын дыбыс жұптарының орны мен әдісі ұқсас. Келесі қатенің түрі – әріптерді қалдырып кету. Бала ауызша сөйлегенде дауыссыз дыбысты түсіріп айтатын жағдайлар жазу мен оқу кезінде көрінеді: күледі-күлед.



Сурет-2. Ақыл-ой дамуы кешігуі диагнозы қойылған оқушының жазуы.

Инклюзивті оқытуда оқушылардың әсіресе к-қ, н-ң, з-с, б-п, д-т, г-к, і-ы әріптерді шатастыруы жиі болады. Мысалы бақдаршан - бағдаршам, таспақа -тасбақа, гөбелек - көбелек, бұгын - бүгін, дәпдер - дәптер, ілгіш - ілгіші, қариндаш-қарындаш (ы, і дыбыстарының түсіп қалған). Арнайы әдебиеттерде кинетикалық ұқсастығы бойынша әріптерді шатастыру сөйлеу тілінің орфоэпия заңдылығымен де, орфографиямен де байланысты емес деп қарастырады. Ондай қателер оқушыларда дыбыс пен әріп арасында байланыстың толық қалыптаспауынан болады. Яғни, бір жағынан фонема мен артикулеманың, екінші жағынан графема мен кинеманың байланыстарының жеткіліксіздігі болып саналады. Сонымен қатар балалардың жазуында әріптерді жазбай кетуі байқалады. Оқушылардың жұмыстарында сөздің соңғы әрпі немесе бірінші әрпі жиі жазылмай қалады. Мысалы, кемейтін - келмейтін, ұнатады - ұнатад, таспқ - тасбақа, етк-етік, телдида-теледидар, қыыл – қызыл.

Есту дыбыстарын, әсіресе акустикалық ұқсас жұптарды дұрыс ажырату олардың дұрыс айтылуынан ғана қалыптасуы мүмкін. Егер бала дыбыстың дұрыс айтуды үйренбесе немесе дыбыстар қойылған, бірақ оларды естігенде ажырата алмаса, онда жазу барысында фонеманың бұлыңғыр, сараланбаған бейнесінен қате жазады. Жазудағы бұл қателіктер фонетикалық қателіктерге ұқсас болады, бірақ айырмашылығы баланың ауызша сөйлегенде қате болмауы мүмкін. Әріптерді дыбысы ұқсас (акустикалық белгілері) әріптермен ауыстыру: тасбақа- таспақа, бара жатыр – баратыр, сабақтан кейін – сабақтан кин, кітаптың- ктабтң. Мұндай орфографиялық қателер түрі фонематикалық деп аталады.

Ауызша сөйлеудің лексикалық-грамматикалық құрылымының балада дұрыс емес қалыптасуына байланысты қателіктер көбінесе әріпті оқыту кезеңі аяқталған соң жазуда және оқу кезінде көрінеді. Көбінесе олар презентациялар, эсселер жазу кезінде, сондай-ақ ұғымдарды жалпылайтын байланысты сөздерді, антонимдер мен синонимдерді таңдауды қажет ететін жазбаша жаттығуларды өз бетінше орындау кезінде кездеседі. Оқу кезінде лексикалық және грамматикалық қателер сөзді дұрыс оқымау немесе сөз тіркестерін білдіру арқылы көрінеді. Мағынасы бойынша оқығанда сөзді ауыстыру, сөйлемдегі сөздерді дұрыс үйлестірмеу. Баланың көз алдында дұрыс жазылған сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем болса да, ол сөздің соңын қате оқиды, сөз соңындағы жұрнақ, жалғауларды қате оқиды. Бұл семантикалық байланыс орнатуға және оқудың мағынасын түсінуге кері әсер етеді.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру жағдайында балаларға неғұрлым қолайлы орта қалыптастыру маңызды. Сонда ғана ерекше білім беруді қажет ететін балалар әлеуметтенуге бейім болып, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді. Жоғарыда көрсетілген қателердің бірден-бір себебі – акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы (айтылуы) бойынша фонемаларды жиі шатастыру балалардың фонематикалық естіп қабылдау, ажырату дағдыларының толық деңгейде жетілмеуінен. Сонымен қатар, сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың потологиялық дәрежелеріне, белгілі бір мүшелердің атқаратын қызметтерінің бұзылуына, зақымдануының уақытына, басты кемістіктердің ықпалынан пайда болатын екінші бір ақаулардың көрінуіне байланысты да бала жазуда көп қате жіберетіні талданды. Қазақ тілін инклюзивті сыныптарда оқытуда орфографиялық қателерді азайту үшін мұғалімге түзете-дамыту жұмыстарын, жеке тапсырмалар арқылы оқытуды көп қолдану керек. Қазақ тілі пәнін ерекше білім беруді қажет ететін балаларға оқыту барысында А. Байтұрсынұлының оңайдан күрделіге әдісін пайдалану сөзсіз нәтиже берері анық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Лиходедова Л. Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы («Білім» мамандықтары тобына арналған оқу құралы). Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 194 б.

2. Мовкебаева З. А., Оралканова И. О. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру проценсіне қосу. Оқу құралы. – Алматы: «Сагаутдинова М. Ш. » ЖК, 2014. – 241б.

3. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы . – Алматы : Атамұра, 2006. - 336 б.

Жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын оқыту

Тамабаева Қ.
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Омарова А.
магистрант, педагог-зерттеуші

Бұл күндері жаңа Қазақстан құру жолында саяси жаңару мен жаңғыру мәселесі қоғамдық ортада жан-жақты қолдау табуда. Мемлекет басшысының Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру бастамалары мен идеялар тұжырымдамасының негіздері жалпы халықтың көңілінен шықты.

Қазақстан жұртын қатты қапаландырған «Қасіретті қаңтар» сабақтары қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың ортақ көзқарастарына, ұлт зиялыларының көшбастаушылық қызметі мен елтұтқа ерік-жігеріне де ауыр сын болғаны анық. Осындай қылкөпір жағдайда халықтың сөзін сөйлейтін ел серкелері мен жақсы-жайсаңдарын жан-жағымыздан алаңдап іздегеніміз рас.

Қоғамды тазарту арқылы әділетті қоғам құруда күрескерлік мінезі мен қайсарлық қасиеттері күшті, аузы дуалы адамдарға шынында да ауадай қажеттілік бар.

Ал мұндай текті жандар мен тегеурінді кісілер біздің қоғамда болған және олардың өмірлік өнегесі өшкен емес. Осындай ұлы тұлғалардың бірі болған, ұлт ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынов шығармашылығын әр қоғам талабы деңгейінде саралап, әсіресе, тәлімдік мақсатта қолданудың берері мол.

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев: «Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.

Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы.

Тағы да қайталаймын: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын Адал азамат болса, әділдік орнайды.

Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парызға адал болуға шақырамын» [1], - деп, рухани бастауларымыздың маңыздылығын ерекше атаған болатын. Ендеше қазіргі қоғам үшін «барды бағалай білетін, белсенді, жоғары моральды, әдепті де рухани байлығы мол адамдар аса қажет» болса, осы тұрғыда алаштың арда ұлы Ахмет Байтұрсынов еңбектерін оқытудың өзектілігі тіпті тереңдей түседі.

Қай уақытта болмасын оқыту мен тәрбиелеу қатар жүруі қажеттігі уақыт тезінде дәлелденген. Ал, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығын кәсіби мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында оқыту, болашақ мұғалімдерге педагогикалық ой-идеяларға жетелеу – келешектің үлесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Белгілі ақын, дарынды қазақ жазушысы Сәкен Сейфуллиннің «Өзге оқыған қайраткерлер атақ қуып жүргенде, ұйқыдағы қара халықтың жоғын жоқтап, мұң-мұқтажына көңіл бөлген Патшалық Ресей заманында бір ғана тұлға болды, ол — Ахмет Байтұрсынұлы болатын» — деген пікірі, сол заманды көзімен көріп, көңіліне тоқыған адамның шын көңілінен шыққан ақиқат еді. Қилы заманның небір қитұрқы жауыздығы мен саясаттың құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлы - бүгінгі біздер, келер ұрпақ мақтаныш етер кемеңгер тұлға. Алаш ардақтысының әр салада істеген ісі, тәуекел әрекеттері, ұлтына деген қалтқысыз сүйіспеншіліктің куәсіндей болғаен еңбектері мен шығармашылық мұрасы - бүгінгі күн мен келешек қоғам ұрпақтарын тәрбиелейтін мәңгілік шамшырақ, үлкен аманат. Осы аманнатты көзіміздің қарашығындай қорғап, жан-жақты зерттеу – өзекті мәселелердің бірі.

Жаңа әлемге бет алған Жаңа Қазақстанымыз үшін дүлей заманның аласапыран дауылына қарамай, жеке мемлекет құрамыз, ұлт ретінде сақталамыз деген алаш арыстарының ұшан-теңіз еңбегі өте қажет. Бүгінгі көшбасшы ұландарымыз осындай арыстарымыздың рухында тәрбиеленуі тиіс. Сол кездің өзінде –ақ, Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ зиялылары қазақтың шекарасын бекітіп, керегесін кеңейтіп, әдебиетінің іргесін қалады, ұлттық мәдениетін дамытты.

Ахмет Байтұрсынов – ұлты үшін құрбан болған ардақты тұлғалардың бірі, дарынды ақын, көрнекті ғалым, тілші, әдебиеттанушы, реформатор, қоғам қайраткері, педагог, қазақ терминологиясының негізін салушы. Осылардың ішінде, ұлттық әдебиеттануымыздың негізіне айналған «Әдебиет танытқыш» еңбегінің маңызы өте зор.

1926 жылы сол кездегі астана Қызылордада арнайы тексерістен өтіп, Ташкентте басылған «Әдебиет танытқыш» – XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы деңгейін көрсететін алғашқы әрі іргелі зерттеу болды. Зерттеудегі жазудағы мақсатын зиялының «Қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту» деген пікірімен тұжырымдауға болады.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегі де алаш зиялысының өзіндей тағдыр талқысына түсті. Кеңестік саясаттың қолына түскендері өртеліп, жыртылды. Дегенмен, сол уақыттағы қорқыныш-қатерге қарамай, келер ұрпақ үшін аса бағалы еңбекті сақтап қалғандар да болды. Соның нәтижесінде, бүгінде ұлттық әдебиеттануымыздың іргетасына саналатын еңбекпен қауышып отырмыз. Соңғы зерттеулерде «Әдебиет танытқыш» еңбегінде автордың кейбір ойлары аяқталмай қалған немесе еңбектің кейбір парақтары жыртылған десе де, бүгінгі әдебиеттануымыз үшін қымбат қазына болып отыр.

Ұлт ұстазының терең кемелдігі мен ақыл ойынан туған зерттеу еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымының түйткілді және ғылыми мәселелері жан-жақты түсіндіріледі. Автор көркем өнер туралы қисын-ережелермен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап бере алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеуді әлемдік құндылық деп бағалаймыз.

Әдебиет танытқышта автордың әлемдік теоретик-ғалымдарының, әсіресе Аристотель, Әл-Фараби, Лотман, М. Бахтин, т. б. тұлғалардың өнер, көркемсөз туралы ой-пайымдарымен, сондай-ақ, өзімен қатар көптеген орыс және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектерімен терең танысқандығын, озық идеяларымен жетілдіріп, ұлттық сипатта талдап бергендігін байқаймыз.

Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынов шығармашылығын жоғары оқу орындарында оқытудың жаңаша әдістемесін көрсету, жалпы ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелерін ғылыми негіздеп отыру мәселесі - бүгінгі күннің аса көкейкесті тақырыптарының бірі екені даусыз.

Жаһандану жағдайындағы егемен еліміздің бәсекелестік көрсеткіші – білім десек, осы орайда, білім беру саласында көптеген өзгерістер жүзеге асырылуда. Ең басты міндет – адами факторды дамыту, білім алушыларды мемлекетіміздің басты тұтқасы ретінде бағалап, оның жеке тұлғалық жетілуіне, рухани-эстетикалық талғамын дамытуға, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленуін талап ету. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықтарын дамыту арқылы жағдай арқылы ой-өрісін байыту» [2], - деп нақты айтылған.

Осы тұрғыда, кәсіби мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында оқытудың жаңаша технологиялары енгізіліп, дамытылуда. Әлемдік стандарттарға сай мамандар ғана мемлекет көшбасшысына айнала алады. Әлемдік бәсекелестікке бейім, жалпы ғаламдық танымды, ойлау қызметін дамыту, өзіндік ғылыми тұжырым жасау, алған білімін қажетіне сай пайдалана білу мүмкіндігіне ие жоғары білімді мамандар қайсыбір уақытта болмасын мемлекеттің қозғаушы күші.

Осы көзқарас тұрғысынан жалпы білім берудің, сонымен қатар, жоғары білімді кәсіби мамандар даярлау процесінің дәстүрлі парадигмалары өзгерді. Дегенмен, қазіргі білім беру жүйесі дәстүрлі гуманистік қарым-қатынасқа негізделеді. Тек меңгерту талаптары мен технологиялары жаңаруда. Қай уақытта да басты құндылық – адам тұлғасы және оның жеке мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуетін дамыту болып қала бермек. Бұл ретте болашақ маманның шығармашылық дамуы деп оның үздіксіз білім алуға деген құштарлығы мен талабы, өзін өзі жетілдіруі болып табылады. Демек, бұл мақсаттағы міндеттердің барлығы да ұлттық құндылықтар әлеміне барып тіреледі. «Жолы қатты, дәмі тәтті» тәуелсіздігіміздің басты белгісіне саналатын үш тұғырымыз - туған тарихымыз, ана тіліміз және ұлттық мәдениетіміз биік болған жағдайда ғана әлем кеңістігінде өзіндік орнымыз бар, келешек үлесіне баянды болашақ сыйлайтын ел болатынымыз хақ.

Мемлекетіміздің «Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» атты құжатта да «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру міндетін қойды. Яғни, оқытудың қандай да деңгейінде болмасын мәңгілік ел құндылықтарын енгізу, өскелең ұрпақ тәрбиесін ұлттық негізде ұйымдастыру да жарқын болашақ негізі екендігін нақтылап көрсетті.

Көрнекті қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деп айтқан екен.

Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері Ы. Алтынсариннен бастап, әдебиеттанушы ғалымдар А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиевтердің, одан бері қарай Л. Көшімбаев, Ә. Қоңыратбаев, С. Қирабаев, Т. Ақшолақов, Ә. Дайырова, С. Тілешева, Т. Жұмажанова, Б. Әрінова, Г. Құрманбаева, К. Бітібаева т. б. әдіскер-ғалымдардың әр кезеңдерде жазылған еңбектерінде әр қырынан әр түрлі деңгейде зерттеліп, зерделенді.

Бізде өз тұжырымдамалық негізімізге «Әдебиет танытқыш» еңбегін ала отырып, болашақ әдебиетші, тілші мамандарды оқыту барысында интерактивті әдістерді қалай пайдалануға болады, қай мазмұнда меңгерту жолдарын қарастыру керек деген мәселеге ғылыми дәйектемелер қарастырып, өз тәжірибелік жұмыстарымызда негізге алдық.

А. Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде әдіскер-ғалым ретінде оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады: 1) Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру; 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару; 3) Сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру; 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету; 5) Баланың ішін пыстыртатын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу; 6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану; 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді. Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға дәріс беру жүйесінде ешқашан ескермек емес. Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде Ахмет Байтұрсынов секілді тұлғаның орны расында дара, ерен. Басқаша айтатын болсақ, табиғат пен қоғамның айрықша бір көрінісі болып табылатын дара да күрделі, әлемдік деңгейдегі тұлға. Осындай ұлы тұлғаның шығармашылық мұрасын бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа таныту - әдебиеттегі маңызды мәселелердің бірі.

Әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Ісімақова: «Ахмет Байтұрсынұлының қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған өзгерістердің ұйытқысы болғаны баршаға мәлім. Ұлт ұстазының жан-жақты қоғамдық-саяси қызметі мен ел тарихында алатын орнын көрсету тарихшылар еңбектерінде оң шешімін тапқан. Орынбор қаласына жер аударылып, бақылауда жүрген А. Байтұрсынұлы жеке еркіндігінің осыншалық шектелуіне қарамастан, патша өкіметінің қазақ халқын экономикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік-рухани жағынан да отарлау саясатына, халық санасының жойылуына, оның діні, тілі, ділінің қорлануына қарсы нақты істердің басында болды. Баршаға белгілі себептермен тәуелсіздігінен айырылған еліміздің ұзақ уақыттан кейін мемлекеттік құрылымға ие болуының алғашқы мүмкіндігі пайда болған шақтарда асқан көреген де білгір саясаткер екендігін танытқан А. Байтұрсынұлына қазақ халқы мәңгі борыштар» [3, 46], - деп бағалаған ұлт ұстазының шығармашылық мұрасы – тәуелсіз еліміздің руханиятының алтын діңгегі.

Бұған дейінгі мәліметтерге сүйенсек, ғалым мұрасы бойынша – 21 кандидаттық диссертация, қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлігі, шығармашылығы қарастырылған – 25 кандидаттық, 20 – докторлық диссертациялар қорғалған екен. Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсынұлы ақталғаннан бастап, 125, 150 жылдық мерейтойларына байланысты

көптеген республикалық, халықаралық конференциялар ұйымдастырылды. Осындай іргелі мерейтойлық конференцияда халық жазушысы Әбіш кекілбаев былайша толғанған еді: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді» [4, 14].

Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы 1988 жылы ақталғаннан бастап, ахметтану ғылымы дамуда. Бұл тұста, А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының үлесі ерекше болғаны заңды. Дегенмен, бірқатар ахметтанушы, жалпы алаш идеясын зерттеуші ғалымдардың монографиялық еңбектерінде ұлы тұлғаның шығармашылық мұрасы әр қырынан қарастырылды. Бұл тұста біз жоғарыда атап кеткен, еңбектеріндегі ой-көзқарастар мен пікірлерге сүйенген С. Қирабаев, А. Ісімақова, С. Кәкішев, Ө. Әбдіманұлы, Ұ. Еркінбай, Р. Имаханбетова, А. Ойсылбай, Г. Ерназарова, О. Жұбаева, т. б. монографиялық еңбектер арнады.

Барлығында, Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, реформаторлық, ағартушылық, ақындық, қайраткерлік, журналистік, басқа да қырлары мейлінше ашылып көрсетіледі. Десе де, ұлттық әдебиеттануымызды әлемдік деңгейге көтерген «Әдебиет танытқыш» еңбегі ғана емес, жалпы ұлт ұстазының шығармашылығын оқыту мәселелері, жаңаша талаптар негізінде оқыту үрдісінде пайдалану жайы – дәл қазіргі қоғам үшін өте өзекті екендігін түйсіндік.

А. Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы, соның ішінде «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиеттануының бір саласының ғана басы емес, бар саласының бәрінің де ғылыми негізі қызметін атқарды. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық негізін қалаған Бас әдебиеттанушы. Ғылым кеңістігінде тыңнан жол салу, жаңаның негізін қалау – айрықша ақыл-ой қызметінің нәтижесі. Ғылыми ойдың мұндай айрықша кемелдігі адамзат танымының тарихында сирек кездеседі. А. Байтұрсынұлы – ғылыми танымның кең байтақ кеңістігінде сирек кездесетін осындай айрықша ойдың алыбы» деген пікірі зерттеудің жалпы табиғатын жан-жақты айқындап беріп тұр.

Ендеше, осындай іргелі зерттеумен болашақ тілші-әдебиетші мамандардың жан-жақты сусындап, меңгеруі – аса қажетті. Бұл тұрғыда, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, оның тиімділігін айқындау мақсатында көптеген тәжірибелік-сараптамалық жұмыстар жүргізілді.

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқышты» ғылыми тұрғыдан зерделеумен қатар, зерттеуді білім алушыларға жеткізу міндеті де – бүгінгі ахметтанудың еншісінде. Бұл тұрғыда, ұлттық әдебиеттану мен тіл білімін негіздеуші Ахмет Байтұрсынұлы оларды оқыту бойынша да бүгінгі күн үшін аса құнды пікірлер білдірген. Ғалым-ұстаздың әдістемелік ұстанымдарын басшылыққа алудың маңызы зор деп ойлаймыз. Ахмет

Байтұрсынұлының ғана емес, жалпы алаш зиялыларының қиын-қыстау кезеңге қарамай, ұлттық құндылықтарымыз бен ғылым-білім үшін күресіп, жасаған зерттеулерін өмірдің қай тәжірибесінде қолданудың берері мол. Осы тұрғыдан, «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі әдеби ұғым-түсініктер мен қисын-қағидаттарды инновациялық тәсілдер негізінде болашақ кәсіби мамандарға оқытуға тоқталдық. Сауалнама әдісіне сүйене отырып, ғылыми зерттеудің қай бағытта меңгерілуін айқындап, осы бағытта түрліше әдіс-тәсілдер қолданылды. Мүмкіндігінше мол мағлұмат беріп, бүгінгі оқыту теорияларына толыққанды жауап бере алатын инфографиякалық карта жасалды.

Кез келген әдеби туынды немесе зерттеу еңбекті оқытқанда авторы туралы жан-жақты мағлұмат берілуі керек деген қағида қаперде болды. Дөңгелек үстел, түрлі топтық жұмыстар ұйымдастырылды.

«Әдебиет танытқыш» қана емес», Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т. б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде оқыту мәселелерін қарастырған жөн және ол өз кезегінде болашақ кәсіби мамандардың білімдерін тереңдетумен қатар, кәсіби білік-дағдыларын дамытуға мол мүмкіндіктер жасайды.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Тоқаев Қ. Ж. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары // https://www.akorda. kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333

2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // https://online. zakon. kz/Document/?doc_id=30119920

3. Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы. Алматы: Дәстүр, 2015. – 288б.

4. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Семей, 19 қазан, 2022. – 213 б.

Білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру

Елубаева Р.
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз инновациялық институты,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Абаева А., Таджикова А.
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз инновациялық институтының аға оқытушылары

Еліміздегі орта білім беру реформасы шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Осыған орай қазіргі білім беру мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып, әлемдік жүйеге жақындастыруда құзыреттілікке бағдарлану бағытын қарастырып отыр. Бұл оқушыны жаңа тұжырымдарды түсінуге және қабылдай білуге, бүкіл өмір бойы өзгермелі

жағдайларға тез икемделуіне, сындарлы ойлай білуге және ақпараттар ағынын бағдарлай алуға, топтың алдында өз ойын анық, дәл жеткізуге, тыңдаушысын иландыра білуге қабілетті интеллектуалды ұлт ретінде қалыптастыруды көздейді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда жаңа білім беру жүйесінің бастауыш сатысында оқыту үдерісін ұйымдастыру базалық білім, білік, дағдылар, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың түйінді құзыреттілігін қалыптастыруды қажет етеді. Осыған сәйкес бастауыш мектептен бастап оқушылардың бойында өзара мәдениетті қарым-қатынас нормаларын игертуді қамтитын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру басым бағыттардың бірі болып табылады.

Коммуникативтік құзіреттілікті қарым-қатынастың бір қыры ретінде қарастыру белгілі философтар, қазақ даласының ойшылдары, ғұлама ағартушылары, психологтар мен педагогтардың еңбектерінде көрініс тапқан. Тұлға дамуындағы қарым-қатынастың орны және олардың бір-бірімен диалектикалық байланысы Ж. Алтаев, Қ. Әбішев, М. М. Бахтин, Н. А. Бердяев, Т. Д. Кішібеков, Ә. Нысанбаев, Г. Ж. Нұрышева, М. Орынбеков және т. б. философиялық еңбектерінде қарастырылады. Психология ғылымында К. Роджерс, С. Л. Рубинштейн, Л. С. Выготский, М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, Қ. Б. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, және т. б. қарым-қатынастың коммуникативтік жағының психологиялық заңдылығын ашады.

Коммуникативтік құзыреттілік алғаш рет әлеуметтік психологияда пайдаланылып, ішкі қоры (білім, білік) негізінде басқа адамдармен байланысты құру және қолдау қабілеті ретінде қолданылған. Күні бүгін психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде «коммуникативтік құзыреттілік» терминінен басқа да коммуникативтік дайындық, қарым-қатынас құзыреті, коммуникативтік қабілет, тұлғаның коммуникативтік әрекеті, мәдениет және біліктілік деген сияқты терминдер көптеп қолданылып келеді. Бір қарағанда бұл терминдер белгілі бір жағдайда ғана қолданылатын синонимдес сөздер сияқты болып көрінуі мүмкін. Ал ғылыми тұрғыдан олардың мағыналық ара-жігін анықтап, ашуға болады. Сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын – тіл болса, оның іске асуына жағдай жасайтын – коммуникация. «Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектерінің қай-қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті баса айтылады [1]. Сонымен «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына талдау жасауды жөн көрдік.

«Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы 1970 жылдардан бастап қолданыла бастады. Аталған термин әуелі даму психологиясы, когнитивті психология және социолингвистикамен байланыста дамып қолданылды. Бихеверист ғалымдар тұлғаның коммуникативтік құзыретін қамтамасыз ететін бірнеше міндетті шеберлікпен меңгеру қажеттігін атап көрсетеді. Шетелдік ғалымдардың коммуникативтік құзыреттілік мәселесіне арнаған еңбектерінде зерттелетін феномен «шынайы өмірлік жағдайларда меңгерген тілді қолданушымен ауызша және жазбаша қарым-қатынас орната білу икемділігі» деп көрсетеді [2]. Коммуникативтік құзыреттілікті – кез келген оқушының, жан-жақты қарым-қатынас жағдайын қабылдау, жіктеу амалы арқылы нені және қалай айту қажет екенін айқындауы деп тұжырымдайды.

Коммуникативтік құзыреттілік өзіндік үйлесім (түзілім) ретінде өте аз қарастырылып, басқа ұғымдармен байланыста қолданылғандығын кездестіруге болады. А. Н. Хомскийдің тілді ерте меңгеру мәселесіне арналған көзқарастарымен коммуникативті құзыреттілікті психолингвистика, социолингвистика және коммуникативті әрекет теориясы шеңберінде қадағаланады. Коммуникативтік құзыреттілікті өзіндік түсіндіруді

Дж. Уайменнің «коммуникативтік құзыреттілік теориясында» коммуникативтік құзыреттілікті «қарым-қатынас контексінде әлеуметтік білім мен әлеуметтік дағдыны прагматикалық ретті пайдалану» деп анықтаған [3]. Мұндай тәсіл диададағы өзара әрекетке талдау жасауға ыңғайлы болғанымен, коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру мен диагностикалауда берері аз. Ресейлік зерттеулерде коммуникативті құзыреттілікті қандай да бір кең ауқымды білім берудің бөлшегі ретінде қарастырады. И. Я. Зимняя құзыреттіліктер арасынан коммуникативті құзыреттілікті адамның тұлға ретінде өзіне қатынасын және өз өмірінің түрлі формаларындағы әрекеттерін айқындап, тұтас әлеуметтік ортада адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесу аймағындағы іс-әрекеті деп қарастырды [3].

Еуропалық кеңесте коммуникативтік құзыреттілік базалық сапа ретінде қабылдаған негізгі бес құзыреттіліктердің арасында белгілі орынды иеленіп, «қазіргі жылдам өзгеретін демократиялық қоғамда» тұлғаның соған сай әлеуметтену жағдайы деген түсіндірме беріледі. Аталған құзыреттілік субъектінің ауызша және жазбаша қарым-қатынас құралдарын меңгеру деңгейімен байланысып, әлеуметтік өмірде және кәсіби әрекетте маңызды болып табылатын; «әлеуметтік оқшаулану қаупін» жеңуде «бір немесе одан да көп» тілді меңгерудің маңыздылығы ерекше атап өтіледі. А. В. Хуторской коммуникативтік құзыреттілікті тұлғаның «бастапқы» сапасы ретінде қарастырады [2]. Жоғарыдағы зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар мен көзқарастардан тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі қарым-қатынас барысында өзін өзі көрсете білуі және адамның дербес коммуникативтік ерекшеліктерінің кешені болып табылады.

Р. С. Немов коммуникативтік құзыреттілікке «өзінің табысқа жетуіне қатысты адамдармен қарым-қатынас жасай білу іскерлігі мен дағдысы» деген нақты анықтама береді. Психологиялық көзқараста коммуникативтік құзыреттілік – бұл тұлғаның шынайы қарым-қатынасқа сәйкес жағдайда сөйлесім, оқу, аудиттік және жазуда өзінің сөйлеу әрекетін ұйымдастыра, басқара білу мүмкіндігі деп тұжырымдалған. А. Панфилов коммуникативтік құзыреттілік – бұл білім, білік, дағдылардың жиынтығы деген тұжырымын айтып, оларды мынадай негізде қамтамасыз етілуі керек деген талап қояды: қатынас қызметі және коммуникативтік үдерістің ерекшелігі; қатынас түрлері мен оның негізгі сипаттамасы, қарым-қатынас амалдары; вербалды және вербалды емес қарым-қатынастар; «кері байланыс» – сұрақтар мен жауаптар, іс-әрекетте өзара әрекеттесудің формалары мен амал - тәсілдері, технология мен адамдарға әсер етудің тәсілдері. М. Махаманова мектепке дейінгі балалардың қарым-қатынасындағы коммуникативтік құзыреттіліктің ерекшелігіне түсіндірме береді. Оның ойынша, коммуникативтік құзыреттілік басқа адамдармен қарым-қатынасты орнату, сақтау қабілеті. Оның құрамын тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ететін білім, білік және дағдының жиынтығы құрайды.

К. Данцигер коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамның коммуникативтік қызметінің мүмкіндіктеріне сай жүзеге асыра білуі. Коммуникативтік құзыреттіліктің негізі серіктесінің орнына өзін қоя білу, қарым-қатынасты әңгімелесуші қабылдайтындай әрі түсінікті етіп құра білу іскерлігі деп анықтаған. Ал Ю. А. Коневаның анықтауы бойынша қарым-қатынастың тиімді болуына коммуникациялық мүмкіндіктердің болуы әсер етеді. Әр алуан қарым-қатынас мәселелерінде өзіндік әлеуеті мен міндеттерінің және мүмкіндіктерінің әріптесінің шешіміне сәйкес келуі. Құзыреттілікті ауқымды жоспарда қарастыру Ю. Н. Емельяновтың еңбектерінен байқалады. Автор коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру теориясы мен практикасын зерттеген, тұлғааралық

тәжірибелердің деңгейі, төңірегімен өзара әрекетте индивидтен өзінің қабілеті мен әлеуметтік мәртебесін табысты қамтамасыз етеді. Оның пікірінше, аталған құзыреттілік «тәрбиелі» ұғымымен сәйкес келеді, оның төңірегіндегілер тиімді немесе тиімді емес байланыс жағдайындағы тұлғааралық мінез-құлық ерекшелігі. Сондықтан коммуникативтік құзыреттілік тек дара сапа емес, бірін-бірі түсінуге ұмтылған белгілі топ адамдарының санасының белгілі жағдайы. Психология ғылымында коммуникативтік құзыреттілікті басқа адамдармен байланысты құру және қолдау қабілеті ретінде қарастырылғанын көреміз.

Педагогика ғылымында коммуникативтік құзыреттіліктің әдістемелік аспектісін Г. С. Трофимова зерттеп, дидактикалық үдерісте оқушылардың коммуникативтік іс-әрекет тәжірибесін қалыптастырудағы мүмкіндігін анықтаған [2]. Зерттеушінің ойынша, коммуникативтік құзыреттілік пен коммуникативтік қабілеттің бірігуі, ондағы қалыптасқан тәжірибесі коммуникативтік құзыреттілігінің жоғары деңгейге жетуіне ықпал етеді. Тілдік қарым-қатынастың жұтаңдығын жою қарым-қатынас ортасын ұйымдастыруға байланысты. Ол туралы М. Р. Львов «балаларға тілдік орта құру керек. Бұл орта баланың тілін дамытады, оның қандай болуы, өзінің тілінің бай және алуан түрлілігіне әкеліп тірейді» – деп тұжырымдайды [1]. Демек, оқушының сөйлеу ортасы өзі қатысым жасайтын тұрағы, мекені, отбасы мен мектеп болып табылады. Оқушы тілінің даму үдерісін мақсатты, жүйелі, жүргізу, тіл байлығын молайту ортасы болып табылады.

С. Ж. Берденова еліміздегі орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларының көп тілділігі негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды зерттей отырып, тұлғаның адамдармен байланысқа түсу біліктілігімен түсіндіреді. Оқушылардың көп тіл білуі адамдармен тіл табысуда өзінің мінез-құлқын бақылау, басшылыққа алу, өз көзқарасын сауатты етіп дәлелдей алуына мүмкіндік береді. Мұндай жағдайлар болашақта қоғамда, отбасында береке орнатып, тіл табысу нәтижесінде жұмыссыздық жойылады [3].

Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандыру мәселесін зерделей келе, Ж. Ы. Сардарова бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті құзыреттілігінің көрсеткіштеріне жазбаша коммуникация, көпшілік алдында сөйлеу, диалог, топтық өнімді коммуникация деп бөліп көрсетеді [4]. Зерттеушінің бұл тұжырымын зерттеу жұмысымызда басшылыққа алдық. Жоғарыдағы коммуникативті құзыреттілік туралы психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі түсініктемелерді басшылыққа ала отырып, төмендегідей анықтама беруді мақсат еттік.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігі өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдері туралы білімі, білігі және дағдысының жиынтығы. Демек, оқу-ағарту саласында өзекті мәселенің бірі – бастауыш сынып оқушысын сапалы қарым-қатынасқа даярлап, тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Бастауыш сынып оқушысының тілдік қарым-қатынасын жетілдіру, дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолданатын баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту қажет. Коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның оқу-танымдық, кәсіби және мәдени-танымдық қызметтің өзекті салаларында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруге байланысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі жылдам дамып отырған дүние жағдайларында оқушыларды сөйлегенде сөзі терең, қыруар ойлы, өткір, қиялды тереңнен

тартып, ұғымды, әсерлі етіп сөйлей алатын кез келген ортада қарым-қатынасты орната алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Санат, 1993. – 272 б.
2. Алдамұратов Ә. Ж. Тілдік конструкцияларды меңгеру психологиясы. –Алматы, 2006. – 40 б.
3. Джакупов С. М. Управление деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 117 б.
4. Бердібаева С. Қ. Интелект – адамның творчестволық іс-әрекетінің шарты ретінде // Хабаршы–Вестник. - 2006. - № 2. – С. 10-14.
5. Тоқсанбаева Н. Қ. Психологиядағы қарым-қатынас мәселесі // Білім беру жүйесінде адам ресурстарын басқарудың қазіргі тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2005. – Б. 345-347.

Мәтіндік жұмыс арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру әдістері

Клычниязова Г.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Заманауи білім беру кеңістігінде сөйлеу мәдениетін дамыту лингвистикалық құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Әр түрлі контексте тиімді және орынды қарым-қатынас орнату қабілеті жеке және кәсіби жетістіктер үшін өте маңызды. Бұл ғылыми мақала мәтінмен жұмыс істеу арқылы сөйлеу мәдениетін арттыру әдістеріне, коммуникативті дағдыларды дамыту үшін оқу орындарында қолдануға болатын әдістерді зерделеуге бағытталған. Аталған әдістерді қолдана білу тілді меңгеруді жақсартып, сонымен қатар тілді қолданудың ерекшеліктерін тереңірек түсінуге ықпал ете алады. Ғылыми зерттеудің мақсаты – теориялық негіздерді зерттеу және практикалық қолдау негізінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттырудың тиімді әдістеріне шолу жасау.

Аталған тақырыптың маңыздылығы – мәтінмен жұмыс жасау арқылы сөйлеу мәдениетін арттырудың әдістерін зерттеу және бағалау. Бұл әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалану арқылы білім беру орындарындағы мұғалімдер мен оқытушылар теориялық/практикалық негіздемелерді үйретуге бағытталған құрал ретінде қызмет етуі мүмкін.

Сөйлеу мәдениетін дамыту лингвистикалық зерттеулер мен білім беру тәжірибесінің басты бағыты болып табылады. Кейбір ғылыми зерттеушілер құрылымдық мәтіндік тапсырмалар арқылы тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытудың маңыздылығын өз еңбектерінде көрсетеді.

Сөйлеу мәдениетін жоғарлатуда оқылған мәтінді дұрыс түсіну жаттығулары негізгі рөл атқарады. Өйткені, бұл жаттығулар сөздік және грамматикалық дағдыларды дамытуға өз үлесін қосады. Әр түрлі мәтіндерді талдау арқылы білім алушылар күрделі лингвистикалық құрылымдармен, күнделікті жағдайда қолданбауы мүмкін лингвистиканың кең спектрімен танысады. Осындай әдістерді түсініп, қолдану арқылы оқушы күрделі лингвистикалық заңдылықтарды игеруге мүмкіндік алады. Кейінгі

жағдайларда, олар осы әдістерді өз сөздерінде қолдана алатын болады. Соңғы кездері зерттеулерде оқуды түсіну жаттығуларын үнемі орындау сөздік қорын игеру мен грамматикалық дәлдіктің жақсаруына әкелетіндігін атап көрсетуде [1]. Мәтіндердегі ерекше нюанстармен жазылған сөздерді түсіну арқылы студенттер өздерінің сөздік қорларын кеңейте алады.

Сонымен қатар, оқу материалдарының әртүрлілігі, әсіресе әдеби жанрдың кеңдігі оқушылардың тілдік репертуарын кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. И. Джеймс зерттеулері көркем әдебиет, публицистика, поэзия және драма сияқты мәтіндермен жұмыс істеу арқылы кез келген тақырыпқа бейімді болатындығын ерекшелейді [2]. Бұл бейімделу күрделі сөйлеу мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені бұл ерекшелік адамға әр түрлі ортада, аудиторияларда, мақсаттарда қолдануға мүмкіндік береді. Мысалға айтатын болсақ, роман жанрындағы кітаптарды оқу сипаттамалық тілді түсінуге және тиімді пайдалануға көмектеседі, ал ғылыми мәтіндермен жұмыс жасау күрделі идеяларды нақты және қысқаша тұжырымдау қабілетін жақсартады. Тұрақты түрді оқу сыни тұрғыдан ойлау мен түсіну дағдыларын дамытады. Себебі, аталған жаттығулар барысында студенттер мәтінді талдауға, синтездеуге, бағалауға әрекет етеді. Бұл танымдық іс-әрекет жалпы лингвистикалық құзыреттілік пен сөйлеу сенімділігіне ықпал ете отырып, тіл механикасы мен тілді қолдануды тереңірек түсінуге бағытталады. Соколованый пайымдауынша, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін аталмыш жаттығулар қажетті [3].

Жазбаша тапсырмалар сөйлеу мәдениетін арттыруға үлкен әсер етеді, сол себепті жаттыққан адам сыни ойлауға, жүйелілікке, өзін өзі көрсетуге үйрене бастайды. Құрылымдық жазбаша тапсырмалар арқылы студенттер өз ойларын логикалық түрде ұйымдастыруды үйренеді, одан кейін пайда болған идеяларын тиімді жеткізу қабілетіне ие бола бастайды. Томпсон мен Лидің айтуынша, жазуды жақсартатын жаттығулар адамды когнитивті өңдеуге итермелейді, себебі адамдар үйренген сайын әрбір ақпаратты оқу арқылы оларды құрылымдауды жақсартады. Грамматика мен синтаксис ережелерін бекіту арқылы жалпы лингвистикалық құзыреттілік арттырып, басқа да лексикаларды қолдануға әсер етеді. Сондай-ақ, жазбаша тапсырмалар студенттерге күрделі идеяларды айқын және дәлдікпен жеткізе білуге мүмкіндік береді. Соның есебінде тілдік дағдыларды жаттықтыру арқылы кез келген оқушы өз мүмкіндіктерін жетілдіре бастайды.

Сонымен қатар, жазбаша тапсырмалар өзін өзі көрсету мен жеке дауысты білдіртуге және оны дамытуға ықпал етеді. Акарлоудың көрсеткені бойынша, жазбаша тапсырмаларды орындайтын білім алушылар өз ойларын жазбаша да, ауызша да форматта тұжырымдай алатын болады [4]. Жазу арқылы адам стилистика ерекшеліктерін де қолдана алады. Сондықтан да, көп адамдар сөйлеу мәдениетін жоғары бағалайды. Себебі, сөйлеу мәдениетін білген тұлға өз ойын, идеясын тиімді түрде айқындайды. Студенттер оқу барысында жіберілген қателіктерді саралау арқылы өз жұмысына баға беруді, рефлексия мен сыни ойлауды танытады. Егер адам жазу практикасын күннен-күнге жақсартып отырса, ол әңгімені дұрыс жаққа бұруға, пікір білдіруге, дәлел келтіруге үйренеді. Жазба мәдениетін қалыптастыра білген оқушы ауызша сөйлеу де сөз әдебін сақтай білуді мақсат етеді.

Бірлескен іс-шаралар, оның ішінде топтық пікірталастар, дебаттар мен презентациялар, студенттерге қарым-қатынас орнатуды үйретеді. Себебі, осы аталған шараларда сөйлеу әдебінің дағдыларын пайдалану арқылы практикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады. Осындай сабақтардың негізінде динамикалық және жақсы ортаны

қалыптастырады, ал бұл атмосферада студенттер диалог жүргізуді, кері байланыс орнатуды көздейді. Ю. Нинг зерттеулері бойынша бірлескен іс-шаралар адамға көпшілік алдында сөйлеуге деген сенімділікті дамытады. Топтық жұмыстың нәтижесінде студенттер өз ойларын тұжырымдауды, басқаларды тыңдауды, жауап беруді үйренеді. Өз кезегінде, аталған іс-әрекеттер тиімді қарым-қатынасты жасауға көмегін береді.

Тағы бір ерекшелік ретінде бірлескен іс-шаралардың, сабақтардың тілдік құрылымдарды қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл жұмыстардың негізінде адам басқа адамдардың көзқарастарын тануды үйренеді. Жалпы, студенттер дебат кезінде қарсыластың ойын тыңдау арқылы өзінің де мүмкіндіктерін дамыта алатындығын көрсеткен. Осы жаттығулар тек басқаның ойын тыңдауды ғана емес, жауап ретінде өз көзқарасын дәлелдеуді анықтайды. Интерактивті сабақтар студенттерді сөздік қорларын қолдану арқылы күрделі сөйлем құрылымдарын пайдалануды көздейді. Оған қоса, бұл жаттығу дағдылары адамдың сөйлеу мәдениетін ғана жоғарлатпай, оның басқа адамды сыйлауды, көзқарасын тыңдау білуді үйретеді. Ортақ мақсатқа жетуде өзгелермен жұмыс жасауды дамытады. Себебі, бірлесу арқылы адамдар өздерінің мүмкіндіктерін толығымен ашуды меңгере алады. Сондықтан да, сөйлеу мәдениеті өз әдістерінде әлеуметтік аспекті де көрініс береді, оның ішінде басқа адамның көзқарасын тыңдау білу қасиеті жоғары бағаланады [5].

Қорытындылай келе, бірлескен шаралар сөйлеу мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізетіндігін айта кету керек. Осындай бірлескен, ұжымдасқан жұмыстардың, айтатын болсақ дебаттардың, топтық дискуссиялардың, презентациялардың арқасында студенттер сөйлеу мәнерін жылдамдатуға, тез ойлануға, қарсыластарға жауап беруге үйренеді. Аталған интерактивті тәжірибе күрделі қарым-қатынастарды жүргізуге және оған бейімделуге, студенттердің әр түрлі әлеуметтік және кәсіби орталарда өзін дұрыс көрсете білуге қажет.

Сөйлеу мәдениетін жан-жақты дамытуда цифрлық және технологиялық құралдар да өз әсерін береді. Қазіргі заманауи платформалар сөйлеу мен ойлау практикасын дұрыс пайдалана білуге ықпал етуде. Шадиев онлайн-дискуссия форматтарындағы шаралар және цифрлық кеңістікті пайдалана білуді студенттерге тікелей кері байланыс орнатуға көмектеседі [6]. Бұл құралдардың қатарына келесідей мүмкіндіктерді береді: интерактивті грамматикалық жаттығулар, сөздік ойындар мен виртуалды әңгімелесу клубтары. Адамдар өздерінің қызығушылықтарына сай жаттығуларды не клубтарда бірге жұмыс жасау арқылы болатын топтарға қосылады. Осы себепті басым зерттеушілер цифрлық құралдардың студенттердің тілді дамытуда түрлі әдістерді қолдануына тиімді болатындығын көрсеткен. Осындай ізденістер арқылы адам өзінің мәтіндік дағдыларын жоғарлата біледі. Цифрлық платформалардың кез келген нүктеде ашық және қолжетімді болуы адамдардың түрлі ақпараттарды қабылдай алуына мүмкіндіктер береді .

Қазіргі білім беру ортасында сөйлеу мәдениетін дамыту лингвистикалық ерекшеліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Білім алатын орталарда сөз саптау, сөйлем құру, өз ойынды дұрыс жеткізе білу, қарым-қатынасты орнату сияқты іс-әрекеттер адамның сөйлеу қабілетін қажет етеді. Себебі, кез келген ортада, әсіресе ғылыми және бизнес орталарында адамның сөйлеу мәдениеті жоғары бағаланады. Аталған орталардағы адамдардың арасында кез келген тұлға өзің тиімді және жақсы жағынан көрсете білгені дұрыс болып табылады. Сөйлеу мәдениеті тек дұрыс сөйлеуді ғана емес, дұрыс жаза білуді де өз аясына қосуы керек. Себебі, студент ауызша да, жазбаша форматта да өз ойларын айқын көрсете білуі керек.

Бүгінгі күнде білім алу орталарында оқытушылардың да арасында заманауи білім беру, мәдениетке үйрету әдістері жоспарға қосылады. Білім беруші өз алдында отырған балаға, студентке оқу орнынан тыс кез келген ортаға бейімделуге қажетті болатын қасиеттерді, дағдыларды игеруге бағытталуы керек. Бұл әдістерді игеруде білім беруші онлайн ойындарды, әлеуметтік желі кеңістігін де пайдаланса, студент қалыптасқан форматпен қатар заманауи әдіс-тәсілдерді игеріп кете алады. Осы кезекте, сөйлеу мәдениетін жоғарлату және дамыту мақсатында білім беру мекемелеріне айтылған құралдарды енгіздіру керек.

Орта мектеп оқушылары арасындағы прагматикалық құзыреттіліктің жасқа байланысты айырмашылықтары

Жанысбекова Ш.
Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Прагматикалық құзыреттілік пайдалы және тиімді қарым-қатынасқа қол жеткізу үшін тілді әр түрлі контекстерде дұрыс пайдалану мүмкіндігін береді. Ол өзіне сөйлеу актілері мен импликацияларын түсіну мен пайдалануды, тілді әлеуметтік нормалар мен ситуациялық жағдайларда реттеу мүмкіндігін қамтиды [1, 2]. Прагматикалық құзыреттілік басқа адамдардың тілін түсіндіруді де, сол жағдайларда сәйкес өзінің де тілін дамытуға бағытталған [3]. Қарым-қатынастағы аталған құзыреттіліктің маңыздылығы маңызды. Бұл құзыреттілік тілді дұрыс пайдаланған кезде прагматикалық ақауларды болдырмауға көмектеседі. Өз кезегінде, бұл адамдар арасындағы түсініспеушіліктерге немесе жалпы қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі [4, 5].

Тиімді прагматикалық дағдылар әлеуметтік қатынастарды сақтауда, кәсіби мақсаттарға жету және әлеуметтік өзара әрекеттесулерді басқару үшін өте маңызды болып келеді. Тақырыпта көрсетілгендей орта мектеп оқушылары үшін прагматикалық құзыреттілікті дамыту тиімді болып келеді. Бұл дағдыларды дамыту әрекеті оның үлгеріміне, қарым-қатынасты дұрыс орната білуге әсерін тигізеді. Орта мектептің басталуы кезеңінде тілді дамыту алдыңғы орындарға шығады. Өз кезегінде, осындай мүмкіндіктер сынып ішінде де, одан басқа жерлерде де тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етуі мүмкін [6, 7]. Одан кейін жетілдіру жұмыстарының нәтижесінде әлеуметтік интеграция жақсарады [8].

Аталған зерттеудің негізгі мақсаты – орта мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігіндегі жас ерекшеліктеріне бағытталған қолданыстағы зерттеулерге шолу және талдау. Осы тақырыптың шеңберіне орта мектеп оқушыларының прагматикалық дағдылардың қалай дамитынын зерттеуді, негізгі заңдылықтар мен вариацияларды анықтауды және осы айырмашылықтарға әсер ететін факторларды түсінуді қамтиды. Зерттеулердің алуандығын қорытындылайтын бұл зерттеу осы саладағы заманауи білім алуға жан-жақты шолу жасауға және одан әрі зерттеуді қажет ететін салаларды бөліп көрсетуге бағытталған.

Прагматикалық құзыреттіліктің жас ерекшеліктерін түсіну оқытушылар мен оқу бағдарламаларын жасаушылар үшін маңызды рөл атқарады. Осы жұмыстағы көрсетілген зерттеу әдістері мен нәтижелері қазіргі мектептердің оқыту әдістерінде пайдаланылуы мүмкін. Білім беру стратегияларын әр түрлі жас топтарының нақты қажеттіліктеріне

бейімдеу арқылы оқытушылар мен оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін және жалпы оның үлгерімін арттыра алады [2, 8].

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері орта мектеп сыныптарындағы оқыту стратегияларына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Прагматикалық құзыреттілікті дамыту әдістері мен ілімі кіші және үлкен оқушылар үшін өткізуге керекті болып табылады. Оның нәтижесінде білім алушылардың белсенділігі артады. Осы әдістерді білім берушілер өздеріне нұсқаулық ретінде пайдаланып, теориямен қатар тәжірибелік мүмкіндіктерді қабылдауға көмектеседі [7, 6].

Тиімді қарым-қатынас орнату ілімі прагматикалық құзыреттіліктің, тілдік дамудың теорияларына негізделген. Сөйлеу актілері кешірім сұрау сияқты әрекеттерді орындау үшін қолданылады. Ал прагматикалық құзыреттілік осы сөйлеу актілерін дұрыс қолдануды қамтиды [9, 10]. Грайстың ынтымақтастық принципі тиімді қарым-қатынасты дамытуда әңгімелесу принциптеріне бағынады: саны, сапасы, қарым-қатынас тәсілі [11]. Әлеуметтік-мәдени теория когнитивті дамудағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің рөлін атап көрсетеді. Сол себепті де, бұл прагматикалық құзыреттілік әлеуметтік және мәдени нормаларды игеру арқылы дамиды деп болжайды [12]. Прагматикалық құзыреттілік контекстке негізделген қорытынды жасау және болжамды мәндерді түсіну қабілетін қамти алуы өзектілік теориясының коммуникациядағы күші мен әсерінің маңыздылығын көрсетеді [13].

Аталған тақырып аясындағы зерттеулер прагматикалық құзыреттіліктің айырмашылықтарын жасқа байланысты қандай болатындығын көрсетеді. Мысалға айтатын болсақ, Сяо-Цин орта мектеп оқушыларында жиі кездесетін прагматикалық қателіктерді анықтады және олардың дағдыларын арттыру үшін білім беру іс-шараларын ұсынды [3]. Жанысбекова сыныптан тыс жұмыстар мен тілдік орта арқылы прагматикалық құзыреттілікті саналы түрде дамытудың маңыздылығын атап өтіп, оқу үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын атап өтті [2]. Кебин атты зерттеуші орта мектеп оқушыларының әлеуметтік-прагматикалық сәтсіздіктерін талдап, оларды мәдени айырмашылықтар мен хабардар болмауының себебімен түсінідіріп, мәдени және контекстік білім беру арқылы жағдайды жақсартуды ұсынды [5]. Сю мен Гуо ағылшын тілі мұғалімдерінің прагматикалық құзыреттілігін арттыру стратегияларын зерттеп, оқыту бағдарламаларын жақсарту арқылы студенттерге жанама түрде пайда әкелуді мақсат етті [6].

Орта мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігі әр түрлі жоас топтарына қарай айтарлықтай ерекшеленеді. Зерттеулердің қорытындылары көрсеткендей, бастауыш сынып оқушылары көбінесе негізгі прагматикалық тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болады. Ал жоғары сынып оқушылары жақсы дағдыларын көрсетеді. Бірақ оның прагматикалық жағы төмен деңгейді көрсетіп тұрады. Жоғарыда атап өткен Сю мен Гуо прагматикалық құзыреттілік адамның жасына қарай жақсаратындығын анықтады. Ол үшін оқытуды тоқтатпауды атап өтті [6]. Кебин де мәдени түсінбеушілік көп жағдайда бастауыш сынып оқушылары арасында жиі кездесетіндігін айтып кеткен [5].

Зерттеудің негізгі тақырыптарының бірі – прагматикалық құзыреттілікті арттыру үшін нақты оқыту мен мәдени ағартушылықтың маңыздылығы. Зерттеулердің мазмұндарында прагматикалық дағдыларды дамытуда мұғалімдер мен білім беру ортасының рөлін үнемі атап көрсетеді. Әлеуметті-прагматикалық сәтсіздік көп жағдайларда мәдени түсінбеушіліктің нәтижесі болады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларында прагматикалық құзыреттіліктің дамуын қолдау үшін сыныптан тыс

жұмыстар және прагматикалық оқытудың мақсатты бағдарламалары сияқты іс-шаралар бірнеше рет ұсынылды [2].

Әдебиеттерге шолу орта мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігіндегі жасқа байланысты айырмашылықтармен көрініс табады. Кіші жастағылар грамматикалық тапсырмаларды орындауда қиналса, үлкендері прагматикалық сәтсіздіктерді жасап жатады. Бұл нәтижелер теориялық негіздемелерге сәйкес келеді [12, 11]. Сяо, Гуо және Кабина сияқты зерттеу жүргізгендер аталған дағдыларды жақсарту үшін мәдениеттің алатын орнын ерекшелендірген [6, 5, 9, 11]. Осыған орай, қазіргі білім беру орталары жаңадан пайда болатын білім беру стратегияларының әзірленуін қажет етеді.

Осындайда, оқытушылар орта мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігін арттыру үшін өзіндік практикалық стратегияларды жүзеге асыра алады.

Біріншіден, сөйлеу актілері мен сөйлеу нормалары сияқты прагматикалық аспектілер бойынша студенттерді таныс нұсқаулықтарды қосу тиімді болып табылады [1].

Екіншіден, оқу бағдарламасына мәдени білім беруді енгізу әлеуметтік-прагматикалық сәтсіздіктерді азайтып, мәдени деңгейді арттыруы мүмкін [5]. Үшіншіден, сынып ішінде және сыныптан тыс орталарда ұйымдастырылған шаралар білім алушыларға практикалық түрде бәрін пайдалануға мүмкіндіктер бере алады [2]. Оған қоса, прагматикалық құзыреттілікке бағытталған мұғалімдердің үздіксіз біліктілігін арттыруы олардың оқушылармен жұмысын жақсартуда тиімді және қажетті құрал ретінде болатындығын ескерген жөн [6].

Әдебиетке шолу бірқатар шектеулерге де ие болады. Зерттеу негізінде қарастырылған тақырыптар мен олардың нәтижелері нақты мәдени және білім беру контекстіне бағытталған. Ерекшелерді бағалау құралдарындағы нәтижелерді тікелей салыстыру қиындыққа әкелуі мүмкін. Кейінгі уақыттарда болашақ зерттеулерді және мәдени жағдайларды қамту мен прагматикалық құзыреттіліктердің дамуын толық түсінуді қамтамасыз ету үшін стандартталған бағалау құралдарын пайдалануға бағытталуы тиіс. Кейінгі жылдарда оқушылардың прагматикалық дамуын бақылайтын кезде білім алудың әр түрлі методтарын қарастырған жөн.

Қорытындылай келе, әдебиеттерге шолу орта мектеп оқушыларының прагматикалық құзыреттілігіндегі жасқа байланысты айырмашылықтар көрсететіндігін аңғаруға болады. Осыған байланысты әрбір жастағы оқушыларға ерекше оқыту әдістері мен қарым-қатынас құралдары қолданылуы керек. Себебі, қарым-қатынас орнатуда адамның грамматикалық, прагматикалық құзыреттілігіндегі дамуымен қатар басқа да әлеуметтік функциялар көрініс береді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқытушылардың салдары айқын: прагматикалық аспектілерді оқыту, мәдени білім беру және сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың прагматикалық дағдыларын дамыту. Ол үшін оқытушылар өз біліктіліктерін үнемі арттырып, білімдерін жоғарылатып отыруы керек.

Зерттеу нәтижелерінің маңызды болуына қарамастан, бірқатар шектеулердің пайда болғандығы анықталды. Оның ішінде әсіресе мәдени даму мен білім беруге назар аударылуы керек. Басқа зерттеу жұмыстарында мәдени әр түрлі жағдайлардағы мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, ізденістер жасалуы жақсы нәтижелер әкелуі мүмкін. Ақпараттардың жан-жақтылығы білім беретін шаралардың маңыздылығын, тиімділігін ерекшелейді. Оның нәтижесінде, оқушылар арасында қарым-қатынас орнап, бір-бірін түсіну және сөйлеу мәдениеті жоғарылайтын болады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ifantidou, E. 2013. Pragmatic competence and explicit instruction. JournalpfPragmatics. 59, 93-116.

2. Zhanysbekova, S. 2021. Подходы к формированию прагматической компетенции старшеклассников. Вестник Серии Педагогических Наук.

3. Сяо-Цинь, Х. 2008. On the Self-cultivation of Pragmatic Competence of Senior Middle School Students. JournalofLiaochengUniversity.

4. Ляо, Ц. 2003. О прагматической компетентности и развитии компетентности у студентов. Журнал GuangdongAibManagementCollege.

5. Кебин, С. 2013. Анализ социально-прагматических неудач у учащихся средней школы. TheGuideofScience&Education.

6. Сюй Х., &Го, Р. 2016. Исследование стратегий повышения прагматической компетентности учителей английского языка. Сборник докладов Международной конференции по социальным сетям, коммуникациям и образованию (SNCE2016).

7. Razali, I. R., & Abdullah, N. 2021. Pragmatic Competence in Requests, Apologies and Refusals: A Study on University Teknologi Mara (UiTM) Students. International Journal of Academic Research in Business and Social Sciences.

8. Li, C. 2021. On Teachers' Subjective Position in Middle School English Teaching from the Perspective of Pragmatics. Frontiers in Educational Research.

9. Austin, J. L. 1962. How to Do Things with Words. Oxford University Press.

10. Searle, J. R. 1969. Speech Acts: An Essay in the Philosophy of Language. Cambridge University Press.

11. Grice, H. P. 1975. Logic and Conversation. In P. Cole & J. L. Morgan (Eds.), Syntax and Semantics (Vol. 3, pp. 41-58). AcademicPress.

12. Выготский, Л. С. 1978. Мышление и речь. М.: Издательство Академии педагогических наук РСФСР.

13. Sperber, D., & Wilson, D. (1986). Relevance: Communication and Cognition. Harvard University Press.

Төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыда оқытуда ескерілетін жайттар

Рысқұлов М.
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан оқыту идиомаларды меңгеріп қана қоймай, өздерінің дүниетанымын кеңейтуге, тілдік санада қалыптасқан ғалам бейнесіне жаңа реңктер қосуға, басқа адамдарды түсінуге, дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Фразеологизмнің асимметриясын (мағынаның тұтастығы және құрылымның жіктелгендігі) түсіну оны синтаксистік үлгіге сәйкес құрылған лексика-семантикалық бірлік ретінде қабылдауға жол ашады. Бұл оқушылардың когнитивтік қабілеттері мен эмоционалды-эстетикалық қабілетінің дамуына ықпал етеді. Фразеологиялық бірліктердің балалардың тілдік, сөйлеу, әлеуметтанымдық құзыреттерін дамыту ароқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға болады.

Адам санасының қалыптасуы тіл мен сөйлесімнің пайда болуымен тығыз байланысты болады. Адамдар басқалармен қарым-қатынас жасау негізінде тіл мен өзіндік

сана қалыптасады. Адам санасындағы болмыстың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері білім түрінде жинақталады. Осыған байланысты филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Авакова: «Адам сәби шағынан тілді, сол арқылы мәдениетті меңгергенде ғана адам болып қалыптасады. Халық мәдениетінің ұшқыр іздері тіл арқылы көрініс табады. Тіл нәзік болғанымен, оның табиғаты күрделі, сондықтан да әлем бейнесі адамзат тілінде әр қилы бейнеленеді. Ғасыр соңында адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы барлық мағлұмат лингвистикалық каналдар арқылы беріліп, сонда сақталатынына көзін жеткізді. Адам сөз дүниесінде өмір сүреді, орасан зор мағлұматтарды адамзат сөз арқылы меңгеріп, сөз арқылы түсіне алады. Сондықтан да адамның тұлға ретінде жеткізіліп, өсуі оның сөзді қаншалықты дәрежеде меңгеруіне, сөз мәдениеті мен шеберлігін қаншалықты білетіндігіне тікелей тәуелді. Адамның қоғамдағы орны сөз әлемін меңгеру дәрежесіне, тіл құпиясы мен сырын қаншалықты ұғынуымен байланысты», – дейді [1, 203].

Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры тіл семантикасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік ұжымның ұлттық, мәдени мәдени тәжірибесін көрсетеді. Сол себепті ғаламның тілдік бейнесінен дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыруда лексиканың орны ерекше, тілдің сөздік қорында ұлттық дүниетаным көрініс табады. Мәдениет өнімі ретінде тіл мәдениеттің маңызды бөлігі, мәдени кодтарды қалыптастырушы фактор болып табылады. Тіл қоршаған орта туралы әсерді білдірумен қатар халықтың зерттеушілік, ізденістік ойларын да сақтайды, яғни тілде халықтың этномәдени, ұжымдық санасында қалыптасқан ғалам бейнесі көрініс табады. Бұл орайда тұрақты тіркестердің орны бөлек. Сол себепті профессор Р.Авакова: «Мәдениет семантикасының күрделі кілті тілде жатыр. Ғасырлар бойы бірнеше ұрпақты толғандырған аңыздар мен шежірелер, яғни мифтер тек мәдениеттің көрінісі ғана емес, ол адамзаттың мифологиялық кезеңінің тілдегі (фразеологиялық бірліктерде) сақтаулы, қазіргі тілдік материалдардағы бейнесі», – дейді [2, 205].

Түркі халықтарында төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестердің көптігі халықтардың шаруашылығымен тығыз байланысты. Төрт түлік малға қатысты фразеологиялық бірліктердің табиғатын нақтылауда түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестерді жан-жақты зерттеп жүрген ғалым – Раушан Авакованың еңбектерінің маңызы зор. Кандидаттық диссертациясында (1991) қазіргі ұйғыр тіліндегі етістікті фразеологизмдердің семантикалық-морфологиялық ерекшелігін, докторлық диссертациясында (2003) қазақ тіліндегі фразеологизмдердің мағынасын арнайы зерттеген ғалым мал шаруашылығына байланысты фраземалардың ортақтығы мен ауыспалылығы түркі тілдерінің синхрондық дамуында байқалатынын ескерте келіп, қазіргі түркі тілдерінің әр алуан топтары мен аймақтарында ортақ немесе фраземалық варианттар арқылы (қазақ тілінде *ат жалын тартып міну*, қырғыз тілінде *ат жолын тартып минү*, қазақ тілінде *қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез,* қарақалпақ тілінде *қой үстінде торғай жұмыртқалау*) көрініс тапқанын айтады [1, 234].

Ғалым көшпелі халықтың төрт түлік мал туралы ұғым-түсініктері бейнелеу немесе ассоциациялы салыстырулар түрінде тілдегі фраземаларда сақталғанын айта келіп, фраземаларды мағыналарына қарай бірнеше топқа жіктейді:

- бір нәрсенің түр-түсі мен пішінін айқындау адамға тікелей салыстырып ауыстыру тәсілімен жасалған фраземалар: *қойдан қоңыр, жылқыдан торы, көк ала қойдай, нар атандай* және т.б.;

- уақытты, көлемді, қашықтықты, биіктікті т.б. анықтаудың халықтық қарапайым әдістері ретінде қолданылатын, салыстыру не салғастыру негізінде туған фраземалар: *қой өрісіндей жер* – 5-6 шақырым; *тай шаптырым жер, қозы көш жер* – 6-7 шықырым; *құнан шаптырым жер* – 8-10 шақырым; бір көш *жер* – 10-15 шақырым; *ат шаптырым жер* – 20-35 шақырым; *түйенің табаны түсер жер; Мекке қажылыққа барар өте алыс жер; ат басындай алтын; ат бойы; сиыр бәсеке; бес биенің сабасындай; бие бауырындай жер, бие сауымдай уақыт; бұзау салмағындай уақыт; кәрі қойдың жасындай* және т.б.

- адамның нақты өмірлік жағдайдағы мінезіне, психологиясына, қоғамдағы қарым-қатынастары мен іс-әрекеттеріне байланысты ерекшеліктерін бейнелі не ассоциациялы негізде салыстырудан туған фраземалар: *қой ауызнан шөп алмайтын, түйе үстінен сирақ үйіру, түйе шешкендей ету, тойған қозыдай томпию, егінге түскен сиырдай жайпау, боз інгендей боздау, бөрі көрген сиырдай мөңіреу, қолынан қой жарысы келмей, тұлпардай делебесі қозу, ат үстінде күн көру, ат арылту* және т.б.

- адамның төрт-түлік малға қарым-қатынасын, көшпелі өмірдің мән-маңызын, биологиялық, физиологиялық өзгешеліктерін көрсететін фраземалар: *нарым әрі жүкті, әрі сүтті, әрі күшті, мал құлағы саңырау, ай мүйізді қошқар, төрт түлігі сай, құнаннын құдайындай, тайын тәңіріндей, нар атандай, нар еді ердің құны, нардың пұлы, ауызына май, астыңа тай* және т.б. [1, 234-235].

Қазақ тілінде *ат* зоонимі өте жиі қолданылады. Соның нәтижесінде тілімізде 52 тұрақты тіркес қалыптасқан:

Ат байлады. а) *Сыйлады, тарту етті, ат мінгізді;* ә) *Семіртті, союға дайындады.*

Ат кекілін [құйрығын] кесті. а) этн. көне. *Құныкер (кісі өлтірген) жақ пен құнталап етуші (кісі өлген) жақтың ешбір бітімге, тоқтамға келе алмауы; [Тұл аттың (иесі өлген аттың) кекілін кесуі арқылы кісісі өлген жақтың «соғысамын» деген белгі беруі]; ә) Араздасты, кетісті, көрместей болды.*

Атқа мінді. а) *Жолға шықты, аттанды;* ә) *Қарсы шықты, өре көтерілді.*

Ат қойды. а) *Тұра шапты, шаба жөнелді; ә) Атой салды, шабуыл жасады.*

Ат құлағы көрінбейтін [көрінбес]. а) *Түк көрінбейтін, көз ашқызбайтын, түтеген (боран); ә) Биік, қалың (шөп не егін).*

Ат ойнатты. а) *Ойнақтатты, құтыртты;* ә) *Атты әртүрлі ойынға үйретті; б) Баса-көктеді, әлек салды, астамшылық етті.*

Ат сабылтты. а) *Болдыртты, шаршатты;* ә) *Әуре болды, әлекке түсті, ат арытты.*

Ат салысты. а) *Жәрдемдесті, көмектесті, қол ұшын берді;* ә) *Үлес қосты, қатысты.*

Аттың жалы, түйенің [атанның] қомында. а) *Асығыста, қарбаласта, тығылтаяңда*; ә) *әр кезде, әртүрлі жолмен.*

Ат майын берді. *а) Атын уақытша пайдаланғаны үшін ақысын берді; ә) Ағайын-жегжат, жоқ-жұтаңға уақытша пайдалануға мал бөліп берді*, т.с.с.

Ал саха тілінде *ат* сөзімен 19 тұрақты тіркес қалыптасқан:

- *уу испит сылгы курдук* дрожать, трястись *(от испуга, сильного волнения), букв.* как лошадь, опившаяся холодной воды;
- кулун кэбиспит выкидывать жеребенка *(о кобыле),* кулуннуу мөхсөр (мөхсө сылдьар) метаться, извиваться от нестерпимой боли, *букв.* как жеребенок бьется, *ат буол* встать на четвереньки; ползать на четвереньках, *букв*. стать конем;

- кулун босхо сырыт гулять свободно, беззаботно, букв. ходить свободно как жеребенок, кулун (кулуннуу) уурдарда ехать галопом, *букв*. дать поставить как жеребенка;
- *ат олугун, мас кэрдиһин курдук* ясный, четкий; очень аккуратный *(напр., ответ), букв. как шаг лошади, засечка на дереве, ат эккирэтэр (дьиэ, хос)* очень просторный, вместительный *(дом, комната), букв.* можно за лошадью гоняться *(дом, комната*);
- *ат бөҕө, кус быһый (киһи)* очень сильный и быстрый (человек), *букв.* человек с лошадиной силой, утиной быстротой, *уол оҕо, ат кулун* добрый молодец, *кулун атаҕа киирбит* наступила вторая молодость;
- *ат үөһэ түһэн* весьма торопливо, поспешно (не успев даже оседлать или запрячь лошадь), кулун (кулуннуу) уурдарда ехать галопом [2, 27-42].

Саха халқы жылқыны киелі жануар санап, «Дьөһөгөй оҕото» деп атайды. Жыл сайын жаз шыққанда жасалатын Ысыах тойында жылқы дәріптеліп, бәріне қымыз таратылады, бәйге ұйымдастырылады. Саха Республикасының елтаңбасында атқа мінген жігіт бейнеленген. Сахалардың «Олонхо» атты жырында тұлпар батырдың жан серігі, ақылшы, жырдың негізгі кейіпкерлерінің бірі ретінде суреттелген. Бұл жағынан алғанда, сахалар мен қазақтардың дүниетанымынан ұқсастықтарды аңғаруға болады. «Ер Төстік» ертегісіндегі Шалқұйрық, «Алтын сақа» ертегісіндегі тұлпар, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурыл, «Алпамыс батыр» жырындағы Байшұбар, т.с.с. тұлпарлар мен сахалардың ауыз әдебиет үлгілеріндегі тұлпарлардың сипатталуынан бірқатар ұқсастықтарды аңғарамыз.

Профессор Р.Авакова жылқыны тұқымына, жүріс-тұрысына т.б. қарай *арғымақ, қазанат, текежаумыт, бедеу ат, қазақы ат, пырақ, дүлдүл, тұлпар, жабы,* т.б. түрінде жіктей отырып, жылқыға қатысты тұрақты тіркестерді өз ішінен бірнеше топқа жіктейді:

- жүйрік аттардың дене бітімін суреттеу арқылы жасалған, тілде өзіндік орын алған әдемі теңеуге айналған фраземалар: *қой мойын, қоян жақ, бөкен қабақ, ой желке, теке мұрын, салқы төс, тақыр бақай, жұмыр тұяқ, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ етті, бота тірсек* (Абай). *Ойық желке, кекшіл бас, құлжа мойын, наз бедеу* (О. Бөкеев). *Күдерлі бел, күпшек сан* (О. Бөкеев).

- жылқы малының жасына қарай байқалатын мінезіне ұқсатып жасаған төмендегідей фраземалар: *құлындай құлдырау, құлындай даусы шығу, бесті айғырдай азынау* және т.б.

- жылқы малында болатын құбылыстарды білдіретін фраземалар: *үйірге түсу, үйірін қуу, құлағын біздей қадау, бүйірінен жарады, кекілінен қарады, қанжардай қатып жарады, ішін тарту, сүмбідей жарады, мейіздей қатып жарады, шаңына ілестірмеу, аса шабу, ақ бөкендей ойнау, топ жарған, сауға салған, қанаттыны қаққан, аузымен құс тістеген, бәйге бермес,* т.б.

- жылқы малы мен адамның ара қатынасын білдіретін фраземалар: *ат салысу, аттан салу, ат ұстар, ат ұстатар, ат байлар, ат құйрығын кесісу, ат сауырын беру, ат құлағы теңесу, ат басын тіреу, ат басы бір кезеңге теңесті, жылқыға жау тигендей, ат сабылту, ат құрғатпау, ат айдауы, ат қосу, ат тарту, ат қайту, құйрық тістесіп кетуі,* т.б. [1, 240-241].

Саха тілінде бұқа суықтың, қыстың символы саналады. Қыс *Дьыл оҕуһа* деп аталатын бұқа бейнесінде сипатталады. Саха тілінде сиырға қатысты 26 тұрақты тіркес

қалыптасқан: оның ішінде 10 тұрақты тіркес сиырға (*ынах*) қатысты, 11 тіркес өгізге (*оҕус*), 5 тіркес бұзауға (*ньирэй*) қатысты:

- *сытар ынаҕы туруорбат киһи* мухи не обидит; воды не замутит, *букв.* человек, не вспугивающий (не поднимающий) даже лежащей коровы, *тарбаабыт ынах курдук* чрезмерно смирный, тихий; безответный; отличающийся невозмутимым характером, *букв.* словно корова, которую чешут, *оҕус кутургун курдук судургу киһи* простодушный человек, *букв.* подобно хвосту быка простой человек;
- *сыптарыҥнаах ынах курдук сутуйда* дурно влиять на многих; совращать многих, *букв.* гадит как корова, страдающая поносом, *<ат гынан миин,> оҕус гынан көлүй* жестоко, безжалостно использовать, эксплуатировать кого-л., *букв.* <садиться, превратив в лошадь,> запрячь, превратив в вола;
- *ынаҕы ыҥыырдаабыкка дылы* о некрасивом одеянии или вообще о несоответствующей и неподходящей вещи, *букв.* подобно тому, как оседлали корову, оҕус үрдүгэр ойуу бичик аспыт неуместно заняться чем-л. (не ко времени), букв. вырезал узоры, едучи верхом на быке, *оонньообута оҕус буолла* шутка боком вышла, доигрался;
- кыычыкын оҕуһун баһа буоллаҕа о бессмысленном ожидании готовности *чего-л., букв.* подобно голове быка Кычкина, *атыыр оҕус алтаҕа, хат дьахтар хаамыыта* очень медленно, *букв.* медленный ход быка, шаги беременной женщины;
- *ынах омурда от* первые свежие ростки трав, *оҕус иччитэ буол* достигнуть зрелости для погона быков при перевозке копен во время стогования сена, стань погонщиком быков (о мальчике), *букв.* стать хозяином быка, *бургунас <ынах> муоһун курдук (муоһунуу)* на равных, как равные по возрасту, уму, силе и т. д., *букв.* как рога молодой <коровы>, *оҕус ииктээбитин курдук извилистый (обычно о тропинке)*, *букв.* как будто бык помочился [3, 38-39].

Сонымен қатар орыс тіліндегі «брать быка за рога» деген тіркес калька тәсілімен аударылып, *оҕуһу муоһуттан харбаа (ыл)* түрінде қолданылады.

Саха тілімен салыстырғанда, қазақ тілінде сиырға қатысты тұрақты тіркестердің саны әлдеқайда аз. Бұл қазақтың сиырды шаруашылықта көп пайдалана қоймағанынан болса керек. «Аяз би» ертегісінде сиыр малдың жаманы ретінде сипатталады: *Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін.* Профессор Р.Авакова сиырды жасына қарай *бұзау, торпақ, тана, баспақ, тайынша* деп бөле келіп, сиырға қатысты *құлыққа ұрған танадай, өгіздей боп, өгіз сияқты, өгіздей өкірді, өгіз олжа, бұқадай шықты, бұқаға салды* және т.с.с тұрақты тіркестер қалыптасқанын, тілімізде *сиыр мінез* тіркесі мінезі теріс, шадыр кісілерге қатысты қолданылатынын, *сиыр бүйректену* тіркесі «ынтымақсыз, бөлек болу» деген мәнде, *мүйіздескен сиырдай* тіркесі «жанжал, өзара қақтығысу» деген мәнде қолданылатынын айтады [1, 243].

Қазақ тілінде қойға қатысты тұрақты тіркес көп: *қой аузынан шөп алмас, қойдан қоңыр, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған [ұялаған] заман, тел қозыдай /боп/ өсу, көк ала қойдай қылу [ету], егіз қозыдай, қозы көш жер, кәрі қойдың жасындай жасы қалу, құтырған қойдың миын жеген*, т.с.с. Ғалым Р.Авакова қазақ дүниетанымында қой жуастықтың, момындықтың, бейбіт жағдайдың символы ретінде танылғанын ескерте келіп: «...Тілде осы мағынаны білдіретін өте көп фразема жасалған: *Қой баласын сүйеді қоңырым деп, Еш нәрсені білмеген момыным деп* (Қ. Мырзалиев). Осыдан келіп, адам момынын *қойдай қоңыр, жылқыдан торы, қой аузынан шөп алмайтын, қойдан жуас* деп атайды. Ал *қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған; қойы өрісте түнеген; жатып қалған*

бір тоқты жайылып мың қой болған жұрт деп бейбіт өмірді, берекелі елді, құт мекенді айтқан. Адамдардың сағынып табысуын *қойдай маңырап дуылдап, қойдай маңырап, қозыдай жамырап* деп, ал жұрттың тұйыққа тіреліп, сасқан шағын – *ұйлыққан қойдай* қамалды деп суреттеген, тату балаларды – егіз қозыдай деп теңеген», – дейді [1, 243].

Саха тілінде «қойдың басы» деген мәндегі тіркес сақталғанымен, ауа райына байланысты тұрмыста, шаруашылықта қой мүлде жоқ. Сол сияқты ол жақта ауа райының қолайсыздығына байланысты ешкі де өсірілмейдің. Саха халқы түйені де өсірмегенмен, тілде *Тэбиэн саҕа хара санаатааҕар түөн саҕа үрүҥ санаа ордук* «чем черная мысль с верблюда, лучше светлая мысль с моксу) деген мақал сақталып қалған. Ал қазақ тілінде *түйе* сөзімен келген тұрақты тіркес көп: *бота тірсек, түйенің жарты етіндей, бота көз, түйе табан, түймедейді түйедей ету, ақ түйенің қарны жарылу, ауыл-аймағымен [бота-тайлағымен, бау-шарбағымен], ердің құны, нардың пұлы, бір күн бие, бір күн түйе, ешкінің құйрығы көкке /жеткенде/, түйенің құйрығы жерге жеткенде, қуырдақтың әкесін түйе сойғанда [сойған соң] көрерсің, түйені түгімен, биені жүгімен жұтқан, түйе үстінен ит қабу, ботадай боздау, мұрнын тескен [мұрындықты] тайлақтай,* т.с.с.

Профессор Р.Авакова қазақтар еті, сүті, жүні пайдалы болғандықтан ғана емес, күшті, төзімді көлік болғандықтан да түйені ерекше құрметтегенін айтады. Қазақ дәстүрінде ұзатылған қыздың және оның жанындағы әйелдердің (анасы, жеңге-сіңлілері) мініп келе жатқан көлігі *шаңырақ түйе* деп аталғанын, салт бойынша, үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, көш алдында жүретінін, оған бөтен адам мінбейтінін, сол себепті «шаңырақ түйе» деп аталғанын айтады [1, 240]. Сондай-ақ қазақтар ұзақ сапар, асу бел, бағыт-бағдарсыз жолды *төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен, түйе табаны түсер жер екен* деп суреттейтінін, күштілікті *нар жолында жүк қалмас, атан жілік жігіт* деп, сұлулықты *бота көзді боз жігіт, бота көз ару* деп суреттейтінін ескертеді.

Түйенің *атан, інген, нарша, тайлақ, бота, бура буырша, нар* деген түрлері бар екенін көрсетіп, осы атауларға қатысты фраземаларды атайды: *нар атандай, мұрнын тескен тайлақтай елпеңдеу, қаңтардағы бурадай тісін қайрау, нар бурадай шабынды, жаңа аяқтанған ботадай, бота тірсек, шоқ басқан тайлақтай, ботадай боздау, ботасы өлген түйедей боздау / бақыру, бақырауық сары атан, кәрі түйедей бақырауық, күркіреді, күркіреуік, жараған бурпадай күркіреп, тісін қайрады, шабынды,* т.б. [1, 240]. Ғалым түйеге қатысты тұрақты тіркестерді қазақ халқының дүниетанымымен байланыстыра отырып: «Табиғатта ақ түйелер сирек кездеседі. Сондықтан ақ түсті аруана, ақ інген, ақ буралар қазақ дәстүрінде киелі, қасиетті саналған. Ақ түсті түйені сою – тек бір ырымға байланысты істелген дәстүр болған. Соған байланысты *ақ түйенің қарны жарылды* деген фразема сирек болатын, таң қаларлық істі, молшылықтың символын білдіреді. Ал нардың ерекше саналғанын *ердің құны, нардың пұлы* деген фраземадан байқауға болады, ал түйе етінің молдығына *қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің* деген фразема іс насырға шапқанда айтылатын сөз», – дейді [1, 240].

Адам игерілген білімді, дүниетанымын тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Белгілі бір нәрсені білдіретін соған атау болған лексикалық бірліктер реалийдің сөйлеуші санасында бар екенін ғана білдіріп қоймай, сонымен қатар объективті әлемде олардың белгілі бір жүйеге түскенін көрсетеді, яғни ғаламның тілдік бейнесін көрсетеді. Осыған байланысты Қ.Жұбанов: «...Біздің *ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін* деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ *синий, голубой, зеленый* деген түстердің бәрін *көк* дейді. Адайларда арабтарда түйе түрлігінің аттары көп; Еділ, Каспий бойының қазақтары балық түрлерінің аттарын көп біледі. Демек, қолданылмаған затқа ат жоқ. Халықаралық

тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты», – деп жазады [4, 119].

Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлеушіні қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, идеологиясын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Ұлттық мәдениеттің семантикалық жүйесі, негізгі коды – этникалық тіл болып табылады. Тілдік этномәдени кеңістікке енетін нәрсенің бәрінің де атауы бар. Сол арқылы білім тасымалданады. Тілді зерттеу арқылы белгілі бір мәдениет өкілінің этнотілдік санасының ішкі әлемін көріп, түсінуге болады. Мәселен, қазақ тілін меңгерген, қазақ салтын, дүниетанымын жан-жақты білетін адам үшін ашамайдың қазақ тұрмысындағы орны ерекше. Қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген немесе қазақ тұрмысымен етене таныс емес тыңдарман не оқырман бұл сөздің мағынасын да, оның мәдени коннотациясын да түсіне алмайды. Оны түсінуі үшін атадан балаға жеткізілетін этномәдени ақпаратты білуі керек. Ол санада шифр, код түрінде көрініс табады. Сол арқылы этнотілдік санада тілдік мәндерде кодталған ғалам бейнесі көрінеді. Ғаламның тілдегі көрінісі осы тілде сөйлейтін халықтың ұжымдық шығармашылығы болып табылады. Әрбір жаңа ұрпақ (буын) ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды.

Тілдік таңба этнотілдік сананың көрсеткіші болып табылады, мәндер жүйесі этномәдениет жүйесін айқындайды. Тілдің сөздік құрамын зерттеу арқылы сөйлеушілердің тілінде көрініс тапқан негізгі құндылықтарды айқындауға болады. Тілдік семантика белгілі бір тілдік ұжымға және жеке сөйлеушіге тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды. Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Ж.Манкеева тіл арқылы берілетін ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататынын айта келіп: «...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық, әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антрополингвистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді [5, 86].

Когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл адамның қоршаған орта туралы әсерін жинақтаумен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Тіл – ақиқат болмыстың бейнесі, адамның ғалам туралы білімінің қалыптасу және өмір сүру формасы. Тілде бейнеленіп, көрініс тапқан болмысты адам тәжірибесіне айналдыра отырып бейнеленген, алынған ақпаратты жүйемен интерпретациялайды.

Сонымен, когнитивтік лингвистикадағы ұстанымдар фразеологиялық тіркестердің мәнін түсініп, ұлттық дүниетанаммен байланысын неғұрлым дәл сипаттауға мүмкіндік береді. Тілді меңгеру арқылы сөйлеуші сол тілде сөйлеп, сол мәдениетке тән дүниетанымды қабылдайды. Тұрақты тіркестердің семантикасын айқындап, когнитивті тұрғыдан талдау халықтың рухын танып, этнос концептосферасына енуге, белгілі бір тарихи кезеңде халық үшін ненің маңызды, ал қай нәрсенің назардан тыс қалғанын анықтауға жол ашады. Тілдік семантиканы зерттеу арқылы тұрақты тіркестердің түзілу, қалыптасу заңдылықтарын, концептуалдану заңдылықтарын айқындауға негіз болады. Сондықтан қазақ тіліндегі фразеологизмдерді оқытуда оны таным үдерісімен, ұлттық ділмен байланыстыра оқытудың маңызы зор.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Авакова Р. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы// Қазақ тілінің өзекті мәселелері және тәуелсіздік тағылымы. Сакария университетінің басылымдары. - 2022. - №213. Тіл және әдебиет. - 255-296-б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. - Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.

3. Рыскулов М. Сравнительный анализ фразеологических единиц с компонентом-зоонимом в якутском и казахском языках: магистерская диссертация. - Якутск, 2020. - 120 с.

4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.

5. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. - Алматы, 2010. - 382 б.

Жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы этикеттік бірліктердің функциясын оқыту

Ешмұқамет Ұ.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Жоғары сынып білім алушыларына қатысты білім мен ғылым негіздемелері болсын, жалпы білім мен ғылым ресурстары, оның жалпы ерекшелігі болсын, қай ғасырда да үнемі басты назарда. Себебі жоғары сынып білім алушылар категориясы барлық негізді қалыптастырған және нақты үлкен өмірге қажетті ілім мен білімді қабылдап, дұрыс ұғынатын жастағы тұлғалар. Осы орайда жеке тұлғаны тереңінен қалыптастыруда тілдік сипаттағы қатынастық этикетті жоғары сынып білім алушыларының бойына сіңіру арқылы этикеттік сыпайы және мәдениетті сөйлеу дағдысын қалыптастыру үлкен жұмыс және қазіргі тұрақсыз замандағы қажетті өзектілік, үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Қазіргі кезде әлеуметтік желіге байланған жас ұрпақтың тілдік этикет бірліктерін алмақ түгілі, жалпы қосып сөйлеу дағдысынан, сыни ойлау түгілі жалпы ойлау машығынан қалып бара жатқандығы ақиқат үрдіс.

Алдымен, осы бағытта қазіргі таңда жасөсіпірімдердің этикет сөздерге қарама-қайшы келетін, бұралқы сөздердің өте жиі және кез келген ортада, әсіресе әлеуметтік желінің белсенді қолданушылары және де смартфон, гаджеттен шықпайтын, ғаламтордың ішіне кіріп, басыбайлы тәуелді болып қалған жеткіншектердің этикетке мүлдем

жатпайтын сөздерді басым қолдануы, бір-бірін қарату мақсатында мүлдем тұрпайы және интернет ойындарындағы сөздер мен тәрбиелік мәні жоқ мультфильмдердегі кейіпкерлердің атауларымен атап, бір-бірін қарату да өте жиілеп кездесетіндігін айта кету керек. Негізінде, қаратпа сөздер, оқшау сөздер болғандықтан, айтылуы мақсаты мен дыбысталуы да өзге екінші тарап үшін де ерекше естіледі, ерекше аталады, сол себепті де қаратпа сөз өзінің түпкі этимологиялық функциясын дұрыс сезіну үшін қазіргі жасөспірім оны дұрыс сөздермен қолдану керектігін білуі тиіс.

Әдебиеттерге шолу жасай келе, алдымен, осы қаратпа сөздерді этикет сөздері ретінде оқшауланған сөздер қатары ретінде қазақтың тіл білімі саласындағы алғашқы ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы өз зерттеулерінде осы қаратпа сөзді «бұртана сөздер» деп анықтама бергені де ерекше мән-мағынаға ие [1, 159]. Кейінгі кезде Байтұрсынұлы беріп өткен анықтама, ережелер негізінде қаратпа сөздер жалпы синтаксистік тұрғыдан толыққанды зерттеліп, біршама жүйе ретінде жеке еңбектерде аталып өтілді. Сонымен бірге қаратпа сөздер ізеттілік пен сыпайылық танытатын, сыпайы қызметті атқаратын сөздер категориясы ретінде Рабиға Сыздық, С. Аманжолов, Н. Уәлиев, А. Сейсенова, З. Қадам сияқты ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектерінде толыққанды ашық түрінде көрсетілген. Расымен де, қаратпа сөздердің этикеттік бірлік тобы ретінде жүріп, қарым-қатынас жасауда әдеп және мәдени этикеттік сипатта қолданылып, мәдени сипатта функция атқаратындығы белгіленген. Алайда осы этикет бірлігі болып саналатын қаратпа сөздердің ерекшеліктері, стильдік жағынан қолданылу сипатындағы түрлілік және функционалдық қызметі жағынан әлі де зерттеу мен қарастыру керектігі байқалуда.

Сонымен, қазіргі кездегі жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыруда этикеттік бірліктердің функциясын түрлі әдеби кітаптарды оқу арқылы оқыту заманға сай оқу сауаттылығын, оқылған мәтін арқылы өзінің үлкен өміріне қажетті барлық функционалды сауаттылықты жинақтау арқылы бірталай қызметті бір әрекетпен атқару мүмкіндігін қарастыру дұрыс. Себебі орта білім беру ұйымдарына арналған білім беру бағдарламасын әлемдік сипаттағы зерттеулердің нәтижесіне сай етіп үйлестіру арқылы жаңартылған бағдарламаны елімізде енгізген сәттен бастап функционалды сауаттылықты қалыптастыру бойынша мақсат-міндеттер белгіленгені рас. Еліміздің бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та, қазіргі Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев та жастардың қазіргі кезде ойлауға қиналатынын және де өз ойын толыққанды бір сөйлеммен жеткізудегі қиындығын да атап өткені сөзсіз баршаға аян. Бір сөзінде «Бой салыстыратын емес, ой салыстыратын заман» деп жастарды түр сипатына қарай емес, ақыл-білім, ғылым, іліммен, таным көкжиегін арттыру қажеттігін айтса, келесі бір сөзінде «Болашақ – білімді жастар қолында» деген сөзімен, әрбір жас ұрпақты білімді болуға шақырады. Ал білім мәңгілік пен тұрақтылықтың кепілі, себебі мықты білім нәтижесінде ғана қандай да бір мақсат-міндеттер мен негізгі функцияны атқаруда жеңіске жету жолы жақын. Өзінің арманын Елбасы Назарбаев былай жеткізеді: «Менің арманым – Қазақстанның «Мәңгілік ел» болуы. Заман өтеді, адамдар өтеді. Бірақ тәуелсіздік қалады». Осы ретте мәңгілікті сақтап қалу әлбетте мықты, жоғары тектілік пен мәдениеттілік және тілдік бірліктерден тұратын этикеттен де алыс еместігі белгілі. «Отанды қорғау дегенде, алдымен, әкеңді, балаңды, анаңды қорғау. Соларды қорғау – Отанды қорғау» деген сөзімен де Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы барлық мәселені білімге әкеліп тірейтіндігі нақты. Әлбетте, жоғары сынып оқуышылары білімнің негізін негізгі білім беру аттестатын алған сәттен әрі қарай сол білімді болашақта қолдану үшін мығым жұмыс атқару керектігін нақты іспен шоғырландыруы тиіс.

Келешекте де, тарихи мәліметтер бойынша бұрыннан бері әрбір адам болмысынан қалатын мәңгілік – ол оның хаты және мықты айтылған сөзі. Тектілігі, сөзге беріктігі, сөзге шешендігі, мәрттігі, жомарттығы. Мысалы, Қазыбек бидің Абылай ханды және оның біршама жауынгерлерін Қалдан Сереннің қолынан босатып алу үшін барғанда айтқан сөздерінің өзінде де қаратпа сөзді қолданғанын көреміз. Қалмақ қоңтайшысына айтқан қаратпа сөздерінің өзі үлкен тектілік пен мәдениетке, батылдық пен қайсарлыққа толы екені байқалады: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз... Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге, танысқалы келгенбіз... Сен қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз... » деген сөздерімен жалпы этикет бірліктерінің негізгі функциясын елдің ханына да сендіре алғандығы қазақи сөздердің, әсіресе қаратуға арналған сөздердің қызметін толыққанды белсенді сипатта екендігі сол тарихтан да белгілі. Ал енді әдебиетке жақындап, әдебиет пен мәдениетті жақындастыратын коммуникациядағы сөйлеу этикетінің нормалары болып табылатын сөздердің негізгі фукнциясына ден беретін болсақ, сөйлеу әдеп-этикетінің жалпы нормалары мен ережелері теория жағынан лингвистер үшін өте өзекті мәселелердің бірі екендігі байқалады. Сөйлеу мәдениеті мен этикет сөздердің функциясын зерттеген ғалым Н. И. Формановскаяның айтуынша, этикет амалдарының бір жағынан сыпайы және көркем тілде сөйлеу адамның мінез-құлқына сәйкес келуін қарастырса, екінші жағынан алып қарайтын болсақ, әр алуан түрлі этикеттік модельдерге жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын негізгі функция ретінде қарастырғаны [2, 12-16].

Жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыруда этикеттік бірліктердің маңызы ерекше. Этикеттік бірліктер – сөйлеу кезінде әдептілікті, сыпайылықты, сыйластықты көрсететін сөздер мен сөйлемдер. Олар оқушыларға қарым-қатынаста мәдениетті болуды, бір-біріне құрмет көрсетуді және тілдік дағдыларын жетілдіруді үйретеді. Оқыту процесінде этикеттік бірліктердің қолданылуы оқушылардың тілдік тұлғасын, яғни олардың тіл мәдениеті, сөйлеу әдебі, сөйлеу этикеті мен өзара түсіністікке жету дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Этикеттік бірліктер жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастыруда бірнеше маңызды функцияларды атқарады. Оларды оқыту арқылы оқушыларға сөйлеу мәдениетін, коммуникативті дағдыларды үйретуге болады.

Оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуда этикеттік бірліктер өте маңызды. Сөйлеу барысында сыпайы, әдепті сөздерді қолдану арқылы оқушылар өз ойын жеткізуді, пікірталас барысында басқа адамдарды құрметтеуді үйренеді. Мысалы:

- Қаратпа сөздерді дұрыс қолдану: «құрметті», «мырза», «ханым» және т. б.
- Сәлемдесу формаларын үйрету: «Сәлеметсіз бе?», «Қайырлы күн», «Сау болыңыз» және т. б.

Этикеттік бірліктердің тағы бір функциясы – сыйластық пен сыпайылықты қалыптастыру. Оқушылар өзара сөйлесуде және үлкендермен қарым-қатынаста сыпайылық көрсетуді үйренеді. Бұл олардың тілдік тұлғасын құрмет көрсетуге негізделген мәдениеттің бір бөлігі ретінде қалыптастырады. Мысалы:

- Қоштасу кезінде «қош болыңыз», «сау болыңыз» және «аман-сау болыңыз» деген сөздерді қолдану.
- «Кешіріңіз», «рақмет», «өтінемін» сияқты сөздерді пайдалану.

Этикет сөздері оқушылардың жеке мәдениетін көрсетеді. Бұл сөздер мәдениет деңгейінің көрсеткіші болып табылады және олардың қоғамдағы орнын анықтайды.

Оқушылар сыпайы және мәдениетті сөйлесе, олардың тілдік тұлғасы жоғары бағаланады. Мысалы, формалды қарым-қатынас жағдайында құрмет көрсететін қаратпаларды дұрыс пайдалану арқылы мәдениет деңгейі көрінеді. Этикеттік бірліктер арқылы оқушылардың танымдық дамуы артады. Олар әр түрлі сөйлеу мәнері мен қарым-қатынас түрлерін түсініп, танымдық білімін жетілдіреді. Этикет сөздерін оқыту арқылы оқушылар әртүрлі мәдениет пен тілдік дәстүрлерді игереді, соның ішінде қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін танып, оны құрметтеуді үйренеді.

Этикеттік бірліктерді қолдану арқылы оқушылар әр түрлі стильдегі қарым-қатынасқа бейімделеді. Мәселен, ресми және бейресми стильдерді ажырата білу, олардың әрқайсысында қандай этикет формаларын қолдану керектігін түсіну – оқушылардың тілдік тұлғасын жетілдіреді. Мысалы:

- Ресми стильде: «Құрметті директор мырза... », «Жоғары мәртебелі төраға... »
- Бейресми стильде: «Қымбатты досым... », «Құрбым... »

Оқушыларға этикеттік бірліктерді үйрету олардың әртүрлі қарым-қатынас жағдайларына тез бейімделуіне көмектеседі. Нақтырақ, ресми іс-шараларда, достармен немесе мұғалімдермен сөйлескенде этикет ережелерін сақтау – маңызды дағды. Бұл оларды болашақта түрлі орталарға сәтті бейімделетін, мәдениетті тұлға ретінде қалыптастырады.

Этикет сөздері арқылы оқушылар кешірім сұрауды және ризашылық білдіруді үйренеді. Мысалы:

- «Кешіріңіз» сөзі кінәні мойындау мен кешірім сұрау тәсілдерін көрсетеді.
- «Рақмет», «рақмет сізге» сияқты сөздер ризашылық білдірудің ең негізгі тәсілдері болып табылады.

Этикеттік бірліктерді оқыту тәсілдері қазіргі таңда жоғарғы сынып оқушыларын тілдік тұлғасын қалыптастыруда этикеттік бірліктердің функциясын оқытуда маңызды және ең қажетті болып табылатын құндылық.

Қаратпа сөздер – қарым-қатынас барысында қолданылатын сыпайылық пен құрмет көрсетудің маңызды құралы. Оларды адамдар бір-бірімен сөйлескенде жағымды қарым-қатынас орнату, әдептілікті сақтау және құрмет көрсету үшін қолданады. Қаратпа сөздер этикет бірліктері ретінде бірнеше негізгі қызмет атқарады:

1. Құрмет көрсету. Қаратпа сөздер адамға құрмет білдірудің бір түрі болып табылады. Әсіресе жасы үлкен, лауазымы жоғары немесе белгілі бір мәртебеге ие адамдарға арналған қаратпалар (мысалы, «құрметті», «мырза», «ханым») құрмет пен сыйластық көрсетудің белгісі болып табылады. Мысалы, қазақ тілінде «ата», «әже», «аға», «апай» сөздері арқылы үлкендерге құрмет көрсетіледі [4, 62]

2. Жақындық пен жылылық көрсету. Қаратпа сөздер адамдар арасында жылы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Мысалы, жақын адамдар арасында қолданылатын «досым», «бауырым», «қарындасым», «жаным» сияқты қаратпа сөздер адамдардың арасындағы жақындықты және өзара түсіністікті білдіреді [4, 63]

3. Әдептілікті сақтау. Сөйлеуші өзінің мәдениеті мен тәрбиесін көрсету мақсатында қаратпа сөздерді әдептілік ретінде қолданады. Бұл қарым-қатынас барысында өзін сыпайы және құрметпен ұстайтынын білдіреді. Мысалы, ресми кездесулерде «мырза», «ханым», «құрметті» сияқты қаратпа сөздер қолданылады [3, 23]

4. Сыйластық білдіру. Қаратпа сөздер арқылы сөйлеуші адресатқа деген сыйласымын білдіреді. Бұл, әсіресе, маңызды тұлғаларға немесе көпшілік алдында

сөйлегенде қолданылады. Мысалы, «құрметті әріптестер», «құрметті жиналған қауым» деп басталатын сөздерде қаратпалар топқа деген құрмет пен ізет білдіреді.

5. Сөйлесушіге назар аударту. Қаратпа сөздер назар аудартудың тәсілі ретінде қолданылады. Сөйлеуші қаратпа сөзді қолдану арқылы тыңдаушының назарын өзіне немесе айтқалы тұрған мәселеге аудартады. Бұл тәсіл жиі сөйлесу кезінде немесе көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында қолданылады.

6. Ресмилік пен формалдықты білдіру. Ресми жағдайларда қолданылатын қаратпа сөздер қарым-қатынастың ресмилік дәрежесін көрсетеді. Мысалы, «Президент мырза», «Құрметті төраға» сияқты қаратпа сөздер адамға деген формалдық құрмет көрсетеді және ресми жағдайларда қолданылатын сөз әдебінің бір бөлігі болып табылады.

7. Жекелік пен тұлғалық сипатты көрсету. Қаратпа сөздер арқылы сөйлесуші адам өзінің тыңдаушысына ерекше мән беретінін көрсетеді. Бұл қаратпалар жеке тұлғаға, оның ерекшелігіне назар аударып, қарым-қатынасқа жекелік сипат береді. Мысалы, «білгір досым», «ұстазым», «сүйікті бауырым» деген қаратпалар арқылы сөйлеуші адамның жеке қасиеттерін атап көрсетеді.

8. Топтық қарым-қатынаста қолданылуы. Қаратпа сөздер тек бір адамға емес, бірнеше адамға бағытталған кезде де қолданылады. Мысалы, «қымбатты қонақтар», «әріптестер» деген қаратпалар үлкен топқа бағытталады және сыпайылық көрсетудің топтық әдісі болып табылады. Сонымен бірге мейірім мен қамқорлықты білдіру топтық қарым-қатынаста негізгі функциясын да атқаратынын байқауға болады. Абай шығармаларында қаратпа сөздер арқылы жастарға, тыңдаушыларға мейірімділік пен қамқорлық танытады. Ол жастарға үміт артып, олардың болашағына сенім білдіріп, оларға дұрыс жол көрсетуді мақсат етеді.

-*»Әсемпаз болма әрнеге... »* өлеңінде: *«Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба»* деген жолдарда қаратпа арқылы жастарға тікелей сөйлеу түрін қолдана отырып, білімге, ғылымға ұмтылуға шақырады.

-Сонымен қатар *«Интернатта оқып жүр... »* өлеңінде жастарға оқып-білуге шақырып, қаратпалар арқылы мейірім мен қамқорлық сезімдерін білдіреді.

Әлбетте, осындай талдаулар арасында жалпы бір ақынның шығармашылығы арқылы жоғарғы сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы этикеттік бірліктердің бірі ретінде нақты қаратпа сөздің функциясын Абай шығармашығылы арқылы оқыту мүмкіндігін ескерген жөн.

1. Қаратпа сөздер арқылы ойды нақты жеткізу. Абайдың өлеңдерінде қаратпа сөздер тыңдаушыға ойды анық жеткізу, негізгі идеяны ерекше көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *«Жасымда ғылым бар деп ескермедім... »* өлеңінде: *«Әй, қайран елім, Қазағым, қайран жұртым»* деген жолдарда Абай өзінің қазақ халқына деген ойларын, мұңын қаратпа арқылы білдіреді. Бұл жерде «елім», «жұртым» сөздері арқылы өзінің туған халқына арнаған сөзін тереңдетіп, ерекше ықыласпен жеткізіп отыр [3, 42]

2. Қаратпалар арқылы сын айту. Абай қазақ халқына өз кезеңіндегі әлеуметтік мәселелерді жеткізіп, оларды терең ойлануға шақырды. Оның өлеңдерінде қаратпа сөздер сын, ескерту және ояту мақсатын да атқарады:

-*»Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»* деген өлеңінде ол халқына тікелей қаратпа арқылы ой салып, олардың кемшіліктерін сынға алады. Бұл жерде «қалың елім, қазағым» деп, өз жұртын ойландыруды көздейді.

-Басқа бір мысал: *«Адам болам десеңіз... »* деп жастарға үндеу жасайды. Мұнда «адам болам десеңіз» сөзі арқылы жастарға өмірдің мәні туралы терең ой салады, ізгілік пен білімге жетелеуді көздейді.

3. Ой салу мен ақыл айту. Абай өзінің шығармалары арқылы жастарды тәрбиелеу және қоғамды кемелдендіру мақсатында жиі ақыл-кеңес береді. Қаратпа сөздер осы ойды жеткізуде маңызды рөл атқарады.

-*»Біріңді қазақ, бірің дос көрмесең – істің бәрі бос»* деген сөзінде «қазақ» деген қаратпа арқылы ол адамдарды бір-біріне дос болуға, бірлікке шақырады.

-Сондай-ақ, *«Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді... »* деген сөзінде хакімдерге деген құрметі мен олардың өмірдегі орнын ерекше атап өтеді.

4. Өзінің ішкі сезімдерін жеткізу. Абайдың шығармаларында қаратпа сөздер тек тыңдаушыға емес, сонымен қатар автордың ішкі сезімдерін жеткізуге де көмектеседі. Абай қаратпа сөздер арқылы өмір, махаббат, табиғат, адамгершілік туралы өз ойларын эмоционалды түрде көрсетеді.

- *«Сегіз аяқ»* өлеңінде: *«Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей... »* деген жолдарында өмірді түсіну мен түзелуге шақыруын қаратпа арқылы жеткізеді.

5. Қазақ халқының рухани-мәдени бейнесін көрсету. Абай шығармаларында қаратпа сөздер қазақ халқының рухани мәдениетін, әдептілігін және дәстүрлерін көрсету үшін де қолданылады. Мысалы, үлкендерге құрмет көрсету, ұлтқа қамқорлық таныту – Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар. Абай қаратпалар арқылы халқына оның бейнесін көрсетеді, әрі оның мәдениетіне көз жүгіртеді.

Әрине, Абай шығармаларындағы қаратпа сөздер тыңдаушыға ерекше әсер беріп, оның туындыларының ойға түйер, санаға салмақ салар мазмұнын арттырады. Ол қаратпа сөздерді халықты ойландыру, сын айту, үміт арту, және адами құндылықтарды насихаттау мақсатында қолданып, қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алатын қаратпаларға жаңаша мән береді. Сонымен бірге тек қана нақты тарихи, ұлы тұлғалардың шығармашылығы арқылы емес, жалпы, қолда бар, SMART негізде барымен базар болу арқылы этикеттік бірліктерді бойына сіңіру қажеттегін де ескеру керек. Жоғарғы сынып оқушыларын тәрбиелеу барысында этикет сөздер мен дағдылардың маңызы зор. Этикет – бұл қоғамдағы қарым-қатынастардың мәдениеті, сондықтан оқушыларға оның негіздерін үйрету оларды әлеуметтік өмірде және кәсіби ортада табысты болуға дайындайды [5, 13] Міне, оқушыларға этикет сөздер арқылы тәрбиелеудің кейбір жолдары:

1. Сәлемдесу мен қоштасу

- «Сәлем!» / «Сәлеметсіз бе?» – Оқушыларға сәлемдесудің маңызын, достық қарым-қатынасты қалай бастау керектігін көрсету.
- «Қош бол!» / «Сау болыңыз!» – Адамдарды қоштасу мәдениетін үйрету, оларға жылылық көрсету.

2. Рақмет айту

- «Рақмет!» / «Көп рақмет!» – Кішіпейілділік таныту үшін алғыс айту. Оқушыларға басқалардың көмегі мен іс-әрекетін бағалауды үйрету.
- «Сіздерге ризамын!» – Оқушыларға олардан көмегін алғаны үшін алғыс білдіру.

3. Өтініш пен сұрау

- «Өтінемін. » / «Мүмкіндік болса... » – Өтініш білдіру мәдениетін үйрету, өтініш жасау кезінде сыпайы болу.

- «Сізден сұрауым бар. » – Сұрау кезінде сыпайылық көрсету.

4. Кешірім сұрау

- «Кешіріңіз. » / «Кешірім өтінемін. » – Қате жасағанда кешірім сұрау мәдениетін дамыту.
- «Менің қателігім. » – Өз жауапкершілігін қабылдау, қателіктерден сабақ алу.

5. Пікір білдіру

- «Менің ойымша... » – Өз пікірін білдіру кезінде басқалардың пікірін ескеруге үйрету.
- «Сіз не ойлайсыз?» – Басқа адамның пікірін тыңдауға шақыру, пікір алмасуға ынталандыру.

6. Танысу

- «Менің атым... » – Танысқанда өз атын айту, өзін таныстыру мәдениетін көрсету.
- «Сізбен танысқаныма қуаныштымын!» – Басқамен танысудың жағымды сәтін атап өту.

7. Мәдениетті сөйлеу

- «Сіздің пікіріңізді бағалаймын. » – Басқалардың пікірін бағалау, сыйластық көрсету.
- «Мен онымен келісемін. » / «Мен онымен келіспеймін. » – Өз көзқарасын білдіру, бірақ басқаны тыңдауды ұмытпау.

Этикеттің рөлі

Этикет сөздері мен дағдылары жастарға мыналарды үйретеді:

- Қарым-қатынас мәдениеті: Сыпайылық, әдептілік, және басқаларды құрметтеу.
- Коммуникация дағдылары: Өз ойын ашық, сыпайы және түсінікті жеткізу.
- Жауапкершілік: Өз іс-әрекеттері мен сөздеріне жауапкершілікпен қарау.
- Командада жұмыс істеу: Топта жұмыс істегенде өзара сыйластық пен ынтымақтастықты дамыту.

Оқушыларға этикет сөздерін үйрету – олардың тұлғалық дамуы мен қоғамдағы орнын қалыптастыру үшін маңызды. Әлбетте, осындай сөздердің өзі де қазіргі таңда мүлдем артта қалып бара жатқандығы қатты мазалайды. Жоғары сынып оқушыларында тілдік тұлғаны қалыптастыру – олардың болашақтағы мәдениеті жоғары, коммуникативтік қабілеті жетік тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Этикеттік бірліктерді меңгеру арқылы оқушылар қоғамдағы әдеп нормаларын сақтай отырып, орынды әрі әсерлі сөйлеуді үйренеді. Тиісті әдебі мен құрметі бар тілдік тұлға қалыптастыру – мектептегі тілдік және тәрбиелік жұмыстың маңызды бөлігі.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.

2. Формановская Н. И. Русский речевой этикет: лингвистический и методические аспекты. – М.: Руский язык, 1982. – 126 с.

3. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті. – Алматы: Жоғары Аттестациялық Комиссияның баспа орталығы, 2001. – 120 б.

4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS. 2011. – 248б.

5. Сыздық Рәбиға. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. -272 б.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдірудегі цифрлық технологиялардың рөлі

Ниязова Т.
Түркістан облысы, Отырар ауданы «Көкмардан» жалпы білім беретін мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Жалпы білім беретін мектептегі білім берудің қазіргі заманғы сапасының қажетті деңгейіне қол жеткізу үшін бірқатар міндеттерді шешіп, шарттарды орындау қажет:

- республикада қабылданған міндетті толық орта білім беру жағдайында ауыл мектебінің әлеуметтік және оқыту функцияларын үйлестіру;
- мектептің жоғары сатысында бейіндік оқытудың икемді жүйесін енгізу;
- дидактикалық жүйенің мазмұнына еуразиялық және этномәдени құндылық тәсілдерін игеру және енгізу;
-оқушыларда толеранттылықты, патриотизмді қалыптастыру;
- мектепалды даярлау жүйесін ұйымдастыру [1, 2];
- оқушылардың оқу, психологиялық және дене белсенділігін оңтайландыру, мектепте денсаулықты сақтау, мектеп ұжымының әрбір мүшесі үшін психологиялық жайлылық үшін жағдай жасау: -білім беру мазмұнын нақты түсіру, жаңарту және прагматизациялау.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар [2]:

1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;

2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;

3) тілдік білім мен біліктерді XXI ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетіне бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас [3]тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Қазақ тілін оқытуды цифрландыру оқушыларды қоршаған әлемде бағдарлаудың кеңдігін, яғни жалпыланған білім мен әрекет ету тәсілдерін қамтамасыз ететін ақпараттық білім береді, бұл ретте білім алушылардың ақыл-ой белсенділігі мен дербестігін дамытудың ең жақсы жағдайы құрылады. Мұғалімдердің цифрлық білім беру құралдарын қолдана білуі оқушылардың сапалы білім беру цифрлық мазмұнына кең қол жетімділікті ашады, бұл оларға қазақ тіліндегі сөйлеу материалын жаңа сапа деңгейінде, яғни шығармашылық деңгейде игеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқытудацифрлық ресурстарды қолдану және цифрлық білім беру ортасын дамыту білім беру процесін анағұрлым серпінді етеді. Оқу материалын қызықты түрде беру және оқу материалын бейнеролик түрінде қабылдау қазіргі заманғы білім беру трендтерінің біріне айналуда.

Бұл өз кезегінде білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолданудың өзектілігін көрсетеді:

АКТ-ның қазіргі білім берудегі жан-жақты рөлі:

1. Ақпаратқа қол жетімділік: АКТ ақпаратқа демократияланған қол жетімділікке ие. Бірнеше рет басу арқылы білім алушылар әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген білімге қол жеткізе алады. Онлайн кітапханалар, дерекқорлар және академиялық журналдар білім алушыларға әртүрлі көзқарастарды зерттеуге және оқу тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік беру арқылы зерттеулерді қолжетімді етті.

2. Интерактивті оқыту: дәстүрлі сынып параметрлері АКТ құралдарын біріктіру арқылы динамикалық оқыту орталарына айналуда. Интерактивті тақталар, білім беру қосымшалары және мультимедиялық ресурстар білім алушыларды белсенді оқуға, шығармашылық пен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға баулиды. Виртуалды модельдеу және толықтырылған шындық қолданбалары дерексіз ұғымдарды өмірге әкеледі, бұл оқуды қызықты және есте қаларлық етеді.

3. Дербестендірілген оқыту: АКТ білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жекелендірілген оқу тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бейімделетін оқыту платформалары теңшелген оқу жолдары мен нұсқауларын қамтамасыз ету үшін білім алушалырдың үлгерімі туралы деректерді талдайды. Бұл тәсіл оқытудың әртүрлі стильдерін ескеріп қана қоймайды, сонымен қатар білім алушыларға материалды көбірек сақтауға және түсінуге ықпал ете отырып, өз қарқынымен оқуға көмектеседі.

4. Бірлескен оқыту: ынтымақтастық қазіргі өзара байланысты әлемде өте маңызды және АКТ кедергілерге қарамастан білім алушылар, оқытушылар және сарапшылар арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетеді. Онлайн форумдар, бейнеконференциялар және бірлескен құралдар білім алушыларға жобалар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге, идеялармен бөлісуге және нақты уақыт режимінде кері байланыс алуға топтық жұмыс пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

5. Жаһандық оқу қауымдастықтары: АКТ білім алушыларға бүкіл әлем бойынша құрдастарымен және сарапшыларымен байланыс орнатуға мүмкіндік беру арқылы сынып шекараларын кеңейтті. Виртуалды алмасу бағдарламалары, онлайн курстар және халықаралық ынтымақтастық мәдениетаралық түсіністікке және жаһандық азаматтыққа ықпал ете отырып, мәдениетаралық білім алуға мүмкіндік бар.

6. Мұғалімнің біліктілігін арттыру: үздіксіз кәсіби даму тәрбиешілер үшін педагогика мен технологияның жетістіктерінен хабардар болу үшін өте маңызды. АКТ мұғалімдерге онлайн курстарға, вебинарларға және кәсіби оқыту қауымдастықтарына қол жеткізуге мүмкіндік береді, онда олар озық тәжірибелермен алмасады, құрдастарымен ынтымақтасады және оқытушылық дағдыларын жетілдіре алады.

7. Әкімшілік тиімділігі: АКТ сыныптан тыс уақытта әкімшілік міндеттерді оңтайландырады, бұл оқу орындарын тиімді етеді. Білім алушылардың ақпараттық жүйелері, оқытуды басқару жүйелері және цифрлық бағалау құралдары бағалау, сабаққа қатысуды бақылау және курстарды басқару сияқты процестерді автоматтандырады, бұл оқытушылардың оқыту мен оқуға көңіл бөлуіне уақыт бөледі.

8. Өмір бойы білім алу: қазіргі білімге негізделген экономикада өмір бойы білім алу жеке және кәсіби өсу үшін өте маңызды [4, 5]. АКТ барлық жастағы адамдарға жаңа дағдыларды игеруге, қосымша білім алуға және өзгеретін мансаптық талаптарға бейімделуге мүмкіндік беретін икемді оқыту мүмкіндіктерін ұсынады.

Қазіргі кезде мектеп қазақ тілін оқыту бағдарламасының жекелеген тақырыптары бойынша интернет ресурстарды (кесте 1) алу мүмкіндіктері қолжетімді. Бұл ресурстарды қолдану мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен білім беру мазмұны үйлесімділігін ескеруімен құнды болады.

1-кесте. Қазақ тілін оқытуға көмекші интерне ресурстар

Сайт атауы	Негізгі мүмкіндіктері
Soyle	оқу бағдарламасында бейнелер, диалогтар және музыка қолданылады.
Qonzhyq App	ескі және заманауи әндерді, әйгілі күйлерді, бесік жырын, ертегілерді, тіпті Абайдың Қара сөздерін де қазақ тілінде табуға болады.
Til-Qural	латын графикасында жаңа қазақ әліпбиін меңгеруге, оқу және жазу дағдыларын жетілдіруге болады. Барлық сабақтар интерактивті және дәлелденген әдістерге негізделген.
Ana Tili	тапсырмаларды шешу және ол үшін ұпай жинау қажет квест түрінде оқытуды ұсынады
Aity	күнделікті қарым-қатынас үшін ең қажетті сөздерді ғана ұсынады.
«Balatili. kz»	үш жастан асқан балаларға, сондай-ақ тәрбиешілер мен мұғалімдерге, балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыратын ата-аналарға арналған. Сайт интуитивті іздеу жүйесі және ыңғайлы навигация жүйесі бар онлайн платформа негізінде жұмыс істейді.
Emle. kz	сайт халықтың тіл мәдениетін арттыру, емле деңгейін арттыру мақсатында құрылған.
Termincom. kz	сайт Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді бірыңғай электрондық базаға үздіксіз енгізу, қазіргі заманғы ғылымда, білім беруде, техника мен экономикада, қоғамдық-әлеуметтік бағыттарда салааралық терминологиялық қорды біріздендіру және жетілдіру мақсатында құрылды.
Sozdikqor. kz	әр түрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздермен және тұрақты сөз тіркестерімен, ескірген қазақ сөздерімен, қарыздарымен, ақпараттық технологияларды дамыту кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасымен танысуға мүмкіндік беретін алғашқы әмбебап платформа. Базаға 400 000 сөз, 1 243 850 тілдік бірлік жүктелген.

Qujat. kz	электронная база с образцами документов и инструкциями по грамотному составлению документов на казахском и русском языках.
Tilmedia. kz	орыс-ағылшын тілді азаматтарды мемлекеттік тілге қызықты әрі тиімді үйрететін үш тілді сайт 2017 жылы таныстырылды.
Tilqural. kz	мемлекеттік тілді кезең-кезеңімен үйренуге арналған веб-сервис. Сайтта қазақ тілін білмейтін ересектерге A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлерінде тіл үйренуге мүмкіндік беретін онлайн-курс бар.
Tilalemi. kz	тіл саясатын іске асыру саласындағы жаңалықтар, лингвист-ғалымдардың мақалалары, республикалық конкурстардың, іс-шаралардың ережелері және т. б. орналастырылатын портал.
Atau. kz	ономастика саласындағы сайт

Бүгінде қоғамды цифрландыру және білім беру жағдайында оқытудың, оның ішінде қазақ тілін оқытудың неғұрлым сапалы деңгейіне көшуге жол ашылды. Қазақ тілін мектепте тиімді оқыту тән шынайы тілдік ортаны құруды көздейді. Бұл оқушыларды виртуалды ортаға ену мүмкіндігін қолдануға ықпал ететін оқытудың цифрлық технологиялары арқылы сәтті шешуге көмектеседі, Қазақ тілін оқыту сапасының жаңа деңгейіне шығу оқушыларға цифрлық оқыту технологияларын пайдалану, сондай-ақ оқушыларды виртуалды шындыққа батыра отырып, осы технологияларды қолдануға дайын және қабілетті оқытушыларды даярлау арқылы бір мезгілде жасанды тілдік ортаны да, білім беру ортасын да қамтамасыз етеді. Цифрлық технологиялар оқу процесін ұйымдастырудың тиімді көзі болып табылады – жоғары жылдамдықты оқыту. Цифрлық буын оқушыларында клиптік ойлау байқалады. Олар бір уақытта белгілі бір ақпараттың үлкен көлемін қабылдай алмайды, бірақ бұл ұрпақ көп тапсырмада өзін жақсы көрсетеді және қысқа мерзімде стресстік жағдайларда шешім қабылдау реакциясының жылдамдығы басым. Осыған байланысты оқу ақпаратын беру бүгінде басқаша жүзеге асырылуы тиіс. Бүгінгі таңда қажетті эмоционалды жағдайды ғана емес, сонымен қатар қазақ тілі сабақтарында коммуналдық жайлылықты тудыратын цифрлық технологияларды қолдана отырып, оқу материалын жақсы меңгеру үшін ақпараттың шағын бөліктерін енгізу қарастырылған. Цифрлық технологиялардың көмегімен ақпаратты сызықтық емес, модульдік көпөлшемді беру материалды берудің репродуктивті, ауызша түрінен көрнекі-логикалық түрге көшуді қамтамасыз етеді, қабылдаудың негізгі арналарына кешенді әсер ете отырып, білім алушының миының екі жарты шарының бір мезгілде үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰҚБА, 2020. – 240 б.

2. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Қазақ фонетикасы. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. - 368 б.

3. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. / Құраст. Ғ. Әнес, Н. С. Исаева; Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы. - Алматы: Абзал-Ай, 2014. - 640 с.

4. Әмірбекова, А. Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. - Алматы: Елтаным, 2011. - 203 б.

5. Нурумжанова К. А., Ахметова Г. К. Инновационно-стратегическая модернизация современной сельской школы Казахстана: монография / К. А. Нурумжанова, Г. К. Ахметова. -Павлодар: Кереку, 2015. - 177 с.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Мырзаханова К.
Түркістан облысы, А. Жами атындағы ЖББМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Әдіс – оқу мақсатына жету үшін атқаратын мұғалімнің шығармашылық қабілеті, біліктілігі мен білімі, шеберлігі. Тәсіл – әдісті құрайтын көрнекіліктер мен түрлі элементтер жиынтығы. Оқыту әдісі – оқытудың мазмұнын, мақсатын, міндеттерін, шарттары мен кезеңдерін айқындайтын оқыту бағыты. Е. Я. Голант оқыту әдісінің: 1. Ауызша мазмұндау; 2. Әңгіме; 3. Кітапты пайдалану; 4. Көрсету; 5. Экскурсия; 6. Лаборатория жұмыстары; 7. Жазу-сызу жұмыстары; 8. Практикалық жұмыс деген 8 түрін көрсетсе /1/, С. Р. Рахметова қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде жинақтап, оқу-таным әрекетін толық қамтитын үш топқа бөледі:

1) Оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;

2) Оқу-таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері;

3) Оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері. /2/

Тілді оқыту әдістері бұрын дәстүрлі оқыту тәсілдері арқылы жүзеге асырылса, қазір «жаңартылған оқу мазмұны» бағдарламасы бойынша заманауи технологиялардың көмегімен бейнесабақ, бейне және аудио тапсырмалар, электронды тест тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларға орфоэпиялық дағдыны аудиомәтіндердің көмегімен үйретсек, грамматиканы мультсабақтар мен логикалық тапсырмалар аясында құрастыруға болады. Ал тілдегі төрт дағдыны (айту, жазу, оқу, тыңдау) түрлі диалогтар мен саусақ театры, аудио хаттар, жазбаша хаттар, дикторлық өнер ойындары арқылы қызықты өткізге болады.

Оқушыларға тілді үйретудің басты заңдылығы – сатылап үйрету. Қазақ тіл ғылымы да кез келген ғылым саласы секілді оңайдан күрделіге, аздан ауқымды білімге функционалды түрде жоспарланған оқу бағдарламасы аясында оқытылады. Мысалы, бастауыш сыныпта «сөз таптары» барынша қарапайым түрде оқытылса, жоғары сыныптарда ауқымды, күрделі грамматикалық заңдылықтар қамтылған. Сол себепті де шәкірттерге жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сай, өздері жиі әрі қызыға ойнайтын онлайн ойындармен ұштастыра, зейіндерін аудармай оқытқан жөн. Визуалды ғасыр ұрпағы орындайтын кез келген тапсырма 2-3 минуттан асып кетсе, балалардың қызығушылығы сөніп қалады. Өйткені олар тик-ток пен инстаграм желілерінің шыдамсыз ұрпағы. Осы жайтты басты назарда ұстаған ұстаздар қауымы да, сабақ барысында өте жылдам орындалатын ойын түрлерін жиі қолданады. (Мысалы, 1 минут ішінде қабырғаға жапсырылған қағаздағы мәтінді бір-бір сөйлемнен жазушыға оқып-жеткізуден жарысатын

«хат» ойыны, мұғалім 1 мәрте ғана оқыған мәтіннен «диктант жазу» ойыны. 1 беттік шығарманы 5 сөйлеммен мазмұндау сынды ойын-тапсырмалар.)

Сабақ барысында ойын-тапсырмалардың қысқа әрі қызықты болуы, оқушылардың зейінін шашыратпай, жаңа тақырыпты жылдам әрі терең ұғынуына зор әсерін тигізеді.

Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі – оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай шығармалар мен олардың авторларын кезең-кезеңге бөліп ұсынудан басталады. **Бастауыш сынып оқушыларына** өтетін ана тілі сабақтарында көркем шығармалардың танымдық бағытын басты назарда ұстап, рөлдік ойындар арқылы оқытамыз. Ата-ана, отбасы, отан, туған жер, ізгілік, адамгершілік қағидаларын қамтитын түрлі авторлардың шығармаларын бейнематериалдар арқылы таныстырып, мультсабақ түрінде түсіндіреміз. Кейде арнайы дайындалған бейнежазбаның дыбысын өшіріп, ізгілік пен жақсылыққа шақыратын диалогтар құрастыруға тапсырма береміз.

Ал, **бесінші сыныптан бастап тоғызыншы сыныпқа** дейін әдебиет пәні теориясы бойынша негізгі базалық білім беріледі. Әдебиет теориясын оқытудағы басты мақсат – оқушыны көркем шығарма (кітап) оқуға әдеттендіру мен оқыған шығармасынан эстетикалық ләззат алуға, оқуға құмар болуға, оқыған нәрсесін өмірде пайдаға жаратуға үйрету. Сондай-ақ мәнерлеп және жылдам оқу дағдыларын қалыптастыруға, ойын көркем түрде дұрыс жеткізе білуге, сауатты мазмұндауға, бейнелі ой ойлап, зерделі сөз айтуға үйрету. Автордың оқырманға айтқысы келген астарлы ойын аңғарып, көркем шығарманың негізгі мақсат-міндетін айқындау. Жағымды-жағымсыз кейіпкерлер мен түрлі мысалдар арқылы ақыл, айла, шешендік, батылдық, жылдам шешім қабылдап, қысылтаяңда сөз таба білетін рухани құндылығы мол, нағыз адами тұлға даярлау.

Өкінішке орай, оқушылардың басым көпшілігінің кітап оқуға зауқы жоқ. Осы олқылықтың алдын-алу мақсатында мектеп кітапханасы, ата-ана, мұғалім үштігі бірлескен «үздік оқырман» сыйақысын тағайындауды жоспарлап отырмыз. Егер ата-аналар кітап оқитын баласын ынталандыру мақсатында үйде сый берсе, демеушілер мектепте қомақты жүлде тағайындаса, ұстаздар қауымы мектеп бағдарламасы ұсынған әдеби шығармаларды толық оқыған оқушыларды түрлі сұрақтар арқылы оңай анықтап алар еді.

Оныншы сыныпта XIX ғасыр ауыз әдебиеті өкілдері мен ақын-жыраулар, отаршылдыққа қарсы саяси және рухани ағартушылықта бой көрсеткен сөз зергерлерінің туындылары берілген. Бұл қатардан сал-сері, әнші-сазгер, ойшыл ақын, ұлт-азаттық идея аясына халықты топтастыра білген рухани-шығармашыл сөз көсемдерінің туындыларын көре аламыз.

Оқушыларға сал-серілер мен XIX ғасырға дейінгі ақын-жыраулардың шығармашылығын солардың киім кию, өмір сүру стилінде орындап, бейнематериал дайындауды ұсынсақ, бір оқпен үш қоян атқан болар едік. Біріншіден оқушылар сол заманға тарихи шолу жасап, тарихи деректерді естеріне сақтар еді. Екіншіден, ұлттық салт-дәстүр, жыршылық, әншілік өнер мен ауыз әдебиеті үлгілерімен жақын танысар еді. Үшіншіден, өздері жай кезде мүлде жаттағылары келмейтін көлемді шығармаларды қызыға жаттап, мектеп бағдарламасын толық игерер еді.

Он бірінші сыныпта XX ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі жазба әдебиет өкілдері шығармалары оқытылады. Бұл тізімде Х. Есенжолов, І. Есенберлин, Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев, Ә. Тәжібаев, Ә. Нұрпейісов, О. Бөкей, Ш. Мұртаза, М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, С. Жүнісов, Ә. Кекілбаев, Т. Молдағалиев, С. Мауленов, Т. Ахтанов, М. Шаханов сынды т. б. қаламгерлер бар. Жоғары сыныптарда шығармаларға күрделі әдеби-

теориялық талдаулар жасалып, мәтін толықтай оқытылады. Роман, роман-эпопеялардың тұтас құрылымы толық талданып, қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелер, әдеби үдерістегі орны мен оқушының тұлғалық көзқарасы, дәйектемелері мен саяси-әдеби жеке ұстанымдары, сыни пікірлері есепке алынады. Осы қызықсыз да күрделі сабақ барысын «қойылымдар сайысы» немесе «драматургиялық жарыс» түрінде топтарға бөліп өткізсек, оқушылардың санасында мәңгі сақталатын ғажайып сәттер сыйлаған болар едік. Әрі балаларды топ игілігі үшін бір кісідей атсалысуға, үлкен жауапкершілікке үйретер едік.

Әдебиет пәнінің **тәрбиелік мақсаты** өте зор. Әдебиет – адамтану ғана емес, қоғамтану, ұлт пен ел тану, тілтану құралы ретінде шәкірттерді ізгілікке тәрбиелейді. Әдебиет араласпайтын тәрбие саласы жоқ. Сондықтан түрлі тақырыпта, түрлі көлемде, оқушыларды шабыттандырып, жақсылыққа баулу мақсатында көркем әдеби шығармаларды барынша тиімді қолданудың пайдасы зор.

Әдебиет пәнінің **дамытушылық мақсаты** оқушылардың шығармашылық қиялы мен логикалық ойлауын, кітапқұмарлығын оята отырып шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту.

Пән міндеттері төмендегідей дидактикалық заңдылықтарға бөлінеді:

- Шығарма мазмұнын терең танып, автордың осы шығарманы жазудағы мақсат-мүддесі мен қажеттіліктерін анықтап, автордың айтқысы келген астарлы ойын жете түйсініп, көркем шындық пен өмірлік шындықты айқындау, ара жігін ажырата сараптау;
- Әдеби шығарманың тақырыптық-идеялық мақсатын тап басып танып, кейіпкерлердің типтік болмыстарын айқындау, өзара байланыстарын анықтап, теориялық білімдерін қалыптастыру, шыңдау;
- Қазақ әдебиетін әлем әдебиетімен салыстыра оқу, ұқсастықтарын ажырата білу;
- Қазақ әдебиетінің негізін салған авторлармен танысу, әдебиет ғылымы жайлы түсінік қалыптастыру;
- Қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихын, кезеңдерін, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық туралы білімдерін қалыптастыру;
- Әдебиет арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, салт-дәстүр, мәдениетін, әдет-ғұрпын тану, әдеби туындылардың жанрлық, стильдік ерекшеліктерін оқыту, ұлттық әдебиеттің бай мұрасын таныстыру;
- Әдебиеттану ғылымының мақсаты, міндеті, маңызы туралы жан-жақты мәлімет беру т. т;

Әдебиет пәні оқулығын ең алғаш А. Байтұрсынов /1/ пен Ы. Алтынсарин жазса /2/, әдебиет пәнін оқыту әдістемесін Ә. Қоңыратбаев /3/, А. Көшімбаев /4/, Қ. Бітібаева /5/, Т. Қ. Жұмажанова /6/ сынды т. б. әдіскер ғалымдар жазды.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Голант Е. Я. Методы обучения в советской школе. - Москва: Учпедгиз, 1957. - 152 с.
2. Рахметова С. Методика преподавания казахского языка. - Алма-Ата: Ана тілі, 1991. - 179 с.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
4. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. - Алматы: Білім, 2007

5. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1985
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1969
7. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, Рауан, 1997
8. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы., Білім 2009.

Қазақ тілі мен әдебиетін пәнін оқытуда жаңаша әдіс-тәсілдер

Таджибаева А.
Ақтөбе облысы Алға ауданы «№4 Алға орта мектебі» КММ
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жаңа ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектеп білімінің негізгі мақсаты оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіру болып табылады. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс істеуі қажет. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңарулар, ақпарат тарағыны, бәсекелестіктің артуы сияқты жағдайлар білім беру мәселесінің алдына жаңа міндеттер қоюда. Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы білім беру. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен ізденуі оқу үдерісіне қойылатын басты талаптардың бірі болып табылады. Осы талаптарды орындауда қазақ тілін оқытып-үйрету көптеген ізденістерді, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. Осыған орай қазақ тілін оқыту белсенді әдістерді қолдану мен байланысты болып отыр. Белсенді оқыту дегеніміз – баланы ойландыра отырып ойлауға бағыттау. Белсенді әдістерді қолдану өзара түсіністікті, өзара әрекеттестікті, өзара байыптауды қамтамасыз етіп, сабақ барысында материалды жақсы меңгеруге көмегін тигізеді, ең маңыздысы пікірді, қарым-қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауын, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Қазақ тілі сабағында қолданылатын жеті модульдідің бірі сыни тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс тәсілдер. Бұл модульда оқушылар да мұғалімдер де сыни тұрғыдан дамытуды саналы және оймен қабылдауды көздейді. Оқытуда «ЖИГСО», «Карусель» стратегияларын сабақта қолдану арқылы оқушылар өз беттерінше ойларын еркін жеткізуге, тұжырым жасауға, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білуге тырысады. «Данышпан кілттер» стратегиясы арқылы балаларды тереңнен, салыстыра ойлануға жетелеп, Блум өлшемдерімен жұмыс жасау арқылы маршрут парақтары жасай алды.

«Венн диаграммасы», «Концептуальдық кесте», «екі жақты күнделік» стратегиялары арқылы мәтінен өзіне қажеттісін тауып, қолдана білуге, өз ойын дәлелдей білуге, салыстырып, талдау жасауды үйретуді мақсат еттім. Сын тұрғысынан ойлау

стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыстың тиісті деңгейлері: Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу. Ұқсас құбылыстар арқылыы арасынан тиімдісін таңдай білу. Проблеманы шеше біліледі. Пікірталасты жүргізі білу қабілеттерін белгілі бір деңгейде қалыптасады. Сыни тұрғысынан ойлау стратегиялары арқылы көп нәтижеге қол жеткізуге болады. Оқушылар ізденеді, ойланады, бірін- бірі түсінуге мүмкіндік туады, жұмыс істеуге үйренеді.

Диалогтік оқыту барысында топ бойынша жұмыс істей отырып, оқушылар өздігінен талдап, бір диалогтік оқыту барысында топ бойынша жұмыс істей отырып, оқушылар өздігінен талдап, бір-біріне сұрақтар қойып, жауап іздеуге талпынады. Дарынды оқушыларды бір топқа топтастырып, Блум өлшемдері сұрақтарымен жұмыс істеу барысында оқушылар оқушылар мұғалімнің көмегінсіз, өздерінің біліктілігі, ой ұшқырлығы арқасыда көздеген нәтижелерге жеткізе алады. Мысалы, 6- сыныпта өткізілген «Табиғат тамашасы» атты сабақта «Ой қозғау» кезеңінде «Аквариум» тәсілімен оқушы мен білімдерін тиянақтай отырып, алдына қойған мақсатына жетеді, мұғалім арасындағы диалогты тыңдай отырып, қалған оқушылар сабақтың тақырыбын анықтайды. Бұл тәсіл оқушыларды бірін- бірі тыңдауға, талдау жасауға төселдіреді.

«ББББ» стратегиясы арқылы оқушылар өз білімінқорытындылай алады. ой қозғау мен рефлексия кезеңдерінде оқушылар өздеріне мақсат қойып, өз білімдерін тиянақтай отырып, алдына қойған мақсатына жетеді, оны бағалау парақтарында қойылған бағалар арқылы байқауға болады. «Данышпан кілттері» әдісін сабақта қолдану арқылы оқушылардың алдына жағдаят туылып, оқушылар ізденіске түседі. Мен бұл сабақты өткізуді ізденіс бағытында құрастырдым. Оқушыларды үш топқа бөлдім, әр топтың өз жеке тақырыбы болады, осы тақырып бойынша балалар «Кластер» құрастырып, әңгімелеседі.

Өз іс- тәжірибемде оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін қолдануда ұққаным- табысқа жетудің ең басты көзі болып мұғалімнің әрбір баланң жеке тұлғалық ерекшелігіне негізделген балаларға деген махаббаты болып табылады. Әрбір тәрбиеленушіге өз бойындағы дарыны мен талантын, қабілеттерін аша түсуге мүмкіндік жасау қажет, оларды өзімен жеке қоршаған әлеммен үйлесімділікте өмір сүруге үйрету керек.

Осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өз кәсібилігімді де біраз арттыра алғаныма, жұмысымның нәтижелі бола бастағанына көзім жетті. Оқушының сабаққа, пәнге деген қарым- қатынасы жоғарылай түсті. Оқушының қабілеттерінің жетіле түскені, оның нағыз «Адам» болып, болашақта өзін –өзі іске асыруына ұмтылысының артқаны. Ал олар- бәріміздің тірегіміз!

Пайдаланылған еңбектер:

1. Құралұлы А. Ұлттық дүниетаным. – Алматы: Өнер, 1998

2. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994

3. Тұрғынбаева Б. А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007

4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары

5. Шомақов С. Сөздік ойын. – Алматы, 1994

Білім беру орындарында қазақ әдебиетін оқытудың жаңаша талаптары мен бағыттары

Аширова Н.
Тараз қ., Ы. Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Махамедова Б.
Тараз қ., Ш. Мұртаза атындағы №30 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

Бүгінгі таңда кез келген білім беру ұйымынан сапалы білім беру, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірістік мүмкіндіктерін күшейту, заманауи талаптарға сай әрі тиімді етіп пайдалану қажеттілігі туындауда. Әсіресе, оқу мен ғылымды ұштастыра дамытуға көбірек көңіл бөлу қажет. Бұл орайда, әрбір пәннің мазмұнына сәйкес инновациялық жаңа моделін таңдап алып, үздіксіз білім беруді дамыту, жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларды батыл енгізу маңызды мәнге ие болып отыр. Әсіресе, шығармашылық және талдаушылық ойлауды, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын дамыту, білім алушылардың теориялық білімін бекіту және тереңдетуде өзіндік жұмыстарды орындату мен оның инновациялық түрлерін қолданудың зор нәтижелер берері даусыз. Жаңа Қазақстанның ертеңіне саналатын озық ойлы ұрпақ тәрбиелеп, терең білім беруде әрбір мекеме өзінің материалдық-техникалық базасын заманға сай оңтайландырып, озық технологиялар үлгілерімен жабдықтап, әрбір ұстаз немесе оқытушы инновациялық мазмұн мен интерактивті әдіс-тәсілдермен сабақ жүргізу қажет және бұл-қайсыбір заман мен қоғам үшін маңызды болып қала бермек.

Дегенмен ақпараттық технологияларға тым арқа сүйеуге болмайды. Ең алдымен, әдебиет сабақтарында білім алушының кітапқа деген қызығушылығын арттыру көзделуі тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселені Ұлттық құрылтай барысында қозғай келіп: «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылдық. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды», - дей келіп, , деді Президент.
«Өздеріңізге мәлім, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет», – деп түйіндеген болатын [1].

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына еніп, әлемдік дамуда өз орнымызды белгілеу үшін, әрине, халықаралық стандартқа сай білім алған, озық ойлы, шетелдермен дода-тартыста іркілмейтін, жан-жақты білімді әрі ұлттық діліі мен тілін, дінін өз бойына сіңірген патриоттық сезімі терең ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Сондықтан да инновациялық білім беруді жан-жақты пысықтап, негізгі теорияларына сай оңтайлы білім беруді талап ету қажеттігі туындауда. Осы тұрғыда бүгінгі таңда білім беру саласында 50-ден астам

оқыту технологиялары қолданылып, өз жемісін беруде. Әрине, ол технологиялардың әрқайсының өзіндік мазмұны, мақсаты, нәтижелері әр түрлі. Және, әрбір ғылымда, салада, пәнде қолдану мүмкіншілігі әр түрлі. Әдебиет тарихының негізгі дәуірлері мен кезеңдерін толық түйсіну үшін сол кезеңдегі өмір сүрген ақын-жазушылардың көркем туындыларын талдап, сыни көзқараспен тұжырымдай білуі тиіс.

Әсіресе бір сарынды сабақ үлгілерінен қашық болған жөн. Кез келген білім алушы әрбір көркем шығарма мен сөз зергерінің шығармашылығына өзіндік пікірлерін қорытып, тұжырымдай білуге бағыттау қажет. Айталық, белгілі ақын-жазушылардың негізгі шығармалары мазмұндалып, жалпы әдеби даму сипаты мазмұндалады. Бір сарынды түсіндіру мен баяндаудан гөрі, мұнда білім алушылардың өз беттерінше ізденіп, пәнге деген қызығушылығын арттыратын технологиялар нәтижелі болмақ. Әсіресе, Ж. Қараевтың технологиясы олардың сенімділігін туғызып, білімін одан ары дамытуына, шығармашылық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік жасайды. Қосымша тақырыптар бойынша өзіндік жұмыстарын жазып келу тапсырылады. Оқу үдерісінде, әсіресе, әдебиет сабақтары бойынша орындалатын өзіндік жұмыстар білім алушылардың практикалық дағдыларын бекітуіне, ұсынылған теориялық міндеттерді өз бетінше шеше білуіне жол ашады. Осы тұста әрбір оқу орны өздерінің материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жаңартып отыруы қажет.

Орта мектеп және жоғары оқу орындарында болмасын әдебиеттің тарихы мен теориясын оқытуда әсіресе, әдеби процестің жай-күйіне тоқтала отырып, проблемалық сұрақтар төңірегінде пікірталастар ұйымдастырып, көзқарастарымен ескере отырып, тұжырымдауға мән берген мақұл. Бұл студенттерге ғылыми-зерттеу жұмысында аса маңызды қорытындылар жасауға да көмектеседі. Және, жоғары оқу орындарында өткізілетін конференцияларда баяндама жасап, ғылыми мақалалар жазуға да итермелейтіні сөзсіз. Әдебиетті оқытудың инновациялық бағытына ғылыми үйірмелердің жұмысын жандандыру да жатады. Әсіресе, шығармашыл жастарға ақ жол көрсетіп, негізгі мақсат-мұратына жету мен талантының толыққанды ашылуына да үйірме мүшелерінің өзара пікірталасы, презентациялары жағдай жасайтыны даусыз [2].

Білім беру үдерісіне қойылатын соны талаптар әрбір ұстаздан жаңаша ізденісті, үздіксіз білім алуды талап етуде. Әрбір тақырыптар бойынша білім алушыларға бағыт-бағдар беріп, педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану үшін біліктілігін арттыру мақсатында терең ізденуіне тура келеді. Әсіресе, әдебиет сабақтарында үнемі адамды тану, қоғамдық-саяси жағдайлардың рухани мазмұнын ашып көрсету, ізгілік, адамгершілік, отаншылдық идеяларды насихаттауды басты мақсат етіп қойылады. Кез келген сөз зергерінің шығармашылығын талдау арқылы оның өзінің ішкі «Меніне», сол арқылы жалпы адам болмысына, өмір сүрген ортасы арқылы қоғамдық-саяси жағдайға талдау жасап, болашақ ұрпақ санасына зерделі ойларды құя білгенде ғана оларды жаңаша ойлау соқпақтарына жетелеп, әдеби процес жайын жан-жақты зерттеу мүмкіндігіне жол ашылады.

Ең алдымен, әдебиетті тегін оқушы таңдамайды. Бойында титтей де болса таланттың ұшқыны бар, шығармашылықпен айналысатын немесе Отанға, руханиятқа деген сезімі өте терең, асқан патриот, ізгілікті балалар ғана жастайынан әдеби шығармаларды құмарта оқып, әдебиетші болуға талаптанады. Міне, осындай талантты жастың талабына нұр жаудырып, сезімін қанаттандыруға, отаншылдық, адамдық рухын асқақтатуға жағдай жасап, заманға сай білім беру - әдебиетші ұстаздардан асқан шеберлікті қажет етеді. Өзі де осындай баспалдақтардан өткен ұстаз бала жанын терең

пайымдап, үнемі қайраттандырып, жігерлендіріп отыруы қажет. Бүгінгі жас ұрпақ көркем шығарма оқымайды, әдеби кітаптар оқуға басқа техникалық құралдар (компьютер, теледидар, телефон, т. б.) мүмкіндік бермейді деп байбалам салып жатамыз. Әрине, бұл замана талабы. Дегенмен, әдебиет - өмір айнасы екендігін жас ұрпақ санасына сіңіруде түбегейлі өзгерістер жасаған жөн. Ең бастысы, қайсыбір мамандықтың тізгінін ұстаса да, сөз байлығы, өз ойын жан-жақты тұжырымдап, жеткізуі аса маңызды. Осы орайда, жоғары мектепте әдебиет пен тілді барлық мамандық студенттеріне оқыту ісі қолға алынбауда. Қазіргі уақыт білімнің де тынысы кеңейіп, білімдінің жұлдызы жарқырай бастады. Шын білімдіге жарқын жол ашылды. Білімнің әлеуметтік қызметі артуда. Біліммен қатар білік дағдыларын, терең ойлау машықтарын, тылсым дүние сырларын шығармашылықпен сезіну қырларын дамыту – оқытудың негізгі талабына айналуда. Бұл үшін инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану шарт.

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологиялары білім алушылардың зейін-зерделік, кәсіптік, адамдық, ізгілік қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін өзі дамытып, оқу-тәрбие сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Және, оқытудың негізгі мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетіп береді. Инновациялық технологияларды тиімді пайдалану мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, іскерлігіне байланысты. Әдебиет сабақтарын инновациялық сипатта өткізу ең алдымен ұлттық мүддеден алшақтамауы тиіс. Халықтық әдеби мұраларды, көркем туындылар арқылы рухани болмысымызды, ұлттық менталитетті танытуға ұмтыламыз. Сондықтан да әдебиетті оқыту үнемі ізденуді де талап етеді. Бұл үшін өзара тәжірибе алмасу курстары, арнайы семинарларға қатысу шарт.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Тоқаев Қ. Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу // Егемен Қазақстан, 2024. - 15-наурыз
2. Сейсенбаева Ж. Ұлттық тәрбие аясында тіл және әдебиетті оқытудың кейбір жайттары // ҚазҰУ хабаршысы. – 2009. - №3. - 8-б.

Оқушылардың оқуға ынтасын арттыруда сабақты зерттеу тәсілінің тиімділігі

Маталиева А.
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуда өте маңызды аспектілердің бірі Сабақты зерттеу болып табылады. Бұл тәсілдің артықшылығы мұғалімдерді біріктіру мен мәселелерді бірлесіп анықтауда, бірлесіп оқыту үшін бірлескен орта құруда, тәжірибе алмасу және зерттеудің тиімділігін арттыруда көрінеді.

Пит Дадлидің Сабақты зерттеудің тиімділігіне келтірген пікіріне тоқталсақ: «Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

• әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

• мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

• оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

• Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға;

• Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі [1].

Сабақты зерттеу тәсілін жүргізу барысында мұғалімдер сабақтарына жаңашылдықтарды енгізе отырып, педагогикалық тәсілдерді жетілдіруге бағыттайды. Сонымен қатар бұл тәсіл жас мамандар мен ұжымға жаңа келген әріптестерге әлеуметтенуге жол ашады. Сабақты зерттеудің тиімділігіне келер болсақ, мұғалім үшін:

- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, оларды зерттеу қызметіне тарту арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;

- оқу процесін жандандыру;

- мектеп тәжірибесін жетілдіру;

- оқушыларды оқу қызметін жандандыру бойынша жұмысқа тарту;

-тұлғаның жан-жақты дамуы үшін қолайлы оқу-танымдық орта құру. Ал оқушылар үшін:

- оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану -оқушылардың уәжін арттыру мақсатында Сабақты зерттеу тәсілі арқылы диалогтық оқыту және топтарда жұмыс істеу;

- қолайлы орта құру және оқушылардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру, оқыту мен білім беру сапасын арттыру.

Бүгінгі таңда Сабақты зерттеу - бұл оқытудың қуатты, кәсіби тәсілі, ол мыналарды қамтиды:

* оқу процесінің мәнін түсіну;

* әріптестермен өзара әрекеттесу әдістемесі;

* әріптестерді қолдау тәсілдері.

Сабақты зерттеуде тәжірибені ұйымдастырудың бірқатар артықшылықтары бар, олардың ішінде мыналар ерекшеленеді:

1. Нысаналы бағыт

Көбіне мектептерде жүргізілетін академиялық зерттеулер қазіргі білім беру процесінің шындықтарынан алшақтайды, ал Сабақты зерттеу қазіргі уақытта және нақты жағдайларда осы оқушы мен педагогикалық ұжымда бар нәрсені тікелей көрсетеді.

2. Кәсіби дамудың бір жолы

Іс-әрекетті зерттеу, содан кейін оны талдау мұғалімнің не істеп жатқанына сенімді болуына ықпал етеді. Нәтижесінде мұғалімнің сабақты жоспарлау және өткізу процесіне деген көзқарасы айтарлықтай өзгереді, өйткені жүйелі рефлексия проблемаға сыни тұрғыдан қарау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

3. Әріптестермен өзара әрекеттесу

Педагогикалық процестің әлсіз жақтарының бірі - әріптестерімен жаңа технологиялар мен авторлық әзірлемелерді талқылауға уақыттың жетіспеушілігінен туындаған мұғалімнің оқшаулануы. Командаларда жұмыс істей отырып, мұғалімдер

тәжірибеде тиімділігін дәлелдеген тәжірибелерімен, идеяларымен және стратегияларымен бөлісуге, педагогикалық дағдыларды жетілдіру мақсатында жаңа әдістерді әзірлеу және сынақтан өткізу мүмкіндігіне ие.

4. Мектеп жүйесінің мүмкін модификациясы

Осы типтегі зерттеулерді жүргізу білім беру жағдайына және болашақта мектеп жүйесін дамыту стратегиясына тікелей әсер етеді, өйткені Сабақты зерттеу белгілі бір мұғалімнің дағдылары мен дағдыларын жетілдіру мақсатында ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжым үшін жүзеге асырылады.

5. Өз жұмысын талдау

Сабақты зерттеу кезінде назар мұғалімнің өзіне емес, оқушылардың ол жүргізетін әрекеттерге реакциясына бағытталғанын біле отырып, мұғалім сабақтағы әріптестерінің қысымына ұшырамайды. Нәтижесінде, оған процесті тұтастай алғанда сыни тұрғыдан қарау оңайырақ.

Сабақты зерттеу тәсілі біздің гимназиямызда да жүйелі түрде жүргізіліп келеді, яғни гимназия тәжірибесіне толықтай енгізілген. Сабақты зерттеуді жүргізудегі біздің басты мақсатымыз - оқушылардың оқуын шындықта көру, балалардың проблемаларына назар аудару, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды жоспарлауды қалай өзгертуге болатындығын анықтау және түсіну, мектеп мұғалімдерін өз тәжірибелерін жақсарту үшін зерттеу процесіне тарту. Әріптестердің қандай да бір проблемамен ынтымақтаса, тәжірибесімен, білімімен, пайымымен бөлісе алуына жағдай жасау да назарда болады. Мұғалімнің шеберлігі мен ашық сабағын емес, шынымен бар балаларды талқылайды. Фокус топ зерттелетін сыныптардағы барлық дәйекті сабақтарды бірлесіп жоспарлауға шешім қабылдап, әрі қарай бірге қарап, оқуды талдайды. Сабақты зерттеудің 1–кездесуінде мұғалімдер оқушылардың белгілі бір тобының типтік өкілі болып табылатын, яғни күшті – А, орташа-В, әлсіз-С болып табылатын үш «зерттелетін» оқушы таңдалып, тізбектелген сабақтар барысында бақылау жүргізіледі. Фокус топ мүшелері анықталған проблема бойынша зерттеу сұрағын құрып, сол бойынша әр сабақты бірге жоспарлайды, сабақ барысын бақылап, талдау жасап, келесі сабақтың жоспарын құруда ұсыныстарды ескеріп, өзгеріс енгізеді. Анықталған мәселенің шешімі табылғанша мұғалімдердің бірлескен жұмыстары жалғасын табады.

Сабақты зерттеудің тиімділігіне мысал келтіріп, талдап көрейік. Оқу үлгерімі төмен, оқушылардың сабаққа жеткілікті дайындығы жоқ 9Б сыныбы таңдап алынып, зерттеу сабақтарын жүргізуге шешім қабылданды. Себебі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі тәсілдерді өзгерту қажет болды. Зерттелетін 3 оқушы анықталды: оқуда жақсы бағалары бар, орташа қабілеті бар оқушы және барлық пәндер бойынша уәжі төмен оқушы. Мұғалімдер тобы қатарынан 3 қазақ әдебиеті сабағына қатысты. Зерттелген 3 оқушыға назар аудару көптеген маңызды сәттерді анықтауға мүмкіндік берді. Ал мұғалімдер ынтымақтастықта жұмыс істеп, жаңа идеялармен бөлісіп, қателіктерден сабақ алып, жаңа тәсілдерді іздеуі керек болды. Бұл өте қиын – тек өз пәнін оқыту ғана емес, сонымен қатар оқушыларды сыни ойлауға үйрету, өзін өзі оқыту және өзін өзі бағалау дағдыларын дамыту, әр сабақта оқушылардың дарындылығын дамыту бойынша жұмыс жасау процесі еді.

Өткізілген тізбектелген сабақтар топтамасынан кейін, біз талқылаулар жасадық, онда біздің болжамдарымыз расталды, күшті және орташа оқушылар үшін біз критерийлерді дұрыс жасайды екенбіз де, әлсіз С деңгейдегі оқушыға қиынырақ критерий жасайды екенбіз. Сабақтар топтамасының екінші сабағында біз оны топтық жұмысқа

тарта алмадық, топта отырып жеке жұмыс жасау кезінде оқушыда кішкене болса да өзгеріс барын көрдік. Сұқбаттасу кезінде күшті және орташа оқушылар топтық жұмыс түрлерін ұнататынын, сабақта қызығушылық танытқанын, ал әлсіз оқушы бүкіл сыныпта жауап беруден және жауап беру кезінде қателіктер жіберуден қорқатынын айтты. Біз келесі сабақтарда әлсіз оқушыға көбірек көңіл бөлу туралы шешім қабылдадық, сонда ол өзіне ыңғайлы жұмыс істейтін топты таңдайды. Осылайша келесі сабақтарда әлсіз оқушы біртіндеп ашыла бастады. Ол, әрине, белсенді болмады, бірақ соған қарамастан жауап бере бастады, өз тұжырымдарын жасауға тырысты. Бірқатар дәйекті сабақтарды талдай отырып, оқушыларымыздың сабақтағы сәтсіздігі, ең алдымен, Блэк пен Уильямның бастапқы зерттеулеріндегі сыныпта **«қара жәшік»** ішіндегі жұмыстың болмауы, яғни сұрақтарды тиімді қою, оқушылармен бірге критерийлерді талқылау, кері байланысты қамтамасыз ету, сыныптастарын бағалау және өзін өзі бағалауға байланысты екеніне көзіміз жетті. Бұл процеске қатысу бәрімізге өте қызықты болды. Егер сабақта әлсіз оқушыға жиі назар аударылса, оған қолдау көрсетілсе, оның сабақта жұмыс істейтіндігі анықталды.

Біз бүкіл сабақты «күшті оқушыға» бағыттауға дағдыланғанбыз. Бұл сәттің анықтамасы бақылау барысында біз үшін ең маңыздыларының бірі болып табылады. Қатысқан сабақтардың, жүргізілген талқылаулар мен оқушылармен жүргізілген сұқбаттасулардан және алынған сауалнамалардан кейін оқушылардың оқуға ынтасын арттыруда бағалау критерийлерінің маңызының зор екеніне көзіміз жете түсті. Себебі сауалнама қорытындысынан оқушылардың өз жетістіктерін бағалауға қатысқысы келетіні және қатысуға дайын екендігі, бағалау критерийлерін әзірлеу бойынша ұсыныстары бар екенін де анықтай алдық. Осыған дейін біз бағалау критерийлерін құрастыруға оқушыларды қатыстырмайтынымыздың, бірге талқыламайтынымыздың қателік екенін түсіндік. Сондықтан топ мүшелері «Бағалау критерийлері арқылы оқушылардың оқуға ынтасын қалай арттыруға болады?» деген зерттеу сұрағы аясында жұмыс жүргізе бастады. Әрине, бұл зерттеу сұрағымен жұмыс жасау арқылы бірден тиімді нәтижеге қол жеткіздік деп айта алмаймыз. Бұған дейін біз құрастырған бағалау критерийлерінде оқушылардың мүмкіндіктерін ескермеген жағдайлар, бағалаудың қолжетімділік стратегиясын назарға алмаған кезеңдер және дескрипторлар құрастыруда өлшеуге болмайтын етістіктерді пайдалану секілді біраз кемшіліктерге орын бергенімізді зерттеу барысында анықтап, түзету жұмыстарын жүргіздік. Әр сабақта оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлері анық, шынайы, оқушыға түсінікті болса, сабақ барысында уәжі төмен оқушының өзі жұмыс жасауға ұмтылып, белсенді бола бастағанын байқадық. Себебі әр тапсырманың бағалау критерийі оқушы үшін түсінікті болды.

Оқушылар өздерінің оқуының қай деңгейде тұрғанын және оны қалай реттеуге болатынын түсіне бастады. Бағалау тек мұғалім тарапынан ғана емес, оқушылардың өзін өзі және өзара бағалауы критерийлерді басшылыққа ала отырып жүргізіле бастады. Сол сабақтар барысында оқушылар өздерін дұрыс бағалай алуға үйренді. Егер басында мұғалім қойған баға мен оқушының өзін өзі бағалауы көп жағдайда сай келмесе, ал қазіргі жағдайда оқушылар өздерін және басқа оқушыларды дұрыс бағалауға үйренді. Оқушылар бірін-бірі бағалау арқылы бір-бірінің күшті жақтары мен әлсіз тұстарын байқай алатын деңгейге жетті. Оқушылар «сабақтарда бір-бірімізді бағалау өте қызық, әрі қиын», «мен өз жұмысымды бағалағанда көп ойландым» деген секілді ойларын білдіре бастады. Бір-бірін бағалау кезінде неге сол бағаны қойғандығын түсіндіріп беруін сұрап, критерийге негіздейтін деңгейге жетті. Сабақты зерттеу циклінің нәтижесінде зерттелетін

оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығы артқанын атап өтуге болады: оқушылар белсенді бола бастады, бірінші циклды (сабақты) өткізгеннен кейін оқушылардың жаңа, ерекше нәрсені күтетіні анықталды. Шынайы жүргізілген бағалау өз нәтижесін берді, оқушылардың сыни ойлау дағдыларының дамуына әсер етіп қана қоймай, талдауға үйренді, коммуникативті дағдалары дамыды.

Сабақты зерттеудің бірінші циклінің нәтижелері өте әсерлі болмауы мүмкін, бірақ топ алға қойған негізгі мақсаттарға қол жеткізді. 9-сыныпта қазақ әдебиеті пәні бойынша білім сапасы артты. Оқушылардың оқуға ынтасы, пәнге деген қызығушылық артты, оқушылар тәуелсіз бола бастады, өз ойларын ашық айтты, өз іс-әрекеттеріне талдау жасай бастады және басқаларды бағалауға дағдыланды. Екінші жағынан, мектепте жаңа типтегі педагогикалық бірлестік пайда болды. Бағдарламаның жетінші модулі бірінші кезекте мұғалімнің көшбасшылығы туралы айтады. Мұғалім - ең алдымен, мектептің білім беру процесіндегі барлық өзгерістердің тасымалдаушысы. Бірақ мұғалім өзі жалғыз көп нәрсе істей алмайды. Сондықтан да бірлескен ортада жұмыс жасау өз тиімділігін көрсетті.

Оқушылардың оқуға ынтасын арттыруда Сабақты зерттеу тәсілінің тиімділігін ескере келе, төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Оқушылардың оқуын және өз тәжірибелерін жақсарту үшін мүдделес топ мүшелерінен тұратын фокус топтардың құрылуы;
2. Фокус топ мүшелерінің анықталған мәселенің шешімін табу барысында бірге ынтымақтаса жұмыс жасауы;
3. Күнделікті сабақ барысында С деңгейдегі оқушыларға ерекше назар аудару, қолдау көрсету;
4. Оқушылармен бірге оқу мақсатына сай бағалау критерийлерін талқылау, құрастыру;
5. Оқушылардың өз жетістіктерін бағалауға үнемі тартып отыру;
6. Бағалау критерийлерін құрастыруда оқушылардың мүмкіндіктеиін ескеру, бағалаудың қолжетімділік стратегияларын назарға алу.

Мұғалім оқушылардың одан әрі өсуі мен өзін өзі жүзеге асыруын ынталандырады, Сабақты зерттеу тәсілін қолдана отырып, оқу қабілетін дамытады, оқушылар жұмысты (тапсырманы) орындау қабілетіне емес, жаңа білім мен дағдыларға ие болады. Сабақты зерттеу тәсілі трансформацияның кілті болып табылады. Бірақ кәсіби шеберліктің өсуінің міндетті шарты, біздің не істеп жатқанымызды түсіну, талдау және ойлау екенін есте ұстаған жөн. Алайда, кез келген жағдайда тек өз тәжірибеңізден үйрену қиын және әрдайым тиімді бола бермейді. Міне, осындай мақсаттар үшін әріптестермен сабақты сындарлы талқылау өте пайдалы болуы мүмкін. Шағын топта жұмыс істей отырып, мұғалімдер бір-бірімен ынтымақтасады, оқу мақсаттарын бірлесіп талқылайды, оның іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін бақылау үшін Сабақты («зерттеу сабағы» деп аталады) жоспарлайды, содан кейін басқа мұғалімдер одан пайда көруі үшін нәтижелерді қайта қарап, есеп береді.

Бақылау барысында біз төмендегідей қорытындыға келдік:

- оқушының белсенділігі қоршаған ортаға, мұғалімнің қолдауына байланысты, оқушыларға жеке көзқарас, дұрыс ойластырылған және құрастырылған тапсырмалар, жұмыстың әр кезеңі және әр оқушы үшін оқу мақсаттарына сай бағалау критерийлерін анықтау қажет;

- инновациялық идеяларға негізделген оқытудың жаңа тәсілдерін, атап айтқанда, оқу процесіне оқытудың жеті модулін енгізуді пайдалана отырып, біз өз бетінше

шығармашылықпен ойлайтын тұлғаны дамытуға, оқушының «менін» жүзеге асыруға, оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуға, алған білімдерін өмірде қолдана алатындай және қоршаған әлемге оңай бейімделетіндей тұлға тәрбиелеу керек.

Осылайша, Сабақты зерттеуді оқушылардың оқуына назар аудару арқылы оқытуды дамыту және жетілдіру құралы ретінде қарастыруға болады. Қорыта келе айтарымыз, сапалы жүргізілген Сабақты зерттеу тәсілі мұғалімнің кәсіби шыңдалуына, ынтымақтасқан ортада жұмыс жасай алуына, ең бастысы, оқыту мен оқу сапасын арттыруда ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Дадли Пит. Lesson study: нұсқаулық. – 2011 // https://lessonstudy. co. uk/

2. Министерство образования и науки Республики Казахстан. Национальная академия образования им. И. Алтынсарина. «Lesson study» как способ совершенствования практики обучения. - Астана, 2014 ж.

3. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесінің әдіснамасы: Оқу-әдістемелік құралы / О. И. Можаева, А. С. Шилибекова, Д. Б. Зиеденова - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. - 38 б.

Оқылым стратегияларын қолдану арқылы білім алушылардың оқу дағдысын қалыптастыру

Абдикаримова Р.
Тараз қ., Б. Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы,
қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Қазіргі жаһандану дәуірінде қазақ тілін оқытудың басты мақсаты –тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары арқылы білім алушылардың алған білімін өмірде өзгелермен еркін қарым-қатынас жасап, пікір алмасып, өз көзқарасын жан-жақты да еркін білдіре алуына, өз ойын жүйелі де нақты дәлелдер арқылы жеткізе білуіне, кез келген ақпаратты тиімді қолдана алуына, түрлі ақпараттарды құр оқып қана қоймай, сараптай, талдай отырып оқуына, оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, түйінді ой мен сындарлы шешім ұсынуға жол ашу. Осы төрт дағдының ішінде ең маңыздысы – оқылым дағдысы. Себебі оқудың тиімді жолдарын меңгеріп оқи алатын, оқыған мәтініне талдау жасап, өзіне қажетті тұсын ажырата білетін бала, өз ой-пікірін еркін айта білумен қатар сауатты жазатын да болады. Сондықтан да халықаралық PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығы ұғымын білім алушылырдың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамының белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Қоғамның белсенді өміріне араласу үшін білім алушылардың оқу сауаттылығы жоғары деңгейде болуы және оқылым дағдысы дұрыс қалыптасуы өте маңызды. Оқылымның рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жататыны белгілі. Сондықтан да оқылым дағдысы жазба тілдегі мәтінді түсіну, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді көздейді. Ол үшін білім алушы мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде ұғына алуы қажет болып табылады» [3].

Барлық оқылым стратегияларын үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Мәтінге дейінгі кезеңде қолданылатын стратегиялар – дайындық кезеңі.
2. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде қолданылатын стратегиялар – жұмыс барысы кезеңі.
3. Мәтіннен кейінгі кезеңде қолданылатын стратегиялар – қорытындылау кезеңі.

Сондықтан да оқылым дағдысының әр мақсаты «шиыршық» принципі негізінде жеңілден күрделіге қарай ұсынылады. Мысалы, «Үлгілік оқу бағдарламасында» берілген 5-7-сыныптардағы оқылым стратегияларын қолдану мақсаттарына тоқталсақ:

Бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттары

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып
6. Оқылым стратегияларын қолдану	5. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу	6. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7. 2. 6. 1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу» [2]

Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, қазақ тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс жасау кезеңі мен мәтіннен кейінгі кезеңінде білім алушылардың оқылым стратегияларын қолдану дағдысын дұрыс қалыптастыратын болсақ, онда олардың білім сапасының артуына да мүмкіндігі мол болар еді. Әлемдік тәжірибеде оқу сауаттылығын (функционалдық сауаттылықты) бағалау технологиясы дүниежүзіндегі 60-тан астам елдің 15 жастағы оқушыларын алты деңгейде анықтайтыны белгілі. Оның ең жоғарғысы *бесінші* және *алтыншы* деңгей болып табылады. Жоғары деңгей бойынша әр білім алушы өз бетінше ойлау, талдау және өз болжамын ұсына білуі қажет. Сол үшін мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі кезеңде оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу дағдыларының қалыптасуы олардың таным деңгейлерін арттырады. Оқылымның стратегиялары: шолып оқу, болжап оқу, көз жүгіртіп оқу, зерттеп оқу, детальді түрде оқу, түсініп оқу, талдап оқу, астын сызып оқу немесе белгілеп оқу, комментарий жасап оқу, рөлге бөліп оқу» [4]. Өзімнің күнделікті тәжірибемде бұл оқу стратегиялары күрделі танымдық процесті қолдануды талап ететін оқу тапсырмаларын құрастыруға ықпал ететініне және жоғары деңгей дағдыларын қалыптастыратынына көзім жетті. Мысалы, күнделікті тәжірибеде қолданылып жүрген оқылым стратегияларын күрделі танымдық процеске қарай сәйкестендіре келсек:

Күрделі танымдық процесс	**Қолданылатын оқылым стратегиялары**	**Тапсырма түрі**	**Қалыптасатын дағды**
Тиісті мәтінді іздеу және таңдау	Зерттеп оқу	«Факті әлде көзқарас?» Мәтінді оқып шығып, келтірілген мысалдар факті әлде	Факті мен автор пікірін ажырата алады.

		автор көзқарасы екенін дәлелдеңіз.	
Мәтіндегі ақпаратты алып қолдану	Детальді түрде оқу	Қарамен берілген сөздердің синонимін немесе антонимін табыңыз. Бос орынға керекті сөзді қойыңыз.	Мәтіндегі жаңа немесе мағынасы түсініксіз сөздермен жұмыс жасай біледі.
Мәтіннің тура мағынасын өз сөзімен білдіру	Түсініп оқу	Мәтіннің әр бөлігіндегі негізгі ойды табыңыз.	Мәтіндегі немесе мәтін абзацтарындағы негізгі идеяларды табады.
Қорытынды ой түю, ақпараттың сенімділігі мен сапасын бағалау	Комментарий жасап оқу	Мәтіндегі нақты ақпаратқа қатысты пікіріңізді білдіріңіз.	Нақты ақпараттарды таба алады, сенімді ақпарат көздерінен алынғандығына көз жеткізе біледі.
Әр түрлі форма мен мазмұнды түсіну	Түсініп оқу	Берілген үзінділерді рет-ретімен орналастырыңыз.	Мәтінді қайта құрастыра алады.
Қарама-қайшылықтарды анықтап, олармен жұмыс жасау	Рөлге бөліп оқу	Мәтінді рөлге бөліп оқыңыз, өз көзқарасыңызды білдіре отырып нақты шешім ұсыныңыз.	Сыни тұрғыда ойлана алады, дұрыс шешім қабылдай біледі, өз көзқарасын аргументтеуді үйренеді.

Міне, осы кестеден аңғарғанымыздай, білім алушының жоғары деңгей дағдыларын қалыптастыруы үшін оны мәтінді сыни оқи білуге үйретуіміз керек. Сыни оқу дегеніміз – білім алушының ақпаратты толық және терең түсініп, қабылдай білуі. Ол мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі кезеңде білім алушының төмендегідей дағдылырды игергенінен аңғарылады:

1. мәтіннен қажетті ақпаратты толық ала білуі;
2. қарама-қайшы берілген ақпарат негізінде жеке шешім қабылдай алуы;
3. қарама-қайшы ақпаратты және оқырманның болжамдарына сәйкес келмейтін мәтінді түсінуі;
4. мәтіндегі ойдың астарын түсінуі және оқырмандық интуицияны пайдалануы;
5. академиялық білімге сүйеніп бейтаныс мәтінге түсінік беруі және түйіндеуі.

Білім алушы автордың ойын нақты және толық түсініп қана қоймай, өз тарапынан автордың ойын бағалай білуі керек. Сонда ғана олардың әрқайсысы мәтінмен жұмыс істей

білудің жоғары деңгейіне көтеріліп, оқылым стратегияларын қолдану дағдылары күннен-күнге жетіле бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». 2007, 27 шілде
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2022.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: сөздік-словарь. - Алматы: Print-S, 2005
4. Жайсанбаева А. Оқылым стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау дағдысын дамыту. - Білімді ел-2020
5. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2014.
6. Мәтбек Н. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары

Ахатова З.
Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Ағашорын ауылы,
«Ағашорын ЖОББМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мемлекетіміздің ұстанып отырған саясатына сай бірнеше тілді білудің өзектілігі артып келеді. Ол мемлекеттің ұстанып отырған тілдік жағдаят пен тілдік саясатына орай бірнеше себептерге байланысты. Басты себеп мемлекетіміздің көп ұлттылығымен байланысты. Республика бойынша алмай-ақ, Павлодар облысы бойынша қарастырсақ, бір ғана облыстан 113 ұлттың өкілі тұратынын әлеуметтік зерттеулер арқылы білдік. Сонымен бірге елімізде тұрақты жұмыс істеп жатқан шетелдіктердің саны жылдан-жылға артуда. Олардың көпшілігі Ресей, Украина сияқты ТМД елдерінен келгендер. Қазақстанда тұратын және түрлі мақсатпен келген өзге ұлттың өкілдері мемлекеттік тілді білуі керек. Сондықтан мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдірудің маңызы зор. Бұндай мәселе тек қазақ тілінің мамандарын ғана емес, дүние жүзі бойынша тіл мамандарын өзінің ана тілі болып табылмайтын өзге тілді қалай үйрету керек, тіл үйренуде қандай әдіс-тәсілдерді қолдану қажет деген сұрақтың толғандырары анық. Оған тілді оқыту әдіснамасы туралы түрлі тілдерде жазылған зерттеулер дәлел. Сондықтан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесі қоғамдағы өзекті мәселелер қатарынан табылады.

Ғылыми мақалада тілді оқыту әдістемесіне байланысты заманауи білім беру және ұтымды әдістер туралы тұжырымдар басшылыққа алынды. Зерттеудің әдістемелік негіздерін айқындау барысында баяндау, сараптау, озық тәжірибелерді жинақтау, жүйелеу әдістері қолданылды. Жұмыстың орындалу барысында өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулер қолданылды. Олардың қатарында психология және психолингвистика бойынша жазылған зерттеулермен бірге қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша Сарыбаев Ш., Оралбаева Н., Жақсылықова К., Оразбаева Ф., Жанпейісова Ж. және т. б. ғалымдардың еңбектері бар.

Қоғамда «қазақ тілін оқу орыс тілінде жүретін мектепте оқыту» және «өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту» деген қолданыстар бар. Сайып келгенде, екеуінің оқыту

методикасы тұрғысынан айырмашылығы жоқ деп санаймыз. Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ балалары да оқитыны белгілі, сонымен қатар өзге ұлт өкілдері де оқиды. Сонда оқитын көпшілік қазақ баласының өзге ұлт өкілдерінен айырмашылығы шамалы. Көбі өз тілдерін білмейді немесе нашар біледі. Сондықтан олар сыныпта бір 111 бағдарламамен оқиды. Республикадағы барлық мектептің тәжірибесіне, оқу үрдісіне үңілсек, соны байқаймыз. Бірақ ұлты қазақ болғаннан кейін салт-дәстүрлерін біледі, қазақы тұрмыстан, т. б. хабары болатыны сөзсіз. Бұл жағдайда деңгейлік оқыту көмекке келеді. Бірақ бұл да шартты. Өз тәжірибемізде байқағанымыз, кейбір басқа ұлттың өкілі қазақ тілін тез меңгеріп, қазақы өмір салтынан мол хабары барлары кезігіп отырады. Сондықтан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мен оқу орыс тілінде немесе басқа тілде жүретін мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін бірге алып қарастыра беруге болады дегенге толық негіз бар. Әдістеме тәжірибесі мен теориясына үңілгенде де осыны аңғардық.

Әдістеме ілімінің тарихын зерделеген ғалымдар қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту тарихын үш кезеңге бөледі. Олар: қазан төңкерісіне дейінгі, қазан төңкерісінен кейінгі және тәуелсіздік алғаннан кейінгі, яғнни қазіргі кезең. Қазан төңкерісіне дейін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың отаршылдық сипаты басым болды. Шындығында да, қайсыбір елді түбегейлі жаулау үшін жергілікті халықтың тілін білу керек. Онсыз халықты билеп-төстеу қиын болары анық. Сондықтан билеушілердің жергілікті тілді меңгеруі тиіс болды. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінің басқаша сипатта дами бастауы кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезең. 1920 жылы мамыр айында «Орыс тіліндегі мектептерде, оқу орындарында, мекемелерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту» деген жарлық шығады [1, 90]. Бұл кезеңде қазақ тілі қолданыс тілі бола бастайды. Бұның дәлелі кейбір іс қағаздарының қазақша жүргізілуі. Дәл осы жарлықты өзге ұлт өкіллерінің қазақ тілін үйренуіне жақсы ықпал етті десек қателеспейміз. Сонымен қатар сол кездегі Верный қазіргі Алматы қаласындағы қазақ және қырғыз тілі мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық курс ашылуының да әсері болды. Бұл ғана емес көпшілік оқу және жұмыс орындарында қазақ тілін үйрену мен үйрету жұмыстары кеңінен жүргізіле бастайды. Осы кезеңде кеңсе жұмыстарында істің қазақша жүргізілуі туралы С. Сейфуллинннің бірнеше мақаласы шығады. Одан кейінгі соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдер де өз зардабын тигізбей кетпеді. Педагог кадрлардың жаппай майданға кетуі мұғалімдердің тапшылығын тудырады. Елуінші жылдардағы қазақ тілінің мәселесін көтерген С. Аманжоловтың еңбегін айтуымызға болады.

Білім орыс тілінде берілетін мектептерде қазақ тілі VIII класқа дейін аптасына екі реттен оқытыла бастайды. Бағдарламада: «бұл пәнді оқытқанда, оқушылар қазақшаны түсініп, оқитын, тез жазатын, өздерінің ойындағысын қазақша еркін айта алатын болуы қамтамасыз етілуі тиіс» делінген. Сондай-ақ, бағдардамада: «Қазақ тілін мектепте оқытқандағы басты мақсат – Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың жас ұрпағын қазақ халқының тіл мен әдебиетін сыйлау ретінде; бауырмалдық, достық рухта тәрбиелеу» екендігі айтылған [2, 200].

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту жөнінде алғаш оқулық жазған Телжан Шонановтан басталған үрдіс өз жалғасын тапқан. Оның «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту» деп аталатын оқулығы орыс тілінде алғаш отызыншы жылдары шығып, кейіннен бірнеше рет баспа жүзін көрді [5, 18]. Қазақ тілін орыс топтарында оқыту тақырыбында өнімді еңбек етіп, қырқыншы жылы дәл осы тақырып бойынша ғылым кандидаты атағына алған Шамғали Сарыбаев [4, 56]. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесі туралы

айтқанда Сейіл Жиенбаевты алдымен ауызға аламыз. Осы тақырыпқа біраз еңбегін арнаған С. Жиенбаев қазақша тіл дамыту, сөйлеуге үйрету, оқу мен жазу жұмыстарының әдістемесін көрсетеді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың жаппай көтеріліп, жан-жақты дамығаны тәуелсіздік кезеңі. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, қолданыс аясы кеңіді. Қазақ тілі оқулықтары мен қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы зерттеулер жазылды. Олардың қатарында қазақ тілін үйрену курсының бағдарламасын жазған Н. Оралбаева орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы Н. Оралбаевамен авторлық бірлестікте жазған К. Жақсылықова, қазақ тілі оқулықтарын жазған Ш. Бектұров пен А. Бектұрова, Т. Аяповалар бар. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесінің басын осы авторлар бастап тұр. Одан беріде қаншама зерттеулер жазылды. Ол зерттеулерде өзге тілді аудиторияға қазақ тілін оқытудың әдістемесі 112 кешенді түрде зерттеледі. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту бойынша көптеген зерттеулер бар. Ол зерттеулерде қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне сөйлесім әрекеті арқылы оқытудың тиімділігі дәлелденеді [2, б. 102]. Бұл саладағы зерттеулер қатарында Ф. Оразбаева бастатқан әдіскер ғалымдардан бастап, С. Рахметова, Т. Әбдікерімова, Г. Уаисова, Ә. Жұмабаева, Қ. Молдабек, М. Ермекбаев Н. Құрманова, С. Қазыбаев және т. б. айтуымызға болады. Аталмыш ғалымдардың зерттеу еңбектерінде сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы оқыту өзекті мәселе ретінде қаралып, өзге тілді оқушылардың тілді меңгеруін дамыту әдістемесі көрсетіледі.

Бұл әдістің тиімділігін әдіскер ғалымдардың зерттеулері ғана емес, мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесі де көрсетіп жүр. Әдістемелік зерттеулерде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары ретінде:

1) әдеби тіл нормаларын меңгеру;

2) оқушылардың сөздік қорын және грамматикалық құрылымын байыту (сөздердің грамматикалық формалары мен әртүрлі синтаксистік конструкцияларды қолданудың семантикалық, экспрессивтік және стильдік мүмкіндіктері);

3) басқаларды түсінуге және сөйлеу әрекетінің өзіндік бағдарламасын құруға қажетті коммуникациялық дағдыларды меңгеру көрсетіледі.

Сөйлеуді дамытудың ең маңызды аспектісі - сөйлеу әрекетінің түрлерін үйрету. Олар: тыңдау мен сөйлеу, оқу және жазу. Әдіскер-ғалым Ф. Оразбаева бұларды тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым деп термин ретінде қалыптастырған [3, 158]. Қазіргі кезеңде қазақ тілі сабақтарында орындалатын тапсырмалар осы сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы болады. Сөйлесім әрекетінің түрлерімен кешенді түрде жұмыс істелуі керек. Бұлардың әрқайсысы өзінше маңызды. Тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары пәнаралық сипаттағы маңызды жалпы білім беру дағдылары болып табылады.

Есту – ауызша және дауысты жазбаша сөйлеудің дыбысталуын семантикалық қабылдау. Мақсатты тыңдау – өте қиын міндет. Лайман Стил «Тыңда, сен тыңдай алмайсың!» кітабының авторы, тыңдау қабілеті туралы жазады. Тыңдауға арналған арнайы жаттығулар сөйлеуді есту, сөйлеу есте сақтау қабілетін дамытуға, ауызша сөйлеудің қалыптасуына, атап айтқанда оның мәнерлілігіне, айтылу нормаларын меңгеруге жақсы әсер етеді. Қазақ тілі сабақтарында тиімді тыңдау 4 қабілетті қамтиды:

1) есту қабілеті;

2) ойлау қабілеті;

3) түсіндіру, өз сөзімен айта білу;

4) есте сақтау қабілеті.

Тыңдаудың өзінің бірнеше түрі бар.

Ғаламдық тыңдау мәтінді тұтастай қабылдауды, оның тақырыбы мен идеясын анықтауды қамтиды. Ол, мысалы, балалар мәтінді мақсатты түрде тыңдап, кейін оның тақырыбын, идеясын анықтағанда, мәтінге тақырып таңдағанда дамиды. Егжей-тегжейлі тыңдау сөйлеуші берген немесе тыңдаушы өзі белгілейтін параметрге байланысты мәтіннің маңызды семантикалық блоктарын білуді қамтиды. Егжей-тегжейлі қабылдау егжей-тегжейлі презентацияны жазуға дайындалады, ол бірнеше тапсырмаларды есте сақтау қажет болғанда қолданылады, содан кейін оларды көрсетілген реттілікпен аяқтайды. Сын тұрғысынан тыңдау жаһандық және егжей-тегжейлі негізделген, бірақ оған қоса, тыңдалған нәрсеге сыни тұрғыдан ойлауды талап етеді: өз пікірін білдіру, автордың позициясымен келіспеу немесе келіспеушілік, оның дәлелі, ойды білдіру және т. б. Бүгінгі күні өзге тілді аудиториядағы қазақ тілі сабағы сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне мұқият назар аударуды талап етеді. Жазылымның, айтылымының, оқылымның тапсырмаларын орындап, оларды тиімді меңгеруде алдымен тыңдай білуді үйрену қажеттігі айтылады.

Көптілді білім беруді жүзеге асыруда қоғамның саяси, әлеуметтік, этникалық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әр тілдің өзіндік орнын айқындап, табиғи тепе-теңдік сақтау аса маңызды. Себебі кез келген тіл – бұл адамның 113 өмірлік философиясын, оның құндылықтар жүйесін, мінез-құлқын, ойлау жүйесін қалыптастыратын мәдени код. Сонымен қатар, көптілді білім беруде тілдік мақсаттарды таңдау мемлекеттің тілдік саясатына байланысты және оған сәйкес болуы керек. Ол маңызды саяси шешім, мемлекеттің тілдік және мәдени саясаты оның болашағын айқындайды. Дүниеге келген бала көптілді болып тумайды, өмір мен қоғам қажеттілігіне, талабына байланысты үйренеді. Көптілді білім беруде мақсат тек үш тілді білу ғана емес, үш мәдени код дүниетанымын үйлестіре білу, яғни интермәдени құзыреттілікті қалыптастыру және көптілді құзыреттілік қалыптастыруды көздейтін барлық лингвистикалық білікті дамыту болып табылады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы зерттеулерді қарастырып, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихи үш кезеңіне шолу жасадық. Әр кезеңде осы саланың дамуына үлес қосқан зерттеулер мен пікірлерді жүйелеп көрсеттік. Қай кезеңдегі әдістемелік зерттеулерді алсақ та, барлығы да тіл үйретуде сөйлесім әрекетінің маңыздылығын даралайды. Тіл үйретудегі сөйлесім әрекетінің әдіснамасы көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне нысан болған. Әдіскер-ғалымдардың барлығы да сөйлесім әрекеті мен оның түрлерінің жеке тұлға мен қоғамды дамыту, жетілдіру жолындағы құндылығы мен маңыздылығын көрсетеді және оған үнемі ғылыми назар аударуды, одан әрі дамытуды көздейді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда сөйлесім әрекетінің түрлерін қолдану оң нәтиже беретіні, сөйлесім әрекетінің бірі тыңдалымның маңызына тоқталдық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. – Алматы, Мектеп, 2000 – 208 б.

2. Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курсының программасы. – Алматы, Мектеп, 1987. -75 б.

3. Қадашева Қ. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері. – Алматы, 2000 – 176 б.

4. Алдамбергенова Г. Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту: пед. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 2002.

5. Досмаханова Ә. А. Қазақ тілін мультимедиялық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі (гуманитарлық колледждердің орыстілді топтары үшін): педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферати. - Алматы, 2008 – 28 б.

6. Сарыбаев Ш. Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен. - Алматы, 1940 – 168 б.

Цифрлық технологиялардың қазақ тіліне әсері

Ахмаганбетова Г.
Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кенті №85 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Цифрлық технологиялар тілдің құрылымына үлкен ықпал жасап, оның лексикалық қоры мен грамматикалық құрылымына жаңа элементтер қосуда. Әлеуметтік желілер, мессенджерлер, компьютерлік бағдарламалар және интернет платформалар арқылы қарым-қатынас жасағанда сөздер қысқартылып, жеңілдетілген нұсқалары қолданылады. Мысалы, «хабарлама» сөзі «хаб» немесе ағылшын тілінен енген «like», «chat», «post» сияқты сөздер қысқартылып қолданылады. Бұлар бастапқыда бейтаныс болғанымен, кеңінен қолданылуына байланысты тілдің тұрақты бөлігіне айналды. Интернеттің пайда болуымен қазақ тілінде жаңа сөздер мен терминдер белсенді түрде қалыптаса бастады. «Жүктеу» (download), «сайт», «пошта» (email), «сілтеме» (link), «пайдаланушы» (user) сияқты ұғымдар қазақ тілінің күнделікті қолданысына енді. Осы сөздер жаңа технологиялық құралдарды түсіндіру және сипаттау үшін қажет болды және тілдің қазіргі заманғы қажеттіліктеріне бейімделіп, қазақ тілінің дамуын одан әрі жалғастыруда.

Жаңа сөздер мен терминдер тілге енген кезде оларды дұрыс бейімдеу және қоғамның оларды қабылдауы маңызды рөл атқарады. Кейбір ағылшын тілі терминдері қазақ тіліне аударылып бейімделсе, кейбірі сол қалпында қолданылады. Мысалы, «интернет», «браузер», «веб-сайт» сынды терминдер қазақ тілінде сол күйінде қабылданды, ал «желі», «құжат», «сілтеме» сияқты сөздер қазақша баламаларымен қолданыс тапты. Қоғамда мұндай терминдерді қабылдау әртүрлі болғанымен, олар тілдік қорды байытып, тілді қазіргі заманға бейімдеуде маңызды орын алады. Сонымен қатар цифрлық құралдардың қарқынды дамуы қазақ тілінде жаңа стильдік және грамматикалық ерекшеліктердің пайда болуына ықпал етуде. Мысалы, мессенджерлерде қарым-қатынас жасау кезінде жиі қолданылатын қысқартылған сөздер, қарым-қатынасты жылдамдатуға бағытталған. Бұл коммуникация формасы жастар мен жаңа буын арасында кеңінен таралғанымен, тілдің байлығын жоғалту қауіпін де тудыруы мүмкін. Сондықтан мұндай қысқартулардың тілдік құрылымға әсерін байыппен бақылап, тіл мәдениетін сақтаудың маңызы зор. Қоғамда мұндай терминдерді қабылдау әртүрлі болғанымен, олар тілдік қорды байытып, тілді қазіргі заманға бейімдеуде маңызды орын алады. Жаңа сөздердің бейімделуі қазақ тілінің икемділігін көрсетеді және осы процеске тіл мамандары, лингвистер, тіл саясаты бойынша жауапты мекемелер белсенді қатысуы қажет. Мысалы,

терминдердің дұрыс аударылуы мен қоғамда біртұтас қабылдануы үшін ғылыми негіздеме қажет.

Цифрлық медиа да қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен құрылымдардың қалыптасуына өз әсерін тигізуде. Әлеуметтік желілерде қолданылатын «сториз», «тренд», «хэштег» сияқты терминдер қазіргі уақытта күнделікті қолданысқа еніп, қазақ тілінің лексикасында өз орнын алуда. Олардың басым көпшілігі бейімделмей сол қалпында қабылданса да, кейбір сөздер сәтті аударылып, жаңа сөздік қордың байлығына қосылды. Бұл жаңа сөздер тек термин ретінде қалып қоймай, мәдени және ақпараттық кеңістікте де маңызды рөл атқарады. Әсіресе, блогтар мен әлеуметтік желілер қазақ тілінде жаңа коммуникациялық әдістердің дамуына ықпал етеді. Мысалы, жастар арасында кеңінен қолданылатын TikTok платформасында қазақ тілді контент жасайтындар көбейіп, бұл платформада жаңа сөздер мен қысқартулар пайда болуда.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы қазақ тілін байыта отырып, жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдар қалыптастыруда маңызды орын алады. Әлеуметтік желілер қазақ тілінің жаңа қолдану формаларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр. Әлеуметтік платформалар (Facebook, Instagram, TikTok және т. б.) арқылы қазақ тілінде жазылған посттар мен пікірлер күнделікті қарым-қатынастың ажырамас бөлігіне айналды. Мессенджерлердегі (WhatsApp, Telegram) жазбаларда қазақ тілі кеңінен қолданылады, бірақ сол ортада тілдің құрылымы бейресми, қысқа және жеңілдетілген формада қолданылады. Жазбаларда жиі қолданылатын бейресми стиль қазақ тіліндегі сөйлесу мәдениетіне жаңа реңк қосып, тілдің заманауи контексте қолданылуын жылдамдатады. Интернет платформалары қазақ тілінің бейресми қолданысындағы өзгерістерге айтарлықтай ықпал етті. Әлеуметтік желілердегі қарым-қатынаста ресми стиль сирек қолданылады. Бұл жерде қысқартулар мен жаргондар жиі кездеседі: мысалы, «кеттік» сөзі «к» деп қысқартылып, эмоцияны жеткізу үшін смайликтер немесе эмодзилер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінің ықпалы күшті болып, «лайк», «пост», «чат» сияқты сөздер күнделікті қолданымға енді. Бұл қазақ тілін жаңаша байытып қана қоймай, кейде шет тілдеріне тым бейімдеу арқылы тілдің ұлттық ерекшелігін өзгертуге әкелуі мүмкін.

Әлеуметтік желілер тілдік өзгерістердің жылдам таралуына үлкен әсер етеді. Бұл платформаларда тілдің бейресми нұсқалары кеңінен қолданылады және адамдардың тілдік нормаларды еркін бұзуға немесе жаңартуға бейімделуіне мүмкіндік береді. Жаңа сөздер мен фразалар осы ортада тез таралып, қолданушылар арасында жылдам қабылданып, кейінірек тілдің тұрақты элементтеріне айналады. Мысалы, жаңа сленгтер мен қысқартулар қоғам ішінде трендке айналып, кейін тілдік жүйеде орнығып қалуы мүмкін. Әлеуметтік желілердің арқасында қазақ тілі үнемі қозғалыста болып, уақыт талабына сәйкес өзгерістерге бейімделеді. Цифрлық медианың дамуы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтті. Блогтар және подкасттар қазақ тілінде ақпаратты таратудың жаңа тәсілдері болып табылады. Бұл платформаларда адамдар өз ойларын еркін жеткізе отырып, тілді заманауи контексте қолданады. Жаңалық порталдары да қазақ тілінде жаңалықтарды таратуда үлкен рөл атқарады. Осы медиа құралдары арқылы қазақ тіліндегі ақпаратқа қолжетімділік артып, тілдің қолданылу аясы кеңейе түсті. Подкасттар мен влогтарда күнделікті сөйлеу тілі, ал блогтар мен жаңалық порталдарында көбіне ресми, кәсіби тіл қолданылатыны байқалады. Бұл қазақ тілінің түрлі стильдерде дамуына мүмкіндік береді.

Цифрлық медиада қазақ тілінің қолданылуында тілдік нормаларды сақтау мәселесі өзекті. Көптеген блогтар мен подкасттарда бейресми стиль, қысқартулар, шетел тілдерінің

ықпалы жиі кездеседі. Кейбір медиа авторларының тілдік сауаттылығы төмен болуы мүмкін, бұл қазақ тілінің нормаларын бұзып, қате қолдануға әкеледі. Аудиторияның кеңеюіне байланысты тіл мәдениетін сақтау маңызды бола түсуде, бірақ сандық медиадағы контент көп жағдайда тілдің грамматикалық және лексикалық нормаларына сай келмей жатады. Бұл мәселені шешу үшін цифрлық медиада тілдік сауаттылықты арттыру бойынша шаралар қабылдануы керек. Цифрлық платформалар қазақ тілінің стандартизациясына әсер етіп, тілдің грамматикалық құрылымында жаңа тенденциялар қалыптастыруда. Тілдің бейресми қолданысы влогтар мен блогтарда кеңінен таралып, дәстүрлі грамматикалық ережелер жиі еленбей қалады. Қысқартулар, шет тілдерден енген сөздер және дыбыстарды ескермеу сияқты тілдік өзгерістер жиі кездеседі. Сонымен қатар, тілдің фонетикалық, орфографиялық және синтаксистік ережелерін өзгертуге де ықпал етеді. Осылайша, цифрлық медиада қазақ тілінің қолданысы мен дамуы жаңа кезеңге өтіп, оның дәстүрлі нормалары өзгерістерге ұшырайды.

Тілдің стандартизациясын сақтау үшін цифрлық медиадағы контент өндірушілерге тіл нормаларын сақтауға бағытталған оқыту шараларын күшейту маңызды. Тілдік ортаның осындай сан алуан контекстерде дамуы қазақ тілінің икемділігін көрсетеді, бірақ тілдің грамматикалық негізін сақтау қажеттілігі де арта түсуде. Цифрлық медианың кең таралуы және тілдік нормаларды сақтау мәселесі қазіргі қазақ тілінің дамуында күрделі және маңызды рөл атқарады. Тілдің икемділігі мен қолданыс аясының кеңеюі, әсіресе, әлеуметтік медиа мен интернет платформаларында байқалады. Алайда, бұл икемділік кейде тілдік нормаларға кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, әлеуметтік желілерде «қысқа әрі жылдам» коммуникация қажеттілігінен пайда болған қысқартулар мен бейресми сөз тіркестері қазақ тілінің бай құрылымын қарапайымдатып жіберуі мүмкін. Бұл мәселе көбінесе мессенджерлерде және әлеуметтік медиа жазбаларында кездеседі. Сонымен қатар, шет тілдерінен, әсіресе, ағылшын тілінен тікелей енген сөздер тілдік лексикаға кеңінен еніп, кейбір қазақ сөздерінің орнын басуы мүмкін. Мысалы, «чат», «пост», «сториз» сынды сөздер қазақ тілінде жиі қолданылады, және оларды қолданушылар тікелей қазақша баламаларын іздемей-ақ қолдана береді. Бұл құбылыс уақыт өте келе қазақ тілінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалту қаупін тудыруы мүмкін, себебі қазақ тілінің дәстүрлі нормаларының бұзылуы немесе шет тілдерінің ықпалымен әлсіреуі ықтимал.

Қазіргі уақытта тілдік білім беру саласында цифрлық сауаттылықтың рөлі ерекше. Цифрлық медиа арқылы қазақ тіліне жаңа лексикалық элементтер мен грамматикалық құрылымдар енуде, бірақ олардың қолданылуын мұқият бақылап, реттеу қажет. Бұл ретте тілдік нормаларды қадағалау мен сақтау бойынша оқыту шараларын енгізу тілдің стандарттарын қорғауға және оны болашақ ұрпаққа таза күйінде жеткізуге ықпал етеді. Цифрлық медианың қазақ тіліне ықпалы оң және теріс жақтарға ие. Бір жағынан, бұл платформа тілді дамытып, оның қолданылуын кеңейтуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, тілдің дәстүрлі нормаларына нұқсан келтіру қаупін тудырады. Сондықтан қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық негіздерін сақтау және оны цифрлық контексте дұрыс қолдану өте маңызды. Бұл тілдің заманауи медиада дамуына ықпал етіп, оның ұлттық ерекшелігін сақтауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологиялар қазақ тілінің дамуына айтарлықтай әсер етуде. Бір жағынан, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп, жаңа сөздер мен терминдер пайда болуда. Бұл қазақ тілін жаңартып, оның заманауи талаптарға бейімделуіне ықпал етеді. Екінші жағынан, цифрлық платформалардағы жеңілдетілген тіл қолданысы грамматикалық және лексикалық

нормалардың бұзылуына, дәстүрлі тіл мәдениетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Зерттеу барысында анықталған жаңа тілдік элементтер мен грамматикалық өзгерістер қазақ тілінің болашағы үшін маңызды мәселелерді алға тартады. Тілді қорғау және дамыту үшін цифрлық ортада сауатты тіл қолдану мәдениетін қалыптастыру, сонымен қатар жаңа сөздер мен терминдерді тіл нормаларына сай реттеп отыру қажеттілігі туындайды.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялардың қазақ тіліне әсерін тиімді пайдалану үшін білім беру жүйесінде және цифрлық платформаларда қазақ тілінің дұрыс қолданылуын қадағалап, тілдік мәдениетті насихаттау маңызды. Тілдің дамуында оның жаңашылдықтармен қатар дәстүрлі нормаларын сақтап қалу – қазақ тілінің тұрақты әрі сапалы дамуына жол ашады.

Әдіскер ғалым Т. Жұмажановаңың зерттеулеріндегі қазақ әдебиетін оқыту әдістері

Байкожаева У.
Алматы қ., Жетісу ауданы, №57 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Егеменді елдің болашағы жас буынға білім беруші, мемлекет пен қоғамның алдында үлкен жауапкершілік жүгін арқалаған жан. Осы күнде мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынастың жаңаша түрлері қалыптасып, ізденістер жандану үстінде. Оқушылардың шығармашылығын шыңдауда әдебиет пәнінің маңызы басым, мүмкіндігі мол. Оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастың тұрақты болуы сапалы нәтижелерге қол жеткізеді.

Ең әуелі оқушылар көркем туындыны жүйелі әрі толық оқуды өзінің әдетіне айналдырса, әдеби жұмыстарды жүргізуге деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі. Жан-жақты шығармашыл тұлғаны қалыптастыру – бүгінгі оқу үдерісіндегі ең негізгі талаптардың бірі болып саналады. Бұл іс-әрекет оқушылардың танымдық жеке ізденістерін ұтымды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға сай, өмір сүруге дайын, өзін дамытуға, өзінше шешім қабылдай алатын қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыру барысында әдебиет пәні ерекшелене түседі.

Әдебиет пәні осы күнгі қоғамдық және әлеуметтік сұранымның талаптарын іске асыруға сай маңызды күшке айналып отырған соң, бұл пәнді нәтижелі, сапалы оқытудың жолдары ізделе, зерттеле бастады. Әдебиет пәнін оқытудың сапасын арттырудың жаңаша әдістемелік жолдары шетелдік және отандық ғалым әдіскерлердің зерттеу еңбектерде сарапталып, нақтыланған жаңаша бағыттарменен толықтыруда.

Осылайша, оқыту процесі жаңаша педагогикалық парадигманы басшылыққа негіздеп отырып ұйымдастыратын әдеби білім беру жүйесін дамыту нәтижесінде іске асады. Әдеби туындыларды оқыту барысында білім берудің мазмұнын саралауға байланысты жаңаша тұжырымдамаларды дайындалынып, әдістемелік кешендер мен құжаттармен толықтырылу үстінде. Осы күнге дейінгі озық тәжірибелерді басты назарға ала отырып, дүниежүзілік білім беру саласында жаңаша идеяларды ұтымды қолданудың жолдары қаралуда.

Әдебиеттік білім берудің күтілетін нәтижелерін белгіленген мақсатқа сай анықтайды. Әдеби білім беру жас ұрпақты адамзатының сан ғасырдан бері жинаған мұрасы ұлттың өзіне тән құндылықтарымызды құрметтеп, бағалап, тереңінен ұғынып, саралай талдау алуға қарай бағыттайды:

- ең бастысы – өзінің туған елі, отаны қазақстанның патриоты болу, азаматтық белсенді қабілетін таныту.

- әдебиет пәнінің оқытудың теориялық деңгейін, сапасын арттыру, осы күнгі өмір талабына сәйкестендіру.

- ой мен сезім ойды қоса отырып, танымдық, оқырмандық, эстетикалық талғамын қалыптастыру.

- оқушылардың өзіндік шығармашылық іс-әрекетіне бағыттаудың жолдарын қарастыру.

- әдеби бай мұрамызды және ол шығармаларда бейнеленген, сөз етілген құбылыстарды оқушылардың эстетика тұрғысынан қабылдай алуын қажетті білік пен біліммен қамтамасыздандыру;

- көркем туындыларды толықтай меңгеріп, оқуына жол ашып, әдеби білімін жан-жақты, жүйелі әрі мақсатты болуын түсіндіру;

- бүгінгі таңда көркем шығармаларды саналы түрде, өз қалауымен оқуға деген ынтаның төмендеуі әдіскер ұстаздарменен, әдіскер ғалымдарды және де ата-аналарды қатты толғандыруда. көркем әдебиетті өнердің табиғатына қарай оқи білу, оның идеялық және эстетикалық мән-мағынасын ереңнен ұғынып, жүрегімен тебірене қабылдауына мол мүкіндік жасау; сөз өнерінің ерекшелігі мен артықшылығын танып-білуге, өз көзқарасымен зерделеуіне негіз бола алатын, икем және білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Келешекте әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің алдында оқушының жүрегінен әдебиет пәнінің жол табуы, оның санасына заманның келбетін, өмірдің тршілік тынысы мен тылсымын жеткізу, халқымыздың бай әрі көркем тарихы тереңдегі әдебиеті мен мәдениетіне деген ерекше ынтасын ашу жұмыстары тұр.

Осы бай мұрамыздың ұлт болашағы үшін маңызы зор екендігін де ұғындыруы керек. Атап айтар болсақ, өнер туындысының айрықша қуатының бағасын біліп, танымдық әрі тәрбиелік мәніне ой жүгірте зерделей білуі керек.

Әдебиеттің осындай білім мен тәрбиені қатар беретінін терең ұғынуда мұғалімдер қауымы көп ізденіп, ұтымды әдістер мен тәсілдерді қолданып, заманның талабына сай келетін жүйемен оқытуы керек. Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі – қазақ әдебиетінің барлық саласын тереңінен үйретудің әдіс-тәсілдері мен мазмұны жайында педагогика ғылымының арнайы саласы. Оның ең басты компоненттері: оқытудың мазмұны, мақсат-міндеттері, әдіс-тәсілі, т. б. жатады. Сонымен қатар, әдістеме әдебиет пәнін қалай оқыту мәлелелерін қарастырады [1. 55].

Оқытушының әдебиет пәнін оқытуы, оқушының әдебиетті түсіне оқи алуы, оқыту үдерісінің мазмұны, мақсаты мен міндеті, әдеби білім беру мен оны тереңінен меңгеруіне басшылық жасау, бақылау, білім алушылардың оқу әрекеті, оқытудың нәтижелері сабақтаса келе жүзеге асады. Студенттердің көкірек көзін ашуда, адам баласының рухани бай дүниесіне ұзақ уақыт бойы қызмет жасап келетін әдебиеттің атөаратын міндетінің қай кезде болмасын салмағы жоғары екенін көрсетеді. Әдістемені оқу барысында үнемі үздіксіз даму үстінде болады. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі жас буынның рухани әлемінің жан-жақты дамып, білім, тәрбие берудің кешенді міндетін іске асыруына қызмет етеді. Әдеби білім берудегі басты мақсат жеке тұлғаны қалыптастыру болса, тұлғаның сан салада дамуы оның іс-әрекеті кезінде жиналған білімі мен тәжірибесіне байланысты болады.

Оқушы мен мұғалім арасындағы оқу процесі сан түрлі жолдармен, өте күрделі түрде қалыптасып дамиды. Мұғалім өзінің пәнін өте жетік меңгерген болса да, оқушылардың көркем туындыға деген оқырман ретіндегі қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін жоғары деңгейге дейін көтере алмаса, анау айтқандай табысқа қол жеткізе алмайды.

Осылайша, «Әдебиеетті оқыту әдістемесін не мақсатта оқытамын? Қалай және нені оқытамын? – осындай сұрақтар үнемі басты назарда болғаны дұрыс.

Әдебиет пәні ұстазының терең білім мен әдістемелік және педагогикалық шеберлікті жете меңгеріп, көркем шығармаларды ерекше ынтамен оқыта алуы – осы заманның басты талабы. Демек, осы талаптарды жүйелі түрде іске асыруда әдебиет пәнінің мұғалімінің негізгі бағыты – әдебиет әдістемесі. Қандай да бір көркем шығарманың жетістігі – шығарма тілі мен дініне ерекше мән беріп қарауында. Сол халықтың ұлт ретіндегі бейнесі оның келешегінде деп қарауымен бағаланады. Өзіндік, жеке стилі қалыптасқан және сонысымен де өз туындыларының көркемдік бағасын айқындап, төл әдебиеттің дамуына, өркендеуіне үлес қосу әрбір қалам иесінің басты мақсаты екендігін жете ұғына отырып, көркем туындыларда көтерілетін тарихи-әлеуметтік және тарихи мәселелерді терең түсіндіре отырып, оқыту мұғалімнің әдісі мен тәсіліне, шеберлігіне қатысты жүзеге асырылады.

Оқыту үрдісінің басты принциптері мен басты мақсат-міндеттерін белгілеп көрсетіп беретін де – әдістеме ілімі. Әдебиет пәнінің мұғалімдері жұмысының мақсат-міндеті мен мазмұны орта мектеп бағдарламасына арналған.

Оқу бағдарламасының түсінік хатынан бастап, оқытушыларымыз әдебиет пәнінің оқу міндеттері, бағдарламаның құрылысы мен әдістемелік нұсқауларды (оқушының білімін бағалау), негізгі білім мазмұнын (әр сыныпқа арналып жасалған), әдебиет пәніне байланысты жасалатын сыныптан тыс жұмыстардың түрлері мен сыныптан тыс оқу жұмыстарымен танысады. Шығармашылыққа байланысты жұмыс атқаратын мұғалім бағдарлама бойынша ұсынылып отырған әдеби туындылардың орналасу реті мен берілген сағат санына қатысты сәйкестігі, мәтіннің ауырлығы не жеңілдігі, жазбаша және ауызша тіл дамыту жұмыстарының түрлері, әдеби қалыптасқан теориялық білімнің бір жүйелілігі, т. б. мәселелер бойынша жан-жақты ізденіске түсе отырып, әдістемелік-ғылыми қорытынды жасай алады.

Әдебиеттің өзіне тән айырмашылығын талдап, саралай келе, әрбір сабақ тақырыбын білім алушыларға асқан шеберлікпен танытудың жаңа әрі ұтымды жолдарын іздестіре отырып, түрлендіреді. Жас буынның ұлтымыздың салты мен дәстүрін жетік біліп, білімді, саналы, тәрбиелі болып дамуының кілті ана тілімізге қатысты болғаннан соң, оны оқушының бойына сіңіретін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі екендігін де ескергеніміз дұрыс болар.

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің міндеттері мен негізгі факторлары. Осы күні еліміздің тәуелсіздігінің арқасында дүниежүзілік деңгецде танылып келе жатқан қазақ халқының рухани-әдеби мол қазынасын ғылыми көзқараспен пайымдау және бағалаудың жаңаша арналары айқындалып келеді. Әдебиет пәнінің тәрбиелік күш-қуаты жас буынның жан-жақты өмірдің талаптарына сай ой-санасының даму, рухани тұлға болып қалыптасуына өзәндәу ықпалымен ерекшелінеді.

Сонымен қатар, әдебиет пәнін оқытудың басты факторлары оқу процесінде кешенді түрде, белгілі бір жүйеге сай жүзеге асады.

1. Әдебиетті оқытудың негізгі факторлары

- Ең әуелі, ҚР білім туралы заңына, қоғам мен мемлекеттің белгіленген мақсаттарына сай анықталады.

- Бағдарлама мен стандартта бекітіліп, олардың негізінде берілген әдеби білімнің құрылымы мен мазмұны түзіледі.

- Әдебиет пәнін оқытуда қалыптасып кеткен дәстүрлі оқыту іс-әрекеттерін ғана негізгі нысанаға алмай, жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану жүзеге асырылады [2. 62].

- Білім алушылардың білімді меңгеру мүмкіндіктері мен танымдық деңгейлері назарға алынады.

- Оқыту процесі нәтижеге бағытталған білімнің моделімен анықталады.

1. Осы кезеңде әдебиеттік білім берудің мақсаты саясат, экономика, саясат және т. б. дүниеде болып жатқан әртүрлі өзгерістерге қарай бейімдеп, толықтырылып келеді.

- Өзінің бағыты мен бағдарын айқындай келе, өзін жетілдіре және дамыта алатын, ой-санасын арттыратын, өз қалауынша, еркімен білім алатын, өзгеріске толы өмір жағдайға бейімделе алатын, қоғамның белсенді тұлғасын қалыптастыру.

- Әдеби білім барысында түрлі өмірлік құбылыстар мен оқиғаларды ой таразысынан саралай алатын шығармашылық талантын ояту.

- Қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларын туған халқының өз мәдениеті деп асқан ұлтжандылықпен меңгеру.

- Көркем туындыны оқып, талдаудың басты түрлерін ажырата білу.

- Әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін жете ұғынып, саралап, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарымызға құрметпен қарайтын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

- Эстетикалық талғамы биік, өзінше ойы мен пікірі дамыған, ұлттық дүниетанымы толыққан, шығармашылық қабілеті мол мәдениетті оқырман қауымды даярлау.

- Қазіргі қоғамға кірігіп кеткен оны дамытуға әрекет ететін дара тұлғаны дамыту.

- Әдеби білім менен әдіс-тәсілдерді терең меңгерген, жаңаша ақпараттық мәліметтерді өзіндік пікіріне қарай сын көзімен жетік бағалап, талдау дағдысын қалыптастыру.

- Әдеби туындыларды оқытудың мазмұнын тәуелсіз еліміздің осы күнгі әлеуметтік-қоғамдық сұранысына сәйкес үйлесімділікпен дамыту.

- Көркем туынды үлгілерін саналы әрі сапалы тәрбиенің негізі ретінде үйретудің жолдарын қарастыру, дүниежүзілік білім беру кеңістігінде жаңаша бағдарға лайықты оқыту.

- Жас буынды интеллектуалдық, рухани тұрғыда тәрбиелеу, төл тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, өнерін қастерлеуге, бағалауға баулу, әлемдік өркениеттің жетістіктеріне ұмтылдыру [3. 46]. Қазақ әдебиеті әдістемесінде Т. Жұмажановаңың сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Әдіскер-ғалымның еңбектері әдебиетші әдіскерлердің негізгі еңбек құралы.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. - Алматы, 1997.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, 1997.
3. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми - әдістемелік негіздері. - Алматы, 1995.
4.

Драмалық шығармаларды оқытудағы сабақ түрлері мен типтері

Абуталипова Б.
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің «Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда мектепте драмалық жанрды оқыту мәселесін шешу үшін ең алдымен оның теориялық, жалпы педагогикалық және әдістемелік негіздерін педагогикалық технология талаптарына сай жүйелеу қажет. Осыған орай, ең алдымен драмалық шығармаларды оқытудың дидактикалық және әдістемелік мақсаттарын анықтау қажет. Драмалық шығармаларды оқытудың дидактикалық негіздерін анықтағанда білімнің

мазмұнын, көлемін, тәрбиелік мәнін, оқытудың әдіс-тәсілдерін ғылыми тұрғыдан нақтылау мақсаты қойылады. Драмалық шығармаларды оқытуды әлемдік дидактиканың заңдылықтары мен үдерістері бойынша тәжірибе алмасу, отандық білім берудің жетістіктерін зерделеу арқылы тұжырымдап, тәжірибеге енгізу қажет. Қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың негізгі дидактикалық принциптерін анықтауда жалпы педагогикалық принциптер мен жүйелілік идеясын басшылыққа алады деп күтілуде. Жалпы драмалық шығармаларды оқытуда мынадай педагогикалық принциптер жүйеленеді:

- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудағы ғылыми көзқарас;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың жүйелі принципі;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудағы студенттердің сана-сезімі мен белсенділігінің жағдайы;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың пәнаралық байланысының ұстанымы;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудағы айқындық принципі;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың жаңашылдығы позиция;
- қазіргі қазақ драматургиясын оқытудағы тәрбиелік көзқарас.

Мұндай жалпы дидактикалық ұстанымдар мектепте қазіргі қазақ драматургиясын оқыту үрдісінде іргелі болып танылады. Оқытуда әдеби білім беруде оқытудың жалпы дидактикалық принциптерімен қатар драмалық шығармалардың жеке дидактикалық принциптері айқындалып, басшылыққа алынуы керек:

- патриоттық идеяларды таныту бағытында драмалық шығармаларды оқыту ұстанымы;
- ұлттық әдебиет негізіндегі драмалық шығармаларды оқыту ұстанымы;
- драмалық шығармаларды қазақ сахна өнерімен және әлемдік театр, кино және өнердің басқа түрлерімен ұштастыру арқылы оқыту принципі;
- ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік-эстетикалық құндылықтар бағытында драмалық шығармаларды оқыту ұстанымы;
- драматург шығармашылығындағы дәстүрлілік пен жаңашылдықты меңгеру бағытында драмалық шығарманы оқыту ұстанымы;
- педагогикалық оқыту технологияларын пайдалана отырып, драмалық шығармаларды оқытудағы жағдай.

Бұл принциптер драмалық шығарманы оқытуда жетекші, яғни нормативті қызмет атқарады. Драмалық шығармаларды оқытудың принциптері жалпы заңдылықтар болғандықтан, тәрбие процесінде мұғалімге ақыл-кеңес, нұсқау бермейді, бұл принциптер педагогикалық іс-әрекеттердің бірлігінің негізін қалады және олардың орындалуын талап етеді. Қазіргі қазақ драматургиясының тәрбиелік принциптерін білу және оларды оқу-тәрбие үрдісінің жетекшілігімен жүзеге асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ең алдымен педагогикалық біліктілікті анықтауда ескеріледі. Драмалық шығармаларды оқытудың дидактикалық принциптері тәрбие жұмысының құқықтық жүйесін көрсетеді және қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың табысты болуының қажетті шарты болып табылады. Қазіргі қазақ драматургиясын оқытудың жағдайлары бір-бірімен тығыз байланысты, олар тәрбиелеу, тәрбиелеу, оқыту әдістерін жүйелеу үшін жасалған.

Сабақтың негізгі техникасы мен әдістемелік формалары лекция мен әңгімелесу болды. Уақыт өте драматургия сабағында әдіс-тәсілдердің, басқа да тәрбиелік шаралардың

аясы кеңейіп, мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, мәтінмен өзіндік жұмыс маңызды орын алды. Сондықтан заман талабына сай жаңашыл ұстаз өз сабағының мақсатына жетуді қалайды. Әсіресе, драмалық шығармаларды оқытуда оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, әсемдікке деген көзқарасын дамыту әр сабақтың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Оған әрине театр өнері көмектеседі. Театр – қазіргі заманда әлеуметтік желілермен байланысты мектеп оқушысының эстетикалық қасиеттерін дамытудың негізгі және басым бағыттарының бірі. Жасыратыны жоқ, мектеп оқушыларының әлемге деген эстетикалық сезімін дамыту проблемаға айналып отыр. Бұл қазіргі қоғамдағы жеке руханияттың жетіспеушілігі, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды түсінудің өзгеруі, жалпы мәдени дамудың төмендігі сияқты бірқатар мәселелердің туындауымен байланысты. Демек, эстетикалық тәрбие бұл мағынада оқушылардың рухани, эмоционалдық, адамгершілік, көркемдік дамуының маңызды факторы екені сөзсіз. Бұл жастар арасында шындыққа, әлемге, адамдарға эстетикалық көзқарастың қалыптасуына әкеледі. Бұл балалардың жеке басының шығармашылық дамуын, сезімдері мен сезімдерін, өнер мен әдебиетті эстетикалық қабылдауын қалыптастыруда да өте маңызды.

Ең көп ұсынылатын сабақ түрі – әңгімелесу. Әңгімелесу формасы әр түрлі көркем шығармалардың авторларын тануға, ғылыми-сыни мақалалармен танысуға, түрлі диалогтар ұйымдастыруға үлкен мүмкіндіктер ашады. Әңгімелесу педагогикалық диалог ретінде әсер алмасуды, талдау нәтижелерін бірлесіп талқылауды, ойынды көркем жазуға талпынуды қамтиды. Сондай-ақ дайындықсыз дауыстап оқу элементтері драмалық шығармаларды меңгеруге бағытталған. Мысалы, оқушылар фронтальды, жеке, топтық, топаралық, аралас формада оқып, пікір алмаса алады. Әңгімелесу дәстүрлі емес әдістемелік формалардың элементтерін қамтуы мүмкін. Сондықтан бұл форманы интеграцияланған деп атауға болады.

Спектакльдер мен композиция сабақтары да драматургияны аяқтауға арналған тиімді сабақ түрлері болып табылады. Бұл ретте пьеса тіліндегі көрнекі құралдарды, автор жазба жұмыстары арқылы рұқсат еткен арнайы қолданыстарды іріктеп, іздеп, талдау қажет. Атап айтқанда, мақал-мәтелдердің, метафоралардың, мақал-мәтелдердің драматургияда қалай қолданылатынын және олардың автордың негізгі идеясын ашуға қалай қызмет ететінін көрсету, сонымен қатар оқушылардың өз ойын жеткізуде қолдана білу қабілетін дамыту қажет. Жазбаша жұмыстың тағы бір мақсаты – оқушылардың сөйлеуін дамыту. Яғни, оқушының сөздік қорын байытатын жазба жұмыстарын көбірек берген дұрыс (эссе, шығарма, сипаттама хат, ой толғау, т.б.). Яғни, оқушылар драмалық шығармаларда қолданылатын ауызекі сөйлеу тілінің байлығын жазба шығармалар арқылы талдауы қажет.

Проблемалық оқыту және сыни тұрғыдан ойлау тұрғысынан драмалық шығарманы талдау кезінде қойылған міндетке тікелей байланысты мақсатты нақтылау, мақсатқа жету, драмалық шығарма мәтінінен қажетті материалдарды табу, шешімін табу. Берілген мәселе, мәтіннен сұрақ, белгілі бір абзац және олардың байланысы, болжам жасауыңызды нақтылау үшін не айтатыныңызды жоспарлау, сол жоспар бойынша өз ойын жазу, оны басқалармен салыстыру сияқты сыни тапсырмалар тізбегі берілуі керек. фактілер мен пікірлер, белгілі бір мәселені шешу үшін ұсынылған белгілі бір көзқарасты дәлелдеу және жауапқа келу.

Сабақты түрлендіру кезінде мизансценалық көрініс те ескеріледі. Режиссер Әубәкір Рахимов мизансценаға мынадай анықтама береді: «Батырлардың дауы, жүріс-тұрысы,

эмоциясы – бәрі де игі мақсатта жасалуы керек. Мизансцена – ойсыз қозғалыс емес, спектакльдің жанрлық ерекшеліктерін көрсететін символдық әрекет. Директордың қолы мен үні. Мизансцена пластикалық тұрғыдан айтылмаған немесе айтылмауы керек эпизодтың, көріністің немесе әрекеттің астарын көрсетуді мақсат етеді. Мизансцена – кейіпкердің ойын, сезімін көрсету. Сахналық әрекеттің ең маңызды мағынасын анық жеткізе білу. Мұның бәрі директордың шешімі қажеттілігінен басталады» [1]. Оқушылар осы ерекшелікті талдай отырып, мизансцена ұғымын бірге қарастырады.

Драмалық шығармаларды оқытуда мақсатқа жетудің жолы – жаттығулар жүйесін құру. Драмалық шығармаларды оқытуда әдеби ойындар ерекше орын алады. Мысалы, Д.Исабековтың «Әпке» драмасындағы Тимур, Нәзила, Света, Қама сынды жастар шағын ойлар мен очерктер жазады, адам, қоғам, қазіргі адамдар туралы ойларын проза тіліне аударады; сұхбаттар, сауалнамалар және т.б. жұмыста көтерілген проблемалық мәселелер бойынша. Шығармалар оқушыларды шығармашылыққа жетелейді. Қ.Мырзағалиевтің «Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту» еңбегінде драмалық шығармаларды оқыту сеніп тапсырылған Ә.Әбішевтің «Достық пен махаббат» драмасын талдау мысалында келтірілген. бағдарлама. сол мерзім беріледі. Шығарма мазмұны бойынша орындалатын жұмыс түрлері: әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту, мұғалімнің оқуы, оқушылардың рөлдік ойындары, кейіпкерлер арасындағы негізгі тартысты (конфликтті) түсіну, басты кейіпкерлерге мінездеме беру, шығарманың композициясын білу. жұмыс. драматургия, оқиға желісі. Ғалым драманың мазмұнын меңгеруде кейіпкерлерді алдын ала елестету керектігін айта келе, пьесаның сюжеттік желісін, оның дамуын сурет арқылы әсерлі беруге болатынын көрсетеді. [2, 76].

С.Дүкенбаевтың «Драмалық шығарманы оқыту» атты шағын әдістемелік құралында автор алғаш рет драматургия мазмұнын оқытуға көңіл бөледі. Драмалық шығарманың мазмұны рөлдерге бөлініп, оқушы жеке көріністерді тауып оқиды. Әдіскер драматургия мен оқиға желісінің идеялық-көркемдік құндылығы пьесаны сабақта толық оқығанда ашылатынын, әдеби талдауға қолайлы екенін айтады [2, 6]. Әдіскер-ғалым С.Тілешованың «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде Д.Исабековтың «Әпке» драмасын оқытудың мынадай жолдары көрсетілген: драманың мазмұнын оқу арқылы мұғалім проблемалық ситуация туғызады, назар аударады. пьесаның астарында жатқан мәселені тауып, оқушыны шығармашылық ізденіске баулу. Ғалым «Әпке» немесе «Бүгінгі күннің шындығы кімнің тағдыры арқылы көрінді» деп аталатын пьеса неліктен көрінді?» деген проблемалық сұрақ қойды. Оны сұрақ қою арқылы оқушыларға жетелеу арқылы шешуді ұсынады. Драмалық шығарманы оқыту оқушының әдеби талдауын жетілдіруге, оқу мәдениетін дамытуға, театр көрермендерін дайындауға әкеледі деген автордың идеясы зерттеу жұмысымыздың өзектілігін түсіндіреді. Әдістемелік құрал – әдеби драматургияны оқытудың өзіндік ерекшелігін айқындап, әдеби талдау үлгісін көрсеткен құнды еңбек [3, 86].

Демек, автор қашанда өз заманына, қазіргі өміріне сай тақырыптарды іздейді. Драманың бұл ерекшелігі шындықтың өзекті сұрақтарына жауап іздеуді таңдауды алдын ала анықтайтын мазмұнның өзектілігі мен өзектілігі болып табылады. Зерттеушілер атап өткендей, автордың ұстанымын түсінудің қиындығы, әр кейіпкердің сөзі мен іс-әрекетінің астарында не жатқанын сезінуге ұмтылу, мәтін арқылы өз пікірін дәлелдеу, оны жан-тәнімен қабылдау – осының бәрі А. драманың көркем мәтінін жан-жақты талдау және әдебиет сабағында тәрбиелік іс-шаралар белсендіру мәселесін анықтайды.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Дүкенбаев С. Драмалық шығармаларды оқыту. Әдістемелік нұсқау. - Алматы, 1987.
2. Бораш Р. Драматургиялық шығармаларды оқыту. - Алматы: Кие, 2009. - 120 б.
3. Нұрмұқанов Х. М.Әуезов драмалық шығармаларының эмоционалды-экспрессивті лексикасы. - Алматы, 1969. - 301 б.

Жаңартылған білім мазмұны негізінде ағылшын тілі сабақтарында пәнаралық байланысты ұйымдастыру негіздері

Баймбетова Г. , Мойлауова Д.
Ә. Молдағұлова атындағы №28 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері

Кез келген қоғам дамуының бәсекелестік көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенетіні белгілі. Осы орайда, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары білім беру жүйесінде де бірқатар өзгерістер орын алып, реформалар жүзеге асырылуда. Осының бір көрінісі 2016-2017 оқу жылынан бастап Қазақстандағы барлық мектептерде Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі негізінде жаңартылған білім мазмұны бірінші сыныптарға енгізілуі болып табылады. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген болатын. Ал, биылғы жылы Қазақстанда білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталған стратегиялық құжаттардың барлығында ел ертеңіне саналатын бүгінгі оқушыларға бәсекеге қабілетті білім беру мақсаты көзделіп отыр.

Жаңартылған білім беру мазмұнының дәстүрлі білім мазмұнынан төмендегідей ерекшеліктері бар: пән мазмұнының спиральді қағидат бойынша, яғни пән мазмұнының қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға қарай берілуі; Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; бір білім беру аясында және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі; оқу үдерісін ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; білім беру деңгейлері аралығында пәндік сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Яғни, жаңа жүйе оқушылардың оқу дағдыларын (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау дағдыларын (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ең бастысы, оқушы мен мұғалімді белгілі

бір шеңберге қоятын бағалау жүйесі жоқ. Сонымен, білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде жүзеге асырылып жатқан барлық іс-шаралар кешені тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталуда.

Жаңаша жүйеге құрылған оқытуда ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» айтқандай, тек шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Әрине, бұл тұрғыда пәнаралық байланыстың маңызы арта түседі. Демек, қазіргі дидактикалық қағидаттар мен ұстанымдар – білім мазмұнының негізі болып табылатындықтан, оқу мен тәрбие үдерістеріндегі пәнаралық байланыстар айрықша мән иеленеді.

Педагогика ғылымында сүбелі еңбектер жазған алаш арыстарының бірі Ж. Аймауытұлы XX ғасырдың бас кезінде-ақ, кешенді оқыту мәселесіне мән беріп, төмендегідей ой-тұжырымдарын мұғалімдер қауымына ұсынған болатын:

1) Пәлен күнге бір тақырып алынсын, одан артық та, кем болмасын.

2) Материал тізгенде, тұрмыс пен ғылым айқасып, астасып тізілсін.

3) Жұмыс жасайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсін.

4) Жұмыс жасау негізінде баланың бұрынғы өз тәжірибесі, перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын» [1, 113б.], – деп негіздеп берген.

Ғалым, педагог-психологтың пайымдауынша, пәнаралық байланыс белгілі бір жүйемен кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет. Оқу пәндері мен ондағы материалдардың мазмұндық, құрылымдық жүйесін өзара байланыстыру мен қабыстыру және олардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, жақын немесе ортақ тақырыптар жүйесімен бағытталған білімдер беру қажеттілігін айта келе, пәндерді оқытудың әдістемелік жағы басшылыққа алынып, өмірлік тәжірибемен байланысты болуын ескертеді.

Жеке пәндерді оқытуға негізделген әдістеме атаулының бәрі білімдерді толығырақ, тереңірек меңгертуге септігін тигізетін амалдардың жиынтығы болып табылса, осы амал-тәсілдер оқу материалдарының мазмұндық құрылымын өмірлік тәжірибемен және басқа да білімдер жиынтығымен ұштастыруға негізделген қызметтерді атқаруы және соған бағытталуы да керек. Бұл өз кезегінде оқушыны әлемді және қоршаған ортаның бейнесін біртұтастықта ойлай білуге, логикалық ой жүгіртуге, алғышарттардан белгілі бір қорытындылар жасай білуге бағыттайды және үйретеді. Яғни, пәндер арасындағы байланыстылық белгілі бір алғы шарттарды тірек етеді. Сондықтан пәнаралық байланыс –

педагогика ғылымында білім философиясы, психологиялық, дидактикалық және жеке пәндерді оқытудың әдістемесі тұрғысынан қарастырылатын күрделі мәселе. Осы орайда жалпы білім беретін орта мектептерде ағылшын тілі сабақтарында пәнаралық байланысты дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Айталық, кез келген оқушы ана тілінен басқа тілді меңгеру барысында бірқатар қиындықтарға кездесетіні даусыз. Осы орайда, ең бастысы, тілге деген баланың қызығушылығын ояту қажет. Ағылшын тілі –қазіргі таңда ерекше сұранысқа ие боп отырған тілдердің бірі. Тілдердің үштұғырлығы бағдарламасы мен жүргізілген мемлекеттік саясат аясында ағылшын тілі көптеген арнайы мектептерде 1-сыныптардан бастап оқытыла бастады. Тіпті мектепке дейінгі даярлық топтарында да ағылшын тілі жүргізілетіндігін ескерсек, пәнаралық байланыстың ұйымдастырылу маңызы тіпті арта түседі.

Педагогика ғылымында білімдік пәндердің өзара және пәнішілік күрделі байланыстары бар екендігі және оларды біртұтастықта қарау қажеттілігіне көптеген ғалымдар мән берген. Кез келген оқыту көрсету, байланыстыру, үйрету, философиялық дәйектеуге негізделіп, көрнекі, байланысты, көтеріңкі, қызықты болуымен сезімге әсер ететіні айтылған. Озық педагогтар Я. А. Коменский мен К. Д. Ушинскийдің өзі де оқушыларға берілетін білім міндетті түрде оларға бұрыннан таныс, түсінікті материалдармен ұштастырылып, әр ұстаздың берген білімі түсінікті, жан-жақты болуы үшін қоршаған ортамен байланысты және оқытылатын пәндермен тығыз қатынаста болуының қажеттігін ерекше дәріптеген болатын.

Еліміздегі білім беру жүйесінің тағы бір өзгешеліктерінің бірі ретінде Еуропалық және әлемдік білім беру кеңістігімен байланысты дамуы. Өзгермелі қоғам жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени даму өз кезегінде орта мектептерде берілетін білім мазмұнын өзгертіп, жаңаша мазмұндық-құрылымдық сипатқа ие болуына мәжбүр етті. Осыған орай, ағылшын тілін оқытуда пәнаралық байланыс осы пәннің ерекшелігін сақтай отырып, басқа пәндердің өзара ықпалдастығы негізінде оны терең түсіндіруге, дүниені тану, тұлғалық қалыптасу заңдылықтарына сүйенуі тиіс. Пәндерді өзара байланыстырудағы үйлесімді сәйкестік танымдық дүниенің түрлі заңдылықтары мен білім мазмұндарының өзара сабақтастығын біртұтастық негізде меңгертуге мән беру болып табылады.

Ғылымдардың интеграциялануының негізінде пәндердің ықпалдасуының философиялық, психологиялық және оның жалпы ғылымдық жүйесінің дидактикалық негіздері арнайы қарастырылуда. Кез келген пәнді қабылдау ерекшелігіне орай, бастауыш сыныптарда ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың қоршаған ортаны тану үдерістері математикалық қарапайым тәсілде орын алады. Мәселен, бастауыш сынып оқушысының әлемді ғылыми тұрғыдан тану жолдары салыстырмалы түрде болып, математикалық логика жүйесіне бағынады және жүреді. Яғни, қарапайым танымнан ғылыми танымға өту жолы орын алады. Қазіргі білім беру жүйесінде әлемнің біртұтастығын тануда кешенді білімдердің маңызды орын алуы – пәнаралық байланыстың болуын талап етеді. Демек, «Пәнаралық байланыс – түрлі пәндердің оқу материалдары арасындағы өзара байланысы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білім мазмұнының жүйесін анықтау шарты және білім беру мен оқыту әрі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, сондай-ақ, оны жүзеге асырудың талабы болып табылады. Педагогикалық үдерісте бұндай құбылыстың орын алуы – оқушы үшін қоршаған ортаның немесе әлемнің біртұтастық бейнесі мен бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер арқылы дүниетанымдық жүйесінің қалыптасуының шарттары мен міндеттерін жүзеге асыру болып табылады. Оқу пәндерінің құрылымдық

жүйесіне енетін оқу материалдарының топтамалық жүйесі табиғат, қоғам және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас жөніндегі білімдер мазмұнының біртұтастығы. Яғни, пәнаралық байланыс оқушылардың танымдық үдерісінде әлемге, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарастық қызметінің қалыптасуы мен дамуында маңызды және шешуші орынға ие болады» [2, 19б.]. Ал М. Жұмабаев болса, «Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын. Міне, сонда баланың қиялы өткір һәм бала болмақ» [3, 96б.], – деп, ой топшылауында оқушы дүниетанымының дамуына негізделген білімдер жүйесі әр пәнмен байланыса отырып, кешенді түрде жүзеге асырылудың қажеттілігін айтқан болатын.

Қорыта айтқанда, пәнаралық байланыс – оқытудың қазіргі кездегі принциптерінің өзара байланыстырылатын пәндер арасындағы заңдылықтарды реттеп, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыс меңгерген білімді кешенді түрде пайдалана білуге жол ашады. Мектептегі пәндік жүйе бір-бірінен бөлек жатқан дүниелер емес, сондықтан пәндер арасындағы байланысты жүйелі сабақ үдерістерінде іске асырып отыру арқылы олар бірін-бірі толықтырып отырады. Пәнаралық байланыстың сыртқы және ішкі жағы бар. Пәнаралық байланыстың сыртқы түріне механикалық, шаблонды, жаттанды оқу жүйесін (репродуктивтік ойлауды) жатқызуға болады. Бұны былай көрсетуге болады:

а) оқушы айтқанды тек үстірт жаттап алу, жаттап алғанды өзгеріссіз баяндау;

б) жаттанды білімді бағалау, баға қою. Оқытып, білім берудің көрсетілген жүйесінде оқушының еске сақтауы іске қосылады да, ақыл-ой, зейін мен білімді қабылдауы, ондағы тілдің қызметі ескеріледі. Пәнаралық байланыстың мәні оның ішкі құрылысында жатқандығында, одан оқыту мен тәрбиені дұрыс, жүйелі ұйымдастырудың көп қырларының бірі екендігін танытады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары. - Алматы: Елшежіре, 2013. - 384б.

2. Саурықова Ж. Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2019

3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар. -Алматы: Жазушы, 2005. - 232 б.

Мазмұны

ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒА

Ісімақова А. Тәуелсіз кездегі ахметтанудың негізін қалыптастырған – академик Рабиға Сыздық 3

Салқынбай А. Рәбиға Сыздық – абайтанушы ғалым 6

Белботаев А. **Академик Рабиға Сыздық және халық университеті** 9

Құрманәлиев К. Ғибратты ғалым 14

Мұратова Г. «Ғалымның хаты» немесе уақытпен үндестік 16

Тымболова А. Академик Рәбиға Сыздықтың Абай сөзін зерттеуі 19

Доц. Др. Эсра ЯВУЗ АДЖАР Қазақ тілінің абыз анасы – Рабиға Сыздықова 24

Metin Demirci Rabia Sızdıkova'nın kazak edebî dilinin tarihi adli eserinin türk dil tarihçiliği açisindan önemi 27

*Мәдібаева Қ., Мұхамади Қ.*Авторлық ауызша әдебиеттегі тілдік фактор 31

Жұбай О. Академик Рабиға Сыздықтың абайтанудағы ұстанымдары 36

Өтелбай Г. Практикалық қазақ тілі сабағында академик Рәбиға Сыздық мұрасының маңызы 45

Енсебаева К. Рәбиға Сыздық еңбектеріндегі рухани және ұлттық құндылықтар 51

Әбілов М. Сөз зергері – Рабиға Сыздық 55

Карибаева А. У. Академик Рабиға Сыздықтың ғылыми еңбектерінің түркітану ғылымында алатын орны 58

Кембаева А. «Сөз құдіреті» және Ш.Мұртаза шығармашылығының көркемдік сипаты 60

Алтруева С. Тіл мәдениеті және лингвостилистикадағы Рабиға Сыздықтың рөлі 65

Шаншарова Ш. Т. Ғылым қанатындағы ғұмыр 66

Тимурова А. Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ әдеби тілі тарихына қосқан жаңалықтары мен негізгі ұстанымдары 69

Сулейман С., Туғанбай Г., Тұрсумбекова А. Р. Сыздықтың әдеби тіл тарихы және түркітану мәселелері туралы зерттеулері 71

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Юсупова А., Окасова М. Зоонимы и фитонимы в контексте лексических параллелей в казахском и татарском языках 75

Есбосынов Е., Коспаганбетова Н., Сатбай Г. Қазақ жане түрік тілдеріндегі колоративтік лексикаға лингвомәдени бағдар 80

Қожаева М. Аударматану терминдерінің зерттелу жайы 87

Борисова Ю. Монгольские параллели терминологической лексики сенокошения якутского языка (на материале электронной версии «Большого толкового словаря якутского языка») 91

Ақжігітова А. Қараханид кезеңіндегі «Түрік сөздігі»: субстантивация және адъективация 94

Буляков М. Башҡорт халыҡ әкиәттәрендә батырҙар образының сағылышы 102

Тажиметова Н. Қазақ әдеби тілінің тарихы және түркітану мәселелері 107

Берекебайқызы Г. Тілдерді синхронды/диахронды зерттеу және тарихи лексикология 110
Наметова Э. Төл туындыға айналған «Қырық мысал» 111
Ақыжан Н., Ахметова А., Әбілқайыр А., Өмірзақ А. Ахмет Байтұрсыновтың терминологиялық бастамалары 113
Карымбаева С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің сөзжасамға қатысы мәселесінің зерттелуіне қысқаша шолу 116
Саметова Э., Жорабекова Ж. Алаш ардақтылары – ұлт мақтанышы 119
Сембина А. ЫБырай Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары 123
Молдабаева Н. Т. Қазақ әдеби тілінің тарихы және түркітану мәселелері 132

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Сатбекова А. Академиялық дискурс мәні 135
Беркенова Р., Пертаева Э. Абай қарасөздерінің жанрлық ерекшелігі, лингвотанымдық мәні 141
Кембаева А. Шерхан Мұртаза – полидискурстық тілдік тұлға 146
Нұрбеков Т. Қиял-ғажайып ертегілердегі уақыт пен кеңістік концептісі 152
Аман М. Қазақ тіліндегі анықтық-танықтық категориясының сөз таптарындағы көрінісі 156
Амангельдин Е. Функционалды грамматика: таксис категориясы 162
Хэ Юйжунь Қазіргі қытай тіліндегі сын есімдердің жіктелуі 170
Нұрбек Қ. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар 175
Жалиева Т. Қазіргі баспасөз және медиа құралдардағы аксиология 177
Калиева Ж. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар 181
Досумбекова Ж. Мақал-мәтел – тіл мәдениеті мен ұлттық тәрбиенің негізі 182
Казжанова З. Жаяу Мұса Байжанұлының көркем әдебиеттегі бейнесі 186
Дуйсенова Д. Балалар әдебиетіндегі кейіпкер тілінің психолингвистикалық сипаты 191
Хайтметова Г. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар 198
Ешова Д. Тіл мәдениетінің басты көрсеткіші – тіл тазалығы 200
Маханова С. Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы автордың стильдік ерекшелігі 204
Даирбекова А. Көркем мәтіндегі хаттың қызметі 208
Omiralieva G. SH. Murtaza's publicity and sayings are about independence 214

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Саткенова Ж., Өтегенова Б. Қазақ тіліндегі жиілік сөздіктер: әдеби тіл нормаларын қалыптастырудағы теориялық және практикалық маңызы 217
Несіпбай А. Шеттілдік терминдерді игеру жолдары 219
Ахтай Ж. Қазақ басылымдарында әдеби тіл нормаларының сақталуы 222
Қосылбаева А. Сөз мәдениеті және лингвостилистика 225
Айдарханова К., Нұрмұхан Р. Фонематикалық есту – дұрыс сөйлеудің негізі 227
Ордабаева З. Қолданыстағы тілдік нормалардың бұзылуының кейбір мәселелері 233
Арасанбаева З. Сөз мәдениеті және лингвостилистика 237

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бейсенбайқызы З., Дәулетова Ж. Пәнаралық интеграция – сапалы білім берудің тиімді жолы 241
Қоянбекова С., Карбозова Б., Ракимкулова А. Лингвосинергетика: қазақ тілін интеграциялық оқыту моделіне негізделген тұжырымдар 244
Шәден Б., Саткенова Ж., Тумабаев А. Инклюзивті білім берудегі орфография мәселелері 248
Тамабаева Қ., Омарова А. Жоғары оқу орындарында Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығын оқыту 253
Елубаева Р., Абаева А., Таджикова А. Білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру 258
Клычниязова Г. Мәтіндік жұмыс арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру әдістері 262
Жанысбекова Ш. Орта мектеп оқушылары арасындағы прагматикалық құзыреттіліктің жасқа байланысты айырмашылықтары 265
Рысқұлов М. Төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыда оқытуда ескерілетін жайттар 268
Ешмұқамет Ұ. Жоғары сынып оқушыларының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы этикеттік бірліктердің функциясын оқыту 275
Ниязова Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдірудегі цифрлық технологиялардың рөлі 282
Мырзаханова К. Ш. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі 286
Таджибаева А. Қазақ тілі мен әдебиетін пәнін оқытуда жаңаша әдіс-тәсілдер 289
Аширова Н., Махамедова Б. Білім беру орындарында қазақ әдебиетін оқытудың жаңаша талаптары мен бағыттары 291
Маталиева А. Оқушылардың оқуға ынтасын арттыруда сабақты зерттеу тәсілінің тиімділігі 293
Абдикаримова Р. Оқылым стратегияларын қолдану арқылы білім алушылардың оқу дағдысын қалыптастыру 298
Ахатова З. С. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары 301
Ахмаганбетова Г. Цифрлық технологиялардың қазақ тіліне әсері 305
Байкожаева У. Әдіскер ғалым Т. Жұмажановаңың зерттеулеріндегі қазақ әдебиетін оқыту әдістері 308
Абуталипова Б. Драмалық шығармаларды оқытудағы сабақ түрлері мен типтері 311
Баймбетова Г., Мойлауова Д. Жаңартылған білім мазмұны негізінде ағылшын тілі сабақтарында пәнаралық байланысты ұйымдастыру негіздері 315

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

Ш. МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Аса көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Turk Dil Korumi» қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қазақ әдеби тілі және нормалардың қалыптануы: теориясы мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы
8 қараша, 2024 ж.

Материалы международной научно-теоретической конференции
«Казахский литературный язык и кодификация норм: теория и практика», посвященной 100-летию выдающегося ученого, академика НАН РК, доктора филологических наук, профессора, члена-корреспондента общества «Turk Dil Korumu», заслуженного деятеля науки Казахстана, лауреата Государственной премии Республики Казахстан и премии имени Шокана Уалиханова Рабиги Сыздык
8 ноября, 2024 г.

Materials of the International Scientific and Theoretical Conference “The Kazakh Literary Language and the Codification of Norms: Theory and Practice” dedicated to the 100th anniversary of the eminent scholar, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the "Turk Dil Korumu" Society, Honored Scientist of Kazakhstan, and laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan and the Shokan Ualikhanov Award, Rabiga Syzdyk.
8 november, 2024 y.

Шартты б.т. 20,1. Есепті б.т. 22,3
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №92

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ баспаханасы
080000, Тараз қаласы